«Бірғыз-Торғай мемлекеттік табиғи қаумалы» ғимаратында ұйымдастырылған табиғат мұражайында жан-жануарлардың 6 дана тұлып және аң-құстардың, балықтардың бас сүйектері, метеорит құлаған Жаманшың кратерінен және Шалқартеңіз телімінен жиналған тектоникалық минералды тастар – 9 дана, №2 «Атанбас» телімінен табылған мезазой эрасына жататын акуланың тісі және 19 дана теңіз жәндіктерінің тасқа айналған бақалшақтары, ұлутастар көрмеге қойылған. Сондай-ақ, мұражайда – 100 дана улы және дәрілік өсімдіктерден жасалған гербарийлер қойылған, оның – 32 данасы 2011 жылы жаңғыртылған. Табиғи резерваттың жаңа ғимаратында келушілер орталығы үшін экологиялық ағарту және ақбөкен бөлмелері жасакталды. Онда резерваттың құрылысы, бөлімдері, геологиялық, климаттық, т.б. карталардың бірнеше түрлері, «Малайдар» экотуристік маршруты, сүтқоректілер, құстар, дәрілік өсімдіктер, ақбөкендердің толық сипаттамасы жайлы суреттер, кестелер, ғылыми әдебиеттер, резерват аумағының макеті, т.б. көрнекіліктер қойылған[4].

#### Қорытынды

Агротуризм өзінің ауылдық аймақтағы жеке меншік баспанасы негізінде туристерді қабылдаушы отбасының орналастыру, тамақтандыру, ойын-сауық сынды қызметтерді кешенді түрде өзі ұйымдастырып, тұтынушыға ұсынатындығымен ерекшеленеді. Ауылдық елді мекендерді жандандыру мен ауылдағы жұмыспен қамту мәселесін шешудің негізгі жолы ретінде бүгінгі күні қала халқының сұранысына ие болып отырған ауылдық туризмді дамыту үрдісіне айрықша мән беру экономикалық тұрғыдан орынды.

Ақтөбе облысында туристік әлеуеті бар ауылдық аймақтарының табиғи туристік ресурстарының тиімділігін арттырудың және ауылдық өңірлердің туристік инфрақұрылымын дамытудың ең қолайлы әрі табысты жолы - аталған өлкеде агротуризмді дамыту қалыптастыру. Агротуризм ауылдық өңірдің туристік тиімділігін арттырып қана қоймай, ауылды дамытуға септігін тигізіп, оның әлеуметтік-экономикалық ахуалын жақсартуға бірден-бір үлес қосады. Агротуризм ауылдық аймақ жағдайын жақсарту, ауыл халқының экономикалық әл-ауқатын көтеру, жергілікті халықты жұмыспен қамту, табиғи, тарихи, мәдени мұра біртұтастығын сақтау, өлкеге деген шетелдік әрі отандық туристердің мәдени, тарихи, экзотикалық қызығушылығын ояту мен арттыру, өңірдің туристік имиджін қалыптастыру сынды бірқатар өзекті мәселелерді шешудің тиімді жолы да бола алады.

Бірғыз ауданы – туризмді, әсіресе, экотуризм мен агротуризмді дамытуда қолайлы аймақ болғандықтан, «Бірғыз-Торғай» резерваты туристік-рекреациялық ресурстарға бай, онда экотуризмді дамытуға арналған көптеген мүмкіндіктер бар. Келушілер қатарына Қазақстанның қалаларынан, соның ішінде Ақтөбе, Қызылорда, т.б. келетін туристер құрайды. Туристер қыркүйек және қазан айларында келуі ықтимал. Бірғыз көлдеріндегі құс базары осы айларға сәйкес келеді. Жинақтаған ақпарат негіздері мен зерттеу нәтижелерінде «Бірғыз-Торғай» резерватында экотуризмді дамыту бойынша күшті және осал жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптікті көрсететін талдаулар жасалынды.

### Библиографиялық тізім

- 1.Сергеева А.М., Кусаинов Х.Х. Агротуризм мен экотуризмді жергілікті аумақта ұйымдастыру мәселелері (Ақтөбе облысы мысалында). – Ақтөбе, "Жұбанов университеті", 2019. – 240 б.
- 2.Насыров Г.М. Туристско-рекреационный драйвер социально-экономического развития региона // Материалы III Всеросс. научн.-практ. конф. «Устойчивое развитие территорий: теория и практика». – Уфа: Зауральский филиал ФГОУ ВПО «Башкирский ГАУ», 2011. – С. 98-104
- 3.Мазбаев О.Б., Эргешов А.А., Алишева Р.Т. Современные тенденции развития экологического туризма // Хабаршы АГУ. Жаратылыстану-география ғылымдары сериясы. – 2006, №1 (9). – С. 55-58
4. «Бірғыз – Торғай – Жыланшық» пилоттық аумағының дала жүйелеріне мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар // Жалпы ред. Скляренко С.Л. – Астана: ҚБСА, 2012. – 106 б.

*Г.Е. Берикханова, Н. Рахымбиұлы, А. Айтказина*

### СТАНДАРТТЫ ЕМЕС ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУ АРҚЫЛЫ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ*

[gulnazezhenkan@mail.ru](mailto:gulnazezhenkan@mail.ru)

Оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту- қазіргі кезде орта мектептердің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Қиындығы жоғары және қызықты есептерді шығара білу-оқушылардың математикалық ой-өрісінің дамығандығын анық көрсетеді және талмас еңбекті, зор күш пен табандылықты қажет етеді.

Демек, оқушылардың математикаға деген ойлау қабілеттерін арттыру үшін ең алдымен оқушылардың қабілеттеріне қарай қызығып шығаратын есептерді ептілікпен тандап алуы қажет. Егер есеп, оқушылардың қабілеттеріне сай келмейтін болса, немесе шамадан тыс қиындығы жоғары болса, есепке деген құлшыныстары азайып, есепті аяқтамай, ынтасы төмендейді.

Есеп шешімін болжау мұқияттылықты қажет етеді, яғни негізгі қасиеттерін, ерекшеліктерін, ұқсастық белгілерін ажырата білуі керек. Оқушылардың математикалық ойлау қабілеттерін арттырудың ең тиімді әдісі- салыстыру және ұқсастыру, анализ және синтез болып табылады. Сондай тәсілдердің бірі – стандартты және стандартты емес есептерді салыстыра отырып шешу.

Стандартты емес есептер деп – математика курсында оларды шешудің нақты бағдарламасын анықтайтын ортақ ережелері мен нақты жағдайлары жоқ есептерді айтады.

«Стандартты емес» есепке ғалымдардың еңбектерінде берген бірнеше анықтамаларын келтірейік.

Л.М.Фридман және Е.Н.Турецкий «Как научиться решать задачи» кітабында стандартты емес есептерге мынадай анықтама берген: «стандартты емес есеп – математика курсында жалпы ережелері мен тәртібі жоқ, нақты шығарылу бағдарламасы анықталмаған есептер» [1].

Ю.М.Колягин «Стандартты емес есеп – шығарылуы оқушыларға белгілі іс-әрекеттер тізбегі болып табылмайтын есептерді айтады», берілген ұғымның салыстырмалы екеніне ерекше көңіл бөледі [1].

Г.В.Дорофеев, М.К.Потапов, Н.Х.Розов стандартты емес есептер әртүрлі болады деген. Дербес жағдайда стандартты емес есептер өте ерекше болып көрінуі мүмкін, сондықтан бастапқыда оларға қалай «жақындауға» болатыны түсініксіз. Кей есептер бүкпеленіп тұрады, түріне қарағанда қарапайым квадрат теңдеу болғанымен оны стандартты әдістермен шығару мүмкін емес. Ал үшінші есептер тобының шығарылуына өте шебер нақты және анық логикалық ойлау қажет болады. Мұндай ерекше «стандартты емес есептер» тек қана тапқырлықты, математиканың әртүрлі

бөлімдерін еркін меңгергендікті, жоғары логикалық мәдениетті және психологиялық дайындықты қажет етеді. Сонымен қатар олар мектеп математикасы бағдарламасы аясында болады [2].

Г.Л.Балл стандартты емес есептерді жаңашылдыққа негізделген есептер деп атайды. Егер есеп шығарушы есепті шығарудың алгоритмін білсе, онда есепті ескілікке негізделген деп атайды. Жаңашылдыққа негізделмеген есептерді ескілік есептер деп атайды [3].

Б.А.Кордемский оқудан тыс деп аталатын «білім алушылар математиканы жүйелі оқу барысында қарастырмайтын ерекше есептер жиынын» қарастырады [4].

А.А.Столяр есептердің типологиясы туралы айта келіп, типтік есептер қатарына жатпайтын шығару алгоритмі жоқ немесе белгісіз болатын типтік емес есептерді қарастырады [5].

Стандартты емес есептерді шешуде логикалық тұрғыдан ойлау, Дирихле принципі, комбинаторикалық есептеулер, математикалық индукция әдісі, графикалық, таблицалық т.с.с. әдістер қолданылады.

Енді стандартты емес есептерді шешудің мысалдарын қарастырайық. Алғашқы сабақтарды сандардың арасындағы заңдылықтарды ашуға арналған есептерден бастауға болады. Ең қарапайым тізбектерден, мысалы, арифметикалық прогрессиядан бастап, тізбектердің түрлерін біртіндеп күрделендіре берген жөн. Осыған байланысты бірнеше мысал келтірейік:

*Мысал – 1.* Заңдылықтарды ескеріп, \* орнына қажетті санды қою керек [6].

- 1) 1,3,5,7,9,\*
- 2) 2, 4, 8, 16, 32, \*
- 3) 2, 3, 5, 9, 17, \*
- 4) 1, 4, 9, 16, 25, \*
- 5) 7, 17,37, 77, \*, 317
- 6) 1, 4, 9, 16, 25, \*
- 7) 1, 1, 2, 3, 5, 8, 13, \*
- 8) 1, 3, 6, 10, 15, 21, \*

*Шешуі:* Бұл мысалдағы бесінші тізбектің мүшелерінің арасындағы байланысты былай анықтауға болады:

$$17=7+10$$

$$37=17+20$$

$$77=37+40$$

$$157=77+80$$

$$317=157+160$$

Сонымен, тізбектің әрбір мүшесі алдыңғы мүшеге оның келесі ондығын қосқанда шығатынын көреміз. Сонда \* орнында 157 саны болады.

Енді сегізінші тізбекті қарастырайық.

$$1=1$$

$$3=1+2$$

$$6=1+2+3$$

$$10=1+2+3+4$$

$$15=1+2+3+4+5$$

$$21=1+2+3+4+5+6$$

$$28=1+2+3+4+5+6+7$$

Бұл тізбектің әр мүшесі тізбектегі орнының нөміріне дейінгі натурал сандардың қосындысына тең екені айқын. Сонымен, \* орнында 28 саны тұрады.

Осындай типті есептер Ұлттық бірыңғай тестілеуде «Математикалық сауаттылық» тапсырмаларында кездеседі.

Олимпиадалық есептерді алып қарайтын болсақ, олардың қиындығы өте жоғары, көпшілігі стандартты емес есептер болып келеді. Мұндай есептерді шығару оқушылардан терең ізденуді, ойлануды, еңбекқорлықты, шыдамдылықты талап етеді және соған

тәрбиелейді. Сондай тақырыптардың біріне мектеп математика курсына оқытылатын «Математикалық индукция» тақырыбын жатқызуда болады. Аталған тақырыпқа олимпиада есептері жиі кездеседі.

Математикалық индукция принципінің мәнісі төмендегідей: егер қайсыбір тұжырым  $n=1$  болғанда ақиқат болса және  $n=k$  қандай бір натурал мәні үшін ақиқат деп ұйғарылуынан, келесі натурал  $n=k+1$  үшін де тұжырымның ақиқаттығы шығатын болса, онда тұжырым  $n$  -нің барлық натурал мәнінде ақиқат.

*Мысал – 2.* Кез келген  $n$  натурал саны үшін  $3^{2n+1} + 2^{n+2}$  өрнегінің 7 - ге бөлінетінін дәлелдеу керек.

*Дәлелдеуі.* Математикалық индукция әдісін қолданамыз.

1)  $n=1$  үшін тексереміз:

$$A(1) = 3^{2 \cdot 1 + 1} + 2^{1+2} = 3^3 + 2^3 = 27 + 8 = 35, \quad 35 \text{ саны } 7 \text{ - ге бөлінеді, яғни берілген тұжырым}$$

$n=1$  үшін дұрыс.

2)  $n=k$  үшін дұрыс деп жоримыз, яғни  $A(k) = 3^{2k+1} + 2^{k+2}$  өрнегі 7 - ге бөлінеді.

3) Енді  $n=k+1$  үшін дәлелдейміз:

$$\begin{aligned} A(k+1) &= 3^{2(k+1)+1} + 2^{(k+1)+2} = 3^{2k+2+1} + 2^{(k+2)+1} = 3^{(2k+1)+2} + 2^{(k+2)+1} = \\ &= 3^{(2k+1)} \cdot 3^2 + 2^{(k+2)} \cdot 2 = 3^{(2k+1)} \cdot 9 + 2^{(k+2)} \cdot (9-7) = 3^{(2k+1)} \cdot 9 + 2^{(k+2)} \cdot 9 - 7 \cdot 2^{(k+2)} = \end{aligned}$$

$$= 9(3^{(2k+1)} + 2^{(k+2)}) - 7 \cdot 2^{(k+2)} = 9 \cdot A(k) - 7 \cdot 2^{(k+2)};$$

Ұйғарым бойынша  $A(k)$  көбейткіші 7 - ге бөлінеді, екінші қосылғыш 7 - ге көбейтіліп тұрғандықтан ол да 7 - ге бөлінеді. Егер қосылғыштардың әрқайсысы 7 - ге бөлінсе, онда қосынды да 7 - ге бөлінеді. Сонымен дәлелдеу керегі шықты.

*Мысал – 3.*  $x^4 + x^3 + 2x^2 + ax + b$  көпмүшесі  $a$  мен  $b$  -ның қандай мәнінде толық квадрат бола алады?

*Шешуі:* Келтірілген төртінші дәрежелі көпмүше келтірілген квадрат үшмүшенің ғана квадраты бола алады. Ендеше, берілген көпмүшені мына түрде жазамыз:

$$x^4 + x^3 + \frac{2x^2}{2} + \frac{ax}{2} + \frac{b}{2} = \left(x^2 + px + q\right)^2$$

Теңдіктің оң жағындағы квадрат үшмүшелікті квадраттайық:

$$\left(x^2 + px + q\right)^2 = x^4 + p^2x^2 + q^2 + 2px^3 + \frac{2qx^2}{2} + 2pqx = x^4 + 2px^3 + (p^2 + 2q)x^2 + 2pqx + q^2$$

Сонымен мынандай теңдік аламыз:

$$x^4 + x^3 + \frac{2x^2}{2} + \frac{ax}{2} + \frac{b}{2} = x^4 + 2px^3 + (p^2 + 2q)x^2 + 2pqx + q^2.$$

Екі көпмүшенің теңдігін ескерсек, бірдей дәрежелі айнымалылардың алдындағы коэффициенттерді теңестіріп, жүйе құрамыз:

$$\begin{cases} 2p = 1 \\ p^2 + 2q = 2 \\ 2pq = a \\ q^2 = b \end{cases}$$

Бұдан  $p = \frac{1}{2}$  және  $q = \frac{7}{8}$ . Осы мәндерді пайдаланып, ізделінді  $a$  мен  $b$  -ның мәндерін табамыз.

$$a = 2pq = 2 \cdot \frac{1}{2} \cdot \frac{7}{8} = \frac{7}{8}, \quad b = q^2 = \left(\frac{7}{8}\right)^2 = \frac{49}{64}.$$

Сонда  $a = \frac{7}{8}$  және  $b = \frac{49}{64}$  болғанда мына теңдікті жазуға болады:

$$x^4 + x^3 + 2x^2 + \frac{7}{8}x + \frac{49}{64} = \left(x^2 + \frac{1}{2}x + \frac{7}{8}\right)^2.$$

Стандартты емес есептер Ұлттық бірыңғай тестілеуде «Математика» пәні бойынша да көптеп кездеседі.

*Мысал – 4.*  $\sin 18^\circ \sin 54^\circ$  өрнегінің мәнін табу керек [7].

*Шешуі:* Келтіру формуласын қолданып, өрнекті теңбе-тең түрлендіреміз.

$$\sin 18^\circ \sin 54^\circ = \sin 18^\circ \sin(90^\circ - 36^\circ) = \sin 18^\circ \cos 36^\circ;$$

Бұл өрнекті  $2 \cos 18^\circ$  -қа көбейтіп, бөлеміз. Қос аргументтің синусының формуласын қолдансақ, мына өрнекті аламыз:

$$\begin{aligned} \sin 18^\circ \sin 54^\circ &= \sin 18^\circ \cos 36^\circ = \frac{2 \cos 18^\circ \sin 18^\circ \cos 36^\circ}{2 \cos 18^\circ} = \frac{1 \sin 36^\circ \cos 36^\circ}{\cos 18^\circ} = \\ &= \frac{1}{2} \cdot \frac{2 \sin 36^\circ \cos 36^\circ}{2 \cos 18^\circ} = \frac{1 \sin 72^\circ}{4 \cos 18^\circ} = \frac{1 \sin(90^\circ - 18^\circ)}{4 \cos 18^\circ} = \frac{1 \cos 18^\circ}{4 \cos 18^\circ} = \frac{1}{4}. \end{aligned}$$

Сонымен,  $\sin 18^\circ \sin 54^\circ = \frac{1}{4}$ .

Стандартты емес есептерді шығару барысында оқушыда мынандай біліктіліктердің болуы қажет:

1) есептерді шығару әдістерін білу; жаңа әдістерді ойлап табу біліктілігі және шығарудың тәсілдерін білу; негізгі ой іс-әрекетін саналы түрде басқару;

2) пайдалы ақпаратты таңдай білу біліктілігі, яғни берілген есептегі мүмкін болатын барлық жаңа есептерді таба білу, тек қана ойға қонымды әрекеттерді орындау, есептен негізгісін және екінші кезектегісін көре білу, осыған дейінгі белгілі әдістерді толықтыру.

### Әдебиеттер тізімі

*Жадраева Л.У.* Дидактико – методические основы создания учебно-методического комплекса по математике для средней школы: дис... док.пед.наук.- Бишкек: КАО, 2015. – 207с.

*Дорофеев Г.В., Потапов М.К., Розов Н.Х.* Пособие по математике для поступающих в вузы. – М.: Наука, 1968. -640с.

*Смагулов Е.Ж.* Дидактические основы формирования математического мышления учащихся в системе непрерывного математического образования: дис... док.пед.наук. – Алматы КазНПУ, 2009. - 285 с.

*Кордемский Б.А.* Очерки о математических задачах на смекалку. – М.: Просвещение, 1958. – 116с.

*Столяр А.А.* Как математика ум в порядок приводит. – Минск: Высшая школа, 1991.-207с.

*Әмзібек Ә.А., Оразкелдиев Н.С.* Математикалық сауаттылық – 1., Алматы -2017

Тестовые задания по математике – учебно-методическое пособие для поступающих в вузы. Алматы – 2000

**С.Г. Сапарова, Г.М.Кусаинов**

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы

[saparova-g@mail.ru](mailto:saparova-g@mail.ru)

[kusainov@cpm.kz](mailto:kusainov@cpm.kz)

Бүгінгі таңда Қазақстандағы, жалпы алғанда әлем бойынша білім беру жүйесі мен білім беру ұйымдары дағдарысты бастан кешіруде, әйтсе де бұл туралы ашық талқылаулар жүргізіліп жатқан жоқ. Дегенмен де білім беру саласында дағдарысты жоққа шығару мүмкін емес және ол еліміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени жағдайына орасан зор ықпалын тигізуде. Мектеп пен білім беруді тоқыраудан шығару – бұл халықтың өмір сүру деңгейін сапалы жаңа белестерге көтерудің нақты жолы. Мектеп пен білім беру жүйесіндегі дағдарыс жергілікті құбылыс емес: ол жаһандық және әлемдік сипатқа ие. 1967 жылы АҚШ-та ЮНЕСКО қолдауымен осы мәселеге арналған халықаралық конференция өтті. Форумда әлемнің бірде бір елі білім беру саласындағы дағдарыстан айналып өте алмайтындығын, бірақ та оның көріну формалары әр түрлі сипатта болуы мүмкін екендігін атап өткен еді [1].

Ғалымдардың ұсыныстары 2000-2010 жылдар аралығындағы білімдегі реформаларға негіз болды. Осыдан кейін қазіргі уақытқа дейін жалғасып келе жатқан шетелдік үлгі бойынша білім беруді реформалау, модернизациялау және жаңарту кезеңі басталды, бұл 2016 жылы білім берудегі дағдарыстық жағдайына арналған кітаптың шығуына себеп болды [4].

Білім беру дағдарысының себебін ашу үшін оның түпкі себебін және онымен байланысты мектептің дағдарыстық жағдайын күшейтетін немесе әлсірететін, ықпалын сәл тигізетін, алайда дағдарыстың тікелей себептері болып табылмайтын факторларды нақты ашып, саралау қажет.

Білім беру мен мектептегі дағдарыс жалпыға бірдей дүниежүзілік сипатқа ие, ал оның көрінісі жергілікті деңгейде және Қазақстанда да көрініс тапты деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Дағдарыстың маңызды белгілері мыналар болып табылады:

1. Білім берудің барлық деңгейіндегі ұйымдарда, әсіресе бұқаралық мектептерде білім сапасының төмендеуі. Халықаралық зерттеулердің нәтижелері тек «іргелі кемшіліктерді» немесе білім дағдарысын растайды. Мәселен, 2009 жылы PISA бағдарламасының басты бағыты оқу сауаттылығы болды. Қазақстандық білім алушылар ЭЫДҰ елдері оқушыларының нәтижелерімен салыстырғанда оқу сауаттылығының төмен пайызын көрсетті (1 және одан төмен деңгейге теңестіріледі) (390 балл). Оқу сауаттылығы бойынша жоғары нәтиже көрсете алмаған білім алушылардың үлесі 93,07% - ды құрайды, бұл Қазақстан оқушыларының оқу сауаттылығы бойынша біліктілігінің төмен деңгейін көрсетеді [5].

*PISA-2012 нәтижелері бойынша қазақстандық оқушылар математикадан орташа 432 балл (басты бағалау саласы), оқылым бойынша 393 балл және жаратылыстану ғылымдары бойынша 425 балл алды, ал ЭЫДҰ елдерінің оқушылары орташа алғанда тиісінше 494, 496 және 501 балл алды.* Математика бойынша нәтижелердің орташа деңгейіндегі айырмашылық жасар мектеп оқушылары орта есеппен екі жылға ЭЫДҰ елдеріндегі өз құрдастарынан артта қалғандығын көрсетеді [6].

Қазақстандық 15 жастағы білім алушылардың PISA-2015 халықаралық тестінің жаратылыстану-ғылыми бөлігін сәтті орындау көрсеткіші 456 балды құрады (72 ел арасында 42-орын). Осы бағыттағы жоғары көрсеткіштері Сингапур (556), Жапония (538) және Эстония (534) оқушыларына тиесілі.

Жалпы есепте Қазақстанның оқу сауаттылығы бағытындағы орташа балы 427 балды құрады (52 орын).

Қазақстанның математикалық сауаттылықтағы қорытынды орташа балы 460 балды құрады (42 орын) [7].

2019 жылдың 3 желтоқсанында білім және ғылым министрі А.Аймағамбетовтың хабарлауынша Қазақстан PISA-2018 рейтингіндегі оқу сауаттылығы бойынша -387,



математикалық білім бойынша – 423, ал жаратылыстану-ғылыми білім бойынша – 397 орта балл көрсетті. «Бұл өзіміз күткен көрсеткіштер екенін бірден мәлімдеймін және олар ЭБДҰ бойынша орташа балдан төмен» - дейді министр. Өз сөзінде ол: «Бұл нәтижелердің артында бірнеше фактор тұр», - деп асығыс қорытынды жасамауға шақырды [8].

2. Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының көптеген реформаларды жүргізуі. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда 1991 жылдан бастап осы уақытқа дейін, ең алдымен, институционалдық және құрылымды қайта құрумен, заңнамалық және нормативтік базаны халықаралық талаптарға сәйкес келтірумен, білім беру мазмұнын жаңартумен, білім беру сапасын бақылауды күшейтумен байланысты білім беруді реформалау және жаңғырту бойынша бірқатар шаралар жүзеге асырылды.

Сонымен қатар, экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) пікірінше, мемлекеттің барлық күш-жігеріне қарамастан, оның жұмыс істеуі көптеген қиындықтармен қатар жүреді. Қазақстандық білім беру жүйесінің негізгі мәселелерінің арасынан келесі жағдайларды атап өтуге болады: оқушылардың әртүрлі санаттары үшін сапалы білім алуға тең қолжетімділіктің болмауы, оқу мекемелерінің шектеулі дербестігі, оларды қаржыландыру деңгейінің төмендігі, студенттік қарыздардың тиімді жүйесінің болмауы және т.б. Жоғары оқу орындарын дәйекті реформалау әрекеттері тұтастай алғанда елдің бүкіл білім беру жүйесіне тән іргелі кемшіліктерді толық түрде жеңуге мүмкіндік бермейді. [9].

3. Екінші жылға қалдыру мен оқудан шығарудың артуы, көпшілік жағдайда бұл жасырын түрде жүзеге асырылады. Екінші жылға қалдыру мен оқудан шығару – формализм және процент қуу.

4. Білім беру ұйымдарындағы тәртіптің төмендігі (ЭЫДҰ мәліметі бойынша Қазақстанда мұғалімдердің 42% тәртіп бұзатын оқушыларды тыныштандыруға тура келетіндігін атаған (ЭЫДҰ елдерінде 65%), жалпы тәрбие деңгейі және жастар арасындағы қылмыстың күшеюі [10].

5. Адамдардың функционалдық сауатсыздығы, мәдениеттің құлдырауы, өзін-өзі жетілдіруге жаппай қабілетсіздік.

6. Оқушылардың үй тапсырмаларының шамадан тыс артық болуы, оқу жоспарлары мен бағдарламаларындағы жүктеме мен оқулықтардың сапасына бағытталған шағымдар. Осыған байланысты «Білім және Ғылым министрлігі» балаларды оқу жүктелімін жеңілдету мақсатында үйге берілген тапсырмалардың санын шектеуді ұсынды:

1) Тек екінші жартыжылдықтан бастап бірінші сынып оқушыларына оқу дайындығына 20 минут.

2) Екінші сыныптағыларға - 50 минут.

3) 3-ші және 4-ші сынып оқушыларына үй тапсырмаларын орындауға 70 минут.

4) Орта мектеп оқушылары үшін 90 минут (5–6 сынып).

5) 7-9 сынып оқушылары үй тапсырмасын орындауға екі сағат көлемінде.

6) Жоғары сынып оқушыларына 2 – 2 сағат 20 минут уақыт белгіленген.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің пікірі бойынша мұндай жұмыс тәртібі балада эмоционалдық және психологиялық жүктемені төмендетеді және есте сақтау, ақпаратты меңгеру деңгейін арттырады [11].

Алайда мұндай тәсіл декларативті, паллиативті және субъективті сипатқа ие және оқушыларды шамадан тыс жүктемеден құтқармайды.

7. Білім беру мазмұнын жаңарту, біліктілікті арттырудың деңгейлік бағдарламаларынан кейін мұғалімдер мен оқытушылардың түпкі нәтижелермен салыстырғанда жүктеменің артуы.

8. Білім беру ұйымдарының, оқу орындарының жағдайын өзгерту жөніндегі басқару аппараттары мен барлық білім беру жүйесінің дәрменсіздігі.

9. Педагогикалық баспасөздің кертартпалығы, қазіргі білім беру ұйымдарындағы өзекті мәселелерді нақты шешумен айналысуға қарағанда сәнді бағыттармен әуестенуі және психологиялық-педагогикалық ғылым өкілдерінің біліксіздігі, олардың практика

қажеттілігінен «мәңгі» артта қалуы.

10. Әлем тілдерін жаппай білмеу. Үш тілділік идеясы әлі нақты көрініс таппады, өйткені білім беру ұйымдарында үш тілде жүйелі оқыту қолға алынбаған [12].

Осылайша, білім беру дағдарысы экономикалық немесе саяси себептермен емес, бірінші кезекте педагогикалық (дидактикалық), яғни мектеп-ЖОО практикасында әлі де ескірген оқыту технологиясының болуымен байланысты.

Халықаралық және біздің жеке зерттеулеріміздің нәтижелері отандық білім берудің тиімсіздігін ғана емес, ең алдымен, оны кешенді реформалауға ғылыми негізделген тәсілдеменің жоқтығын көрсетеді.

Осыған байланысты маңызды міндеті білім беруді тиімді дамыту жолдарын түсіндіру және алдын ала болжау болып табылатын білім беру мен оқыту туралы ғылым ретіндегі дидактиканың негіздеріне сүйенген жөн.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кумбс Ф.Г. Кризис образования в современном мире. Системный анализ. - М.: Прогресс, 1970. – 261 с.
2. Концепция государственной политики в области образования// Казахстанская правда. - 1995. - № 168. - 1 сентября.
3. Кушербаев К.Е., Ахметов А.К., Абылкасымова А.Е., Рахимбек Х.М. Стратегия развития высшего образования в Республике Казахстан. – Алматы: Изд-во «Білім», 1998. – 232 с.
4. Кусаинов А.К. Кризис в системе среднего образования: пути выхода. – Алматы: Изд-во «Rond&A», 2016. – 64 с.
5. Национальный план действий по развитию функциональной грамотности школьников на 2012-2016 годы// Электронный ресурс: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1200000832>.
6. Нургалиева С.А., Майлыбаева Г.С. Международный опыт в оценке качества образования по организации мониторинга результатов обучения обучающихся// Электронный ресурс: <https://articlekz.com/article/19333>.
7. Основные результаты международного исследования PISA-2015, 2017 год: Национальный отчет/С.Ирсалиев, А.Култуманова, Е.Сабырұлы, М.Аманғазы – Астана: АО «Информационно-аналитический центр», 2017 – 241 с.
8. Отговоркой назвали аргументы Аймагамбетова о низком уровне грамотности детей в Казахстане//Время. – 2019. – 4 декабря.
9. OECD. Executive summary//Higher Education in Kazakhstan 2017. – Paris: OECD Publishing, 2017. – P.15-17.
10. Казахстан – Страновая записка - Результаты исследования TALIS-2018.
11. Новая система образования в Казахстане 2018-2019//Электронный ресурс: <https://www.nur.kz/1773601-novaa-sistema-obrazovania-v-kazahstane-2018-2019.html>.
12. Дьяченко В.К., Кусаинов Г.М. Мировой кризис школы и системы образования: причина и следствие//Вестник высшей школы Казахстана. – 1996. - №5. – С.40-44.

*Г.К. Абдуллина*

**ТҰЛҒАНЫҢ ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЛАРЫН ҚАЛЫПҚА КЕЛТІРУ**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті*

*[abdullina1956@list.ru](mailto:abdullina1956@list.ru)*

Ғылыми – техникалық прогресс неғұрлым дамып жетілген сайын, дағдарыс жағдайлары мен психикалық проблемалар да көбеюде. Өмір сүру, тіршілік мәселелері күрделенген сайын психология ғылымы саласында да зерттеу мәселелері де күрделенуде, әсіресе, дағдарыс мәселесі. Адам дамуының басқа философиялық ережесі бар, ол: әлеуметтік факторлардың және өмір сүру жағдайларының интенсивті түрде дамуы - адамның сезімтал индивидуум ретіндегі тіршіліктің негізін қозғайды; ол - тұлғадағы табиғатпен берілген өзгерістердің себепі болатын әлемге қатынасы, мінезі, қабілеттері және т.б.

Қазіргі кезде медицина, психология, әлеуметтану, саясаттану және т.б. ғылымдарды біріктіретін мәселе «*дағдарыс*». Дағдарыстың өзекті болуы қоғам дамуындағы әлеуметтік жағдайлар мен жалпы адами, қоғамдық факторлармен байланысты. Жалпы адами факторларға: әлемдегі антропогендік катастрофалар мен «соғыс-сойқындар», күнделікті өмірдегі (әсіресе, ақпараттар арқылы) қатыгездік, зорлық, қинау, табиғи катаклизмалар (су тасқыны, жер сілкінісі, климаттық өзгерістер), психогендік (соғыс әрекеттері, бомба жарылыс, терроризм, криминалдық жағдайлар) және т.б.

Дағдарыс жағдайларындағы адамның психикалық күйі, бейімдеу реакциясы секілді жүйке жүйесімен, уайымның белсенділік деңгейінің өзгерісінен тұрады. Ал бұл болса психикалық процесстердің өтуі мен психикалық қалып көрінуінің ерекшелігін алдын ала анықтаушы фон болып табылады. Дағдарыс жағдайларына бейімдеу реакциясының нәтижесі осы жағдайда және нақты уақытта адамның психикалық аймағына міңездеме болып табылады.

«Психикалық күй» термині адамның психикалық аймағының көріну түрлерін: қозу мен тежелу күйі; сананың есеңгіреуі немесе анықтылық күйі; рух төмендеуі мен артуы, шаршау, апатия, қанағаттану немесе қанағаттанбау, ашушандық, қорқыныш және т.б түрлерін сипаттауы үшін қолданылады. В.М.Бехтеревтің айтуы бойынша «психикалық күй - қалып адам психикасының байқалуында үнемі адам әрекетін бояп тұратын және оның танымдық іс-әрекетімен еріктік аумағы мен тұтас жеке тұлғасына байланысты сыртқы сипаттармен қатар жүретін күй».

Дағдарыс жағдайларындағы психикалық күй (субъектінің күйі) психикалық процесстердің сандық және сапалық сипаттамасын, психикалық қалыптың көрінуін; сезім, көңіл-күй, уайым күйлерінің субъективті көрінуін анықтайды. Нақты уақыт сәтіндегі адамның психикалық аймағының интегральды сипаттамасы, психика күйі (объектінің күйі) болып табылады. Адамның қызметіне әсер етуіне байланысты эмоционалды күй екі топқа бөлінеді – жағымсыз (теріс) және жағымды (оң). Біріншілері мобилизация (қозғалмалы) процесімен, екіншілері – адамның функционалды мүмкіндіктерін демобилизациялаумен байланысты. [2, 412]

Дағдарыс жағдайларының себептерімен байланысты туындайтын төмендегі мәселелерді ғалымдар жан-жақты зерттеуде:

- Өртүрлі дағдарыстар негізіндегі субъективті уайымдар;
- Дағдарыс жағдайларды диагностикалауға мүмкіндік беретін симптомдар;
- Арнайы терапевтік (медикаментозды), психотерапиялық, психикалық көмек көрсету.

Дағдарыс немесе кризис гректің «*krisis*» - «шешім», «бұрылыс орны», «өзгеріс орны» деген мағынаны білдіреді[1]. *Дағдарыс* дегеніміз жеке тұлғаның немесе топтың қалыптасқан ресурстарының көмегімен шешілмейтін, өмірлік жолдағы табиғи (жас кезеңдік және экзистенциалды) және жасанды (антропогенді, техногенді, социогенді) кедергілер. *Тұлғалық дағдарыс* – субъектінің қалыпты өмір ағынындағы кедергілерден пайда болатын, негізгі тіршілік ету құндылықтарының (өмірлік, мінез-қылықтық негізгі мотивацияларының) жоғалуымен айқындалатын, тұлғаның максималды дезинтеграциялық (ішкі – психикалық деңгейдегі) және дезадаптациялық психикалық жағдайы. Тұлғалық дағдарыс ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Ішкі дағдарыс - жаскезеңдік, өмірлік және

экзистенциалды (адамның табиғи дамуы дағдарыс себебі болуы). Сыртқы дағдарыс - стрессор ретіндегі сыртқы жарақаттық жағдайлар: экстремальды, тіршілікке қауіпті жағдайлардан психикаға әсері және нәтижесіндегі жарақат, стресс, стрестен кейінгі жарақат (посттравматический стресс – ПТСР).

*Дағдарыстық (кризистік) жағдай* тұлғаның дағдарыстық уақыттағы кезеңі. *Дағдарыстық (кризисная личность) тұлға* – дағдарыстан кейінгі жағымсыз дезинтеграциялық, девиантты және делинквентті мінез-құлықтық, жүйкелік-психикалық немесе психосоматикалық бұзылулардың, әлеуметтік ортаға бейімделе алмаудың тасымалдаушысы ретіндегі субъект.

Дағдарыстық жағдайлардың шығуы мен туындауы мынандай себептерге байланысты:

- стрестік жағдайлар: әртүрлі деңгейлеріне қарай, өте күрделі жағдайларға дейінгі әсерлерден туатын стресс реакциялар (шок әсерінен туатын психикалық жарақат);
- бір жас кезеңінен екіншісіне өту (жаскезеңдік);
- тұлғалық жаңа өзгерістер кезеңіне өту (экзистенциалды дағдарыс).

Кез-келген адам өміріндегі дағдарыс жағдай - адам өміріндегі стресс. Сондықтан адам тіршілігінің барлық құрылымына әсер етеді. Стрестің әсеріне қарай симптомдары бар [2]. Стрестік ықпалдардың мынандай аспектілері бар:

- *тұлғалық* (үрей, агрессия, депрессивті жағдай, апатия, кінәлі сезім, жалғыздық, ұялу, делсал болу, қозудың жоғарлауы, күйзелу, өзіндік бағалаудың төмендеуі, т.б.);

- *мінез-құлықтық* (жарақат алу; тәуелділік: нашақорлық, ішімдік, құмар ойындар; эмоциялық ұстамсыздық; ас қортудың, ұйқының, сөздің бұзылуы; импульсивті мінез-құлық; аяқасты денедегі тремор; т.б.);

- *денсаулық* (көптеген психосоматикалық аурулардың: өкпе демікпесі, аменорея, жүректің ишемиялық, асқазан-ішек ауруы, гипертония, қант диабеті; үнемі арқа мен кеуде тұстарындағы этиологиясы анықталмаған жағымсыз жағдайлар; бас айналуы мен талып қалу; ұйқысыздық; бас ауруы және т.б. дамуы);

- *когнитивті аффектілер* (шешім қабылдай алмау, зейінін тұрақтандыра алмау, есте сақтаудың нашарлауы, айтылған сындарға өте жоғарғы сезімталдылық, ақыл-ой тежелуі);

- *физиологиялық аспектілері* (зәрі мен қандағыкатехоламиндер мен кортикостероидтардың, қан қысымының артуы; қанттың көбеюі; ауыздың құрғауы; тыныс алудың қиындауы, аяқ-қолдың сууы және т.б.).

Психология ғылымының әдіснамалық негізінде дәстүрлі (қалыптасқан немесе академиялық) бағытжәне жаңа психологиялық ағымдар, мектептер, ойлар арасында психологиялық мәселелерді қарастыруда қарама-қайшылықтар бар. Дәстүрлі академиялық бағыт әлеуметтік және биологиялық детерминизм (адам белсенділігінің байланыстылық себептері заңдылығын) мен ғылыми материализмнің позитивті парадигмаларына сүйенеді. Ал жаңа бағыттар мен мектептердің, әсіресе, қолданбалы бағыттардың әдіснамалық негіздері жоқ.

Әртүрлі дағдарыс жағдайларында тұлғаның жағымсыз эмоционалды күйін коррекциялауда психотерапияның маңызы орасан зор. Психотерапиялық әдістің қатарына *аутогенді жаттығуларды және денеге бағытталған терапияны* алуға болады.

*Аутогенді жаттығулар* психикалық және вегетативті функцияларды өз – өзімен реттеу әдістемесі болып саналады және тек емдік бағытта ғана емес, қазіргі кезде педагогика, спорт саласында да қолданыла бастады[3,12]. Аутогенді жаттығулар емдік мақсатта әртүрлі бұзылуларды (бірінші кезекте невроз ауруларын симптоматикалық құралдар көмегімен) қалыпқа келтіруде қолданылуы мүмкін. Аутогенді жаттығулар негізінде ұйқысыздықты емдеу, қиын ұйықтаумен байланыса отырып, тыныштық пен релаксациялық күйді шақырады. Осы арқылы ауру адам өз-өзіне қиналмай, ұйқыға тез өтеді. Әр түрлі уайымдар басымдылық көрсетіп, ұйқы бұзылғанда емдік тәсілдер жақсы қолданылады. Аутогенді жаттығуды қолданатын сау адамдардың өзі кез-келген жағымсыз жағдайдың өзінде релаксациялық жағдайды шақыра отырып, тез ұйықтайтындарын атап өткен[4, 33]. Аутогенді жаттығуда психолог арқылы немесе өзін – өзі жаттықтыруда топтық немесе жекелей терапия қолданылады.

Дағдарыс жағдайларында деперсонализациялық уайымдар (көп жағдайда интероцептивті сезімдердің өзгеуі деген сөз) дегеніміз - гипнотикалық фазалық жағдайда бұлшық еттің босаңсуы мен буын тонусы және де анальгезияның өзгеруі. Аутогенді жаттығудың тәжірибесі көрсеткендей, вегетативті функцияға әсер ету үшін, осы функцияға бағытталған ұзақ және көп көрініс шақыра білу керек[4,25]. Дағдарыс жағдайларында қолданылатын аутогенді жаттығудың босаңсудағы ұсынатын әрекеттері өте қарапайым: өзіне ыңғайлы босаңсыған қимылды таңдау, жаман ойлардан аулақ болу; көзді жұму; бар назарды дененді сезінуге аудару; ойша стандартты формуланы айту; осы жағдайға байланысты жағдаятты елестету. Зейінді басқару денені сезінуді жинақтаумен, дененің бір бөлігі мен екінші бөлігінің байланысымен бекітіледі.

Вильгельм Райх (1897-1957) *дене психотерапиясының* негізін салушы, хатха - йогамен басқа да шығыс әдістерді есептегенде, ол өзінің жұмысын «үшінші» толқынды психоаналитик ретінде бастады. Денеге-бағытталған терапия (ДБТ)– адам тәнімен бірге өткізілетін, психиканы өзгерту арқылы емдейтін, түрлі теоретикалық және методологиялық амалдарға, тәсілдерге ие психотерапия бағыттарының бірі. Негізгі бағыттары және техникалары: қозғалыс, жақындасу, тыныс алу. Бұл тәсіл тәнінде әсерін қалдырған бастан кешірулер мен мәселелерді «жанды тәнмен жұмыс арқылы емдеу». Адамның жан дүниесінде болып жатқан жағдайлар оның тәнінде де өз іздерін қалдырып отырады. Денеге бағытталған терапия тұлғалық өсуге және адамның тұтас дамуына әсер ететін, сана мен дене сезгіштіктерінің түйісуіне әсер ететін тиімді тәсіл[6,39].

Дағдарыс жағдайларында бұлшық ет сезімдерін қалыпқа келтіру - ішкі стимуляцияның күшін бірден төмендету, жүйке жүйесінің белсенділігі мен бұлшық аппаратының да қызметін төмендету. Дененің бір бөлігін жинақтау бұлшық ет сезімталдығын күшейтеді, қатты жинақталған бұлшық етті тауып, оны босаңсытуға көмектеседі. Адамның жаны мен тәні біртұтас, психикалық әлемінде болып жатқанның барлығы адамның денесінен көрініс табады.

Бүгінгі күнгі дағдарыс жағдайларында денеге бағытталған психотерапияның әдістері біртұтас тәсілдің барлық талаптарына жауап береді. Оларды адамға бүтіндік сезімін қайтаруға, шеттетілген ақпаратты түсінуге ғана емес, сонымен бірге осы уақытта дене мен психиканың бірлігі, бүкіл ағзаның бүтіндігін сезінуге үйретуге тырысу біріктіреді. Денеге бағытталған психотерапияның барлық әдістері науқас өз тәжірибесін психикалық және тәндік өзара байланысы, өзінің әрекет етуінің жақсаруына мүмкіндік беріп, өзін сол күйде қабылдау жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған.

#### Әдебиеттер

*Шингаров Г.Х.* Эмоции и чувства как форма отражения действительности - М.: Наука, 1971.-289с.

*Ильин Е.П.* Эмоции и чувства. - СПб.:Питер, 2002. – 740 с.

Теория и практика аутогенной тренировки.-М.: Медицина, 1980.- 165с.

*Филатов А.Т.* Аутогенная тренировка.- К.: Здоровье, 1987.-127с.

Экспериментальная нейропсихология эмоций.- М.: Наука, 1972.-344с.

*Кондрашенко В. Т., Донской Д. И.* Общая психотерапия. — Минск, 1993.

*Бондаренко А.Ф.* Психологическая помощь: теория и практика. — Изд. 3-е, испр. и доп. — М.: Независимая фирма “Класс”, 2001. — 336 с.

*М.Е.Бельгибаев*

СОЛОНЦЫ - ИНДИКАТОРЫ АРИДИЗАЦИИ И ОПУСТЫНИВАНИЯ  
РАВНИННОЙ ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА

*НАО «Университет имени Шакарима г. Семей»*

[belgibaev-m@mail.ru](mailto:belgibaev-m@mail.ru)

Аридность (сухость климата) отмечалась в различные периоды и эпохи кайнозойской эры. Аридизация и опустынивание проявляются и в настоящее время в связи с потеплением климата [3], что негативно отражается на урожайности культурных растений, в том числе зерновых в степной зоне. При определении степени аридности используют различные показатели, в том числе индекс аридности де Мартона, Кёппена, Торнтвейна, Г.Т.Селянинова, Н.Н.Иванова и др. Определение аридности ландшафтов разными методами приведено в работе [17].

Для изучения аридизации ландшафтов мы попытались с палеогеографических позиций объяснить возрастание площади солонцов и их комплексов, а также солончаков от подзоны умеренно-засушливых, богато разнотравно-ковыльных степей (обыкновенные черноземы) до зоны полупустыни и пустыни (бурые и серо-бурые почвы).

Известно, что климат по В.В.Докучаеву является одним из ведущих факторов почвообразования. Это в полной мере имеет отношение и к интразональным почвам аридной зоны - солончакам, солонцам и солодам. Наибольшее распространение в республике получили солонцы с их комплексами и солончаки. Принято следующее разделение солонцов и их комплексов [4]:

- солонцы и комплексы с солонцами (более 50%);
- комплексы с солонцами (30-50%);
- комплексы с солонцами (10-30%).

В дальнейшем в статье будет фигурировать суммарная площадь солонцов и их комплексов по этим трем категориям для каждой подзоны почв.

Опустыниванию подвергаются не только аридные зоны, но и семиаридные, в частности сухостепная зона Северного Казахстана [3]. Относительно опустынивания семиаридной зоны Дж.А.Маббут, исследователь из Австралии, высказал следующее мнение: "Самыми опасными районами с точки зрения зарождения и развития опустынивания, являются семиаридные зоны" [9]. Под термином "опустынивание" Б.Г.Розанов и И.С.Зонн [15] понимают "процесс необратимого изменения почвенного и растительного покрова засушливой территории в сторону аридизации и уменьшения биологической продуктивности, которое в экстремальных случаях может привести к полному разрушению биологического потенциала и превращению территории в пустыни". Есть и другие определения данного термина [8]. На территории Северного Казахстана имеются многие признаки аридизации и опустынивания ландшафтов и почв, под влиянием как природных, так и антропогенных факторов [3,8].

К естественным и антропогенным факторам ксеротизации и аридизации суши региона, по данным М.П.Петрова [14] и В.А.Ковды [6] с дополнениями автора, можно отнести:

1. Преобладание плоскостного смыва и увеличение активности процессов дефляции.
2. Сокращение площади замкнутых озер и их прогрессирующее засоление.
3. Деграция растительности в плакорных условиях до полного ее исчезновения (под влиянием антропогенных факторов).
4. Прогрессирующее засоление почв в плакорных условиях, рост карбонатности и загипсованности современных гидроморфных почв.
5. Врезание рек и оврагов и увеличение их дренирующей роли.
6. Увеличение количества засух и засушливых лет с севера на юг (до полупустынной зоны), абсолютное их возрастание в земледельческой зоне (в степной зоне РК 5- 6 из 10 лет засушливые).
7. В отдельных регионах отмечается понижение уровня грунтовых вод.
8. Отмечается тенденция наступления степной зоны на лесостепь.

9. Увеличение площади солонцов и солонцеватых почв.
10. Потепление климата.
11. Формирование реликтовых и современных химических новообразований (конкреций) в почвах.

Значительное содержание в регионе засоленных почвообразующих пород и почв (солонцов и солончаков) связано с палеогеографическими условиями. Как отмечается в работе [1], последним этапом широкого распространения моря на территории Казахстана было раннеолигоценное время (палеоген). Это наложило свой отпечаток на состав кор выветривания и почвообразующих пород, их засоленность. По данным академика К.К.Маркова, в историческом плане с палеогена идет процесс иссушения территории степей СССР.

Палеоландшафтная летопись степной зоны очень хорошо показана в работе [11], где отмечается, что "великое остепнение" Евразии неотвратимо надвигалось из глубины континента на запад и захватывало в своем поступательном движении огромный отрезок геологического времени - от неогена до плейстоцена. Главная причина этого процесса кроется в неотектонической активизации земной коры на рубеже палеогена - неогена. Она выразилась в общем поднятии материка и формировании современных горных систем. Следствием стала мощная регрессия эпиконтинентальных морей палеогена, орографическая изоляция и резкий рост континентальности климата внутренних регионов Евразии.

Следы аридной денудации наложили существенный отпечаток на структуру современного почвенного покрова степей. В изученном регионе наряду с зональными степными почвами (черноземами и каштановыми) широко распространены степные литогенные солонцы. По В.А. Николаеву [11], с засоленными глинами, как почвообразующими породами, связаны степные солонцы, от глубоких остепняющихся до корковых. "Описанные солонцово-степные литогенные комплексы представляются сравнительно молодыми, порожденными предшествующей эпохой опустынивания степей и усиления процессов аридной денудации. В настоящее время они переживают направленный процесс остепнения. Это дает основание связывать их генезис с относительно недавними событиями геологической истории азиатских степей, протекавшими в более аридной обстановке, чем современная" [11].

Наиболее активно и интенсивно процессы аридизации суши проявились в суббореальный ксероморфный период голоцена, когда началось очередное интенсивное формирование засоленных почв (солончаков и солонцов) в семиаридной и аридной зонах Казахстана [5]. В.А.Ковда [7] отмечает: "Послеледниковая аридизация суши на всех континентах сопровождалась усилением испарительного режима вод и растущим соленакоплением в озерах, грунтовых водах, почвах". Начало неогена на равнинах Южного Зауралья и Казахстана знаменуется усилением аридизации климата и повсеместной сменой умеренных лесных ландшафтов таковыми сухих степей и полупустынь. В нижнем плейстоцене ландшафты развивались во многих районах региона по полупустынному типу. В среднем плейстоцене формируются покровы из лессовидных пород, которые имеют, в основном, эоловое происхождение. В верхнем плейстоцене заметно ослабление засушливости климата в степных и полупустынных районах. Процессам почвообразования в голоценовый период посвящено много работ. Атлантический период (5-8 тыс. лет назад) был очень благоприятным для развития почвообразовательного процесса в степной зоне. В конце атлантического и в суббореальную эпоху климат степной зоны был более засушливым, чем современный. Поскольку такой ксеротермический период продолжался около четырех тысяч лет, это обусловило заметный сдвиг природных зон к северу. Современные обыкновенные черноземы в суббореале были каштановыми почвами с меньшей мощностью гумусового и более высоким залеганием солевого горизонтов [5]. Черноземные и каштановые автоморфные почвы Северного Казахстана имеют в основном среднеголоценовый возраст.

Условиям развития солонцового процесса посвящено много работ. Среди них следует отметить исследование В.П.Михайличенко [10], длительное время работавшего в Казахстане и давшего анализ генезиса, динамики и мелиорации солонцов и их комплексов. Поэтому мы

не будем останавливаться на подробном их рассмотрении и анализе. Приведем "центральное представление, которое в большинстве случаев (но не всегда) не ставят под сомнение" - формирование солонцового процесса. По данным [18], "Солонцовый процесс - это комплекс взаимосвязанных явлений, происходящих в почве, обусловленный определенным сочетанием количества обменного натрия в почвенном поглощающем комплексе (ППК) и общей концентрации и состава солей в почвенном растворе; развитие этого комплекса явлений во времени приводит к формированию специфического почвенного профиля, характеризующегося вертикальной текстурной дифференциацией по эллювиально-иллювиальному типу (по илу, полуторным окислам, емкости катионного обмена). О географии распространения солонцовых почв в бывшем Союзе можно судить по данным таблицы [12].

Таблица

Площади обследованных солонцовых почв [12]

Республика	Площадь, тыс.га
РСФСР	17613,9
Украинская ССР	3986,9
Казахская ССР	74000,0
Азербайджанская ССР	925,6
Киргизская ССР	281,5
Грузинская ССР	200,0
Молдавская ССР	200,0
Армянская ССР	30,0
Всего	97237,2

Площадь солонцовых почв на территории Казахстана составляет 76% от всей площади обследованных солонцовых почв СНГ. Большая часть этой территории республики подвержена аридизации или опустыниванию. А.И.Перельман [13], рассматривая различную интенсивность миграции химических элементов, ввел понятие "типоморфные элементы". Он подчеркнул, что особенно важно изучение тех активных мигрантов, от которых зависят какие-либо характерные и существенные особенности данного ландшафта. Такие элементы он предложил назвать **типоморфными**. Одним из генетических (геохимических) природных признаков и особенностей семиаридных и аридных почв Казахстана является наличие в составе обменных катионов элемента натрия (*Na*). Он является здесь очень активным типоморфным элементом, в отдельных ландшафтах более активным, чем *Ca*, хотя последний преобладает в почвах в процентном отношении (в ППК). *Na* относится к геохимически подвижным элементам. Это подтверждается рядами подвижности элементов (по Б.Б.Полынову).

Ряды подвижности элементов  
(по Б.Б.Полынову):

I.	Энергично выносимые: Cl, (Br, I), S	20
II.	Легко выносимые: Ca, Ia, K, Mg	1
III.	Подвижные: Si, P, Mn	0,1
IV.	Слабо подвижные (инертные): Fe, Al, Si	0,01
V.	Практически неподвижные: Si кварца	0

Содержание поглощенного *Na* в определенных количествах (от 5 до 40% и более) от ППК в почвах семиаридной и аридной зон Казахстана является обобщенным индикационным показателем аридности суши и климата. *Аридный климат в данном регионе*



наряду с другими природными условиями является одним из важных солонцеобразующих факторов (климатический фактор).

Площади солонцов, солончаков и засоленных почв были взяты из [4]. На рис. представлен график распространения площади солонцов и солончаков (в %) в различных почвенных подзонах Казахстана. Резкое увеличение площади солонцов начинается в подзоне южных черноземов. Максимальное влияние климатического фактора на формирование солонцового процесса проявляется в подзоне светло-каштановых почв (47,4% от площади подзоны), на втором месте подзона бурых почв (47% с учетом площади бурых солонцеватых, солончаковых и солончаковатых почв - 11 008,5 тыс.га). Далее идет резкое снижение площади распространения солонцов и их комплексов, минимальный процент (около 10%) отмечается в пустынной зоне (серо-бурые почвы).

Площадь распространения солончаков имеет более плавный ход и меньшие показатели в процентах. Минимум их отмечается в подзоне обыкновенных черноземов, максимум в зоне бурых пустынных почв, что является вполне закономерным явлением. Однако, этот показатель (солончаки) менее информативен, чем солонцы.

Такыры солончаковые в комплексе с такыровидными солончаками в подзоне бурых почв составляют 165,9 тыс.га, в подзоне серо-бурых почв -173,6 тыс.га. Резко возрастает в подзоне серо-бурых почв площадь такыровидных солончаковых и солонцеватых в комплексе с солончаками остаточными - 5764,2 тыс.га, в подзоне бурых почв значительно меньше -57,7 тыс.га. Всего площадь засоленных почв Казахстана составляет 111550,1 тыс.га, или 42% от всей площади республики [4]. **В последнее время значение термина "засоление" было пересмотрено и теперь оно определяется как форма опустынивания [19].** Таким образом, только по засолению почв 42% территории Казахстана относится к опустыненным регионам [4]. Следует отметить, что в связи с усилением аридизации и потеплением климата площади засоленных (опустыненных) территорий будут возрастать.




Рис. Процент участия солонцов (1) и солончаков (2) в почвенных подзонах равнинной территории Казахстана.

На оси абсцисс почвенные подзоны (с севера на юг): Ч, - черноземы обыкновенные; Ч<sub>ж</sub>-черноземы южные; К, - темно-каштановые; К<sub>2</sub>-каштановые; К<sub>1</sub>-светло-каштановые; Б<sub>γ</sub>-бурые; С<sub>6</sub>-серо-бурые.

По исследованиям автора, в Приаралье получены следующие данные. При современном опустынивании осушенной территории Восточного Приаралья в процессе

гидрохимических и биогеохимических реакций среди обменных катионов в почве накапливается элемент  $Mg^{++}$ , близкий по некоторым свойствам к  $Na^+$ . На стадии обсохших почв и более интенсивного выпота солей в почвах тяжелого механического состава увеличивается поглощенный магний наряду со снижением содержания кальция в составе ППК. Процентное увеличение доли поглощенного магния в составе поглощенных оснований отмечается не только в обсохших и опустынивающихся почвах гидроморфного ряда, но и на орошаемых и залежных угодьях, где его содержание возрастает в абсолютном и относительном выражении в два раза и более. На конечном этапе опустынивания с пленочными токами минерализованной влаги к поверхности почвы (почвогрунта) возрастает поступление легкоподвижного натрия, резко повышается его содержание в ППК (типоморфность натрия). В золе надземной фитомассы галохсерофитов, ксерофитов и особенно галофитов, сменивших гидрофильную растительность, резко увеличивается, а подчас и абсолютно преобладает натрий, то есть по химическому составу минерализующийся опад галофильных, галохсерофильных и ксерофильных растительных группировок отрицательно влияет на физико-химические свойства почв, поставляя в поверхностные слои в основном натрий, который с ионами хлора образует токсичные соли, а также способствует осолонцеванию почв. Таким образом, и в этом регионе увеличение в несколько раз поглощенного  $Na$  (и  $Mg$ ) в почвах аридной зоны является следствием аридизации климата и опустынивания суши.

Анализ изменения природно-климатических условий и связанных с ними процессов осолонцевания почв рассмотрен в работе [6], где отмечается, что тектоническое поднятие и эрозийное расчленение низменностей (и равнин) приводит к опусканию уровня грунтовых вод. Грунтовые воды (или поверхностные воды) исключаются как фактор соленакопления и процессы засоления прекращаются. Однако в аридных областях накопившиеся массивы солей очень долго сохраняются в почвах, грунтах и грунтовых водах. Процессы рассоления идут очень медленно, но все же тем быстрее, чем больше количество осадков и лучше естественная дренированность местности. Поэтому процессы рассоления происходят значительно эффективнее в более увлажненных областях полупустыни, где они сопровождаются солонцовым процессом (алькалинизацией) и затем процессом остепнения (ксеротизацией). Здесь формируются каштановые и бурые солонцеватые почвы в комплексе с солонцами. Классическим примером таких полупустынь служат Прикаспийская низменность и Южная Украина в Европе, Северный Казахстан в Азии, Большой Бассейн в Северной Америке, аридные области Австралии. ***Значительно менее ярко осолонцевание почв проявляется в экстрааридных условиях пустынь, но и здесь многие почвы носят признаки солонцеватости (такыры).*** Эти положения В.А.Ковды подтверждаются приведенными выше данными по интенсивному процессу осолонцевания в светло-каштановой и бурой подзонах, а также формированием и распространением в подзоне серо-бурых почв такыров солончаковых и солонцеватых в комплексе с солончаками остаточными. Эти комплексы занимают около 10% от площади подзоны серо-бурых почв. До сих пор остается в силе тезис И.П.Герасимова, высказанный еще в 1933 г. о такырах, как зональных почвах солонцово-солончакового типа почвообразования.

Приведенные данные в [11] о предшествующей более аридной обстановке на территории Северного и Центрального Казахстана подтверждаются материалами настоящего сообщения.

Из известных пяти факторов почвообразования (по В.В.Докучаеву) определяющую роль в формировании солонцов и их комплексов играют два ведущих фактора почвообразования - аридный климат и материнская почвообразующая порода (засоленные отложения палеогена). Эти данные подтверждают известную классическую парадигму генетического почвоведения о трехчленной формуле Докучаева-Герасимова: "факторы > почвообразования > почвенные процессы > свойства почвы".

Таким образом, в формировании солонцов аридной зоны решающее значение принадлежит литогенно-климатическому или точнее, **аридно- литогенному фактору**,

который достигает своего апогея в подзоне светло- каштановых почв. Следует отметить, что до настоящего времени не в полной мере, не до конца разрешен вопрос о механизме и процессах формирования солонцов *ab ovo* (с самого начала), хотя изучены все морфологические и физико-химические их свойства по отдельным горизонтам, **минералогический состав и другие признаки, то есть речь идет о генезисе автоморфных солонцов в их полном объеме. В этом плане предлагаемый нами аридно-литогенный фактор в какой-то мере дополнит проблему генезиса солонцов, их формирование в степной и полупустынной зонах Казахстана. На фоне аридно-литогенного фактора происходит** формирование солонцов по известной схеме по химическим и физико-химическим параметрам и свойствам [18].

Аридизация суши в целом способствует осолонцеванию почв. Причем это характерно, в основном, для степных и полупустынных территорий. Таким образом, для семиаридной и аридной зон Казахстана можно констатировать следующее положение: развитие и формирование солонцов и засоленных почв является следствием или функцией аридизации климата и суши в четвертичный период (и в настоящее время в связи с потеплением климата). Другим дополнительным фактором послужило наличие засоленных кор выветривания и почвообразующих пород (отложения солей палеогенового моря). Чем больше площадь солонцов и их комплексов в массиве, тем в большей степени территория подвержена аридизации (и опустыниванию). В первую очередь речь идет о степных солонцах и их комплексах. Солонцы гидроморфного и полугидроморфного ряда более динамичны и имеют сравнительно небольшой возраст - сотни лет. Палеогеографическими индикаторами аридизации суши семиаридной зоны Казахстана являются солонцы и солонцовые комплексы, в целом, площади засоленных почв. Первые признаки аридизации суши начинаются локально в лесостепной зоне (наличие автоморфных солонцов). Это объясняется, очевидно, определенным соотношением тепла и влаги (аридный климат), а также литогенной основой в виде палеогеновых и неогеновых засоленных отложений, в основном, глин.

Следует отметить, что в начале XXI в. по состоянию потепления климата и аридной обстановке на территории Казахстана мы уже приблизились к климатическим условиям суббореального периода голоцена.

В последние 4-5 десятилетий на природные условия влияют различные факторы антропогенного опустынивания [16]. В целом, аридизация суши способствует развитию эоловых процессов в регионе [2]. Они накладываются друг на друга, нанося отрицательные последствия народному хозяйству - деградации земель и снижению плодородия почв, пастбищной дигрессии, опустыниванию территории и снижению экологического потенциала ландшафта.

### Литература

1. Бажанов В.С., Корнилова В.С., Соболев Л.Н., Федорович Б.А. Палеогеография кайнозоя и история развития ландшафтов. Казахстан. - М.: Наука, 1969.
2. Бельгибаев М.Е. Влияние эоловых процессов на динамику почвенного покрова семиаридной зоны Казахстана // Дисс. доктора геогр. наук в форме научного доклада. М., 1993.- 61с..
3. Бельгибаев М.Е. Диагностические показатели аридизации и опустынивания семиаридной зоны Казахстана // Гидрометеорология и экология, 1995, №2.
4. Боровский В.М., Успанов У.У. Почвы Казахстана и пути их народнохозяйственного использования. - Алма-Ата, 1971.
5. Иванов И.В. Эволюция почв степной зоны в голоцене. - М., 1992.
6. Ковда В.А. Аридизация суши и борьба с засухой. - М.: Наука, 1977.
7. Ковда В.А. Особенности водно-солевого режима почв аридной зоны // Природа, почвы и проблемы освоения пустынь Устюрта. - Пушино, 1984.

8. Конвенция ООН по борьбе с опустыниванием. - Париж, 1994.
9. Маббут Дж.А. Цикличность климата и изменчивость ландшафтов как факторы окружающей среды в развитии опустынивания // Борьба с опустыниванием путем комплексного развития. Международный симпозиум. - Ташкент, 1981.
10. Михайличенко В.Н. Галогенез и осолонцевание почв равнин Северного Казахстана. - Алма-Ата: Наука, 1979.
11. Николаев В.А. Ландшафты азиатских степей. - М.: Изд-во МГУ, 1999.
12. Панов Н.П., Цюрупа И.Г. Солонцовые почвы и их значение для сельского хозяйства страны // Вестник сельскохозяйственной науки, 1981, №2.
13. Перельман А.И. Типоморфные химические элементы в ландшафте // Природа, 1952, № 4.
14. Петров М.П. Еще раз об усыхании Азии. Известия ВГО, 1966, т.97, № 3.
15. Розанов Б.Г., Зонн И.С. Опыт СССР в области выявления, диагностики и оценки процессов опустынивания // Проблемы опустынивания. - М., Центр международных проектов ГКНТ, 1986, вып.3.
16. Фаизов К.Ш., Уразалиев Р.А., Иорганский А.И., Есимбеков М.Б. Антропогенное опустынивание почв Республики Казахстан. - Алматы, 2000.
17. Халатов В.Ю. Некоторые аспекты изучения аридности ландшафтов // Проблемы освоения пустынь, 1990, №1.
18. Хитров Н.Б. Физико-химические условия развития солонцового процесса в почвах // Почвоведение, 1995, №3.
19. UNCOD. Desertification its Causes and Consequences. Compiled and edited by the Secretariat of the U.N.Conference of Desertification.- New York: Pergamon Press, 1977.

*Г.К.Абдуллина, Қ.Е.Абдуллина*

СТУДЕНТТЕРДІҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ  
ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті*  
*abdullina1956@list.ru*

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті*  
*Kyrabdyl@mail.ru*

Еліміздегі зияткерлік және шығармашылық тұлғаны жасау мәселесі, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату заманауи қазақ қоғамының өзекті міндеттерінің бірі болып отыр. Бүгінгі қоғамның жоғарғы білім беру саласы оқытушылар алдына қойып отырған басты міндеті, артар жүгі – болашақ мамандарға сапалы білім берумен қатар жан-жақты дамыған, өзіндік ой-пікірі қалыптасқан тұлғаны қалыптастыру. Жаһандық өзгерістер кез-келген мемлекеттен білім саласын заманға сай реформалауды, жаңа технологиялар мен инновацияларды енгізуді, адам ресурстарының ұтқырлығын арттыруды талап етіп отырғаны белгілі.

Студенттер - қоғамның ірі интеллектуалдық потенциалы. Студенттердің әлеуметтік құрылымы негізінен біздің қоғамымыздың әлеуметтік құрылымын айқындайды. Студент ұғымына педагогика және психология ғылымдары нақты түсінік бермейді. Ал ғылыми әдебиеттерде берілетін анықтамалар әртүрлі болып келеді[1]. Студенттердің оқу мотивтері олардың бағыттылығына және дәрежесіне байланысты; мотивациялық аймақтың иерархиясына байланысты; жеке мотивтердің өзара келісімділігі мен үйлесімділігі бойынша; мотивтердің тұрақтылығына байланысты; мотивтердің әрекеттері мен олардың мінез-құлыққа тигізетін әсері бойынша сипатталады.

Психология мен педагогика саласындағы ғалымдардың, мамандардың назарын аударып отырған мәселелердің бірі – интеллект деңгейі жоғары, ұшқыр ойлы, рухани-адамгершілік қасиеттері дамыған, парасатты, заман талабына сай тұлғаны қалыптастыру. Білім арудың негізі – оқу, білім беру-тиісті оқу орны арқылы ғылыми мәлімет беру жолы. Білім беру ісі шеберлікке, дағдыға баулиды, белгілі кәсіпке, мамандыққа үйретеді. Абай атамыз айтқандай «Білімді адам-нағыз адам». Сондықтан әртүрлі әдіс-тәсілдермен, дағдымен, ілкімді іскерлік пен білім алуға бүгінгі жастардың ұмтылысы аса маңызды.

Интеллект, интеллектуалды мәдениет мәселесі көптеген психологиялық мектептердің, бағыттардың зерттеу нысаны болған. Ересектердің интеллектуалды дамуының өзекті мәселелері заманауи психологиялық теорияларда бірнеше бағыттарда қарастырылады, интеллектіні дамыту мәселесінің теориялық және практикалық маңыздылығына өте қатты көңіл бөлінген. Дегенмен, тұлғаның интеллектісін, интеллектуалды қабілеттерін дамыту мәселесі бойынша қазіргі ғылымда көзқарастардың, түсініктердің, тұғырлардың алуан түрлілігі байқалады. В. Штерн, Я.А. Пономарев, В.Н. Дружинин, т.б [2], [3], интеллектіні бөліп қарастырудың басты критерийі ретінде оның мінез-құлықты реттеудегі қызметі деп қарастырады. Ал швейцар психологы Ж. Пиаже интеллектіні білімді меңгерудің тәсілі ретінде анықтап, адамның когнитивті дамуы индивидуумның қоршаған ортаның өзгерістеріне бейімделу нәтижесі және бейімделудің ассимиляция және аккомодация сияқты екі механизмін бөліп қарастыруды ұсынады[4].

Интеллекттің базалық қасиеттері Р. Стернберг, М.А. Холодная, т.б. зерттеулерінде сипатталады [5, 22]. Б.Г. Ананьев адамның дамуындағы әлеуеттердің жалпы жиынтығының ішінде интеллектке ерекше мән береді және оны тұлғаның психофизиологиялық үрдістерін, қалпын және қасиеттерін қамтитын танымдық күштердің көпдеңгейлі ұйымы ретінде қарастырады [6]. Бұл ұйым адамның нейродинамикалық, вегетативтік сипаттамаларымен тығыз байланысты. Олар интеллекттің әртүрлі эквиваленттері болып табылады және ақыл-ой қабілеттілігінің өлшемін, интеллектуалды қуаттылықтың құнын, оның адам денсаулығына пайдасы мен зиянының дәрежесін анықтайды.

Бүгінгі таңда жаңа талап, жаңа заманға сай студенттерге тәлім-тәрбие мен білім берудің басым бағыттарында ақыл-ой, интеллектуалдық шығармашылығын дамытуға баса

назар аударылуда. Бүгінгі жоғарғы білім адам психикасына, оның жеке басының дамуына үлкен әсер береді, студенттерде психиканың барлық деңгейлерінің дамуы өтеді.

Ойлау мәдениетінің қағидаларын, заңдылықтарын жеке қарастырған, дамыта оқыту жүйесін зерттеген ғалымдар В.В.Давыдов [7], Д.В.Эльконин [8]. Зерттеудің теориялық және әдістемелік негіздерін құрып, оқытудың проблемалық жүйесін айқындап берген ғалымдар: А.М.Матюшкин [9], М.И.Махмутов [10], соның ішінде, жоғары мектеп нысанасына қатысты жүргізгендер: А.Р.Ерментаева[11], В.П.Беспалько [12] және т.б.

Оқытудың теориясы мен әдістерін, модульдеудің үлгісін айқындап берген бір топ ғалымдар: С.Рубинштейн, Д.Эльконин, Б. Ананьев, А.Н.Леонтьев [13] және т.б. Әдіснамалық, әдістемелік зерттеулерде ойлау іс-әрекетін және философиялық білімдердің ғылыми білім негіздерін жүйелі меңгеру және оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру үдерісін зерттеген. В.А.Крутецкий [14] ойлау қабілетін дамытуды екі категорияға жіктейді: 1) жинақталған білімдер қоры; 2) білім алуға қажетті ойлау операциясын меңгеру.

Жоғарғы оқу орнында білім алу уақыты зерделік шақтың бірінші кезеңімен сәйкес келеді. Осы зерделік шақтың бірінші кезеңі Б.Г.Ананьев, А.В.Дмитриев, И.С.Кен, В.Т.Лисовский, З.Ф.Есаревтің және т.б. еңбектерінде талданады, адамгершіліктік дамудың маңызды сипаты мінез-құлықтың саналы мотивтерінің күшеюі болып табылады.

Интеллект - бұл адамның ақыл-ой қабілеттерінің жиынтығы. Оны белгілі бір дәрежеде тұлғаның рухани әлеуеті ретінде қарастырған жөн. Себебі, студенттердің интеллектісі өзінің бойындағы ішкі байлығымен ашылады және жоғарыда айтылғандай индивидтің зияткерлік қатынасымен байытылады. Тұлға мәдениетінің ішкі тірегі, діңгегі оның руханилылығы болып табылады. Тұлға рухани-адамгершілік даму барысында еліне, қоршаған адамдарға қызмет етіп, қоғамға пайда келтіру, қолынан келер жақсы, игі іс жасау, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жүзеге асыру субъект ретінде дамуына негіз болады.

Студенттердің интеллектісін және ойлауын дамыту деңгейлерін анықтау үшін, психологтар ойлауды дамытудың сегіз шартын тұжырымдайды:

- 1) ойлау операцияларын түсіну дәрежесі немесе ойлаудың маңызды сипаттаушысы;
- 2) операцияларды меңгеру дәрежесі (анализ, синтез, салыстыру, жалпылау, нақтылау, классификациялау және т.б.) және оларды барлық танымдық процестерде қолдана білу (оқу, оқудан тыс);
- 3) операцияларды түсіну және ойлау тәсілдерін басқа жағдайларға ауыстыруды жүзеге асыра білу дәрежесі;
- 4) ойлаудың әртүрлі түрлерінің қалыптасу дәрежесі;
- 5) білім қорының, олардың жүйелілігінің, білімді меңгерудің жаңа тәсілдерін білу дәрежесі;
- 6) мидың әртүрлі сапаларының динамикалық дәрежесі (тереңдігі, икемділігі, тізбектілігі, шапшаңдылығы және т.б.);
- 7) іс-әрекеттегі ықшамдылық дәрежесі: шығармашылықпен жұмыс, жаңа жағдайларға бейімделе білу;
- 8) логикалық ой қорытуларды меңгеру, оларды іс-әрекетінде қолдана білу дәрежесі.

Студенттер интеллектісінің педагогикалық іс-әрекетте маңызды рөл атқаратын көрсеткіштеріне: тапқырлық, қиылыстыру қабілеттілігі, дивергенттік ойлау және ассоциациялар еркіндігі жатады. Сондықтан интеллектуалды дамыту - бұл индивидтің биогенетикалық нышандары мен әлеуметтік ортаның өзара қарым-қатынасы, әрекеттесуі. Бұндай қарым-қатынастың нәтижесінде алдыңғы айтылған детерминанттармен өлшенбейтін жаңа сапа пайда болады, яғни индивидтің биологиялық ерекшеліктері алынған, әлеуметтік ақиқат болмыста жүзеге асырылған адамзаттық интеллектіге тән сапа қалыптасады. Бірақ адам интеллектісі белгілі бір әлеуметтік қатынаста басқарыла тұрса да, интеллектуалды даралыққа терістеуге, жоққа шығаруға болмайды.

Білім беру адамды тұлғасыздандыратын қарсы күштерден қорғаушы ретінде кез келген қоғамда әрбір адамның, сондай-ақ бүтін қоғамның өмірлік мәселесі. Өз кезегінде білім беру әлеуметтік институт ретінде қоғамдағы бірқатар қызметтерді орындайды: педагогикалық,

элеуметтік, мәдени. Интеллектуалдық білік-дағдыларға үйрету бір-бірімен тығыз байланысты болатын төрт мәселені қамтиды:

- ойлау әрекетінің саналы болуына қажеттілік қалыптастыру,
- әрекет ету бойынша жалпы ережелерді білу,
- әрекеттерді тәжірибе жүзінде тексеру
- және өзін-өзі бақылау.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге жүргізілген талдау негізінде ғалымдардың зерттеу мақсаттары мен міндеттеріне байланысты нақты ғылыми тұғыр аясында «интеллект» және «креативтілік» ұғымына анықтама бергендерін байқауға болады. Себебі «интеллект» және «креативтілік» ұғымындары бір-бірімен өте тығыз байланысты және бірін-бірі толықтырып тұрады. Тұлғалық-мотивациялық тұғыр авторлары (А. Адлер, Р. Ассаджиоли, В.Н. Дружинин, А. Маслоу, Г.Олпорт, К. Роджерс, К. Юнг және т.б.) креативтілікті тұлға, тұлғаның даму мотивациясы, өзін-өзі белсендіруге қажеттілігі аясында қарастырады.

А.В. Морозов[15] психометриялық теорияны ұстанушылар (М. Воллах, Дж. Гилфорд, Н. Коган, Д. Лаверт, С. Медник, Р. Стернберг, Е. Торренс және т.б.) стандартты тестілер арқылы өлшеуге болатын шығармашылық әлеуеттің генетикалық негіздеріне сүйенетінін анықтаған. Қазақстандық ғалым Б.Ә. Оспанова өз тұжырымдамасында: - «Болашақ мамандардың креативтілігін қалыптастыруда белсенділік тұлғаның, оның тұлғааралық, элеуметтік-психологиялық кеңістік құндылықтары мен мақсатын құрылымдауға негіз болады. Сонымен бірге белсенділік тұлғаның іс-әрекетін, мінез-құлық стратегиясын және қатынасын жобалайды» - деген [16] пікір ұстана отырып, креативтілікте белсенділіктің рөлін ерекше атап кетеді.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі саясатындағы мақсаттың бірі – жан-жақты, білімді, интеллектуалды - шығармашылық қабілетті, танымдық іс-әрекеті мен белсенділігі жоғары жеке тұлғаны қалыптастыру. Ендеше жоғары оқу орындарында студенттердің интеллектуалды- танымдық белсенділігін қалыптастыруды арнайы ұйымдастыру оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты болып саналады. Білімділік қуаты ғана мемлекетіміздің лайықты бейнесін және әлемдік қауымдастықтағы орнын қамтамасыз етеді, қоғамдағы әрбір адамның және халықтың әлемдегі статусын анықтайды, ал жоғары мектеп интеллекттік, ғылыми және мамандық қуаттың басты қозғаушы күші болып табылады

### Әдебиеттер тізімі

*Ананьев Б.Г.* Избранные психологические труды (Под рук. А.А.Бодалева и др.) В 2-х т., - М, 1980, т 1.

*Пономарев Я.А.* Психология творчества. - М.: Наука, 1976. – 304 с.

*Дружинин В.Н.* Психодиагностика общих способностей. - М: Академия, 1996. – 224 с.

*Пиаже Ж.* Психология интеллекта: Избр. психол. труды. - М., 1969. - 659 с.

*Sternberg R.* Beyond IQ: A triarchic theory of human intelligence, 1985. – 248 p.

*Намазбаева Ж.И.* Психологические проблемы формирования поликультурной личности. - Алматы: Каз НПУ имени Абая, НИИ Психологии 2008. - 22 б.

*Давыдов В.В.* Проблемы развивающего обучения. М., 1986.

*Эльконин Д.Б.* Избранные психологические труды. М., 1989.

*Матюшкин А.М.* Проблемные ситуации в мышлении и обучении. М., 1972.

*Махмутов М.И.* Проблемное обучение: основные вопросы теории. М., 1975.

*Ерментбаева А.Р.* Жоғары мектеп психологиясы: Оқулық. – Алматы: «Дәуір». 2012. – 492 б.

*Беспалько В.П.* Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика, 1989. – 192 .

*Леонтьев А.А.* Педагогическое общение. 2-е изд., перераб. и доп. М.-Нальчик, 1996.

*Крутецкий В.А.* Основы педагогической психологии. М., 1972.

*Морозов А.В.* Диагностика креативности //Монография. - М., 2002.

**Оспанова Б.А.** Педагогические основы формирования креативности будущего специалиста в системе университетского образования: Автореф. дисс.....док.пед.наук./ Б.А. Оспанова-Туркестан, 2006. 44 с.

*Маусымбаев С.С., Ходжаева А.С.*

**БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ДАЯРЛЫҒЫН ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ  
ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

*«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ  
[amanzhan.khodzhaeva@bk.ru](mailto:amanzhan.khodzhaeva@bk.ru)*

Мамандар даярлауда оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту білім саласына ене бастады. Мәселен, бүгінгі таңда академиялық еркіндікті дамыту білім беру жүйесін түбегейлі өзгертті деп айтуға болады. Білім алушының таңдаған пәні бойынша, мамандығына қатысты сабақтарды меңгеруі – академиялық еркіндіктің басты қағидаты болып саналады. Элективті курстар еңбек нарығы сұраныстары негізінде оқытылады. Оқыту үдерісін жаңғырту бағыты бойынша сұранысқа ие, болашағы бар бағыттарды күшейтудің маңызы зор. Сонымен қатар, тілдерді меңгеруге, электронды оқытуға, инклюзивті білім беруге, шағын кешенді мектеп мәселелері, 12 жылдық мектепке арналған маман даярлауға баса мән беріле бастады. Жоғары интеллектуалды әлеуеті қалыптасқан, инновациялық технологияларды еркін меңгерген, ғылыми-зерттеушілік қызметке бағытталған болашақ педагогтарды даярлау, қайта даярлауды да айта кету керек. Мектеп мұғалімдері, ғалым-оқытушыларды елдегі және шетелдегі біліктілікті арттыру орталықтарында жүйелі түрде оқыту қолға алынуда.

Білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыруда инновациялық технологияларды, компьютер мүмкіндіктерін пайдалану, интерактивті білім беру, қашықтықтан оқыту, виртуальды педагогика тағы басқаларды тәжірибеге ендіруге баса назар аудару қажет. Ғалым-оқытушылар, зерттеушілер жалпы орта білім беретін мектептің жаңашыл мұғалімдерімен бірлесе отырып мектеп базасында инновациялық технологияларды енгізу арқылы оқушылардың, студенттердің интеллектуалдық қабілеттерін арттыруды көздейді. Еліміздегі жоғары білім беру ордалары әлемдік білім беру жүйесіне көше бастады. Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыра түсетін білікті мамандарды дайындау үшін ЖОО-ры да түрлі инновациялық әдістемелерді пайдалана бастады. «Академиялық мобильділік» бағдарламасы еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындарында жүзеге асуда. Жоғары білім саласына көп сатылы оқу гранттары жүйесін әзірлеу, қос диплом алу, қолданбалы білім берудің өңірлік мамандықтарды ескеретін мамандандырылған оқу орындары жүйесін құру, оқыту әдістемелерін жаңғырту, оқытудың онлайн жүйелерін дамыту сынды жоғарыдағы бағыттың негізгі тетігі ретінде қарастырылуда [1].

Білім беру реформасын жүзеге асырудағы негізгі тұлға педагог болып табылады. Мемлекеттің педагог мамандарға бағдарланған әлеуметтік тапсырысы ең алдымен, жоғары оқу орнын, балабақша, мектеп таңдау жағдайында өз бетімен жауапты шешім қабылдай алатын, ынтымақтастыққа икемді, ел тағдырына жанашырлықпен қарайтын жоғары құзіретті мамандарды қалыптастыруды көздейді. Кәсіби құзіреттілікті қалыптастырудың негізгі бағыттары білім беру мазмұнын жаңартудың және қазақстандық білім беру жүйесін өзгертудің негізгі бөлігі болып табылады. Алайда білім берудің сапасы мен тиімділігін арттыруды жүзеге асыруда қазіргі педагог мамандардың қолынан келер мүмкіндіктерінің арасындағы қарама-қайшылықтың сақталып отырғанын атап айту керек. Осы қайшылықтарды жоюда білім беру саясатындағы басым бағыттардың бірі – білім беру үдерісін құзіретті тәсілге бағдарлай отырып, оны жүзеге асырудың жолдарын қамтамасыз ететін төмендегідей маңызды міндеттерді шешу қажет:

- педагогтарды білім берудің жаңа технологияларын меңгеруден, кәсіби рөлдерді (кеңесші, топтық талдауды ұйымдастырушы, фасилитатор, тьютор) сәйкесінше игеруден тұратын құзіретті тәсілдері аясындағы жұмыстарға даярлау;
- педагогтарды баланың және өзінің денсаулығын сақтау технологиясымен қамтамасыз ету;
- білім беру үдерісін барынша дараландыру жағдайындағы іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру;

Болашақ мамандардың негізгі құзіреттіліктерінің қалыптасу деңгейін бағалау белгіленген міндеттерді іске асыра алуымен тікелей байланысты. Педагогтардың кәсіби



құзіреттілігін қалыптастыру жаңа білім беру стандартының төмендегідей талаптарына сәйкес болуы шарт:

- жаңа білім беру стандартының мазмұны мен әдіснамасын қабылдауға;
- білім беру үдерісін бағдарламалық және әдістемелік тұрғыдан өзгертуге;
- педагог қызметінің мақсаттары мен тәсілдерінің өзгеруіне;
- білім берудің дәстүрлі және тың нәтижелерін бағалауға мүмкіндік беретін бағалау

әрекетінің жаңа тәсілдерін қолдануға даярлануы керек. Мұнда білім беру жүйесін ақпараттандыру мәселесіне көңіл бөлу де болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді. Ақпараттық-коммуникативтік технологияның білім беру үдерісінің ресурсына айналуы болашақ мамандардың өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар жүйесін пайдалануына және түрлі педагогикалық жағдаяттар арқылы ақпараттық-коммуникативтік технологияның (АКТ) мүмкіндіктерін қолдануға бағдарлау қабілетіне тікелей байланысты. Ол АКТ озық қолданыс деңгейінде игеруін және ақпараттық ортада болашақ мамандардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру әдістері мен дидактикалық тәсілдерін меңгеруі маңызды [2].

Кәсіби педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіруде: жоғары және орта кәсіби педагогикалық білім беру жүйесіндегі жаңарту бағыттарының ортасынан ең алдымен, педагогикалық мамандар даярлаудағы ресурстарға қойылатын талаптарды бөліп алуға болады:

- құзіреттілік-бағдарлы білім беруге көшу негізгі кәсіби құзіреттіліктерді қалыптастыру;

- тар мамандандырудан түлектің кәсіби белсенділігінің базасын құратын кең профильді даярлыққа өту;

- кәсіби білім беру мен еңбек нарығы арасындағы байланысты күшейту.

Білім беру жүйесін жаңарту жағдайында кәсіби қызметтің жаңа тәсілдерін, педагогикалық үдеріске қатысушылар арасындағы жаңа қатынас құрылымын игерген маман даярлануы қажет. Кәсіби құзіреттердің білім беруді ақпараттандыруға байланысты талаптарға сәйкестігі – педагогикалық оқу орындарының түлектері соңғы уақыттарда бастапқы қолдану дағдыларын игергенін көрсетіп жүр. Біліктілікті арттыру жүйесі мен түрлі серіктестіктер жобалары жалпы алғанда қызметкерлердің компьютерлік сауаттылығын қамтамасыз ету міндеттерін орындауға көңіл бөлгендігімен, болашақ мамандар ақпараттық ортадағы өзіндік жұмысты ұйымдастыруға жеткілікті дәрежеде дайын болуы керек [3].

Осыған орай, білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында әлеуметтік шындық және оларды көрсететін тенденциялар өз жұмысының аумағында білікті және кәсіби-педагогикалық мәдениетке ие мамандар даярлауда олардың меңгеруге тиісті төмендегідей кәсіби құзіреттіліктеріне тоқталамыз.

Жалпығылымиқұзіреттілік:

- өзінің жалпы мәдени және интеллектуалдық деңгейін жетілдіру және дамыта білуі;
- өзінің кәсіби қызметінде ғылыми бағытынтаңдауы үшін жаңа зерттеу әдістерін

өздігінен меңгере білуі;

- кәсіби қарым-қатынас құралы ретінде шетел тілін еркін қолдана білуі;
- зерттеу іс-әрекетінде жобалау технологияларын тиімді пайдалана алуы;
- өзінің жеке ғылыми-зерттеушілік-әрекеті арқылы танымдық қабілеттері мен

әлеуметтік-мәдениетін жетілдіре білуі;

- белгіленген тақырып аясынада ғылыми зерттеулер жүргізе білуі;
- ғылыми ортада коммуникативті қарым-қатынас орната алуы.

Инструменттік құзіреттілік:

- жаңа білім мен біліктілікті, жаңа білім саласын қоса алғанда өзінің тәжірибелік

қызметінде өз беті мен жинақтап, қолдана білуі;

- ғылыми негізделген зерттеудің әдістері мен технологияларын меңгеру, педагогикалық және психологиялық мәселелерді зерттеуде ақпараттарды жинақтауды, талдау жасауды, өңдеуді білуі;

- кәсіби-педагогикалық мәселелердің дәстүрді шешімдерін таба білуі.

- ұжымда өзкөз қарасын дәлелдеп, жаңашешімдерді ұсына білуі;

Жалпы кәсіби құзіреттілік:

- ЖОО-да педагогикалық үдерісті ұйымдастыруға және жүзеге асыруға қабілетті болуы;
- Кәсіби педагогикалық қызмет жағдайында психологиялық-педагогикалық заңдылықтар мен тұлғалық қарым-қатынас механизмдерін пайдалана білуі;
- кәсіби-педагогикалық қызметті жетілдіруге және дамытуға қабілетті болуы;
- кәсіби-педагогикалық қызметте жаңа ақпараттық құралдар мен технологияларды пайдалана білу қабілетінің болуы;
- кәсіби тұрғыдан өзіндік даму және жетілу қабілеттерін меңгеруі.

Аталған құзіреттіліктерді игеру болашақ мамандардың білім алуына жағдайлар жасауға бағытталған педагогикалық қызметтің көлемін жоғары дәрежеде қарастыруға мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, болашақ мамандардың педагогикалық әрекеті құрылымына сәйкес кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыру төмендегідей бағыттарда қарастырылды:

Ұйымдастыру-басқарушылық:

- болашақ мамандар білім беру ұйымдарымен кәсіби және тұлғалық байланыс орнату;
- олардың білім алуы мен дамуы үшін жағымды ортаны құруға мүмкіндік туғызу;
- педагогикалық үдеріске қатысушылардың арасында диалогты және көңіл-күйге негізделген адамгершілік қарым-қатынасты қалыптастыру;
- білім беру ұйымдарының қызметкерлерінің қарым-қатынасын үйлестіру;
- қоғам мен байланысты қалыптастыру;
- білім беру ұйымдарының әрекетін жоспарлауды жүзеге асыру;
- білім беру ұйымдарының педагогикалық үдерісін бақылауды және өзін-өзі әрекетін үйлестіре білуді жүзеге асыру;
- білім беру ұйымдарындағы әкімшілік мәдени басқарудың жүзеге асырылу бағыттарына бақылау жасай білу;
- білім беру ұйымдарының қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін көтеруді жүзеге асыру;
- маркетингті қызметтің әрекетін ұйымдастыру;
- аналитикалық және жарнамалық әрекетті жүзеге асыру (қоғам мен бала қажеттілігі негізінде тестілеу, сауалнама жүргізу; ғылыми-әдістемелік көрмелер, жәрмеңкелер және сайттар құру т.б.).

Білім берушілік:

- қоғамдық қатынастардағы жас ұрпақтың маңыздылығын түсіну;
- жоғары мектепте студенттердің білім алуына бағытталған оқыту үдерісі инновациялық тұрғыда жүзеге асыру;
- технология мен тәрбиелеудің сан түрлі нұсқаларын пайдалану;
- болашақ мамандарды кәсіби құзіреттілігіне бағытталған диагностикалық әдістерді меңгеру және оларды тәжірибеде қолдана білу;
- білім беру мазмұнын таңдау, яғни білім беру саласындағы нормативтік құжаттар мазмұнына сүйену (мемлекеттік білім беру стандарты, типтік бағдарламалар, оқу жоспарлары мен оқу әдістемелік кешендері т.б.);
- оқытудың инновациялық технологияларын қолдану және оның тиімділігі нанымға;
- білім беру ұйымдарының қызметкерлері мен оқушылардың, студенттердің ортақ тұлғалық мәдениетінің қалыптасуына ықпал ету;
- психологиялық-педагогикалық әрекеттің түрлі формаларын ұйымдастыру;
- рефлексия және өзіндік рефлексия қабілеттерінің әрекетіне ие болу;

Ғылыми-зерттеушілік:

- өзінің әрекет саласындағы кәсіптік жетілуіне бағдарлама жасай алу және инновациялық бағыттарға сәйкес зерттеулер жүргізу;
- әдістемелік бірлестіктер мен шығармашылық топтардың жұмыстарын ұйымдастыру;

- педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік педагог мамандықтарына арналған оқу іс әрекетіне арнайы бағдарланған зерттеулер жүргізу;

- ғылыми жобалар қорғау, ғылыми-әдістемелік бағыттағы мақалалар, еңбектер дайындау [4]. Біз жоғары мектепте болашақ мамандардың кәсіби құзіреттіліктерін қалыптасыруды білім беру ұйымдарында педагогикалық үдерісті құру барысында пайда болатын, әр бір нақты жағдайларда дұрыс шешімге келуіне мүмкіндік беретін, оның білімі мен кәсіби шеберлігінің деңгейі ретінде анықтаймыз. Жоғарыда айтылған кәсіби құзіреттіліктер болашақ мамандардың өзінің педагогикалық қызметі мен мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін кәсіптік бағдарын көрсетеді. Жоғары білім беру жүйесін қамтамасыз ету барысында келтірілген барлық ұстанымдар басым болып табылады. Бұл ретте, біздің ойымызша, білім беру ұйымдарында жас ұрпақтың жемісті дамуын ұйымдастыратын білікті педагогтің қатысуынсыз әр бір шартты жүзеге асыру мүмкін емес.

Кәсіби құзіреттіліктерді меңгеруде болашақ мамандардың теориялық білімін тереңдету мен қоса шеберліктің жиынтығын, яғни, кәсіби қызметті орындау әдістеріне үйрену аса маңызды болмақ. Болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыруда төмендегі мәселелерге: кәсіби құзіреттілікті қалыптастырудың тиімді жолдарын айқындай алуға, іс-әрекетті ұйымдастыруға қызығушылықтарының басым болуына; қажеттіліктері, белсенділіктері, ізденістері мен білім берудің әдістемесін толық меңгеруі; білім, білік, дағдылардың әрежесіне сәйкес болуын қадағалай білуі; мектепте берілетін білім мазмұнын жаңарту мәселесіне қатысты теориялық, әдістемелік дайындығының жеткілікті деңгейде болуы; мақсатқа жетуге байланысты тиімді жолдарды тандай алуы; ұсынылған жаңа білім мазмұнын игеруі және оны эмоционалдық көңіл күймен қабылдауы; оқушылар мен жүргізілетін оқу-тәрбие үдерісінің міндеттерін жүзеге асыраалуы, талдау жасауы, түзету жұмыстарын жүргізе білуге ықпал ете алуы; шығармашылықпен болжам жасай білуі мен нәтижеге жетуге ұмтылысының болуына баса назар аударуы қажет.

Кәсіби білімнің қазіргі жүйесі болашақ мамандар өзінің педагогикалық қызметін түсіну мен ғана емес, сонымен бірге басқа да әріптестерімен, басшылармен «байланыстыратын» өзіндік қасиеттерді бағалаумен де байланысты біліктілігінің рефлексивті құрамдас бөлігін иеленуді талап етеді. Аталған құрамдас бөлікті жүзеге асыру тиімділігі педагогтің сыни ойлау, талпыныс пен талдау жасау, өзінің ұстанымын дәлелдей алуы, ақпаратты сәйкесінше қабылдауы сияқты қасиеттерге ие болуымен байланысты.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Тұрғынбаева Б.А. «Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе». – Алматы, 2005.
2. Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация: пер. с англ. – М.: «КогитоЦентр», 2002. – 396 с.
3. Елканов С.Б. Основы профессионального самовоспитания будущего учителя. – М., 2006.
4. Григорович Л.А. Введение в профессию «психолог»: уч. пос. – М.: Гардарики, 2006. – 192 с.

**А. Секенұлы, Мазбаев О.Б., Асқарова Г.**  
**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТУРИЗМ САЛАСЫНЫҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ**  
 Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ  
 Туризм және спорт академиясы  
[ordenbek@mail.ru](mailto:ordenbek@mail.ru)

Қоғам дамуы барысында адамдардың сана сезімін оятуда елімізде бастау алған туризм саласына қатысты сан түрлі концепциялар мен бағдарламалар неге жемісін бермеді деген ой толғандырады. Біздің ойымызша ел туризмінің әлсіз тұстары мен кемшіліктеріндегі жіберілген қателерді мойындай отырып оны жолға қою мақсатында осы мақала арқылы талдап көрсек. Егемендік жылдарының бастапқы кезеңінде туризм министрлігі (министр Қаратай Тұрысов) жұмысының бастапқы қадамы оң болды. Мақала авторы (Мазбаев О.Б.) 9 ай осы құрылымда жұмыс істей отырып алғашқы туризм зерттеу орталығының құрылғанының оның нәтижелі жұмыстарына атсалысқанына куә. Окінішке орай ол министрлік жойылып туризм саласы 8-7-8 министрлігіне қолдан қолға өтіп қазір мәдениет және спорт министрлігінде жеке туризм комитеті болып қалыптасып отыр. Жақын арада Туристік ұлттық компанияның құрылғаны жақсылықтың нышаны сияқты. Қазіргі таңда осы құрылымдардың жанында ғылыми зерттеу институтының жоқтығы анық. Туризм шаруашылық саласы ретінде ғылыми тұрғыда қарастырыла, алға жылжу қажет. Туризм дамуының, оны іске асыру механизмін жасамай біз қағаз жүзінде туризмді жақын 5-10 жылда ретке келтіре алмаспыз анық. Қазақстандық туризмнің 25 жылдық жұмысын саралау барысында біз географиялық тұрғыда дәлелді мысалдар арқылы осы проблеманың шешу жолдарын қарастырамыз. Туризммен қазір кімдер айналыспайды, маман кадр мәселелері неге шешілмеуде? Осы мәселелер шешілмей аяққа тұсау дүниелер ретке келе алмасы анық. Барлық баспасөз құралдары мен ғылыми зерттеулерде туризмнің табиғи ресурстық әлеуеті айтылып келеді. Жауыр болған инфрақұрылым мен сервистік қызмет тағы да бар. Сондықтанда оқырман қауым төмендегі жайттарға назар аударыңыздар.

Туризм ресурстарды пайдалану жолдары ысырапсыз, жұмыспен қамту орайы өте жоғары, әмбебап өнімділігі жақсы стратегиялық кәсіп. Егемендік алғаннан бері, әсіресе кейінгі жылдары Қазақстанның туризмі дамудың бастапқы қадамына аяқ басты. Бүгінгі таңда Қазақстанда жаппай өнеркәсіптендіру-индустрияландыру, қалаландыру үрдісі жүргізілуде. Көп салалық тұтынудың қажеттілігі туризмнің дамуына жаңа мүмкіншілік ала келді. Тұрақты даму экономикалық дағдарыс кезінде тек туризм арқылы оңтайландыруға болады. Туризмнің тұрақты дамуы, ішкі сұранысты арттыру, экономикалық құрылымға реттеу теңеу жүргізуге оң әсерін тигізу үшін төмендегі өзекті мәселелерді ойластыру қажет.

**Туризмді ретке келтірудегі басты талап.** Мемлекет тарапынан туризмді жолға қоюды біртұтас ойластырумен, өзара сәйкестілікті күшейтіп, дамудың жобасына, құрылымына, орындалу сапасына өзгерістер жасап, туризмді экономика саласындағы стратегиялық тіректі кәсіп ретінде қалыптастыру қажет. Қазақстан өкіметі ішкі туризмді дамыту туралы қаулы қабылдай отырып оның орындалуын қатаң қадағалау қажет. Көрші елдермен халықаралық байланыс саласындағы бірлескен жұмыстарды нақтылап, әсіресе кеден, шекара асу мәселелері туралы ортақ шешім керек [1].

**Туризм іс-әрекетін ретке келтірудегі негізгі қағидалар.** Шаруашылық құрылымы және түзілістердегі кедергілерді анықтап, нарықтың, ресурстардың негізгі рөлінен толықтай пайдаланып, даму қарқынын, құрылымын, сапасын және өнімділігін өзара ұштастырып, адамдарды негіз етіп, ішкі туризмді қарқынды дамыта отырып, шекараға қатысты туристік формальділікті шешу қажет. Шекарадан кіретін шетелдік туристерді еркін өтуге ұмтылып, шекарадан өтіп, ел аумағында саяхаттауды тәртіпке түсіріп, әр аумақ (обылыс) туризмінің ерекшеліктеріне ресурстық мүмкіндігіне қарай дамытып, сол жерлердің тұрақты даму мәселелерін шешуге бағыттауымыз керек. Ал қазіргі жасалынып жатқан облыстық туризмді дамыту бағдарламалары негізінен негізсіз еш зерттеусіз қағаз жүзінде қалатын кезекті бір іс шара.

**Қазақстанда туризмді дамытудың негізгі мақсаттары.** Қазақстандағы қазіргі кезге дейінгі қабылданған бағдарламалар мен нормативтік құжаттардың орындалу механизмі нақтылы емес. Сол үшін 2020-жылға дейін туризм саласының табыс көзі жалпы ішкі өндірістегі (GDP) көрсеткішін 5% жеткізіп, қызмет өтеу саласы бойынша ұстайтын үлесін 15% жеткізу, әр жыл бойы туризм сферасында тікелей қызмет ететін адамдар санын ең кем дегенде 30 мың адамға жеткізу. Ал 2020-жыл соңында Орталық Азиядағы және жалпы ТМД елдеріндегі туризм кәсібі біршама дамыған елдер қатарына кіруге ұмтылыс жасау керек.

**Туризм саласын дамытудағы басты міндеттер.** Республикада қалыптасқан туристік нарықты кеңейтіп, туристік фирма монополиясын жойып, ресми құжаттарды қарапайымдастырып, жеңілдіктер жасап, қоғамдағы барлық капиталды туризмге бағыттауға қатыстыруға ынталандырып, шағын-орта туристік бизнесті қолдап мемлекет және жекеменшік туристік бизнеске мүмкіншіліктер жасап, шетелдік танымал туристік фирмалардың Қазақстан нарығына кіруіне сынақ ретінде рұқсат беріп, эксперименттік түйіндер арқылы олардың Қазақстаннан шетелге туристерді шығару кәсібімен айналасуына рұқсат берілуі қажет[12].

**Туристік тұтыну ортасының жағдайы.** Қазіргі кезде туристерге жол жүру, билеттерді сатып алу, туристік аумақтардағы кедергілерді ретке келтіру орынды емес. Туристік маршруттарға көлік қатынастарындағы билет сату, сатып алуды ретке келтіріп, тиімділік баға ұсыну, сырт жерлерден желі арқылы билет сатып алуға мүмкіндіктер жасау; оқушыларға, студенттерге, қарттарға, мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік тұрғыдан көбірек тиімділіктер жасау; қаладағы әлеуметтік автокөліктер торабын қала маңындағы туристік базаларға, ауылдарға дейін созу; жол бойындағы автотұрақтар, демалыс орындарын туристерге арналған мүмкіндіктермен қамтамасыздандыру, белгілі стандарт бойынша өлшемге жеткізіп туристерге ақысыз пайдалануға, туристік маусым кезінде мұражайлардың, банкілердің, пошта емханалардың жұмыс мерзімін оңтайландыру қажет.

Туристік инфрақұрылым мәселелерін шешуде мемлекеттік тұрғыда жол тораптарын, сумен, энергиямен т.б. қамтамасыз етілуін тездетіп, қауіпсіздік құрылғыларды, экологиялық қорғау араларын күшейту керек. Қазақстан аймақтарындағы экспедиция барысында анықтағанмыз - туристік жол (бағдар) көрсеткіштерінің жоқтығы байқалады, ақпараттық сілтемелер кездеспейді. Ал шетелдерде бұл мәселелер, әсіресе қалалар мен қала маңында, үлкен жолдарда ретке келтірілген. Туристік өнімдердің көп салалы бағытта дамуын қолдап, ауыл туризмін қолға алып, көне тарихи ұлттық этно-ауылдарды және мәдени табиғи мұрағатты ұтымды пайдаланып, бірегей маршруттарды ландшафттарды жасау, қала маңына демалу, көңіл көтеретін ойынсауық орындарын, тақырыптық бақшаларды шоғырландырып, қала халқын тұтынуға ынталандыру қажет. Туризм мен мәдениетті, спортты, ауыл шаруашылығын, өнеркәсіпті, орман шаруашылығын, балық шаруашылығын, геология, климат, экология, сауда т.б. кәсіптерді бірлестіріп дамытуға күш салу; мүмкіншілігі бар өңірлер этнографиялық экологиялық бизнестік туризм, спорттық туризм, өнеркәсіп туризмін, медициналық-емдік сауықтыру, археологиялық қала туризмін алдын-ала дамыту, туристік тұтыну бұйымдарын өндіретін кәсіпорындарды қолдау, туристік кәдесыйларды тұтынылу салыстырмасын арттыру, халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелерді, спорт жарыстарын жоспарлы өткізіп туристік жаңа тұтынылымды қалыптастыру.

**Қазақстанның туристік қызмет ету стандарттарын жасап сапасын жақсарту.** Өңірлік туризмді тұрақты дамытуға бағыттап, салааралық сәйкестіктер негізінде аудандардың табиғи және қоғамдық ресурстарын ұтымды пайдаланып, өзіндік ерекшелігі бар кәсіпті қалыптастыру. Жібек жолы туризмін қарқынды дамыту барысында көрші елдерді жібек жолымен жалғастыру, бірлескен турлар өткізу. Қазақстан геосаяси тұрғыда екі алпауыт мемлекетке шекаралас жатуы туризм дамуына тек оң нәтиже алып келмек. Бірақ та орындалу механизмі әлі де жасалынған жоқ.

**Туризм саласын дамытудағы кепілдік шаралар.** Туристік нормативтік заң актілерін реттеуде жобалардың іске асуын орындау механизмін күшейту. Мемлекеттік туризмді дамыту жобасын (концепция) жетілдіру жолдарын қарастырып, туристік инфрақұрылымдардың басты нысандарын мемлекеттің, өңірлердің халық

шаруашылығымен аймақтық даму жоспарына кіргізу. Қалалардың жобасын, жер ресурстарын пайдалану, ауылдардың жобасын жасауда туризмнің дамуына мүмкіндіктер жасау, Қазақстандық туризм күнін белгілеу керек. Қазақстанда туризмнің менеджменті мен маркетингісіне жаңа көзқарасты қалыптастыруымыз керек. Құзырлық органдар бірлесіп заң атқару іс-әрекетін ретке келтіре отырып, сенімділік, тазалық, баға, сапа және туристік бизнеске қажетті бақылауды күшейтіп, туристерге бағытталған жалған жарнама, алдаушылық әрекеттердің алдын-алу және қатаң біржақтылы ету, туристік фирмалардың, сауда орындарының сенімділік дәрежесіне белгі беру. Туристік ғылыми зерттеу орталығына мемлекеттік қолдау жасай отырып Туристік ассоциацияларға, туризм департаменттеріне белгілі құқық беру жағын қарастыруымыз қажет.

### **Білім беру жүйесін қалыптастыру туризм қызметкерлерінің кәсіптік білімін көтеру және қайта даярлау.**

Қазақстан білім жүйесінде туристік мамандарды даярлаудың «мектеп-колледж-вуз» арқылы даярлық өз деңгейінде еместігі. Туризмнің әртүрлі жаңа бағыттары енгізіле отырып оның беретін нәтижелері мардымсыз. Себебі мамандар практикаға бағытталған, нарық талабына сай болуы шарт. Қазақстан жағдайында екі мамандық негізінде: Туризм және қонақжайлық ресторан мекені қанақүй бизнесімен қоса. Туризм – туризмді аумақтық ұйымдастыру, менеджмент маркетингімен қоса.

Басты кедергілердің біріне жататыны туризм саласының ғылыми бағытта қолдау таппауында.

Сол мақсатта Қазақстандық Ғылыми зерттеу орталығы құрылып, мамандарды арнайы туристік сала университетерінде оқытуды қолға алу. Алғашқы туристік мамандар 1992 жылы Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университетінде бастау алған болатын. Алғашқы бағдарламада ағылшын тілі басты пән ретінде 5 жыл оқытылып мемлекеттік емтихан тапсыру жақсы нәтижелерге қол жеткізкен еді. Қазіргі таңда елімізде 61 жоғары оқу орындары туристік мамандар даярлауда. Олардың оқытушы құрамы мен материалдық базалары сәйкес келеме жоқ па ол әлі қарастырылатын мәселе. Оқыту бағдарламалары сынға ұшырайтын жағдайда. Негізгі кәсіби пәндер оқылмайақ мамандар шығарылуда. Орта білім беру саласына толықтай реформа қажет. Олай деуге себеп колледж бітірушілер жұмысқа орналасуында жұмыс берушілер мен қаржы мекемелерінен мамандықтың сәйкескелмеуіне орай жұмысқа қабылдамауы.

Біздің ұсынысымыз: туристік мамандықтар бойынша жаңа классификатор қабылдау, мамандық бойынша бітірушілер нарық талабына сай практикаға бейімделген кадрлар қажет.

Классификатор бойынша география факультеттері аумақтық туризм ұйымдастырушыларды, туризм менеджменті мен маркетинг саласы бойынша. Экономикалық факультеттерде: «Ресторан ісі мен қонақүй бизнесіне» қатысты мамандар. Ал Педагогикалық университеттерде «Қосымша білім беру бағытында», «Балалар мен жасөспірімдер туризмі» мамандықтары бойынша дайындықты жолға қою қажет.

Әлемдік тәжірибеде, туризм саласындағы кадрларды даярлау тығыз практикалық-бағдарланған туристік саланың, жұмыспен қамту мәртебесі мен білімге байланысты. Қазақстанда, даярлау және қайта даярлау процесінде проблемалар сәл өзгеше болып табылады, сондықтан орталық және жергілікті билік тарапынан заңнамалық, әкімшілік және қаржылық қолдау мардымсыз. Туризм мамандарын жеке оқу орындарының қызығушы. Сондықтан да оған белсенді түрде мемлекеттік бақылау қажет. Туризмді оқытуды қамтамасыз ететін мекемелерді дұрыс басқару жүзеге асырылмайды. Қазақстандық ЖОО-дар ұсынған ресми оқу жоспары (4 жылдық бакалавриат бағдарламасы + 2 жылдық магистратура) оқытуға арналған шара ретінде көрінуі мүмкін. Көптеген университеттерде Қазақстан туристік мамандықтар бойынша мамандар бар, бірақ университет оқытушыларының аз ғана үлесі спорт және туризм атауына қатысты, туризм саласындағы мамандандыру бар адамдар. Туризмді үйрететін мұғалімдердің көбісі география, тарих, экономика және педагогика мамандықтары бойынша мамандандырылған. Кадрларды қайта даярлауға арналған туристік жүйе мамандандыруды қамтамасыз етпейді.

Қазақстанда туризмді ғылыми тұрғыда реттеу мақсатында Астана қаласында Қазақстандық туризм зерттеу институтын құра отырып, Астаналық жоғарғы оқу орындарының маман кадрларының ғылыми ізденістер негізінде жұмыстар жүргізуге болады. Оларды мақсатты түрде туризмді жобалау басқару, жәрмеңкелерді ұйымдастыру, қонақ үйлерді басқару қатарлы қолданылмалы Қазақстанда тапшы кәсіп бағыты бойынша тәрбиелеу. Туризм институты факультеттерін база ете отырып, гидтерді оқыту-тәрбиелеу, туристік фирмалардың басшыларын дайындау сияқты қысқа мерзімді тәрбиелеу білімін жаңалау, лицензиялауды, сертификаттауды жолға қою қажет.

**Бүкіл қазақстандық туризм жүйесінің жобасын дайындау.** Туризмнің қауіпсіздік кепілдік жүйесінің құрылысын күшейту барысында туристік қатынас, ас-су қауіпсіздігін түйін ете отырып, қауіпсіздік өлшемдерінің қатаң орындалуын бақылау, жауапкершілікті арттыру, оны жолға қою басты мақсат. Үкіметтің туризмге бөлген бюджеттік үлесін арттыру, оны арнаулы түрде инфрақұрлымдарға, үгіт-насихатқа маман тәрбиелеуге әлеуметтік қызмет өтеу бағыттары бойынша пайдалану. Қаржылық қолдау көрсету банктер түйінді жұмыспен қамту орайы мол өңірлік даму мүмкіншілігі бар нысандарға белгілі жеңілдіктермен несие берілуі керек.

**Жергілікті қосымша саясаттық шараларға жататындар.** Қонақ үй, туристік базалар, туристік фирмаларға қатысты су тағы басқа да энергия тұтытуда әдеттегі заңдық тұлғалармен тең құқыққа ие болу жағын реттестіруді жолға қою керек. Жергілікті әкімшілік тарапынан жеңілдіктер жасалуы туризмнің қарқынды дамуына сөзсіз ықпалын тигізеді анық.

Туризм кәсібі Қазақстан экономикасы жөнінен алғанда, жаңа бір өркендеу түйіні. Туризмді бар күшпен дамыту мемлекеттік кәсіп құрылымын реттеу, теңсеу, азаматтарды жұмыспен қамту, өңірлердің тұрақты дамуна оң әсерін тигізеді. Сондықтан, туризмді дамытудағы мақсатты айқындап, іс-шараларды жақсы жобалап, заңдық кепілдіктерді ретке келтіру Қазақстан туризмінің тұрақты дамуының кепілі.

Мақала туризмді дамытудың іс-шаралары, туристік нарық даму қағидалары, стандарттар және заң шаралар жағынан Қазақстанда туризмді дамытуда шешуге тиісті өзекті мәселелерді жүйелі қарастырып, үкіметтің саясаттық белгілемелер шығаруына негіз қалау.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

- 1 Закон Республики Казахстан. О туристской деятельности в Республике Казахстан: принят 13 июня 2001, №211.
2. Қазақстан Республикасының Туристік саласын дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасыны <https://primeminister.kz/kz/gosprogrammy/gosudarstvennaya-programma-razvitiya->

*Г.К.Абдуллина, Д.Тыныбекова*

ЕРЕКШЕ ҚАЗЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДІҢ  
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті*  
*abdullina1956@list.ru, danabest1999@yandex.kz*

Елімізде білім беру жүйелерінің мақсат, міндеттерін айқындайтын жаңа мазмұнды заңдар мен тұжырымдамалар қабылданып, халықтың рухани дамуына, діні мен мәдениетінің өркендеуіне қолайлы жағдайлар туғызылып жатқан кезде *ерекше қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендіру мәселесі* көкейтесті мәселелердің бірі болып саналады. Өйткені білім беру мен тәрбие мақсатын көздеген мемлекеттік құжаттар мазмұнында жеке тұлғаны әлеуметтендіруге ерекше мән берілген[1]. Әлеуметтендіру – бұл жеке тұлғаның әлеуметтік тәжірибені меңгеруі және келешекте оны белсенді түрде қайта жаңғырту процесі мен нәтижесі болып табылады.

Ерекше қажеттіліктері бар балаларға білім берумен қатар түпкілікті мақсат – әлеуметтендіру және өзін-өзі іске асыруы, тез өзгеретін әлемде өмір сүруге үйрету, өмір бойы оқу. Әлеуметтену – баланың тұлғалық дамуындағы табиғи үдеріс, ал қолдау – психологиялық жағдайларды қолдан ұйымдастыру жүйесі. Әлеуметтенудің басты негіздері (тенесу, интериоризация, еліктеу, аккомодация, фасилитация, көз жеткізу, конформизм) соңғы дамудың табиғи заңдылықтарына негізделген, ұстаздан қолдау алатын баламен өзара әрекетінің негізгі тетіктері ретінде қарастыруға болады.

Ерекше қажеттіліктері бар балалардың психикалық дамуы мен әлеуметтік жетілуі жайлы: Р.Г.Гурова, Е.И.Макарова, П.Наторп, В.Г.Бочарова, Г.Н.Филонова, М.В.Фирсова, А.В.Мудрик, Ю.В.Василькова мен Т.А.Василькова, Л.С.Выготский, А.Р.Лурия және т.б. ғалымдардың еңбектері бар. Қазіргі кезде арнайы психологияда және педагогикалық коррекцияда дамудағы ауытқушылықтың әртүрлі классификациясын В.В.Лебединский, В.А.Лапшин және Б.П.Пузанов; О.Н.Усанова сынды зерттеушілер ұсынған.

Ал ерекше қажеттіліктері бар балалардың проблемаларын макро-әлеуметтанулық көзқараспен зерттеген В.О. Скворцова, В. Бронфенбреннердің ұсынған әлеуметтік-экологиялық теориясымен ерекшеленеді. «Ерекше қажеттілік» мәселелері «түсіну» түсінігі аясында қарастырылады: макрожүйе, экзосистема, мезосистема, микросистема (тиісінше, қоғамдағы басым саяси, экономикалық және құқықтық позициялар; мемлекеттік институттар, билік органдары; өмірдің әр түрлі салалары арасындағы қарым-қатынас; жеке адамның тікелей қоршаған ортасы) деп қарастырған [2]. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік оңалту мақсаты - адамның әлеуметтік мәртебесін қалпына келтіру, қоғамдағы әлеуметтік бейімделуді қамтамасыз ету, материалдық тәуелсіздікке қол жеткізу деп айтуға болады.

When organizing and conducting practical lessons in the discipline "Teacher's Professional Landmarks" for bachelors of the pedagogical specialty "Biology" I use the studied methods of the LTHE program "Improving the quality of learning and teaching in higher education".

These are the following strategies: the dialog training, critical thinking, and independent work of bachelors on protection and presentation, reflection, study of one's own practices, setting SMART goals, criteria-based assessment, ICT and other technologies. Scenarios of the lessons have been prepared as a PPT - presentations, converted into EXE file in Flash format, with the tests prepared with the help of I Spring Quiz Maker, videos downloaded from YouTube channel, and other technologies.

**It should be noted that in the current period of the global coronavirus pandemic (COVID - 19),** the relevance and necessity of using interactive methods and technologies in achieving the expected results of distance learning and teaching has increased.

While observing motivated and active bachelors and their effective feedback from the audience I came to the conclusion that interactive teaching tools need to be adapted and used in the teaching process to facilitate the process of learning and involve the students into the process of self-education and development.

According to the feedback received from the students of particular interest for them was the experience of non-standard interactions in the format of dialogue "teacher - student", "student - student", "group - a group of", their active joint and independent participation in the performance of various tasks on "overcoming the barriers", "development of evaluation criteria" "planning research in action", "teaching critical thinking", "development of reflective culture." I think that the positive feedback received from the bachelors was based on the fact that they felt themselves as equal participants in the learning process, and each of them had a chance to be a researcher, expert and author of his/her ideas, beliefs and knowledge.

**In order to improve the organization of work with the use of new approaches in teaching in the future,** I think it is very important to think thoroughly through the wording of tasks, not to repeat the form and the premise of the tasks, and correctly define the timing needed to fulfill each task; use the possibilities ICT-technologies offer for the presentation of the new material, use the hyperlinks for an interactive dialogue on the proposed topic of communication, combined with practical exercises focused on critical thinking. Also, the students themselves need to participate in developing tasks, raising questions and searching for answers. A variety of techniques have to be used for develop offing the culture of dialogue, critical thinking, self - reflection, self-education and development.

#### **Bibliographic list**

1. N. Nazarbayev "Social modernization of Kazakhstan: Twenty steps towards a society of universal labor", Kazinform, July 10, 2012.
2. State program for the development of education in the Republic of Kazakhstan for 2020-2025. Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 27, 2019 No. 988.
3. The program of advanced training for teachers of pedagogical specialties of universities. The Republican Institute for Advanced Studies of the Education System of the Republic of Kazakhstan "Orleu"
4. Learning and Teaching in Higher Education. Portfolio Task Booklet. Newcastle University. UK.
5. System-methodical complex. Prepared as part of the renewal of secondary education in Kazakhstan. <http://smk.edu.kz/Account/Login?ReturnUrl=%2fBank> .
6. Platform "OnlineMektep.org". <https://onlinemektep.org> .
7. Official website of the publishing house "Almatykitap baspasy".  
Electronic versions of textbooks. <https://almatykitap.kz/catalog/elektronnye--uchebniki-135/?class=392&predmet=&langs=> .



**Искакова С.Д., Каирова Ш.Г.**

TEACHING GEOGRAPHY THROUGH VR (VIRTUAL REALITY)

*PhD, ассоц. проф., Павлодарский государственный университет*

*имени С. Торайгырова, г. Павлодар*

### **Abstract**

Increasing numbers of children and young people are experiencing immersive virtual reality as part of leisure and schooling. Immersive virtual reality mediated through head-mounted displays presents significant challenges as well as tantalising opportunities for learning within schools.

The purpose of this paper is to present the necessity and possibility of virtual reality (VR) in secondary education of Kazakhstan from teachers' perspectives through development and application of professional development program. Recently, the emergence of information technologies, such as virtual cities, digital globes, and virtual explorations open a new horizon for teaching and learning geography. This is, VR offers realistic 3D learning environments and provides immersive, engaging, and interactive experiences and virtual tours.

*Keywords: Virtual reality; educational technology; VR in Geography; digital education; geography education; Google Cardboard; innovations in teaching; virtual education.*

### **Introduction**

Virtual reality took its beginning in the entertainment area, but over time it got the practical use too. And education did not stand aloof. The main goal of Virtual Reality in education is to make studying process exciting and more effective. VR simulations provide a deep understanding of the material by a learner with its further application in real life.

The strongest proof that virtual reality can make good for the education system is, in a way, the human brain. The fact is that the brain tends to remember 10% of what it reads, 20% of what it hears, and 90% of what it does or simulates. So let's see what VR technology can actually bring to the table in terms of education in 2018 and beyond [Fisher, P., ..Virtual Reality in Geography, p.12].

Education is the base for a thriving society, and the transfer of knowledge has been a top priority for civilizations since the very beginning. People are constantly looking for ways to make knowledge transfer more easily, more quickly, and more effectively.

In the era of digital devices, we have an opportunity to enable better learning with technology. Virtual Reality (VR) seems to be the natural next step for the evolution of education. In this article, I'll show how virtual reality can transform the way educational content is delivered.

### **Research**

Many studies have shown that the use of field trips is largely beneficial to students learning environmental education. However, field trips are currently underused by teaching staff. Field trips allow for an understanding that is far more in depth than a lecture could provide. A deeper understanding can be attained if there is a more personal, emotional connection to the topic. A field trip puts a student in an environment where they will invariably connect with their surroundings, just by being there. Virtual reality has already been adapted for several different uses in education. For example, virtual reality has been applied to certain cases of anatomy and marketing and has been shown to increase retention of information.

The generation typology is well covered in various sources. Five general trends can be identified, broadly referring to: (1) The traditionalists, born between 1928 and 1944, who values authority and a top-down management approach; (2) The baby boomer generation, born between 1945 and 1965 who tend to be workaholics; (3) Generation X, born between 1965 and 1979, a generation who is comfortable with authority and view the work-life balance as important, (4) Generation Y, been born between 1980 and 1995 and who generally grew up in prosperity and have technology savvy and (5) Generation Z, born after 1995, who is still to come into the workforce, but tend to be digital natives, fast decision makers, and highly connected (Consultancy.uk, 2015; Dauksevicuite, 2016) (refer to Figure 1). Based on the recent statistics of

Pokemon Go players, the digital preferences of Generation Z is substantiated, with the greatest number of players (46%) aged between 19 and 29 years (in comparison to 22% aged between 13 and 17 years, 25% between 30 and 50 and 6% above 50 years) (Forbes, 2016).



**Figure 1.** *Generation typology*

Source: Consultancy.uk (2015)

The typical Generation Z person, or digital natives as often referred to (Dauksevicuite, 2016; Rothman, 2016) was the first generation born into a globally (internet) connected world and therefore “live and breathe” technology. This is also true for the higher education environment where Generation Z students rely on PC-recordings instead of taking notes, are more tend to raise questions online, see a lecture as “come and entertain me” and does not like waiting for a response but demand instant information and communication ( Dauksevicuite, 2016; Rothman, 2016) [Bower, M., & Sturman p.32].

Some research illustrated that the brains of Generation Z are structurally different than those of earlier generations, not as a result of genetics, but as a result of the external environment and how our brains respond to such (Rothman, 2016). “The brains of Generation Zs have become wired to sophisticated, complex visual imagery, and as a result, the part of the brain responsible for visual ability is far more developed, making visual forms of learning more effective” (Rothman, 2016). Auditory learning, such as lectures and discussions, is very strongly disliked by this group, whereas interactive games, collaborative projects, advance organizers, and challenges, are appreciated (Rothman, 2016). [Fisher, P., ..Virtual Reality in Geography p.19].

«Virtual reality means creating immersive, computer-generated environments that are so convincing users will react the same way they would in real life» (Emspak, 2016). By creating visual and auditory stimulations, users are placed in a virtual environment that relates the real world to an imaginary one. Real-life movements are tracked and replicated within the virtual reality program to produce a convincing, realistic perception of a generated world.

There are several different virtual reality products currently in the market. The most basic of these is the Google Cardboard (Figure 1), a cardboard headset mount for a smartphone. The Google Cardboard is an inexpensive option for consumers (\$15, plus the cost of a smartphone), both easy to set up and to use, to try virtual reality without having to invest in expensive hardware. The disadvantage to Google Cardboard is that the specifications are limited to the user’s smartphone (Get Cardboard, 2016). In contrast, the Oculus Rift (Figure 2) is computer based peripheral. It has access to a computer’s much larger CPU to process simulation data. This increase in power, however, requires the user to be tethered to a computer (Oculus Rift, 2016). The HTC Vive (Figure 2) is a similar headset that also supports room scale VR. If small sensor towers are mounted in the corners of the room, the Vive is able to detect the location of the user in the room and add that information into the simulation. This feature allows the user to walk around a virtual space instead of merely looking around it. The biggest disadvantage to the Vive is that it requires the entire room to be dedicated to virtual reality and an extensive setup of both the sensor towers and the processing computer [Arnold, P. L. (2015). Rural high school faculty perspectives on bring your own device implementation: A phenomenological study (Doctoral dissertation, Liberty University).p 32].

*Figure 1: Oculus Rift headset: US\$599 (Oculus Rift, 2016)*



*Figure 2: HTC Vive headset (center), Tower Sensors (upper left and right), Hand Controllers (lower left and right), US\$799 (VIVE™, 2016)*



### **Methodology**

The goal of our project was to determine the desirability and feasibility of using virtual reality (VR) in geographical education by designing and testing a pilot program for secondary school students in Kazakhstan. In order to accomplish our project goal, we identified three objectives: 1. Identify suitable content for a VR pilot program for the Kazakhstan secondary level geography curriculum. 2. Design and develop a virtual reality lesson for secondary school students based on the design criteria. 3. Test and evaluate the pilot VR lesson in a classroom setting with secondary school students. In order to accomplish these objectives, we began by gathering more in-depth information about the secondary level geography curriculum in Kazakhstan, as well as formulating a plan to design our pilot program. Our project still in working process, that why we don't have outcomes yet.

We recommend to analyze students' engagement in the VR lessons to a much more quantitative level. This can be done by observing students' behavior during a lesson, such as number of times looking at the clock, number of times using their electronic devices, etc. Those numbers can be tallied and compared to multiple different classes. This type of analysis would

provide a stronger argument that VR is helpful in achieving a deeper level of emotional involvement.

I would like to give some example which been created by scientist from Hong Kong. Following result from their research «In this project, we want create two versions of the same lesson: one using VR technology and one traditional lesson. Our sponsors then administered these lessons to two groups of students. A similar pretest and posttest were administered, allowing us to gauge the students' learning of the subject material. Additionally, we asked the students to fill out a survey regarding their opinions on the lessons that they received (both VR and traditional). Due to the differences between the two lessons, we were unable to formulate any conclusions of effectiveness by comparing the exams from both lessons. However, our findings do suggest that VR is a feasible tool for use in education. 5.1 Recommendations In this section we will discuss recommendations relating to the collection of content and development of additional lessons. We also recommend strategies for additional pilot testing of VR in geographical education». [Depak S.N., Journal of Geography in Higher Education p.18]

### **Conclusions and Recommendations**

Conclusion Due to its unique features virtual reality differs from other information and communication technologies. The level of interactivity which virtual reality can provide is way beyond traditional multimedia programs and VR can change the way of interaction between students and teaching materials. Virtual environments and 3D objects can explain certain educational contents that text cannot, and those are unique benefits of VR applicable in education. Non-immersive (computer-based) VR has already found its place in education via application of simulation, games and virtual worlds, however immersive VR had no significant application up till now. Advantages of immersive VR were marked in past decades, together with disadvantages, but massive application in education was left out due to insufficient development and high price. Success of Oculus Rift in 2012 led to new interest for this technology. In the past few years, especially in 2016, a lot of new devices and platforms for immersive VR were developed (commercial version of the Oculus Rift, new version of the Samsung Gear VR, the HTC Vive, Daydream, etc.). Google Cardboard VR platform which uses smart mobile phones is currently the most cost-effective for use in schools. More than million students worldwide had the opportunity to test and use virtual reality with Google Cardboard HMDs via Expeditions Pioneer Program, since schools received equipment from Google. Expeditions and other VR apps for Google Cardboard can enhance geography education as well as to increase obviousness and interestingness of educational contents. Experience and the extent of realism that can be obtained by VR cannot be compared to other teaching tools traditionally used in geography instruction, but good selection of VR educational resources with keeping in mind educational outcomes and standards is necessary. The changes that took place in technology and in the global society and economy also have changed the roles of teachers in schools. Teachers in modern classrooms are more facilitators than lecturers, and application of new technologies can help them with new roles. Most previous studies on the usage of immersive VR in educational settings were performed on small samples. Results of large-scale studies are needed. Common feedback from participants in the previous studies showed that the teaching content became more interesting with VR and that students' motivation was increased, while significant drawbacks such as motion sickness still exist. Pantelidis (2009) pointed out that disadvantages of introducing immersive VR in schools are above all price of devices and need for training of the end-users, together with safety and health issues which might occur and possible repulsion against new technologies. Listed disadvantages are present even today but in various degrees. Further development of immersive VR will continue to bring new devices and improved VR educational software, but empirical testing of efficiency of this technology in geography teaching is required.

### References Books:

*Fisher, P., & Unwin, D. (2002) "Virtual Reality in Geography". New York: Taylor & Francis.*

*Depak S.N., Hall, G. B., Bain, T., Elliot, L., & Dudycha, D. (2000) Interactive GIS Instruction using a Multimedia Classroom. Journal of Geography in Higher Education.*

*Bastiaens, T. J., Wood, L. C., & Reiners, T. (2014). New landscapes and new eyes: The role of virtual world design for supply chain education. Ubiquitous Learning: An International Journal, 6(1), 37-49.*

*Bower, M., & Sturman, D. (2015). What are the educational affordances of wearable technologies?. Computers & Education, 88, 343-353. doi: 10.1016/j.compedu.2015.07.013.*

### Scientific articles:

*Arnold, P. L. (2015). Rural high school faculty perspectives on bring your own device implementation: A phenomenological study (Doctoral dissertation, Liberty University). Retrieved from <http://digitalcommons.liberty.edu/doctoral/1029> .*

Conclusion

### Нұрғазина А.А., Сарғызова А.М.

#### АКТ НЕГІЗІНДЕ ОРТА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КЕАҚ  
[naa\\_99@mail.ru](mailto:naa_99@mail.ru) [ainur1996\\_kz@mail.ru](mailto:ainur1996_kz@mail.ru)

Кілт сөздер: Информатика, мемлекет, стандарт, білім, таксономия, құзыреттілік, бағдарлама, мектеп, оқулық, нәтиже.

Ключевые слова: Информатика, государство, стандарт, образование, таксономия, компетенция, программа, школа, учебник, результат.

Keyword: Computer science, state, standard, education, taxonomy, competence, curriculum, school, textbook, result.

Аннотация: Мақалада Қазақстан Республикасында мектеп информатикасының дамуы қарастырылады. Информатика бойынша орта білім берудің мемлекеттік стандарттарына салыстырмалы талдау жүргізіледі және информатика бойынша мектептегі білім берудің жаңа мазмұнының жаңа стандартының айырмашылығы айқындалады. Жалпы орта білім беруде информатиканы оқытудың авторлық көзқарасы ұсынылған.

Аннотация: В статье рассматривается развитие школьной информатики в Республике Казахстан. Проводится сравнительный анализ государственных стандартов среднего образования по информатике и определяется отличие нового стандарта нового содержания школьного образования по информатике. Представляется авторское видение обучения информатике в среднем образовании в целом.

Annotation: The article considers the development of school computer science in the Republic of Kazakhstan. It provides a comparative analysis of the state standards of secondary education in computer science and defines the distinctive features of the new standard of school education in computer science with new content. Besides, the article presents the authors, vision of learning computer science in secondary education in the whole.

Қалыптасу және жетілу жылдарында Қазақстандағы мектеп информатика курсы айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Оның қалыптасу кезеңдерін талдағаннан кейін, бүгінгі таңда нақты анықталған кезеңдерді бөлуге болады, олардың әрқайсысында осы пәннің оқу үшін маңыздылығына баса назар аударылды, оқушыларды тәрбиелеу және дамыту, оның мақсаттары мен білім беруді фундаментализациялау процестеріне қатынасы, информатиканы оқытудың әдістемелік жүйесін дамытуда.

Мектептегі информатика курсының жай-күйін ретроспективті зерттеу, оның даму болашағы: біріншіден, информатика курсына ақпараттық процестер мен адамның

ақпараттық қызметі ерекше рөл атқаратынын толығырақ елестету, екіншіден, оның әдіснамалық және жалпы мәдени маңызын ашу, үшіншіден, ақпараттық технологиялардың жалпы білім беру маңыздылығын қайта қарастыру, төртіншіден, оқушыларда қалыптасатын жалпы білім беру және жалпы интеллектуалдық іскерліктер мен дағдыларға назар аудару.

Айта кету керек, Қазақстанда 1998 және 2002 жылдардағы орта білім берудің мемлекеттік стандарттарындағы «Информатика» пәнін оқытудың қойылған мақсаттары мен міндеттерінің сенімділігі сол кездегі білім беру процесінің жағдайына сәйкес келді және оның кейбір негізгі ережелері қолданыстағы стандарттардан алынды [Бидайбеков, 2012].

ҚР-да информатиканы оқытудың әдістемелік жүйесін дамытудың қазіргі кезеңінде жалпы білім беру маңыздылығын күшейтумен қатар, ол мектеп информатикасын фундаментализациялаумен сипатталуы тиіс деген түсінік пайда болды. Осыған байланысты болашақта мектеп информатикасының іргелі негіздерін бөлу, оқу материалының мазмұнын оқушылардың жасына және оқу уақытының нормативтеріне бейімдеу, курстың құрылу өзектерін анықтау, пән ішіндегі және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру бойынша іздестіру жұмыстарын жүргізу қажет. 1998 және 2002 жылдардағы орта білім берудің мемлекеттік стандарттарын зерттеу барысында жалпы білім беру мазмұны көлемінің пропорционалдылығы оқушының психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келетіні анықталды, оқу жүктемесінің көлемі келесідей бөлінді:

- Негізгі сатыда (7, 8, 9-сыныптар): аптасына 1 сағаттан, оқу жылында 34 сағаттан, барлығы 102 сағаттан;

- Жоғары сатыда оқыту бағытына байланысты: қоғамдық - гуманитарлық бағыт-аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат, барлығы 68 сағат, жаратылыстану-математикалық бағыт - аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат, барлығы 68 сағат.

Біздің ойымызша, жоғары деңгейде оқу жүктемесінің көлемін мектеп компонентінің есебінен көбейтуге болады, бұл жалпы білім беру бағдарламасының нормаларына сәйкес келмейді.

«Информатика» оқу пәні мазмұнының өзегін информатиканың жалпы білім беретін курсының өзара байланысты келесі мазмұндық желілері құрайды: ақпаратты ұсыну және ақпараттық процестер, компьютерлер, ақпараттық технологиялар, алгоритмдеу, формализация және модельдеу, телекоммуникация және әлеуметтік информатика мәселелері. Бұл сызықтар информатиканың білім беру саласы мазмұнының ұйымдастырушылық өзегі, оқу пәнінің үстемдігіне бағдар, негізгі және мамандандырылған информатика курстарында күрделілік деңгейін жоғарылататын оқытуды құру қажет болатын концентраттар болып табылады. Бұл, әрине, мектеп информатикасының іргелі маңыздылығын күшейтуге және нәтижесінде осы оқу пәнін фундаментализациялауға оң әсер етті.

Сонымен бірге, информатика-тез дамып келе жатқан және тез жүзеге асырылатын ғылым. Сондықтан, осы ғылыми саланың кейбір жаңа тұжырымдамалары қазірдің өзінде іргелі бола алады, мысалы, информатика пәнінің мазмұнының өзегіне жататын компьютерлік архитектураның дамуымен тікелей байланысты параллельді есептеу ұғымы. Әрине, осы тұжырымдаманың негізінде «Параллельді есептеу элементтері» курсы информатика бойынша мектептегі білім беру стандартына іргелі мамандандырылған пән ретінде енгізген жөн.

Бейіндік оқыту бағыттары бойынша білім беру мазмұнын саралауды, сондай-ақ даярлықтың ең төменгі деңгейін сақтау, оқушының даярлық деңгейіне қойылған талаптардың қол жетімділігі оқушылардың күшімен дерлік.

Информатика бойынша жаңа оқулықтар мен оқу құралдары мектеп информатикасының жалпы білім беру және іргелі аспектілеріне бағдарланған және «Информатика бойынша білім беру мазмұнының міндетті минимумына» сәйкес құрылған.

Информатиканың ғылым және оқу пәні ретінде мәнін, сондай-ақ мектептегі информатика курсының негізгі мақсатын әр түрлі авторлар бір-біріне өте жақын түсінгенімен, олардың мектеп курсының тұжырымдамалары, мазмұны мен тереңдігі айтарлықтай ерекшеленді.

Информатика бойынша қолданыстағы мектеп оқулықтарына жасалған талдау көрсеткендей, орта мектептің үздіксіз информатика курсының барлық тақырыптарын қарастыруға негіз болатын оқулық әлі де жоқ. Анықталған кемшіліктер, атап айтқанда оқу материалының оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келмеуі, Оқу ақпаратының артық болуы немесе жеткіліксіздігі, бір оқулық шеңберіндегі, әсіресе мемлекеттік тілдегі терминдердің біркелкілігі мен келісілмеуі, оқу материалын баяндау логикасының бұзылуы оқу ақпаратын қайта өңдеу, құрылымдау және жүйелеу, мектептегі информатиканы оқытуды одан әрі іргелі ету мақсатында оқулық мазмұнын таңдау кезінде ақылға қонымды біркелкілікті белгілеу қажеттілігін көрсетеді.

«Информатика» мектеп курсын дамытудың келесі кезеңі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысымен қабылданған орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына байланысты. Онда негізгі орта білім берудің мазмұны жеті білім беру саласын қамтиды: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Өнер», «Технология», «Дене шынықтыру». «Математика және информатика» білім беру саласына келесі пәндер кіреді: «Математика», «Алгебра», «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия», «Информатика». Оқыту нәтижелерімен бағаланатын білім алушылардың дайындық деңгейіне баса назар аударылды, бұл - жеке нәтижелер, жүйелік-қызметтік нәтижелер және пәндік нәтижелер [Бидайбеков және т.б., 2015; Мемлекеттік..., 2012].

Жеке нәтижелер білім алушының тәрбиесінің, әлеуметтенуінің және рухани-адамгершілік, шығармашылық және физикалық дамуының психологиялық-педагогикалық мониторингі түрінде қадағаланады және оның портфолиосына тіркеледі.

Жүйелік-әрекеттік нәтижелер білім алушының пәндік олимпиадалар, таңдау курстары, шығармашылық оқу жобаларын орындау, сондай-ақ зерттеу қызметінің басқа да түрлері бойынша жетістіктерімен анықталады және оның портфолиосына тіркеледі.

Пәндік нәтижелер орта білім берудің базалық мазмұнын меңгеру бойынша білім алушылардың білімдік және әрекеттік дайындығында көрсетіледі [Бидайбеков және т.б., 2015].

Ел Президенті 2000 жылы ұсынған ҚР-да 12 жылдық білім беруге көшу идеясы пайда болған сәттен бастап оқытудың жаңа модельдері дәйекті түрде жүзеге асырылды. Мысалы, 2004 жылдан бастап республиканың 104 мектебінде эксперимент ұйымдастырылды, оның барысында 6 жастан бастап оқыту жүйесі, практикаға бағытталған оқыту, ағылшын тілін ерте оқыту, бастауыш мектептен информатиканы енгізу, интеграцияланған пәндерді енгізу, бейінді оқыту, 5 күндік аптаға көшу және басқалары пысықталды. Мектептің информатика курсының мазмұны мен оқыту әдістемесі жаңартылған білім беру стандартында көрсетілген енгізулермен тығыз байланысты болды.

ҚР БҒМ 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 159 «Білім берудің жаңартылған мазмұнын пилоттық енгізу туралы» бұйрығына сәйкес 2015-2016 оқу жылында еліміздің 16 өңірінен отыз пилоттық мектептің бірінші сыныптарында бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын апробациялау басталды. Ал келесі 2016-2017 оқу жылында барлық бірінші сынып оқушылары жаңартылған мазмұндағы оқулықтармен айналысатын болады.

Апробацияның мақсаты әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу, ұлттық білім беру жүйесін отандық білім берудің үздік дәстүрлері мен стандарттарын сақтауды ескере отырып, әлемдік білім беру практикасының стандарттарына бағдарлау болып табылады.

Мектептегі білім берудің жаңа мазмұнының жаңа стандартының басты айырмашылығы неде және ол қаншалықты мектептегі информатика курсына «енген»?

Біріншіден, жаңа оқу бағдарламалары құзыреттілік тәсілге негізделетін болады. Олар табысты әлеуметтену үшін қажетті функционалдық сауаттылықтың негізіне алынған құзыреттерді қалыптастырады.

Әлемдік педагогикадағы Бенджамин Блумның оқу мақсаттарының таксономиясына сәйкес, қолданыстағы стандарт оқушыға танымның 6 деңгейінің тек 2-ін – «білу» және «түсіну» арқылы жақсы игеруге мүмкіндік береді. Жаңа стандарт танымның қалған 4 деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік береді: «қолдану», «талдау», «синтездеу» және «бағалау»

Екіншіден, заттардың мазмұнын жобалау кезінде спиральдылық принципі, тақырыптар қолданылады. Спиральдылық принципі оқушылардың білімдері мен дағдыларын біртіндеп - тақырыптар мен сыныптар бойынша қарапайымнан күрделіге ауыса отырып арттыруға мүмкіндік береді. Ол оқуға ыңғайлы, оқушыларға да, мұғалімдерге де қол жетімді және түсінікті. Спиральдылық принципі оқу материалын ұсынудағы сабақтастықты және қоршаған әлемді неғұрлым тұтас қабылдау үшін объектілерді біріктіруді қамтамасыз етеді.

Үшіншіден, жаңартылған мазмұн білім беру салалары бойынша анықталатын күтілетін нәтижелерге негізделеді. Күтілетін нәтижелер оқушының жұмысын, оның жетістіктерін бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушының жұмысы басқа оқушылардың жұмыстарымен емес, оқушыларға алдын-ала белгілі эталонмен (жақсы орындалған жұмыс үлгісі) салыстырылады. Күтілетін нәтижелерді нақты тұжырымдау оқушылардың оқу жетістіктерін объективті бағалауға, әрбір оқушының жеке қабілеттерін ескере отырып, оның жеке даму траекториясын айқындауға, сондай-ақ олардың оқудағы біліктері мен дағдыларын дамытуға, уәждемесін арттыруға, білім беру процесінің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Осылайша, оқыту нәтижелері мониторингінің жаңа нысандары, критериалды бағалау жүйесі енгізіледі.

Төртіншіден, жаңа пәндер енгізілуде. Бастауыш мектепте – бұл «Жаратылыстану», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» (3-сыныптан бастап), «Дүниетану» пәні жаңа мазмұнмен толықтырылады.

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні компьютерлік технологияларды пайдаланудың практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталатын болады, 3 сыныптан бастап оқушылар кестелермен, схемалармен, графиктермен және диаграммалармен жұмыс істеудің қарапайым әдістерін қолданатын болады. Бұл пәнді оқу оқытудың алғашқы кезеңдерінде ақпараттық ортада еркін бағдарлануға және пайдалы білімді «жинақтау» мектеп бағдарламасынан өмір бойы білім аруды тиімді жалғастыру үшін қажетті өздігінен білім алу дағдыларын игеруге көшуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Бағдарламаның мазмұны «АКТ» пәні бойынша оқыту бөлімдерінен тұрады. Бөлімдер күтілетін нәтижелер түрінде сыныптарға арналған оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерге бөлінген: дағды немесе білік, білім немесе түсіну. Оқыту мақсаттары мұғалімге жұмысты жоспарлауға және оқушылардың жетістіктерін бағалауға, сондай-ақ оларды оқытудың келесі кезеңдері туралы хабардар етуге мүмкіндік береді.

Жалпы информатика бойынша оқу жүктемесінің көлеміне келетін болсақ, ол бұрынғы деңгейде қалды: 5 - тен 9 - сыныпқа дейін-аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат, бейінді 10-11 сыныптарда-аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

Білім беру мазмұнын жаңарту, ең алдымен, оқу бағдарламаларында көрсетілетін білім беру мазмұны анықталған кезде (бұл ретте әзірлеушілердің әрқайсысы мүмкіндігінше теориялық материалды қамтуға тырысты) және білім беру салалары бойынша айқындалатын және қызмет аспектісін көрсететін күтілетін нәтижелерге негізделеді, яғни оқушылар «біледі», «түсінеді», «қолданады», «талдайды», «жинақтайды», «бағалайды». Сонымен бірге, информатиканы зерттеуде практикалық іс-әрекетке, мысалы, жобалар әдісіне ерекше назар аудару керек, өйткені бұл информатика



курсына тікелей қызығушылықты арттыруға көмектеседі. Жобалау технологияларын пайдалану информатика бойынша оқыту сапасын арттырып қана қоймай, пәнаралық байланыстарды іске асырады және жоба дайындалатын оқу пәндерін оқытудың тиімділігін арттырады.

Қорытындылай келе, келесі тармақтарды бөліп көрсетуге болады.

1. ҚР үшін информатиканы оқытудың әдістемелік жүйесін дамыту жалпы білім беру маңыздылығын күшейтумен, мектеп информатикасын оқытуды фундаментализациялаумен қатар сипатталуға тиіс.

2. Информатика бойынша бастауыш, базалық және бейінді білім беру стандарттарын әзірлеу кезінде тұтастықты сақтау қажет.

3. Ерте жастан оқытуға арналған Информатика оқулықтарының болуына қарамастан, оларды бастауыш жалпы білім берудің жаңа стандартына сәйкес қайта қарап, «Информатика» оқу модулі аясында бастауыш мектепте информатиканы оқытудың мазмұнын анықтау қажет. Оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға, ұлттың өзіндік ерекшелігін түсінуге, оның ұлттар мен халықтардың әлемдік мәдени қоғамдастығындағы орнын түсінуге ықпал ететін мәдени сәйкестіліктің дидактикалық қағидатын сақтауды ескере отырып, информатиканы оқытуды ерекше атап өткен жөн.

4. Мектеп информатикасы бойынша бар терминдердің жүйелендірілуін және жаңа терминдердің қалыптастырылуын қатаң қадағалау қажет. Барлық стандарттар мен оқулықтарда глоссарий болған жөн. Бұл тек әзірленген стандартқа ғана емес, сонымен бірге болашақта әзірленетін барлық стандарттарға да қатысты.

5. Мектептің жоғары сатысында бейіндік оқытудың енгізілуіне байланысты қазіргі уақытта информатика бойынша бейіндік және элективті курстардың және оларға негізделген оқулықтардың көптеген бағдарламалары әзірленді. Осы әзірлемелер аясында, әдетте, негізгі назар тек ақпараттық технологиялар саласындағы білімді тереңдетуге, практикалық қызметке дайындалуға бағытталған қолданбалы мамандандырылған информатика курстарын қамтамасыз етуге аударылады. Информатика бойынша іргелі бейіндік курстарды одан әрі дамыту қажет.

6. Біздің ойымызша, осы курстың мәнін дәл және нақты сипаттайтын «Информатика» курсының атауын жаңа стандарттарда «Информатика және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ)» деп өзгерту өте маңызды.

7. Әлемдік ауқымда білім беру стандарттарын әзірлеу кезінде әртүрлі теориялық-әдіснамалық тәсілдер мен әдістерді зерделеу және пайдалану қажет.

8. Информатиканы оқытуды іргелі ету, білім беруді ақпараттандыру тәсілдерін қалыптастыру және білім беруді ақпараттандыру саласында педагогтарды даярлау жүйесін құру саласындағы жұмыстар өзара байланысты болуы тиіс.

Осылайша, білім беруді ақпараттандыру жағдайында болашақ информатика мұғалімдерін даярлау жаңа нақты тәсілді қажет етеді.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бидайбеков Е.Ы. Вопросы подготовки будущих педагогов в области информатизации образования в Казахстане // Информатизация образования: история, состояние, перспективы: сб. матер. межд. науч.-практ. конф. Омск: Изд-во ОмГПУ, 2012. С. 38-46.

2. Бидайбеков Е.Ы., Камалова Г.Б., Бостанов Б.Г. Геометрия и алгоритмы Аль-Фараби в современном образовании // Вестник КГПУ им. В.П. Астафьева. 2015. № 4. С. 17-22.

3. "Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы [Электронды ресурс]. URL: <http://nao.kz/loader/fromorg/2/22> (дата обращения: 20.10.2020).

*А.Қ. Таубаева*

## АКМЕОЛОГИЯНЫҢ ҒЫЛЫМИ БАҒДАРЫ, БАСҚА ҒЫЛЫМДАРМЕН БАЙЛАНЫСЫ

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті,*

*Қазақстан, Семей қаласы, [sanzhikgo7868@mail.ru](mailto:sanzhikgo7868@mail.ru)*

### **1. Акмеологияның басты ғылыми және әдіснамалық бағдарлары**

Қазіргі заманғы білім беруді ізгілендіру үрдісі, адам, оның дамуы туралы білімге деген қызығушылықты біршама арттыруға, адамның дамуы мен руханилығының тұтастығын түсіндіруге әкелді. Акмеологиялық бағдар қазіргі қоғам үшін ерекше өзекті, онда төмендеу, апатия, қамығу, руханилықтың болмауы, шарасыздық күйлері басым болады.

Соған орай, ересектерге білім беру жүйесінің әлеуметтік рөлі, оның стратегиялық идеологиялық қызметі, адамның өзіндік санасын қайта құру, даралықтың өзіндік дамуы мен қалыптасу механизмдерін ашу біршама артты, бұл әсіресе педагогтің дипломнан кейінгі білім алуы үшін ерекше маңызды.

Қазіргі заманғы білімнің үш негізгі әдіснамалық бағдары бар: жаратылыстануғылыми, гуманитарлы және технологиялық.

Акмеологияның негізгі сипаттамаларын қарастырамыз.

1. Жаратылыстану-ғылыми бағдар дербес сала ретінде бөлініп шығуға ұмтылыста көрінеді. Әдіснамалық тұрғыда ол көп жағдайда классикалық жаратылыстану білімінде қалыптасқан пәндік стандарттарға сүйенеді (эксперименттік деректерді сипаттау, заңдылықтар мен механизмдерді зерттеу, олардың математикалық тұрғыда сенімділігін қамтамасыз ету түрінде). Бірқатар акмеологиялық феномендерді талдауда (дарындылықтың табиғатын, генетикалық және физиологиялық ерекшеліктерді, кәсіби шеберліктің қалыптасуының психофизиологиялық алғышарттарын және т.б.) жас ерекшелік психологиясынан, психогенетикадан, еңбек психофизиологиясынан және т.б. салалардан жаратылыстану-ғылыми білімдерге деген аппеляция жүзеге асады.

2. Гуманитарлы бағдар адам туралы ғылымдармен генетикалық өзара әрекетке негізделетін онтологиялық байланыста және дербес пән ретінде олардан пәндік тұрғыда ажырауда көрінеді. Акмеология пайда болғанға дейін ересектердің кәсібилігі, шығармашылығы, оларға білім беру зерттелді, алайда шеберлікті, оның «акме» атты шындағы түрлерін зерттеудің өзгешелігі акмеологиялық технологияларды құрастыруға және ерекше мәселенаманың туындауына әкелді.

3. Технологиялық бағдар техникалық ғылымдармен өзара әрекеттестікте (кибернетика, жүйелі техника, ақпарат теориясы және т.б.) және практикалық бағдарланған білімнің нақты стандарттарын қолдануда көрініс береді.

Ескеретін бір жайт, акмеология техникалық пәндермен жанама түрде байланысты, мысалы, адамзат факторын техникада оңтайландыруды қамтамасыз ететін эргономика арқылы байланыстыруға болады.

Сонымен бірге, гуманитарлы білімді технологияландыруда психотехника және ойын техникасы, инноватика және рефлексия И.Семенов бойынша және техникалық ғылымдарды ізгілендіруде (бионика, соционика, эвристика, синергетика және т.б. пайда болуы) көрініс беретін қазіргі заманғыпраксеологияның акмеологияға әсерін ескеру қажет.

Акмеологияның дамуында төрт негізгі саты анықталады:

– латентті-адамтанудың акмеологиялық аясын ғылыми тұрғыда тануда тарихи, мәдениеттанушы, әлеуметтік, философиялық, ғылыми, педагогикалық, тәжірибелік алғышарттарды бірте-бірте құрастыру;

– номинациялық-осындай тектегі білімде әлеуметтік қажеттілікті саналы ұғыну;

– инкубациялық-акмеологиялық мәселенаманы зерттеудің қажеттілігі туралы тұжырымдамалы ой-пікірдің туындауы және акмеологияның ерекше пән ретінде кеңейту бағдарламасын ұсыну;

– институционалды-әлеуметтік құрылымдарды құру: жоғары оқу орындарында және акмеологиялық ғылымдардың Халықаралық академиясында акмеологиялық кафедралар мен факультеттерді, зертханаларды құру.

2. Акмеологияның зерттеушілік жоспары  
Акмеология төмендегі мәселелерді зерттейді:

- жоғары жетістіктерге (шыңдарға) жету жолында қайта құрушы іс-әрекет үдерісінде кемелденген адамдардың шығармашылық әлеуетін өзіндік жүзеге асырудың заңдылықтарын;

- шыңға жетуге ықпал ететін және кедергі келтіретін объективті және субъективті факторларды;

- өмірлік шыңдарда оқытудың заңдылықтарын және іс-әрекеттегі кәсібиліктің заңдылықтарын;

- өзіндік білім алу, өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі бақылауды;

- қажеттіліктер мен бағдарлардан, өзіндік қызығушылықтардан, ғылым, мәдениет, техниканың дамуынан, кәсіп пен қоғамның дамуынан туындайтын жаңа талаптардың әсерімен өзін-өзі жетілдірудің, өзін-өзі түзетудің және өзін-өзі ұйымдастырудың заңдылықтарын, өзіндік іс-әрекеттегі қабілеттер мен мүмкіндіктерді, жетістіктер мен кемшіліктерді саналы ұғынуды.

Акмеологияның бағыттары:

Қазіргі кезде жалпы акмеологиядан басқа, оның басқарушы, педагогикалық, әскери, спорттық және т.б. буындары пайда болды.

Акмеологияның жалпы негіздері:

1. Кәсіби акмеология, ол келесі буындарға бөлінеді:

– педагогикалық акмеология;

– әскери акмеология;

– әлеуметтік акмеология;

– мектеп акмеологиясы;

– медициналық акмеология.

2. Басқару акмеологиясы.

3. Креативті акмеология.

4. Синергетикалық акмеология.

5. Білім беру акмеологиясы.

6. Түзету акмеологиясы.

7. Этнологиялық акмеология.

Аталған бағытты құрушылардың түсіндіруінде, адамның кемелденуінің шыңы – бұл ересек адамның өмірінің біршама кезеңін қамтитын және оның физикалық индивид, азамат, тұлға, іс-әрекеттің белгілі саласындағы маман ретінде қаншалықты дәрежеде қалыптасқанын көрсететін көпшамалы күйі. Әрине, аталған күй өзгермелі.

Адамның индивид, тұлға, шығармашылық іс-әрекет субъектісі ретінде акме деңгейіне шығу уақыты көп жағдайда сәйкескелмейді, себебі осы сипаттамалардағы өзгерістердің алуан түрлі жылдамдығы байқалады.

Акмеология ғылым ретінде дамудың толыққандылығын, кеңдігін, тиімділігін, басталу уақытын негіздейтін факторларды зерттейді және анықтайды. Ол макро-, мезо- және микросоциумдардың әсерінің механизмдері мен нәтижелерін (мемлекет, еңбек ұжымы, отбасы және т.б.), адамның өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал ететін белгілі тактикалар мен стратегияларды құрастыра отырып, табиғи ортаның және адамның өзіндік даму үдерісінің механизмдері мен нәтижелерін зерттейді.

Қазіргі кезде акмеологиялық білімнің дамуының гетерохрондығына байланысты, адамның еңбек субъектісі ретінде дамуы, тұлғаның кәсібилігін және іс-әрекетін дамытудың жалпы және жеке заңдылықтары мен феномендерін зерттеу аса өзекті болып саналады, сондықтан аталған кезеңде акмеология ең алдымен кәсібилік туралы ғылым ретінде алынады.

Акмеологияның объектілі және пәндік өрістерін кеңейту, ой-пікірлерге сәйкес келетін мазмұнға ие болуға мүмкіндік береді. Мұны түсінуге акмеология көмек береді.

Акмеология – бұл адамның шындағы жетістіктері туралы ғылым.

Акмеология келесі сұрақтарға жауап беруге тырысады: адамның өзін қалай белсендіруге болады? Өмірде жетістікке қалай жетуге болады? Акмеге – өз мүмкіндіктерінің шыңына – қалай жетуге болады? Өмірдің мәні неде? Адамның басты қызметі қандай? Жеке шындық қайда және өз жолын қалай табуға болады?

Әрине, бұл ғылым адамның кемелдену кезеңіндегі жетістіктерін зерттеп қоймайды, сонымен бірге сол жетістіктерге жетелейтін факторларды зерттейді. Ол адамның рухани, интеллектуалды және дене мүмкіндіктерін барынша дамытуды қандай жағдайда жүзеге асыра алатынын анықтайды.

Оны зерттеу адам өмірінің мәнін түсінуге көмек береді.

Акмеология адамның психофизикалық даму және жас кезеңіндегі динамикасын зерттейді.

Адамның бірінші өмірлік сатысы – балалық шақ. Бұл кезеңде сәби қоршаған әлемді таниды, алғашқы әлеуметтік тәжірибені игереді.

Жасөспірімдік кезең. Бұл кезеңде тұлғаның қалыптасуы жүреді. Жасөспірімдік кезеңде рефлексиялау – өзін-өзі тану қабілеті пайда болады. Жасөспірімдер үйрену және дербестік қабілеттері сияқты маңызды сапаларды меңгереді.

Жастық шақ. Рухани және дене күштерінің өркендеу уақыты. Өз жолын, өз тағдырын іздеу кезеңі. Кәсіби біліктер, дағдылар меңгеріледі, шығармашылық әлеуеті ашылады.

Ересектік өмір. Бұл адамның еңбек ететін, шығармашылықпен шұғылданатын, ойланатын тиімді уақыты. Бұл маңызды жетістіктер, аса маңызды жаңалықтар мен тапқырлық уақыты.

Кәрілік кезеңі. Бұл уақытта күш-қуат азаяды, мүмкіндіктер сарқылады. Алайда, өткен өмір туралы естеліктер уақыты ғана емес, сонымен бірге өткенді қайта мағыналауға, өткен өмірді қайта бағалауға мүмкіндік берілетін уақыт.

Адамның ересектенуі – адамның даралану және әлеуметтену сияқты екі қарамақарсы механизмдерінің, онтогенез бен социо генездің өзара әрекеттестігінің күрделі үдерісі (Д.И. Фельдштейн). Ересектерге білім беруді адамды дараландыру мен әлеуметтендіру үдерістерімен бірлікте, оны біртұтас және өзіндік дамыту үдерісі ретінде қарастыру қажет, ал ересек білімгерді – әлеуметтік-адамзаттық іс-әрекет субъектісі және білім берудің әлеуметтік-дамытушы қызметін таратушы ретінде қарастыру қажет.

Кемелдену сатысы – онтогенездің шырдарына жеткен, қатып қалған форма емес, ол вариативті жас шеңберлері, акме жетістіктерінің көрсеткіші, айқын жеке сипаты бар онтогенетикалық даму сатысы.

Білім беру қарым-қатынас пен танымның факторларын «қамтитын», адамның жаңа шырдарға, шығармашылыққа, ойлаудың таптаурындарын жеңуге, жаңа әлеуметтік байланыстар мен қатынастарға, ішкі күш-қуат қорын жұмылдыруға деген қозғалысты қамтитын қажетті шарт ретінде болады.

Бұл әсіресе жаңа мыңжылдықта маңызды, ол кезде қоғам өмірінің жаңа жағдайлары «жалпы ересектенуді» талап етеді, болмыстың күрделенген жағдайында өмірлік кемелденуді игеруді талап етеді. Оған шынайы өмірге бағдарланған адамның қиындықтарды шешудегі «өмірлік сауаттылығына» бағытталған білімі көмек береді. Білім беру жаңа акмеге жетелейтін ересек адамның онтогенетикалық және әлеуметтік-мәдени дамуының факторы болып саналады.

3. Акмеологияның адамзат білімінің кешені ғылымдарымен байланысы

Қазіргі заманғы праксеология адамтану мен қоғамтанудың мәліметтерін ескеріп, жүйенің жалпы теориясы тұрғысында, әлеуметтік тәжірибенің алуан түрлі аясында ісәрекетті ұтымды ұйымдастырудың позитивті принциптерін айқындауға ұмтылады.

Акмеологияның қазіргі заманғы қоғамтану, қолданбалы әлеуметтік және іргелі философиялық ғылымдармен байланысы дүниетанымдық және әдіснамалық бағыттар бойынша жүзеге асырылады.

Философия әдіснамалық тұрғыда акмеологияны іргелі ғылыми сипаттағы дербес ғылыми пән ретінде негіздейді. Философия дүниетанымдық тұрғыда акмеологияның қоғамдық ғылым ретінде аксиологиялық және праксеологиялық идеалдарын ұсынады, сонымен бірге бір мезгілде қазіргі адамтанудың ерекше бөлімі ретінде қарастырады.

Қоғамдық-гуманитарлы табиғатына және аксиологиялық-гносеологиялық мәртебесіне сәйкес, акмеология тарих және мәдениеттану, әлеуметтану және экономика, менеджмент және маркетинг, саясаттану және конфликтология, педагогика және экология сияқты әлеуметтік ғылымдармен тығыз байланысты, ол акмеология үшін маңызды ұғымдарды – іс-әрекет, кәсібилік, ұйымдастырушылық және реттеу сияқты ұғымдарды түсіндірудің алуан түрлі әлеуметтік аспектілерін анықтайды.

Адамтану тұрғысынан акмеологияның адам туралы ғылымдармен өзара әрекеттестігі «шығармашылық» категориясын сипаттайды. Ол шеберлік, даму, кемелдену, дарындылық, қабілеттер, креативтілік, жетілдіру, рефлексия, эвристика, сана, тұлға, даралық сияқты акмеология үшін түйінді ұғымдарды анықтайды, сонымен бірге акмеологияның адам туралы салалас ғылымдармен өзара әрекеттестігінде қарастырылатын басқа категорияларды анықтайды.

Әдіснамалық тұрғыда акмеология – іргелі-қолданбалы сипаттағы кешенді ғылым. Іргелілік басқа ғылымдарда зерттелмейтін болмыс аясындағы заңдылықтарды танумен анықталады.

Акмеологияның танымдық сипаты тәжірибелік-бағдарланған акмеологиялық технологияларда көрініс табады.

Акмеологияның басты мәселесі – толыққанды кемелдіктің хронологиялық ұзақтығы емес, кез келген өмірлік кезеңді өркендеу кезеңіне айналдыруға қабілетті адамның рухани күйі. Акмеологияға деген ғылыми қызығушылық еш уақытта азаймайды. Бастау көздері педагогика мен психологияда болатын акмеология жаңа ғылым ретінде, білім беру сапасын арттыру мәселесі қазір белсенді түрде зерттеліп келеді.

Акмеологияның пәнаралық сипаты жаңа мүмкіндіктерді іздеуге, сонымен бірге акмеологиялық мектептердің үлгісін құруға және тәжірибеден өткізудің жаңа мүмкіндіктерін іздеуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оспанова Б.А., Акмеология: Оқулық. – Алматы, 2014. – 392 бет
2. Акмеология: Учебное пособие /А. Деркач, В. Зазыкин. – СПб.: Питер, 2003. – 256 с.:ил. - (Серия «Учебное пособие»).
3. Акмеология: Учебник / Под общ. Ред. А.А. Деркача. – М.: Изд-во РАГС, 2004. – 688 с.
4. Деркач А.А., Кузьмина Н.В. Акмеология – наука о путяхдостижения вершин профессионализма. – М., 1993.
5. Кузьмина Н.В. Предмет акмеологии. – Шуя: Шуйс. Гос. Пед.Ун-т, 1995. – 242 с.
6. Философский словарь. М., 1972. С.252
7. Педагогическая энциклопедия /Гл.ред. И.А.Каиров, Ф.Н.Петров: в 4 т. – М., Сов.энциклопедия, Т.1, 1964. – 832 с.

*Н.К. Оразаева*

## АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ДИДАКТИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕР

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті,  
Қазақстан, Семей қаласы, sanzhihgo7868@mail.ru*

Білім беруді ақпараттандыру жағдайында педагог мамандардың біліктілігін көтеру – бүгінгі күннің негізгі міндеттерінің біріне айналып отыр. Сондықтан педагог мамандардың біліктілігін көтеруді ақпараттандыру туралы тұжырымдама, стандарт және оқу-тақырыптық жоспарлары жасақталған. Аталған қажеттілікті шешу барысында педагог мамандардың біліктілігін ақпараттық технологияны өз қызметтеріне пайдалану саласы бойынша тұжырымдама, модульдік жұмыс бағдарламалары жасалды. Сонымен бірге білім беруді ақпараттандыру жағдайында педагог мамандардың ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін және ақпараттық құзырлығы сияқты қабілеттіліктерді қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр.

Қоғам ғылыми-техникалық тұрғыдан ілгерілеген сайын адамдардың өмірге деген көзқарастары, білімге, тілді үйренуге деген құлшыныстары күннен-күнге арта түсуде. Бүгінгі заман талабына сай нарықтық экономика өркендеп отырған кезеңде студенттердің, яғни болашақ мамандардың ой-өрісінің жан-жақтылығы экономикасы мен мәдениеті дамыған елдің асыл мұрасындай болуы тиіс. Кез-келген жағдайларда қоғам үшін пайдалы іс жасауда болашақ маман өз мамандығын игеріп, халқының тілін, тарихын, мәдениетін бойына сіңіріп, оны жалғастырушы ретінде халыққа танылуы қажет.

Бүгінгі таңда студенттер алатын ақпарат жан-жақты дамып келеді. Атап айтсақ, Интернет желісінің, электронды поштаның өсуі, күнделікті тұрмыста қолданысқа енуі студенттердің ойлау жүйесінің артуына, ақпараттарды мол қолдануына өз әсерін тигізіп отыр. Сондықтан оқытушы студенттермен тығыз қатынас орната атырып, шығармашылық байланыста болғаны жөн. Соңғы жылдары жоғары оқу орнындарында шетел тілін мамандыққа байланыстыра оқыту - тілдің қолданыс аясын кеңейте түсуде.

Шетел тілін оқытуда студенттер қауымының ауызекі тілімен қатар, мамандығына байланысты бағытталған лексиканы жазбаша әрекеті арқылы меңгертудің орны ерекше. Оқытушының басты міндеті – болашақ маман иелерінің сөздік қорын мамандыққа сәйкес лексикамен молайту, жазбаша тілдік қатынасты жүзеге асыру болып отыр.

Психологиялық-педагогикалық ғылымда өңделген қызмет принципіне сәйкес болашақ педагогтардың жеке тұлғаларының шығармашылық қасиеттерінің дамуы тек қоғамдық тәжірибені меңгеру, педагог мамандардың өздерінің белсене қызмет ету арқылы жүзеге асатын меңгеру негізінде ғана іске асады. Адамзат мәдениетінің қол жеткізулеріне ие болу үшін әр жаңа ұрпақ осы қол жеткізулер үшін жасалған қызметке ұқсас қызметті жүзеге асыруы керек. Осыған байланысты педагог мамандардың мамандандырылған қызметіне сәйкес оқу қызметін ұйымдастыру маман даярлау жүйесінің қажетті кешені болып табылады.

Қоғамда ақпараттандыру, есептеу техникасы құралдары кеңінен таралуына байланысты, оқу процесін ұйымдастыруға, сонымен бірге білім берудің мазмұнын өзгертуге де елеулі жұмыстар жүрде. Білім беру жүйесінде шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген, мамандық шеберлігі қалыптасқан мамандардың болуы қуанарлық жайт. Ол бір уақытта педагог-психолог және сонымен бірге оқу процесін ұйымдастырушы технолог бола білуіде қажет-ақ. Компьютердің мүмкіндіктерін ескере отырып, оқыту мәселелеріне талдау жасасақ, психологияның, педагогиканың іргелі оқыту теориясынан психологиялық-педагогикалық, әдістемелік мәселелер туындайды.

Жоғарғы оқу орнында ағылшын тілінің жеке пән болып оқытылуы, көптеген педагогикалық ізденістер мен ғылыми-әдістемелік еңбектердің туындауының жандана түсуіне алып келді. Ағылшын тілінің қазіргі қоғамдағы алатын орнын, ерекшеліктерін ғылыми-әдістемелік тұрғыда негіздеуге арналған көптеген жұмыстар жүргізілуде.

Қазіргі заманғы оқыту интеллектуалдық ерекшеліктерге сүйене отырып білім беруді қажет етеді. Ендеше шетел тілін үйрену, әрі меңгеру қазіргі таңдағы кезек күттірмес мәселенің дәлелі іспеттес.

Жаңа технологиялар - педагогтың мүмкіндігін күшейтетін құрал, бірақ ол оқытушыны алмастыра алмайды. Компьютер мүмкіндіктері психология мен дидактика тұрғысынан талданып, керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолданылуы керек. Сыртқы эффектін қуып кетпей, оқыту бағдарламасының тек сыртқы емес, ішкі тиімділігіне де көп көңіл бөлген жөн. Компьютердің мүмкіндігінің молдығы дәріске қажетті материалдарды бояулы суреттермен, кестелермен байыта түсері сөзсіз.

Сабақ барысында компьютер қосымша материалдар, әртүрлі анықтамалық мәліметтерден ақпараттар беру үшін көрнекі құрал ретінде пайдаланылады. Оқытушы араласпай-ақ, студенттерге өздері меңгеруге тиісті ақпараттар беріледі. Қажетті ақпараттарды жинақтауда электрондық техникаларды енгізу уақыт үнемдейді, қарастырып отырған кезеңде ақпараттың толықтығын жоғарылатады, ақпараттық-анықтамалық жүйе құрамында электрондық құрылғылармен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

Жаңа ақпараттық технология құралдарын тіл үйрену барысында пайдалану, студенттің шығармашылық, интеллектуалдық қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі. Компьютерлік техниканың дидактикалық мүмкіндіктерін педагогикалық мақсаттарға қолдану, білім мазмұнын анықтауда, оқыту формалары мен әдістерін жетілдіруде жақсы әсерін тигізеді сөзсіз. Студенттердің ақпараттық технологиямен жұмыс жасауына мүмкіндіктер туғызу олардың дүниетанымын қалыптастырады, өз әрекетін саналы түрде жоспарлауға жол ашады, логикалық қабілетін дамытады, бақылау мен өзін-өзі бақылауын қалыптастырады, еңбек ету мен дағдысының жинақтылығын қамтамасыз етеді және жалпы мәдени-дүниетанымын қалыптастыруына да ықпал етері анық. Оның мақсаттары негізінен төмендегіше сатыланады:

- ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу процесіне енгізу жағдайында тұжырымдамалық негізін жасақтау және оны жүйелеу;

- білім беруді ақпараттандыру жағдайына педагог мамандардың біліктілігін көтеру;

- білім беруді ақпараттандыруды дамыту тенденцияларын зерттеу және оған сәйкес мазмұнын анықтау;

- педагог мамандардың ақпараттық-коммуникациялық пайдалана алу дайындығын анықтайтын белгілер мен көрсеткіштерді жасақтау және олардың ақпараттық құзырлығын қалыптастыру мүмкіндіктерін зерттеу;

- педагог мамандарды ақпараттық-коммуникациялық технологияны өз қызметтеріне енгізуіне байланысты ұйымдастыру жүйесін жасақтау;

- ақпараттық-коммуникациялық технологияны білім мекемелерінің оқу процесіне енгізу бойынша педагог мамандардың іс-тәжірибесін тарату.

Білім беруді ақпараттандыру процесі білім беру қызметкерлерінің ақпараттық технологиялық біліктілігін көтеру талпынысына әкелмек.

Білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламаларының негізгі міндеттерінің бірі ретінде мамандардың осы сала бойынша біліктілігін көтеру және қайта даярлау қарастырылған. Аталған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында мамандардың біліктілігін көтеру және қайта даярлау бойынша курс тақырыптарының мазмұны өзгертіліп, жаңаланды. Оның негізгі мазмұны білім беру мекемелерінің қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін жаңа ақпараттық технологияны пайдалану бойынша жетілдіруге, басқаша айтқанда, білім беруді ақпараттандыруға сай мамандарды жан-жақты даярлауға бағытталған.

Тәжірибе жүзінде дәлелденгеніндей, кез келген оқытушы мен әкімшіліктің өз қызметтеріне компьютерді пайдалануы олардың әлемдік ақпараттық кеңістікке енуде ақпараттық мәдениетінің қалыптасатынымен өлшенеді. Сонымен бірге, бұл жағдайда,

инновациялық әдістер мен құралдарды оқу процесіне пайдалану білім алушының жекелеген пәндерді игеруіне қызығушылықтарын арттырады. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие процесіне пайдалану келесі педагогикалық мүмкіндіктерді жүзеге асыруға ықпал етеді:

- студенттің дайындық деңгейін, ынтасын және қабылдау жылдамдығын ескеру арқылы жаңа материалды меңгертуге байланысты оқытуды ұйымдастыру және оқыту процесіне жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану;
- оқытудың жаңа әдістері мен формаларын (проблемалық, ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік ойындар және т.б.) қолдану;
- аналитикалық әдісті қолдану арқылы классикалық әдістерді жетілдіру;
- жаңа ақпараттық технология құралдарын (жаңа типті компьютерлер, телекоммуникация, виртуальды орта және мультимедиа-технология) пайдалану арқылы шетел тілін үйренуде оқу процесінің материалдық-техникалық базасын жетілдіру.

Білімнің әлеумет өміріндегі ерекше сала сипатына ие болу кезеңі білім мен әлеуметтік тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу процесі қоғамның тіршілік әрекеттерінен өз алдына бөлініп және тәрбие мен оқуды іске асыратын арнайы кәсіби адамдардың пайда болу дәуірінен басталады. Дегенмен, мәдениетке мұралық ету әлеуметтану мен тұлға дамуының қоғамдық құрал-тәсілі ретінде білім адамзат қауымының алғашқы қадамдарымен бірге өмірге еніп, еңбек әрекеттері, ойлау, тіл дамуымен бірлікте шексіз өркеніет жолында өз өрісін тауып келеді.

Жоғары оқу орындары білім беру қызметі барысында, жаһандану талаптарына жауап бере алатын, халықаралық деңгейде танылуға қол жеткізу үшін барынша талпынатын шығармашылық тұлғалардың өзін-өзі дамытуын қамтамасыз ететін әлемдік өркеніет үрдісінде ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды сақтауға негізделген.

Сапаны көтерудің жаһандық мәселесі мемлекеттің, қоғамның, жоғары оқу орнының бір мақсатқа үйлесімді жұмылуын, қоғамның жарқын болашағын қамтуды талап етеді.

Білікті маман оқу процесінде шетел тілін үйретумен қатар ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдаланудың мүмкіндіктерін болжай алмақ, яғни бұл деген сөз ақпараттық мәдениет элементтерін қалыптастыруда білімді мамандардың қажеттілігін қанағаттандыру, ақпараттық және желілік технологиялар саласы бойынша жаңа білімдер алу, оқу процесі мен ғылыми-әдістемелік жұмыстарға жаңа ақпараттық технологияны қолдану негізінде олардың озық тәжірибелерін тарату болмақ.

Жоғары білікті мамандар даярлау мәселесін шешуге араласа отырып, университет жетекшілігі жоғары кәсіби білімді сақтаудың сапасын арттыруға, қызметкерлердің шығармашылық әлеуетін дамытуға, инновациялық технологияны енгізуге баса назар аударады. Алға қойылған міндеттерге сәйкес білім ордасының білім сапасы саласындағы саясаты жетілдіріліп, мақсаты нақтыланған болатын. Мұнда білім қызметін тұтынушылардың талап-тілектері және басқа да мүдделері ескеріліп отырады.

Студенттерді оқуға ынталандырудың бір жолы оның болашақ мамандығы туралы нақты мәліметтер беру екенін атап өткен орынды. Осыған орай, түрлі кәсіби салаларға бейімделген әрі нәтижелі жұмыс істей алатын жоғары білікті мамандардың пайдасына шешілетін, қазіргі және алда күтіліп отырған еңбек нарығындағы сұраныстарға талдаулар жүйесі орнатылған.

Білім – дәл қазір еліміздегі басым бағыттардың біріне айналып отыр. Ол адамның тұлғалық қасиеттерін толықтай дамытуға, қоғам, мемлекет мүддесіне қызмет етіп келеді.

Білім жүйесі халықаралық білімдік кеңістікте тұрақты әрі орнықты дамытуды мақсат етіп отыр. Елімізде білім жүйесінің ұлттық дәстүрін сақтай отырып, жаңаша дамыту жолдары да қарастырылған. Атап айтар болсақ, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлаудың көп деңгейлі жүйесі белсенді түрде енгізілуде, жоғары кірісті экономикалық қызметте жаңа білім мен технология трансформациясы үшін жағдайлар жасалуда, білім



беру мен ғылымның байланысы нығайып, әрі кеңейе түсуде, шетелдік әріптестермен үздіксіз білім алуға байланысты тәжірибе алмасулар жалғасын табуға.

Отандық білім қызметінің мақсаты жаңа білім мен кәсіптік білікті игерудегі жеке тұлғалардың сұраныстарын қанағаттандыру, шығармашылық білімді тарату және жас буын өкілдерін кәсіпке баулу, яғни бұл азаматтардың білімі әлеуетінің нығаюына әкелмек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.
2. Захарова И.Г. Информационные технологии в образовании: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2003. – С.192.
3. Кенжебеков Б. Маманның кәсіби құзыреттілігінің теориялық негізі / Б. Кенжебеков.-Бастауыш мектеп. 2004.-№7.- 3-7б.б.
4. Мұхамеджанова Ә. Оқытушы мен студенттің өзара қарым-қатынасын басқару //Білім. №10 - 2006. 18 бет.

#### **Қ.Н. Қабдұлғалымова**

Ғылыми жетекші: а/ш.ғ.к Садыкова Р.А.

**БИОЛОГИЯ ПӘНІ БОЙЫНША ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА  
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**  
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы Университеті» КеАҚ  
*[kabdulgalymova@mail.ru](mailto:kabdulgalymova@mail.ru)*

Әлемдік бірлестіктегі жаңа үрдістердің дамуына байланысты білім беру жүйесі маңызды ресурсқа айналуға. Сонымен қатар, оқушылардың білімін өз бетінше толықтыру, жаңа білім алу тәсілдерін үйрету міндетіне үлкен мән беріледі. «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасының» негізгі мақсаты оқушылардың талдау, синтездеу және логикалық ойлау қабілетін дамыту, яғни сабақ бойы оқушылардың ойлау еңбегімен қамтылуын қамтамасыз ету, оқушыларды ізденуге, өз бетінше қорытынды жасауға үйрету болып табылады.

Оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметі әрқашан оқу процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Мектеп қабырғасында оқушылар әлемді белсенді түрде танитын кезде, олардың жеке дамуында зерттеуші, жаңашылдық, ізденімпаздық қасиеттерінің негіздері қаланады. Оқушылар өте әсершіл болып келеді, егерде білім әлемі, өздерінің жаңа ашылулары (бұрыннан белгілі шындықтар болса да) оларды қызықтырса, ынта және жұмысты жалғастыруға деген ұмтылыс тудырса, онда мұндай қызығушылық уақыт өте келе нақты зерттеуші қасиетін қалыптастырды. Сондай-ақ ғылыми шындықтарды өз бетінше игеріп, өзі үшін көптеген ашылулар жасайды. Мұғалім үшін мұндай сәтті жіберіп алмау, баланың осы ұмтылысын қолдау және оның одан әрі дамуына жан-жақты ықпал ету өте маңызды. Бірақ жаңа нәрсені білуге деген қызығушылықтың ұшқынын көріп қана қоймай, сонымен бірге оқытушыға қол жетімді барлық әдістемелік әдістерді қолдана білу, баланың осы тұрғыда санасындағы жасырын жатқан шынайы қызығушылықты, білімге деген ынтаны ояту маңызды.

Зерттеушілердің пікірі бойынша ғылыммен барлығы бірдей айналыса алмайды. Бір оқушының ғылымға, зерттеуге деген қабілеті мен бейімділігі бар болса, ал енді бірінде оған қабілеті жеткіліксіз болуы мүмкін. Алайда мектеп табалдырығында кез-келген оқушы осы жолда өзін сынап көруге мүмкіндік ала алады. Осыған байланысты мектеп мұғалімінің рөлі өте зор. Мұғалім оқушыны ғылыми-зерттеу жұмысына баулу кезінде оқушыны өзін қызықтыратын зерттеу бағытын таңдауына және сол бойынша жұмыс

жасауына мүмкіндік беру қажет. Оқушы өзінің алғашқы зерттеуіне қанағаттанып, жетістікке жеткеннен кейін мұғалім өзінің зерттеу тақырыптарын ұсына алады және оны ғылыми жобалардың белгілі бір кезеңдерін орындау үшін шығармашылық топтарға және басқа да ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатыстыра алады [2]. Оқушының одан әрі зерттеуге деген қызығушылығының дамуы мұғалімнің даналығына, педагогикалық шеберлігіне байланысты болады. Зерттеудің нақты тұжырымдалған мақсаты және оның міндеттері, мұғалімнің сауатты пікірі мен кеңестерінің болмауы мектеп оқушыларының зерттеу негіздерін игеруге деген ұмтылысына кедергі келтіреді [6].

Психологтардың пікірінше, оқушылардың жас дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі зерттеушілік, танымдық қызығушылықтардың көрінісі белгілі бір ерекшелікке ие: бастауыш мектеп жасында оқушылардың танымдық қабілеттері көбінесе эмпирикалық, эпизодтық сипатқа ие; танымдық, зерттеушілік қызығушылықтың толыққанды тұрақты формаларын қалыптастыру жасөспірім кезеңінің соңына жатады. Тікелей оң факторлардың әсері қызығушылықтың қалыптасуына бала дамуының ертерек кезеңдерінде қатты әсер етеді, кейінірек шешуші рөлді сыртқы әсерлерді сапалы түрде басқа адамдармен және адамдар арасындағы өзара әрекеттесулер атқарады [1].

М.Ф. Беляевтің пікірінше, қызығушылық эмоционалды түрде қызығушылықты дамытудың бастапқы кезеңі ретінде «эмоционалды-импульсивті» кезеңі деп ажыратуға болады. Дамудың келесі кезеңін шартты түрде «белсенді-ерікті» деп атай отырып, автор дамудың осы кезеңіндегі қызығушылық пассивті емес, белсенді көрініс пен қиындықтарды жеңу сипатына ие екенін айтады. Жеке тұлғаның шығармашылық қабілеті мен жасампаздығының артуымен қызығушылық еріксіз сатыдан ерікті қызығушылық сатысына ауысады. Осы кезде оқушыда өзінің қызығушылығы қалыптасып, оны басқара алады, осы тұрғыда өзін қанағаттандыру үшін әдістер мен құралдарды белсенді түрде таңдай алады. Осылайша, сана, зияткерлік - бұл М.Ф. Беляевтің пікірінше, оның дамуының жоғары кезеңдерінде қызығушылықты сипаттайды [6].

Оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметіне оң көзқарасын қалыптастыруда, олардың зерттеушілік қабілетін дамытуда биология пәні үлкен мүмкіндіктерге ие. Мұнда лабораториялық немесе әртүрлі далалық зерттеулер жүргізуге болады. Қалай болғанда да алдымен зерттеу мақсаты нақты тұжырымдалады, мақсатқа жету міндеттері анықталып, жұмысты жүргізудің тиісті әдістері мен тәсілдері таңдалады, жұмыстың кезеңділігі мен логикалық дәйектілігі анықталады, мүмкін болса нәтижелер болжанады, қорытынды жасалады.

Ғылыми-зерттеу қызметі ғылыми зерттеулерге тән негізгі кезеңдердің болуын болжайды:

- ✚ проблеманың өзектілігін дәлелдеу;
- ✚ зерттеу саласын анықтау (негізі мәселелерді белгілеу);
- ✚ зерттеу тақырыбын таңдау (зерттеу шеңберін белгілеу);
- ✚ шешімге келу тәсілдерін анықтау, жүйелеу (зерттеу әдістерін таңдау);
- ✚ зерттеу жүргізудің жүйелілігін анықтау;
- ✚ ақпараттар жинау, реттеу (алған білімдерін есепке алу);
- ✚ алынған материалдарды жинақтау, талдау (белгілі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, материалдарды жинақтау);
- ✚ қорытынды жасау;
- ✚ есеп беруге дайындау (негізгі түсініктерге анықтама беру, зерттеу нәтижесі бойынша хабарлама дайындау);
- ✚ баяндама (зерттеу нәтижелерін баяндау, сұрақтарға жауап беру) [4].

Зерттеу жұмысын бастамас бұрын оқушылар осы салада басқа зерттеушілердің қандай жұмыс жасағаны туралы мәліметтермен танысады, таңдалған ғылыми тақырып бойынша картотекалар немесе әдеби дереккөздердің тізімдерін жасайды, жалпы ғылыми зерттеулерінің орны мен мағынасын анықтайды.

Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары оқу үрдісінің маңызды формаларының бірі болып табылады. Жалпы орта білім беретін мектептерде ғылыми зерттеудің теориясы мен практикасын арнайы зерделеуге арналған сағаттар көп жағдайда ұйымдастырылмайды. Сол себепті сабақ барысында оқушыларға дайын ережелерді, ақпаратты, түсініктерді беріп қана қоймай, оларды өз бетінше іздендіретін, алған білімдерін қорытындылай алатын, өздері белгілі бір тұжырым жасай алатын оқытуды ұйымдастыру қажет. Осы тұста ғылыми зертханалар мен үйірмелер, оқушылардың ғылыми қоғамы мен конференциялар, пәндік олимпиадалар - осының барлығы оқушыға толыққанды ғылыми жұмысты бастауға мүмкіндік береді.

Оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметінің формасы оқу және сыныптан тыс жұмыстардың компоненттерін қамтиды (1-сызбанұсқа) [4].



### 1-сызбанұсқа. Оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметінің формасы

Мектеп оқушыларының тұрақты ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылығын қалыптастырудың педагогикалық мәселесі балаларды қызықтырудың сұранысынан айтарлықтай ерекшеленеді. Әрине, сабаққа назар аудару, оқушының танымдық іс-әрекетінің көрінісі, сондай-ақ оның шығармашылық өсуі мен ақыл-ой белсенділігінің қарқындылығы көбінесе қызығушылық дәрежесіне байланысты болады. Сабаққа дұрыс қойылған мақсат, міндеттерге қарай мұғалім оқушылардың оқу материалын сапалы әрі саналы игеруіне жол ашады. Сонымен бірге сабақта ең маңыздысы оқушылардың шығармашылық танымдық, зерттеу әрекетін қамту қажет. Ең алдымен оқушылардың зерттеу іскерлігінің қалыптасуына сабақтағы оқушылардың оқулықпен жұмыс жасау дағдысы ықпал етеді. Оқулықпен жұмыс істеу дағдысы уақытты үнемдеуге көмектеседі. Сабақта жүйелі түрде оқулықпен жұмыс істеуде оқушы ішіндегі ақпаратпен танысып, негізгі түсініктерді бөліп алып, мәтінді оқып, жоспар бойынша мазмұнын айта алады. Оқулықтағы суреттермен, кестелермен жұмыс жасап, биологиялық терминологияны меңгереді. Биология сабақтарындағы зертханалық жұмыстарда мұғалім көмегімен оқушылар өз бетінше зерттеу жүргізеді, оның негізінде қандай да бір құбылыстардың қасиеттері туралы, зерттелетін фактілер, құбылыстар арасындағы өзара байланыс туралы қорытынды жасайды. Оқушылардың өз бетінше ізденушілік зерттеу іс-әрекеті, шығармашылық, ғылыми ойлау дағдылары дамиды. Оқытудың проблемалық, іздеу, зерттеу, эвристикалық әдістерінің, дидактикалық ойындарының, АКТ-ны пайдалану,

топтық және жұптық жұмыстарының, логикалық тапсырмалардың элементтерін пайдалану оқыту процесін анағұрлым өнімді етеді. Ғылыми-зерттеу сабақтары оқушылардың шығармашылықтарын шыңдауға, өз ойын ашық айтуға, ұжымдық ортада жұмыс жасауға, өзгені тыңдауға, жағдайаттардан шығудың дұрыс жолын тандауға мүмкіндік береді [2]. Оның бір дәлелі Семей қаласының «№30 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ-де іс-тәжірибеден өту барысында жоғарыда айтылған оқытудың белсенді әдістерінің нәтижесінде оқушылардың үшінші тоқсандағы білім сапасын екінші тоқсанмен салыстырғанда 8 сыныптарда 7%-ға, 9 сыныптарда 3%-ға, 10 сыныптарда 5%-ға артқан болатын.

Биология бойынша сабақтан тыс және сыныптас тыс жұмыстарындағы оқушылардың зертханалық ғылыми-зерттеу қызметі көбінесе тәжірибелік сипатта, мысалы, омыртқасыздар зоологиясынан коллекциялар жасап, ботаника бойынша гербарий (кеппешөп) дайындау жұмыстарын атауға болады. Бұл жағдайда оқушылар қызықты және қажетті деген мәліметтерді ала алады, мысалы, әртүрлі мекендейтін организмдердің коллекцияларына салыстырмалы талдау жасайды. Жинақтармен жұмыс жасай отырып, балалар жануарларды кескіндеу және препараттау, гербарий (кеппешөп) үлгілерін жасау дағдыларын алады. Эксперименттік зерттеу қызметі көбінесе интегративті болып табылады, химия, физика, математика, география, информатика және т.б. курстардан білім алуға ықпал етеді. Биологиялық эксперименттер жануарлар әлемінің объектілерімен, өсімдік организмдерімен, саңырауқұлақтармен, адам денсаулығына және оның өмір сүру салтына байланысты эксперименттік зерттеулер жүргізіледі. Түрлі зерттеулер организмдердің экологиясымен және жүйелік экологиямен байланысты.

Сабақтан тыс іс-әрекет биология бойынша оқу-тәрбие үдерісінің бір бөлігі болып табылады, ол базалық білік пен білімді кеңейтуге және тереңдетуге, қабілеттерін, танымдық қызығушылығын дамытуға, зерттеу жұмыстарына қатысуға, оқушылардың әлеуметтік қызметін ұйымдастыруға бағытталған.

Биология пәнінен сабақтан тыс жұмыстың маңызы:

- Пәнді оқыту шеңберін кеңейтеді, танымдық қызығушылықты қалыптастырады;
- Жеке тұлғаның сапасы ретінде дербестікті дамытуға ықпал етеді;
- Оқушылардың зерттеу іскерліктерін қалыптастырады, бағдарламада қарастырылған практикалық іскерлікті дамытуға жәрдемдеседі;
- Теориялық білімді практикада қолдануға ықпал етеді.

Биология бойынша сыныптан тыс жұмысындағы зерттеу дағдысы тек қана бақылаумен және практикамен шектелмейді. Көрнекіліктерді әзірлеу, биология пәнінен олимпиада, көрме, қабырға газетін шығару, табиғатты қорғау сияқты пайдалы жұмыстар және т.б. маңызды болып табылады [5]. «№30 жалпы орта білім беретін орта мектеп» КММ-де іс-тәжірибеден өту кезінде ғылыми-зерттеу жұмыстарына оқушылардың қызығушылықтарын қалыптастыруда 3 оқушы «USTAZ TILEGI» Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған Республикалық биология пәнінен 10 сыныптар арасындағы олимпиадаға қатысып, екі оқушы ІІ дәрежелі дипломмен марапатталса, 1 оқушы Блиц турнирге қатысып 1 орын иегері атанды. Осы жетістіктер оқушыларға одан әрі басқа да биік шыңдарды бағындыруға деген үлкен мотивацияны сыйлады.

Бағыттарының әр түрлілігімен сыныптан тыс жұмыстар ерекшеленеді. Биологиядағы сыныптан тыс жұмыстың нәтижелері оның ұйымдастырылуы мен мазмұнына тікелей байланысты. Биология пәніндегі сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың қызығушылығын қалыптастыруда қоршаған орта, ауыл шаруашылығының салалары, табиғатты қорғау және оның проблемаларын жеткізу, көрнекіліктерді әзірлеу сияқты мәселелермен бір тұтас байланыстыру қажет.

Оқушылардың ғылыми жұмыстарының ерекше бір бағыты - далалық зерттеулер. Табиғатта зерттеулер жүргізу көптеген субъективті және объективті факторлармен байланысты: организмнің жеке ерекшеліктері (әртүрлі ландшафттарда, әртүрлі табиғи

ортада, белгілі бір уақытты ескере отырып, әртүрлі климаттық жағдайларда жұмыс істеу қабілеті мен физикалық мүмкіндігі), аймақтың климаттық ерекшеліктері, жұмыс ұзақтығы (бір реттік, маусымдық, көпжылдық) және т.б. Зерттеу тақырыбын таңдағанда осы факторлардың барлығын ескеру қажет, себебі жұмыстың нәтижесі көрінбеуі мүмкін. Сонымен қатар, мектептегі зерттеулерді ұйымдастыру кезінде оқушылардың табиғатқа шығуына байланысты бюрократиялық жоспардағы қиындықтардың пайда болу мүмкіндігін ескеру қажет. Сондықтан, дала жұмыстарын жоспарлау кезінде, мүмкін болса, оқиғалардың барлық нұсқаларын есептеп, күтпеген жағдайлар үшін кестеге резервтік уақытты енгізу қажет. Әрине, далалық зерттеулерге шығар алдында жұмыстың барлық қатысушылары міндетті түрде қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтан өтеді, ол зерттеу аймағының табиғи жағдайларының ерекшеліктеріне байланысты үнемі түзетіліп отырады [3].

Табиғатта жан-жақты зерттеулер жүргізу кезінде оқушылар осы аймақтың флорасы мен фаунасының сирек кездесетін және Қызыл кітапқа енген өкілдерімен алдын-ала танысады. Олар жер бетінде өмір сүретін барлық тірі ағзаларға ұқыпты, адамгершілік көзқараста болады. Флора мен фауна өкілдеріне ғана емес, сонымен бірге олардың тіршілік ету ортасының сақталуына назар аударады.

Табиғатта зерттеу жүргізу міндетті түрде далалық күнделікке деректерді жазумен бірге жүреді. Жазбалар неғұрлым ақпараттандырылған болса, жұмыстың соңғы сапасы соғұрлым жоғары болады. Әдетте, күнделікте зерттеудің жүргізілген күні мен уақыты (бастапқы және соңғы), жүргізілген орны (географиялық және экологиялық сипаттамасы), климаттық жағдайлары (зерттеу кезіндегі ортаның абиотикалық факторлары) көрсетіледі, жергілікті жердің жоспарын сызады және т.б. Далалық күнделікпен бірге компас, сағат, өлшеу таспасы, жазуға арналған құралдар, сондай-ақ табиғи нысандарды көрнекі түрде тіркеуге мүмкіндік беретін камера немесе бейнекамера болуы керек.

Алайда оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылығының қалыптасуына бұдан да бөлек іс-әрекеттер өз ықпалын тигізеді. Соның бірі – биология пәні бойынша оқушылардың үй жұмыстары. Үй тапсырмасы әр оқушының өз деңгейінде, өз әдістеріне, өзіне ыңғайлы жағдайларда (сыныптағы партада емес) білім алуында жоғары дербестік көрсетуге мүмкіндік береді.

Үй жұмыстарында оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызықтыруда үйге берілген тапсырма параграфты оқып, тақырып соңындағы сұрақтарға жауап берумен шектелмеуі қажет. Соған байланысты үй жұмысы келесідей түрлерге бағытталуы керек: оқулықтағы тапсырмалар мен сұрақтарға жауап беру, оқу біліктілігін меңгеру, тапсырмаларды орындау; ғылыми әдебиеттерді, журналдарды, табиғат, тіршілік әрекеті бойынша анықтамаларды оқу; энциклопедиялар қолдану; берілген тақырыптар бойынша рефераттар мен суреттер дайындау; табиғи объектілермен практикалық жұмыс (бақылау және тәжірибе, жұмыс нәтижелерін рәсімдеу); мұғалімнің тапсырмасы бойынша немесе өз қалауы бойынша көрнекі құралдарды (сызбалар, эскиздер, суреттер, фотосуреттер, бейнежазбалар және т.б.) дайындау. Үй жұмысына берілген тапсырмалардың нәтижесінде оқушылардың шығармашылық, ойлау қабілеттері дамып белсенділіктері жоғарлайды [5].

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, жас тұлғаның шығармашылық бастауларын қалыптастыруда ғылыми-зерттеу жұмысының рөлінің маңыздылығын тағы бір рет атап өткен орынды. Әрине, мұғалім дұрыс қалыптастырған және оқушының сәтті орындаған зерттеуі биология ғылымын тереңірек және тұрақты қабылдауға ықпал етеді. Тәжірибелерде көрсеткендей, егер жұмыс нәтижелері практикалық (және тез арада) қолданылса, жүргізілген зерттеудің моральдық қайтарымы өте жоғары.

Мектепте біз оқушыны теориялық білімін практикалық тұрғыда қолдана алуына баулуымыз керек, оған ғылым мен техниканың жетістіктеріне сәйкес арманға жетуге, өз жолынды дәл табуға, ғылымға жетелейтін қабілеттерін ашуға көмектесуіміз керек. ХХІ ғасыр - білімділер ғасыры. Сондықтан, сана сезімі жоғары дамыған, ақылды, жан-жақты парасатты ұрпақ қажет екенін ұмытпауымыз керек.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Психология и педагогика: учебное пособие / [Под ред. А.А. Бодалева, В.И. Жукова, Л.Г. Лаптева, В.А. Сластенко]. – М.: Изд-во Института психотерапии, 2002. – 480 с.
2. Тимофеев А.Н. Принципы организации научно-исследовательской деятельности школьников в области биологии и экологии /Известия ВГПУ, том 260, №1/2013 Естественные науки
3. Савенков А.И. Исследовательское обучение – возможность преодолеть «образовательный предел» / А.И. Савенков // Директор школы. – 2003. № 10. – С. 35-40.
4. Шленкина Т.М. К вопросу об организации научноисследовательской работы студентов/381-385с
5. Мырзабаев А.Б. Биологияны оқыту әдістемесі.-2008, Қарағанды
6. Верзилин Н.М. / В.М. Корсунская Общая методика преподавания биологии: учебник.- М., 1976.- 384

**Сапарова Г. С., Жармухаметова Р. О., Рүстемұлы М.**

**БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ЖОҒАРЫ ТӘРТІПТЕГІ КОГНИТИВТІ ДАҒДЫЛАР  
АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДАРЫНДЫЛЫҒЫН ДАМУ  
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ**

Күнделікті өмірдегі болып жатқан оқиғалар мен өзгерістер ерекше көзқарасты талап етеді, себебі ақпарат секунд сайын әлемнің кез – келген бөлігінде пайда болатын үлкен күшке ие. Тұжырымдар өзгеріп толықтыруларға ұшырайды, білімнің базасы жаңарады, кей ұғымдар басқа қырынан танылады. Осындай қарқынды жылдамдықпен сипатталатын әлем ешқашан бір орында тұрмайды. Осыған орай адам да ұдайы даму перспективасын алға тартатыны мәлім. Ойлау, шығармашылық қабілеті бар адамның миын табиғаттың ең үлкен сыйы ретінде қарастыруға болады, және бұл мағынада "дарындылық" енді даралық емес, әр адамның бойында арнайы стимулдар арқылы оянуға қабілетті табиғаттың "сыйы"ретінде тұжырымдалады. Педагогикада кем дегенде екі практикалық мәселе "дарындылық" ұғымымен байланысты болуы керек: дарынды балаларды арнайы оқыту мен тәрбиелеу және әр баланың зияткерлік және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған жұмыс. Көп жағдайда екінші мәселе бойынша жұмыс жасау осы уақытқа дейін өзін – өзі ақтаған аспект болып табылады, себебі әр адам өзінше дарынды және нағыз педагог ол дарындылықтың сырын таба алуы қажет. Осы ретте дарындылықты оятудың көзі ретінде когнитивті дағдыларды қарастырып өтуге болады.

Дарындылық – бұл адамның бір немесе бірнеше қызмет түрлерінде (басқа адамдармен салыстырғанда) жоғары және ерекше нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндігін анықтайтын өмір бойы дамуға қабілетті психикалық сапа [1].

Дарындылықты анықтау қолданылатын диагностикалық әдістердің жоғары болжамдылығын талап етеді, өйткені біз әлі де қалыптаспаған қабілеттер жүйесі туралы айтып отырмыз, оны одан әрі дамытуды жеке белгілер мен алғышарттар негізінде ғана бағалауға болады. Оқушының бойында дарындылық айқын немесе жасырын түрде болуы мүмкін. Осыған сай мұғалімнің жұмыс істеу бағыты да өзгеріске ұшырайды. Жоғарыда атап өткендей қазіргі таңдағы мүмкіндіктер мен күзиреттілігі жоғары ұстаздар, материалдық база және т.с.с факторлар әр баланың дарындылығын оятуға себепші бола алады.

Айқын дарындылық баланың іс-әрекетінде айқын көрінеді. Баланың жетістіктері соншалықты айқын, оның дарындылығы ешқандай күмән тумады. Сондықтан, жоғары ықтималдығы бар балалар дарындылығы саласындағы маман дарындылықтың болуы немесе баланың жоғары мүмкіндіктері туралы қорытындыны сенімді жасай алады. Осы тұста ұстаз "жақын даму аймағын" толыққанды бағалай алады және осындай "қабілетті

баламен"одан әрі жұмыс істеу бағдарламасын дұрыс белгілей алады. Дегенмен, әрдайым дарындылық соншалықты айқын емес [2].

Жасырын дарындылық баланың іс-әрекетінде айқын емес, жасырын түрде көрінеді. Нәтижесінде мұндай баланың дарындылық қабілеттерінің жоқтығы туралы қате тұжырым жасау қаупі үнемі туындайды. Педагогикадағы осындай қателіктер оқушылардың қабілеттерін дамыту үшін қажетті көмек пен қолдаудан айырады.

Жасырын дарындылықтың себептері көбінесе арнайы психологиялық кедергілердің болуымен байланысты. Олар қабілеттердің дамуы мен интеграциясы жолында пайда болады және дарындылықтың көрінісін айтарлықтай бұрмалайды. Дарындылықтың жасырын формалары табиғатта күрделі және көбінесе айқын көріністен аулақ, алайда арнайы стимулдарды қажет ететін, болжанбайтын психикалық құбылыстар болып табылады. Жасырын дарындылығы бар баланың қабілеттерінің ауқымын дәстүрлі әдістермен (психометриялық тесттер, әртүрлі зияткерлік жарыстардың нәтижелері және т.б.) бағалау өте қиын (кейде мүмкін емес). Дарындылықтың осы түрімен балалардың іс – әрекеттерін ұйымдастыру – бұл баланың мінез-құлқын талдау әдістерінің көп деңгейлі кешенін қолдануға, оны әртүрлі нақты іс-шараларға қосуға, дарынды ересектермен қарым-қатынасын ұйымдастыруға, оның жеке өмір сүру ортасын байытуға, оны оқитудың инновациялық формаларына тартуға негізделген ұзақ процесс болып табылады.

Когнитивті дағдылар оқушыға білімнің төрт түрін меңгеруге мүмкіндік береді: нақты (фактілер мен оқиғалар), тұжырымдамалық (теориялар мен модельдер), процедуралық (әдіснама мен процестер) және метакогнитивті (әдістер мен практикаларды түсіну). Жоғары тәртіпті ойлауға негізделген бұл білім түрлері оқушылардың жоғары тәртіптегі когнитивті мінез-құлқын қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Оқушылардың білімдерін қалыптастырудың шығармашылық тәсілдері танымдық қабілеттерін одан әрі күшейтуге өз септігін тигізеді [3].

Чуприкова Н. И ойынша анализ және синтез дағдылары адамның бастапқы когнитивті дағдыларының дамуы барысындағы нәтижелерге байланысты қалыптасуы керек. Сонымен қатар анализ және синтез процестерінің сапасын когнитивтік жүйелердің қалыптасуға қабілетімен анықтауы тиіс. Осылайша біз екіжақты байланыстың пайда болатынын бақылай аламыз. Осы қасиеттер неғұрлым жоғары болса, онда когнитивті дағдылардың жоғарғы шегіне жетуге болады, ал когнитивті қабілеттер жоғарылаған сайын анализ және синтезге қабілеттілік едәуір артады [4].

Бұл тұрғыдан "когнитивті қабілеттер" және "ақыл-ой қабілеттері" синонимдер болып табылады, өйткені С. Л. Рубинштейннің гипотезасы бойынша ақыл- ой қабілеттіліктерінің орталық компоненті ретінде дәл осы анализ бен синтез көрсетілген [5].

С. Л. Рубинштейн былай деп жазды: "Кез-келген дүниені терең тану үшін ішкі байланыстарды, заңдылықтарды және маңызды қасиеттерді байланыстыра отырып ашу қажет. Бұл ойлау операциялары – анализ және синтез арқылы жүзеге асырылады" [6].

Анализдің кез- келген жоғары формасы синтезбен тікелей байланысты. Элементтердің кешендерін бөліп алудың өзі анализдің синтезбен бірге жұмыс жасайтындығын, ал синтез өз алдына анализдің маңызды әрі міндетті бөлігі екендігін көрсетеді. Осылайша, қарапайым және күрделі қызмет түрлерінде анықталатын анализ бен синтездің дамуындағы негізгі заңдылықтар - талдау мен синтездің деңгейін теңестіру, олардың тығыз жақындасуымен сипатталады.

Жоғарыдағы екі ұғымды бір арнаға тоғыстыру үшін ауқымды жұмыс атқарылуы тиіс. Когнитивті дағдылардың төменгі, ортаңғы және жоғары деңгейлері болады. Сәйкесінше дарындылықты дамыту барысында жоғары когнитивті дағдылардың орны үлкен. Мысалы ақпаратты талдау компоненттері мен олардың атрибуттарын анықтауды, заңдылықтарды және себеп-салдар байланыстарын тануды, орталық және перифериялық идеялар арасындағы саралауды, нақты және интерпретациялық қателерді анықтауды және өңдеуді, яғни "дұрыс емес"дегенге түсініктеме беруді кез – келген оқушы бірден атқарып кете алмайды.

Аталған іс – әрекеттерді жүзеге асыру барысында оқушы мен ұстазБлум таксономиясы негізінде кезең – кезеңімен танымдық процесстерді орындау арқылы келесі деңгейге логикалық бағытта қозғалуға тиісті. Оқушылардың бойында дарындылықтың мотивациясын ұстап тұруға және дарындылықты оятуға бағытталған жұмыстар когнитивті дағдылардың анализ және синтез бағыттары бойынша жүргізілуі тиіс. Ал әр оқушының когниивті дағдылары шын мәнінде дамуға қабілетті екендігін ескерсек, онда кез – келген оқушы жоғары танымдық іс – әрекеттерді орныдауға қабілетті болып табылады. Демек дарындылықты анықтайтын критерийлер де осы дағдылар негізінде анықталады. Жалпы алғанда дұрыс құрастырылған оқу – әдістемелік кешен мен жоғары тәртіптегі когнитивті дағдылардың тиімді коллобарациясы дарындылықты дамытудың негізгі алғышарты болып табылады.

Бүкіл әлемдегі педагогтар мен ғалымдардың табысты еңбегі нәтижесінде қазіргі таңда сын тұрғысынан ойлау технологиясы жасап шығарылды. Ең алдымен оқушының бойында қызығушылықты туындатуға арналған әр түрлі әдістермен (зерттеушілік және шығармашылық дағдылар) жасақталып, артынан оларға материалды түсіну үшін жағдайларды жасау және алынған білімді жинауға көмектесетін технология болып табылады. Басқаша айтқанда, бұл нақты пәндік мазмұнына қарамастан оқу қызметінің түрлері бойынша оқу жұмысының тәсілдерін біріктіретін стратегиялар жүйесі [7].

Бұл технология оқушыларға ақпаратты интеграциялаудың әр түрлі тәсілдерін меңгеруге мүмкіндік береді, оларда әртүрлі тәжірибені, идеяларды және түсініктерді ұғыну негізінде өз пікірін өңдеу, дәлелдемелердің ой-өрісін және логикалық тізбегін құру, өз ойларын қоршаған ортаға қатысты анық, сенімді және дұрыс білдіру қабілетін қалыптастырады. Егер сын тұрғысынан ойлауға бағытталған тапсырмалар мен жаттығуларды үнемі ұсынып, оларды қолдап отырсақ бұл қабілеттіліктерді оқушылардың бойынан оятуға болады. Ол үшін сын тұрғысынан ойлауды дамытуға арналған тапсырмалардың алуантүрлілігін әр сабақ барысында оқушыларға ұсынып олардың кез- келген жағдайларда меңгерген дағдылары мен білімдерін қолдануға баулу керек.

Сын тұрғысынан ойлау автоматты түрде белгілі бір саланы меңгеру барысында пайда болмайды. Ал, солай болғанын қалаған күннің өзінде белгілі бір ретпен жүйеленген ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізу шарт. Физикалық дағдыларды меңгеруге жұмсалған уақыт, тәжірибелік сабақтар мен арнайы оқыту сияқты қажеттіліктер сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту үшін де аса қажет [8].

Сын – тұрғысынан ойлау өзінің қатарына түйсік, дивергентті ойлау, шығармашылық ойлау, сұрақтарды дұрыс тұжырымдау, индукция және дедукция сияқты процесстерді қосады. Осы танымдық іс – әрекеттер әдетте дарынды балалардың бойында және дарындылықты дамыту барысында ұстаздың әдіс – тәсілдер жүйесінде үнемі қолданылады, себебі олар ұдайы сұрақтарды өзара логикалық тұрғыда байланыстырып әлемді тануға үлкен қадамдар жасайды. Дарындылығы айқын оқушылардың да сабаққа деген қызығушылықтары мен мотивациясын ұстап тұру үшін де аса қажет [9].

2019 – 2020 оқу жылдарында «Т. Аманов атындағы Семей қаласының № 16 ЖОББ» КММ— інде жүргізілген зерттеу жұмыстары негізінде оқушылардың жоғары тәртіптегі когнитивті дағдыларын дамыту барысында топтық және мәтінмен жұмыс, сын тұрғысынан ойлауға бағытталған тапсырмалардың орны үлкен екендігін көруімізге болады. Оның дәлелі ретінде С деңгейлі оқушының А деңгейлі оқушымен бірдей дағдыларға ие болғандығын және тапсырмалар орындау барысында танымдық процесстердің жоғары нәтижесін көрсеткендігін атап өтуге болады. Оқушылар әрбір құбылыстың пайда болуына немесе нақты заттардың әрекеттерін түсініп қана қоймай, оларды талдап өз ойларын білдіріп мұғаліммен тығыз қарым- қатынас жасағаны жөн.

Осы тұста оқушыларға ұсынған тапсырмаларымның ішінде видеоматериалды талқылау, талдау және ассоциативті карталарды құрастыру сияқты әдістерді әрбір сабақта қолдануға тырысу қажет. Күн сайынғы осындай тапсырмалар алғашқыда оқушылардың кейбір топтарына ғана қызықты болса, кейіннен бұл үдерістің жиілігі оқушыларға сын



тұрғысынан ойлаудың маңыздылығын түсіндіріп қана қоймай олардың іс- әрекеттерін активті формаларға көшуіне ықпал етеді. Біздің зерттеуге бөлінген сыныпта аптасына 4 мәрте биология сабағының жүруі мониторинг жасаудың ең тиімді тұсы болғанын атап өткен жөн. Әр сабақтың мақсаттары Блум таксономиясының когнитивті дағдыларының деңгейіне байланысты жүзеге асты (График 1 және 2).

Графикте көрсетілгендей кез- келген оқушы Блум таксономиясы негізінде әр сатыға дұрыс ұйымдасқан жұмыс нәтижесінде көшуге қабілетті. Осы арада дарынды оқушылардың танымдық процесстерінің жоғары болуы, олардың әр құбылысты біліп түсінуге бағытталған сұрақтар жүйесінің негізін дәл осы таксономия негізінде таба аламыз. Жоғарыдағы тұжырымдар, сонымен қатар, дарынды балалардың іс-әрекеттері тікелей жоғары тәртіптегі когнитивті дағдылардың үлкен рөлін көрсетеді.

Іс— тәжірибе бір сыныптағы фокус топтарға жүргізілді. А, В және С деңгейлі оқушылар таңдалып алынды. 10 сабақ бойынша жүргізілген нәтижелерге байланысты әр оқушының білім, білік, дағдыларының жоғары сипатқа ие болғандығын көруімізге болады. Әрине, бастапқыдағы бұл көрсеткіштер тұрақсыздығы нәтижелі жұмысты талап етті. Фокус топ бойынша жүргізілген жұмыстар келесідей нәтижені көрсетті (График 3 және 4).

А деңгейлі оқушының когнитивті деңгейін тұрақтандыруға бағытталған іс – әрекеттер: оқуға деген ынта- жігері мен қызығушылығына сай сараланған тапсырмалармен қолдау.

В деңгейлі оқушының когнитивті деңгейін арттыруға бағытталған іс – әрекеттер: әрекетін активті формаға көшіруге және өз – өзінің біліміне сенімділігін арттыруға бағытталған әдіс – тәсілдер.

С деңгейлі оқушының дағдыларын дамытуға бағытталған іс – әрекеттер: оқуға деген стимулын арттыру және сыныптағы орнын анықтауға көмектесетін технологияларды пайдалану.

Демек, дарындылық әр оқушының бойында бар. Оны анықтау ұзақ әрі күрделі болғанымен әлемдік тәжірибе оның мүмкін екендігін көрсетеді. Қазақстан сияқты дамушы мемлекет үшін қашан да өз ісінің шеберлері елімізді көркейту жолындағы ең басты қозғаушы күш болып табылатыны айтпаса да түсінікті. Сын – тұрғысынан ойлау, аналитикалық және шығармашылық танымдық процесстерінің негізіндегі жоғары тәртіптегі когнитивті дағдылар бізді бүгінгі таңдағы педагогикадағы үлкен өзгерістерге алып келді, ал оларды тиімді әрі ұтымды пайдалану – біздің, яғни, ұстаздардың қолында.

Оқушылардың дарындылығы – күрделі және көп өлшемді құбылыс. Дарындылық мәселесіне қатысты көзқарастарды анықтауға арналған көптеген әдіс – тәсілдер бар. Әсіресе тиімділік көрсеткендері: сын- тұрғысынан ойлау технологияларын қамтитын әдістері («Интеллект карталар», «Ассоциативті қатарлар», «Фишбоун», «Венн диаграммасы»); топтық жұмыс барысындағы әдістер жиынтығы («Миға шабуыл», «Қарлы көш», «Зиг- заг», «Постер қорғау», «Кластерлер»); мәтінмен жұмысқа тиесілі әдістер («Редакциялау», «Бөліп оқу», «Белгілеп оқу», «Зиг- заг») мен фактлерді білу, қолдануға бағытталған әдістер.

Қазіргі таңда дарындылық феноменін талдауға жеңілдетілген тәсілдің жеткіліксіздігі анықталды, ол тек баланың қабілет саласымен шектелген. Балалардың дарындылығының ерекше құбылысын нақты қарастыру дарынды баланың жеке басының қабілеттерін де, ерекшеліктерін де, оның адамгершілік, рухани келбетін де ескеретін әдіс – тәсілдерді қажет етеді.

Дарынды балаларды анықтау баланың дарындылығын сәйкестендірудің кешенді және дараландырылған бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылуға тиіс. Мұндай бағдарлама көптеген түрлі ақпарат көздерін пайдалануды, баланың даму процесін ұзақ уақыт бойы талдауды, сондай-ақ психодиагностиканың жарамды әдістерін қолдануды қамтиды. Атап айтқанда, дарындылықты диагностикалау таңдау мақсатына емес, дарынды баланы тиімді оқыту мен дамытудың құралы болуы керек. Сонымен қатар, дарынды балалармен жұмыс

істейтін мамандарға ерекше талаптар қойылады және осы мамандарды даярлаудың тиісті формаларын ұсынады.

График 1

Ассоциативті суреттер мен интеллект карталарды талдау тапсырмаларының алғашқы нәтижелері




График 2

Ассоциативті суреттер мен интеллект карталарды талдау тапсырмаларының соңғы нәтижелері





График 3



График 4



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Хуторской А.В. «Развитие одаренности школьников: методика продуктивного обучения» - М; 2000 г.Марм
2. Дружинин, В. Н. Психология общих способностей. 3-е изд. – СПб. : Питер, 2007. - 368 с.
3. Руководство для учителя. 3 уровень. – Астана, 2013.
4. Чуприкова Н.И. Психология умственного развития: Принцип дифференциации. - Монография. - М.: Столетие, 1997. — 480 с.
5. Рубинштейн, С.Л. Основы общей психологии / С.Л. Рубинштейн. - СПб.: Питер, 1999. - 720 с.
6. Рубинштейн, С.Л. Принцип творческой самодеятельности / С.Л. Рубинштейн // Вопросы психологии. - 1986. - №4. - С. 101-108.
7. Клустер Д. Что такое критическое мышление? // Критическое мышление и новые виды грамотности. – М.: ЦГЛ, 2005. – С. 5-13.
8. Marzano, R. J. (2000). Designing a new taxonomy of educational objectives. Thousand Oaks, CA: Corwin Press.
9. Диана Халперн. Психология критического мышления. – 4-е междунар изд. – СПб.: Питер, 2000 – 512 с. –<http://www.alleng.ru/d/psy/psy026.htm>

**Сапарова Г.С, Ануарбекова А.Н**  
ДИАЛОГТІ ОҚЫТУ СЫН-ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ DAҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДЫҢ  
ТИІМДІ ШАРТЫ РЕТІНДЕ

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ  
[saparova-g@mail.com](mailto:saparova-g@mail.com)  
[anuarbekova98@inbox.ru](mailto:anuarbekova98@inbox.ru)

**Кілттік сөздер:** диалогті оқыту, сын-тұрғысынан ойлау, сындарлы оқыту, когнитивті дағдылар, коммуникативті дағдылар, жіңішке және жауап сұрақтар, даму.

Оқытуда белсенді педагогикалық әдіс—тәсілдерді сабаққа енгізу арқылы оқушы бойына заман талабына сай, сын-тұрғысынан ойлай алу мен шұғыл шешімдер қабылдай білуді, белсенділік пен бәсекеге қабілеттілік сынды ХХІ ғасыр дағдыларын қалыптастыра аламыз. Оқыту, тәрбиелеу үрдісінде педагогтің таңдаған тиімді оқыту тәсілі маңызды рөл атқарады.

Осы орайда, оқушылардың сын - тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытудың заманауи қоғамның өмірінде алатын орны ерекше екендігін көрсеткіміз келеді. Дәлірек айтқанда, сын -тұрғысынан ойлау диалогты оқытудың ең маңызды бөліктерінің бірі. Оқыту процесіне қатысушылар, яғни ұстаз бен оқушы, оқушы мен оқушы арасында жүзеге асатын диалогті оқытуда бір-біріне ашық түрде ойын, пікірін жеткізу және өзара түсіну орын алатынын, соның нәтижесінде оқушылардың коммуникативті, жоғары когнитивті дағдылары дами түсіп, сәйкесінше «сын-тұрғысынан ойлау» дағдылары да эффективті түрде дамитындығына көз жеткізе аламыз.

Александр мұғалімдердің диалогты оқыту нәтижесінде оқушылардың оқуы мен сын - тұрғысынан ойлауын дамытып қана қоймай, сыныптағы қарым-қатынасты күшейтетінін, оқушылардың білім алуға деген ынтасының артатынын көрсеткен. Александр оқытудағы диалогты – қарым-қатынас жасаудың бірсарынды үдерісі емес, керісінше, идеялар екіжақты бағытта жүреді және осының негізінде оқушының білім алу үдерісі алға жылжиды деп тұжырымдайды. Диалог барысында оқушылар келісілген нәтижеге жету үшін күш-жігерін жұмсайтын және Мерсер сипаттағандай, білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады [1].

Выготскийдің түсініктері диалогтық оқыту концепциясын қалыптастырды, мұнда сөйлеу тілі оқытуда негізгі рөл атқаруы тиіс екені көрсетілген, себебі оқушылардың сыныптағы пікірталасқа қатысуы олардың ойлау процестеріне әсер етудің ең күшті құралы болып табылады. Выготскийдің пайымдауынша диалогті оқыту барысында оқушылар материалдарды ауызша айтады, сұрақтарға жауап беріп, сұрақтар қояды соның нәтижесінде ақпараттардың есте қалу мүмкіндігі көбірек болады деп есептеген [2].

Сын-тұрғысынан ойлау дағдылары қалыптасқан, дамыған оқушының Выготский ұсынған «Жақын арадағы даму аймағына» жету мүмкіндігі де кең екені анық. Сын-тұрғысынан ойлау дағдылары биология пәнінде өте маңызды элемент. Себебі, жаңартылған білім беру бағдарламасының негізі болып табылатын, спиральды оқыту жүйесінде оқушы биологиялық ұғымдарды, процесстер мен құрылымдарды жете түсініп қана қоймай, алған білім қолданып, анализ және синтез жасап, соңында бағалау деңгейіне де жете алуы тиіс. Білім алушыда осы мақсатты орындауда белгілі бір қиындықтың туындау ықтималдығы бар екенін де ұмытпағанымыз жөн. Аталып отырған мәселерді шешуге деген ұмтылыс оқушы бойындағы сын тұрғысынан ойлау дағдысын дамыта түседі, сәйкесінше тиімді оқыту жүзеге асады.

Тиімді оқытудың орындалуының ең негізгі факторы ол: мұғалім қызметінің сапасы – күрделі феномен, оның мазмұны мен өлшем құралдары жайында бірыңғай пікір жоқ. Мұғалім жұмысының тиімділігін анықтау өлшемі жөнінде түрлі пікірлер бой көтереді: ол мұғалімнің жетістіктері, оқыту үдерісі, оқыту нәтижесі немесе жоғарыда аталған барлық факторлардың жиынтығы болуы мүмкін [3].

Тиімді оқыту – мұғалім бейнесімен танылатын сан алуан элементтер арасындағы байланыс болып табылады, ол өзі белгілі бір деңгейде тәуелді жағдайлар жасалынған

кезде жүзеге асырылады. Тиімді оқыту білім алуға мүмкіндік беретін нақты жағдайларды жасаумен қатар, сол жағдайлармен оқытушының өзі де тығыз байланыста болуы арқылы орындалады. Сапалы оқыту оқушылардың қоршаған орта жағдайы және оқу, білім алу мүмкіндіктерінің бірлігі ретінде қарастырылады [3].

Оқытудың белсенді формалары тиімді оқытуды жүзеге асырудың негізі шарты ретінде келесі нәтижелерді береді. Белсенділіктің 3 деңгейі:

- қайта жаңғырту белсенділігі — оқушының білімді түсінуге, есте сақтауға, қайта жаңғыртуға тырысуы, яғни, үлгі бойынша пайдалану тәсілдерін меңгеруі.
- интерпретация белсенділігі — оқушының оқытылған материалдың мәнін түсінуге, осы ақпараттардың арасындағы байланысты түсінуге тырысуы, яғни, ақпаратты (білімді) үлгі бойынша емес, өзгертілген жағдайда пайдалану тәсілдерін меңгеруі.
- шығармашылық белсенділік — оқушының мәселені шешу жолдарын өз бетінше іздеуі, яғни, танымдық қызығушылығын көрсете білуі.

Белсенді оқытуды ұйымдастырудың формалары :

- әр түрлі деңгейдегі дәрістер (мәселені шешуге бағытталған дәрістер, көзбен шолып байқауға бағытталған дәрістер, пресс-конференциялар, нақты жағдайларды талқылауға бағытталған дәрістер және т.б);
- топтық жұмыстарды ұйымдастыру жолдары (оқушыларды ақпарат алмасуға бағыттайтын жаттығулар, атап айтсақ «мозаика», «миға шабуыл», семантикалық карта құрастыру)

Диалогті оқытудың қолданылу аясы қарастыратын екі көзқарас бар. *Біріншіден*, оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі, *екіншіден*, оқытудың оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас нәтижесі ретінде қарастырылуы.

Диалогті оқытуға негізделген сабақтар оқушыларға өз білімдері мен ұстанымдары жайында ойланып, сұрақтар қойып, білімін толықтырып, белгілі бір тақырыпты оқып - білу кезеңінде өз түсінігін өзгертуге мүмкіндік береді. Бұл үдеріс оқушының өз болжамдарына күмәнмен, сын-тұрғысынан қарай отырып, сол арқылы әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігін ұлғайтады.

Оқытудың бұл түрінде оқушылар өте маңызды рөл атқарады: олар сыныптастарымен әлеуметтік байланыс жасау арқылы белсенді түрде білім жинақтайды. Мұғалім оқушылардың оқуына мүмкіндік тудырып, оқу материалы және өзге де қажетті құралдармен қамтамасыз етеді, ал оқушылар өз кезегінде пән бойынша өз түсініктерін арттыру іс-әрекеттеріне ынталы болғаны абзал.

Оқытушы тарапынан жүргізілген сын – тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған диалогті оқытудың негізгі мақсаты әрбір оқушының ойлау қабілетіндегі белгілі бір дағдылары мен жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту. Соның ішінде :

- сарапатама жасай білу, салыстыра білу, негізгісін анықтай білу, мәселені шеше білу, өзін-өзі баламалы бағалай білу, жауапты болу, өз бетінше жұмыс істей білу.

Жоғарыда аталғандардың барлығы балаға өмір жолын бастауға қажеттіліктер деп атасақ та болады. Мұғалімнің міндеті барлық ақпаратты айтып немесе көрсетіп қана қою емес, сонымен қатар оқушыға ойлауды дәріптеп, сол тапқан ақпараттарын практика жүзінде қолдана білуді үйрету. Құзырлы мұғалім оқушыларға, ортаға және ресурстарға лайықтап, нақты кезеңде қолданылуы тиімді оқыту элементтерін «реттеп» отырады. Шындығында, оқытудың сапалы және табысты болуы белгілі бір деңгейде мұғалімнің қалыптасып отырған жағдайларға бейімделе алуына да тығыз байланысты.

Білімді меңгеру барысында оқушыда туындаған немесе оқытушының дайындаған сұрақтарының деңгейі сын-тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту мақсатында қолданылған диалогті оқытудың негізгі ерекшелігі болып табылады. Тарқата кетсек, осы тиімді оқыту тәсілін қолданудың бастапқы кезеңінде қарапайым сұрақтардан бастап, кейіннен «жуан», яғни күрделі сұрақтарға көшкен жөн. Осындай механизм арқылы

«қарапайымнан күрделіге» процесін толықтай жүзеге асыра аламыз. Оқушы да бірте келе деңгейі жоғары қиындықтан шығуға, мәселенін шешімін табуға бейімделетін болады. Алғашқыда қойылатын «Бұл не?», «Мынау қандай?» сынды сұрақтарға қысқа әрі стандартты жауап алсақ, процесс орынды жүрсе соңында «Не себепті бұл зат осындай?», «Бұл қалай жүзеге асады?», «Оған не әсер етеді?» сияқты зерттеуді, ойлауды, ізденіс пен қызығушылықты талап ететін жуан сұрақтарға жауап ала алатын боламыз. Неғұрлым оқушыларға жоғары дәрежелі сұрақ қойған сайын олардың ойлау, талдау, қорытындылау, бағалау қабілеттерін жетілдіріп, ойлаудың жоғары деңгейіне көтеруге болады. Бірақ, сұрақты қойғанда да оқушының қабілетіне, деңгейіне қарай қою керек. Диалогті оқытуды кеңінен қолдана отырып, тек жауап алуға ғана емес сонымен қатар, оқушының дұрыс сұрақ құрастыра алуына да қол жеткізетініміз де анық. Оқушының қойған сұрағына қарап оның ойлаудың қай деңгейіне жеткендігін білуге болады.

Білім беруде үнемі өзекті болып табылатын, оқу сапасы мен білім көрсеткіштері, білім алушы бойында қалыптасқан дағдылардың қалыптасуы барысын және қолданалытын оқыту формалары, тәсілдерін анықтау мақсатында зерттеу жүргіздік. Зерттеу нысаны – жалпы орта білім беретін мектептің жоғарғы сынып оқушылары болды. Жүргізілген зерттеудің мақсаты - биология сабақтарында диалогты оқыту әдістерін қолдана отырып, оқушылардың оқу сапасын және сын тұрғысынан ойлау мүмкіндіктерін дамытудағы рөлін анықтау болды. Осы мақсатқа жету үшін, ең алдымен зерттеу жүргізілетін сынып оқушыларының білім сапасы, оқу көрсеткіштері мен ендігі қалыптасқан, дамыған жоғарғы когнитивтік, сын-тұрғысынан ойлау дағдылары мен оқуға деген ынтасын бақылап, мониторинг жасадық (қосымша – 1 а, ә). Диалогті оқыту мен сыни ойлау туралы ғалымдар еңбектерімен танысып, білім берудің тиімді әдіс-тәсілдерінің және деңгейік тапсырмалардың кешенін құрдық. Зерттеуіміздің алғашқы кезеңдерінде мақсатқа жету көрсеткіштерін нақтылы есепке ала алу үшін фокус-топтарын анықтап алдық. Сынып оқушыларының диалогті оқыту туралы пікірлерін білу мақсатында зерттеу басында және соңында сауалнама алынды (қосымша - 2). Жүргізілген бұл зерттеуде күтілетін нәтиже – дәл осы диалогті оқудың оқушы бойындағы сын-тұрғысынан ойлау дағдыларына оң әсер ететінін дәлелдеу.

Зерттеу мақсатына жету үшін келесідей оқыту формалары қолданылды:

- Жеке жұмыс – бұл оқыту формасын қолдануда мұғалім мен оқушы арасында диалог жүріп отырды, зерттеудің алғашқы кезеңдерінде оқушылардың сұрақ қою және жауап беру деңгейлері орташадан төмен болды. Мұғаліммен орын алған кері байланыстың нәтижесінде зерттеу соңында оқушылардың деңгейі көтерілді. Сонымен қатар, әр оқушы бәсекелестікке қабілетті екендігіне сенуі тиіс. Оқушылардың басым көпшілігі сыныптағы өз орнын біліп, өзінің мүмкіндіктеріне көңіл бөле бастады. Сыныптағы оқушылармен өзін салыстырып, дамуға ынталанды. Өздігінен жұмыс жасау арқылы, оқулықты және басқа да ресурстарды пайдаланып, ақпараттар іздеуге бейімделді. Өздігінен оқу жүзеге асқан кезде оқушы бойындағы когнитивтік және метакогнитивтік дағдылары дами түсті. Білім көрсеткіші мен оқу сапасын (қосымша – 3) өзгерту үшін оқуға ынталана түсті. Қолданылған әдіс-тәсілдер: «Сұраққа жет», «Үштік – ойлан, жұптас, бөліс», «Эссе, еркін әңгіме», «Қар кесегі», «Бекроним», «Мюллердің ғажайып саны», «Кейс-стади», «True or false», «Шеринг», «Пазл», «Баяндама». Осы кешенді әдіс-тәсілдер оқушыларды анализ және синтез тапсырмаларын орындауға бейімдейді. Өткен тақырыпты қорытындылау және жаңа тақырыпты меңгеруді жүзеге асыру үшін берілетін тапсырмалар да сындарлы оқыту арқылы жасалады. Жеке жұмыста оқушының білім және интеллектуалдық көрсеткіштеріне қарай диалог құрылатын болады (қойылатын сұрақ деңгейлері ескеріледі).

- Жұптық жұмыс - оқушылар жұпта жұмыс істегенде, акторларда «мұғалім-оқушы», «оқушы-оқушы» арасындағы диалогтық оқыту жүзеге асады. Нәтижесінде, оқушыларда өз пікірін ашық айта алу, қорғау, сыныптасын сыйлау, жұптасының алдындағы жауапкершілік және т.б. қасиеттерге тәрбиеленеді. Зерттеу барысында байқағаным,

оқушылар жеке және жұпты жұмыс жасауда, өз біліміне өзі жауапты екендігін түсінеді. Мұндай жауапкершілік даму үшін оқытушы қолайлы оқу ортасын тудыра алуы керек. Жұптық жұмыс барысында оқушылар өзінің және жұбының сыныптағы орны мен маңызын түсінді. Оқушылар арасында бір – біріне деген сенім сезімі туды. Оқушылар қолдау, қолпаштау, көмек көрсетудің керек екендігін түсінді. Жұптық жұмыс жасауда бірін - бірі оқыту үрдісі орындалып отырды. Бірін – бірі оқыту оқушыларға білімді меңгеруге аса үлкен мүмкіндіктер береді. Оқушылар бір-бірін толықтырып, пікір алмасып, алған білімдерін талдап отырды. Бағалау процесстері де тиімді жүрді. Нәтижесінде диалогтық оқыту жүзеге асып, оқушылар мен оқытушылар, ұстаз бен оқушылар арасында үнемі байланыс жүріп отырды. Жаңа тақырыпты меңгеруде туындайтын қиындықтар мен деңгейлік тапсырмаларды бірлесе отырып орындау, шешу жолдарын табу арқылы жұптағы оқушыларда сыни көзқарас дами түсті. «Мәтін немесе жағдаяттармен жұмыс», «Постер», «Кластер» әдістері, «Венн диаграмасы», «Сөзжұмбақтар», «Ғылыми жұмыстар» сында тапсырмаларды орындату арқылы оқушыларда шығармашылық, логикалық ойлау, сын-тұрғысынан ойлану, дәлелдеу, жұмысты қорғау, талдау, анализ жасау, салыстыру, бағалау дағдыларын дамытты.

- Топтық жұмыс – сынып оқушылар арасында, топтағы оқушылар арасында диалогтар орын алады. Әр оқушы топтағы өз орны мен қызметін анықтап, орындауға ұмтылады. Өзі орындауы, орындауды керек оқу мәселесінің, тапсырмасының шешу жолдарын іздейді. Топтық жұмыста да жұптық жұмыстағыдай бірін – бірі оқыту жүзеге асады. Топтастыру мақсатында қолданылған «Team-Building» әдістері оқушыларда қызығушылық, шығармашылық, сын-тұрғысынан ойлау және ұйымдастырушылық қабілеттерін арттыра түсті. Топшілік, топ араасында бақылау, бағалау орын алады. Топтық жұмысты қолдану барлық сынып оқушыларының сабаққа қатысу белсенділігін арттыра түседі. Зерттеу сабақтарында қолданылған топтық жұмыс оқушыларда ұжымдасып жұмыс жасау, пікірін жеткізе алу мен сыныптастарының альтернативті пікірлерін сыйлау, өздігінен және бірлесіп оқу, өзгені оқыту, топ мүшесі ретінде жауапкершілікті сезіну, лидерік және ұйымдастырушылық, өзін және өзгені бағалау дағдыларын дамыта түсті. Сонымен қатар, әр оқушыға сыныптағы өз орны мен маңызын түсінуге мүмкіндік берді. Осы зерттеу жұмысында қолданылып, жұмыстың мақсатына жетуде маңызы зор болған «ДЖИГСО», «INSERT», «Ойлаудың алты қалпағы», «DEAL», «Шеринг», «Фишбоун», «Миға шабуыл», Жалғастыр», Ротация», әдістерін ерекше атап өтуге болады. Осындай белсенді әдістерді қолдану арқылы оқушылар оқу материалдарын білу деңгейінен анализ, синтез деңгейіне дейін көтерілді.

Диалогті оқыту барысында оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланыстың да алатын маңыз зор. Кері байланыс орнату үшін зерттеу барысында «SWOT – талдау», «Жасырын сөздер» ойыны, «Ұшақ» әдісі, «Желпіуш» әдісі, «Тепе – теңдік дөңгелегі» әдісі, «Эйлер шеңбері» әдісі, «Ашық микрофон» әдісі, «Бес саусақ» әдісі, «Қара жәшік» ішіндегі жұмыс, «Блоб ағашы» әдісі қолданылды. Кері байланыс, бағалау әдістері арқылы оқушылар өз жетістіктері мен кемшіл тұстарын біле алады. Оқушы мен ұстаздың арасында орын алған кері байланыс нәтижесінде, білім алушының пікірі мен сыни ойлау қабілетін анықтай аламыз. Сонымен қатар, тиімді қолданылған әдіс – тәсілдер «Оқушы үні» стратегиясының жүзеге асуына септігін тигізетінін ескерген жөн. Тиімді кері байланысты ұйымдастыру сапалы оқытудың негізі болып табылады.

Сонымен, Оқушылардың оқу үлгерімі мен тұлғалық дағдыларының қалыптасуында, оны өмірде пайдалана алуда сын – тұрғысынан ойлау дағдыларының атқарар қызметі зор. Әр оқушының бойындағы дәл осы дағдылардың қалыптасуы мен дамуы үшін белсенді оқытудың әртүрлі формалары, әдіс - тәсілдері әсер ететіні мәлім. Соның ішінде, диалогті оқытудың әсер ету деңгейін зерттеу жұмысының барысында байқай аламыз.

Диалогті оқыту арқылы сын-тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыта отырып, оқушыларда жүйелілік ғылыми ойлауға, қиын тапсырмаларды жетік білуге, өз бетімен білім алуға, ізденуге іштей қажеттілік тудырады. Осының нәтижесінде жан-жақты білім алуға, қоршаған дүниенің заңдылықтарын тұтастықта қабылдауы қалыптасады. Сын тұрғысынан ойлау мүмкіндіктері арқылы қазіргі заманға сай үлкен ақпараттық ағымды зерделеп, толықтай игеру барысында аргументті жауап қайтара алуын зерттеу әлемдік деңгейдегі зерттеу

нысандарының бірі болып табылады. Бұл жетістіктерді жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесінен толық байқауға болады.

Диалогті оқыту мұғалімдер мен оқушылардың білімін толықтыру мен іздену жолында үлкен үлес қосады. Білім берудің жаңартылған бағдарламасына сай, әрбір білікті ұстаз сынтұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту мақсатында диалогті оқытуға негіздеп өткізсе жаңа заман талабына сай жан-жақты құзіретті жеке тұлға тәрбиелеуде өз үлесін қосар еді.

#### Әдебиеттер тізімі:

*Alexander, R.* (2006). *Towards dialogic teaching* (3rd ed.). New York, NY: Dialogos

*Л.С.Выготский* жоғарғы психикалық функциялардың даму концепциясы және мәдени даму теориясы 5 том . 22-29 бет.

*Сапарова Г.С., Кусаинов Г.М., Ахметбекова С.К.* Технология эффективного обучения.- Вестник АПНК, 2020.-№ 1 – 9с.

Учебно-методическое пособие: Уровневые программы повышения квалификации педагогических кадров РК. *Сапарова Г.С.* и группа авторов АОО «НИШ». Астана, 2017.

Учебное пособие: Образование. Наука. Инновации: Русско-казахско-английский толковый словарь общественно-гуманитарной лексики: В 7-и томах. Нур-Султан-Алматы: Изд-во «ЭВЕРО», 2019 . Сапарова Г.С. и группа авторов. //Под ред. А.Б.Жумагуловой, Г.М.Кусаинова, Б.С.Каримовой, И.Р.Лазаренко, С.Т.Сейдуманова, Э.Уилсон.


**ҚР жалпы білім беретін мектептер мұғалімдерінің біліктіліктерін арттыру курстарының бағдарламасы. Астана, 2012 ж. Зимняя И.А.**

Формирование коммуникативной компетенции учащихся в информационной образовательной среде городской школы. Thomson Reuters web of science. Сапарова Г.С и группа авторов.

#### ҚОСЫМША

#### Қосымша – 1.


а)



Зерттеу басындағы білім көрсеткіштері. Диаграмма – 1.




ә)



Зерттеу соңындағы білім көрсеткіштері. Диаграмма – 2.

Қосымша – 2.



Қосымша – 3.

№	Сабақтың тақырыбы	«3» - тік	«4» - тік	«5» - тік	Оқу сапасы
1.	Дигибридті будандастыру кезіндегі хромосомалардың тәуелсіз ажырауы	11	8	6	56%
2.	Аллельді және аллельді емес гендердің өзара әрекеттесуі	8	9	8	68%
3.	Хуго де Фриздің мутациялық теориясы	6	9	10	76%

Сынып оқушыларының оқу сапасының көрсеткіштері. Кесте – 1.

*М. Тұрсынғалиқызы*

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГМАМАНДАРДЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУГЕ  
ДАЯРЛАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

*«Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті, Семей қ»*

*[Didar\\_4590@mail.ru](mailto:Didar_4590@mail.ru)*

Бүгінгі таңда еліміздегі мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының бірі білім беру жүйесінің дамуы болып табылады. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптеріне сапалы білім алуға барлығының құқықтарының теңдігі, әр адамның интеллектуалды дамуын, психофизиологиялық және жеке-дара ерекшеліктерін ескере отырып, халықтың барлық деңгейі үшін білімге қолжетімділігі жатады [1]. Сапалы білімнің барлығы үшін қолжетімді болу шартын қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесін түрлендіру процестерінің бірі инклюзивті білім беру болып табылады. Инклюзивті білім беру дене бітіміне, психикалық, интеллектуалдық, мәдени, этникалық, тілдік және өзге ерекшеліктеріне қарамастан ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беру кеңістігіне енгізуді, олардың сапалы білім беруде кедергілерді жоюды және әлеуметтік ортада бейімделуін және ықпалдасуын көздейді. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар; мигранттар мен оралмандар отбасыларының, аз ұлттар балалары; қоғамға әлеуметтік бейімделуде қиындықтары бар балалар жатады. Кеңейтілген мағынада инклюзивті білім беру дегеніміз кедергілерді жою мен ерекше білім беруге қажеттілігі бар адамдарды оқыту процесінде енгізуге бағытталған білім беру процесі және олардың сапалы білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

Инклюзивті білім беруді дамытуды әдіснамалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мыналарды көздейді: - жалпы білім беру процесіне ерекше білім беруге қажеттілігі бар тұлғалар қосу аясында оларды әлеуметтік-педагогикалық және психологиялықпедагогикалық қолдауды ұйымдастыру, мүмкіндіктері шектеулі балаларды кіріктіре оқыту және инклюзивті білім беру негіздерін әдіснамалық және оқуәдістемелік әзірлеу; - ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың (оқу процесін ұйымдастыру жағдайларына қойылатын талаптар, базалық пәндер және оқыту пәнінің нәтижелері бойынша дағдылар, білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар) оқу бағдарламаларын, оқу жоспарларын бейімдеу; - инклюзивті білім беру жағдайында оқушының оқу жетістіктерін бағалаудың критериалды жүйесін бейімдеу, ерекше қажеттіліктері бар 4 балаларды оқыту нәтижелерін бағалау және мониторингілеу жүйесін әзірлеу, - үйде оқыту сапасын бағалау жүйесін әзірлеу; - ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды оқыту жағдайларына жоғары және кәсіптік, техникалық білім беру бағдарламаларын және үлгілік оқу жоспарларын бейімдеу [3].

Жоғарыда атап өткендей инклюзивтік білім беру әлеуметтік-педагогикалық сипатқа ие екенін ескердік, себебі қоғамда толыққанды әлеуметтену және сапалы білім алу үшін физикалық, психикалық, эмоциялық және зияткерлік мүмкіндіктерге қарамастан барлық оқушылар үшін кедергісіз орта құруға бағытталған. Осыған байланысты екінші тарауда инклюзивтік білім берудің әлеуметтік-педагогикалық мәнін қарастырамыз.

Инклюзивтік білім беру жағдайында болашақ педагог-психолог мамандардың қызметінің ерекшеліктерін ашу мақсатында «педагогикалық қызмет» сияқты өзара байланысты түсініктердің мазмұнын қарастыру қажет.

Ұрпақтан ұрпаққа рухани-тәжірибелік дағдыны беруге бағытталған қызмет ретінде түсіндірілетін негізгі түсінік «педагогикалық қызмет» болып табылады.

С.М. Вишняковтың кәсіби білім беру сөздігінде педагогикалық қызмет оқыту бағдарламасымен немесе бірқатар бағдарламалармен, сондай-ақ өзге де білім беру міндеттерімен және олардың әлеуметтік (экономикалық, саяси, адамгершілік, эстетикалық) мақсаттарымен қарастырылған нәтижелерге жету үшін білім беру мекемелерінде арнайы даярланған мамандармен жүзеге асырылатын қызмет ретінде анықтайды [46].

Кәсіби педагогикалық қызмет кәсіби педагогтармен, яғни мұғалімдермен, мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиелеушілерімен, кәсіби оқу орындарының оқытушыларымен, қосымша білім беретін қызметкерлермен әртүрлі білім беру мекемелерінде жүзеге асады. Педагогикалық қызмет білім беру мекемелерінде мемлекеттік стандарт және заңнамалық құжаттардың аясында жүзеге асырылады.

Педагогикалық қызмет белгілі білім беру кезеңінде (балабақша-мектеп-колледж-жоғары оқу орны-жоғары оқу орнынан кейінгі білім) балаларды, жасөспірімдерді, ересектерді оқытуға, тәрбие беруге және дамытуға бағытталған мақсатты үздіксіз сипатқа ие.

Әлеуметтік саясат мәселелері бойынша балалардың және отбасылардың мүддесін, оның құқықтық негіздерін (И. Амоако-Аддо, М. Болстад, М. Весгаард, С. Стьерно және т.б.), әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың теориясын және тәжірибесін (Л. Берри, М. Готтесманн, Т.Гринде, К.Кеннан, В.Лоренц, Г.Майер, П. Марш, Дж. Триселиотис, Г.Хаген, С.Шлетте және т.б.), муниципалдық мекемелердің әлеуметтік-педагогикалық қызметін (Ф. Кьелберг, Э. Пейдж, Л. Шарп және т.б.), отбасымен әлеуметтік жұмыстарды, осы аймақтағы мамандарды даярлауды (Л. Белл, Б. Саймоне, К. Морган, О. Тутведт, Л. Шульман, Л. Янг және т.б.) қорғауға бағытталған шетелдік әдебиеттердің талдауы заманауи индустриялық қоғам жағдайында, оның мақсаттары, міндеттері және мазмұнында әлеуметтік-педагогикалық қызмет мазмұнын түсінуге ықпалын тигізді.

Сонымен қатар, педагогика мәселелерімен отандық зерттеушілер де айналысқан, оның ішінде Г.М. Кертаева, Ж.Х. Кендирбекова, А.Н. Тесленко, Р.И. Бурганова және т.б.

Инклюзивтік білім беру жағдайында әлеуметтік-педагогикалық қызмет мәселелерімен З.А. Мовкебаева, Р.А. Сулейменова, А.М. Ерсарина, Ф.Н. Жумабекова, Б.С. Байменова, С.С. Жубакова, А.Ж. Салиева және т.б. айналысады.

Г.М. Коджаспиров басылымының педагогикалық сөздігінде келесі анықтама беріледі: «әлеуметтік-педагогикалық қызмет – баланың психологиялық жағдайына, өзіне көмек беруді ұйымдастыруға оған қол ұшын созу және баланы (жасөспірімнің) әлеуметтік қорғауға, отабасында, мектепте, қоғамда қалыпты қарым-қатынастарды орнатуға, оны оқытуды ұйымдастыруға, құқығын қалпына келтіруге және бейімдеуге бағытталған педагогикалық қызмет» [47]. Аталған автор әлеуметтік-педагогикалық қызметті баланы әлеуметтік қорғаумен байланысқан педагогикалық қызмет түрінің бірі деп қарастырады.

М.А. Галагузованың «Әлеуметтік педагогика» оқу құралында әлеуметтік-педагогикалық қызметті «... білім беру-тәрбиелеу құралдарын қамтамасыз ету, жеке тұлғаға білім беру және оның адами әлеуметтік тәжірибенің меңгеруі, әлеуметтік қызмет етуді, әлеуметтік бағдарлауды қалыпқа келтіруі немесе ие болуы» ретінде анықтайды. М.А. Галагузова әлеуметтік-педагогикалық қызмет негізін адаммен адамның қарым-қатынасы құрайды деп есептейді. «Бұл дүниетанымы, тәрбие жүйесі, менталитеті, жүріс-тұрысы және т.б. әртүрлі адамдардың кездесуі» [48].

М.А. Беляева әлеуметтік-педагогикалық қызметті «бейімделу» және «өзін-өзі таныту» түсініктері арқылы анықтама берді. Ол «әлеуметтік-қызмет- бұл әлеуметтік мәдени бейімделуіндегі және өзін-өзі іске асырудағы тұлғаның қажеттіліктерін барынша тиімді қанағаттандыруға жағдай жасаумен байланысты қоғамдық қызмет түрі» деп жазады. Автор «әлеуметтік-педагогикалық қызметтің мазмұны гуманистік ортанның және тұлғаның әлеуметтік мәдени дамуындағы мүддесінде әлеуметтік орта мен жеке тұлғаның өзара қарым-қатынасында қарама-қайшылықтарды шешу негізінде тұлғаның әлеуметтену және мәдениеттену үдерісінде дәл осы онтайландыру тәсілінен тұрады деп есептейді». [49].

Әлеуметтік-педагогикалық қызмет әлеуметтік әртүрлі білім беретін мекемелерде педагогтармен, мұғалімдермен және сынып жетекшілеріменде жүзеге асырылуы мүмкін, сонымен қатар бала бар жерде барлық басқа ұйымдарда әлеуметтік педагогтармен жүзеге асырылады.

Әлеуметтік-педагогикалық қызмет қоғамда әлеуметтену және бейімделу барысында туындаған нақты баланың әлеуметтік мәселелерін шешуге жеке бағыт болып табылады. Сонымен қатар баланың мәселесі шешілетін мерзім аралығында уақыт шектеулі болғандықтан әлеуметтік-педагогикалық қызмет жергілікті сипаттамаға ие.

Әлеуметтік-педагогикалық қызмет педагогикалық қызметтің бір түрі болғанына қарамастан оларды ұйымдастыруда, бағытында және мазмұнында сүбелі айырмашылықтар бар.

М.А. Галагузованың көзқарасы бойынша педагогикалық қызмет нормативтік-бағдарламалық сипатқа ие, ал әлеуметтік-педагогикалық қызмет әрқашан атаулы болып табылады, яғни нақты балаға және оның жеке мәселелерін шешуге бағытталады.

Бұдан әрі ол «...егер педагогикалық қызмет үздіксіз сипаттамаға ие болса, ал әлеуметтік-педагогикалық бірқатар жағдайларда мәселелердің шешілетін уақыты ішінде уақытша аралықпен шектеулі. Педагог кәсіби қызметі ережеге сәйкес білім беру жүйесінің мекемелерінде жүзеге асырылады, ал әлеуметтік-педагогикалық қызметтің қолданылуы айтарлықтай кеңірек аяға ие.

М.А. Беляева осы түсініктерге қызмет мәні арқылы айырмашылық табады. Ол «педагогикалық қызметтің мәні әрбір адам болып табылса, ал әлеуметтік-педагогикалық қызметтің мәні өзінің әлеуметтік ортасы, яғни басқа адамдармен, әлеуметтік институттармен, құндылықтар жүйесімен өзара әрекеттесу мәселелерінің жағдайына тап болған (немес тап болу қаупі бар) адам болып табылатынын ескереді. Оның мәні оларды іске асыру үшін тұлғаның қажеттіліктері және тұлғаның мүмкіндіктері арасында немесе ортаға сәйкес болу үшін ортаның талаптары және тұлғаның мүмкіндіктері арасында өз негізінің сәйкессіздігіне ие қарама-қайшылықтардың бар болуынан құралады. Инклюзивті білім беру жағдайында әлеуметтік-педагогикалық қызметтің мақсаты тұлғаның өзін-өзі танытуына мүмкіндік беретін социумдағы әлеуметтену мен бейімделудегі баланың физикалық, психикалық, зияткерлік, эмоциялық мүмкіндіктеріне қарамастан, оған әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету және кедергісіз әлеуметтік орта құру болып табылады.

Инклюзивті білім беру жағдайындағы әлеуметтік-педагогикалық қызметтің негізгі міндеттері:

- оқушылардың физикалық, психикалық, адамгершілік, әлеуметтік денсаулығын сақтауға және нығайтуға жағдай құру;
- оқушылардың өмірдегі орнын өзі белгілеудегі мақсаты, әлеуметтік маңызды бағдары, жалпы адами құндылықтары негізінде рухани адамгершілік қасиетін дамыту;
- баланың әлеуметтенуі мен бейімделуіне шағын социумның жағымсыз әсерлерінің алдын алу және жою;
- баланың жеке өзін-өзі танытуында оның физикалық, психикалық, зияткерлік, эмоциялық мүмкіндіктеріне қарамастан, оның шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін шағын социумда қолайлы жағдай құру;
- баланың әлеуметтік бейімделуі мен өзін-өзі тануын оңтайландыруға бағытталған сақтандыру, оңалту, түзету және дамыту шараларының жүйесін іске асыру.

Инклюзивті білім беру жағдайындағы әлеуметтік-педагогикалық қызмет мазмұнының ерекшеліктері инклюзияны жүзеге асыратын білім беру мекемелерінің келесі ерекше компоненттерімен байланысты:

1. Инклюзивті білім беру мекемелері контингентінің ерекшеліктері;
2. Педагогикалық үдерісті ұйымдастыру ерекшеліктері;
3. Балаға, отбасыға әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;
4. Инклюзивті білім беру мекемелерін басқару ерекшеліктері.

Жоғарыда аталып өткендей, инклюзивті білім беру мекемелерінде ерекше білім беруді қажет ететін балалар дені сау балалармен бірдей оқытылады. Әлеуметтік-педагогикалық қызметтің ерекшелігі тек әлеуметтік жағдайы, қалыптасқан құндылықты орта деңгейі, тәрбиелеу әсеріне төзімділік дәрежесі емес, дені сау балалардағыдай

психикалық, зияткерлік, эмоциялық мүмкіндіктерімен, сондай-ақ дамуындағы әр түрлі кемшіліктерімен ерекшеленетін балалармен өзара әрекет ету болып табылады.

Инклюзивті білім беру жағдайындағы әлеуметтік-педагогикалық қызметтің мәні білім беру мекемелерінде қалыптасатын барлық әлеуметтік қатынастар емес, тұтас алғанда қолайлы ортаны бұзуға, шыдамсыздық пен күйзелістің ушығуына, үйлесімсіздік пен даулы жағдайлардың туындауына әкеліп соғатын мәселелі қарым-қатынастарда көрінеді.

Осыған байланысты педагогтардың басты міндеті баланың социумдағы өзін-өзі дамытуына, танытуына және бейімделуіне бағытталған психикалық, психикалық, зияткерлік мүмкіндіктеріне қарамастан барлық балалар үшін гуманистік, толеранттық білім беру ортасын құру болып табылады. Сонымен қатар, әрбір баланы, атап айтқанда дамуында кемшілігі бар баланы әлеуметтік өзара әрекет ету үдерісіне қосу және әлеуметтік қарым-қатынастардың субъектісі ретінде олардың дамуына жағдай жасау маңызды. Бұл үшін педагогтарға баланың жеке өзімен, оның отбасымен, әлеуметтік институттармен, медицина қазметкерлерімен және т.б. әлеуметтік-педагогикалық жұмысты жүзеге асыру қажет.

Инклюзивті білім беру жағдайындағы педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың ерекшеліктері оқушылар өмірінің әр түрлі ортасында ұйымдастырылған сақтандыру, оңалту, түзету-дамыту іс-шараларының әлеуметтік-педагогикалық бағыттарымен байланысты.

Әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың алдын алу бағыты әлеуметтенудің ерте сатыларындағы тұлғаның әлеуметтік дамуының жағымсыз көріністерін болдырмаумен байланысты. Алдын алу әлеуметтік мәселені болдырмауға немесе оны аз шығынмен шешуге мүмкіндік береді.

Педагогтар оңалту іс-шараларын ұйымдастыру үдерісінде медициналық, заңды, әлеуметтік-экономикалық және т.б. оңалту шараларын іске асырушы мамандармен өзара тығыз әрекет етуі тиіс. Педагогке баланың физикалық, психикалық және әлеуметтік деңгейі туралы ақпарат жинау, мінезін, әлеуметтік икемсіздігінің деңгейі мен себептерін анықтау, сондай-ақ бар кемшіліктерінің әлеуметтік себептеріне диагноз қоюы қажет.

Оңалту диагнозы баланың жеке деңгейінің ерекшелігін есепке алу арқылы қойылады. Диагнозды барлық кемшіліктері, оның ішінде түзетілуі мүмкін емес ақаулықтарыда көрсетіледі. Бұл мүмкіндіктерді анықтауға және оңалту жұмысының нәтижесін алдын ала көруге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік-педагогикалық қызметтің оңалту бағыты бұл баланың психикалық және физикалық денсаулық деңгейінің көтерілуімен, оның әлеуметтік-психологиялық қайта дамуымен, баланың әлеуметтік мүмкіндіктері туралы ақпараттануымен, балалармен психикалық түзету жұмыстарын ұйымдастыру тәсілдерін ата-аналарға оқытумен байланысты.

Әлеуметтік-педагогикалық қызметтің түзету-дамыту бағыты қоғамда қабылданған мінез-құлық үлгілері мен нормаларына сәйкес келетін педагогикалық-әлеуметтік жоспардың ерекшеліктері және мүмкіндігі шектеулі балаларды түзетумен байланысты, бұл баланы жеке басының белгілі қасиеттерін, үдерістерін, жай-күйін өзгертуге бағытталған педагогикалық әсер етулердің бір тұтас ұйымдастырылған жүйесі.

Түзету-дамыту бағыты әлеуметтік педагогикалық қызметтің алдыңғы бағытымен тығыз байланысты және барлық адамдармен бірдей нағыз қоғамдық өмірге қосылуы мүмкін қоғамның толық құқылы және белсенді мүшесі етуге, қоршаған әлемнің шынайылығына мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік бейімдеу және сауықтыруға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік түзетуді педагогтар, мамандар логопедтер, психологтар, дефектологтар, әлеуметтік педагогтар жүзеге асырады, олардың барлық қызметі баланың білімі мен икемділігінің, ағзасының ақаулы қызметтерін қалпына келтіруге немесе дамытуға бағытталған.

Әлеуметтік педагогикалық қызметтің түзету-дамыту бағыты бірнеше кезеңдер бойынша жүзеге асырылады:

1. Бала әлеуетінің диагностикасы (әлеуметтік-тұрмыстық, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-еңбектік);
2. Жеке түзету бағдарламаларын құру (әлеуметтік-тұрмыстық, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-еңбектік);
3. Әзірленген бағдарламаны іске асыру және оны ұдайы түзетіп отыру (әлеуметтік-тұрмыстық, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-еңбектік);
4. Ата-аналарға кеңестер беру (әлеуметтік-тұрмыстық, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-еңбектік).

Бірінші тармақ бойынша түзету-дамыту бағытын құрушы аспектерді қарастырсақ: тұлғаның әлеуметтік-тұрмыстық аспектісі білім беру мекемесіне бейімделу және өз-өзіне қызмет көрсету бойынша әлеуметтік-тұрмыстық дағдылыр жиынтығын ұсынады, тұлғаның психологиялық-психикалық аспектісі тұлғаның психологиялық дамуы мен білім беру деңгейін қамтиды, ал әлеуметтік-еңбек аспектісі тұлғаның еңбек қызметіне қабілеттігі мен кәсіби қызығушылығына байланысты болып келеді.

А.И. Кочетовтың пікірі бойынша жасөспірімнің әумесерлік мінез- құлығын түзету келесі қызметтерді қамтиды:

- жасөспірімде тәрбиелеу қиын болғанға дейінгі оң қасиеттерін қалпына келтіруін, жақсы істер туралы есіне түсіруін бағамдаушы, қалпына келтіруші қызмет;

- жасөспірім қызығатын қызметтің (спорт, еңбек, шығармашылық және т.б.) кемшіліктерін қалпына келтіруге талпынысты қалыптастырудағы қорытынды өтемдік қызметі;

- жасөспірімнің позитивті қоғамдық пайдалы қызметін белсендіруге бағытталған ынталандыру қызметі, ол кінәлау немесе мақұлдау арқылы, яғни жасөспірімнің жеке басына, оның әрекеттеріне немқұрайлы, эмоциялық қарым-қатынас арқылы жүзеге асырылады;

- жасөспірімнің теріс қасиеттерін түзетумен және әртүрлі әдістерді қолдануды бағамдаумен байланысты түзету қызметі (көтермелеу, сендіру, үлгі көрсету және т.б.).

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. Ел президентінің қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. -2012. 28- қаңтар. - 10-15 б.

2 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы /ҚР Президентінің 2010ж.07.12. №1118 Жарлығымен бекітілген.

3 Мовкебаева З.А. Организация инклюзивного образования в школах // Справочник руководителя образовательного учреждения. – № 5(65), 2012. - С57- 62.

4 Мовкебаева З.А. Инклюзивті балабақшаны қалай ұйымдастыру керек //Мектепке дейінгі ұйым. – № 10 (10). – 2012. – Б. 6-13.

5 Мовкебаева З.А. Инклюзивное образование: объективная необходимость и реальные возможности //Педагогика и психология. – № 3. – 2011. – С. 34-38.

*Абылқасым Н. Қ.*

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы,  
[sandorik84bk@mail.ru](mailto:sandorik84bk@mail.ru)*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын әрбір қадамын сенімді басқан мемлекетіміздің әлемдік қауымдастықтар қатарынан қалмай, болашақты оптимистік көзқараспен болжамдап, өзінің бәсекеге қабілеттілігін дәлелдей алатын, өркениетті даму жолындағы жаңа бағыттарын айқындаудың жолы деп білеміз [1].

Еліміздің саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылуына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді.

Осыған орай қазіргі кезде қоғамның ақпараттануы жағдайында шаруашылық пен өндірістің әр түрлі саласында еңбек ететін жұмысшылар мен мамандардың кәсіптік біліктіліктерін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және кәсіптік құзыреттіліктерін қалыптастыруға аса мән беріліп отыр.

Құзыреттілік мәселесі бойынша Г.Селевко, Л.А.Петровская, Н.В.Кузьмина, А.К.Маркова, В.Д.Шадриков, Г.Ж.Меңлибекова, Б.Т.Кенжебеков, Г.Әбілқасымова, И.С.Өтебаев, В.В.Готтинг, И.А.Зимняя, В.Байденко, С.Е.Шишов, Ш.Таубаева, М.Ж.Жадрина, А.Арғымбаева, К.Л.Қабдолова, Г.У.Кунакова, Р.Дәулетова, А.Б.Изделеуова еңбектерін талдау «құзыреттілік» ұғымының мәнін нақтылауға мүмкіндік береді.

«Құзыр» ұғымы тұлғаның даму деңгейі немесе білім беру нәтижесі ретінде қарастырылады. Ал құзыреттілік — «құзыр» ұғымының туындысы. Сондықтан құзырды, құзыреттілікті білім сапасын бағалаудың негізгі өміемдерінің бірі деп қарастыруымызға болады. Бұл жағдайда білім, іскерлік, дағды сырт қалмайды. Керісінше, олар жаңа сапалық мәнде, жаңа жағдайда бақыланады.

Жалпы алғанда, «құзыреттілік» ұғымы жайлы ғалым К.Құдайбергенова «құзыреттілік» ұғымы

- соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзыреттіліктің латын тілінен аудармасы «competens» белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсетеді [2].

Бұл жайлы Б.Тұрғынбаева «...өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын құзырлылықтар деп атаймыз» деп анықтаса, ресей ғалымы Н.Кузьминаның көзқарасы бойынша, «құзырлылық дегеніміз — педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлылығы» [3].

Ғалым, педагог Ш.Таубаева: «Құзыреттілік бұл тұлғаның оқыту мен әлеуметтену процестері барысында меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның кіріктірілген қасиеті», — деп қарастырады [4].

«Құзырет» бұл тұлғаның белгілі бір пәндер шеңберіне қатысты білім, іскерлігі, дағдысы мен іс-әрекеттері тәсілінің өзара байланысқан сапаларының жиынтығы. Құзыреттілік білім шеңберінде өз орнын тауып, жаһандану ағысына енген еліміздің алдында тұрған міндеттерінің бастысы, білім беру жүйесін жетілдіру, елдің

интеллектуалдық потенциалын көтеру, қоғамдық өмірдің салаларында, соның ішінде білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру мектепті қазіргі кезеңдегі дағдарыстан шығаратын қуатты талпыныстарға жол ашты, экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында [5].

«Құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарының педагогикадағы қолданылуы туралы мынадай көзқарастар қалыптасқан. Бұл жаңа сөздерге еліктеушілік, оларды қолданбауға да болады, өйткені «мектеп бітірушінің дайындық деңгейі» және «оқу біліктіліктері» деген дәстүрлі қолданылып жүрген баламалары бар.

Құзыреттілік — бұл алынған білімдер мен біліктерді іс жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Ол ең әуелі мектептегі оқыту үрдісінде қалыптасады. Сонымен, оқытудағы құзыреттілік тәсіл білім беру нәтижесі ретіндегі оқыту сапасын қамтамасыз етеді, ал ол өз кезегінде кешенді әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруды, мектептегі оқыту сапасын бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді. Демек, «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын мектептегі педагогикалық тәрбиеге енгізу білім берудің мазмұны мен әдістерін өзгертуді, іс-әрекет түрлерін нақтылауды талап етеді [6].

Құзыреттілік деп студенттің алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық проблемаларды шешу үшін қолдана алу қабілетін айтады. Демек, «құзыреттілік» ұғымы «білім, іскерлік, дағды» сияқты ұғымдармен қатар, оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттері мен құндылық бағдарларының жүйесінде көрінеді.

Сонымен, білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, білім алушының шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген, отандық, шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті атаймыз.

Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында да білімге бағытталған мазмұнды құзыреттілік, яғни, нәтижеге бағдарланған білім мазмұнына алмастыру қажеттілігі көрсетілген [7].

Осыған орай, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіруі мектеп қабырғасында берілетін білімнің, оқытушылардың кәсіптік білім деңгейлерінің сапасымен тікелей байланысты екенін көрсетті. Бұл еліміздің тағдыры және ұлтымыздың болашағы оқытушылардың қолында дегеніміз.

Дидактикалық-әдістемелік тұрғыдан орындалған зерттеулерде бейін бойынша кәсіптік оқыту педагогын даярлаудың әдістемелік негіздері қарастырылды, кәсіптік-техникалық мектептердегі оқу үрдісінің мәні ашып көрсетілді, теориялық және өндірістік оқытудың мазмұны, ұйымдастыру формалары, әдістері қарастырылды [8]. Сонымен бірге «колледж — жоо» үздіксіз білім беру жүйесінде кәсіби оқыту педагогының құзыреттілігін қалыптастыру теориялық тұрғыдан негізделіп, практикалық тұрғыдан оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз етілді. Ал кәсіби құзыреттілікті мынадай түрде қарастырады:

- коммуникативтік;
- ақпараттық;
- регулятивтік;
- интеллектуалды-педагогикалық.

Педагогтың коммуникативтік құзыреттілігі — кәсіби интегративтік қасиет, оның негізгі бөліктеріне эмоционалдық тұрақтылық (икемділікпен байланысты); экстраверсия (тағайындалған деңгейі мен тиімді жетекшілікті көрсетеді); тікелей және қайтарымды байланысты ұштастыру мүмкіншілігі; тілдік білімі; тыңдай білу қабілеті; марапаттай білуі; сыпайылық; жалпы қабілеті жатады.



Коммуникативтік құзыреттілік — біріншіден, жеке тұлғаның дамуы мен өзіндік дамуы процесіндегі мұғалімнің жеке тұлғалық қасиеті; екіншіден, ұстаздың педагогикалық қарым- қатынастық мақсаты, түйіні, құрылымы, құралы, ерекшелігі туралы хабардарлығының көрсеткіші; қажетті технологиялық деңгейін меңгеруі; маманның жеке психологиялық сапасы; коммуникативтік іс-әрекетін әрдайым жетілдіріп тұруға тырысуы; негізгі құндылық ретінде жеке адамның тұлғасына бейімделе білу, «бағдар ету», сонымен қатар педагогикалық қарым-қатынас кезінде туындайтын міндеттерге шығармашылық, қапысыз шешім таба білу қабілеті.

Ақпараттық құзыреттілік өзі туралы оқушылар мен олардың ата-аналарының, басқа ұстаздардың жұмыс тәжірибесі жөнінде ақпаратты білу мөлшерін қамтиды.

Регулятивтік құзыреттілік оқытушының өз іс-әрекетін басқара білу мүмкіншілігін білдіреді. Оған мақсаттылық, жоспарлау, тұрақты белсенділік пен өзін көрсете білуі, рефлексия, іс-әрекетінің бағасы енеді. Іс-әрекеттің негізгі факторы ізгілік, құндылық болып табылады.

Интеллектуалды-педагогикалық құзыреттілікті талдау, синтез, салыстыру, қорытындылау, нақтылау сияқты қарастыра білудің кешені, аналогия, қиял, ойлау қабілетінің икемділігі мен сындылығы ретіндегі зерденің қасиеті түрінде қарастыруға болады.

Қоғамдық-саяси даярлық болашақ мұғалімдерді қоршаған дүниені, табиғатты, қоғамдық өмірдің құбылыстарын тану әдіснамасына, әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін пайымдау, талдау, маңыздысын ажырата білуге, адамдармен қарым-қатынастағы жоғары мәдениеттілікке үйренуге мүмкіндік береді.

Болашақ мұғалімді терең әдіснамалық және теориялық тұрғыда даярлау қай кезде де күн тәртібінен түспек емес.

Олай болса, республика жоғары оқу орындарының алдында жан-жақты дамыған, саяси сауатты, терең теориялық біліммен қаруланған, адамдармен қарым-қатынас мәдениетін меңгерген маман дайындау міндеті тұр.

Бүгінгі педагогика ғылымындағы жаңа көзқарас бойынша тұлғаға бағдарлы білім негіздерін беруді емес, оқу және өмірлік жағдаяттарда алған білімдерін шығармашылықпен қолдануына, түйінді және пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыру арқылы өзін-өзі дамытуына, қоршаған шынайылықты түйсінуге, өзінің даралығын сезінуге, негізгі оқу және айналасындағы адамдармен өзара әрекеттесу дағдыларын игеруге, өзінің оқу іс-әрекетін ой елегінен өткізуге жағдай жасауды мақсат етеді.

Осы ретте еліміздің кәсіби білім беру жүйесі алдында, оның ішінде болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби құзыреттілікті даярлауда ең алдымен педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру міндеті болып саналады. Сонымен, «кәсіби құзыреттілік» ұғымын түсіндіруде екі бағыт бар [9]:

1. Адамның стандартқа сәйкес әрекет ету қабілеті.
2. Жеке тұлғаның жұмыста нәтижеге жетуіне мүмкіндік беретін сапалары.

Адам туралы ғылымдар саласында кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға үлес қосатын, табыс үшін қажетті құзыреттіліктер деп мәселелер мен өзіндік менеджментін шешу құзыреттілігі:

- адамның мәселесін шешуге және инновациялық технологияларды пайдалануға дайындығы;
- ақпараттық құзыреттілік, яғни өздігінен білім алуға және ақпараттық ресурстарды пайдалануға дайындығы;
- коммуникативтік құзыреттілік, яғни әлеуметтік және интерактивті өзара іс-әрекетке дайындығы.

Құзыреттілік бірінші орынға білімгердің ақпаратты сауаттылығын емес, оның мәселені дұрыс шеше білу қасиетін қояды. Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуын орта кәсіби білім беру жүйесінің аумағында қарастырсақ, онда білім, білік, дағды мүмкіншілігі және педагогикалық қызметке маманның

қаншалықты дайын екендігі туралы айтуға болады. Кәсіби құзыреттілік деп педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық- педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады. Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының өз ісінің шебері, жақсы оқытушы болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және жалпы әлемдік мәдениетті, өз елінің мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін, тіл мәдениетін игеріп, интеграциялық үрдістерді меңгеріп, әлемдік білім кеңістігінің өресінен шыға алуға талпынуы керек.

Сонымен, педагогикалық қызметті қайта құрудың жүйелі тұтас құралы ретіндегі педагогикалық технологияның негізгі функциясы оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру және тұлға дамуын қамтамасыз ету болып табылады. Педагогикалық технологияларды іс-тәжірибеде мұғалімдер іске асырады. Сондықтан мұғалімнің технологияның мәнін, оның ғылыми негіздерін білуі, оларды оқыту мен тәрбиелеудің нақты жағдайларына бейімдей алуы, оқу пәндерінің әдістемесі бойынша дербес технологияларды жасау білігі білім беру процесінің нәтижелі болуын ғана қамтамасыз етпейді, сонымен бірге педагогикалық технологиялардың әрбір жеке педагогтың кәсіби ойлауы мен іс- әрекетінің қалыптасуына орасан зор ықпал етеді.

Соңғы жылдары білім беру саласында болашақ мамандардың құзыреттілігін қалыптастыру туралы әр түрлі пікірлер жиі айтылуда. «Кәсіби құзыреттілік, жете білушілік» ұғымын енгізудің қажеттілігі оның мазмұнының кеңдігімен, интегративтік сипатымен, «кәсіптілік», «біліктілік», «кәсіби мүмкіндіктер» және т.б. түсініктерді біріктіреді.

Кәсіби құзыреттілікті анықтау туралы мәселе педагог, философ, физиологтардың арасында пікір қайшылықтары мен жаңа ойлар тудыруда. Тұлғаның кәсіби процесін көп жағдайда оның біліктілігімен, кәсіптік құзыреттілігімен байланыста қарастырады [10].

«Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша бакалаврдың кәсіптік құзыреттілігінің қалыптасуы туралы мәселені зерттеу педагогика іліміндегі өзекті проблемалардың бірі болып табылады.

Елімізде қоғамдық-әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық тұрғыда маманның кәсіптік білім жүйесін жетілдіру бағыттарында зерттеулер көрініс алуда. Олар теориялық әдіснамалық, кәсіптік бағыттылық, психологиялық, гуманистік, мәдениеттанушылық т.б. әр түрлі деңгейлерде зерттелуде.

Кәсіптік құзырлылықтың қалыптасуы мен дамуы бұл маманның стратегиялық, тактикалық және оперативтік іскерліктер кешенін меңгерудің, қайраткер ретінде өзіне кәсіби іс-әрекет нысаны мен пәніне маңызды кәсіби бағыт берудің процесі.

Болашақ кәсіптік оқыту мамандығының құзырлылығының қалыптасуы бұл құзырлылықты меңгеру мен қолдану кезеңдеріндегі іскерлік процесін қамтуы қажет. Сол іскерліктер байланысы оқытушылар мен студенттер арасында өзара ықпалдасу жүйесі арқылы жүріп отырады.

Сонымен бірге ықпалдасу жүйесінде меңгеру мен қолдану іскерліктерінің стратегиялық, тактикалық және жедел кешендерінің шарттары арқылы болашақ кәсіптік оқыту маманның кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу процесі айқындалады. Кешендер студенттердің іс-әрекетінде болашақ маман құзыреттілігінің субъектілік, нысандық және пәндік негіздерін түсіндіруге мүмкіндік туады.

Жоғары оқу орнының білім алу жүйесіндегі маманның кәсіптік құзыреттілігінің қалыптасуын кәсіптік іскерлік пен дамуының кезеңдік міндеттерінен кәсіптік міндеттерді шешуге теориялық және практикалық мүмкіндігі мен дайындығының бірлігінен көрінетін нәтижеге бағытталған қозғалыс циклдері деп айтуға болады.

Бүгінгі таңда білім беруді жетілдірудің негізіне құзыреттілік тәсілді алу ұсынылып жүр. Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында да білімге бағытталған мазмұнды құзыреттілік, яғни нәтижеге бағдарланған білім мазмұнына алмастыру, қажеттігі көрсетілген. Білім сапасы категориясының мазмұнын ашуда «құзырет» ұғымы ерекше орын алады. Ғалымдардың

пікірі бойынша, құзырет тек білімге ғана емес, біліктілікке көбірек сай келеді және адамның әр түрлі қажетті салалардан хабардар болуын сипаттайды.

Сонымен, болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің арнайы, әлеуметтік және тұлғалық түрлеріне ерекше мән беріледі. Арнайы — өзінің мамандығына сәйкес білімі, біліктілігі, дағдысы, жаңа білім мен білікті өз бетімен меңгеру, өз еңбегінің нәтижесін бағалау, біліктілігінің болуы. Әлеуметтік — тіл туралы білімінің, коммуникативті мәдениетінің, басқамен ынтымақтастыққа қабілеттілігінің, өзінің іс-әрекетінің нәтижесіне, қоршаған ортаға дайындығының болуы. Тұлғалық — өзін-өзі тану бойынша біліктілік, дағдысын жетілдіруге кәсіби іс-әрекет тұлғаның дамуына дайындығының болуы. Бұл үшін, біріншіден, ақпараттық қоғамда кез келген маманның іс-әрекеті күшейтіледі, екіншіден, білім парадигмасының өзгеруі кәсіби білім, біліктілік пен дағдыға маманның дайындығын қалыптастырудың, ойлаудың әдіснамасын дамытудың қажеттілігін көрсетеді, үшіншіден, ізгілікті және әлемдік интегративті үрдістер тенденциясы алдымен көпмәдениетті тұлғаны қалыптастырудың қажеттілігін айқындайды.

#### Әдебиеттер тізімі

ҚР Президентінің «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Орталық Қазақстан. — 2013. — № 12, 13 (21438). Құдайбергенова К. Құзырлылық — тұлға дамуының сапалық критерийі: Ғыл.-практ. конф. материалдары. — Алматы, 2008. — 9–11-б.

Тұрғынбаева Б. // Бастауыш мектеп. — 2005. — № 3. — 3–5-б.

Таубаева Ш.Т., Барсай Б.Т., Оспанова Б.Ә. // Білім әлемінде. — 2013. — № 3. — 3–5-б.

Готтинг В.В. Формирование информационно-технологической компетентности педагога профессионального обучения: Автореф. дис. ... канд. пед. наук. — Караганда, 2008. — 30 с.

Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: Пед. ғыл. д-ры ... автореф.: 21.05.05. — Қарағанды, 2005. — 40 б.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: [enu.kz/downloads/tyzhyrymdamasy.pdf](http://enu.kz/downloads/tyzhyrymdamasy.pdf)

Өтебаев И.С. Болашақ мамандарды жобалау іс-әрекетіне даярлау: теория және практика. — Қарағанды: Tengri Ltd, 2012. — 169 б.

Әтежанова Г. Психологиялық-педагогикалық құзырлықты қалыптастырудағы жаңа формация мұғалімінің рөлі // Қазақ тілі. — 2008. — № 4. — 5–8-б. Әбілқасымова Г. Болашақ кәсіби оқыту педагогының инновациялық-технологиялық даярлығын жетілдіру: Автореф пед. ғыл. канд.: 31.05.2008. — Қарағанды, 2008. — 27 б.

#### Ж.А. Мусина

#### ВКЛАД МЫСЛИТЕЛЕЙ ВОСТОКА В ПОСТАНОВКУ ТЕОРЕТИЧЕСКИХ ПРОБЛЕМ ТВОРЧЕСТВА

Университет «Туран-Астана», г.Нур-Султан  
[zh.mussina@mail.ru](mailto:zh.mussina@mail.ru)

С глубокой древности народы региона Центральной Азии творчески развивали и углубляли разнообразные формы хозяйственной, экономической деятельности, различные ремёсла, культуру, искусство, право, науку. В конце VI-начале V веков до н.э. в этот регион проникает арамейский алфавит, на базе которого была создана письменность хорезмийцев и согдийцев. Тогда же начинает складываться литература и фольклор народов Центральной Азии.

Уже в самых первых, самых древних произведениях центральноазиатского фольклора, в эпических сказаниях саков и согдийцев воспеваются патриотизм, мужество и

верность. Герои эпоса во имя долга и чести выдерживают любые испытания, отказываются от личного благополучия, отдают жизнь, отстаивают независимость соплеменников. Отдельные черты сакского эпоса сохранились в фольклоре казахов, киргизов, узбеков, каракалпаков, туркмен и таджиков.

Начиная с VI в. до н.э. в Центральной Азии возникает зороастризм, который господствует до III в. н.э.

В древнейшей части священной книги зороастризма Авесте - Яштах - ясно прослеживается политеизм. Яшты возникли в III-II тысячелетиях до н.э. Второй этап зороастризма - Гаты повествует о едином боге Ахура Мазде. На основе синтеза учений Яшт и Гат в V в. до н.э. в зороастризме возникает компромиссное учение-Маздаяна, которое является третьим, основным этапом, изложенного в сборнике зороастризма «Авесте».

Материал «Авесты» собирался почти два тысячелетия. По «Авесте», Вселенная состоит из земли, океана, неба, светоносной сферы и рая.

Звёзды, Луна и Солнце изображаются как тело Бога Ахура Мазды. Они были окружены почитанием. Люди, согласно «Авесте», появились от первочеловека Йимы - общего праотца всех людей. Эпоха царствования Йимы рисуется как золотой век вечной весны, всеобщего счастья и благоденствия.

В древнейших слоях этого произведения прослеживаются идеи демократизма и защиты интересов крестьянских общин. Учение Заратуштры (Зороастр), относящееся к VI в. до н.э. представляло собой попытку реформаторства, что выражено в идеях аграрной реформы. Здесь с сочувствием отмечается страдание народа от насилия и грабежа, набегов и притеснений, звучит призыв к соблюдению закона и порядка.

В зороастризме отражена довольно глубоко разработанная система правовой и нравственной жизни общества того времени. В почёте у зороастризма было благочестие, трудолюбие, справедливость, бескорыстие, добрая мысль (гумата), доброе слово (гукта) и доброе дело (гварншта). Зороастриец обязан поклясться в том, что он будет избегать шести видов преступлений: воровства и грабежа, посягательства на чужое имущество и достояние, не совершать дурных проступков. Бережное отношение к женщине, к плодородной земле, источникам воды, домашнему скоту, семье и детям относятся к добродетелям зороастризма [1].

Во II-III вв. н.э. на основе зороастризма возникло манихейство - представляющее из себя симбиоз идей зороастризма и христианства, а одно из ответвлений манихейства - маздакизм - широко распространилось в V в. В этих учениях ясно прослеживается традиция борьбы добра со злом, близость идеям монотеизма.

В конце V - начале VIII веков Центральная Азия оказалась под властью Арабского Халифата и здесь распространилась и пустила глубокие корни самая молодая их мировых религиозных систем - Ислам.

Распространение религии и мировоззрения Ислама способствовало расцвету творчества во всех областях - ремёслах, искусстве, науке, праве, политике, культуре.

Будучи крупнейшей мировой религиозной системой, Ислам выполняет роль социального и культурного регулятора. В мусульманской общине все стороны жизни человека и общества регламентированы писанием - священной книги Коран, Хадиса и сводом рассказов и высказываний о жизни и поступках пророка Мухаммада, Сунной, в которой в качестве образца для религиозного и нравственного подражания говорится о жизни Мухаммада. Фикх - это сумма представлений мусульман о нраве и правоведении, юриспруденции, свод правил поведения, регулирующий поступки и взаимоотношения мусульман [2].

Шариат - комплекс правовых норм, принципов и правил поведения, соблюдение которых означает ведение праведной, угодной Аллаху жизни, приводящей мусульманина в рай. Шариат - это божественный закон, доводимый до людей через Коран, Сунну,

Хадисы. Шариат регулирует правила религиозного культа, формы взаимоотношений людей друг к другу и определяет правила наказания.

Мыслители Центральной Азии своей творческой деятельностью внесли неопределимый вклад в разработку исламского права и обществоведения. Так, наиболее полный сборник Хадисов был создан нашим великим предком Имамом аль-Бухари, который опросил свыше тысячи человек, записал свыше 600 тысяч историй о жизни Мухаммада, из которых впоследствии отобрал 7300 наиболее достоверных и включил их в свои Хадисы [3].

Сондай-ақ оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі басты назарға алынады. Оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас түбегейлі өзгерісті керек етеді, яғни дәстүрлі оқулардағы оқытушы мен шәкірт арасындағы көп жағдайлар

оқушы көңілін қанаттандыра бермейтін қалыптасқан заңдылықтар ұстаз бен шәкірт арасындағы серіктестік қарым-қатынасқа ауысады. Оқушыға қалай оқу керектігін үйрету, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни ойлай алатын, пікір көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы қалыптастыру.

Ендеше, еліміздің болашағы – жас ұрпақты оқытуда білімнің түпкі нәтижесі деп саналатын құзіреттіліктердің біртұтас бірлігі ретіндегі функционалдық сауаттылықтың мәнін, рөлін айқындау, оны мектеп тәжірибесіне ендіру уақыт талабына сай келеді.

Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Бүгінгі таңда жер жүзінде білім саласындағы саясаткерлер мен мұғалімдер үшін ең маңызды болып отырғаны- «XXI ғасырда нені оқыту керек және XXI ғасырға оқушыларды қалай дайындайды?» деген мәселе. Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі - оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады, ал XXI ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында. Сондықтан да қазір жаңа технологияларды меңгеру үшін ең басты қажетті құрал – білім.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығын әрдайым жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады, яғни оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету.

Қазір еліміздің түкпір-түкпірінде оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдермен қаруланған біршама ұстаздар қауымы өз мамандығына деген сүйіспеншілігі арта түсіп, жаңа нәтижелерге жетуде, шәкірттерінің жаңа белестерді меңгеруіне жол ашуда. Соның бірі функционалдық сауаттылықты дамытудағы білім мазмұнының жаңғыруы – сындарлы оқыту теориясына негізделгендігі.

Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез-келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Сондай-ақ, оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі басты назарға алынады. Оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас түбегейлі өзгерісті керек етеді, яғни дәстүрлі оқулардағы оқытушы мен шәкірт арасындағы көп жағдайлар оқушы көңілін қанаттандыра бермейтін қалыптасқан заңдылықтар ұстаз бен шәкірт арасындағы серіктестік қарым-қатынасқа ауысады. Сонымен қатар оқушыға қалай оқу керектігін үйрету, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни ойлай алатын, пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы қалыптастыру.

Қортындылай келе, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған білім мазмұнын игерген оқушылардың білімдері мен біліктері өмірлік жағдаяттарда қолдана білуді, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуді және алынған ақпараттарды сыни тұрғыдан бағалай білуді, өзінің болжамдарын ұсыну және зерттеулер жүргізу, өзінің ойын негіздей білуді; іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалануды қамтамасыз етеді.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

Нұрахметов Н.Н. Нәтижелі білім беру үшін функционалдық сауаттылықтар жүйесін қалыптастыру мәселесі //Қазақстан Республикасы химия және биология мұғалімдерінің съезінің материалдары. – Өскемен: 2012 (28-29 маусым). – Б.21-23.

Компетенции в образовании: опыт проектирования: сб. науч. тр. / Под ред. А.В. Хуторского. – М.: Научно-внедренческое предприятие «ИНЭК», 2007. – 327 с.

Бұзаубақова К.Ж. Құзыреттілік тұрғыдан білім берудегі білім сапасының мәні // «Шаяхметов оқулары» атты Республикалық ғылымипрактикалық конференция материалдары. – Павлодар, 2009. – Б.237-243.

*А.К. Құралова*

### ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНА СӘЙКЕС БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫН ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» ҚеАҚ [aidana-30-07@mail.ru](mailto:aidana-30-07@mail.ru)

«Биология» сабағы - орта мектептің кез-келген оқу пәнсабақтар сияқты, ғылымның негіздерін көрсететін ұғымдар жүйесі болып табылады және тұжырымдамаға сәйкес ойлау нысаны және таным нәтижесі ретінде әрекет етеді [3].

Сабақ - биологияны оқытудың негізгі түрі. Сабақ, оның құрылысы және өткізу әдістері - Биологияны оқыту әдістемесінің басты мәселесі. Биология сабағының дұрыс ұйымдастырылуы және сапалы өткізілуі мұғалімнің шығармашылығына байланысты. Әр сабақ - бұл оқушылардың білім мен дағдыларды толық игеруіне, олардың ақыл-ойы мен дүниетанымын дамытуға, сезімдер мен жеке қасиеттерді тәрбиелеуге, өзін тұлға ретінде сезінуге, қоршаған шындыққа деген оң қарым-қатынасты қалыптастыратын тұтас және күрделі жүйе.

Қазіргі заманғы оқушы пәндік сабақтарда әртүрлі ғылыми бағыттар бойынша кең білім алады, әртүрлі дағдылар мен қабілеттерге ие болады. Дегенмен, оқытудың нәтижесі әрдайым қоршаған әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыру болып табылмайды. Осы мақсатқа жету үшін білімді біріктіру, сабақтарды пәнаралық негізде ұйымдастыру қажет.

Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес биология сабақтарындағы пәнаралық байланыс арқылы қажетті нәтижеге қол жеткізудің жалпы бағыты болып табылады және бұл дидактикалық шарт. Биология сабақтарын пәнаралық байланыс негізінде оқыту - табиғатта әрекет ететін объективті өзара байланыстардың дәйекті көрінісін қамтамасыз ету арқылы оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға ықпал ету, оқу процесінде түсіндіру элементін күшейту және түрлі пәндер шеңберінде моральдық-адамгершілік және азаматтық аспектіге, кең көзқарастағы әлем азаматын, толерантты және ізгілікті адамды тәрбиелеу.

Жалпы алғанда, пәнаралық байланыс - түрлі оқу пәндерінің арасында оның ішінде қазақ тілін оқытуда пәндер арасында өзара байланысты айқындау шарты және білім беру мен оқыту талаптарының бірі. Әлемнің бірлігін бейнелейтін ғылыми білімдер мен сенімдер жүйесін қалыптастыру міндеттерінің шартынан пәнаралық байланыс қажеттілігінен туындайды.

Пәнаралық байланысқа ғылыми еңбектерде алпыстан астам анықтамалар берілген. Мысалы, «Педагогикалық сөздіктегі» анықтамаға сүйенсек, онда былай берілген: «Пәнаралық байланыс оқу бағдарламаларының өзара үйлесімділігі» [5]. Қазіргі заманда жалпы білім беретін мектептерде білім мазмұны мынадай ұстанымдарды басшылыққа алады:

- пәнаралық байланысты оқыту үрдісі кезінде пәнаралық байланысты жүзеге асыру барысында қазіргі заманға сай келетін ғылымаралық байланысты ұғындыру ұстанымы;
- қазақ халқының немесе өз ұлтының бұрыннан бері қалыптасып келе жатқан мәдени мұрасын меңгерту ұстанымы;

- ҚР-ның мемлекеттік тілін, ұлтаралық, халықаралық қатынас құралдары тілдерін оқып үйрену ұстанымы; білім мазмұнын біртұтас жүйе ретінде қарастырып, жеке тұлғаның жан – жақты дамуын қамтамасыз ету ұстанымы;

- білім мазмұнының дүниежүзілік жалпы және рухани мәдени тұрғыда болу ұстанымы.

Пәнаралық байланыстың міндеті оқыту процесі арқылы жүзеге асырылатындықтан осы бағыттағы зерттеулер көптеген ғалымдардың еңбегіне талдау жасап, жүйелеу негізінде төмендегідей пәнаралық байланыстың классификациясы құруға негіз болды.

Кесте 1. Пәнаралық байланысты орнату жолдары

№	Пәнаралық байланыстың формалары	Пәнаралық байланыстың типтері	Пәнаралық байланыстың түрлері
1	Тақырып құрамы жағынан	Мазмұндық	Дәлелді деректер, заңды фактілер, ғылыми теория.
		Операциялық	Біліктілік, жүйелілік, ептілік, ойлау қабілеті.
		Әдістемелік	Педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдану.
		Ұйымдастырушылық	Оқу тәрбие процесін ұйымдастырудың тиімді формасы мен тәсілі
2	Байланыс бағыты бойынша	1. Біржақты 2. Екіжақты 3. Көпжақты	Тура байланыс, апперцивтік – кері байланыс, вертикальды және горизонтальды.
3	Элементтердің байланысу тәсілдері	Хронологиялық	1. Сабақтастық жалғастық
			2. Синхрондық
			3. Келешектегі
4	Байланысу вариантының түрлілігі	Хронометриялық	1. Локальды
			2. Орташа мерзімді
			3. Ұзақ мерзімді

Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес биология сабақтарын пәнаралық байланыста ұйымдастыру жолдарындағы мұғалімнің міндеті - оқушыларды биологиялық білім мазмұнына және оқу процесіне мақсатты түрде қосу. Бұл байланыстардың көрінісі бір жағынан ғылыми, екінші жағынан қол жетімді болуы керек. Пәнаралық байланыстарды орнату мұғалімді курс бағдарламасында көзделген басты биология пәнін мазмұнды зерделеуден алыстатпауы тиіс.

Мектептегі биология курсы мұғалім алғашқы сабақтардан бастап табиғат құбылыстарын түсіндіре отырып, математикалық, физикалық, химиялық, географиялық және т.б. ұғымдар мен заңдарға жүгінуі керек.

Биологияны оқыту басқа ғылымдармен пәнаралық байланыста болғанда ғана толық жүзеге аса алады. Мектепте «Биология» пәнін оқып білу мына төмендегі оқу пәндерімен пәнаралық байланыстар жүзеге асырылады:

1. Қазақ тілі және әдебиеті. Биология сабақтарының қазақ тілі және әдебиет сабақтарымен пәнаралық байланыста ұйымдастыру оқушылардың сөздік қорларының биологиялық терминдермен одан әрі байытылуы, органикалық дүниенің құрылысы мен эволюциясының ерекшеліктері бойынша оқу материалын қабылдау арқылы ауызша сөздің дамуына, қысқаша шығармалар-сипаттамалар жасауға, ой-бөлісу түрінде материалды баяндауға, баяндаманы дұрыс көркемдеу, эссе, хабарлама, биологиялық диктанттар жазу, шығармашылық тапсырмалар орындау арқылы жазбаша сөздің дамуына зор ықпал етеді.

2. Математика. Биология белгілі бір зерттеулерді жүргізу кезінде математикалық ақпараттарды кеңінен қолданады. Мысалы, жыл сайын қала мектептерінің оқушылары биологиялық және экологиялық мәселелер бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын

жазады, сонда кез-келген зерттеу нәтижелер статистикалық өңдеуді қажет етеді. Мысалы: саралау, графиктер мен диаграммалар құру, арифметикалық орташа, квадраттық ауытқуды, пайыздық үлесті, корреляция коэффициенттерін есептеу. Генетикалық заңдарды зерттеуде, генетика, биохимия және популяциялық генетика мәселелерін шешуде математикалық есептеу жолдары теориялық материалды дамытуда, нақты есептерді шешуде қажет болып табылады.

3. Тарих: тарихтың бірінші кезеңінің мәдениетін оқып білу. Ашылған ұлы географиялық жаңалықтарды білу. «Физикалық географиямен»: географиялық аймақтылықты ескере отырып жер бетінде органикалық дүниенің таралу ерекшеліктерін оқып білу барысында географиялық білімге сүйену; орта факторларының адам организмінің жағдайы мен қасиеттеріне және жалпы органикалық табиғатқа әсерін білу; континенттер тарихының білімін пайдалану.

4. Экономиялық география: бүкіл әлем халықтарын оқып, зерттеп білу; әлем халықтарының географиялық аймақтарға таралуын білу. «Бейнелеу өнерімен»: зертханалық, практикалық және шығармашылық жұмыстарды кестелермен, суреттермен және сызбанұсқалармен безендіру. «Химиямен»: бейорганикалық химия. Д.И.Менделеевтің периодтық жүйесінің элементтері, олардың негізгі қасиеттері. Органикалық химия. Тірі жүйенің құрамына кіретін негізгі химиялық қосылыстар; - жасушаның химиялық құрылымын оқып білу; органикалық ортада жүретін биохимиялық процестерді (-зат және энергия алмасу - бұл органикалық заттардың биосинтезі және ыдырауы) оқып білу.

5. Химия. Биология мен химияның түйіскен жерінде биохимия ғылымы пайда болды, оның элементтерін оқушылар биологияда сабағында да, химияда сабақтарында да зерттейді. Биохимияның негізгі мәселесі молекулалардың өзара әрекеттесуі тіршілікті қалай тудырады, химиялық эволюциядан биологиялық эволюцияға қалай өту керек деген сұраққа жауап іздеуді қарастыруы керек. Биология сабақтарындағы бейорганикалық және органикалық заттар туралы түсінік, сонымен қатар судың физикалық және химиялық қасиеттеріне байланысты биологиялық рөлі талданады. Химия және биология сабақтарында ақуыздарға, липидтерге, көмірсуларға, нуклеин қышқылдары бойынша тақырыптар тереңірек оқытылады.

Оқу бағдарламаларын егжей-тегжейлі зерттеу осы тақырыптарды зерделеу кезінде химия және биология оқулықтарында материалдың едәуір бөлігінің пәнаралық байланысты оқытудың қажеттілігін тудырады. Яғни, «Табиғаттағы және ағзадағы су», «Ақуыздардың құрылысы мен қызметі», «Липидтер мен көмірсулардың қасиеттері және олардың биологиялық рөлі», «Ақуыз биосинтезі», «Нуклеин қышқылдарының құрылымы, қасиеттері мен функциялары», «Химия тұрғысынан ұтымды тамақтану», «Ферменттер және олардың ағзадағы рөлі», «Өсімдіктерді қорғаудың химиялық және биологиялық әдістері», «Биохимиялық қан анализі дегеніміз не?» осылайша пәнаралық байланысқа негізделген тақырыптарды оқыту оқу материалын неғұрлым толық және терең игеруге ғана емес, сонымен қатар оқушылардың оң оқу мотивациясын да қалыптастырады [1].

6. Физика. Қазіргі биология сабақтарында биологиялық құбылыстарды түсіндіруде мұғалімнен физикалық ұғымдар мен заңдар туралы білімді қолдануды талап етеді. Нәтижесінде биология мұғалімі физикалық процестер мен құбылыстарды өзі түсіндіруі керек. Бұл елеулі қиындықтар туғызады және пәнаралық байланысқа негізделген сабақтар мұғалім үшін үлкен шығармашылық еңбекті талап етеді.

Біз физика мен биология сабақтарын пәнаралық байланыста оқытуға ең қолайлы тақырыптардың тізімі:

- дене механикасы: қаңқа және сүйек құрылымы, динамикалық және статикалық жүктемелер және олардың сүйек-бұлшық ет аппаратына әсері, қозғалыс кезінде ауырлық орталығының орын ауыстыруы және тепе-теңдікті сақтау, вестибулярлық аппараттың жұмысы және теңіз ауруының пайда болу себебі, адам ағзасындағы иінтіректер (аяқ-



қолдардың жұмысы, ортаңғы құлақ сүйектері жүйесіндегі дыбыстың күшеюі), үйкеліс күші және оны ағзада азайту тәсілдері;

- адам ағзасындағы диффузия: жасуша мембраналары, өкпе альвеолалары, қабырғалар мен капиллярлардың қабырғалары арқылы өтуі;

- жылу процестері: адам ағзасындағы терморегуляция және оның бұзылуы, энергия алмасуы және оның бұзылуы;

- қысым: қан қысымының пайда болуы және оның қан айналымындағы рөлі, тимпаникалық мембранаға қысым, бастапқы зәр түзудегі қан қысымының рөлі, тыныс алу рефлекстері үшін қысым айырмашылығының мәні, оның пайда болу механизмі;

- денедегі электрлік құбылыстар: мидағы қозу мен тежелудің пайда болуы және сәулеленуі, жүйке импульсінің берілуі, органдардың электрлік белсенділігі және оны диагностикада қолдану (ЭЭГ, ЭКГ);

- көздің оптикалық жүйесі: жарық сәулесінің қабығы мен линзаның сынуы, миопия мен гиперопияның пайда болу механизмі және оларды түзету, көз торында кескіннің пайда болуы. [1]

Мектепте биология мұғалімі энергия алмасу және электронды тасымалдаушылар тізбегі, фотосинтез және фотондардың хлорофилл молекулаларына әсері, жасанды мутагенез, палеонтологиялық жасты анықтау әдістері және т.б. сияқты тақырыптарды түсіндіруде физикалық білімді қажет етеді.

6. География. Биологиялық жүйелердің белгілі бір деңгейлерін зерттеу кезінде биологиялық құбылыстарды түсіндірудің физикалық және химиялық тәсілдері географиялық тәсілмен толықтырылады. «Биосфера» бөлімі 6, 9 және 11-сыныптардың биология курсына және 6,7 және 11-сыныптардың география курсына да оқытылады. Биология мұғалімі география сабақтарында алған біліміне сүйене отырып, эволюциялық ілімді зерттеуде өте пайдалы геоботаника, өсімдіктер географиясы және зоогеография мәселелерін толығырақ қарастыруға мүмкіндікке ие болады. Құрлықтар мен Қазақстанның әртүрлі аймақтарының өсімдіктері мен жануарлар әлеміне арналған кіріктірілген сабақтар балаларға үлкен қызығушылық тудырады. Осы тақырыптар бойынша тіпті 7-8 сынып оқушылары сапалы презентациялар мен стендтік есептерді өз бетінше дайындай алады. Сондай-ақ, «Топырақ», «Жер ресурстары және оларды пайдалану», «Биологиялық ресурстар және оларды пайдалану», «Географиялық және экологиялық құрылымдар», «Адам нәсілдері, олардың пайда болуы және бірлігі» тақырыптары бойынша пәнаралық байланысқа негізделген сабақтар өткізу өте тиімді [2].

Алайда, интеграцияланған сабақтар табиғатты зерттеудің географиялық және биологиялық тәсілдерін біріктірудің жалғыз жолы емес. Экология және ландшафт сияқты ғылыми бағыттар биология мен географияның түйіскен жерінде, сондықтан оқушылармен бірге оқу жобаларын құру үшін пән мұғалімдерінің бірлескен жұмысы мүмкін болады. Оқушылардың жасына және дайындық деңгейіне байланысты жобалық іс-әрекеттің нәтижелері тақырыптық кроссворд, презентация, реферат немесе есеп түрінде ұсынуға болады. Осылайша, пәнаралық жобалар технологиясы көптеген педагогикалық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Оқушылар барлық мектеп пәндерінің ақпараттық тұтастығын қоршаған әлемнің бірыңғай заңдарының көрінісі ретінде түсінуге; адамдармен жұмыс істеуді үйренуге; ақпаратты алу мен ұсынудың әртүрлі тәсілдерін қолдануға; өз қызметінің нәтижелерін қашықтықтан да, көзбе-көз ұсыну үшін таныстыру іскерліктері мен дағдыларын дамытуға мүмкіндік алады [4].

7. Музыка: «Адам генетикасы» тақырыбын «Адамның шығу тегі» сабағын оқыту барысында музыкалық шығармаларды пайдалануға болады.

8. Информатика. Информатика пәні бойынша Ақпараттық технологиялар құралдарын және оқушылардың дайындық деңгейін қолдана отырып, пәнаралық байланысқа негізделген мазмұнды сабақтарды құру ұтымды. Яғни, бұнда интеграцияланған тапсырмалар жасау, кез-келген жастағы оқушылар үшін интеграцияланған модульді жасауға болады. Электрондық кестелер мен оқулықтар,

ғаламтор желісінің қызметтерін игере отырып, оқушылар қызықты әлемдік фактілерді біле алады, зерттеушілердің пікірімен танысады, соңғы ғылыми жетістіктер туралы біледі және т.б. пайдалы ақпаратты өңдеу және жүйелеуге үйренеді.

Биология пәнін оқытудың дидактикалық бірзділігі мектептегі оқу жылдары жоғарылаған сайын пәнді оқытудың мазмұндық материалы біртіндеп күрделене түседі. Мектептегі биология пәні басқа да оқу пәндері сияқты, ғылыми материалдарды: ұғымдар, заңдар, заңдылықтарды қатаң сұрыптап алады. Оқылатын материалдың ғылымилығы мен оның мазмұны қатаң тексерілген және ғылыми қабылданған фактілерді қосумен ерекшеленеді. Сонымен қатар, пәнді оқыту материалы оқушылардың қабылдауына тиімді болу керек және олардың ақыл-ой және психикалық дамуына, оқу дайындығына сай болу тиіс. Берілген оқу материалының мазмұнының тиімділігі, ұғындылығы оқушылардың қызығушылығын тудырып, оқуға, ойлауға талпыныстарын арттырып, логикалық ойлауға шақырып, ойын қорытып, нәтиже шығаруға, практикалық мәселелерді шешуге үйретуге бағытталуы қажет.

Қорыта келгенде, пәнаралық оқытудың мақсаты - әлемнің бірлігі туралы, зат қозғалысының биологиялық формасының физикалық, химиялық және әлеуметтік өзара әрекеттесуі туралы, биологиялық ғылымның идеологиямен, философиямен, моральмен, өнермен, қоғамдық практикамен байланысы туралы қазіргі заманғы білім негізінде оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру.

Биология курсы оқу барысында оқушылар әртүрлі ғылымдардан, табиғи құбылыстардан және табиғаттағы адамның іс-әрекетінен білімді синтездеу және жалпылау дағдыларын, сонымен қатар математика, физика, химия, география, тарих пәндері бойынша практикалық мәселелерді шешу үшін білімді жан-жақты қолдана алатын болады.

Биология сабақтарындағы пәнаралық байланыстың мәні мен маңыздылығына оның ең қажетті педагогикалық іс-әрекеттің бірі екендігін айта келе мынандай қорытынды жасауға болады: пәнаралық байланыс жалпы білім беретін мектепте оқушыларға жан-жақты тәрбие беруде кешенді түрде жүзеге асыра отырып, педагогикалық ой-әрекетін, еңбектің ғылыми негізінде тиімді ұйымдастырылуына көмектеседі. Оқу пәнінде қарастырылатын табиғат, қоғам, адамдардың, өзара әрекеті жөніндегі негіздер оларды білім беру мазмұнының біртұтас жүйесінде біріктіреді. Осы арада пәнаралық байланыстың дүниеге көзқарас қызметі өте маңызды, шешуші рөл атқаратыны сөзсіз.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Васильева, Т. С. Межпредметные связи школьного курса биологии / Т. С. Васильева. // Педагогическое мастерство : материалы III Междунар. науч. конф. - Москва .: Буки-Веди, 2013.
2. Елагина В.С. Межпредметные связи в обучении основам естественных наук // Естественно-научное образование в школе: теория и практика, 2004. -№4. –с.12-16.
3. Жаратылыстану-математикалық бағытта бейіндік оқытудың әдістемелік ерекшеліктері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 89 б.
4. Максимова В.Н. Межпредметные связи в процессе обучения, - М.: Просвещение, 1989.
5. <https://infourok.ru/terminologiyali-szdik-pedagogika-pninen-2690623.html>

**Э.Б. Набиева, Ж.Т. Мукаев**

**ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ ГЕОГРАФИЯНЫ ҚАШЫҚТЫҚТА  
ОҚЫТУДАҒЫ ПАЙДАЛАНАТЫН ӘДІС – ТӘСІЛДЕР**

*«Семей қаласының Шәкірім атындағы университеті» КеАҚ  
[emika88@mail.ru](mailto:emika88@mail.ru)*

Қашықтан оқыту біздің елімізде жалпы орта білім беретін мектептердің негізіне айналды. Жаңартылған білім беру платформалары мен ақпараттық коммуникативтік технологиялар әр сабақта пайдаланылады. Өзекті мәселелерінің бірі негізгі пәндерді оқытуда заманауи әдіс – тәсілдерді сабақта тиімді пайдалану. Осыған байланысты біз жалпы орта білім беретін мектепте географияны қашықтықта оқытудағы пайдаланатын әдіс – тәсілдерін қарастырдық.

Жаңа тақырыпты түсіндіру барысында мектеп оқушыларына Zoom, OnlineMekter – BilimLand, маршрут парағы, слайд материалдары пайдаланылады. Үй тапсырмасын сұрау, сабақты бекіту, қорытындылау барысында OnlineMekter – BilimLand негізінде дайындалған тапсырмалар, Google Форм программасы, Kahoot программалары арқылы бір жауапты, бірнеше жауапты немесе ашық тесттар орындалады.

Мотивацияны қалыптастыру, шығармашылық ойлауды жетілдіру, мәселені шешу барысында анализ жасау және ақпаратты қолдану, идеяларды интеграциялау және интеллектуалды іс - әрекеттің нәтижелерін басқаруы, тез өзгеретін жағдайларға бейімделе алуы - қазіргі кездегі жоғары оқу орындарындағы оқытудың басты міндеттері болып табылады. Бұл міндеттерді шешу үшін оқыту үрдісін ұйымдастыруға шығармашылық жолдарды пайдаланып, оқытудың дәстүрлі және жаңа тәсілдерін байланыстыра қолдану қажет.

Жаңартылған білім беру мазмұнында жалпы орта білім беретін мектептерде интербелсенді әдістерді қолдануды елбасымыз өзі қолдап, қазіргі кезде кең қолданысқа түскен деңгейлік бағдарламаны игеру арқылы мүмкіндік туады. Ол дегеніміз 7 модульді игеру. Олар: оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, оқыту үшін және оқуды бағалау, білім беруде ақпараттық коммуникативтік технологияларды пайдалану, талантты және дарынды балаларды оқыту, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту, басқару және көшбасшылық. Осы 7 модульдің қай-қайсысын қолдансаңда оны іске асыру үшін интербелсенді әдістерді қолдану керек [1].

Қашықтық оқытуда келесі интербелсенді әдістер түрлері пайдаланылады: кластер, миға шабуыл, сұраққа жетіп ал, инсерт, пирамида құру, Т кестесі, синектика, бестармақ, бессауасқ, синквейн (5 жолды өлең), Блум таксономиясы (бағалау үшін), кубизм, өз таңбанды жаса, бумеранг, қосжазба күнделік, ментальді карта, SWOT талдау, ЖИГСО, SMART-мақсаттар, «Қара жәшік», «Шахмат» әдісі, рефлексиялық эссе, «Эссе» немесе «Еркін әңгіме» әдісі, галереяны шарлау, мозайка әдісі, кейін-дейін, төрт сөйлем тәсілі, «Сұрақ ілмегі» әдісі, «Буклет» әдісі, жарнамалау т.б.

Қашықтық оқытуда география пәні бойынша келесі әдіс – тәсілдерді 7 – 11 сыныптар аралығында пайдаланамын.

1.Мәтінмен жұмыс. Бірлескен оқу тәсілі. «Аялдама» әдісі арқылы жер бедерінің қасиеттерін ескере отырып жіктеулерге сипаттама беріндер. Оқушылар жұмыста слайд материалдарын пайдаланады. Мәтінмен жұмыс бірлескен оқу тәсілін әр сабақта пайдалануға болады.

8 сыныпта «Жер бедерінің қалыптасу мен таралу заңдылықтары. Жер бедерінің жіктелуі» тақырыбында жер бедері түрлерінің морфометрлік жіктелуі (көлемдері бойынша) генетикалық (қалыптасуы бойынша) жіктелу жасайды.

Дескриптор: 1.Жер бедері түрлерінің морфометрлік және генетикалық жіктелуін талдайды; 2. Схема жасайды; 3. Түсінігін келесі топқа сипаттайды [2].

2.Мини – жоба құрастыру жоғарғы сыныптарда көп пайдаланылады. Жаңартылған білім беру мазмұнындағы 10 – 11 сыныптарда «Геоэкономика», «Табиғатты пайдалану және қорғау», «Геоэкология», «Елтану», «Адамзаттың ғаламдық мәселелері» атты

бөлімдерінде мини жобаны презентация, бейне материалдары арқылы құру қашықтық оқытуда пайдалану пәнге деген қызығушылықтарын арттуға көмектеседі. Мысалы: «Қазіргі қоғамда неге интернеттің рөлі артты» атты мини - жоба. Бірлескен оқу тәсілі. «Постер» әдісі. Презентация, бейне көрсетілім ретінде көрсету. Критерийі: қоғамда интернеттің рөлі неге артқаның түсіну, жақсы және жамаң жақтарын сипаттау, баға беру, болашаққа болжам жасау. Дескриптор: А деңгейі: 1. адамның өмірінде интернеттің рөлін біле алады; 2. жақсы және жамаң жақтарын ажырата алады; В деңгейі: 1. қоғамда интернеттің рөлі неге артқаның түсіне алады; 2. жақсы және жамаң жақтарын сипаттай алады; С деңгейі: 1. интернеттің адамның өміріне әкелетін өзгерістеріне баға бере алады; 2. Интернет дамуына, болашақ рөліне болжам жасай алады [3].

3.«Кинометафора» әдісі - интербелсенді тактадан бейнеролик көрсету. Мына бейнероликте не жайлы айтылған? Сабағымыз не жайлы болады? (тақырып анықталады).

Оқушыларды оқу мақсаты, сабақ мақсатымен танысады және сабақтың тілдік мақсаттарына назар аударады. «Кинометафора» әдісі қашықтық оқыту сабақтарының негізіне айналды. Кинометафора әдісті түгел сыныптарда пайдаланамын.

8 сыныпта «Климаттың адам тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсері» тақырыбында бейне материалдан кейін келесі сұрақтар оқушыларға қойылады.

Мотивациялық сұрақтар: 1. Адамдардың іс-әрекеті климатқа қалай әсер етеді? 2. Адамдардың іс-әрекеті атмосфераға қалай әсер етеді? 3. Қалай ойлайсыздар, осы сұрақтар бүгінгі сабақ тақырыбымен қалай байланысты?

Критерий: білім алушы адамдардың іс-әрекетінің климат пен атмосфераға қалай әсер ететіндігін анықтайды, тақырыппен байланыстырады.

Дескриптор: 1. Адамдардың іс-әрекетінің климатқа қалай әсер ететіндігін айта алады; 2. Адамдардың іс-әрекетінің атмосфераға қалай әсер ететіндігін айта алады.

4. «Визуалды айғақтар» әдісі - суреттерде қандай құбылыстарды көргені туралы жариялайды. Коммуникативті тәсіл. Оқушыларға тақырып бойынша сурет беріледі, ал олар сурет пен тақырыптың байланысын баяндайды. 7 сыныпта «Литосфераның құрылысы» тақырыбында «Жердің ішкі құрылысы», «Жер қыртысының сызбасы» суреттері, «Литосфералық катаклизмдер» тақырыбында «Жер сілкінісі», «Жанартау атқылауы», «Цунами» т.б. суреттер тақырыптың мақсатын ашады.

5. PowerPoint және Paint бағдарламаларымен жұмыс. Оқушылар өздері құрастыратын презентацияларға өзгерту жұмыс жасайды. Саралау оқыту тәсілінде пайдалануға болады. А деңгейі PowerPoint және Paint қосымшалары көмегімен өздерің құрастыратын презентация мәтінін, суреттер түсін, нысандар көлемін өзгерту мақсатында жұмыс жаса (Электронды карта); В деңгейі Үш өлшемді компьютерлік модельмен табиғаттағы құбылыстар мен кейбір жүйелердің абстрактілі үлгісін шынайы пішінде көрсету (Таудың жүйесі); С деңгейі Анимациялық кескіндер қимыл қозғалыс көмегімен табиғаттағы түрлі құбылыстарды бір үлгі деңгейінде түрліше ақпарат көмегімен заманауи картографиялық анимациялық туындыларға айналдыру (Бұлттардың, ағыстардың, толқындардың қозғалысын бейнелеу. Дескриптор: 1. АКТ – ны қолдана алады; 2. Суретпен кескінмен, кестемен жұмыс жасай алады; 3. Нысандардың көлемі, пішінді өзгертеді, картографиялық кескіндер құрастырады, анимациялық туындылары мен түрлі ақпаратты пайдалана алады. Дағдысы: Әр деңгейдегі тапсырмалар орындалу барысында АКТ қолданылады

PowerPoint және Paint бағдарламалары жоғарғы сыныптарда Corel Painter, Corel Photo - Painter, Macromedia FreeHand, CorelDRAW т.б. бағдарламаларға ауысады.

6. Тұлғаға бағдарланған тәсіл - оқушыларға шартты белгілері бар үлестірме материалды маршрут парағы немесе презентация арқылы жіберіледі. Оқушылар үлестірмеде көрсетілген шартты белгіні анықтап, үш тілде жауабын жазады. Бағалау: өзін-өзі бағалау, дұрыс жауап (транскрипциясымен) жеке жіберіледі.


7. Түртіп алу әдісі - сәйкестендіру кестесін толтыру әдісін атаймыз. Белсенді оқу тәсілі. Ұйымдастыру формасы: жеке жұмыс. Мысалы: 8 сыныпта «Атмосфераның

ғаламдық циркуляциясы» тақырыбында ауа массаларының ерекшеліктерін стрелка алқылы сәйкестендіру тапсырмасы беріледі. Дескриптор: Экваторлық ауа массаларының ерекшелігін анықтайды; тропикалық ауа массаларының ерекшелігін анықтайды; қоңыржай ауа массаларының ерекшелігін анықтайды; арктикалық (антарктикалық) ерекшелігін анықтайды.

8.Кластер құру. «Өрмекшінің өрмегі». Тұлғаға бағытталған тәсіл. Оқушылар презентацияда берілген сызбаларды жазады. 10 сыныпта «Демографиялық проблемалар» тақырыбында проблема түрлерін атап жазады [4].

Дескриптор: 1. Демографиялық проблема түрлерін анықтайды  
2. Демографиялық проблема түрлерін кластерге жіктейді (1 сурет)

1 сурет. Демографиялық проблемалар кластері



9. Практикалық жұмыс – картамен оқушыларға түрлі тапсырмалар беріледі. Қазақстанның ірі физикалық аудандарын кескін картаға түсіреді. Қазақстанның ірі табиғи кешендерінің аудандарын картадан көрсетеді.

Дескриптор: Қазақстанның 9 ірі физикалық – географиялық аймаққа бөлінетінін дәлелдеп айта алады; Еліміздің физикалық табиғи аумақтарын кескін картаға түсіре алады; Картадан көрсете алады.

Практикалық жұмысты 7 – 11 сыныптар бағдарламасына енгізілген.

10. «Семантикалық карта» әдісі - географиялық номенклатура нысандарын картадан көрсетеді. Берілген нысандарды картадан көрсете отырып, сәйкестендіреді.

Дескриптор: 1. Берілген нысандарды картадан көрсете алады; 2. Географиялық нысандарды сәйкестендіре алады  
Бағалау: бас бармақ.

Жалпы орта білім беретін мектепте географияны қашықтықта оқуыдағы пайдаланатын әдіс – тәсілдер саны артып барады. Оқушылар қашықтан оқу арқылы өз білімдерін интербелсенді тапсырмалар ақылы жетілдіре алады және ақпарат жүйелерін пайдалану мүмкіндігі артады. Мұғалім сабақ барысында бірнеше әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырып, білім сапасын көтеруге мүмкіндік береді. Зерттелген интербелсенді әдіс – тәсілдер пән бойынша білім беру жүйесін жетілдіріп өзекті тақырыпқа айналды.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Нығыметжанова Г .Қ. Интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану тиімділігі. – Өскемен, 2018. – 5 б.

2. Әбілмәжінова С., Каймулдинова К. География. Жалпы орта білім беретін 8 сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2018. – 256 б.

3. Каймулдинова К., Абдиманапов Б., Әбілмәжінова С. География. Жалпы орта білім беретін 11 сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2020. – 288 б.

4. Каймулдинова К., Әбілмәжінова С. География. Жалпы орта білім беретін 10 сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2019. – 288 б.

*Г.У. Нурабаева, А.С. Сапарова*

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ  
ӘДІСТЕРІ

*«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ  
[Aliya.saparova.89@mail.ru](mailto:Aliya.saparova.89@mail.ru)*

Білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған. Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде қазақстандық педагог-практиктердің және ғалымдардың ұсыныстары ескеріліп жасалды.

Оқушылар барлық пәндерді оқу кезінде АКТ қолдану дағдыларын дамытады. Ақпаратты іздеу және өңдеу барысында ұжымда идеялармен алмасады, өз жұмыстарын бағалайды және жетілдіреді, түрлі жабдықтар пен қосымшалардың кең ауқымын пайдаланады. АКТ оқушы білімінің, оларды тиімді қолдану бойынша дағдыларының дамуына жәрдемдеседі.

Оқу бағдарламаларында оқу мақсаттарының жүйесі түрінде берілген күтілетін нәтижелер тұжырымдалған. Күнделікті білім беру үдерісі оқу мақсаттарына жетуге және оқушыларда алынған білім мен дағдыларды кез келген оқу және өмір жағдайында шығармашылық пайдалануға дайындығына іс тәжірибемізде «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын» пайдалана отырып, бағалаудың қалыптастырушы түрін кеңінен қолданамыз. «Оқу мен логикалық ойлау арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының стратегияларын ұтымды пайдалану оқушылардың шығармашылық қасиетін анықтауда, күшейтуде, оқытудың тиімділігін, сапасын арттыруда ерекше маңызды. Бұл бағдарламаның мақсаты – барлық жастағы, соның ішінде сынып оқушыларының кез келген мазмұн түсінікке сыни тұрғыдан қарап, ең керекті пікір, ұйғарым таңдауға, шешім қабылдауға, өзін-өзі бағалауға, бірін-бірі бағалауға үйрету. Оқушылардың білім деңгейін көтеруге, шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға жетелеу. Сын тұрғысынан ойлау сынау емес, шындалған, бірін – бірі толықтырған ойлау. Ең бастысы жекелей, топта, сыныпта оқушылардың білім деңгейін көтеруге ретімен сұрыптап қолданған стратегиялардың қай – қайсысы болсын сабақтың сапасын арттыруда үлесі зор деп ойлаймыз.

Қазақстанда білімнің стратегиялық міндеттері ұлттық білім беру жүйесіндегі жетістіктерді сақтай отырып, оны әлемдік білім беру үрдісінің ең озық үлгілеріне сәйкестендіруге негізделеді.

Оқыту әдіс-тәсілдері: Құндылықты-бағдарланған тәсіл-оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу-тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар құруды көздейді.

Орта білім беру құндылықтары: қазақстандық отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек және шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу.

Тұлғалық-бағдарланған тәсіл— педагогтің назарын оқушы тұлғасының тұтастығына, оның тек ақылолы, азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалдық, эстетикалық, шығармашылық нышандары мен даму мүмкіндіктерімен қоса рухани дамуы туралы қамқорлыққа шоғырландыруды көздейді.

Жүйелік-әрекетті тәсіл— оқу-тәрбие үдерісінде оқушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді.

Коммуникативтік тәсіл-бірінші кезекте оқушылардың ауызша және ойлап сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған.

Интегративтік тәсіл-оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Білім беру мазмұнына ортақ тақырыптарды енгізу әр түрлі пәндік салалардан білімдерді кіріктіруге және сол арқылы алынатын білімдердің функционалдығына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеутәсілі — зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптастырады.

Интербелсенді әдіс– үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танитын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер (inter – аралық, бірнеше, action- әрекет дегенді білдіреді). Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі Біз оқытуды және білім беруді, егер сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасында өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізсе, «интерактивті» деп атаймыз. Интерактивті сөзі – ағылшын тілінен аударғанда туралы әңгімелесу, талқылау түрінде өтеді.

Мұғалімнің ақпараттық –коммуникациялық құзырлығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Қарастырылып отырған мәселе «жаңа ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» ұғымының пайда болуымен және білім беру саласында компьютердің қолданыла бастауымен тығыз байланысты. Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз- білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі.Бұл процесті іске асырудағы негізгі құрал компьютер болып табылады. Білім беру саласында жаңа ақпараттық технологиялардың енуі мұғалімнің ойлау стилін, оқыту әдістемесін өзгертеді.компьютерлік оқу құралдарын физика сабақтарында пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өзбетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Физика – оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және дамытатын енгізгі буын. Әрбір оқушы өтілген тақырып бойынша алған білімін тексереді, схемалармен жұмыс жасауға дағдыланады, түрлі ақпараттық анықтамалар алады, сарамандық және тест тапсырмаларын орындайды, табиғат заңдылықтарын толығымен түсінуге ықпал жасайды. Нәтижесінде, оқушылардың ойлау қабілеті дамиды. Жаңа ақпаратты қоғамда оқушыларды белсенді шығармашылық іс –әрекетке дайындау. Ол үшін жаңа ақпараттық технологияларды сабақ беру барысында қолдану.

Бұл оқушыларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру, білімді меңгеруінің тиімділігін жоғарылату үшін қолайлы жағдай тудырады. Компьютерді физика сабақтарында қолдану арқылы біренеше кіріктірілген ашық сабақтар, арнаулы тақырыптық кештер өткізілді. Бұл сабақтар оқушылардың физика пәніне деген қызығушылығын арттырады және оқушының эмоционалды еріктілік қабілеттерін, ішкі мүмкіндіктерін көрсетуіне, материяны терең түсінуіне мүмкіндік береді. Оқушыға мектеп бағдарламасындағы физиканың кез-келген бес негізгі тарауларының бірімен(механика, молекулалық физика, электрлік және магниттік құбылыстар, электромагниттік толқындар және оптика, салыстырмалық теориясы және кванттық физика ) жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Әрбір тараудан оқушы мынадай мәліметтерді жеңіл түрде таба алады:

- 1.Тақырыпты формуласымен бірге түсіндіретін мәтіндерді;
- 2.Тақырыпқа қатысты суреттер мен сызбаларды, графиктерді;
3. Физикалық заңдылықтардың дұрыстығына көз жеткіздіру, формулалардың параметрлерін өзгерту арқылы нәтижесін бірден қадағалау;
4. Физика ғылымының дамуына ерекше үлесін қосқан ұлы ғалымдардың өмірі туралы мәліметтер;
- 5.Тақырып материалдарын меңгеруге арналған тесттік тапсырмалармен жұмыс;
- 6.Тақырып бойынша есептер шешуге;
- 7.Бірліктер жүйесі, негізгі физикалық тұрақтылар, физикалық шамалардың сандық мәндерінің кестесіне қатысты анықтамаларды кез –келген мезетте алуға;
8. Мектеп курсындағы математиканың негізгі формулаларының анықтамасы;
- 9.Физиканың негізгі формулалары жөнінде кеңес;
- 10.Калькуляторды шақыру мүмкіндігі;
11. Физика курсы бойынша әрбір тарауға күрделілігі жөнінен үш деңгейге бөлінген қорытынды тесттер мен есептер.Жалпы білім беретін орта мектеп бағдарламасына сәйкес

бекітілген физика пәнін оқытуда ақпараттық технологиялар жетістігінің бірі – электрондық оқулықтар. Электрондық оқулықтар мен компьютерлік оқу әдістемелік құралдарды өз дәрежесінде қолдана білу оқушылардың үйренген білімдерін өз беттерінше қолдана білуге, дүниені аз уақытта танып білуге мүмкіндік береді.

Шындығында мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек. Жаңа, тез өзгермелі, білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен көріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етіп отырғанына көзіміз жетті. Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін терең түсіндік. Мұғалім оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай - ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы керек. Жаңа заман мұғалімнен күнделікті оқушылармен қарым - қатынас барысында әрбір жағдаят үстінде ерекше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр. Оны қанағаттандыру үшін қазіргі заманның мұғалімі жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, жан - жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек.

Орта мектептің физика сабақтарында жетекші құзыреттіліктерді қалыптастыру ерекше орын алады. Құзыреттілікке бағытталған тапсырмаларды қолдану физика пәнінен білімді сапалы меңгерумен қатар тәжірибеде қолдана алу қабілеттілігін дамыту мәселесін шешеді.

Жалпы білім беретін оқу орындарын қазіргі заманға сай жаңа ақпараттық құрал - жабдықтармен жабдықтау, интерактивті тақталар мен мультимедиялық кабинеттермен және арнаулы пәндер бойынша электрондық оқулықтармен қамтамасыз ету.

Қазіргі заманда болашақ мамандарды ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет деп, Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Оқушы біліміне ақпараттық - коммуникациялық жүйе технологиясы оқу - тәрбие үрдісінде қолдану оқушының өз мамандығына қызығушылығын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастыру болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жаңашыл әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыру. Әдістемелік оқулық, 5-бет.

2. Компьютерді қолданудың педагогикалық мәселелері Қ. Шәдиев, Қазақстан мектебі, №5, 2006-7 б.

3. К.Өстеміров, А.Айтбаева. Қазіргі білім беру технологиялары. 2014ж.

***П.Ә. Ризина***

**ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ САПАЛЫ БІЛІМ НЕГІЗІ**

«Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті қ.Семей»

[pakizat90@mail.ru](mailto:pakizat90@mail.ru)

Жаңа заман талабына сай білім беру – бүгінгі таңда өзекті мәселе. Ендеше шығармашылық қабілеті мол, жан-жақты дамыған азамат тәрбиелеуде жаңа педагогикалық технология қажет. Білім беру технологияларының басты мақсаты – білім беру сапасын арттыру, оқушылардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыру. Бүгінгі жаңа қоғам мұғалімнің ішкі жан дүниесі де жаңаша, өйткені, ХХІ ғасырдың өскелең ұрпағынан үлкен үміт күтілуде. Орта кәсіптік білім беру жүйесінде сабақ беру жүйесінде, сабақ беру жүйесін әлемдік деңгейдегі талаптарды қанағаттандыратындай етіп құруда жаңаша ізденіс



пен шығармашылықтың берері мол. Соған сәйкес білім беру жүйесінде жаңа инновациялық технологиялар пайда бола бастады.

Инновация дегеніміздің өзі жаңалықты енгізу, жаңалық әкелу, жаңа әдістеме мен жаңа технология.

Жаңа технологиялық әдіс - тәсілдерді пайдалану - білім сапасын арттырудың бірден - бір жолы. Заманауи жоғары технологияларды пайдалану арқылы ғана, біз ұстаздар сапалы білім беруге қол жеткізе аламыз..

Адам ұрпағымен мың жасайды» дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың емес миллиондаған жылдар жасап келеді. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз – оқу. «Надан жұрттың күні – қараң, келешегі - тұман» деп М.Дулатов айтқандай, егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. Сусыз, құрғақ, таса көлеңке жерге дән ексең өспейтіні сияқты жас ұрпағымызда тәрбиелемесек өспейді, өнбейді. Қазіргі мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет – оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру. Өз ұрпағының өнегелі, өнерлі, еңбексүйгіш, абзал азамат болып өсуі үшін халық педагогикасының негізгі мақсатын шығармашылықпен оқу-тәрбие үрдісінде тиімді пайдалану – әрбір ұстаздың міндеті.

Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауында өткен ғасырдың отызыншы жылдарында сауатсыздықпен күрес жүргізілгендей, компьютерлік сауаттану жөніндегі ауқымды іске азаматтарды тарту қажеттігі айтылған және мемлекеттік қызметке жаңа қызметкерлерді қабылдау кезінде компьютерді, интернетті және электрондық поштаны қолдана білу дағдысы мен міндетті талап етілетіндігі атап көрсетілген. Осыған байланысты ХХІ ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр. Олар – компьютерлік техниканы, интернет, компьютерлік желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру.

Инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту-бұл таным әрекетін ұйымдастырудың арнаулы формасы. Оқытудың бұл формасы алдына нақты бағдарланған мақсат қояды. Бұл мақсаттардың бірі-оқу үрдісінің өнімділігін арттыратын оқушының ақыл ой кемелдіктерін өз жетістіктерін сезінетіндей жағдай жасалды.

Оқушының өзіндік әрекеттерді ұйымдастырып оны басқарушы бола алатындай дәрежеге жеткізу үшін білім мазмұнын, даму тенденциялары мен оқу үрдісін инновациялық технологиялар негізінде жүргізіп, сабақтың түрлері мен әдіс тәсілдерін білімділік ұстанымы тұрғысында жетілдіру қажет. Инновация дегеніміздің өзі - жаңалықты енгізу, Жаңалық әкелу, жаңа әдістеме, жаңа технология.

“Инновациялық технологиялар” тіркесі бүгінгі педагогикада оқу тәрбие үрдісінде нәтиже көрсететін ұғым. “Инновация - оқу бағдарламасын меңгертуде мұғалімнің оқытудың жаңа әдістемелері мен технологияларын тиімді игеруі”, ”Инновациялық технологияларды қолданудағы негізгі міндет: сабақ үрдісінде белгіленген мақсатқа жетуде ең тиімді әдістерді таңдай білу”. Мұғалім үшін ең басты мәселе - оқыту әдісін дұрыс таңдау.

Инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнен кәсіптік шеберлікті дайындық пен ізденісті, ақпараттық және функционалдық сауаттылықты талап етеді.

Жас ұрпақты оқытуда жаңа инновациялық технологияларды пайдалану - шығармашылық жетістіктің негізгі көзі.

Инновациялық технологиялардың педагогикалық негізгі қағидаларына мыналар жатады:

- балаға ізгілік тұрғысынан қарау;
- оқыту мен тәрбиенің бірлігі;

- баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;
- балаға өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту;
- баланың танымдық және шығармашылық икемділігін дамыту;
- оқу үрдісін оқушының сезінуі, пәнге қызығушылығын арттыру тәсілдерін тиімді қолдану.

Ең маңыздысы, әр оқушының ерекше болмысын, тұлғалық қасиеттерін мойындау. Әр баланың жеке дамып, оның тұлғалық қалыптасуына кешенді педагогикалық бақылау жүргізу үшін бір мезгілде оқытушы да, психолог та болуы қажет. Кез келген сабақты қызықты өткізу үшін ізденіс жаңаға ұмтылу жұмысын жүргізу әрбір ұстаз үшін бұлжымас қағида. Ұстаздың өзі – ізденуші. Ондай жаңашыл ұстаз сабағын басқаларға да қызықты жеткізе алады. Әрбір сабақта озық технологияларда пайдаланып өткізу жақсы нәтижелер береді. Ұстаз әр кез ізденуші бола білсе, өзі үшін білім жинақтайды, оқушы үшін сабақты қызықты ете алады.

Заман талабына сай бәсекеге қабілетті жас ұрпақты тәрбиелеуде оқушыларға қажетті білімді меңгерудің тиімді жолдарын әдіс-тәсілдерін талмай іздеу – әр ұстаздың міндеті. Әрбір педагог өз жұмыс тәсілі мен формасын, өз инновациялық технологиясын қолдана отырып, оқушылардың білімін жетілдіру бағытында жұмыстануы керек.

Біздің елімізде білім беру саласында жиі реформалар болуда. Соның бәрі жай емес. Соның бәрі “қайтсек білім сапасын арттыра аламыз, білім сапасын әлемдік үлгіге сай көтере аламыз” деген ниеттен туындап отыр. Өйткені бүгінгі мектеп оқушыларын еліміздің ертеңі десек, олардың жан жақты білім, саналы тәрбие алуы - мемлекеттік маңызды іс.

Қазіргі қоғамдық саяси әлеуметтік мәдени жағдай білім беру саласына тың талаптар қояда. Дүниежүзіндегі өркениетті елу елдің қатарына қосылу педагог кадрлардан зор жауапкершілікті талап етеді. Біздің педагогтарымыз оқушыларымыз білім жағынан да ақылдылық дарындылық жағынын да өзге елдердегі өздері секілді әріптестерінен кем болмауы тиіс. Қайта артық -шылықтарымен көзге түсулері қажет. Бұл орайда мектептегі оқу үлгісінің негізгі мақсаты – әртүрлі педагогикалық әдіс тәсілдермен жүйелі түрде оқушылардың шығармашылық ойларын дамытып, ғылыми көзқарасымен белсенділігін қалыптастыру болып саналады.

Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім беру – ең өзекті мәселе. Ендеше шығармашылық қажеттілігі мол жан- жақты дамыған азамат тәрбиелеуде жаңа педагогикалық технологиялардың берері мол. Білім беру технологияларының басты көздейтіні – білім беру сапасын арттыру, оқушылардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыру. Өйткені, жаңа қоғам ХХІ ғасырдың өскелең ұрпағынан үлкен үміт күтілуде.

ХХІ ғасыр мектебінің мақсаты – жас жеткіншектерді жауапкершілігі жоғары, парасатты, адамгершілік мәдениеті қалыптасқан, өмірге икемді, ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыру.

Халқымыздың рухани көсемі А.Байтұрсынұлы “Мұғалім әдісті көп білуге тырысуы керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс есебінде қолдану керек” деген сөзін жадымызда әрдайым сақтасақ, өскелең ұрпақтың білімі мен білігін, іскерлігін өміршең етуге болатыны даусыз.

Ел ертеңі білімді ұрпақ демекші оқушыны білімді адамгершілігі мол мәдениетті етіп заман талабына сай тәрбие беруде жаңа ақпараттық технологиялардың тиімділігі зор.

Қорыта айтқанда, ХХІ ғасырда оқушылардың жанын рухани жағынан азықтандыратын, қызығушылығын арттыратын ақпараттық техникалық құралдар екені бәрімізге белгілі. Сондықтан, ұстаз алдындағы ортақ міндет – заман ағымына ілесе алатын жаңа тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Соның бір жолы – сабақ кезінде ақпараттық технологияны тиімді пайдалану. Олай болса барлық сабақтарды ақпараттық технологияны пайдалану арқылы жүргізу бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі.

#### Әдебиеттер тізімі:

*Садуова Ж.Н.* Жаңа педагогикалық технологиялар арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру

*Бұзаубақова К.Ж.* «Жаңа педагогикалық технологиялар» Тараз 2003ж.

Қазақстан Республикасының Білім Заңы

«Инновациялық тәжірибе орталығы» педагогикалық технология кезі. Алматы- 2001ж.

***Б.О.Ерменова, Р.Б.Идришев, А.М.Махметов, М.Қайрат***

#### ЖЕТКІНШЕКТЕРДІ ДЕНЕ ТӘРБИЕЛЕУГЕ ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университет» КеАҚ  
[erменова61@mail.ru](mailto:erменова61@mail.ru)*

Жеткіншек жас - қозғалыс функцияларының дамуындағы өзгерісті кезең. Оқушылар бұл кезеңге дейін негізінен жүгірудегі, секірудегі, лақтырудағы, өрмелеудегі негізгі қозғалыс қимылдарын меңгерді. Жеке гигиена жекеленген дене мүшелері мен тұтас ағзаға дене жаттығуларының әсері, сондай-ақ ерік және адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеуге, салауатты өмір салтының маңыздылығын түсіну, еңбек ету, демалу, тамақтану тәртібін сақтау жөніндегі білімдері тереңдей түседі.

Бұл кезең көптеген жеткіншектер үшін жыныстық жетілудің басы екендігін, оны сабақты ұйымдастырып, өткізу барысында ескерген жөн. Мектептегі дене шынықтыру пәнінің негізінде оқу-тәрбие процессін ойдағыдай құра білу және іскерлік тұрғыда жеке адамды дамыта қалыптастыру, оқыту мен тәрбиелеу міндеттерін қазіргі психологиялық-педагогикалық және психология- физиологиялық теориялардың қағидаларын сақтай отырып іске асыру мүмкіндігі зор болмақ [1].

Оқушылардың бейімділігі мен спорттық қызығушылықтарына, спорттық жетістіктерінің деңгейіне, қозғалыс тәжірибесіне көңіл аудара отырып, мұғалім олардың жеке бас ерекшеліктерін ескере отырып әр түрлі деңгейдегі оқыту материалдарды ұсынады.

Мектептегі дене тәрбиелеу үрдісінің әдістері өте көп, әдістердің бәрі жақсы. Жеткіншекті жеке тұлға етіп қалыптастыру, жан жақты дамыту, тәрбиелеу, қозғалыс әрекеттерін үйрету және дамыту, бұл процессті жеделдету мен оңтайландыру жолдары тек дене тәрбиесі маманына ғана тиісті емес, әдістерді таңдап алу және қолдану оқушының жеке бас ерекшеліктеріне, дене даму деңгейлеріне, жыныс ерекшеліктеріне тікелей тәуелді.

Жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесі туралы идея, озат тәжірибелер мазмұны түрлі елдерде, тарихи кезеңдерде, философтар мен педагогтардың, психологтардың тұжырымдарына негізделген.

Дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесінің қайнар көздерін, тарихи даму кезеңдерін сараласақ, олардың мынадай жағдайларға байланысты пайда болатынын анықтауға болады:

- дене дайындығы жетілген, денсаулығы мықты адамдардың қажеттілігінен туындаған қоғамдық өмірдің іс-тәжірибесі;

- әр түрлі тарихи кезеңдерде ойшылдар мен ағартушылардың жан-жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеу туралы ой-тұжырымдары мен идеялары;
- үйлесімді дамыған, жан-жақты, білімді де білікті ұрпақ тәрбиелеудегі озат педагогикалық іс-тәжірибелер мен ұсыныстар;
- дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесі саласындағы ізденістер мен ғылыми негізделген тұжырымдамалар;
- дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесін дамыту жөніндегі мемлекеттік сұраныстар.

Дене тәрбиесінің адам әрекетінің сан – қилы сипатымен, өзіне тән ой-сана мен даму заңы, өзара ішкі байланыстары мен өзара ықпалдастықта дамитын ерекшеліктері, әдістері мен өзіндік тарихы қалыптасқан. Нәтижесінде дене тәрбиесі теориясы ғылым ретінде қалыптасып, мәні мен мазмұнын анықтауға мүмкіндік береді [2].

Тарихи деректерді сараптасақ, адамзат қоғамы пайда болып, алғашқы өмір сүру кезеңінен-ақ дене тәрбиесіне көңіл бөлініп, сол еңбек пен тұрмыстық өмірдің шарты ретінде дамыды. Алғашында дене тәрбиесі ұйымдасқан ойындар мен ойындық-қимыл қозғалыстар түрінде көрініс берді. Бұл кезеңдегі ойындар мен денешынықтыру жаттығулары қарапайым болғанымен, олардың адамды қалыптастыру мен тәрбиелік маңызы зор болды.

Дене тәрбиесінің басқа тәрбиелермен сабақтастығы мәселесі Орта Азия және Ұлы дала ғұламалары еңбектерінде де ерекше аталған. Солардың ішінде ерекше тұлға Әл-Фараби тәрбие мәселесіне бағыт-бағдар бере отырып, «Әлеуметтік-этикалық трактаттар» атты еңбегінде бала денесін жетілдіруді оның бойындағы абзал қасиетті тани біліп, мінез-құлқының жақсы сипаттарын тәрбиелеп, өзін-өзі үнемі дамыту қажеттігіне тоқталады. Ол «дененің саламаттылығы» ұғымын енгізе отырып, әр адамның тәрбиесінде мынадай үш қасиет болу қажет деп есептейді: дене күші, рухани және ақыл-ой, олар өзара үйлесімді дамыған жағдайда ғана жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға болатынын дәріптейді.

Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» дастанында ұлттық психологиямыз бен ұлыстық ерекшеліктерімізге тоқтала келе, «кемел адам» ұғымын енгізе отырып, кемел адамның бойында мынадай қасиеттер: жомарттық, саламаттылық, білімділік, ақылдылық, бір сөзде тұру, ширақтық болу қажет дейді [2].

Ұлы ағартушы Абай дене тәрбиесі мен ақыл-ой тәрбиесі үйлескенде ғана әр адам сымбатты болумен қатар, жан-жақты қалыптасқан жан болмақ деген пікірді қуаттайды. Мысалы, «Сегіз аяқ» өлеңінде бойдағы, денедегі күш - қуатты ойсыз, ақылсыз іс - әрекетке жібермей, белсенді өмір сүреотырып, өзінді дамытатын, жетілдіретін іспен ұштастыра білу қажеттігін ескертеді. Әсіресе, «Қара сөздер» адам тәлім-тәрбиесіне бағыт-бағдар беретін, жай ғана бағыт қана емес, ғылыми негізге сүйенген, өмірлік жағдайлардан алынған философиялық тұжырымдар мен түйіндерден тұратын құнды дүние [3].

Ұлы Абай дене күшін, дене мәдениетін қалыптастыру, оның ақыл-ой тәрбиесіне тікелей байланысын көрсете отырып, «тәрбиелеу керек» деп жай ғана сөзбен емес, оны дұрыс жолға қоюды нақты істермен, жолдармен насихаттау, тәрбиенің өзегін философиялық, психологиялық арнадан іздеу қажеттілігіне тоқталады. Бұл мәселеде Абай оны халықтың рухани мұрасы, асыл қоймасы халықтық тәлім-тәрбие бесігі – ауыз әдебиетінен, мақал-мәтелдері мен даналықтарынан іздеуді меңзейді. Халқымыз: «Азған денеге ауру үйір», «Қайраты мен ақылы сай жігіттің жолы болар», «Ақылсыз жігіт күшіне сенер», «Қайраты бар кісінің, берекеті бар ісінің, қайраты жоқ кісінің, берекеті жоқ ісінің», «Қайратың барда мал тап», «Денсаулығын ойлаған, жан сарайын таза ұстар», «Әлін білмеген әлек», т.б. деп дене тәрбиесін тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін мақал-мәтелдер арқылы береді [3].

Кейінгі жылдары жастардың тәрбиесіне байланысты бірқатар құжаттар, заңдар, тұжырымдамалар жарық көрді. Оларда тәрбиенің мазмұны, ұстанымдары, мақсаты мен міндеттері қайта қарастырылып, оларды түбегейлі жаңалау қажеттілігі атап өтілген.

Мұндағы мақсат – ұрпақты қазақ халқының жауынгерлік тарихымен, ерліктің өшпес үлгісін қалдырған қас батырлардың өмір өнегесімен таныстыру, өз жерін, елін қорғай алатын елжанды ұлттық намысы бар жігерлі азаматтарды тәрбиелеу, басқа ұлттардың өкілдерімен жастардың өзара сыйластық, достық негізінде өмір сүруіне ықпал жасау, ұлтаралық қатынастың жақсы негіздерін бойына сіңіру. Бұл қағидалар қазіргі таңда қазақ педагогикасында тәрбиенің негізгі ережелерінің бірі болып саналады.

Соңғы уақытта жеке тұлғаның дене тәрбиесі үздіксіз білім беру жүйесінде дене тәрбиесінің мақсаты түрінде қарастырылып жүр. Бұл мақсат үздіксіз білім беру мен жеке тұлғаны қалыптастыру жүйелерінің қазіргі даму талаптарына жауап бере алады. Бұдан басқа, жеке тұлға үздіксіз білім беру жүйесінің жекелеген бөліктерінің сабақтастық принципін бейнелейді.

Жеке тұлғаның дене тәрбиесін қалыптастыру проблемасы зерттеліп, теориялық негізінің жасалғанына қарамастан бүгінгі күні ол көкейкесті және ашық мәселе болып қалуда. Бұл ең алдымен мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани дамуындағы өзгерістермен де тығыз байланысты.

Сондықтан қазіргі таңда педагогикалық және психологиялық ғылымдардың әдіснамалық негіздеріне сүйене отырып, мектеп оқушылары үшін дене тәрбиесінің жаңашыл – инновациялық технологиясын қалыптастыру жолға қойылуда. Инновациялық технология жеке тұлғаның дене мәдениетінің қалыптасуымен қатар, жалпы адамзат баласын физиологиялық, гигиеналық біліммен қаруландыру және емдеу қажеттіліктерін жүзеге асырып қана қоймай, әлеуметтік белсенді тұлға болуға, жемісті еңбек етуге дайындық жасалады.

Қазіргі кезеңде мектеп және жоғары оқу орны бағдарламаларын құрастыру тұжырымдамасы өзгерген, оқушылар мен студенттердің меңгеруі тиіс негізгі дағдылар мен қабілеттер, оқу нормасын тапсыруға арналған шарттар көрсетілген. Жаттығулардың орындалуы, қозғалыс дайындығының деңгейі туралы мәлімет береді. Бағдарламаның вариативті өзгермелі бөлімінде әрбір педагог жергілікті мекен жайдың жағдайы мен салт-дәстүрлерге орай өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, өзгерте алады.

Мектепке дейінгі мекемелер мен мектептердегі, жоғары оқу орындарындағы «Дене тәрбиесі» пәнінің мақсаты ұрпақтарымыздың денсаулықтары мен жан-жақты дамыған, әлеуметтік ортаға пайдалы, Отанын қорғауға дайын, еңбек етуге қабілетті ұрпақ өсіру. Осы бағыттағы ізденістердің тиімдісі дене мәдениеті тұрғысынан зерттеу болып табылады. Әрине, заман талабына сай мәдениет теориясының құбылыстары және олардың түрлеріне сай, жасалып жатқан қандай да теориялық ережелер, тұжырымдамалар көп және олар әлі де жүргізілу үстінде.

Дене тәрбиесі білімінің негізгі мақсатын анықтау үшін белсенді жұмыс атқарылып, оны қозғалыс сапаларының дамуы, енді біреулері білім міндеттерін шешу құралы деп анықтайды. Үшіншілері, оқушыларды спорттың бір түрімен дамыту және сауықтыру деп ұсынса, төртіншілері, «ең басты мақсат – бұл сауықтыру» деп таныды. Ақырында, авторлардың бірқатары басты мақсаты жеке тұлғаның жан-жақты дамуын жетілдіру үдерісімен бірлестіруден деп есептейді.

Сонымен, ойымызды қорыта келе дене тәрбиелеудегі мақсатымызды нақтылай отырып, жоғарыда ұсынылған ойлардың шындыққа жанасатынын айтамыз. Спорттың бәр немесе бірнеше түрімен айналысу, дене сапаларын жас ерекшеліктеріне сәйкес дамыту, жеке тұлғаның жан-жақты қоршаған ортаның талаптарына сай қалыптасуы жинақталып келгенде қозғалыс әрекеттері негізінде денсаулықты арттыру мақсатында дене жаттығуларымен айналысу үрдісі.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

*Н.К. Коробейников А.А. Михеев И.Г. Николенко* Физическое воспитание: Учеб. Пособие.-М.:Высш.шк., 1989.-384 с.

*А.Н. Воробьев* тренировка работоспособность реабилитация.-М.: Физкультура и спорт,1989.-272 с.

*Каражанов Б.К.* Основные понятия теории и методика физической культуры и спорта.- Алма-Ата КазИФК, 1991- 240с.

Төтенайдың Базарбегі. Спорт атауларының орысша-қазақша сөздігі.-Алматы: «Ана тілі», 1994. 128 бет.

*А.А. Коленова*

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА МЕДИАБІЛІМ БЕРУДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІСТЕР

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті,*

*Қазақстан, Семей қаласы, [sanzhikgo7868@mail.ru](mailto:sanzhikgo7868@mail.ru)*

Қазіргі кезеңде еліміздегі жоғары оқу орындарының басты миссиясы бәсекелестікке қабілетті, жан-жақты дамыған, кәсіби құзыретті мамандарды даярлап шығу болып табылады. Отандық білім беруді жаңғырту стратегиясы зияткерлік, қоғамдық-саяси, қарым-қатынастық, ақпараттық салалардағы өзекті құзыреттіліктерді дамытуды көздейді.

Білім берудің нәтижелілігіне тәуелді болып келетін құзыреттілік сапасы студенттердің алған білімінің деңгейіне немесе қабылдаған ақпаратының мөлшері мен көлеміне емес, «адамның әртүрлі қиын жағдайларда әрекет ете алуы, орын алған жағдаяттан шығудың тиімді жолы мен тәсілдерін іздестіруі» сияқты қабілеттеріне негізделеді. Бұл қабілеттерді болашақ маманның бойындағы ақпараттық құзыреттілік деп түсінуімізге болады.

Жалпы, кез-келген тұлғаға ақпараттық құзыреттілік пен медиасауаттылық сапасы аса қажет. Педагогикалық бағыттағы мамандықты таңдаған кез-келген студент болашақта ұлттың идеологиясын насихаттайтын, педагогикалық, әлеуметтік және психологиялық бағытта көмек көрсететін маман болғандықтан медиа ресурстардың бағыт-бағдары, ұстанатын принциптері жайында негізгі түсініктерге ие бола отырып, оны өзінің кәсіби құзыреттілігін арттыруда басты құралға айналдыра алуы қажет. Медиасауаттылықтың өзі медиабілімнің нәтижесі болып саналады. Сондықтан да, ол өздігінен қалыптаспайды, болашақ маман медиа жайында теориялық біліммен қаруланып, медиамәтіндерді талдаудың практикалық іскерліктерін меңгергенде ғана медиасауатты тұлғаға айнала алады.

Осыған орай, 2018 жылдың 28 қазанынан бастап Қазақстан үкіметі арнайы қаулы шығарып, Бас прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі мен Қорғаныс министрлігіне интернетті бұғаттау құқығын бергені белгілі. Қаулыға сәйкес, аталған мемлекеттік органдар өкілетті органмен әрекет ете отырып, «әлеуметтік, табиғи және техногендік тұрғыдан төтенше жағдай болғанда» интернет пен байланыс жүйесін тоқтатуға құзыретті болады. Бұл ең алдымен, халық арасында әлеуметтік, табиғи және техногендік тұрғыдан төтенше жағдай орын алғанда жалған ақпараттың таралуы мен араңдатушылыққа жол бермеу мақсатында іске асырылып отыр.

Өз кезегінде, болашақ маман даярлайтын жоғары оқу орындары да жалған ақпараттарға жол бермеу және қоғамның ақпараттық сауаттылығын көтеруге өз үлесін қосуы тиіс. Қатыгездікті насихаттау мен медиалық арбауға тек білім арқылы ғана қарсы тұруға болады. Ақпараттық қоғам заңдылықтарының өзгеруі мен медианың тұлға дамуына тигізетін ықпалының артуына байланысты қазіргі кезде жоғары кәсіптік білім беруді ақпараттық технологиялар мен бұқаралық коммуникация құралдарынсыз жүзеге асыру және медиабілім беру ісін назардан тыс қалдыру мүмкін емес.

Кәсіби маман даярлайтын әрбір жоғары оқу орны студенттердің медиабілімін арттыру мен медиасауаттылығын қалыптастыру бағытында жұмыс атқаруы тиіс. Аталған мәселе төңірегінде 2016 жылы еліміздің Білім және ғылым министрлігі барлық жоғары оқу орындарына Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім және халықаралық ынтымақтастық департаменті Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің 2015 жылдың 10 желтоқсандағы шешіміне сай жоғары оқу орындарында «Медиапедагогика» білім беру бағдарламасын «Журналистика», «Педагогика және психология» мамандықтарында жүзеге асыру, сондай-ақ, элективті курс ретінде «Білім беру» мамандықтарына енгізуді ұсынатындығы жөнінде қызметтік хат түсіргендігін ескеру қажет.

Болашақ мамандарға жоғары оқу орны жағдайында медиабілім беру, оның кәсіби қызметінде бұқаралық ақпарат құралдарының материалдарын тиімді пайдалана алуына кепіл болады. Студенттерге медиабілім беруді элективті курстар және әртүрлі аудиториядан тыс шараларды ұйымдастыру арқылы жүзеге асыруды қамтамасыз етуге болады. Медиабілім бойынша зерттеу жүргізген ғалымдардың тұжырымдарына сүйенсек, жоғары оқу орны жағдайында болашақ мамандарға медиабілім беру – жаңа ұрпақты қазіргі ақпараттық жағдайда өмір сүруге, әртүрлі медиамәтіндерді сыни талдап, қабылдай білуге, оларды түсінуге, вербальды емес коммуникация формасын меңгеруге және медианың адам психикасына тигізетін ықпалын сезіне білуге дайындау деп топшылауымызға болады[1, б. 29].

Медиабілімді тұлға: баяндалған материалды еркін бағдарлау және ұсынылған оқу ақпаратын бұрыннан бері мәлім ақпаратпен салыстыру арқылы оның шынайылық дәрежесін бағалай алады; оқытушылармен және серіктестермен құрылымдық диалог құрастыруға дайын болады; өзінің көзқарасын қорғай біледі, ал қажет болған жағдайда қарсы пікір білдіруші тарапынан бұлтартпайтын дәлелдемелер ұсынылса, оны қарап шығудың әртүрлі нұсқаларын жүзеге асыруға қабілетті болады; өзіндік нәтижелерді белгіленген эталондармен салыстыру негізінде өзіндік диагностика жүргізуге және т.б қабілетті болады.

Шетелдік және ресейлік медиапедагогтар жоғары оқу орнында студенттерге медиабілім берудің төмендегідей инновациялық жұмыстарын ұсынады: аудиториядағы сыни ойлауды дамыту, педагогикалық үдерісте ақпараттарды пайдалану, сақтау, өңдеу, студенттердің ізденіс ақпараттық іскерліктерін дамыту, медиабілім мақсатында гипермәтінді пайдалану бағдарын күшейтуге бағытталған сабақтар, педагогикалық студия және т.б.

Жоғары оқу орындарындағы медиабілім беруге бағытталған сабақтарды өткізудің негізгі ерекшеліктері мен әдістемесін талдау ісімен ресейлік медиапедагогтар XX ғасырдың 60-70 жылдарынан бастап айналыса бастады. 1960 жылдары осы бағыттағы бірқатар әдістемелік жаңалықтарды ғылымға О.А.Баранов мен Ю.М.Рабинович енгізді[2, б. 79]. Өткен ғасырдың 70-90 жылдарында медиабілім берудің әдістемесі Ю.Н.Усов, С.Н.Пензин, А.В.Шариков, Л.М.Баженова, Е.А.Бондаренко, Л.С.Зазнобина және т.б ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапты.

Ғалымдардың пікірінше, медиабілім беруде басты назарды практикалық жаттығулар мен шығармашылық тапсырмаларды орындатуға аудару қажет[3, б. 128]. Атап айтқанда, Л.С.Зазнобина өз зерттеулерінде бірнеше практикалық жаттығулар мен шығармашылық тапсырмаларды құрастырып шықты: қолжетімді дереккөздерінен белгілі бір тақырыпқа арналған ақпараттарды жинақтау; белгілі бір пәнге қатысты білім мен іскерліктерді толықтыратын мақала, бағдарлама, видео немесе аудио өнімдердің тақырыбы мен атауын ұсыну; өз талғамына сай келетін осы аптада көрсетілген үш фильм немесе мультфильмді таңдау; ұсынылған ақпаратты оның әлеуметтік маңызына сарай ранжирлеу, белгілі бір ақпарат көзіне анонс немесе рецензия құрастыру және т.б[4, б. 27].

Жалпы, жоғары оқу орны жағдайында медиабілім беруде қолданылатын әдістерді екі топқа жіктеуге болады:

- Алынған білімнің дереккөзіне қарай: сөздік (дәріс, баяндау, әңгімелесу, пікірталас); бейнелік (медиа мәтінді иллюстрациялау және демонстрациялау); тәжірибелік (медиа мәтіндерімен әртүрлі бағыттағы практикалық тапсырмаларды орындау).

- Танымдық іс-әрекетінің деңгейіне қарай: түсіндірмелі-иллюстративті (белгілі бір медиа ақпаратты аудиторияның қабылдауы мен меңгеруі), мәселелік (сыни ойлауын дамыту мақсатында белгілі бір жағдаят пен медиа мәтінді мәселелік тұрғыдан талдау); зерттеушілік (білім алушылардың ғылыми-зерттеушілік іс-әрекеттерін ұйымдастыру).

Жоғары оқу орны жағдайында студенттерге медиабілім берудің әдістемесі әртүрлі бағыттағы шығармашылық тапсырмаларды орындауымен байланысты болады. Шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында аудитория медиа мәтіндерді құрастырудың теориясы мен заңдылықтарын меңгереді, оны сыни талдау мен қабылдау тәсілдерін игереді, логикалық тұрғыда талдауға дағдыланады, медиамәдениетпен қарымқатынасқа түседі. Медиа мәтіндерді талдау барысында студенттің мотивациясы артады, ерік-күші мен жеке тұлғалық қасиеттерінің дамуына серпін болады. Медиабілім беру дидактиканың негізгі заңдылықтары мен принциптеріне бағынады. Сондықтан да, оқытудың негізгі әдістері мен тәсілдерін медиабілім беруде қолдануға болады. Сонымен қатар, түсіндірмелі-иллюстративті, оқытудың белсенді, интерактивті және проблемалық әдістеріне, медиа мәтіндерді сыни талдаудың әдістері мен тәсілдеріне басымдық беріледі [5, б. 459].

Медиабілім беру үдерісінде студенттер тарапынан әртүрлі іс-әрекеттер орындалады: дескриптивті (медиа мәтінді мазмұндап айтып беру, медиа мәтіндегі оқиғаларды баяндау), классификациялық (медияның тарихи және әлеуметтік-мәдени контекстегі орнын айқындау), аналитикалық (медиа мәтіннің құрылымын талдау, медиа мәтіннің тілін, аудиториясын анықтау, автордың негізгі мақсаты мен тұжырымын талдау және т.б.), тұлғалық (медиа мәтінді талдау барысында туындаған сезім мен уайымды, естеліктерді, ассоциацияны баяндап беру), түсіндірмелі-бағалаушылық (медиа мәтін жайында белгілі бір ой мен көзқарастың қалыптасуы, медиа мәтіннің эстетикалық және моральдық критерийлер бойынша маңыздылығын айқындау).

Студент медиа мәтіндермен жұмыс істегенде медиа мәтін категориясын анықтауы, деректерді жүйелеуі, баяндалуына, символдар, тіл және форма типтеріне мән беруі тиіс. Медиабілім беруге бағытталған сабақтарда студент шығармашылық тапсырманы орындау үшін алдымен, медиа мәтіндерді талдаудың іскерліктерін меңгеруі қажет:

- Медиа мәтіндерді құрылымдық талдау (Structural Analysis) – медиа мәтіннің құрылымына анализ жасау, мәтіннің баяндалуына, сюжетіне, кейіпкерлерге, мазмұнына, көлеміне және т.б мән беру.

- Медиа мәтіндерді сюжеттік талдау (Narrative Analysis) – медиа мәтіндегі сюжетті талдау, яғни медиа мәтін жанры, пролог, әрекеттердің байланысы, фабула (сюжеттің схемасы), шарықтау шегі, шиеленістер, эпилог және т.б.

- Медиа мәтіндерді стереотипті талдау (Stereotypes Analysis) – медиа мәтіндегі идеялар, оқиғалар, адамдар мен құбылыстар жайында қалыптасқан тұрақты, үстірт ой пікірлер мен сюжеттердегі таптаурындарды анықтау және талдау.

- Мәдени мифологиялық талдау (Cultural Mythology Analysis) – медиа мәтіндердегі мифологиялық кейіпкерлердің типтерін, аңыз-әңгімелерді талдау.

- Кейіпкерлерді талдау (Character Analysis) – медиа мәтіндегі кейіпкерлердің мінезқұлқын, мотивін, отбасылық және әлеуметтік жағдайын, идеяларын, іс-қимыл әрекеттерін, құндылық бағдарын, конфликтіні шешу тәсілдерін т.б талдау.

- Автобиографиялық (тұлғалық) талдау (Autobiographical Analysis) – медиа мәтіндегі кейіпкердің өмірін есте сақтай отырып, өз өміріндегі тәжірибелермен сәйкестендіру және салыстыру арқылы талдау.

- Семиотикалық талдау (Semiological Analysis) - медиа мәтіндегі белгілер, символ не құбылыстардың тілін, негізгі баяндалу ерекшеліктерін талдау.



- Идентификациялық талдау (Identification Analysis) – медиамәтіндердегі жасырын хабарламаларды идентификациялау, медиа агенттігі тарапынан ұсынылған медиамәтіндегі күрделі мәселелердің шешімін іздестіру.

- Идеологиялық және философиялық талдау (Ideological and Philosophical Analysis) – медиалық сфераның идеологиялық, философиялық аспектілерін талдау.

- Этикалық талдау (Ethical Analysis) - медианың этикалық аспектілерін меңгеру және медиамәтінді этикалық тұрғыдан талдау.

- Эстетикалық талдау (Aesthetical Analysis) – медиабілім берудің эстетикалық (көркем) теориямен байланысты медиамәдениеттің әртүрлі түрдегі және жанрдағы көркем туындыларын талдау.

- Мәдени контекстегі герменевтикалық талдау (Hermeneutic Analysis of Cultural Context) – медиамәтіндерді интерпретациялау үдерісін, медиамәтіннің агенттігі мен авторының және аудиторияның көзқарасына ықпал ететін мәдени, тарихи факторларды талдау. Сонымен, медиабілімді тұлға білім беру үдерісінде кез-келген медиа ақпаратты талдап, жаңа идеяны сол күйінде қабылдау немесе оған түбегейлі сенім арту емес, ол идеялардың негізгі себептерін, жүзеге асыру жолдарын және нәтижесін білу, оларды өз ортасына, өз мүмкіндігіне, өз керегіне, өз іс - әрекетіне лайықты кіріктіру, талдау, ой елегінен өткізу, яғни мәселеге сыни тұрғыдан қарап, өз мақсатына пайдалана алатын қабілеті бар тұлға деген сөз. Еліміздегі кәсіби маман даярлайтын жоғары оқу орындары болашақ маманға элективті курстар арқылы медиабілім беруді жолға қоюы және сол арқылы олардың ақпараттық құзыреттілігі мен медиасауаттылығын арттыруды басты назарда ұстауы қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сейітқазы П.Б. Болашақ мұғалімдерді БАҚ арқылы тәрбие үрдісіне дайындау. Монография. – Астана, 2009. – 311 б.
2. Чельшева И.В. Теория и история российского медиаобразования. Учебное пособие для вузов. – Таганрог, 2006. – 206 с.
3. Федоров А.В. Медиаобразование в зарубежных странах. – Таганрог: Изд-во Кучма, 2003. – 238 с.
4. Зазнобина Л.С. Стандарт медиаобразования, интегрированного с различными школьными дисциплинами // Стандарты и мониторинг в образовании. – 1998.- №377- 26-34 с.
5. Seytkazy P.B., Akeshova M.M., Tashenov A.A. Formation of professional competence of the future specialists through information-telecommunication technologies // VIII международной научно-практической конференции. Образование: традиции и инновации. - Прага, Чешская республика.- 2015. - 459-461 б

**Г.Т. Саяхова**

**ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ КОММУНИКАТИВТІ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ  
ШАРТТАРЫ**

*«Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті, Семей қ»*

*Didar\_4590@mail.ru*

Бүгінгі таңда еліміздің егеменді ел болғалы ғылым, мәдениет салаларында жасалып жатқан шаралардың барлығы жастарға жалпы адамзаттық және жеке ұлттық игіліктер негізінде тәрбие мен білім беру ісін неғұрлым жоғары деңгейге көтеруге ықпал етуде. Сондықтан қоғамдық өмірді демократияландыру және ізгілендіру жағдайында ұлттық ерекшелігімізді айқындайтын рухани, қарым-қатынас мәдениетімізді жетілдіру көкейкесті мәселеге айналып отыр.

«Білімді ұрпақ–жарқын болашақтың кепілі, болашақтың тірегі» жастардың білім саласында толыққанды білім алуына жағдай жасалып отыр. Қазақстан Республикасының мемлекеттік болмысын қалыптастыру, оның егемендігін нығайтып, ұлттық сана мен тәрбиемізді қалпына келтіру және өркениетті елдер қатарынан орын алу ұлттық мемлекетімізді қалыптастырудағы басты шарттардың бірі.

Қарым-қатынасты –білім мен біліктілік, дағды және адамның ішкі құндылықтарына негізделген мәдени сауаттылығы ретінде қарастыруға болады. Қарым-қатынас- білім мен мәдениеттің компоненті, оның бөлінбейтін бөлшегі іспетті адамзаттық дүниетанымы мен сана-сезімін жетілдірудің ерекше жолы. Ұлттық құндылықтарға негізделген қарым-қатынас мәдениеті студенттердің саналы көзқарасын, ізгілікті қарым-қатынас орнатуына, рухани -адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына, жүйелі іс-әрекет жасауына мүмкіндік береді. Адамның іскерлігі оның арнайы іс -әрекет орындау процесіндегі мәдениет деңгейімен байланысты. Жалпы мәдениеттің жоғары деңгейі әр түрлі еңбектің саласы мен нәтижелілігінің қажетті шарты және әрбір тұлғаның дамуы мен жетілуінің факторы.

Болашақ мамандардың өмірлік қызметі және тұлға ретіндегі қалыптасу үстінде қарым-қатынас рөлінің маңызы зор екендігі жөнінде көптеген еңбектерде ғылыми түрде дәлелденген. Қарым-қатынас дағдысы кәсіптік қызметке, қоғамдағы белсенділік деңгейіне тікелей байланысты және ол әркімнің жеке іс-әрекеті.

Мұның бәрі жеке тұлғаны қалыптастыруда қарым-қатынас мәдениетінің маңыздылығын көрсетеді. Қарым -қатынас мәдениеті жалпы мәдениеттің бір бөлігі болып саналады. Өйткені ол тұлғаның ортақ әлеуметтік қасиетін көрсетеді. Қарым-қатынас мәдениеті ғылыми дәреже ретінде соңғы жылдары ғана өз ұласымын тапты. Қарым-қатынас мәдениеті әр адамға әсер ете отырып, өзінің мамандығы бойынша қарым-қатынас жасайтын қазіргі заман мамандарының қажетті сапасы болып саналады. Мәдениет коммуникациялық жүйе, әртүрлі ақпараттармен алмаса отырып, қатынастың барлық түрлерін қамтамасыз етеді. Қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуымен берілуі, сақталуы адамзат болмысының негізгі шарты, өмірлік әрекетінің мәдени формасы, табиғи, әлеуметтік қоғамдытану құралы, адамның өзін-өзітануы, қалыптасуы. Қарым-қатынас барысында жеке адам

Қайталанбайтын шығармашылық тұлғаретінде көрінеді. Адамзат болмысының бөлінбес бөлшегі бола отырып, қарым-қатынас жеке адамдамуының құралымен басқаруы бола алады.

Қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуының мынадай өлшемдерін анықтауға болады:

1. Жеке тұлғаның қоғамдық ортамен байланысы;
2. Қарым-қатынас мәдениеттілігі деңгейіндегі теориялық білімді меңгеруі;
3. Әлеуметтік ортадағы мінез-құлқы;
4. Қарым –қатынас орнатуға бағытталған іс-әрекеттері;
5. Қарым-қатынас барысындағы жауапкершілігі;
6. Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудағы икемділігі, іскерлігі, дағдылары.

Студентер бойында қарым- қатынас мәдениетін қалыптастыру, оны кәсіби даярлау маңызды сипатқа ие.

Педагогикалық процестің элементтері оның: құрамы, мақсаты, формасы мен әдістерінің дайындындығы, сонымен қатар қорытындысымен ерекшеленеді. Бұл бізге коммуникативті мәдениеттің элементтеріне және құрамына сипаттама алуға мүмкіндік береді. Алайда соңғы уақыттағы зерттеу сараптаамалары бұл үдерістің (процестің) шешімі жоқтығын көрсетеді.

Г.И. Аксенова кәсіби дайындықтың белгілеріне нұсқап, оның тұтастығын, өзгерістерін, кезеңдік ұйымдарын сипаттайды.Дайындық басқа да қызмет сияқты толық бағдарламаны мақсат етеді. Дайындықтың мақсаттарының арасында, қызмет сияқты, әр түрлі деңгейде ашылатын: мотивациялық дамудың дайындығы; маңызды дайындықтың

толықтығы; ұсталықтың дамуы ерекшеленіп ажыратылады. Осыдан автор мындай қорытындығы келеді «кез-келген қызмет түріне дайындық өзіне сену, көзқарас, қарым-қатынас, мотив (түрткі), сезім, еркіндік, интеллектуалдық сапа, білім, дағды, тұлғалық ерекшеліктер, белгілі тәртіпті қамтиды». [1]

Ақырында даярлық сияқты дайындықтың нәтижесінде құрылымын айқындауда мыналарға акцент жасалады: мотивациялық компонент (сендіру, көзқарастар, қарым-қатынастар, түрткілер, белгілі тәртіптер); жекелік (сезімдер, жігерлі және интеллектуалды сапалар); мазмұнды (білім); процессуалды (ұсталық және дағдылар). В.С. Ильина және Г.С. Садчиковтың теорияларына сүйене келе Л.Ф. Жеребятъева [33], мұғалімнің кәсіби қызметке дайындығын оятушылық (мотивациялық) және орындаушылық (процессуалды) құралымдары арқылы анықтайды

Л.В. Нечаева өзінің жұмыстарында «кәсіпқой-маманның құралымық мәселелерін қарастыра, оның интегралды үзілісті жүйесін кәсіби педагогикалық тұлғаның бағыттылығын қоса, теориялық қаруларын, сонымен қатар кәсіби мәнді ұсталық бірлескен қызметті қажет», -деп санайды. [68]

Сонымен даярлық процесінің негізінде тұлғаның күйі айқындалып және де оның құрылымында тұлғаның бағыттылығы, теоритикалық білімі, кәсіби білігі ажыратылады. Экперименталды жұмыстардың логикасы тәслдердің сипаттамасын, кәсіпқой тұлға күйінің құралымын қамтиды. Мұндай дайындықтың 3 кезеңі ерекшеленеді

I кезең лекциялар, пәнаралық байланыс түріндегі актуализациялауды құруды қамтиды:

II кезең – тренинг түріндегі жаттығуды үйрету;

III кезең - дағдыны бекіту түріндегі педагогикалық тәжірибе, студентті кәсіби ортадағы қарым-қатынасқа бейімдеу;

Басқа жұмыста дайындық процесінің негізі жүйе ұғымы арқылы анықталады. Ол дайындық жүйесін жасауда мазмұн бірлігімен, түрі, тәсілі арқылы сипаттайды. Жүйе қызметі көзқарасы бойынша, түрткінің педагогикалық қызметі, жекелік сапа, білім, педагогикалық білік байланысы айқындау факторы болып табылады [44] Бұнда даярлау ұйым шартының көзқарасы бойынша 4 кезең ершеленеді:

А) түрткі құрылымының даярлық табысы арқылы, тұлғалық сапалары, білітілігі;

Б) дайындық байланысының әртүрлілігі (психологиялық және педагогикалық)

В) кәсби өзін-өзі тәрбиелеу

Г) педагогикалық біліктің жүйелі құралымының кезеңдері. Дайындық жүйесінің құрылымы мотивациялық-жекелік (мотив және тұлғалық сапа), мазмұнды (білім) және қызметті (білік) компоненттерімен таныстырылады. Барлық жүйелердің қызметтелуі тығыз қарым-қатынасты қамтитыны белгіленген. [28]

Қызмет бағытында тіл табуды Л.В. Макарская толық процесс яғни педагогикалық қызметте мотивациялық тіркелген сана мен әрекеттің теоритикалық білімі, тәжірибелік білігі мен жекелік қасиет құрылымдарын қамтиды деп қарастырған. Жоспарлы құрылымы мен мазмұны жағынан даярлық жеке студентке педагогикалық әсер ету құрылымды бейне компоненттерімен мінездемесінің белгісі бойынша ұсынылады.[60] Осыған байланысты автор даярлықтың негізгі бағыттары кәсіби сананың және өз санасының жетілуі (сонымен қатар жағымды мотивациялармен, білімінің кеңеюі); педагогикалық біліктің қалыптасуы, адекватты бағалау мен өз бейнесін бағалаудағы басты түрткі, қылықтары.

Жоғарыда айтылғандарды жинақтай келе, маманның даярлығын зерттеуде және бұл процесті қарастыра отырып, бұл мақсат маманның кәсіби дайындығы болып табылатыны анықталды. Мақсаттан басқа даярлық процесінің мыналарды анализдейді: құрылым, қызметті жасауда, ұйымның формасы мен кезеңі, даярлық ұстанымы мен әдісі. Кейбір зерттеулерде кәсіби-педагогикалық болуда амалдар қадағаланады, даярлық процесі мен педагогикалық процеске дайындық көзқарасын өзгерту мәселелері қатысады. Біздің көзқарасымыз бойынша бұл деректер даярлық құрылымы жайлы болса ғана ақталады

себебі даярлық бүкіл педагогикалық процестің компоненттерін алып қарайды. Жалпы педагогикалық процеске даярлық екі жақты болып қарастырылады:

- Бір жағынан, жекелік мінездеменің төзімділігі
- Екінші жағынан, күйге байланысты.

Демек, даярлық процесінің түйіні жекелік мінездеменің қорытындысы болып табылады.

Айрықша даярлық қызмет процесінде қалыптасып және жүзеге асып қана қоймай оның құрамына кіреді. Жаңа педагогикалық-психологиялық зерттеудегі бағыттардың ішіндегі мұғалімнің даярлығы оның жекелік психологиялық ерекшеліктеріне байланысты жүзеге асады. Бұл заңдылық кәсіби даярлаудағы болашақ маманның жеке модельін жасауға бағытталады ал даярлау процессінің өзі болашақ маман қызметінің спецификасын айқындайды.

Даярлық өзіне ғана мұғалім мен оқушының қызметін ғана қамтымай сонымен қатар дербес қызметтердің субъектісі, білімде өзін-өзі жетілдіру, тәжірибенің субъективтілігін меңгерудегі анализ жолы, қызметтің маңыздылығын өзіне қосады. Сонымен даярлықтың әрбір деңгейінде ие болу қасиеті бар және оның белсенділігін арттыру керек.

Даярлықтың мотивациялық аспект процесі мақсатты бағытталған оқудың нәтижесінде қалыпқа келеді, қызметте табысқа жету көбіне жеке тұлғалық жағдайдайлаға, оның мотивтері мен қалауларына тәуелді болады. Құрылымдық аспект оқу нәтижесінде қалыптастырылып, қызметті меңгеруді және білім беру процесін ұсынады. Тәжірибелік аспектсі оқу процесінде сонымен қатар жеке тшығармашылық қызметте жүзеге асады. Бұл ретте дербес творчестволық қызмет субъектісі қалыптасқан мотивтер, керекті білімдер жүйесі, тәжірибелік біліктер және коммуникативті қызметтегі творчестволық өзін-өзі жетілдіру негізінде қалыптастырылады.

Даярлық (біздің зерттеуіміздің бағытында) педагог маманның коммуникативті мәдениетте жетілікке жетуге бағытталған, және оның құрамында мотивациялық құндылықтарды, құрамды және тәжірибелік компоненттерді ерекшелейміз.

Біздің көзқарасымызша, егер де мынандай қатардағы мақсаттарды шешсек даярлық мақсатқа жетуі мүмкін,:

- Біріншісі – мотивациялық құндылықты жанасудың қарым-қатынаста толық және құрылымдық формада құралуы;
- Екіншісі – білім жүйесіндегі қарым-қатынаста жалпы және жеке мәдениетті формасында құралуы;
- Үшіншісі – ұстанымдар мен коммуникативті дағдылардың жетілуі.

Бұл мәселені шешудің тек бір жолы ол жекелік (мотивациялық, интеллектуалдық, іс-әрекеттік) сферадағы мақсатты бағытталған әсер ету.

Сонымен, біз процесс ретінде коммуникативті мәдениетті қалыптастыру бойынша педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттерін дайындау процессін қарастырамыз, оның нәтижесі келешек ұстаздардың коммуникативті мәдениетін жоғарлату болып табылады. Коммуникативті мәдениет кәсіби ұстазды қалыптастырудың шарты болып табылады. Студенттердің коммуникативті мәдениетін қалыптастыру процесі педагогикалық процесті сипаттайтын бірқатар белгілерге ие. Олардың арасынан келесілерді бөліп көрсетейік:

- Дифференциалдылық;
- Мақсатқа лайықтылық;
- Кезеңдік ұйымдастыру және реттілік.

Студенттердің коммуникативті мәдениетін қалыптастыру тәрбиелеу процессінің негізгі шарттарының бірі болып табылады. Коммуникативті мәдениет коммуникативті қызметтің қасиетін сипаттайтынына негізделіп, біз маманның педагогикалық қалыптасуының жүйесінде бұл процеске ерекше көңіл бөлеміз. Кәсіби қызметке дайындалу әр түрлі аспектіде коммуникативті мәдениеттің құрылымдық құрамдастарын қалыптастыруды болжайды: уәждемелік-құндылық, мазмұндық және практикалық.

Сонымен бірге коммуникативті қызмет коммуникативті мәдениетті қалыптастырудың шарты мен құралдары ретінде шығады. Студенттерді кәсіби дайындау процессінде қарым-қатынасқа құндылық қатынас дамытылады, ұстаздың өзінің коммуникативті қызметі сәйкес болуы тиіс талаптар қойылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гальперин П.Я. Введение в психологию. - М: Изд-во МГУД, 1999. -130 с.
2. Маклаков А.Г. Общая психология. -СПБ., 2004.
3. Психология личности в трудах отечественных психологов. - СПб.: Изд-во "Питер", 2000. - 480 с.
4. Рубинштейн С.Л. Проблемы общей психологии. -М., 1973.

***Бисагимова А. М.***

**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ОТАНСҮЙГІШТІК СЕЗІМДЕРІН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті,  
Қазақстан, Семей қаласы, sanzhihko7868@mail.ru*

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсатының бірі жастардың бойында белсенді азаматтық ұстанымды, әлеуметтік жауапкершілікті, отансүйгіштік сезімді, жоғары адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру болып табылады.

Осы мақсатты іске асыруда оқу орны студенттерінің басқару ұйымдарының маңызы ерекше. Студенттердің басқару ұйымдарының құрылымы, олардың қызметі, құқықтары мен міндеттері патриоттық тәрбие жүйесі арқылы және басқару бөлімінің құрылымы мен атқаратын қызметтерімен, олардың негізгі бағыттарымен айқындалады.

Кез-келген өз ге де әлеуметтік жүйе секілді, патриоттық тәрбие жүйесі де басқаруды қажет етеді.

Патриоттық тәрбиенің жүйелілігі, оның құрылымдығы мен біртұтастығы барлық деңгейде және барлық буындарда тиімді басқару мүмкіндігін қамтамасыз етеді, бүкіл тәрбиелеуші факторларды ескеруге мүмкіндік береді.

Патриоттық тәрбие жүйесін басқару ұйымдары қызметі: жоспарлау, тәрбиешілер қызметі мен кіші жүйелердің өз міндеттерін атқаруын үйлестіру, қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау мен тексеру, тәрбиеде дербес негіздерді дамыту және пайдалану, идеологиялық мамандарды іріктеу мен даярлау, басшылық ұйымдарды ақпаратпен қамтамасыз ету, патриоттық тәрбие нәтижелерін зерттеу және түзету түрлерін айқындайды.

Патриоттық тәрбиені жоспарлаудағы нысаналы көзқарас принципі Президент Н.Ә.Назарбаевтің Қазақстан 2030 стратегиясының ережелеріне негізделеді, әрі ағымдық және болашақтық жоспарлауды жетілдіру, тиімді патриоттық тәрбиені күшейтудің құралы болып табылады.

Болашақтық жоспарлау-патриоттық тәрбиеде кешенді көзқарасты жүзеге асыруда маңызды. Кешенді жоспарлау, ең алдымен тәрбие ықпалын дұрыс бағдарлауға, патриоттық тәрбиенің барлық күштері мен құралдарын, бағыттарын, нысандары мен әдістерін ұтымды пайдалануға бағытталған.

Жоспарлау-деп, патриоттық тәрбие жүйесін басқарудың ұйымдастырушы бастамасы мен негізін айтамыз.

Жоспарлауға нысаналы көзқарас тәрбиенің барлық негізгі бағыттарында патриоттық тәрбие бірлігін, болашақтық және ағымдық жоспарлау бірлігін қамтамасыз етеді, барлық тәрбиелеуші бөлімшелердің күш-жігерін үйлестіруді жеңілдетеді. Болашақтық нысаналы жоспарлаудың күрделілігі жоғары білікті қазіргі заманғы мамандарға қойылатын үкіметтің талаптары, жоғары оқу орындарының әлеуметтік қызметі мен бағыт-бағдары,

барлық тәрбие міндеттерін іске асырудың бір мезгілділігі, факультеттер мен оқыту курстарының өзіндік ерекшеліктері және т.б. сияқты көптеген факторларды ескеру қажеттігінде жатыр. Сонымен бірге, нысаналы кешенді жоспардың тиімді ұйымдастырылуы, негізгі ағымдық жоспарлаудың қызметін атқаруға, тәрбиенің түпкі нәтижелерін болжауға, оның жеткілікті түрде жинақы және көрнекі болуына әсер етеді.

Патриоттық тәрбиенің басты бағыттарын анықтаумен студенттердің оқу процесінде келесі бөлімдер бойынша топтастырылады. Мысалы, идеялық-саяси тәрбиенің кіші жүйесіндегі негізгі шаралар мынадай тарауларды қамтиды:

1) студенттердің жинаған материалдарын зерттеу (дүниетанымдық даярлығын, патриоттық тәрбиелілігін, кәсіби бағытын анықтау);

2) қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардағы патриоттық тәрбиенің қыр-сыры (халықтың Отан қорғау туралы ілімімен танысу, патриотизм проблемалары жөніндегі ғылыми зерттеу талдамасына қатысу);

3) әскери, жалпы ғылыми және арнаулы даярлықтық дүниетанымдық-тәрбиелік бағыты (ғылымдардың дүниетанымдық қырларын және т.б. бөліп көрсету);

4) патриоттық тақырыптар бойынша саяси ағарту (лекциялар, саяси ақпарат, әскери басылымдарға жазылу көрнекі үгіт және т.б.);

5) кітапхана жұмысы (кітаптарды талқылау, жазушылармен және т.б. кездесу);

6) қоғамдық-саяси қызмет (қоғамдық-саяси аттестаттаулар, жиналыстар, мұражайлар және жауынгерлік даңқ бөлмелерін жасау, әскери-басшылық жұмыс және т.б.);

7) патриоттық тәрбиенің тиімділігін (Отанды дамыту және қорғау саласындағы үкімет саясатын түсіну деңгейін, жоғары оқу орнында, практикада, жаратылыстану факультетінде және оңды жағдайлар жасалған кезде тәжірибеден өтуде танымдық, қымбатты және қоғамдық-саяси белсенділік дәрежелерін зерттеу)

Студенттерді патриоттық тәрбиелеу жөніндегі жоспар мынадай бөлімдерден тұрады:

1. Ауызша патриоттық насихат («Отан от басынан басталады», «Отанды қорғау ел салты», «Тәрбиенің түп тамыры ерлік», «Отаншылдық ұрпақтар ұраны» т.б. тақырыптық кештер, пікірталастар, конференциялар, лекциялар, баяндамалар, әскери-патриоттық тақырыптарға әңгімелесулер өткізу);

2. Көрнекі насихат;

3. Бұқаралық ақпарат құралдарын, баспаларды, газеттерді, оқырмандар, конференцияларын пайдалану;

4. Соғыс ардагерлерімен кездесулер өткізу;

5. Спорттық-олимпиадалық ойындар өткізу;

6. Ерлік патриоттық тақырыпқа студенттерге ғылыми жұмыс, оқу ізденіс жұмысын жаздыру.

Жоспарлау барысында барлық нақты мүмкіндіктерді: тәрбие объектісінің жай-күйін, тәрбиешілердің даярлығын, сондай-ақ университет, факультеттің мүмкіндігін, материалдық базасының жай-күйін ескеру маңызды.

Кешенді көзқарас жылына, немесе айына бір рет жүзеге асырылатын болашақтық (оқытудың бүкіл кезеңіне) және ағымдық (күнпарақтық) жоспарлауды табиғи үйлестіруді талап етеді. Ағымдық жоспарлау патриоттық тәрбиенің жалпы стратегиясы негізде жүзеге асырылады, ал патриоттық тәрбиенің жалпы стратегиясы тәрбие жұмысының іскерлік ырғағына ауысады.

Жоғары оқу орны, факультет кеңесі мен жастар ұйымдары қызметін, қалалық, облыстық, халықаралық жастар ұйымдарының қызметімен үйлестірудің және бұл ұйымдардың мүмкіндіктерін мейлінше толық пайдаланудың патриоттық тәрбие мәселелерінде ерекше маңызы бар.

Патриоттық тәрбие жүйесінің нақты және дұрыс жұмыс істеуі көп жағдайда тәрбиешілердің шығармашылықтарына, шеберліктеріне, жеке тұлғалық қасиеттеріне, ұйымдастырушылық қабілеттеріне байланысты.

Қазақстанның жоғары оқу орындарында профессор-оқытушы құрамы, белсенді студенттер ішінен тәрбиешілердің шеберлігін жетілдіру, семинарларға, курстарға, конференцияларға тұрақты қатыстыру, олардың дербес жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдайлар жасау арқылы да жүзеге асырылады.

Оқу процесінде студенттерде отансүйгіштік сезімдерін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын төмендегідей көрсетуге болады:

1.

Оқу пәндері мазмұнының отансүйгіштікке тәрбиелеу мүмкіндіктерін анықтау және олардан мақсатты түрде пайдалану.

2. Тәрбиелеуші оқыту принципін іске асырып оқу үрдісінде отансүйгіштікке тәрбиелеудің арнаулы әдіс – тәсілдерінен пайдалану.

3. Болашақ мамандарды кәсіптік тәрбиелеуді отансүйгіштік бағдарда жүзеге асыру.

4. Мотивациялық, когнитивтік және мінез-құлықтық компоненттерінің өзара бірлігі негізінде қалыптасатын, студенттердің жеке тұлғасын интегративтік қасиеті ретіндегі отансүйгіштікті қалыптастыру технологиясын пайдалану;

5. Оқыту процесінде отансүйгіштікке тәрбиелеудің этникалық – аймақтық ерекшеліктерін есепке алу, халықтық салт-дәстүрлерді пайдалану;

6. Болашақ мамандардың кәсіптік қалыптасуы және азаматтық – субъектілігін позициясының жан-жақты даму контекстінде отансүйгіштік сезімдерін (отансүйгіштігін) тәрбиелеу;

Студент жастрадың бойында отансүйгіштік сезімдерді қалыптастыру кез келген мамандықтың оқу жұмыс жоспарында арнайы элективті пән ретінде қарастырылғаны жөн деп есептейміз.

#### Қолданылған әдебиеттер

ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 ж.ж. арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Егемен Қазақстан, 14 желтоқсан, 2010 жыл.

*Иманбетов А.* Отансүйгіштікке тәрбиелеу-басты міндет // Қазақстан мектебі, 2005, №5.-38 б.

*Абуова Б.* Патриотическое воспитание молодежи как элемент системы формирования духовных ценностей // Ұлт тағлымы, 2005, №3.– С. 215-218.

*Джанбаева Р.* Патриоттық тәрбиенің жүйелік сипаты // Абай ат. Қаз ҰПУ дың Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы. 2006, №1. – Б. 101-102.

**К.Ж. Дакиева, Г.Ж. Калелова, Т.М. Жексембаев**

**ЖОҒАРЫ ВОЛЬТТЫ ЖАБДЫҚТАРДЫ ОҚШАУЛАУДЫҢ ОҢТАЙЛЫ  
ДЕҢГЕЙІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

*«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ  
[ecology-2018@mail.ru](mailto:ecology-2018@mail.ru)*

Электр желілері арқылы ұзақ қашықтыққа электр энергиясын беру энергияны тасымалдаудың негізгі және экономикалық тиімді түрі болды және болып қала береді.

Кез-келген электр желісінің маңызды элементі жоғары кернеулі жүйелік электр желілері болып табылады. Біздің еліміздің кең ауқымын ескере отырып, жоғары кернеулі электр қондырғыларының жұмысы кезінде пайда болатын электромагниттік өрістің әсер ету аймағында ұзақ уақыт қызмет көрсететін персоналды табу қажеттілігін тудыратын жүйелік желілердің едәуір ұзындығын атап өтуге болмайды. Мұндай болу адам ағзасында белгілі бір теріс өзгерістер тудыратыны белгілі.

Электр энергиясын беру және тарату процестері электр және магнит өрістерінің энергия жүйелерінің элементтерінің жанында пайда болуымен бірге жүретіні белгілі, олармен адамдар жиі тікелей байланысады. Мұндай байланыстардың қауіптілігі халық

үшін де, өндірістік персонал үшін де өнеркәсіптік жиіліктің электр және магнит өрістерінің шекті рұқсат етілген деңгейлерін орнатумен (өрістерді санитариялық-гигиеналық нормалаумен) расталады.

Осылайша, жүйеаралық электр желілерінің жоғары вольтты жабдықтарына қызмет көрсетумен айналысатын жұмысшылардың еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңызды міндет болып табылады. Сондай-ақ, қазіргі уақытта бұл міндет тиісті түрде шешілмегенін және персоналмен жабдықтың өнеркәсіптік жиілігінің электромагниттік өрісінің әсерінен қорғау шаралары қабылданғанын атап өткен жөн.

Электромагниттік қауіпсіздік мәселелері өткен ғасырдың ортасынан бастап белсенді зерттелуде. Көптеген жұмыстар осы саладағы зерттеулерге арналған. Әр түрлі техникалық құралдардың электромагниттік өрісті есептеу саласында Е.Ю. Шередько, Ю.М. Сподобаев, В.П. Кубанов, О.Н. Маслов, А.Л. Бузов, В.А. Романов, Л.С. Казанский, сондай-ақ басқа авторлардың жұмыстарын атап өтуге болды.

Осылайша, электр желілері мен жоғары вольтты қосалқы станциялардың электр жабдықтарын пайдалану кезінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, электромагниттік өрістің әсерінен қызмет көрсететін персоналдың денесіне қауіптілік дәрежесін болжау әдісін жасауға бағытталған зерттеулер өзекті болып табылады.

Жүргізілген жұмыс әртүрлі қосалқы станциялар мен ӘЭЖ-де жоғары вольтты электр жабдықтарына қызмет көрсету кезінде ЭМӨ кернеулігінің персоналға әсер ету дәрежесін болжауға мүмкіндік береді. Бұл электромагниттік өрістен қорғаудың әдістері мен құралдарын дұрыс таңдауды қамтамасыз етеді.

Экологиялық қауіпсіздік - экономиканың тұрақты жұмыс істеуі мен дамуы, техногендік авариялар мен апаттардың ықтималдығын азайту, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлар жасауды көздейтін Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің ең маңызды міндеттерінің бірі.

Тұтынушыларды электр энергиясымен қамтамасыз ету сенімділігі, басқа факторлармен қатар, энергияны беру сенімділігіне байланысты. Бұл сенімділікті қамтамасыз етуге электр беру желілері (ЭБЖ) мен қосалқы станциялардың сыртқы қондырғыларының электр оқшаулауының өнеркәсіптік шығарындылармен ластануы үлкен әсер етеді. Өнеркәсіптік ластану деңгейінің өсуімен электр энергиясын өндіруге, беруге және таратуға арналған электр қондырғыларының жоғары вольтты оқшаулауы, бұл белгілі бір ауа-райы жағдайларында электр оқшаулауының бұзылу жағдайлары орын алады. Ауаның ластануына байланысты пайдалану сенімділігін төмендетумен қатар, өнеркәсіптік кәсіпорындар мен ірі электр станцияларының шаң шығаруы жағымсыз әсер етеді.

Сызықтық оқшаулаудың разрядтық сипаттамаларының төмендеуінің маңызды себептерінің бірі-жұмыс кезінде оның бетінің ластануы. Ластану оқшаулаудың электрлік беріктігін төмендетеді және кейбір жағдайларда жер үсті қабаттасуын тудырады, осылайша қалыпты электрмен жабдықтауды бұзады, бұл аварияларға және нәтижесінде жарақатқа әкеледі.

Осыған байланысты электр қондырғыларының сенімді жұмысын қамтамасыз ету үшін атмосфераның ластануын ескере отырып, оқшаулау деңгейін дұрыс таңдау қажет. Мұны тек тәжірибелік құралдармен толық жүзеге асыру әрдайым мүмкін емес. Демек, электр жабдықтарын оқшаулаудың апатсыз жұмысына өнеркәсіптік және атмосфералық әсердің қауіптілігін зерттеудің есептік әдістерін құру қажет және қазіргі заманға сай.

Электр қондырғыларын пайдалану құны электр беру желілерінің (ЭЖ) оқшаулау деңгейін дұрыс таңдауға және жобалау сатысында сыртқы оқшаулауға байланысты энергетикалық объектілердің құрылысына күрделі салымдардың айтарлықтай өсуіне әкеледі, ал оқшаулау деңгейінің төмендеуі үлкен материалдық залалдармен аварияларды тудыруы мүмкін. ТМД-ның жетекші ұжымдарының көптеген еңбектері: Санкт-Петербург қаласындағы тұрақты ток ғылыми-зерттеу институты (НИИПТ) (Тиходеев Н.Н.) атмосфера ластанған аудандардағы оқшаулауды таңдау және пайдалану мәселелеріне



арналған., Соломонник Е.А., Владимирский Л.А., Давыдова Л.И.); Санкт-Петербург политехникалық институты (Александров Г.Н., Кизиветтер В.Е.); «Средаэнергопроект» АҚ (Кравченко В.А., Арзуманова В.Х.) және тағы басқалары. Батыс және Шығыс Еуропа, АҚШ, Жапония және Қытай елдерінде үлкен көңіл бөлінеді.

Пайдалану тәжірибесін талдау қолданыстағы нормативтік құжаттар ластанған ортадағы оқшаулау жұмысына әсер ететін барлық факторларды ескермейтінін және әрқашан ең оңтайлы шешімдерді таңдауды қамтамасыз етпейтінін көрсетеді. Бұл факторларға мыналар жатады: желдің жылдамдығы, бағыты, тұман мен жауын-шашын түріндегі жауын-шашынның ылғал концентрациясы, химиялық құрамы және атмосферадағы ластаушы заттардың мөлшері.

Метеорологиялық құбылыстар, атмосфераның, беттің, оқшаулағыштардың ластануы және соның салдарынан олардың разрядтық кернеулерінің шамасы статистикалық сипатқа ие, мұны жылу электр орталықтарына (ЖЭО) жақын орналасқан қосалқы станция мен электр беру желілерінің оқшаулау деңгейін таңдау кезінде ескеру қажет.

Осылайша, ЭЖЖ және жоғары кернеулі қосалқы станциялардың электр жабдықтарын пайдалану кезінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, өнеркәсіптік және атмосфералық ластанулар әсер еткен кезде электр жабдықтарының жоғары вольтты оқшаулауында авариялардың пайда болу қаупін болжау әдісін әзірлеуге, электр беру желілері мен қосалқы станциялардың оқшаулау деңгейлерін таңдау әдістерін әзірлеуге бағытталған зерттеулер, оқшаулау үшін қолайсыз метеорологиялық факторлар мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың жанындағы атмосфераның ластану ықтималдығын ескере отырып, олар өзекті және жаңалығымен ерекшеленеді.

Оқшаулау - электр қауіпсіздігінің негізгі құралы. Оқшаулаудың қорғаныс құралы ретіндегі физикалық мәні зарядтағыштардың адам денесі арқылы оның және тірі бөліктердің немесе кернеулі сымдардың арасында сенімді «зарядтағыштар» бар орта құру арқылы қозғалу мүмкіндігін болдырмаудан тұрады. Басқаша айтқанда, бұл қорғаныс құралы кез - келген өткізгіштігі бар адам денесімен дәйекті түрде байланысқан элементтерді құру мүмкіндігін жоққа шығарады немесе бұл өткізгіштікті зарядтағыштардың пайда болатын қозғалысы - электр тоғы адам үшін қауіпті мәндерден аспайтын шамамен шектейді.

Электр қауіпсіздігі тұрғысынан диэлектрикті оқшаулау ретінде сипаттау үшін біз оның келесі негізгі параметрлерін білуіміз керек: ол жасалған материалдың электр өткізгіштігінің мәні; өткізгіш бөліктердің немесе сымдардың қалыңдығы мен беті. Тәжірибе көрсеткендей, электр жабдықтарының сенімділігі, ең алдымен, тірі бөліктердің оқшаулау күйіне байланысты. Оның зақымдануы көптеген апаттардың негізгі себебі болып табылады. Оқшаулаудың сенімділігін қамтамасыз етуге:

- бірінші кезекте жұмыс кернеуінің мәнімен және жабдықтың конструкциясымен негізделген оның материалы мен геометриясын ( қалыңдығы, пішіні) дұрыс таңдауға;
- пайдалану жағдайларын дұрыс бағалауға;
- жұмыс процесінде сенімді профилактикаға қол жеткізіледі.

Электр қондырғыларының көптеген элементтерінде адамды жабдықтың тірі бөліктерінен оқшаулайтын орта ауа болып табылады. Мұндай элементтерге мыналар жатады: тарату құрылғылары, кабельдік кірістер, әуе желілерінің сымдары және т.б. мұнда қауіпсіздік адамның ток өткізетін бөліктерге қауіпті қашықтыққа жақындауын қатаң реттейтін ұйымдастырушылық шаралармен қамтамасыз етіледі. Бұл жағдайда оқшаулаудың қосымша құралдары ретінде қолғаптар, едендер және т. б. қолданылады.

Қорғаныс оқшаулауы лактар, шайырлар, электр оқшаулағыш пленкалар және қарапайым эмаль бояулары болуы мүмкін. Қазіргі уақытта оларды қорғаныс оқшаулауы ретінде оңтайлы таңдау мүмкіндігі бар. Қорғаныс оқшаулауының рөлін қарапайым майлы бояу да орындай алады, егер ол жабдықтың барлық металл бөліктерін, ең алдымен жанасуға болатын болса. Сымдар мен кабельдерді оқшаулау туралы бірнеше сөз айтуға

болады. Резеңке оқшаулауы бар сымдар мен кабельдер тарих аймағына кетті. Мақта оқшаулауын қолдану айтарлықтай төмендеді. Оның орнына синтетикалық материалдардан жасалған оқшаулау келді.

#### **Әдебиеттер тізімі**

*Князевский Б. А., Долин П.А., Марусова Т.П.*- Охрана труда: Учебник для студентов вузов;

*Дьяков А.Ф.* О влиянии электрических и магнитных полей промышленной частоты на здоровье человека / И.И. Левченко, О.А. Никитин и др // Энергетик.- 1996. - № 11. - С. 4-5.

ГОСТ РК 1150-2002. Электромагнитные поля промышленной частоты допустимые уровни напряженности и требования к проведению контроля.

*Дюсебаев М.К., Абдимуратов Ж.С., Тохтибакиев К.К., Оржанова Ж.К.* Проблемы электромагнитной безопасности// Тезисы докладов 8-ой Международной научно-практической конференции «Энергетика, телекоммуникация и высшее образование в современных условиях» -2012 - Алматы. –С.10.

#### ***А.К. Есентаева***

### **ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ ӨЗІНДІК БАҒАЛАУЫНЫҢ ТҰЛҒААРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ**

*«Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті, Семей қаласы»*

*Didar\_4590@mail.ru*

Бүгінгі таңда еліміздің егеменді ел болғалы ғылым, мәдениет салаларында жасалып жатқан шаралардың барлығы жастарға жалпы адамзаттық және жеке ұлттық игіліктер негізінде тәрбие мен білім беру ісін неғұрлым жоғары деңгейге көтеруге ықпал етуде. Сондықтан қоғамдық өмірді демократияландыру және ізгілендіру жағдайында ұлттық ерекшелігімізді айқындайтын рухани, қарым-қатынас мәдениетімізді жетілдіру көкейкесті мәселеге айналып отыр.

«Білімді ұрпақ–жарқын болашақтың кепілі, болашақтың тірегі» жастардың білім саласында толыққанды білім алуына жағдай жасалып отыр. Қазақстан Республикасының мемлекеттік болмысын қалыптастыру, оның егемендігін нығайтып, ұлттық сана мен тәрбиемізді қалпына келтіру және өркениетті елдер қатарынан орын алу ұлттық мемлекетімізді қалыптастырудағы басты шарттардың бірі.

Тұлғааралық қарым-қатынас процесі қоғамдық қатынастың пайда болуының өзіндік формасын танытады. Бұл процестің ерекшелігі әр түрлі деңгейдегі қоғамдық өмірдің өндірістік байланысын, оның осы қоғамдағы сатысының дамуын көрсетеді. Олардың өзгерісі барлық басқа қоғамдық қатынастың өзгеруіне және адамааралық қарым-қатынастың әр түрлі топтары мен деңгейдегі өзіндік қатынастары мен өзіндік іс-әрекеттерін байқатады.

Қарым-қатынассыз адамның өзін-өзі іске асыру, өзін көрсетуі және орнықтылу ұмтылысымен байланысты жеке қажеттіліктері қанағаттануы мүмкін емес. Осы орайда, біздің зерттеулерімізде қарым-қатынастың педагогикалық сипаты тұжырымдалады. Педагогикалық қарым-қатынаста көптеген зерттеулер көрсетіп жүргендей төмендегі стильдерді бөледі. Осы стильдерге сипаттама беріп өтеміз.

Өзін-өзі бағалау мен талаптану деңгейі психологтардың ауқымды жұмыс істейтін құрылымдары болып саналады. Алайда, бұл құрылымдарды зерттеуге қатысты еңбектердің көбінде өзін-өзі бағалау мен талаптану деңгейі арасындағы байланыс сипатына аса көңіл бөлінбейді. Өзін-өзі бағалау талаптану деңгейіне теңестіріліп немесе оның көрінісі ретінде қарастырылып, зерттеушілер талаптану деңгейін өлшеудің тәсілдерін өзін-өзі бағалау диагностикасында қолданды. Талаптану деңгейінің мұндай көрсеткіштерін пайдалану аталған құрылымдар деңгейіндегі келіспеушіліктердің сипатын

көрсетті. Өзін-өзі бағалау мен талаптану деңгейінің жоғары көрсеткіштері өзара үйлесімдік тапқан кезде, қалыпты тұлға қалыптасатыны анықталды, ал деңгейлері үйлеспеушілікке ұшыраса, ішкі жайсыздық орын алады.

Өзін-өзі бағалау мәселесі гуманистикалық шеңберінде де қарастырылады. Роджерстің [44] ойынша өзін-өзі бағалауда адамның негізі айқын көрінеді. Роджерс осы мәселені арнайы зерттеп ақиқатты және идеалды “мен” арасындағы байланысы неғұрлым тығыз болса, соғырлым адамның іс-әрекеті тиімді болады деп,- дәлелдеген. Егерде ақиқатты және идеалды “мен” арасы неғұрлым алшақтаса, адам өзін-өзі төмен бағалай бастайды, мұндай жағдайлар көбінесе жүйке жүйесі зақымдалғандарда жиі кездеседі. К. Роджерс, өзін-өзі бағалау барабар түрде болумен қатар, иілгіш және жағдайға байланысты өзгеріп отыруы тиіс деп, белгілеген.

Психологиялық тұрғыда өзін-өзі бағалау – индивидтің өзін толығымен және өзінің тұлғасының, іс-әрекетінің, мінез-құлығының жеке жақтарына үлестіретін, маңыздылық, бағалық ретінде анықталады. Өзін-өзі бағалау – біршама тұрақты құрамды құру, өзін-өзі танудың, “Мен концепциясының” құрамы және өзін-өзі бағалау үрдісі түрінде көрінеді. Өзін-өзі бағалау негізіне – индивидтің жекелік мағынасының жүйесі және онымен қабылданған құндылықтардың жүйесі ретінде кіреді. Ол “Мен концепциясының” орталық құрамы және орталық жеке құрылым түрінде көріну формасы ретінде анықтама, ал басқалары – адамның өзінің күштері мен мүмкіндіктерін бағалау, кез-келген мақсатты өз алдына қою біліктілігі, өзіне деген қатынасы түрінде, адамдардың қарым-қатынасының көп бейнелі субъективті біріктіру түрінде қарастырады. [1]

Қарым-қатынасты –білім мен біліктілік, дағды және адамның ішкі құндылықтарына негізделген мәдени сауаттылығы ретінде қарастыруға болады. Қарым-қатынас- білім мен мәдениеттің компоненті, оның бөлінбейтін бөлшегі іспетті адамзаттық дүниетанымы мен сана-сезімін жетілдірудің ерекше жолы. Ұлттық құндылықтарға негізделген қарым-қатынас студенттердің саналы көзқарасын, ізгілікті қарым-қатынас орнатуына, рухани-адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына, жүйелі іс-әрекет жасауына мүмкіндік береді.

Л.С. Выготскийдің пікірі бойынша, адамның тұлғасы өзінің енген қарым – қатынастарының кешенді әсерінің нәтижесінде дамиды. Тұлға – бұл қоғамдық – тарихи дамудың өнімі. Адамның қоғамдық қатынастар жүйесінде алатын орны, оның орындайтын іс - әрекеті – бұл оның тұлғасының қалыптасуын анықтайтын жағдайлар. Тұлғаның қалыптасуы адамның мінездемесі үшін маңызды орын алады, яғни оның мінез – құлық пен іс - әрекетінің жоғары саналы формаларын қамтамасыз етіп, оның ақиқатқа байланысты барлық қарым – қатынастарының бірлігін құрайды. Нәтижесінде адамның кез келген реакциялары және ішкі аффективті өмірінің құрылымы оның әлеуметтік тәжірибе барысында жинақталған тұлғаның ерекшеліктерімен анықталады. Тұлғаның қалыптасуы биологиялық және әлеуметтік факторларға байланысты екені мәлім. Сонымен қатар, тұлғаның дамуында негізгі болып нақтылы тарихи орта саналады. Тұлғаның дамуы, механизмді құрастыратын көптеген ішкі және сыртқы факторларға тәуелді болып келеді. Л.С. Выготскийдің: « Баланың психикасы әлеуметтік табиғатқа ие...» - деген пікірі осыған негізделеді. Л.С. Выготскийдің айтуы бойынша, баланың тұлғалық дамуы, оның дамуындағы әлеуметтік жағдайлармен байланысты.

Болашақ мамандардың өмірлік қызметі және тұлға ретіндегі қалыптасу үстінде қарым-қатынас рөлінің маңызы зор екендігі жөнінде көптеген еңбектерде ғылыми түрде дәлелденген. Қарым-қатынас дағдысы кәсіптік қызметке, қоғамдағы белсенділік деңгейіне тікелей байланысты және ол әркімнің жеке іс-әрекеті.

Мұның бәрі жеке тұлғаны қалыптастыруда қарым-қатынас мәдениетінің маңыздылығын көрсетеді. Қарым -қатынас мәдениеті жалпы мәдениеттің бір бөлігі болып саналады. Өйткені ол тұлғаның ортақ әлеуметтік қасиетін көрсетеді. Қарым-қатынас мәдениеті ғылыми дәреже ретінде соңғы жылдары ғана өз ұласымын тапты. Қарым-қатынас әр адамға әсер ете отырып, өзінің мамандығы бойынша қарым-қатынас жасайтын

қазіргі заман мамандарының қажетті сапасы болып саналады. Қарым-қатынас қалыптасуы мен берілуі, сақталуы адамзат болмысының негізгі шарты, өмірлік әрекетінің мәдени формасы, табиғи, әлеуметтік қоғамдытану құралы, адамның өзін-өзітануы, қалыптасуы. Қарым-қатынас барысында жеке адам қайталанбайтын шығармашылық тұлға ретінде көрінеді. Адамзат болмысының бөлінбес бөлшегі бола отырып, қарым-қатынас жеке адам дамуының құралымен басқаруы бола алады.

Қарым-қатынас қалыптасуының мынадай өлшемдерін анықтауға болады:

1. Жеке тұлғаның қоғамдық ортамен байланысы;
2. Қарым-қатынас деңгейіндегі теориялық білімді меңгеруі;
3. Әлеуметтік ортадағы мінез-құлқы;
4. Қарым –қатынас орнатуға бағытталған іс-әрекеттері;
5. Қарым-қатынас барысындағы жауапкершілігі;
6. Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудағы икемділігі, іскерлігі, дағдылары.

Студентер бойында қарым- қатынас мәдениетін қалыптастыру, оны кәсіби даярлау маңызды сипатқа ие.

Педагогикалық процестің элементтері оның: құрамы, мақсаты, формасы мен әдістерінің дайындығы, сонымен қатар қорытындысымен ерекшеленеді. Бұл бізге коммуникативті мәдениеттің элементтеріне және құрамына сипаттама алуға мүмкіндік береді. Алайда соңғы уақыттағы зерттеу сараптамалары бұл үдерістің (процесстің) шешімі жоқтығын көрсетеді.

Г.И. Аксенова кәсіби дайындықтың белгілеріне нұсқап, оның тұтастығын, өзгерістерін, кезеңдік ұйымдарын сипаттайды. Дайындық басқа да қызмет сияқты толық бағдарламаны мақсат етеді. Дайындықтың мақсаттарының арасында, қызмет сияқты, әр түрлі деңгейде ашылатын: мотивациялық дамудың дайындығы; маңызды дайындықтың толықтығы; ұсталықтың дамуы ерекшеленіп ажыратылады. Осыдан автор мындай қорытындығы келеді «кез-келген қызмет түріне дайындық өзіне сену, көзқарас, қарым-қатынас, мотив (түрткі), сезім, еркіндік, интеллектуалдық сапа, білім, дағды, тұлғалық ерекшеліктер, белгілі тәртіпті қамтиды». [1]

Ақырында даярлық сияқты дайындықтың нәтижесінде құрылымын айқындауда мыналарға акцент жасалады: мотивациялық компонент (сендіру, көзқарастар, қарым-қатынастар, түрткілер, белгілі тәртіптер); жекелік (сезімдер, жігерлі және интеллектуалды сапалар); мазмұнды (білім); процессуалды (ұсталық және дағдылар). В.С. Ильина және Г.С. Садчиковтың теорияларына сүйене келе Л.Ф. Жеребятьева [33], мұғалімнің кәсіби қызметке дайындығын оятушылық (мотивациялық) және орындаушылық (процессуалды) құралымдары арқылы анықтайды

Л.В. Нечаева өзінің жұмыстарында «кәсіпқой-маманның құралымдық мәселелерін қарастыра, оның интегралды үзілісті жүйесін кәсіби педагогикалық тұлғаның бағытылығын қоса, теориялық қаруларын, сонымен қатар кәсіби мәнді ұсталық бірлескен қызметті қажет», -деп санайды.[68]

Сонымен даярлық процесінің негізінде тұлғаның күйі айқындалып және де оның құрылымында тұлғаның бағыттылығы, теоритикалық білімі, кәсіби білігі ажыратылады. Экперименталды жұмыстардың логикасы тәслдердің сипаттамасын, кәсіпқой тұлға күйінің құралымын қамтиды. Мұндай дайындықтың 3 кезеңі ерекшеленеді:

I кезең лекциялар, пәнаралық байланыс түріндегі актуализациялауды құруды қамтиды:

II кезең – тренинг түріндегі жаттығуды үйрету;

III кезең - дағдыны бекіту түріндегі педагогикалық тәжірибе, студентті кәсіби ортадағы қарым-қатынасқа бейімдеу;

Басқа жұмыста дайындық процесінің негізі жүйе ұғымы арқылы анықталады. Ол дайындық жүйесін жасауда мазмұн бірлігімен, түрі, тәсілі арқылы сипаттайды. Жүйе қызметі көзқарасы бойынша, түрткінің педагогикалық қызметі, жекелік сапа, білім,

педагогикалық білік байланысы айқындау факторы болып табылады. [44] Бұнда даярлау ұйым шартының көзқарасы бойынша 4 кезең ершеленеді:

- А) түрткі құрылымының даярлық табысы арқылы, тұлғалық сапалары, білітілігі;
- Б) дайындық байланысының әртүрлілігі (психологиялық және педагогикалық)
- В) кәсби өзін-өзі тәрбиелеу

Г) педагогикалық біліктің жүйелі құралымының кезеңдері. Дайындық жүйесінің құрылымы мотивациялық-жекелік (мотив және тұлғалық сапа), мазмұнды (білім) және қызметті (білік) компоненттерімен таныстырылады. Барлық жүйелердің қызметтелуі тығыз қарым-қатынасты қамтитыны белгіленген. [28]

Қызмет бағытында тіл табуды Л.В. Макарская толық процесс яғни педагогикалық қызметте мотивациялық тіркелген сана мен әрекеттің теоритикалық білімі, тәжірибелік білігі мен жекелік қасиет құрылымдарын қамтиды деп қарастырған. Жоспарлы құрылымы мен мазмұны жағынан даярлық жеке студентке педагогикалық әсер ету құрылымды бейне компоненттерімен мінездемесінің белгісі бойынша ұсынылады.[60] Осыған байланысты автор даярлықтың негізгі бағыттары кәсіби сананың және өз санасының жетілуі (сонымен қатар жағымды мотивациялармен, білімінің кеңеюі); педагогикалық біліктің қалыптасуы, адекватты бағалау мен өз бейнесін бағалаудағы басты түрткі, қылықтары.

Жоғарыда айтылғандарды жинақтай келе, маманның даярлығын зерттеуде және бұл процесті қарастыра отырып, бұл мақсат маманның кәсіби дайындығы болып табылатыны анықталды. Мақсаттан басқа даярлық процесінің мыналарды анализдейді: құрылым, қызметті жасауда, ұйымның формасы мен кезеңі, даярлық ұстанымы мен әдісі. Кейбір зерттеулерде кәсіби-педагогикалық болуда амалдар қадағаланады, даярлық процесі мен педагогикалық процеске дайындық көзқарасын өзгерту мәселелері қатысады. Біздің көзқарасымыз бойынша бұл деректер даярлық құрылымы жайлы болса ғана ақталады себебі даярлық бүкіл педагогикалық процестің компоненттерін алып қарайды. Жалпы педагогикалық процеске даярлық екі жақты болып қарастырылады:

- Бір жағынан, жекелік мінездеменің төзімділігі
- Екінші жағынан, күйге байланысты.

Демек, даярлық процесінің түйіні жекелік мінездеменің қорытындысы болып табылады. Айрықша даярлық қызмет процесінде қалыптасып және жүзеге асып қана қоймай оның құрамына кіреді. Жаңа педагогикалық-психологиялық зерттеудегі бағыттардың ішіндегі мұғалімнің даярлығы оның жекелік психологиялық ерекшеліктеріне байланысты жүзеге асады. Бұл заңдылық кәсіби даярлаудағы болашақ маманның жеке модельін жасауға бағытталады ал даярлау процессінің өзі болашақ маман қызметінің спецификасын айқындайды.

Студенттердің қарым-қатынасын қалыптастыру тәрбиелеу процессінің негізгі шарттарының бірі болып табылады. Қарым-қатынас коммуникативті қызметтің қасиетін сипаттайтынына негізделіп, біз маманның педагогикалық қалыптасуының жүйесінде бұл процеске ерекше көңіл бөлеміз. Кәсіби қызметке дайындалу әр түрлі аспектіде қарым-қатынастың құрылымдық құрамдастарын қалыптастыруды болжайды: уәждемелік-құндылық, мазмұндық және практикалық.

Сонымен бірге коммуникативті қызмет қарым-қатынасты қалыптастырудың шарты мен құралдары ретінде шығады. Студенттерді кәсіби дайындау процессінде қарым-қатынасқа құндылық қатынас дамытылады, ұстаздың өзінің коммуникативті қызметі сәйкес болуы тиіс талаптар қойылады.

Бастапқы ереже мұнда келесі болып табылады:

- Коммуникативті қызмет ұстаздың кәсіби қызметінің басқа түрлері сияқты маңызды болып келеді;
- Педагогикалық қызметтің шарты мен құралы болып оның ерекше функциясын атқаруы, ұстазға оны кәсіби деңгейде жүзеге асыру қажет, бұл ерекше білім мен ептілікті қажет етеді;

- Студенттің коммуникативті қызметінің қасиетінің және оның кәсіби құзыреттілігінің критеріі оның коммуникативті мәдениеті болып табылады;
- Оның мінез-құлықтық көрсеткіші қызметін атқарады: қарым-қатынаста этикетті пайдалану, тұлғаның қасиеті ретінде сыпайылық және әдептілік;

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- Гальперин П.Я.* Введение в психологию. - М: Изд-во МГУД, 1999. -130 с.  
*Маклаков А.Г.* Общая психология. -СПБ., 2004.  
Психология личности в трудах отечественных психологов. - СПб.: Изд-во "Питер", 2000. - 480 с.  
*Рубинштейн С.Л.* Проблемы общей психологии. -М., 1973.

***Маусымбаев С.С., Советханов Ә.М.***

**ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУ  
ЖОЛДАРЫ**

*«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ  
Adlet\_96\_13\_05@mail.ru*

Әрбір оқытушының негізгі мақсаты—сабақ сапасын көтеру, түрін жетілдіру, білім алушының сабаққа деген қызығушылығын арттыру, олардың ізденуін, танымын қалыптастыру. Осыған орай жаңа экономикалық және әлеуметтік-мәдени жағдайларда Қазақстандық білім беру жүйесінің алдында тұрған білім беру сапаларын арттыруға, стратегиялық міндеттерді шешуге бағытталған түбегейлі қайта өзгертулер педагогикалық үрдіске жаңа талаптар жүктейді.

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеттері атап көрсетілген. Соның бірі: «Білім беру жүйесін ақпараттандыру, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу» делінген. Бұл міндеттерді шешу үшін, нәтижеге бағытталған білім берудің жаңа жүйесіне көшу үшін әр оқытушы, жеке тұлға күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа ақпараттық технологияларға, әлеуметтік, тұлғалық және жеке құзыреттіктерге ие болуы тиіс. Бұл талаптар күнделікті әдістемелік жұмыстың жүйелі түрде ұйымдастырылуы негізінде жүзеге асырылады.

Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, қашықтан оқыту, дара тұлғаға бағыттап, оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылату – бүгінгі күннің басты талабы.

Осы мақсатта физика пәнінде әртүрлі әдістермен жүргізуге болады. Оқу – тәрбие үрдісінің сабақта дұрыс жүргізілуі үшін әр алуан оқыту әдіс-тәсілдерінің тиімдісін мүмкіндігінше және студенттердің жеке жағдайларына байланысты таңдап алуға көп көңіл бөлу керек.

Қазақстан Республикасының “Білім туралы” заңына сәйкес “Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын, талантын, қабілетін дамыту” сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі. Өйткені, ғылым мен техниканы, өндірісті әлемдік деңгейде дамыту үшін елімізге шығармашылықпен жұмыс жасайтын білімді, жоғарғы дайындығы бар білікті мамандар қажет.

Қазіргі оқыту жүйесіндегі жаңаша мазмұн жас ұрпақтың әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруінің басты нысаны. Тұлғаға бағытталған білім оның жан-жақты дамуына ықпал етеді. Психологияда дүние есігін ашқан әрбір сәби қабілетті болып туылады, оның әрі қарай дамып, жетілуі тәрбиешіге байланысты делінген. Демек, оқытушы мен студенттің арасындағы ынтымақтастықтың негізінде біз оң нәтижеге қол

жеткізе аларымыз сөзсіз. Олай болса, оқытушы педагогикалық ізденіспен озық технологиялардың әдіс-тәсілдерін аса жоғары талғаммен қолдана білуі тиіс.

Қазіргі заманғы оқыту технологияларына келесі талаптар қойылады:

-оқыту мақсатының нақты қойылуымен, оның ғылыми негізделуі, оқу іс-әрекетінің нәтижесінің жоғары сапалы болуы;

-оқу материалын толық қабылдау мүмкіндігінің болуы;

-оқу процесінде қарым-қатынастың еркін болуы;

-оны үнемі жетілдіріп, толықтырып отыру мүмкіндігінің болуы.

Осы орайда өз тәжірибемнің негізінде оң нәтижеге қол жеткізу үшін алдыма мынадай мақсат қойдым: заман талабына сай білімді, білікті, дүниетанымы кең, шығармашылық қабілеті дамыған жеке тұлға қалыптастыру.

Осы мақсат негізінде алдыма қойған міндеттерім:

-студенттердің қабілеті мен талантын ашу;

-шығармашылық, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру;

-өз алдына мақсат қою арқылы оны жүзеге асыра білу;

-өз әрекетінің нәтижелерін бағалай білу.

Оқытушының шығармашылық жұмысы ең бірінші сабаққа даярлықтан басталады, яғни, өтілетін сабақтың жоспарын құру, оны өткізу әдстемесі, студенттердің қабілеттерін ескере отырып, иллюстрация, техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды пайдалану. Оқытушының осы шығармашылық әрекеті арқылы студенттің шығармашылық қабілеті қалыптасады. Ал, шығармашылық қабілеттер шығармашылық елес, шығармашылық ойлау арқылы жүзеге асады. Студентті шығармашылық ойлауға, жылдамдыққа, икемділікке, тапқырлыққа үйрету ол оқытушының әр сабағында қалыптасып отыратыны анық.

Оқытудың әдіс-тәсілдерін тиімді таңдап алу оқытуда табысқа жетуге негіз болады, әрі сабақтың тиімділігі мен сапасын барынша арттыруға мүмкіндік береді. Студенттің терең білім беру үшін оқытушы мына төмендегі қағидаларды есте сақтағаны жөн деп есептеймін.

1. Оқытушы пәнді жетік меңгеріп, оны студенттерге ғылыми тұрғыдан негіздеп, қарапайым тілмен, өмірмен байланыстыра отырып бере білуі қажет.

2. Студенттердің жас ерекшеліктеріне қарай жеке бастарының психологиясын, жан дүниесін жете біліп, әр студенттің жүрегіне жол таба білуі абзал.

3. Ғылым мен педагогика саласындағы жаңалықтарды үнемі пайдаланып отыруы тиіс.

4. Мүмкіндігінше, кейбір үлкен тақырыптарды топтап жеке блоктар түрінде топтастырып өткізе білуі керек.

5. Студенттерге ұзақ уақыт есте сақтау қабілетін арттыру үшін жаңа сабақты, әсіресе заңдылықтар мен құбылыстарды тірек белгілері мен тірек конспектілері бойынша берген жөн

6. Студенттердің сапалы да тиянақты білім алуы үшін әр бөлім, әр тақырып бойынша олардың білімдерін тексеріп отырған жөн.

7. Сабақта халықтық педагогика элементтерін пайдалану қажет. Ол үшін халық ертегілерінен, аңыз әңгімелерінен, өлең жырларынан үзінділер келтіріп, олардың мағынасын түсіндіруге; әртүрлі табиғи құбылыстарға байланысты жұмбақтар шешіп, сөзжұмбақ, бейнесөз құрастыруға т.б. болады.

Физиканың негізгі заңдылықтары мен құбылыстарын өмірмен байланыстыра қызықты етіп беру жолдары да қарастырылады. Мұндай тапсырмалар студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, оларға физика заңдылықтарын өмірде кеңінен қолданылатынын да ұғындыруға мүмкіндік береді. Бұл үлгідегі оқытудың әдіс-тәсілдері студенттердің есте сақтау қабілетін арттырып, оларды жинақылыққа, дәлдікке, шығармашылыққа баулуға көмектеседі деп ойлаймын. Білім беру үрдісінде студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін әртүрлі педагогикалық технологиялар мен әдіс

– әсілдер қолдануда. Соның ішінде студенттің белгілі бір жетістікке жету үшін сабақта табысқа жету жағдаятын туғызу. Егер студент өзі қандайда бір жетістікке қолы жетсе, ол қуанып қана қоймайды, онда тағы да алдындағы белестерден өту мақсаты тұрады. Осындай жағдайда оқытушы студенттің қандайда бір жетістікке жетуі үшін төмендегідей жағдаяттарды сабақта жиі қолданса, оқытушы жұмысының жетістігін көруге болады.

Біздің колледж қабырғасында физика пәні мектептің негізгі орта білім бойынша тәмамдаған студенттеріне жүргізілетін болғандықтан, сол мақсатта қарастырылған табысқа жету жағдаятын туғызу жолдарын көрсетпекпін.

1. **Мадақтау.** Оқытушы сабақта студенттің өзіне деген сенімін арттыру үшін «Жарайсың!», «Мен сендерді мақтан тұтам!», «Бәрекелді!» деген сөздер жиі қолданғаны дұрыс. Бұл сөздер студенттің бойында оқытушының өзіне сенім артып тұрғанын сезініп, өз еркімен талаптанып, жақсы оқуға тырысады.

2. **Бір мүмкіндік.** Студенттің күтпеген жерден өзіннің қабілеті мен мүмкіндіктерін көрсетуге мүмкіндік беріледі. Мұндай жағдаятты оқытушы арнайы дайындамайды, ол осы мүмкіндікті табиғи тәрбиелеудегі дарынымен, бұл мүмкіндікті тиімді пайдаланады.

3. **Еліктеу.** Кластағы немесе мектептегі үлгілі студенттердің жетістіктерін үлгі ете отырып студенттің бойында «Сенде неге сондай болмасқа», «Мен саған сенемін», «Бұл сенің қолыңнан келеді» деп студенттің бойында еліктеушілікті туғызу.

4. **«Кешіктірілген баға».** Оқушыға бірден төмен баға қоймай, «Сенің бағаң күндегіден төмен болып тұр. Сен үнемі сабаққа дайындалып келетіндіктен, мен саған бір мүмкіндік беремін. Келесі жолы бұдан жақсы жауап беретіңіз сенемін» деп оқушыға алға қарай ұмтылуына жағдай туғызу.

5. **Алдына–ала ойластырылған қателік.** Сабақта оқытушы есеп шығару барысында, теорияның тұжырымдау барысында «Мен бір жерден қателестім. Бір минут. Қазір қарайын» деп студенттерден көмек сұрайды. Бұл студенттің алған білімін жинақтап, тиянақтау үшін және шығармашылық қабілетін арттыруға қолданылатын әдіс-тәсіл.

6. **Көкжиек сызығы.** Студенттің бойындағы қабілетін арттыру үшін өте қызықты тақырыпта (мысалы: «Сүңгуір қайық», «Танк» жайлы) баяндама жасауды тапсырады, бірнеше баяндама жасағаннан соң «Сен өте қабілеттісің, біз олимпиадаға дайындалсақ қайтеді» деген ұсыныспен студенттің өз еркімен ізденуге, ғылым мен техникаға деген ынтасын оятып, адамның ақыл – ойының дамуына ықпал жасайды.

Қорыта айтқанда, бүгінгі сабақ кешегі сабақтан өзгеше, ал ертеңгі сабақ бүгінгі сабақтан жақсы болуы тиіс демекші. Әрбір тақырыпты түсіндіргенде студенттердің мүмкіндіктеріне қарай тірек белгілері мен тірек конспекттері пайдаланған жөн. Негізгі заңдылықтарды тірек белгілері арқылы студенттерді жинақылыққа, көркемдікке баулып, есте сақтау, ойлау қабілеттерін арттыруға, оларды шығармашылыққа баулуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ физикалық заңдылықтар мен құбылыстарға арнап жеке тірек белгілерін құрастыру қажет. Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны қолдану білім сапасын жақсартуға көмектеседі. Өйткені, физика – студенттердің ойлау қабілетін қалыптастыратын және дамытатын негізгі буын. Ол студенттердің интеллектін, логикалық ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, табиғат заңдылықтарын толығымен түсінуге ықпал жасайды. Елбасы «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай жаңа білім беру өте қажет» деп атап көрсеткендей, инновациялық оқыту технологиясын қолдану - жаңа білім берудің бірден – бір шарты деп есептейміз.

Орта мектептерге дәстүрлі әдістер мен тәсілдерден гөрі тиімділігі жоғары, жаңа сападағы дидактикалық құрал қажет. Дүние жүзі педагог-ғалымдардың пайымдауынша мұндай құрал болып оқытудың педагогикалық технологиясы табылады.

Қазіргі таңда әлемдік оқу үрдісінің өзегі-жаңа технологиялар. Әлемнің бірнеше елінің сынақтан өткізілген жаңаша оқыту төрт бағытты қамтиды, олар:

- Модульдік технология



- үш өлшемді технология
- Дамыта оқыту
- Сын тұрғысынан ойлау

Әр технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдерді әр мұғалім ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай қолданылады.

Физика оқу процесінде оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін ең қолайлы шарттарды беретін оқыту пәні болып табылады. Қазіргі ғылыми-техниканың жоғары дәрежеге жетуі физика ғылымының жетістіктерінің нәтижесін көрсетеді.

Оқушыларға физика білімінің қыр-сырын жетік таныту, қабілеттерін шыңдау, кез-келген ортада өзін еркін ұстауға, Қазақстан Республикасының азаматы деген атқа лайық болатындай етіп тәрбиелеу – біздің міндетіміз болмақ. Осы орайда оқушылардың білім деңгейін арттыру – маңызды іс. Бұл мәселе көптеген жылдар бойы қарастырылып келе жатыр.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық көптеген адами қабілеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу – тәрбие үрдісін жиіледі, ұйымдастыруды көмектеседі.

Әрбір мұғалімнің негізгі мақсаты – сабақ сапасын көтеру, түрін жетілдіру, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру, олардың ізденуін, танымын қалыптастыру. Осы мақсатта физика пәнінде әртүрлі әдістермен жүргізуге болады. Оқу - тәрбие үрдісінің сабақта дұрыс жүргізілуі үшін әр алуан оқыту әдіс-тәсілдерінің тиімдісін мүмкіндігінше және оқушылардың жеке жағдайларына байланысты таңдап алуға көп көңіл бөлу керек.

Қазақстанда Ж.А.Қараевтың, М.М.Жанпейісованың оқыту технологиялары кеңінен қолдануда. Физика сабағында мен модульдік технологияның элементтерін қолданамын. Оның ерекшелігі тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық процесстерді, яғни жадының алуан түрлерін, ойлау, ынта, қабылдау қабілеттерін арнайы жасалған оқу және танымды жағдайлар арқылы дамытуға, қарым-қатынас, ойын, танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, белсенді сөздік қорын дамытуға бағытталды.

Ақпараттық – коммуникативті технологияларды білім беру саласында үйлесімді пайдалану оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне негізделініп, өзіне қажетті мазмұн мен мәліметті ақпарат көзінен таңдап, талғап білуіне үйретеді.

Мектеп қабырғасында физика пәнін ақпараттық – коммуникативті технологияны жүйелі қолдану пәнді оқытуда оқушыға дүниенің заңдарын терең меңгертіп қана қоймайды, оның логикалық ойын дамытып, эмоциясына, сезіміне қозғау салады. Оқушы ешкімнің көмегінсіз өз бетінше ойланып, шешім қабылдауға дағдыланады. Мектебіміздің физика кабинеті 2008ж мультимедиялық жабдықтармен қамтылды. Физика пәнінің барлық тарауына арналған электрондық оқулықта: оқу материалының толық баяндалуы (кескіндер; кестелер; графиктер; бейнелер);

- өзіндік білімді тексеру жүйесі;
- өзіндік бақылау жүйесі;
- мәтіндік үзінділерді іздеу функциясы;
- авторлар тізімі;
- терминдік сөздер;
- оқулықтың элементтерін басқару бойынша анықтамалық жүйе;
- оқулықпен жұмысты басқару жүйесінгізілген.

Оқушыларға физика білімінің қыр-сырын жетік таныту, қабілеттерін шыңдау, кез-келген ортада өзін еркін ұстауға, Қазақстан Республикасының азаматы деген атқа лайық болатындай етіп тәрбиелеу – біздің міндетіміз болмақ. Осы орайда оқушылардың білім деңгейін арттыру – маңызды іс. Бұл мәселе көптеген жылдар бойы қарастырылып келе жатыр.

Оқытудың мектепте қолданылатын қазіргі заманға сай құралдары: бейнефильмдер, мультимедиа және телекоммуникациондық технологиялар, суреттерді анимациялау, түр-түсін өзгерту, оған дыбыстар қосу.

Бұл құралдар оқушылардың танымды әрекетін жандандыруға себін тигізіп, оқытудың жалпы тиімділігін арттырады. Әсіресе, бейнефильмдер құралдарының ішіндегі ең тиімдісі болғандықтан кең қолданыс тауып отыр. Бейнефильм оқушылардың ғылыми-техникалық мәліметтерді пайдалану мүмкіндіктерін анағұрлым кеңейтеді, сезімдік қабылдаудың әсерлігін күшейтеді. Оқуды өмірмен тығыз байланыстыруға жәрдемдеседі. Шынында, физиканы оқып үйренуде көбінесе құбылыстың өзін емес, құбылыстардың туатын салдар мен нәтижелерді бақылауға тура келеді. Көптеген құбылыстарды және олардың техникалық қолданылуларын қаз қалпында көрсетуге, тіпті де болмайды. Осының бәрі оқытудың ақпараттық технологияларын пайдалануды қажет етеді.

Күрделі құралдар мен қондырғыларды сол қалпына көрсетуге болмайтын жағдайларда айнадағы көрініс тәрізді көлемдік нобайларды көрсету қолданылады. Нобайлар техникалық қондырғыар мен аспаптардың құрылысы мен жұмыс принципін оқып үйренгенде, сондай-ақ физикалық құбылыстарға негізделген технологиялық процестерді бақылағанда қолданылады.

Олар қажетті мөлшерде жасалуы тиіс. Машинаның ішкі құрылысын, немес қондырғымен механизмдердің бөліктерінің өзара әсерлесулерін көрсетуге қажет болған жағдайда, мысалы, іштен жану двигателінің жарып көрсетілген тілік нобайын қолдану – оқушыларға айқын көрінуімен тиімді. Ал дыбыс немес аудио құралдар көмегімен бейне мен көріністерді және дыбыстарды керек жерінде өзара сәйкестікте қолдану, шынайы болмысты сезім арқылы қабылдауды әлдеқайда күшейтеді.

Ақпараттық-телекоммуникациондық технологиялардың қазіргі заманғы физиканы оқытудағы, мектеп оқушыларының дүниетанымдық ойлау қаракетін күшейтудегі маңызы, міне осындай. Ол оқу процесін жандандыруға және уақыт үнемдеуге осылай көмектесіп отыр. Сөйтіп, жаңа технологияларды шебер пайдалану физикалық білімдерді меңгеруге кететін уақытты едәуір қысқартады.

Ақпараттық технологияның соңғы жетістіктерін кеңінен пайдалана отырып, жаратылыстану жөніндегі ілгері ғалымдар қатарына жататын физика ғылымының негіздерін және жеткін шектерге орта мектеп бағдарламасының ауқымында терең түсініп, игеруге мүмкіндік жасады.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Мажитова К.Б. Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану тетіктері. «Қазақстан мектебі» журналы. 2006 ж. №4.
2. Жолдасова Б.Б. Инновациялық технологияларды білім беруде қолдану. -Білім, №5, 2007ж.
3. Какенов С.Т. «Физика және астрономия» республикалық ғылыми - әдістемелік педагогикалық журналы. 2012ж. №2.

*Ж.Н.Нұрберген*

ЗАМАНАУИ МЕКТЕПТЕРДЕ «БИОТЕХНОЛОГИЯ» ТАРАУЫН ОҚЫТУДЫҢ  
ӨЗЕКТІЛІГІ

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» *КеАҚ*  
, [ssaya.aliyeva@mail.ru](mailto:ssaya.aliyeva@mail.ru)

Биология ғылым ретінде қазіргі уақытта қоғамның материалдық және рухани өмірінің көптеген аспектілеріне әсер ететін іргелі және қолданбалы, теориялық және практикалық бағыттағы тірі табиғат туралы дербес ғылымдар мәртебесіне ие өте күрделі, тармақталған және көп қабатты кешенді, тұтас жүйесі болып табылады [4]. Сонымен қатар биология ботаника, зоология, генетика, экология, физиология, эволюция туралы ілім, цитология, систематика, биогеоценология, анатомия, морфология, антропология, этология, палеонтология, эмбриология, микробиология, биогеография, гигиена, медицина, өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, биотехнология, биоэтика, биоэстетика және т.б. тығыз байланысты.

Мектептің биология пәнінің мазмұнына енгізілген «Биотехнология» тарауын оқыту қазіргі таңда өзекті мәселелердің біріне айналды.

Қазіргі заманда ғылымның даму деңгейі адамға әртүрлі заттар мен материалдарды өз мақсаттары үшін ғана емес, сонымен бірге тірі организмдерді де пайдалануға мүмкіндік береді, бұл өркениеттің дамуының жаңа кезеңін – биотехнологияның белсенді даму кезеңін ашады.

Биотехнология - тірі организмдерді, олардың жүйелерін немесе олардың тіршілік ету өнімдерін технологиялық міндеттерді шешу үшін пайдалану мүмкіндіктерін, сондай-ақ гендік инженерия әдісімен қажетті қасиеттері бар тірі организмдерді құру мүмкіндіктерін зерттейтін пән [2].

Биотехнология көбінесе XX—XXI ғасырларда гендік инженерияны қолдану деп аталады, бірақ бұл термин өсімдіктер мен жануарларды жасанды іріктеу және будандастыру арқылы модификациялаудан бастап, адамның қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін биологиялық ағзаларды модификациялау процестерінің кең спектрін білдіреді [1]. Заманауи әдістердің көмегімен дәстүрлі биотехнологиялық өндірістер тамақ өнімдерінің сапасын жақсартуға және тірі организмдердің өнімділігін арттыруға мүмкіндік алды.

Биотехнология - бұл ғылыми-техникалық прогресті анықтайтын интегралды ғылым [4].

Биотехнология - бұл іргелі және қолданбалы ғылымды, сонымен қатар өндірісті біріктіретін жалғыз пән [1].

Бүгінгі таңда биотехнологияны ілгерілетуге ықпал ететін екі фактор бар [3]:

1 - физика, химия және есептеу математикасының жетістіктеріне сүйенетін биологиялық (молекулалық) пәндердің (биохимия, биофизика, генетикалық инженерия) қарқынды дамуы;

2 - энергия, табиғи ресурстар тапшылығы, адамдардың денсаулығын жақсарту, аймақтар мен континенттердің экологиясын өзгерту.

Биотехнологияның ең маңызды мәселелердің біріне, биотехнология қандай мақсаттарды көздейді, ол қандай мәселелерді шешеді, олар төменде келтірілген:

- адамның қажеттіліктерін қанағаттандыру (тамақ, ақуыз аштық);

- өндіріс көлемін ұлғайту (тағамды жасанды түрде көбейту);

- таза су мәселесі (экожүйе және оны тазарту);

- энергия, оны алу (жаңартылатын көздерден отын баламасын әзірлеу);

- адам денсаулығы (аурулардың алдын алу, алдын алу, емдік-сауықтыру сусындарын жасау);

- ғарыштық биотехнология (гидропоникалық дақылдар, жануарлар жасушаларын криоконсервілеу және одан әрі адам, Ғаламдық кеңістікті ашу) [3].

Олай болса, қазіргі заманғы биотехнологиялар медицинада, тамақ, фармацевтика өнеркәсібінде, ауыл шаруашылығында және экономиканың басқа да салаларында дамыту және кеңінен пайдалану елдің орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуы, халықтың өмір сүру сапасын арттыру үшін айқындаушы болып табылады.

Отандық биотехнологияның табысты дамуының маңызды факторы биотехнологиялық білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру болып табылады. Олай болса, биотехнологияны мектеп қабырғасынан бастап тереңдетіп оқыту өте қажет.

Қазіргі мектептің алдында тұрған мәселелердің бірі - оқушылардың қызығушылықтары мен бейімділіктерін ескеруді талап ететін және жеке оқу траекториясын таңдауға мүмкіндік беретін мамандандырылған оқыту тұжырымдамасы идеясын жүзеге асыру. Мектепте «Биотехнология» тарауын оқыту барысында қойылған міндеттерді шеше отырып, биологиялық және медициналық мамандықтар бойынша жоғары оқу орындарына түсуге мақсатты түрде дайындалып жатқан оқушыларға болашақ мамандығын дұрыс таңдағанына көз жеткізуге мүмкіндік береді.

Мектепте «Биотехнология» тарауын оқытудың **мақсаты:** биология бойынша білімді кеңейтуге және тереңдетуге, танымдық қызығушылықты дамытуға және оқушылардың білімге қажеттіліктері мен бейімділіктерін қанағаттандыруға ықпал ететін ерекше білім беру ортасын қалыптастыру [1].

«Биотехнология» тарауын оқытудың **міндеттері:**

1) оқушыларды биотехнологияның негізгі бағыттары мен әдістері, оның адам өміріндегі маңыздылығымен таныстыру;

2) биотехнологияның жетістіктерін, мәселелері мен перспективаларын айқындау;

3) әртүрлі ақпарат көздерімен, компьютерлік бағдарламалардың көмегімен алынған деректерді өңдеу тәсілдерімен жұмыс істей білуді дамыту;

4) биотехнологияны дамытудың әлеуметтік және этикалық аспектілерін ашу, күнделікті өмірге биотехнологияны енгізу фактілері туралы өз пікірін қалыптастыруға ықпал ету.

Біздің елімізде болып жатқан терең сапалы өзгерістерге байланысты мектепке жаңа білім беру парадигмасы Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытуға көшті. Яғни, білім беруді әлеуметтік - экономикалық, өндірістік және саяси қызметтер саласынан шығару негізінде мектептегі берілетін білімінің мәні мен мақсаты оқушының білімді функционалдықымен және шығармашылықпен қолдануына, сыни тұрғыдан ойлауға, әр түрлі бағыттағы зерттеу жұмыстарын жүргізе білуге, мұғалімдер мен оқушылардың АКТ дұрыс қолдана білулеріне, коммуникативті қарым-қатынас тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды пайдалануға, топпен және жеке жұмыс жай білуге үйрету болып табылады.

Олай болса, Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша «Биотехнология» тарауын оқыту жаңа мазмұнда және жаңа бағытта тереңдітіп оқытуды, оқу үрдісінде оқушылардың оқу материалын сыни тұрғыдан ойлауға және сипаттауға, топтық және ұжымдық жұмыстарға төселдіру, өз ойын дұрыс жеткізуді, байланыстырып сөйлеуді және әр түрлі бағыттағы зерттеу жұмыстарын жүргізуді міндеттейді.

«Биотехнология» мектепте оқытылатын басқа пәндер сияқты жоғары сынып оқушылары арасында үлкен қызығушылық тудырған бүкіл әлемдегі ғылымды дамытудың маңызды пәндері мен бағыттарының бірі екендігі ешкімге құпия емес. Өйткені әр сабақтарда оқушылар тамақ өнеркәсібі мен биотехнологияның ең маңызды аспектілері мен проблемаларын қарастырады. Іс жүзінде оқушылар әртүрлі тағамдармен жұмыс жасайды, бұл олардың қасиеттерін анықтауға және сапалы баға беруге ғана емес, сонымен қатар дүкенде белгілі бір өнімді таңдау үшін жақсы білім алуға мүмкіндік береді.

Оқушылар практикалық сабақтарда әртүрлі құнды өнімдердің, атап айтқанда ақуыздар мен полисахаридтердің микробиологиялық синтезін микроорганизмнің белгілі бір штаммын өсірудің толық циклын меңгеретін болады. Олар қоректік ортаны дайындаудың жолдары мен микроорганизмді зерттеудің әдіс-тәсілдерін меңгереді, әртүрлі қоректік ортада бірнеше күн бойы оның өсуін зерттейді, дайын өнімнің жинақталуын

сандық ерекшелігін білетін болады, сұйықтықтың физика-механикалық және физика-химиялық қасиеттерінің өзгеруін талдайды.

Сонымен қатар, «Биотехнология» тарауын оқу барысында оқушылардың жобалық қызметін ұйымдастыру, қосымша әдебиеттермен жұмыс істеу, интернет ресурстарын кең көлемде қолдануды жүзеге асыру керек. Бұл олардың өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі тәрбиелеуге және негізгі құзыреттерді қалыптастыруға ықпал етеді.

Биотехнологияны оқыту негізінде білім мен іс-әрекеттің әртүрлі тәсілдерін қолдана отырып, шындыққа құндылық қатынастарының жүйесін қалыптастыруды мақсат етеді. Білім беру процесіне «Биотехнология» тарауы мектептегі биология пәнінің құрамдас бөлігі болғандықтан пән мазмұнына қойылатын міндетті талаптардан көрініс табады: мектеп оқушыларында практикалық, зияткерлік және жалпы білім беру дағдыларының белгілі бір шеңберін қалыптастыру.

*Қалыптастыратын практикалық дағдылар:*

- әртүрлі ұлғайтқыш аспаптарды қолдана білу;
- уақытша микропрепараттар дайында, оларды микроскоппен қарау;
- өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін анықтау үшін анықтауыштарды пайдалану; қарапайым тәжірибелер қою (тұқымның өнуі, өсімдіктердің тамырлануы, дене жүктемесі кезінде тамыр соғу жиілігін анықтау);
- бақылаулар мен өзін-өзі бақылаулар жүргізу;
- өсімдіктердің, саңырауқұлақтар мен жануарлардың түрлерін олардың сипаттамасы, суреттері бойынша және табиғатта тану;
- жабық жағдайда және ашық жерде өсімдіктер өсіру, оларға күтім жасау, өсімдіктерді кептіру және олардан гербарий орнату;
- табиғаттағы және т.б. жерлерде қоғамдық ережелерді сақтау.

*Зияткерлік немесе ақыл-ой дағдылары* - бұл таным процесін жетілдіруге бағытталған дағдылар. Олардың ішінде дағдылар: негізгі белгілерді атау, сипаттау, негіздеу, анықтау, салыстыру, жалпылау, жүйелеу, байқау, оқшаулау, анықтамаларды тұжырымдау, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, зерттеуді модельдеу, тәжірибе жасау, тәжірибе нәтижелерін жобалау, талдау, жұмыс істеу, дәлелдеу, зерттелетін объектінің қасиеттерін сипаттау, түсіндіру.

*Жалпы білім беру дағдылары* оқушыларды оқу іс-әрекетінің барлық түрлерінде кітаппен, оқулық мәтінімен, көрнекі құралдармен, пән бойынша жұмыс дәптерлерімен жұмыс істеуге, жоспар құруға, білімін пайымдау кезінде пайдалануға, сабақта мұқият жұмыс істеуге және үйде әртүрлі оқу тапсырмаларын орындауға бағыттайды.

Осы айтылған дағдыларды қалыптастыруда биология сабағының «Биотехнология» тарауын тереңдетіп оқытуға мүмкіндік болатындай орта қалыптастыра отырып, осы ортада оқытудың жүйелі әдіс-тәсілдерін дұрыс таңдау қажет. «Биотехнология» жаңа мазмұндағы тарау болғандықтан, мұғалімнің шығармашылық және өзбетімен ізденушілік жұмысын көп қажет етеді.

Сонымен, биотехнологиялар мәселесі - адамның әлемді өзгертуге, жаңа уақыт дәуірінде басталған табиғатты жаулап алуға бағдарлануына негізделген ғылыми технологиялар проблемасының бір бөлігі [3].

«Биотехнология» - бұл өзекті технологиялық мәселелерді шешу үшін организмдерді пайдалану мүмкіндіктерін, сондай-ақ шаруашылық қызметке қажетті гендік инженерия құралдары бар организмдерді құру мүмкіндіктерін зерттейтін ғылымның бір саласы [2]. Және биотехнологияны оқыту оқушылардың болашақ кәсіби қызметіне, сонымен қатар жоғары мектепте одан әрі оқуын жалғастыруға қажетті деңгейде логикалық және операциялық ойлауды, алгоритмдік мәдениетті, кеңістіктік елестерді, сыни тұрғысынан ойлауды, функционалдық сауаттылықты дамытуға зор ықпал етеді.

**Пайдаланган әдебиеттер тізімі:**

1. Евтушенков А.Н., Фомичев Ю.К. Введение в биотехнологию: Курс лекций:/ А.Н.Евтушенков, Ю.К.Фомичев. - Мн.: БГУ, 2002. - 105 с.
2. Евтушенков А. Н., Фомичев Ю. К. Введение в биотехнологию: Курс лекций. - Мн.: БГУ, 2002. - 105 с.
3. Орехов С.Н. Биотехнология: учебник / под ред. А. В. Катлинского. - Москва : Академия, 2014. – 281 с
4. Шапиро Я.С. Микробиология: 10-11 классы: учебное пособие для учащихся общеобразовательных учреждений / Я.С.Шапиро. – М.: Вентана-Граф, 2008. – 272 с.- ил. (Библиотека элективных курсов).

**Б.Ш. Тұрғанбаева, Б.О. Ерменова, А.М. Жөнсеханов, Н.Б. Жакашев**  
ИССЛЕДОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ГОТОВНОСТИ  
ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

*НАО «Университет имени Шакарима г. Семей»*

*[ermenova61@mail.ru](mailto:ermenova61@mail.ru)*

Одна из важнейших задач в системе образования-создание необходимых условий для гармоничного, всестороннего развития личности с учетом ее мотивов, интересов, потребностей и способностей. Однако полностью реализовать возможности можно лишь в том случае, если кроме полученного образования школьник выбирает специальность соответствующую его врожденным и социально обусловленным данным. В силу множества обстоятельств молодые люди иногда затрудняются выбрать единственно правильный путь в сложном мире современных профессий. Это касается и профессии педагога, которая играет огромную социальную роль в любом обществе. Подобные ситуации приводят к значительным моральным и материальным потерям.

Главными причинами такого положения, на наш взгляд, являются несоответствие реальной потребности в педагогических кадрах и деятельности по их подготовке, низкий уровень организации профессиональной работы, несовершенство теории и практики профессионального отбора. В педагогической науке пока слабо разработано представление о профессионально-педагогической готовности к работе учителя (Хмелюк Р.И., Воробьева Т.А., Голованов С.А. и т.д.). При всем многообразии трактовки подготовленности наиболее объективным, на наш взгляд, является представление о профготовности как системном свойстве человека, проявляющимся в многообразии особенностей его личности, индивида и индивидуальности, обуславливающих успешность в профессиональной деятельности.

Данное исследование проводилось с целью изучения их особенностей профессионально-педагогической готовности применительно к деятельности учителя физической культуры. Перед нами не ставилась задача выявить конкретные критерии готовности, хотя намечены были приблизительно к данным критериям через выявление некоторых специфичных тенденций в проявлении профготовности. Нами просмотрены студенты 1-4 курсов и молодые специалисты проработавшие 1-3 года в общеобразовательных школах. В ходе работы были использованы следующие методы исследования: изучение методических и научной литературы, педагогические наблюдения (с применением письменных ответов и молодых специалистов), анализ документов по учебной, педагогической и тренерской практик, бально рейтинговая система деятельности студентов практикантов.

На основе имеющихся данных о профготовности мы предположили, что в содержание деятельности учителя физической культуры нужно включить следующие компоненты;

- профессионально-педагогическую направленность;

- общеобразовательную готовность;
- физическую готовность;
- индивидуально-психологические особенности личности (свойства темперамента, способности, черты характера).

Практическая работа по изучению профессионально педагогической готовности проводилась на базе факультета искусства и спорт государственного университета имени Шакарима города Семей по специальности «Физическая культура и спорта». В исследовании принимали участие 51 студент 3-4 курсов в течение 2018-2019 и 2019-2020 учебных годов. В качестве критерия успешности профессиональной деятельности использовали оценки за педагогическую и тренерскую практику. Студенты, получившие оценки только на «отлично» или «отлично и хорошо» попали в первую группу – «менее успешных» всех участников по основным показателям, отражающим прогнозируемое содержание профессиональной готовности студентов будущей специальности. Для этого применяется тест по определению склонностей к различным типам профессий, обобщались независимые характеристики некоторых качеств личности тип гностической деятельности, чувство профессионального долга и мотивации к профессии (Ашмарин Б.А., Холодов Ж.К., Кузнецов В.С., Зязюн Н.А., Деркач А.А., Исаев А.А. и др.), оценивались особенности свойств нервной системы.

По уровню успеваемости средний показатель в группе «более успешных» оказался выше, чем во второй половине. Это имеет некоторое значение, хотя успех в профессиональной деятельности не определяется лишь наличием суммы знаний. В физической готовности студентов в других группах значимых различий не обнаружено.

Отсутствие последних последних вовсе не означает информативности данного фактора. Скорее наоборот, обнаруживает стабильность его проявления, которые в группах колеблется на III-II спортивного разряда по различным видам спорта. Профессионально-педагогическая направленность определялась по уровню проявления склонностей, а также некоторым свойствам личности. Условно мы разделили студентов практикантов на 4 типа.

Таким образом, в группе «более успешных» студентов проявилось преимущество показателей по склонности I-II типа, и «менее успешным» 3-4 типа. Кроме склонностей в профессиональной направленности студентов определялось эмоциональное, волевое и познавательное отношение и ее важнейшим объектам. Если по качествам «любовь к детям» и «интерес к физической культуре» достоверных различий не установлено, то таковые обнаружены по «интересу к работе с детьми» и «интересу к педагогической деятельности в сфере физической культуры». В первых двух случаях проявляется односторонность интереса, которые не обеспечивает в полной мере направленности на педагогический труд в области физической культуры. Можно любить детей, но не интересоваться ими как объектом профессиональной деятельности. Интерес только к физической культуре, особенно к спорту, к достижениям в этой области также односторонен. Этим подтверждается мнение о необходимости наличия двух объектов профессионального интереса учителя физической культуры-это дети, физическая культура, которые являются своеобразным системообразующим симбиозом, его профессионально-педагогической направленности. Уровень коммуникативных, конструктивных способностей, а также культуры речи оказались выше в сильнейшей группе при значимых различий между показателями групп. Уровень организаторских способностей, не обнаружив достоверных различий, также был выше в сильнейшей группе. Особое внимание привлекает исследование особенностей темперамента. По уровню экстраверсий, интроверсии и нейротизма достоверных различий не найдено.

Таким образом, предположение о содержании профгодности во многом оправдалось. Подтверждена значимость гуманистического оттенка профессионально-педагогической направленности в формировании профессионального мастерства учителя (И.А.Зязюн). специфика направленности заключается в интересе к педагогической деятельности в сфере физической культуры. Необходимыми составляющими являются

определенные уровни общеобразовательной и физической готовности. Важную роль играют педагогические способности, некоторые черты характера и свойства темперамента. Полученные данные послужат дальнейшему изучению теории и совершенствованию практики и профессионального отбора молодежи на педагогическую профессию.

#### Библиографический список

- Ашмарин Б.А. Теория и методика физического воспитания – М,1979г, С 319  
Деркач А.А., Исаев А.А. Педагогическое мастерство тренера – М,1981г.,С176  
Деркач А.А., Исаев А.А. Педагогика и психология деятельности организатора детского спорта – М.,1985г.,С290  
Зязюн И.А., Кузнецов В.С. Теория и методика физического воспитания и спорта – М.,2001г.,С31

*А. К. Олжаева*

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ФЕНОМЕНА ШОКАНА УАЛИХАНОВА В ПРЕПОДАВАНИИ  
ЕСТЕСТВЕННОНАУЧНЫХ ДИСЦИПЛИН КГУ  
«СОШ № 32» город Семей. [Olzhaeva68@mail.ru](mailto:Olzhaeva68@mail.ru)



*Для нормального  
роста и развития народа  
необходимы прежде  
всего свобода и знание...  
Выходит, что  
прежде всего надо учить...  
Ш. Уалиханов.*

Великим вкладом в развитие педагогической мысли просветителей Казахстана второй половины XIX века являются рассуждения Ш. Уалиханова

о том, как сохранить нацию в новых условиях, что сделать для ее духовного возрождения, приобщения к высотам мировой цивилизации. Эта проблема остается актуальной и сегодня, в XXI веке.

В нынешнем году исполняется 185 лет со дня его рождения. Природа наделила его феноменальными способностями, однако он прожил короткую жизнь. Прожив неполных 30 лет жизни, он сумел сделать столь много, что его труды составляют 6 томов, а в виде отдельного тома были изданы его художественно-графические рисунки.

Кеңістікте елестету көзмөлшерге және байқампаздыққа сүйенеді, сонымен бірге ойлау міндетті түрде қатысады. Әдістемелік-психологиялық зерттеу нәтижелерінен, күнделікті тәжірибеден есеп шығару үрдісінің мектеп оқушыларына математиканы оқытудың ең тиімді жолдарының бірі екендігі белгілі. Есеп шығару барысында пәнге деген қызығушылық пайда болады, жаңа ұғымдардың практикалық маңызын түсінеді; оқушыларда сұрақ қоя білу және оған жауап беру ептіліктері қалыптасып, алған білімдерін тек математикада ғана емес, басқа оқу пәндерін меңгеруде қолдана алады, ойлау қабілеті дамып, есеп шешімін іздеудің тиімді жолдарын қарастыру қабілеттері қалыптасады. Есеп шығару мақсатты түрде бақылау, анализдеу, талқылау, ойлау қабілеттерін қалыптастыруға бағытталуы керек. Есеп шешімін табудың дұрыс жолын таңдай білуге және алынған нәтиженің дұрыстығын бағалауға оқушылар барлық мүмкін тексеру жолдарын жүргізу барысында ие болады. Есеп шығару арқылы оқушылар біртіндеп дұрыс талқылай білу, бақылау нәтижелерінен қорытынды шығару, өз ойларын негіздей білу, тұжырым жасай білу дағдыларына ие болады.

Білім меңгеруде кеңістікте елестетудің дамуы өздігінен іске аспайды. Балалардың конструкциялау, бейнелеу-графиктік шығармашылығы сияқты іс-әрекет түрлерін игеруі барысында өз әрекеттерінің нәтижелерін кеңістікте елестете білулері және оларды суретте, сызбада, модельде нақтылы түрде көрсете білу және оларды ойша өзгерте білу дағдылары қалыптасады. Графиктік білімнің арнаулы жүйесін меңгеру кеңістікте елестетудің қалыптасуы мен дамуының маңызды шарты болып табылады.

Кеңістікте елестетудің сипаттық ерекшеліктері кеңістіктік қатынастарды бөлу және олардың түрленуі сурет, сызба, схемалар түрінде жүзеге асырылатын графиктік есептерді шешу үрдісінде айқын көрінеді. Сондықтан көрнекілік бейнелеулердің әртүрлі түрлерін анализдеуге ерекше көңіл бөлу керек. Балалардың кеңістікте елестетуінің қалыптасуы көрнекі-графиктік негізде жүретіндіктен оларды дамытудың негізгі құралы көру бейнесін құру болып табылады. Графиктік бейнелеулерді қолдануға арналған есептерді шығаруда кеңістіктік қасиеттер мен қатынастар бейнеленетін көру бейнелерінен басқа бейнелерге ауысу жүреді.

Кеңістіктік қасиеттер заттың сыртқы түрін ғана емес, сондай-ақ оның құрылымын да сипаттайды. Кеңістіктік қасиеттер заттың сипаттамасында басты орынды алады. Осы қасиеттерге сүйене отырып оқушылар әртүрлі заттарды таниды, оларды жіктей алады. Кеңістіктік қасиеттер (форма, шама, созындысы) заттың контурын сипаттай отырып, оған анықтық, жекелік қасиет береді. Кеңістіктік қатынастар заттың басқа объектілер жүйесіндегі орналасу жағдайын сипаттайды. Кеңістіктік қатынастарды оқушылар объектілерді бір-біріне қатынасы бойынша олардың контурларын бөлу, олардың ерекшеліктерінің анализі арқылы орналастыру жолымен таниды.

Кеңістікте елестетудің ары қарай дамуы салу, өлшеу, есептеу сияқты әртүрлі дағдыларға ие болу үшін жағдайлар туғызады. Қашықтық, ұзындық, ендік сияқты кеңістік қасиеттерімен жұмыс істеуді қамтамасыз ететін метрикалық елестетулер қалыптасады. Осының негізінде жазық фигуралардың аудандарын, беттердің аудандары мен көлемдерін есептеуге берілген тапсырмаларды орындау, әртүрлі геометриялық формаларды заттық немесе графиктік модельдеу жолымен түрлендіру мүмкін бола бастайды.

Пішіндер, бағыттар және басқа кеңістіктік қатынастар мен байланыстар туралы елестетуді қамтитын кеңістікте елестетулер «елестету» үрдісінің, яғни бейнені қайта еске түсіру және олармен ойша жұмыс істеу үрдісінің нәтижесі болып табылады. Геометрияның дайындық курсы аяқтауда оқушылардың кеңістікте ойлауының қалыптасуы объектілердің қасиеттері мен қатынастарын бейнелеуді және бақылау, өлшеу, салу, есептеу сияқты

қарапайым амалдарды орындауды қамтитын кеңістік бейнелерін ойша құрай білу біліктілігімен сипатталуы керек.

Геометриялық материалды оқыту тиімді болуы үшін кеңістікте еместетуді дамытудың аталған ерекшеліктері негізінде геометрия курсы жаттығуларының түрлері мен оларды орындау әдістемесін жасау қажет. Мұндай жаттығуларды орындау геометрияның жүйелі курсына оқуға көшуді қамтамасыз етеді. Оқушылардың кеңістікте елестетуін қалыптастыруға арналған жаттығулар төмендегідей түрге бөлінеді: байқампаздыққа арналған, өлшеуге берілген, салуға берілген, есептеуге арналған, дәлелдеуге арналған жаттығулар[3]. Біз мақаламызда салуға берілген жаттығуларға тоқталамыз.

Салуға берілген жаттығулар кеңістікте елестетумен бірге логикалық ойлаудың дамуы үшін де тиімді. Олар бұрын оқылған материалды бекітуге және жаңа геометриялық фактыларды құруға мүмкіндік береді.

Салу есептерін шешу оқушылардың ойланпаздығының, интуициясының дамуына ықпал етеді. Геометриялық фигураларды салу есептерін орындауда 10-12 жастағы оқушылардың конструктивтік дағдылары қалыптасып, кеңістікте елестетулері неғұрлым толық және терең дамиды. Осындай есептерді шешу кезінде оқушылар геометриялық фигураны дәл елестетуге, оның элементтеріне ойша конструктивтік амалдар жүргізуге үйренеді. Салу есептері сызғыш, бұрыш, циркуль, транспортир сияқты сызу құралдарының көмегімен де және «құралдарсыз», яғни «сызбана бұғу» немесе «көзбен» орындалады. Сызу құралдарын пайдаланбай, яғни «қолмен» орындалатын салу есептері кеңістікте елестетудің дамуы үшін ерекше пайдалы, өйткені солардың көмегімен қозғалыс дәл жасалып, көзмөлшермен байқау қабілеті жақсарады.

Оқушылардың заттың пішінін, шамасын, орналасуын тануына көмектесетін фигуралардың сызбаларын, суреттерін, модельдерін орындауға берілетін тапсырмалардың маңыздылығын ескере отырып, салу есептерінің төмендегідей түрлерін ұсынуға болады:

- 1) Фигураны аяқтау немесе сызбаны қайта салу.
- 2) Берілген оське қатысты симметриялы фигураны салу. Симметриялы фигуралардың симметрия осін салу.
- 3) Берілген схемадағы шартқасәйкес өзара параллель немесе перпендикуляр қатыста болатын түзулер салу.
- 4) Кеңістік фигурасының жазбасын салу: а) берілгені бойынша; ә) берілген модельдің элементтерін өлшеу арқылы; б) сызба бойынша.
- 5) Кеңістік фигураларының қарқасты модельдерінде түсті сымдардың көмегімен қарапайым қималар салу. Алынған фигураларды қағазға көшіру, олардың аудандарын есептеу.

б) Фигураның берілген екі бейнесі (алдынан, үстінен) бойынша оның суретін салу.

Салу есептерінің аталған түрлерімен ғана шектелмей, оларды күрделендіруге болады. Есептердің бұл түрлерінен басқа оқушылардың кеңістікте елестетуінің дамуы үшін «ойда» (елесте) салу есептері маңызды орынға ие. Мысалы, сызбасын орындамай, кубтың табанына параллель қимасының түрін анықтау жәнет. б. Берілген сызбада көрсетілмеген сызықтарды қарастыру, оларды сызбада бар сызықтармен салыстыру талап етілетін тапсырмалар қызықты. Мұндай тапсырмаларды орындағанда оқушылар мұғалімнің жетекшілігімен математикалық сөйлемнің қатаңдығы мен дәлдігін меңгере отырып, талқылаулар жүргізуге үйренеді. Сондықтан, кеңістікте елестетудің дамуы мен қатар оқушылардың логикалық ойлауы да дамиды.

Салуға арналған жаттығуларға мысалдар келтірейік:


1.  $|AB| > |CE|$  орындалатындай АВ мен СЕ кесінділерін салу керек. Берілген

кесінділердің қосындысына тең МТ кесіндісін сал. Ұзын кесінділердің айырмасына тең болатын РК кесіндісін сал. АВ кесіндісін МТ мен РК кесінділерінің қосындысымен салыстыр, ал СЕ кесіндісін осы кесінділердің айырмасымен салыстыр.

2. Бұрыштың биссектрисасы және оның қабырғаларының біріне тиісті нүкте берілген. Екінші қабырғасын табуға болады ма?




3. А фигурасына  $l$  түзуіне қарағанда симметриялы фигураны сал. Симметриялы кесінділерді бір түспен жүргіз.



4. Доғал АОВ бұрышының ішіне ОС және ОЕ сәулелерін сәйкес АО мен ОВ-ға перпендикуляр болатындай етіп жүргізу керек. АОВ мен СОЕ бұрыштарын салыстыр. Осы бұрыштардың биссектрисаларын жүргіз. Не байқадың?

5. Кейбір кеңістік фигураларының модельдері суреттегідей орналастырылған. Осы фигуралардың үстінен және алдынан қарағандағы бейнелерін салу керек:



2-сурет

Оқушылардың кеңістікте елестетуін қалыптастыру және дамыту үшін жоғарыдағыдай жаттығуларды беруге болады. Сөйтіп, ұсынылған әдістеме оқушылардың геометриялық білімдері мен біліктілік сапасын жақсартуға септігін тигізеді, оқушыларды өмірге және қоғамдық еңбекке дайындау үшін қажетті геометриялық білімнің қолданбалы сипаттамасын толығырақ береді.

#### Әдебиеттер:

1. 2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан қ.: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020. – 384 б.
2. М.Ф.Артемов, В.А.Амосова, Э.Д.Мерзон. Сборник задач по пространственному представлению. Л.: Ленинградский институт, 1972. – С 112.
3. Ш.Г.Сагитова, Қ.Р.Тайболдина. Оқушылардың кеңістікте елестетуін қалыптастыру және дамытуға бағытталған жаттығу түрлері. «Жаңа заманға – озық технологиялар»: II Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы. «Новый век – новые технологии»: сборник материалов II Международной научно-практической конференции, Астана, 2017ж. – 120-124 беттер.

*А.А. Смагулова, Ә.Б. Мейрамқұлов*

ҚАЛАЛАРДЫҢ ЖОСПАРЛАУ ҚҰРЫЛЫМДАРЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ  
АСПЕКТІЛЕРІ

*<sup>1</sup>«Үшарал қазақ гимназиясы мектеп жасына дейінгі  
шағын орталығы бар» КММ  
[aisulu\\_islam2017@mail.ru](mailto:aisulu_islam2017@mail.ru)*

Қазіргі заманғы қалалардың кеңістіктіке қалыптасу мен дамуында негізгі рольді қаланың жоспарлау құрылымы - өндірістік, тұрғын үй, коммуналдық, көлік және басқа функционалдық бағыттардың орналасуы мен өзара байланысының үйлесімді дамуы болып отыр. Жоспарлы құрылымының дамуы қаланың әлеуметтік-экономикалық функцияларының күрделене түсуімен, оның тұрғындарының санының өсуімен, әр түрлі мақсаттағы салынған аудандардың көбеюімен және саралануымен байланысты.

Заманауи жағдайда қалалардың аудандары жылдам ұлғаюда, жоспарлы құрылымы көптеген өзгерістерге ұшырап отырған кезеңде, қоғамды алаңдатып отырған мәселелер, өндірістік және тұрғын аудандарды орналастыру, қаланың барлық даму кезеңдерінде оның тұтастығын сақтай отырып, олардың арасындағы тұрақты қарым-қатынаста ойластыра отыра тұрақты дамуды қамтамасыз ету, демалыс орындарына, ірі көліктік-коммуналдық шаруашылыққа арналған орындарды таңдау функционалдық аймақтарды мерзімінен бұрын түбегейлі қайта құруды қажет етпестен қаланың одан әрі өсу мүмкіндігін ескеру болып табылады.

Қалалардың пайда болуы мен өсуі өндірістік күштердің дамуымен, қоғамдық еңбек бөлінісінің тереңдеуімен және өндірістік қатынастар жағдайымен анықталады. Қазіргі заманғы қалалардың жоспарлау құрылымының қалыптасуы әлеуметтік-техникалық прогрестің тікелей әсерінен жүруде. Географиялық жағдайлар, экономиканың әртүрлілігі мен өзгергіштігі және қалалар мен функционалды аймақтардың физикалық-географиялық жағдайы маңызды рөл атқарады [1].

Қала құрылымының жоспарлы дамуында қала негізін қалыптастыратын табиғи-климаттық факторлардың тұтас кешеніне бағынады. Олардың негізгілері: рельеф, гидрографиялық жағдайлар (су қоймаларының конфигурациясы), климат (температура мен ылғалдылық режимі, жел), жоспарлау шектеулері (су басқан немесе толық өңделмеген аумақтар және т.б.). Қала құрылысы процесінде қала жоспарының ерекше нысаны (жоспарлау құрылымы) қалыптасады.


Қалалардың жоспарлы құрылысының өзгеруіне, қала ауданының кеңеюіне ықпал ететін факторларға халық санының жедел өсуі, қоғамдық өндірістің дамуы, ауыр индустриямен қоғамдық еңбек бөлінісінің сипатымен де байланысты. Сонымен қатар, өнеркәсіп әлі күнге дейін негізгі қала құраушы фактор болып табылады және қазіргі заманғы қалалардың жоспарлау құрылымына шешуші әсер етеді. Сонымен бірге ғылымды, менеджментті, кадрларды даярлауды және басқа да маңызды функцияларды қала құраушы рөлі артып келеді [2].

Қалалар желісінің көбеюі және қалалық өмір салтының таралуы, халықтың шоғырлануы және әр түрлі іс-әрекеттің күшеюінің себебі урбандалу процесі болып отыр. Урбандалу процесінде ірі көпфункционалды қалалар - өнеркәсіп, ғылым, басқару және мәдениет орталықтары ерекше маңызды рөл атқарып келуде. Дамыған әлеуметтік-демографиялық және кеңістіктік құрылымы бар бұл қалалар қоныстану жүйелерінің тірегіне айналуға [3]

Тақырыпты зерттеу барысында Алматы облысының қала халқы өсіп, қаланың жоспарындағы құрылымдық өзгерістері байқалып отырған Алматы, Талдықорған, Үшарал қалаларына кешенді салыстырмалы талдау жасалынды. Түрлі әдебиет көздерін талдау барысында қалаларды құрудың типтік әдістері сараланып қала құрудың ең негізгі төрт әдісі негізге алынды (сурет – 1) :

- 1) радиалды
- 2) радиалды-концентрлі;



- 3) сәуле (желдеткіш).
- 4) тор-желі, тіктөртбұрышты
- 5) комбинированная
- 6) еркін;



(сурет – 1 Қала құраушы типтік әдістер)

Алматы облысы бойынша зерттелуге алынған Үшарал, Талдықорған, Алматы қалаларының морфологиялық, климаттық ерекшеліктерін, қаланы қалыптастырушы факторлардың кешенді зерттей отыра талдаулар жасалды. Аталып отырған қалалар, жоғары берілген қала жоспарлау әдістерінің ішінде келесі сызбалар анықталды:


Жергілікті жағдайда қаламыздың көше құрылымын тор-желілік жоспарлы құрылымға жататындығын байқадық (сурет -2)



(сурет-2 Үшарал қаласының спутниктік картасы)

Қаланың негізгі жоспарлау элементтері: тұрғын және өнеркәсіптік аудандар, қалалық қызмет көрсету жүйесін құрайтын нысандар (әкімшілік-қоғамдық, мәдени-ағарту, емдеу-сауықтыру, спорт, сауда-тұрмыстық және бұқаралық демалыс) және оларды біріктіретін көшелер мен аяңдар желісі тор желілік тұрғыда жергілікті жердің морфологиялық ерекшелігін ескер отыра жасалынғаны байқалды.


Облыстағы қалалар морфологиялық ерекшеліктеріне қарай бір-бірінен үлкен ерекшелік жасайды.



(сурет – 3 Алматы қаласының жоспарлы құрылым картасы)

Зерттеу тақырыбына байланысты облыстағы жоғары урбандалған, миллионер Алматы қаласы құрылымдық жоспар ішінде сәулелі әдіс негізінде жобаланып жасалғанын анықтадық. Бұндай әдіс негізіне қала құрылымына әсер еткен фактор жер бедерінің ерекшелігінің ескерілгендігін сараладық [5].

Талдауға алынған Талдықорған қаласының құрылымдық ерекшелігі де ерекше көзге түсті, қаланың жоспары радиалды әдіс негізінде жобаланып іске асуда.



(сурет-4 Талдықорған қаласының жоспарлы құрылым картасы)

Жоспарлау құрылымын қалыптастыру кезінде сәулетшілер мен құрылысшылар үлкен қиындықтарға тап болады. Бұл қала салу үшін алаң таңдау кезінде, сондай-ақ өндірістік, тұрғын үй және басқа аймақтарды орналастыру кезінде ұзақ уақытқа аумақтарды дамытудың негізгі бағыттары әрдайым уақытылы анықталмайтындығымен, жеткілікті жер қорлары анықталмайтындығымен және оларды ұтымды пайдалану режимінің белгіленбейтіндігімен түсіндіріледі.

Кеңістікті ұйымдастыру схемаларын жасауға қатысатын мамандар көбінесе қалалық жер бедері, климаты, қала морфологиясы сияқты ең маңызды географиялық ерекшеліктермен тұжырымдармен айналысатындығын зерделедік [6].

Қазіргі қалалардың қарқынды дамуы қызмет көрсету мекемелерінің бүкіл желісін, әсіресе олардың қала жоспарында орналасуын дұрыс шешуді талап етеді. Бұл бірінші кезекте жалпы қалалық және аймақтық қызмет көрсету мекемелерінің жүйесіне қатысты,

өйткені бастауыш мекемелерді біркелкі орналастыруға кеңейтілген блоктар мен тұрғын аудандарын құру негізінде қол жеткізуге болады. Қаланың кеңістіктік құрылымы сервистік желінің одан әрі дамуына кедергі келтірмеуі, қаланы дамыту кезінде халыққа қызмет көрсетуді ұйымдастыруда қиындықтар туғызбауы қажет.

### Библиографиялық тізім

1. [https://studme.org/170336/stroitelstvo/planirovochnaya\\_struktura\\_goroda](https://studme.org/170336/stroitelstvo/planirovochnaya_struktura_goroda)
2. <https://www.bestreferat.ru/referat-323721.html>
3. <http://stroy-spravka.ru/article/planirovochnaya-struktura-naselennykh-mest>  
Планировочная структура населенных мест
4. [yandex.kz/maps](http://yandex.kz/maps) Үшарал қаласының спутниктік картасы
5. [Zakon.kz](http://Zakon.kz). «Управление и градостроительства города Алматы» институт  
«Алмагипрогор»
6. [yandex.kz/maps](http://yandex.kz/maps) Талдықорған қаласының спутниктік картасы

**Желдыбаева Б.С., Байказакова М.Қ., Құрманғазы Ф.Қ.**  
**ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗДІК**  
**ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ**

*«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ*  
*[baykazakovam@mail.ru](mailto:baykazakovam@mail.ru), [fl-701@mail.ru](mailto:fl-701@mail.ru)*

Бүгінгі әлем дамуының жаңа ұстанымдары білім беру жүйесінен күн сайынғы экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістерге мейлінше бейімделуді талап етеді. Қазіргі уақытта ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың заманауи талаптарға сай дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін уақытылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар білім беру талаптарына байланысты жаңартылып отырады. Сапалы терең білімді меңгеруге талпынған өскелең ұрпақтың жеткілікті дәрежеде сандық сауаттылығы бар, себебі олар өмір жағдайлары барысында жаңа технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдаланады. Сол мүмкіндіктерді нәтижелі қолдану мұғалімнің біліктілігіне, біліміне, тәжірибесіне байланысты.

Оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа формасының бірі – қашықтықтан оқыту технологиялары арқылы оқыту. Сонымен қашықтықтан оқыту дегеніміз не?

Қашықтықтан оқыту дегеніміз — мұғалім мен оқушы арасында қандай да қашықтықта интернет ресурстарының сүйемелдеуімен өтілетін оқытудың формасы, яғни интернет желілерінің көмегімен белгілі бір арақашықтықта оқыту.

ҚО ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық) және оффлайн (асинхрондық), және кең таралған үшінші түрі вебинар.

Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.

Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренинтер өткізу формасы.

- Қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін оқытушы оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізу ісін орындау шарт.

- Қашықтықтан оқыту тәсілімен оқытатын оқытушыларға және осы істе мүдделі басқа да адамдарға бірнеше талаптар қойылады:

- Оқытушы компьютермен жоғары дәрежеде сауатты жұмыс істей білуі қажет.  
- Қашықтықтан оқытудағы мақсаттары мен міндеттері, оның алдағы уақытта ақпараттық технология және коммуникация құралдарының негізінде дамуы туралы білуі қажет.

- Оқытушының ақпараттық құралдармен жұмыс істеуге іс жүзінде дағдылануы қажет.

- Оқытудың телекоммуникациялық құралдарын қолдану ісіне дағдылануын қалыптастыру, атап айтқанда: тұтынушылар арасында ақпараттар алмастыру және ақпараттық жүйелердегі ресурстарды пайдалануға дағдылануын қалыптастыруы қажет.

- Оқу үрдісін қашықтықтан оқыту шеңберінде жүргізу ісіне жан-жақты даярлау, қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша сабақ өткізу үрдісінде үйлестіруші болуы қажет.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша ұсынымдар мұғалімнің жұмысы мен оның оқушылармен және әріптестерімен онлайн түріндегі қарым-қатынасын дұрыс құруға көмектеседі. Үйден тиімді жұмыс істеу уақыт пен міндеттерді дұрыс бөлген кезде мүмкін болмақ. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктері қашықтықтан жұмыс істеуде уақытты дұрыс ұйымдастырудан бастап, жабдықты орнатуға дейінгі бірқатар қиындықтар болуы мүмкін. Егер ІТ-технологияларға және қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктеріне байланысты мәселелер дұрыс шешілсе, онда қашықтықтан жұмыс кедергілерсіз өтеді. Ол үшін:

1. Ноутбукті үйдегі Wi-Fi желісіне қосу.

2. Бейне кездесулерге арналған бағдарламаларды жүктеу. Мысалы, Zoom немесе басқа осыған ұқсастар.

3. Карантин уақыты үшін әр мектепте мәселелерді шешуге арналған мессенджерлердегі чаттар ұйымдастырылуы керек – міндетті түрде топтарға қосылыңыз.

4. Онлайн-күнтізбе бастаңыз және онда онлайн кездесулерді жоспарлаңыз. Бұл маңызды тармақтарды жіберіп алмауға көмектеседі.

Мұғалімдердің карантин кезіндегі жұмысы көптеген мәселелер мен сұрақтарды шешуден тұрады – бөлімшенің чатын құрып, сол жерде шешу орынды болады. Қарым-қатынас қағидаларын сақтауда маңызды. Атап айтқанда: бейне және аудио қоңыраулар кезінде микрофонның дыбысын өшіру керек; дыбысты қосу немесе жазу арқылы сұрақтарға жылдам жауап беру; қызметкерлермен тұрақты түрде жеке кездесулер ұйымдастыру; барлық сұрақтар мен оларды шешу жолдарын жазбаша түрде тіркеп, ақпараттың кімге арналғанына қарай қызметкерлердің, оқушылардың немесе ата-аналардың чатына не поштасына жіберу; мұғалім жұмыс күні ішінде әріптестерімен, оқушылармен және ата-аналармен байланыста болуы керек. Мұғалімдер өздерінің тиімді жұмысы күнделікті стандартты жұмыс форматында қолданатын құралдарына байланысты екенін есте ұстауы керек. Сондықтан тек қана өзіңіздің біліміңіз бен дағдыларыңызды қашықтықтан қолдансаңыз жетіп жатыр.

Үй жағдайында тиімді жұмыс істеу: негізгі қағидалар Қашықтан жұмыс істеу кезіндегі оқытушының негізгі міндеті – карантин кезеңінде қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру. Ол үшін уақытты дұрыс ұйымдастыру керек, сонда ғана үйде тиімді жұмыс жасай аласыз:

1. Үйреншікті жұмыс уақытын сақтаңыз.

2. Жұмыс кеңістігін ұйымдастырыңыз және оны тек жұмыс үшін пайдаланыңыз.

3. Үй ішімен әңгімелесіп, жұмыс барысындағы әрекеттер алгоритмін түсіндіріңіз.

4. Түскі ас пен жеңіл тамақ ішетін уақытты алдын ала анықтап, ас әзірлеп қойыңыз.

Сонда артықша уақыт жұмсамай, түскі ас кезінде жылытуға болады.

5. Сабақтар онлайн режимде өтетіндіктен, сыртқы келбетіңізді де ұмытпаған жөн.

Қашықтықтан оқытуда оқу процесін дұрыс ұйымдастыру жеке істерге уақыт табуға мүмкіндік береді. Мұғалімдер арасындағы ара-қатынастық байланысты сәтті құру және бірлесіп жұмыс істеу үшін төмендегі қағидаларды ұстану қажет:

1. Жұмыс күні 6 сағаттан кем болмауы керек, бұл уақытта мұғалімдер желіде болуы керек.
  2. Тілдесу үшін бейне қоңырауларды қолдану. Бұл туындаған мәселелерді жылдам шешуге көмектеседі.
  3. Көрнекі мысал үшін экранды қосыңыз және онлайн-конференцияларды өткізгеннен кейін барлық қатысушыларға толыққанды материал жіберіңіз.
  4. Жоспарлауды күн сайын бір уақытта жасаңыз.
- . Әр кездесудің аралық нәтижелерін жазыңыз және оларды барлық қызығушылық білдірген адамдарға жіберіңіз.

Негізінде қашықтықтан оқыту мектептерде Республика, облыс, қала және мектеп кеңістігінде кең қолданыс табуда. Мектеп көлемінде айтатын болсақ, «Интернет күнделікті» алуға болады. Бұл жаңашылдық екі – үш жыл көлемінде өз жұмысын атқарып келуде. Бұл инновациялық әдіс арқылы ата – аналар балаларының білім үлгірімін, ал оқушылар үй жұмысын уақытында біліп отырады. Мұндай әдіс арқылы мектеп пен ата – аналар қауымы арасындағы байланыстың одан сайын нығаюына үлкен септігін береді. Қашықтан оқытуға деген жаңа қызығушылық телекоммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы, ғаламдық ақпараттық желінің пайда болуы аясында туындаған. Жаңа режимде жұмыс істеу педагогтер үшін де, балалар үшін де оңай шаруа емес, біраз күш-қуатты талап етеді. Бұл – отандық білім беру жүйесі үшін үлкен күш. Педагогикалық қоғамдастық сабақтан тыс жерде оқытушы мен оқушы арасындағы жедел әрекеттестік құралы ретінде осы жоғары жылдамдықты байланыс желілеріне үлкен үміт артып отырмын.

Қашықтықтан білім беру саласында жұмыс істейтін “Bilimland”, “Daryn.online”, “Күнделік”, “Univer”, “Zoom”, “U-study” бағдарламалар ұсынылды. Мұғалім ретінде барлық бағдарламаларға талдау жүргіздім және ыңғайлы, қолайлы болғаны “EDUS” бағдарламасы. Өзімнің жеке жұмыс жасап үйренуіме ұтымды – “Bilimland” бағдарламасы.

Мектеп оқушыларына қарағанда, ата-аналар қашықтан оқытудың сапасына алаңдаулы. Мұғалім WhatsApp желісінде тапсырмаларды және үй жұмысын жіберіп отырады. Балалар “EDUS” бағдарламасын ашып, мұғалімдердің жаңа тақырып жайлы жоспарлары мен пікірін және жіберген бейнебаяндарын көре алады. Сонымен қатар оқытушыларымыз бен білім алушыларымыздың арасындағы байланыс әр түрлі мессенджерлер арқылы жүзеге асырылуда. Атап айтатын болсам: Zoom, Microsoft Teams, Google Classroom, Skype, электронды пошталар білім берудің мүмкіндіктерін арттырды.

Аталған бағдарламада (демонстрация экраны) деген батырманы бассаңыз, барлық көрнекілік құралдарыңызбен, презентация, сызба, оқу құралдарын, сонымен қатар сұрақ-жауап алмасып, видеобейнеңізді запись арқылы сақтап алуға мүмкіншілігіңіз бар.

Оқушылар тек тапсырмаларды ғана емес, бейнежазбаларға сілтемені де қоса алады. Ал оқушылар үй тапсырмасын бұрынғы әдетпен дәптерге жазады. Жасаған жұмысын суретке түсіреді де, электронды пошта немесе WhatsApp желісі арқылы жібереді. Бұл тапсырма қағаздарын ата-анасы баласына түсіндіруге көмектесу үшін басып шығаруға да болады.

Әрбір жаңа дүниенің тиімді және тиімсіз тұстары болады. Қиын кезең кемел адамдарды қалыптастырады. Қашықтықтан оқытуда оқушылардың кең ауқымда жауап беруіне мүмкіндік аз болып тұр. Берілген тапсырманы сыныптағыдай жан-жақты талқылап, сын пікір айтып, ойын жеткілікті деңгейде ашуда қиындық туындап отыр. Алайда, қашықтықтан оқыту – мектеп үшін де тиімді жүйе, ол барлық мұғалімдерге қолайлы. Қашықтықтан оқыту – оқушыдан қашықтықта болу деген емес, оқушыға бұрынғыдан да қатты жақындау. Оқушыға барынша түсінікті болатындай етіп жағдай жасау. Тек бұл жүйеде жақсы жұмыс істеу үшін ғаламтордың озық қосымшасы болу

кажет. Алғашқы сабақтан бастап оқушылардың талпынысы, ынтасы одан сайын шабытымызға шабыт қосты, қанаттандырды. Әр сабақта бұрынғыдан бетер жауапкершілікпен дайындалып, үлкен ізденіс үстіндеміз. Түрлі білім порталдары арқылы да дайындығымызды пысықтап, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын одан әрі дамыта алдық деп ойлаймын. Оны оқушылардың жасаған кері байланысынан-ақ байқауға болады. Қашықтықтан оқу арқылы біз сақтық шараларын жасап қана қоймай, сонымен қатар өз шеберлігімізді де арттырып жатырмыз.

Ұлт ұстазы, өткен ғасырдағы қазақ руханиятының көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлы: "Мектептің жаны - мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі сондай болмақшы, яғни мұғалім білімді болса, "ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы. Солай болған соң, ең әдемі, мектепке керегі - білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін "мұғалім" депті. Арада бір ғасыр өтсе де, Алаш арысының бұл сөзі өз қадірін жоғалтқан жоқ. Отанымыздағы барша балаға қашықтықтан білім беріп, тәрбие тағылымын дарытып келе жатқан мыңдаған мұғалім қауымына қажырлы еңбектеріңіз жана берсін дегіміз келеді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы: АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.

Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет.38-39 бет. 118-119 бет. 460-461 бет).

**М.А.Каукунова,**

**ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ РЕСУРСТАРЫН ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН  
МЕКТЕПТЕРДЕ ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА ПАЙДАЛАНУ**

*"Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті" ҚеАҚ*

[kaukenova\\_mariya@mail.ru](mailto:kaukenova_mariya@mail.ru)

Аннотация

Қазіргі білім саласы уақытпен бірге жүруге тырысады. Педагогикалық қызметтегі дәстүрлі емес формалардың алуан түрлілігімен жаңашылдығы күннен күнге өзгеруде. Оқушылар интернетті жоғары буыннан қарағанда ерте игеріп, қолдануда. Бұл үрдісті мұғалімнің реттеуіне және интернет ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік берген қашықтық оқыту. Бұл оқыту технологиясы мұғалімнің педагогикалық тәжірибесін кеңейтуге, оқушылардың өздігімен білім алуына мүмкіндік берді.

Кілтті сөздер

Қашықтық оқыту, ақпараттық технологиялар, өзіндік білім алу, өзіндік даму.

Қазіргі таңда барлық сала алдыға қарай жылжып бара жатқан сағат секілді, қоғамда қарқынды өзгерістерді көрсетеді. Күнделікті жаңа әдебиеттер шығарылып, ақпараттың көлемінің ұлғайып, жаңа гаджеттердің шығып жатуы қарапайым оқушы өміріне де енуде. Осыған орай қазіргі заманғы жағдайда мектептің негізгі міндеті - әлем өзгерісіне сай болу және оқушыларды білімдерін шығармашылық өңдеу, ашық шығармашылық міндеттерді шешуге үйрету болып табылады.

Әлемдік пандемия жағдайына байланысты, мектептер қашықтықтан оқыту форматына көшірілді. Мұғалімдер қашықтықтан оқытудың әр түрлі формалары, құралдары мен әдістерін қолдана бастағандықтан, оқытудың бұл түріне деген сұраныстың артқандығын көруге болады. Қазіргі уақытта заманауи қоғам ақпараттандыру үрдісімен үздіксіз байланыста. Соған орай қазіргі уақытта ақпараттық технологияларды пайдалана



отырып, оқу процесін қызықты да, танымды етіп ұйымдастыруға мүмкіндік беріп отыр. Ақпараттық технологиялар мен компьютерлік желілер көмегімен жаңа білімдерді игеруге мүмкіндігі кеңейтілуде. Бұл технологияны қолданудың ең маңызды факторларының бірі және оның негізгі қозғаушы күші - адам. Сол себепті адамның, оқушының шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту үшін қажетті жағдайлар жасалуы қажет. Білім саласында қазіргі таңда инновациялық оқыту үлкен қолданысқа ие. Инновация – бұл жаңалықтардың таралуы және құрылуы. Әрине, оқытудың қандай да бір жаңа технологиясына көшу үшін ұзақ уақыт керек. Компьютерлік технология білім ортасына ене отырып, оқыту процесін жақсарту үшін құралдар мен әдістерді қолдануға әкеледі. Жалпы білім беру саласында қашықтан оқыту мүмкіндіктері үкімет тарапынан қолдау тауып жатыр. Осы технологияны пайдалану ауылдық жерлерді де жылдам ақпараттандыруға көмектесуде. Оқыту үрдісінде пайдаланылатын жаңа әдістердің бірі қашықтан оқыту әдісі болып табылады [1].

**Қашықтан оқыту технологиясы** – оқу үрдісі кезінде оқып үйренушілер мен оқытушылар арасында интерактивті өзара іс-әрекетте оқытылып, материалдың негізгі көлемін оқып үйренушілерге жеткізуді қамтамасыз ететін, оқылған материалдарды меңгеру бойынша, сонымен бірге оқу үрдісі барысындағы оқып үйренушілердің өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін ақпараттық технология. Қашықтан оқыту – компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларға негізделген оқытудың құралдары мен түрлері, білім беру үрдісінде үздік дәстүрлі және инновациялық әдістер қолданылатын, синхронды және асинхронды оқыту ретінде білімді қабылдау түрі болып табылады.

Қашықтықтан оқыту барысында мұғалімнің біліктілігі көтеріледі, оқушы өздігімен білім алуға дағдыланып, ата-аналардың жаңа технологияларға деген көзқарастарын өзгертуге үйренеді. Қашықтан оқытудағы мұғалімдердің біліктілігін көтерудегі артықшылықтары:

- экономикалық, оқытуға кететін жалпы шығыны 40% кемиді;
- коммерциалық, қашықтан оқыту, технологиясы және оны қолдану болып табылады, оған деген сұраныс күннен-күнге өсуде;
- педагогикалық, оқыту мотивациялық, интерактивті, технологиялы және индивидуалды болып келеді;
- эргономикалық, қашықтан тыңдаушылар және мұғалімдер айналысуға өзіне ыңғайлы уақыттың кестесін қоюға мүмкіндігі бар;
- коммуникативті, электронды желілері арқылы байланысатын педагогтардың, тыңдаушылардың мамандықтар саны көбеюде [2].

Қазіргі заманда білім жүйесінің заман талабына, уақыттың сұранысына қарай дамуы, әрбір педагогтан сабақты зерттеушілік формасында жасауын талап етеді. Сабақты зерттеушілік формада жүргізу арқылы оқушылардың сабаққа деген ынтасы жоғарылайды, өздігімен мәселенің жауабын табуға тырысады. Мұғалімнің коммуникативті дамуы: оқушыларды тыңдау, олардың көзқарасын түсіне білу, сын жасай білу, әңгіме ұйымдастыра білу керек. Әрбір мұғалімнің бойында шартты рефлексиялық қасиеттер қалыптасуы керек: балаларды оқытуды өзінің тәсілін жұмысында қолданып, қиын жағдайларда шешімін тауып, шыға білу керек.

Жаңа технологияны қолдану мұғалімдерге дайындық жұмыстарына көп уақытты керек етеді. Әрбір мұғалімнен ізденуді, шығармашылық жұмыс жасауды, алыс – жақын шетелдердің озық тәжірибелерімен танысуды және оның күнделікті өмірде қолдануды қажет етеді. Жалпы білім беру ісі жөнінен басқа озық елдердің тәжірибесін зер салып отыру, өзінің білімін жоғарылату, жаңашылдық, озат тәжірибе, компьютерлік коммуникацияны үйрену – әрбір пән мұғалімінің кәсіптік міндеті, қажетті парызы. Қаншалықты барлық құралдар жеткілікті болғанымен, пән мұғалімінің білімі төмен болса, оқушылардың телекоммуникация жөніндегі білімі төмендеп, болашақта Қазақстандағы телекоммуникациялық органның дамуына әсерін тигізеді.

Оқушылар қашықтан оқу арқылы өз білімдерін жетілдіре алады және ақпарат жүйлерін пайдалану мүмкіндігі артады. Мысалы керекті әдебиеттер мен оқу кітаптарын іздеу, бақылау және тестік тапсырмаларды орындау, лабораториялық жұмыстар, дайын баяндамалар, қашықтан олимпиадаға қатысу оқушының шығармашылық потенциалының дамуына әсер етеді. Әр елде, қалада орналасқан оқушылардың қашықтан оқытуға қатысуы шығармашылық бірігу және жарысу эффектісін береді. WEB – беттер жасауда оқушылар өздерінің жұмысын желіден көріп оқушы ғылыми, суретші немесе басқа шығармалардың авторлары болады. Өзінің жұмыстарын жақсы, қызықты етіп көрсету үшін олар гипермәтіндермен, графикамен, дыбыстармен жұмыс істейді [3].

Алайда қашықтан оқыту біздің елімізде кең таралуы жайлы айту әлі ертерек, толыққанды қашықтан оқыту туралы айту үшін оқу орындарында және оқушының үйінде де жақсы техникалық және программалық құралдар болуы тиіс. Оның үстіне байланыстың сапасы жоғары болуы тиіс, бізде ол жағы әлі әлсіздеу. Қашықтан оқыту процесінің кемшіліктері бар, нормативті-құқықтандыру, экономикалық және финанстық сұрақтар, Интернет бағасының жоғарлығы. Бұл проблеманы шешу үшін, мынадай ұсыныстар бар:

- кабинеттер компьютерлермен толық қамтамасыз етілуі керек;
- қашықтан оқыту курстары және бағдарламалары болу керек, оқытудың әдіс – тәсілін жасау, жобалау, арнайы курстар, үйірмелер ашу;
- қашықтан оқытудың өмірде жиі пайдалану, пайдаланудың тиімді әдістерін ойлап табу;
- алыс-жақын шет елдердегі қашықтан оқытудың іс-тәжірибесін оқып-үйрену;
- қашықтан оқытуда оқушының білім сапасын бағалаудың жаңа критерийін жасау;
- ақпаратты-техникалық жабдықтау қызметі қашықтан оқытудың программалық, ақпараттық және техникалық құралдарын дайындау;
- мультимедиялық бағдарламалармен жабдықталуы керек [4].

Қашықтықтан оқыту технологияларының артықшылықтары мен кемшіліктерін ескере отырып, елімізде қашықтықтан оқыту үшін қолданылатын ақпараттық платформалар саны өте көп. Қашықтық режимде география сабағын ұйымдастыру үшін мен төмендегі ақпараттық білім платформалары мен сервистерін пайдаланамын:

Zoom – бейнеконференциялар ұйымдастыру үшін, тақырыпты түсіндіру не оқушылармен тікелей байланыс жасау үшін.

Online TestPad – тест сұрақтарын құрастыру үшін;

Күнделік кз - журналда оқушыларға баға қою үшін және оқушыларға арналған тапсырмалар мен қажетті ақпараттарды енгізу үшін, бейнесабақтарға сілтеме жасау үшін;

Bilimland - оқушыларға тақырыптар бойынша материалдар, бейнебаяндар мен ҰБТ-ға дайындық тесті ретінде;

Күнделік кз, электрондық пошта – оқушылармен кері байланыс жасау үшін.

Қашықтық технологияның негізгі сипаты ізденіс, ақпаратты түсіндірудегі мәселелерді шешудегі эвристикалық әдістер, сонымен қатар, оқушыларға танымдық тапсырмаларды шешу кезінде қолданылатын зерттеушілік әдістер және т.б.

Қазіргі жағдайда негізгі методикалық бағдар - тақырыптағы басты нәрсені анықтау

География сабағы бойынша қашықтық технологияларды қолдана отырып, қашықтық тапсырмаларды ұйымдастырудың жалпы алгоритмі:

- Теориялық блок ( өткізу формалары - дәріс, бейнедәріс, интерактивті презентация және т.б.) жоғары сыныптарға Zoom платформасы; 5-6 классов - Zoom және оқушының тікелей әр оқушымен электрондық пошта арқылы кері байланыс орнатуы;

- Жаттықтыру тапсырмалары блогы (өткізу формасы әр түрлі- тесттер, практикалық тапсырмалар, кескін картамен жұмыс, атласпен жұмыс және т.б.). Негізгі принципі - оқушы қай тапсырманы дұрыс, қайсысы дұрыс емес және не себепті екенін өзі көре алады және өзіндік талдау жасауды үйрене алады. Ол үшін сондай қашықтық платформалары пайдаланылады: OnlineTestPad; Bilimland

- Бақылау және журналға баға қою блогы. Негізгі принцип – оқушылардың сабақ бойынша қатысу деңгейдерін сай бағалануы, келесі сабаққа және БЖБ мен ТЖБ-ға мұқият дайындалуында. Бағалану үшін Күнделік кз платформасы пайдаланылады. Оқушы және ата-ана күнделікті қалыптастырушы бағалау арқылы оқушының қай тақырыпты қаншалықты деңгейде меңгергенін қадағалай алады.

Үшінші блоктағы мәселелер бойынша ата-ана не оқушыда туындаған сұрақтар не мәселелер бойынша әлеуметтік желілер WhatsApp, Вконтакте немесе электрондық пошта көмекке келеді. Оқушы мұғаліммен тікелей байланыс жасай отырып, түсінбеген тақырыптары мен сұрақтарына жауап ала алады.

География сабағындағы кейс технологиясы оқу-әдістемелік материалдардың мультимедиялық және аудиовизуалдық, мәтіндік жиынтықтарын қолдануға негізделген. Онда оқушылар оқу пәні бойынша өздігімен оқуға дағдыланып, қажетті ақпаратты алуға үйрене алады.

Географияны оқыту кезінде оқушының қызығушылығын, оқуға деген ынтасын арттыруда оқушының нақты практикалық тапсырмаларын орындау үшін интернет ресурстарын пайдаланған тиімді. Интерактивті модульдерді құрастыру порталы - LearningApps оқушы мен мұғалім үшін тиімді интерактивті онлайн тақта - Miro. Obsproject – презентацияны дыбыстауға арналған онлайн-сабақты жазу сервисі.

География бойынша оқушылардың пратикалық дағдыларын қалыптастырудың шексіз мүмкіндігі картамен жұмыс жасауда. Қазіргі таңда электрондық карталарды қолдану туралы айту өзекті. Олардың көмегімен маршрутты тұрғызу, географиялық координаттарды анықтау, картадағы географиялық нысандардың орналасуы бойынша практикалық тапсырмаларды орындауға болады. Бұл оқушылардың электрондық кортографиялық ресурстармен жұмыс жасау дағдыларын дамытады.

Оқыту процесінде ойын технологияларын - геймификацияны пайдалану да қашықтық оқытуда өзекті. Қазіргі оқушылардың бос уақыттарын виртуальдық ойындарда өткізетіні белгілі. Сондықтан география бойынша оқушылардың білім алуға деген ынтасын жоғарылатуда ойын элементтері қолданылатын интернет ресурстарын пайдалану тиімді. Seterra, geo.koltygin, geo-quiz– географиялық номенклатураны бекітуге, география бойынша тақырыптық викторина сұрақтарын құрастыруға мүмкіндік беретін интернет-ресурстары. Flippity, Kahoot – интеркативті ойын тапсырмаларын құрастыру сервисі. Learnis – квест түріндегі интерактивті ойын тапсырмаларын құрастыруға мүмкіндік береді [5].

Қазіргі таңда біз қашықтық оқытудың енді қалыптасып келе жатқанын түсінеміз. Бір жағынан қашықтық оқыту - өздігімен оқу принципіне негізделген жаңа оқу процесі, ақпарттық технологияны қолдану арқылы оқытылатын жаңа саты. Екінші жағынан оқушымен деген тікелей байланысты алмастыра алмайтыны анық. Дәстүрлі сабақтағы оқушылардың әр қимылы тақырыпты қалай түсініп жатқанын, қай тапсырмада қиналып отырғанын көруге мүмкіндік береді, ал қашықтық оқыту барысында нақты алгоритмге сай жүргізілу қажет. Сол себепті әр оқушыны бақылауға мүмкіндік болмайды. Қашықтық оқыту оқушыдан ұйымдастырушылық пен жинақылықты талап етеді. Өзіндік жетілу үшін шығармашылық, жауапкершілік қажет. Алайда барлық оқушының әр түрлі екенін де ескеру қажет.

Сонымен қашықтық оқытудың өз артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Алайда бұл оқыту технологиясы оқытудың жаңа бағытын ашуда. Бастауыш сыныптан бастап қашықтық оқыту технологияларын пайдалануды қалптастыру қажет, сонда ғана оқушы өзіндік білім алуға дағдылана бастайды. Мұғалімдер мен оқушылардың еріксіз бұл технологияға көшуі оқыту барысында, мұғалім тәжірибесінде үлкен септігін тигізеді. Олар компьютерлік технологияны, интернет ресурстарды игере отырып, өздерінің педагогикалық тәжірибелерін кеңейтеді.

**Пайдаланылган әдебиеттер**

1. Вербицкий А.А. Цифровое обучение: проблемы, риски и перспективы / А.А. Вербицкий // Электронный научно-публицистический журнал "HomoCyberus". - 2019. - №1(6). [Электрондық ресурс] - Кіру достуы: [http://journal.homocyberus.ru/Verbitskiy\\_AA\\_1\\_2019](http://journal.homocyberus.ru/Verbitskiy_AA_1_2019), свободный. - Загл. с экрана.
2. Методика дистанционного обучения: учеб.пособие для вузов / М.Е.Вайндорф-Сысоева, Т.С.Грязнова, В.А.Шитова: под общ.ред. М.Е. Вайндорф-Сысоевой.-М.: Издательство Юрайт, 2017.-194 с.-Серия:Образовательный процесс
3. Вознесенская Е. В. Дистанционное обучение – история развития и современные тенденции в образовательном пространстве // Наука и школа. 2017. № 1. С. 115–123.
4. Шабанов А. Г. Дистанционное обучение в условиях непрерывного образования: проблемы и перспективы развития. М., 2009. 284 с.
5. Омарова С. К. Современные тенденции образования в эпоху цифровизации // Педагогика. Вопросы теории и практики. 2018. № 1 (9). С. 78–83.

***В.И. Федив, Е.И. Олар, Т.В. Бирюкова, О.Ю. Микитюк***  
**МЕТОДЫ МАТЕМАТИЧЕСКОГО МОДЕЛИРОВАНИЯ КАК ВАЖНАЯ**  
**СОСТАВЛЯЮЩАЯ ТЕОРЕТИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ**  
**СТУДЕНТА-МЕДИКА**

*Высшее государственное учебное заведение Украины «Буковинский государственный медицинский университет», г. Черновцы*  
*[vfediv@ukr.net](mailto:vfediv@ukr.net)*

Подготовка квалифицированного медицинского работника, имеющего широкий кругозор и большой багаж общих и специальных знаний, несмотря на значительный научно-технический прогресс и информатизацию в здравоохранении и повседневной жизни, сегодня остается достаточно сложной и ответственной задачей. Трудности при подготовке в области фундаментальных дисциплин возникают, в основном, за счет низкого базового уровня подготовки абитуриента и уменьшения объема учебных часов соответствующих дисциплин. Но реалии и сложные вызовы системы здравоохранения, независимо от территориального положения государств показывают, насколько важными в системе образования будущего медика являются, например, методы математического моделирования.

Математическое моделирование - это важный инструмент теоретической медицины. Упрощенная относительно реальной системы математическая модель позволяет получить временные зависимости, с помощью которых можно прогнозировать поведение исследуемой системы, предвидя пути развития соответствующих процессов.

Цель работы – освещение важности изучения направлений математического моделирования в медицине в условиях реформирования высшего медицинского образования.

Сложность, многофакторность и разнообразие медицинских задач диктует необходимость задействовать при моделировании живых объектов и процессов в биологических средах практически все области математики, а моделирование технических устройств для медицинской практики – это важный элемент математического моделирования в составе физических и компьютерных наук. Сегодня математические модели успешно применяются в биореологических исследованиях; исследованиях сердечно-сосудистых заболеваний; клинических схемах и тестах; анализе данных; разработке лекарственных средств; эпидемиологии; генетике; иммунологии; микробиологии и вирусологии; неврологии; онкологии; визуализации и обработке изображений; приборостроении и т.д.

К сожалению, нет единой теории для изучения математического моделирования, есть только несколько руководящих принципов, которыми следует руководствоваться при решении специальных профессиональных задач. Качества исследователя, необходимые для построения формальной математической модели, включают в себя хорошую интуицию, способность к абстрактному мышлению, знания диапазона применения моделей, некоторые возможности манипулирования математическим аппаратом, способность критически оценивать модели и др. Важно понимание различий между статистическим анализом и математическим моделированием. Формальные подходы рассматривают ряд условий и включают спецификацию ошибок. Это своего рода информационное оценивание, в то время как статистический инструмент использует вполне определенный математический аппарат. В свою очередь новые математические модели и их использование порождает оценочные задачи и статистические вопросы.

Готов к такому виду работы студент медицинского вуза?

С элементами математического моделирования студенты медицинских специальностей («медицина», «стоматология», «фармация, промышленная фармация» и др.) знакомятся в курсах медицинской и биологической физики, высшей математики и статистики, биологической физики с физическими методами анализа, медицинской информатики, информационных технологий в фармации, но не имеют возможности полноценно получить навыки исследования при помощи методов математического моделирования. Это связано с недостаточным объемом учебных часов, а также отсутствием профессиональных знаний у студентов 1-2 курса и усложняет понимание сферы применения этих методов. Кроме того, студенты 5-6 курса практически не интересуются подходами теоретической медицины и потеряв уровень базовой подготовки по математике, не обращаются в своей профессиональной деятельности к задачам математического моделирования. Поэтому сформировать у студента медицинского вуза понимание важности усвоения таких тем является крайне сложной задачей.

На сегодняшний день, система высшего медицинского образования предусматривает возможность изучения методов математического моделирования будущими медицинскими специалистами только в пределах элективных курсов. Однако возникает вопрос: учитывая уровень подготовки студентов по фундаментальным дисциплинам, какова вероятность того, что нужный процент студентов выберет данный курс для изучения? К сожалению, по-нашему мнению, он окажется критически низким.

На данном этапе, при изучении математического моделирования в медицине студентами всех направлений обучения, как основной пример, рассматриваются фармакокинетические модели. Для каждого из направлений предусмотрены конкретные акценты, однако обобщив их, можно выделить следующее: изучение изменения концентрации лекарственного препарата в биологических жидкостях организма, в зависимости от способов их введения является основополагающим для:

- фармакологии - позволяет понять связь "доза-ответ" и играет жизненно важную роль в определении необходимого уровня дозирования и временного интервала между дозами для конкретного препарата и конкретного пациента и оценить ориентировочное время полного выведения препарата;

- токсикологии - позволяет оценить начальную концентрацию веществ при данном способе введения по их остаткам в биологических жидкостях организма на текущий момент времени;

- фармацевтической химии - анализ кинетики процесса, определение типа вещества, путем анализа кинетики процесса, определение периода полувыведения и др.

Однако, именно сейчас пришло время уделить методам моделирования в эпидемиологии большее внимание при подготовке студента-медика.

Методы математического моделирования в эпидемиологии сегодня рассматриваются в рамках темы «Аналитические и экспериментальные методы в эпидемиологических исследованиях» согласно учебных программ по курсу

«Эпидемиология». Очевидно раскрытие вопроса ограничивается на лекции фразой «... процессы распространения эпидемии можно описать эпидемиологической кривой ..». Хотя маловероятно рассмотрение вопросов почему она выглядит именно так, какая закономерность ее описывает, как она изменяется при изменении начальных условий, как можно прогнозировать те или иные исходы и др.

На фоне распространения в мире пандемии COVID-19 стало понятно, насколько важным является понимание математических закономерностей, по которым распространяется инфекция и возможности людей влиять на начальные условия процесса с целью недопущения роста скорости ее распространения. Насколько важно замедлить процесс распространения инфекции, чтобы не истощать ресурсы практического здравоохранения. Десятки стран продемонстрировали экспоненциальные темпы роста количества больных, что целиком подчиняется моделям эпидпроцесса. Прогнозирование пика заболеваемости оказалось для большинства стран сложной задачей, поскольку известной оказалась официальная статистика, а не истинное количество заболевших. Наилучшие результаты борьбы с распространением эпидемии показали страны, которые имели наиболее точные данные по количеству заболевших, это в свою очередь позволило максимально снизить количество инфицированных. Сейчас также актуальным является создание моделей выхода из карантина, введенного и продленного во многих странах в связи с пандемией. Проводится оценка смертности населения в случае постепенного восстановления работы менее рискованных отраслей. Предлагается при моделировании учитывать разделение по возрастным категориям и группам риска для безопасности граждан, привлеченных к экономической деятельности.

В связи с этим следует отметить, что применение математических методов в медицине как никогда актуального. Результат научно-исследовательских поисков в моделировании эпидемий и пандемий не только архиважный для медицинской отрасли, но и для всего человечества в целом. Поэтому роль математики в биологии и медицине прогнозируемо будет расти.

Следовательно, знание закономерностей и их прогнозирования приобретает новый смысл в современных реалиях. Именно сейчас необходимо пересмотреть подходы в подготовке специалистов в системе медицинского образования. В рамках теоретической подготовки по освоению использования методов математического моделирования в направлении разработки необходимых практических навыков необходимо увеличение количество учебных часов для их освоения.

#### Библиографический список

*P. Venkatesan* Mathematical modelling in medical sciences. Biomedicine; 1993(2) - P. 15 – 18.

Епідеміологія. Примірна програма навчальної дисципліни. Київ. 2017. – 20 с.

*Олар О.І.* Математичне моделювання в історії медичної науки // Матеріали науково-практичної інтернет-конференції «Розвиток природничих наук як основа новітніх досягнень у медицині» м. Чернівці, 27 листопада 2019 р. Чернівці: БДМУ, 2019. С. 264-265.

*Товстюк Н.К., Середюк Б.О., Микитюк О.Ю.* Особливості математичного моделювання у медицині // Матеріали науково-практичної інтернет-конференції «Розвиток природничих наук як основа новітніх досягнень у медицині» м. Чернівці, 27 листопада 2019 р. Чернівці: БДМУ, 2019. С. 165-169.

*Федів В. І., Микитюк О. Ю., Олар О. І.* Проблеми формування компетентностей студента медуніверситету в умовах низького базового рівня знань з фізики і математики. Сучасні концепції викладання природничих дисциплін в медичних освітніх закладах (біологія, фізика, хімія, педагогіка, психологія): Матеріали X Міжрегіональної науково-методичної інтернет-конференції, 5–6 грудня 2017 р. Харків: МіФ, 2017. С. 141-143.

*Федів В. І., Микитюк О. Ю., Олар О. І., Бірюкова Т.В.* Вивчення фізики і математики в середній школі як передумова успішного опанування професії лікаря. Гірська школа українських Карпат. 2018, № 19. - С. 62-65.

***А.К.Сапакова, К.К.Кабдулкаримова, М.К.Садуова***  
МЕКТЕП КУРСЫНДА ХИМИЯНЫ ОҚЫТУДА ГЕОГРАФИЯМЕН ПӘНАРАЛЫҚ  
БАЙЛАНЫСТЫ ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ  
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ  
*molya\_9010@mail.ru*

**Аннотация:** химия және география пәндерінің пәнаралық байланысы және оны қашықтан білім беру жағдайында сабақта жүзеге асырылуы мен ортақ ұғымдар мазмұны қарастырылды

**Кілт сөздер:** пәнаралық байланыс, химия, география, функционалдық сауаттылық, қашықтан білім беру

Қазіргі таңда білім беру жүйесі барлық пәндерді өзара байланыстыра, кіріктіре, сабақтастыра отырып оқыту арқылы білім беріп, оқушыларды шығармашылық іс-әрекетке үйрету, жекебас дербестігін дамыту, оқушы бойына жауапкершілік, орнықтылық қалыптастыру мәселелерін шешу мақсатын көздеп отыр. Пәнаралық байланыс функционалдық сауаттылықты ұйымдастыру, жеке пәндер мазмұнының, мәтіннің бір-бірімен өзара толықтыруын қамтамасыз ететіндей белгілі бір жүйелілікті керек етеді [1].

Жалпы әлемнің тұтастығын, оның құбылыстарының күрделілігі мен қарама-қайшылығын оқушылар мектеп пәндерімен танысқан кезде бірте-бірте сезіне бастайды. Алайда, бұл білімдерді синтез жасамаған жағдайда бөлек-бөлек болып қала береді. Жүйелі білімдерді қалыптастыру, дүниетанымдық идеяларды түсіну үшін пәнаралық байланыстарды орнату маңызды. Пәнаралық байланыстар пәндерге ортақ фактілер, түсініктер, идеялар, іскерліктер мен дағдыларға орай қалыптастырылуы қажет. Сондай - ақ пәнаралық байланыстар әмбебаптық сипатта болады. Өйткені олардың қызметі мен ықпалы барлық пәндерге жалпы, ортақ болып келеді. Пәнаралық байланысты жүзеге асыру күрделі, өйткені, бұл мұғалімнің тек өзінің ғана пәнін білуді ғана емес, сондай-ақ, жалпы пәнаралық байланыстар орнатылатын пәндерден хабардар болуды талап етеді [2].

Пәнаралық интеграция ғылым мен тәжірибенің кірігу үрдісін бейнелейді. Латынша «интеграция» деген сөз «тұтас, толықтыру, бөлімдерді біріктіру, өзара бірлесіп әрекет жасау» деген мағынаны білдіреді. Оқу бағдарламасында өзара байланыстылық элементтері орын алады. Демек оқу пәндерін кіріктіру пәнаралық байланысты қалыптастыру, дамыту болып саналады. Мысалы, жаратылыстану ғылыми бағыттағы пәндері өзара мазмұндық байланысты. Бұл тұста ескеретін мәселе оқу пәндерінің мазмұнындағы интеграция жеке пәнінің және пәндер жүйесінің логикалық тұтастығын бұзбау керек және оқушылардың ақыл-ойын, ынта-ықыласын, іскерлігі мен дағдысын дамытатындай болып құрылады [3].

Оқу процесінде пәнаралық байланысты тиімді шешудің басқа да түрлері кездеседі. Мысалы, өткенмен байланыс – бұрын өтілген оқушыларға таныс өзге пәннің оқу материалдарын жаңғыртуды қажет ететін байланыс түрі. Үйлеспелі байланыс – әртүрлі пәндердің тақырыптары мен тарауларындағы түсініктерді қатар қарастыратын байланыс [4].

Пәндерді бір-бірімен байланыстырып оқыту педагогика тарихында ерте кезден белгілі. Ол Я.А.Коменский, И.Г.Песталоций, А.Дистверг, К.Д. Ушинский және басқа да ғалымдардың еңбектерінде зерттеліп дамытылды. Я.А.Коменский оқу пәндерін байланыстырып оқыту кезінде оқушыларда оқу материалдары жайлы толық мағлұмат қалатынын, оның терең әрі жүйелі білім шарты екенін түсіндіре келіп «Ұды дидактика»

деген еңбегінде «Басқа ғылымның ықпалынсыз және ғылым негізінде ешкімге терең білім беруге болмайды», - деп жазды [5].

Табиғатты зерттейтін ғылымдар жүйесіне физика, география, химия, биология кіреді. Оларды жалпы жаратылыстану ғылыми бағыттағы пәндер деп атайды және бұл пәндер мазмұны жағынан бір-бірімен тығыз байланысты. Сол себепті оқу процесі барысында пәнаралық байланыс негізінде пәндерді кіріктіріп оқыту сапалы білімге қол жеткізудің бір жолы болып табылады. Жалпы химия және география жаратылыстану ғылыми бағыттағы бір бірімен өте тығыз байланыстағы пәндер. Себебі осы байланыстар негізінде жаңа ғылыми салалар пайда болды және дамуда. Мысалы, геохимия, гидрохимия, атмосфералық химия, ландшафт геохимиясы салаларын айтуға болады [5].

Мектеп курсында білім берудің жаңартылған мазмұны бағдарламасында химияны биология, география, физика пәндерімен пәнаралық байланыстыруға жоғары назар аударылған. «География» пәнімен пәнаралық байланыс келесі ұғымдар негізінде жүзеге асырылады: адамзат тіршілігіндегі судың рөлі және халық шаруашылығындағы және Қазақстан экожүйелеріндегі су ресурстарын қорғау; еліміздегі металлургиялық, химиялық және қайта өңдеу кешендері; ел аймағындағы пайдалы қазбалардың кең орындары; минералды ресурстарды тиімді пайдалану және табиғатты экологиялық қорғау; энергияның альтернативті көздері [4].

Химиялық білімсіз географияның кейбір тақырыптарын оқу мүмкін емес. Мектеп курсы жаңартылған бағдарламасы негізінде «Химия» және «География» оқу пәндерінің пәнаралық байланысын көрсететін кейбір теориялық байланыстар келесі кестеде берілген (1-кесте) [1].

1- кесте

«Химия» және «География» пәндерінің пәнаралық байланысы

Химия		География	
Бөлім	Тақырып	Бөлім	Тақырып
Ауа. Жану реакциясы	Ауа. Ауаның құрамы. Жану процесі	Атмосфера	Атмосфера және оның құрамдас бөліктері
Геологиялық химиялық қосылыстар	Пайдалы геологиялық химиялық қосылыстар  Қазақстанның пайдалы қазбалары. Минералдарды өндірудің экологиялық аспектілері	Литосфера	Тау жыныстары мен минералдардың жіктелуі. Тау жыныстары мен минералдардың қасиеттері
			Минералды ресурстарды өндіру және өңдеу орталықтары
			Қазақстанның минералды ресурстарына баға беру
			Минералды ресурстарды игерумен байланысты проблемалар.
Су	Табиғаттағы су	Гидросфера	Қазақстанның ішкі суларының түрлері
	Судың ластану себептері. Судың кермектігі		Су ресурстарының экологиялық проблемалары
Адам ағзасындағы химиялық элементтер	Қоршаған ортаның ауыр металдармен ластануы	Атмосфера	Климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсері
			Адам әрекетінің атмосфераға зиянды әсері

Кестеден көргеніміздей, мысалы, «Геологиялық химиялық қосылыстар» бөлімінде білім алушылар «Жаратылыстану» және «География» курстарынан алған білімдерін еске түсіріп жетілдіреді. Қашықтан білім беру жағдайында 7-сыныпта «Пайдалы геологиялық



химиялық қосылыстар. Кен» тақырыбындағы сабақта алдымен «Online Мектеп» онлайн білім беру платформасының видеоконференциясында географиялық білімдерін жүйелеу іске асырылады. Мысалы, суретті тапсырмалар, минералдардың жинақтарын көрнекі көрсету арқылы

1. Пайдалы қазбалар дегеніміз не?
2. Қандай пайдалы химиялық қосылыстарды білесіңдер?
3. Пайдалы қазбалар табиғатта қандай күйде кездеседі?
4. Пайдалы қазбалар Қазақстанның қай жерлерінде өндіріледі?

деген оқушыларға ой шақыру сұрақтары қойылады. Қазақстан қандай минералды және табиғи ресурстармен бай екендігін, олардың қайда орналасқандығын және қалай өндірілетінін білу сабақ мақсаты негізінде кен орындарының аттары мен пайдалы қазба түрлерін сәйкестендіру тапсырмаларын білім беру платформасының тапсырмалар бөлімінен орындауға болады (2-кесте).

2-кесте

## Сәйкестендіру тапсырмасы

1	Кен	a	Жамбыл облысы
2	Фосфор өндірісі	b	Мыс
3	Метаморфтық тау жыныстары	c	Қарағанды облысы
4	Жезқазған	d	Мәрмәр
5	Көмір	e	Металдар мен олардың қосылыстарынан тұрады

Оқушылар географиядан алған білімдерін естеріне түсіреді және сұрақтарға географиялық білімдерін қолданып дұрыс жауап бере алады. Оқушылар география, жаратылыстану пәндерінен алған алдыңғы білім арқылы білімдерін жүйелеп химиялық тұрғыдан ары қарай білімдерін тереңдетеді. Бұл сабақта оқушылар жер қыртысы көптеген пайдалы химиялық қосылыстардан және кен металдар және оның қосылыстарынан тұратынын түсіну үшін BilimLand ресурсынан танымдық бейнематериал ұсынылады.

«Қазақстанның пайдалы қазбалары. Минералдарды өндірудің экологиялық аспектілері» тақырыбын өту барысында Қазақстанның контурлы картасын пайдаланып Қазақстанның бірнеше маңызды қазбалы ресурстарына мысал келтіруді, Қазақстанның мұнай, газ, көмір және металдардың кен орындарын атауды және оларды картадан көрсетуді ұйымдастыру арқылы тақырыпты игерту. Қалыптастырушы бағалау жұмысын географиямен пәнаралық байланысты ескере отырып «Online Мектеп» білім беру платформасында «Менің сабақтарым» бөлімінде мұғалім өзі құрастырып жүргізуге болады және оқушылардың жетістік деңгейін мониторинг бөлімінен көру арқылы әр оқушыға жеке тиімді кері байланыс ұсынылады.

Білім алушылардың сабаққа қызығушылығын арттыру қашықтан білім беру жағдайында жоғары деңгейде жүзеге асырылады, себебі әр оқушымен «оқушы-мұғалім» дербес жұмыс жасау мүмкіндігі жоғары және сабақ бойынша ресурстарды қайталап көру мүмкіндігі [7].

Пәнаралық байланысты қолдану күрделі әдістемелік міндеттердің бірі болып табылады. Пәнаралық байланысты жүзеге асыруда оқу бағдарламасында өзара байланыстылық элементтері орын алады. Ғылыми-техникалық прогрестің жан жақты дамуында рөл атқаратын жаратылыстану ғылыми бағыттағы пәндерді кіріктіріп оқытудың маңызы зор. Сондықтан жан-жақты дамыған жеке адамды қалыптастыруда жаратылыстану-ғылыми бағыттағы пән сабақтарын жоғары деңгейде мақсатты ұйымдастыру сапалы білім негізі.

## Библиографиялық тізім

1. Білім мазмұнын жаңарту аясында (7-9 сыныптарда) «Химия» оқу пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірлеу. Әдістемелік құрал. - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 122б.

2. Г.Аширова «Интеграциялық білім беру» «Химия мектепте» журналы №3. 2014ж
3. Интеграция предметов естественнонаучного цикла в формировании функциональной грамотности школьников в условиях 12-летнего обучения. Методическое пособие. – Астана: Национальная академия образования им. И.Алтынсарина, 2013. - 72 с
4. Қазіргі сабақты жобалау және ұйымдастыру. Оқу-әдістемелік құрал. Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2014. - 48 б.
5. <https://core.ac.uk/download/pdf/151228461.pdf>
6. <http://mucro.goruno-dubna.ru/wp-content/uploads/2018/01/>
7. Никуличева Н.В. Внедрение дистанционного обучения в учебный процесс образовательной организации: практ. пособие. М.: Федеральный институт развития образования, 2016. - 72 с.

**Желдыбаева Б.С., Ұлан Ү., Капкынова А.С.**

**МЕКТЕПТЕ ФИЗИКА ПӘНІНЕН ОЙЛАУ ДАҒДЫСЫНЫҢ ДЕҢГЕЙЛЕРІ БОЙЫНША  
БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫН ҚОЛДАНУ**

*«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ*

[fl-701@mail.ru](mailto:fl-701@mail.ru)

«Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз» демекші, бүгінгі бала-ертеңгі азамат. Оқытушының педагогикалық шеберлігінің негізгі критерийлерінің бірі – оқушының өзіндік танымдық жұмысын ұйымдастыру, ал екіншісі оқушының өздігінен оқып, ой-өрісін тереңдетуге баулу, ғылыми ізденіске жетелеу. Сондықтан мектептің, мұғалімнің ең басты міндеті-рухани бай, жан-жақты дамыған дарынды тұлға қалыптастыру. Мектеп қабырғасында оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға мән берілуі тиіс. Талантты дер кезінде танып, дарынды таңдап және олардың бойындағы ерекше қасиетті бағалап, өмірден өз орындарын табуға көмектесу қажет.

Шығармашылық-әр адамның жеке-дара ой еңбегі. Шығармашылық дегеніміздің өзі ізденімпаздықтан туады. Баланың өзіне деген сенімін туғызу, өзінен шығармашылық қасиет іздете білу. Шығармашылыққа баулу, қалыптастыру процесі нақ мектепте басталады. Кез келген оқушы мұғалімнің басшылығымен орындаған шығармашылық жұмысының нәтижесінде өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады.

Ұлтты ұлт етіп, оны әлемдік деңгейге көтеретін – дарынды да талантты ұрпақ. Ғылыми ізденіске әр мұғалім оқушыны өзі таңдап, ортаға тартуға ықпал етеді. Әрбір ұстаз алдындағы міндет - өзі оқытатын пәнінен көкірегінде сәуле бар, талантты шәкіртті тани біліп, оқушы дарынын ашып, оған бағыт-бағдар беріп, оны дамыта білу. Оларды баулып, қамқорлыққа алып тәрбиелеу - ортақ шара. Оқушы бойындағы дарынын қырағылықпен көре білу-мұғалім үшін аса қажетті қасиет. Ол үшін әр мұғалім өзі ізденіп, ерінбей еңбектеніп, баланың ерекше қабілеттерін байқауда күнделікті сабақта, тәрбие жұмысында, үйірме жұмысында оқушыны үзбей бақылап, бала бойындағы дарындылықты немесе жүйелі білім алуға қабілетті тұлғаны анықтайды. Сондықтан әр ұстаздан шеберлікті, жан-жақты білімділікті, әсіресе бала жанын тани түсетін сезімтал психолог болуды қажет етеді.

Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық моделіне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Мұғалімдер алдында оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын қолдана отырып, жеке тұлғаның дамуына жағдай туғызу қажеттілігі тұр. Жаңа технология әрбір мұғалімнен жаңа ізденісті, шығармашылықпен ойлауды талап етеді:

- ой-өрісін дамытатын интеллектуалды жұмыс түрлерін жіктеп саралау;
- пәнге деген қызығушылығын арттыру;
- жаңа кезең технологиясын зерделей отырып, өз жұмысына тиімді қолдану;

- тақырып бойынша педагогикалық тәжірибеге сараптама жасау және оны меңгерумен қатар, оқушылардың оқу белсендігін арттыру жолдарын қарастыру.

Соның бірі, әрі сабақта оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда тиімді Блум таксономиясы. Блум таксономиясының мақсаты – оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру. Таксономия — белгілі бір критериялар мен ұстанымдар бойынша объектіні жүйелеу, топтастыру немесе жіктеуді айтады. Блум таксономиясы бойынша ұйымдастыру оқушылардың дайын ақпаратты қабылдауынан гөрі, ондағы қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына қолдау ететінін айта кеткен жөн. Блум таксономиясы адамның ақыл-ой қабілеттерінің құрылымы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысында белсенді әрекетке жетелейтін 6 деңгейге сәйкес тапсырмаларды құруды қажет етеді. Тапсырмалар құруда оқытудың белсенді әдістердің мәні - оқушыларды кәсіби іс-әрекетті меңгеруге бағытталады [1].

1. Білу сұрақтары. Бұл категория нақты фактілерден толық теорияға дейін еске сақтау мен оқыған материалды еске түсіруді көрсетеді. Сөз нақты фактіден бастап толық теорияға дейін, әртүрлі мазмұн туралы болуы мүмкін. Категорияның жалпы ерекшелігі – тиісті мәліметті еске түсіру. Оқушы:

- қолданатын терминді біледі (есте сақтайды, айта алады);
- нақты фактілерді біледі;
- негізгі түсінікті біледі;
- ереже мен принципті біледі;
- әдісі мен орындау жолын біледі;

2. Түсіну сұрақтары. Түсірудің көрсеткіші - материалды бір формадан екінші формаға өзгертіп көрсету, бір тілден екінші тілге «аудару» (сөзбен берілген мәтінді математикалық формаға түсіру) болуы мүмкін. Түсінік сапасының көрсеткіші болып оқушының материалды қысқаша түсіндіруі мен баяндауы (интерпретациясы), не бар мәліметтен (құбылыс пен уақиғадан) келешекте туындайтын болжамды ойды сипаттау болуы мүмкін. Мұндай оқу нәтижесі материалды жай ойға сақтаудан асып түседі. Оқушы:

- фактіні, ережені және принципті түсінеді;
- ауызша материалды кесте, график, диаграмма түрінде интерпретациялайды;
- сөзбен берілген мәтінді математикалық формаға түсіреді; бар мәліметтен (құбылыс пен уақиғадан) келешекте туындайтын болжамды ойды алдын-ала сипаттайды.

3. Қолдану сұрақтары. Бұл категория оқыған материалдың жаңа ситуация мен нақты жағдайда қолдану іскерлігін көрсетеді. Мұнда түсінікті, ережені, әдісті, заңды, теорияны, принципті қолдану. Түсінумен салыстырғанда қолдануда оқытудың тиісті нәтижесі материалды меңгерудің жоғары деңгейін талап етеді. Оқушы:

- жаңа жағдайда түсінік пен принципті қолданады; заңды, теорияны нақты тәжірибе жағдайында қолданады;
- әдісті не орындау әрекетін дұрыс демонстрациялайды.

4. Талдау сұрақтары. Бұл категория материалдың құрылымы анық байқалатындай, оны құрамды бөліктерге бөлу іскерлігін көрсетеді. Мұнда бүтіннен бөлікті бөліп алу, арасындағы байланысты табу, бүтіннің түзілу принципін меңгеру. Оқушы:

- жасырын болжамды ойды бөліп алады;
- пікір айтқанда кемшілігін және қателігін көреді;
- факті мен салдар не нәтиже (следствия) арасындағы айырмашылықты анықтайды;
- мәліметтің мәнділігін бағалайды.

5. Жинақтау сұрақтары. Бұл категория жаңалықтың нышаны сезілетін элементтерді қиыстырып-құрастыру арқылы бүтінді алу іскерлігін көрсетеді. Мұндай жаңа өнім хабарлама (баяндама, сөйлейтін сөз), әрекет жоспары, бар мәліметті ретке келтіретін кесте болуы мүмкін. Тиісті оқу нәтижесіне жету жаңа құрылым мен кесте жасауға бағытталған шығармашылық сипаттағы әрекет. Оқушы:

- шағын шығармашылық шығарма жазады;
- эксперимент өткізудің жоспарын ұсынады;
- проблеманы шешудің жоспарын құру үшін әртүрлі сала бойынша білімді қолданады.

6. Бағалау сұрақтары. Бұл категория қандай да бір материалдың мәнін бағалау іскерлігін көрсетеді (зерттеу мәліметтері, көркем шығарма, пікір-пайымдау, т. б.). Оқушының пікірі нақты критерияларға негізделуі керек: ішкі (логикалық, құрылымдық), сыртқы (белгілеген мақсатқа сәйкес). Критерияларды оқушы өзі анықтайды, не сырттан ұсынады (мысалы мұғалімі). Бұл категория алдындағы барлық категориялардың оқыту нәтижесіне жетуін болжайды. Оқушы:

- жазбаша түрдегі мәтіннің құрылу логикасын бағалайды;
  - әрекеттің соңғы нәтижесінің мәнін ішкі критерияға және бар мәлімет қорытындысына сәйкестігін бағалайды;
  - сыртқы критерияға сәйкес әрекеттің соңғы нәтижесінің мәнін бағалайды.
- «Электромагниттік толқындар. Электромагниттік толқынның қасиеті. Электромагниттік толқындар шкаласы. Радиобайланыс» тақырыбына Блум таксономиясын қолдансақ:

Деңгейі. Тапсырмалары. Білу: Электромагниттік толқын дегеніміз не? Электромагниттік толқын шкаласы қандай сәулелерді қамтиды? Түсіну Электромагниттік толқын қандай құбылыстарда көрініс береді?

Қолдану: Толқын ұзындығы 300 м радиотолқындар шығаратын ашық тербелмелі контурдағы тербеліс периоды қандай? Жоғары жиілікті электромагниттік толқындар қайда қолданылады?

Талдау: Электромагниттік толқын мен радиобайланыстың қандай ұқсастықтары бар?

Жинақтау: Радиобайланысқа мысал келтір. Электромагниттік толқындардан қорғану мәселелеріне мысал келтір?

Бағалау: Электромагниттік толқынды білу біз үшін маңызы қаншама? Эссе. Электромагниттік толқындардың пайдасы мен зияны. Оқыту мен тәрбие берудің мақсаттарын, ұстамдарын меңгерту және өз бетімен оқу білім алуы арқылы белгілі бір нәтижеге жетеді [2].

Ол нәтиже сапалы болса:

1. Білім сапасын арттырады;
2. Білімділік деңгейін арттырады;
3. Өз бетімен білім алады;
4. Өз деңгейі арқылы нәтижеге жетеді;
5. Білу қабілетін арттырады;
6. Олимпиадаға қатысады;
7. Байқауларға қатысады.

Логикалық тапсырмаларды қарапайымнан күрделіге қарай бере отырып оқушының ғылыми-танымдық қабілетін байқау, оқушыны толық тануға мүмкіндік алу. Пән бойынша теориялық білімді бекітіп, өмірде қолдануы қарастырылады. Қазіргі ғылыми техниканың қарыштап даму кезеңінде оқушының өзіндік көзқарасының қалыптасуына мүмкіндік беріледі. Жоғарғы сынып оқушыларының өз бетінше ізденісін бағалауға, дүниетанымдық қабілеті мен белсенділігі байқалады.

Оқушылардың ойын жетілдіруді, оқушыны тез де ұшқыр ойлауға, тез шешім қабылдап, оның дұрыстығын дәлелдеуге мүмкіндіктер береді. Берілген тапсырмаларды орындауда оқушылар өз беттерімен ізденеді, оқушының ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымын қалыптастырады. Теориялық білімдерін кеңейтіп, оны практикада қолданылуына ықпал етеді. Оларды ақпараттық қоғамдық өмірге дайындауға бағытталған. Берілген тапсырма арқылы оқушылардың логикасы дамытылып, өздігінен ізденіп жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Оқушы өз білімін де өзгенің ерекшелігін де көре біледі.

Қорыта айтқанда, бүгінгі сабақ кешегі сабақтан өзгеше, ал ертеңгі сабақ бүгінгі сабақтан жақсы болуы тиіс. Осылайша физиканың негізгі заңдылықтары мен құбылыстарын өмірмен байланыстыра қызықты етіп беру жолдарын қарастыруға болады. Мұндай тапсырмалар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, оларға физика заңдылықтарын өмірде кеңінен қолданылатынын да ұғындыруға мүмкіндік береді. Осы үлгідегі оқытудың әдістәсілдері оқушылардың есте сақтау қабілетін арттырып, оларды жинақылыққа, дәлдікке, шығармашылыққа баулуға көмектеседі деп ойлаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Салибекова М. «Физика пәнін оқытуда Блум таксономия технологиясын қолданудың тиімділігі» [Электрон. ресурс]. 2016 URL: <https://bilimnur.wordpress.com/>
2. Бакбергенова С.Н. Физика пәнін оқытуда қолданылатын тиімді әдістер. Блум таксономиясы [Электрон. ресурс]. 2018.
3. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы: АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.

**Желдыбаева Б.С., Қозбақова Ә.Н.**

МЕКТЕПТЕ «МЕХАНИКАЛЫҚ ТЕРБЕЛІСТЕР МЕН ТОЛҚЫНДАР» БӨЛІМІН  
ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ  
[kozbakova.asema@bk.ru](mailto:kozbakova.asema@bk.ru)

Жалпы білім беретін мектептерде білім сапасын арттырып, білім беру мазмұнын жетілдірудің, оқыту үдерісін жаңа сапалық деңгейге көтеретін факторлардың сан алуан түрлері бар. Физика саласындағы және онымен іргелес басқа да ғылым салаларында ашылып жатқан жаңалықтар мен жаңа әдістер ауқымы жыл сайын жылдам қарқынмен ұлғайып келеді. Ол мектептегі физикалық білімнің даму болашағын да айқындайды. Білім алушыларды білімнің мән мағынасымен, оның физика саласындағы ғылыми зерттеулеріндегі рөлін анықтау үшін сабақтың сапасын арттыру керек деп есептейміз.

Құбылыстарды, ұғымдарды оқып үйрену – білім алушылардың ғылыми көзқарасының қалыптасуына, физикалық заңдарды неғұрлым тереңірек меңгеруге, мектеп оқушыларының пәнді оқып үйренудегі қызығушылығын арттыруға септігін тигізеді. Физикалық процестерді демонстрациялап көрсету және білім алушылардың өздерінің әрекеті, зерттеп бақылауы яғни, оқытудағы әртүрлі әдіс пен тәсілдерді таңдап алу, көрнекі құралдарды тиімді қолдану арқылы ғана білімді жетілдіруге болады.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, ақпарат көздерін қолдану, коммуникативті қарым - қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және тиімді оқытудың әдіс тәсілдерді қолдану уақыт талабы. Сонымен қатар, оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, мектептердің тәжірибесіне енуде. Жаңа әдістерді оқушының зияткерлік, іздемаздық, адамгершілік, рухани тағы басқа да адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізетіні сөзсіз. Жаңа бағдарлама мұғалімдерге қазіргі заманға оқыту әдістерін жеті модуль арқылы ұсынады [1]:

1. Білім беру мен білім алуға жаңа тәсілдер;
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету;
3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау;
4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту;

6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай білім беру және оқыту;

7. Білім берудегі басқарушы және көшбасшылық.

7-9-сыныптардағы физика курсының оқытудың мақсаты - білім алушылардың ғылыми дүниетанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстанымдық-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, жазу, талдау қабілеттерін қалыптастыру 7-9-сыныптарына арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының негізгі міндеттері:

1) білім алушылар әлемнің қазіргі физикалық бейнесінің негізінде жатқан іргелі заңдылықтар мен принциптер туралы білімді, табиғатты танудың ғылыми әдістерін меңгеру;

2) білім алушылардың зияткерлік, ақпараттық, коммуникативтік және рефлексивтік мәдениетін дамыту, физикалық экспериментті орындау және зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын дамыту;

3) оқу және табиғат құбылыстарын зерттеу қызметіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;

4) табиғат ресурстарын пайдалануда және қоршаған ортаны қорғауда, адамды және қоғамды қауіпсіз өмір сүрумен қамтамасыз етуде меңгерген дағдыларды қолдану болып табылады [2].

Жаңа материалды түсіндіру сабағында анимациялық-компьютерлік технологияны қолдану оқытушы мен білім алушыларға талассыз артықшылық береді. Өйткені аудиовизуалды техникалық оқыту құралы оқытылатын физикалық процестердің көрнекі түрде есте сақталуына, сондай-ақ тікелей бақылау кезінде көзге көрінбейтін немесе көрсету жалпы мүмкін емес құбылыстың нәзік жерлерін елестетуге мүмкіндік бере алады. Технологияларды пайдаланудағы шектеусіз мүмкіндіктер модельденетін құбылыстың уақыт бойынша ағымын өзгертуде, оларды нақты өлшемдер шеңберінде түрлендіріп, эксперимент жүргізу ауқымын кеңейтуде маңызды рөл атқарады. Бұл ретте, жұмыс кешенінде қолданылатын барлық әрекеттер төменде көрсетілгендей бағытталуы тиіс: – жоспарлауға үйрету (білім алушылар өз мақсаттары мен міндеттерін дәл айқындауды, қойылған мақсаттарға қол жеткізудің негізгі кезеңдерін жазуды, жұмыстың бүкіл уақытында мақсатқа қол жеткізу бойынша өз ойын шоғырландыруды үйренулері тиіс); – ақпараттарды, материалдарды жинау және іріктеу дағдыларын қалыптастыру (білім алушылар қажетті ақпаратты таңдауды және оны дұрыс Саралау –білім алушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары білім алушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз? Бағалау – білім алушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы Жұптық жұмыс кезінде әр баланың жеке жұмыс жасауына жағдай жасаймын. АКТ қолдану арқылы білім алушылардың қызығушылығы артады. Бағалау сабақтың соңында мұғалім бағалайды. «Мадақтау» әдісін қолдануға болады. Қозғалыс сергіту сәтінде ғана емес, бүкіл сабақ бойында қолданылады. Тәжірибе кезінде қауіпсіздік ережесі ескертілді. Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Білім алушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен? Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз. Жалпы баға Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1: Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген білім алушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет? пайдалануды үйренуі тиіс); – осы немесе басқа жұмыстардың нәтижелерін талдау ептілігін дамыту; – оқу мақсаты бойынша (білім алушы жобаны көпшілікке көрсете білуді, тапсырманың мәтінін құруды, мәтінді техникалық тұрғыда редакциялауды, библиографиялық тізімді сауатты ресімдеуді үйренуі тиіс) өз бетінше жүргізген жұмысы

туралы жазбаша есеп жасау ептілігін дамыту; – жұмысқа позитивті қатынасын қалыптастыру (білім алушы бастамашыл, ынталы болуға үйренуі тиіс, жұмыстың бекітілген жоспары мен кестесіне сәйкес өз ісін мерзімінде орындауға тырысуы қажет). Білім алушылардың физика пәніне деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында жоба жұмысы ұсынылады. Жоба жұмысы топтық немесе жеке болуы мүмкін[3]. Жылына бір рет, бекітілген кезеңде ғылыми конференция өткізіп, онда жобалардың көрсетілімі өткізіп және жобалардың байқауын ұйымдастыруға болады. Мектеп білім алушыларының ғылыми жаратылыстану сауаттылығының нәтижесін жақсарту және физика пәнінен білім сапасын арттыру мақсатында физика сабағында меңгерген білім, біліктілігін тәжірибеде және күнделікті өмірде пайдалана білуге негізделген практикаға бағдарланған тапсырмаларды пайдалану ұсынылады.

Белгілі уақыт аралығында дәлме-дәл қайталанып отыратын қозғалыстарды тербеліс деп атайтынын білеміз. Мұндай қозғалыстар уақыттың белгілі мезетінде ғана өтіп отырады. Қабырға сағатының маятникінің қозғалысы, қатты дененің молекулаларының қозғалысы, белгілі бір уақыт аралығындағы дүркін-дүркін қайталанып отыратын қозғалыстар тербелістерге мысал бола алады. Олай болса, дененің қозғалыс күйінің тең уақыт аралығында қайталанып отыруын периодты тербелістер деп атай отырып меңгерту керек болады.

Тербелістердің серпімді ортада таралуын толқындық процесс деп атайды. Тербеліс тараған кезде тербелуші бөлшектер тербеліс процесімен бірге орын ауыстырмай, өздерінің тепе-теңдік қалпының маңында тербеледі.

Егер бөлшектер тербеліс таралатын түзудің бойымен тербелетін болса, онда мұндай толқынды қума толқын деп атайды. Ал егер бөлшектердің тербелісі тербелістің таралу бағытына перпендикуляр болса, онда мұндай толқын көлденең толқын деп аталады.

Ортада таралатын толқындардың көлденең немесе қума толқын болуы ортаның серпімділік қасиеттеріне байланысты болады. Сұйықтар мен газдарда тек қума толқындар тарайды, ал қатты денелерде көлденең толқындармен қатар қума толқындар тарай алады.

Механикалық тербелістер мен толқындарды меңгерумен «Механика» бөлімі аяқталады. Алғашқыда әртүрлі тербелістер мен толқындарды біріктіріп оқытудың қажет емес екендігі әдістемелік тұрғыдан дәлелденді. Табиғаты әртүрлі тербелістер мен толқындарды алғашында біріктіріп емес, механика бөлімін меңгеруде – механикалық тербелістер мен толқындар, ал электродинамика бөлімін меңгеруде – электромагниттік тербелістер мен толқындар оқытылу дәлелденді.

Еркін механикалық тербелістер. Тербелістері меңгеру осы тқырыптағы негізгі ұғымдардың бірі болып табылатын тербелмелі қозғалыс жайындағы ұғымды енгізумен басталады. Оқушылар периодты, яғни бірдей уақыт аралығында қайталанатын қозғалыстармен (мысалы, шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалыс) таныс. Периодты қозғалыстың әртүрлілігі – тербелмелілік, яғни дене өзінің тепе-теңдік қалпынан біресе бір жаққа, біресе екінші жаққа қозғалады. Тербелмелі қозғалысқа мысалдар келтіреді және анықталған белгілі бір жағдайларда тербеліс жасай алатын денелер жүйесін (вериткаль және горизонталь серіппелі маятниктер, жіпке ілінген жүк, және т.б.) демонстрациялайды. Осы тербелмелі жүйелер мысалында олардың кез келгеніне ортақ сипатты ерекшеліктерін: тепе-теңдіктің тұрақты қалыптың бар болуы, инертілік факторы және т.б. көрсетеді. Содан кейін оқушыларға төмендегі суретте көрсетілген жүйелерде тербеліс бола алама деген сұраққа жауап берулерін және өз жауаптарын эксперимент жүзінде тексерулерін талап етуге болады.

Сосын еркінтер беліс жайындағы ұғымен діріледі. Тепе –теңдік қалпынан шығарылғаннан кейін жүйеде өз-өзінен өтетін тербелістерді еркінтер белістер деп атайды. Егер жүйеде үйкеліс болмаса, онда еркін тербелісті меншікті деп атайды, олар жүйе параметрлерімен анықталатын меншікті жиілікпен өтеді. Үйкелісі жоқтер белмелі жүйе – идеализацияланған жүйе, бірақ өшудің аз коэффициенті кезінде еркін және меншікті

тербелістер арасындағы айырмашылықтар оны елеуге болатындай емес. Сондықтан мектепте физиканы оқытуда оқушылар еркін тербеліс ұғымымен танысады.

Тербеліс теориясындағы маңызды ұғымдардың бірі – гармониялық тербеліс. Жалпы білім беретін орта мектеп бағдарламасы оқушыларды электромагниттік тербелістерді оқытуда таныстыруға бағытталған. Бірақ механикалық тербелістерді оқытуда да оқушыларға таныстырудың мүмкіндігі бар.

Мұнда төмендегі тәсіл мүмкін болады: шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалыс пен тербелмелі қозғалыс байланысын қолданып, уақыт бойынша гармоникалық тербелетін дененің координаттарының өзгеру заңын алады.

Тербелмелі қозғалыстың негізгі сипаттамаларын – амплитуданы, жиілікті және периодты енгізуді маятниктердің еркін тербелісі қарастырылғаннан және гармониялық тербеліс ұғымы енгізілгеннен кейін бірден енгізуге болады. Жиілік ұғымы гармониялық тербеліс, яғни уақыт бойынша шексіз процестер үшін, үшін қолданылады. Гармониялық емес сипаттағы периодты процестер жағдайында, біз онда жиілікпен емес, тұтастай жиіліктер жиынтығымен танысамыз.

Оқушыларға бұрыннан таныс шеңбер бойымен қозғалыс және тербелмелі қозғалыс байланысын қолданып, серіппелі маятник тербелісінің периодын алуға болады. Серіппедегі жүктің тербелісі шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалатын шарик көлеңкесінің тербелісімен синхронды тербеледі деп тәжірибеде тағайындалған. Бұл жағдайда тек жиіліктері ғана емес, бұл тербелістердің амплитудаларының да сәйкес болуын жасауға болады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

Мұғалімге арналған нұсқаулық Бірінші (ілгеріі) деңгей. 2014ж

ҚР орта білім мазмұнын жаңарту еңбегінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. 2016ж

«Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы Тренерге арналған нұсқаулық. 2016ж

***Р.О.Жармухаметова, А.С. Мадыбекова***

#### **МЕТОДИЧЕСКАЯ СИСТЕМА ФОРМИРОВАНИЯ САМОКОНТРОЛЯ И САМООЦЕНКИ УЧЕБНЫХ ДЕЙСТВИЙ У МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ ЕСТЕСТВОЗНАНИЮ**

*НАО «Университет имени Шакарима г. Семей»*

*[Ermenova.raushan@mail.ru](mailto:Ermenova.raushan@mail.ru)*

Современное естественно-научное образование в начальной школе входит в состав образовательной области «Окружающий мир», блок «Человек и природа». Одной из задач естественно-научного образования в начальной школе является развитие познавательной активности и самостоятельности в получении знаний об окружающем мире, развитие регулятивных универсальных учебных действий. Естествознание в начальной школе выполняет пропедевтическую функцию, готовит учащихся к изучению учебных курсов данной образовательной области в основной и старшей школе. Поэтому учителю необходима обеспечить устойчивое качество результатов обучения естествознанию на начальном этапе, а это зависит от уровня сформированности у младших школьников самоконтроля и самооценки учебных действий.

Курс «Окружающий мир» по содержанию представляет широкую, целостную картину мира с ее внутренними взаимосвязями между различными областями знания – о природе, человеке, обществе. Курс ориентирован на формирование эмоционально-ценностного, деятельного отношения младших школьников к окружающему миру. Научно-познавательный аспект содержания курса направлен на усвоение



интегрированного содержания природоведческого, обществоведческого, исторического знания, что дает школьнику первоначальные представления естественных и социально-гуманитарных наук, необходимых для целостного и системного видения мира в его важных взаимосвязях, а также обеспечивает формирование умений наблюдать, различать и объяснять природные и искусственные явления в окружающей действительности. Содержание курса направлено на формирование ценностного отношения к природе, осмысление природной реальности как необходимого условия существования всего живого, деятельности человека по умелому преобразованию окружающего мира. Значение курса состоит в том, что в ходе его изучения школьники овладеют основами практико-ориентированных знаний о человеке, природе и обществе, учатся осмысливать причинно-следственные связи в окружающем мире, в том числе на многообразном содержании природы и культуры родного края [1].

Существенное место в содержании образовательной области «Окружающий мир» отводится формированию знаний о способах познания природы, овладению приемами учебного наблюдения и эксперимента, что предполагает широкое поле для самоконтроля и самооценки учебных действий школьников. Следование технологическому подходу в обучении младших школьников естествознанию предполагает проектирование образовательного процесса исходя из конкретных условий и заданного идеального результата, четкую алгоритмизацию и диагностику деятельности учащихся, т. е. в рамках субъект-субъектного подхода в понимании учебного процесса статус учителя меняется на статус организатора самостоятельной активной познавательной деятельности учащихся. Вышеперечисленное, несомненно, служит одним из условий формирования действий самоконтроля и самооценки у учащихся при изучении естествознания. В настоящее время в свете естественнонаучного образования применяются технологии обучения в малых группах сотрудничества, коллективного способа учебной работы (В. К. Дьяченко, А. С. Соколов), исследовательские (метод проектов), игровые технологии. Эти технологии в полной мере дают возможность учителю формировать самоконтроль и самооценку учебных действий младших школьников.

На современном этапе целью образовательной области «Окружающий мир» является формирование целостной картины мира и осознание места в нем человека на основе единства рационально-научного познания и эмоционально-ценностного осмысления ребенком личностного опыта взаимодействия-общения с людьми, обществом и природой [2].

В числе требований к результатам освоения учебного предмета «Окружающий мир» указаны следующие:

- осознание целостности окружающего мира, освоение основ экологической грамотности, элементарных правил нравственного поведения в мире природы и людей, норм здоровьесберегающего поведения в природной и социальной среде;
- освоение доступных способов изучения природы и общества (наблюдение, запись, измерение, опыт, сравнение, классификация и др., с получением информации из семейных архивов, от окружающих людей, в открытом информационном пространстве);
- развитие навыков устанавливать и выявлять причинно-следственные связи в окружающем мире [2].

**Личностными результатами** изучения курса «Окружающий мир» являются:

- осознание себя членом общества и государства ( российской идентичности), чувство любви к родной стране, выражающееся в интересе к ее природе, культуре, истории, народам и желании участвовать в ее делах и событиях;
- принятие базовых общечеловеческих ценностей, сформированность нравственных представлений и этических чувств, культура поведения и взаимоотношений с окружающими;
- установка на здоровый образ жизни, ежедневную физическую культуру и закаливание.

**Метапредметными результатами** изучения курса «Окружающий мир» являются:

- способность регулировать собственную деятельность, направленную на познание окружающей действительности и внутреннего мира человека;
- умение осуществлять информационный поиск для выполнения учебных задач;
- осознание правил и норм взаимодействия со взрослыми и сверстниками в сообществах разного типа (класс, школа, семья, учреждение культуры и пр.);
- способность работать с моделями изучаемых объектов и явлений окружающего мира.

**Предметными результатами** изучения предмета «Окружающий мир» являются:

- усвоение первоначальных сведений о сущности и особенностях объектов, процессов и явлений, характерных для природной и социальной действительности (в пределах изученного);
- владение базовым понятийным аппаратом (доступным для осознания младшим школьником), необходимым для дальнейшего образования в области естественно-научных и социальных дисциплин;
- умение наблюдать, исследовать явления окружающего мира, выделять характерные особенности природных объектов, описывать и характеризовать факты и события культуры, истории общества [2].

Таким образом, у современного естественно-научного образования начальной школы есть возможности в формировании самоконтроля и самооценки учебных действий младших школьников, что находит отражение в целях и задачах программ, планируемых результатах курсов, отборе содержания, методов, форм организации учебного процесса. В то же время учитель не располагает для этого учебными средствами. В учебниках и тетрадях по курсу «Окружающий мир» в недостаточной степени или совсем не представлены упражнения, помогающие учителю формировать учебные действия, а ученику осуществлять их самоконтроль и самооценку. Потенциал естественно-научного образования в начальной школе с точки зрения формирования контрольно-оценочных действий школьников исследован недостаточно.

В связи с этим возникла необходимость разработки методической системы формирования самоконтроля и самооценки учебных действий у младших школьников в процессе обучения естествознанию. Под методической системой. Мы, следуя Э.Г. Азимову и А.Н. Щукину, понимаем единство и взаимосвязь ее цели и задач, содержания, деятельности субъектов, дидактико-методического комплекса и образовательных результатов (3, с.45-51).

Отбор методов производился с позиции системно-деятельностного, технологического и психологического подходов. Все методы взаимосвязаны и применяются в процессе формирования самоконтроля и самооценки учебных действий у младших школьников комплексно.

Средства обучения, модели методической системы мы рассматриваем как совокупность материальных учебно-методических объектов, используемых для формирования контрольно-оценочной деятельности младших школьников. К средствам обучения мы относим учебники действующих образовательных систем («Окружающий мир»- 1-4-й классы, «Естествознание»-5-й класс), тетради для самостоятельных работ учащихся, технологические карты уроков, поурочные и тематические оценочные листы. Этапы формирования самоконтроля и самооценки учебных действий младших школьников предложенной модели методической системы могут осуществляться с использованием различных организационных форм. В качестве основных форм самоконтроля и самооценки предложены: традиционные уроки с включением методов и приемов самоконтроля и самооценки, уроки-практикумы, экскурсии и домашняя работа.

**Результативно-оценочный компонент** модели методической системы включает в себя обоснованные нами критерии, показатели, уровни и результат экспериментальной работы. Охарактеризуем кратко критерии и приведем показатели к каждому из них.

*Критерий 1.* Наличие потребности в самоконтроле и самооценке учебных действий предполагает готовность учащихся выполнять действия по самоконтролю и самооценке без побуждения извне. Критерий определяют следующие показатели: стремление к самопроверке и самооценке; отношение к внешнему контролю и оценке.

*Критерий 2.* Оперативность, т.е. знание учащимися всех видов самоконтроля и самооценки, овладение приемами по их использованию. Он определяется показателями: способность контролировать и оценивать работу по результату, на основе сопоставления с образцом; способность контролировать и оценивать работу в процессе деятельности; самоконтроль и самооценка до начала работы.

*Критерий 3.* Произвольность контрольно-оценочной деятельности определяется показателями: принятие учебной задачи; сохранение учебной задачи; самостоятельность; сосредоточенность и включаемость.

В рассматриваемой модели мы выделили три уровня сформированности контрольно-оценочной деятельности младших школьников: низкий, средний и высокий.

*Низкий уровень* предполагает выполнение учеником отдельных оценочных операций. У ученика наблюдается неустойчивый интерес к внешнему контролю и оценке; им выполняются отдельные действия по самоконтролю и самооценке под руководством учителя. Ученик осознает необходимость проверки результата с точки зрения правильности; понимает алгоритмичную структуру оценочной деятельности, но не точно выполняет оценочные действия.

*Средний уровень* характеризуется достижением основ контрольно-оценочной деятельности. Его показатели: ученик испытывает интерес к результату действий контроля и оценки; под контролем учителя выполняет действия процессуального контроля и осуществляет самооценку; самостоятельно осуществляет итоговый самоконтроль и оценку; часто проверяет и оценивает свою работу; при выполнении нового задания не может скорректировать правило контроля с новым условием.

*Высокий уровень* предполагает проявление у ученика устойчивой потребности в осуществлении разными способами действий контроля и оценки; ученик самостоятельно обнаруживает ошибки, вносит коррективы; при изменении условий вносит коррективы в способ действия до начала решения; систематически осуществляет прогностический, процессуальный и итоговый самоконтроль. Данный уровень говорит о том, что у ученика отмечается сформированность контрольно-оценочной деятельности.

Таким образом, методическая система представляет собой иерархическую связь компонентов, входящих в нее и направленных на достижение основной цели формирования самоконтроля и самооценки учебных действий у младших школьников в процессе обучения естествознанию.

#### **Библиографический список**

*Азимов Э.Г., Шукин А.Н.*, Словарь методических терминов. – СПб.; Златоуст, 1999.- 320 с.

*Козина Е. Ф.* Методика преподавания естествознания: учебное пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Академия, 2008.- 494 с.

ГОС начального образования Республики Казахстан (дата обращения: 12.08.2017).

*Д.А.Жумаханова, Ж.Б.Қалкенова*

## **ОҚУ ҮРДСІНДЕ ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚТАРДЫ ҚОЛДАНУ**

*Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті КеАҚ*

*[berikbolovna00@mail.ru](mailto:berikbolovna00@mail.ru)*

### **Электрондық оқулықтың негізгі формалары.**

Кез-келген күрделі жүйелерді жасау кезіндегідей, авторлардың таланты мен шеберлігі электронды оқулық дайындауда сәттілікке жету үшін өте маңызды. Осыған қарамастан электронды оқулықтардың қалыптасқан формалары, дәлірек айтсақ, оқулық құруға болатын құрылымдық элементтер бар.

**Тест.** Сыртқы жағынан бұл электронды оқулықтың қарапайым түрі. Негізгі қиындық - сұрақтарды таңдау және тұжырымдау, сонымен қатар сұрақтарға жауаптарды түсіндіру. Жақсы тест оқушының белгілі бір пәндік салада алатын білім, білік және дағдылары туралы объективті бейнені алуға мүмкіндік береді.

**Энциклопедия.** Бұл электрондық оқулықтың негізгі формасы. Материалдық деңгейде энциклопедия термині электронды оқулықта шоғырланған ақпарат білім стандарттарына қатысты толық және тіпті артық болуы керек дегенді білдіреді.

**Тапсырмалар кітабы.** Электрондық оқулықтағы тапсырмалар кітабының оқу функциясын табиғи түрде орындайды. Студент нақты мәселені шешуге қажетті білім туралы ақпарат алады. Негізгі мәселе - барлық теориялық материалдарды қамтитын тапсырмаларды таңдау.

**Шығармашылық орта.** Заманауи электрондық оқулықтар оқушының оқу объектілерімен және өзара әрекеттесетін объектілер жүйесінің модельдерімен шығармашылық жұмысын қамтамасыз етуі керек. Мұғалім тұжырымдаған жоба шеңберінде оқушының бойында біліктер мен дағдылар жиынтығын қалыптастыруға және бекітуге ықпал ететін шығармашылық жұмыс. Шығармашылық орта студенттерге жоба бойынша ұжымдық жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

**Авторлық орта.** Электрондық оқулық оқу процесіне бейімделуі керек. Яғни, белгілі бір оқу орнының, нақты мамандықтың, нақты студенттің ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік беру. Бұл тиісті авторлық ортаны қажет етеді. Мұндай орта, мысалы, электронды энциклопедияға қосымша материалдарды енгізуді қамтамасыз етеді, проблемалық кітапты толықтыруға, тақырып бойынша таратпа материалдар мен әдістемелік нұсқаулықтар дайындауға мүмкіндік береді. Шындығында, бұл электронды оқулықтың өзі жасалынатын құралдың көрінісі.

**Сөздік орта.** Дәстүр бойынша электронды оқулықтар сөздік сипатта болады. Олар теорияны мәтіндік немесе графикалық түрде ұсынады. Бұл полиграфия саласының мұрасы. Бірақ электронды оқулықта «мен сияқты жаса» әдістемелік әдісін жүзеге асыруға болады. Мұндай орта электронды оқулыққа тірі мұғалімнің ерекшеліктерін береді.

### **Электрондық оқулықты жасаудың негізгі кезеңдері**

- Ақпарат көзін таңдау;
- Мазмұны мен тұжырымдамалар тізімін құру;
- Мәтіндерді бөлімдер бойынша модульге өңдеу;
- Гипермәтінді электронды түрде жүзеге асыру;
- Компьютерлік қолдауды дамыту;
- Mult Мультимедиялық енгізу үшін материал таңдау;
- Sound Саундтректің орындалуы;
- Материалдық визуализация.

Электрондық оқулықтар мазмұнды толықтыру және жаңарту тұрғысынан өте мобильді, өйткені олардың жинақтау қабілеттері тек жад картасының көлемімен шектелген. Олар сізге қажет ақпаратты жылдам және оңай табуға, оқығандарыңызға бетбелгілер мен жазбалар жасауға, сондай-ақ ақпаратты логикалық блоктарға біріктіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, заманауи кітап оқырмандары оқу материалында тек

мәтіндер мен иллюстрацияларды ғана емес, сонымен қатар мультимедиялық мазмұнды пайдалануға мүмкіндік береді.

Алайда, ата-аналар мен мұғалімдердің көзқарасы бойынша дәстүрлі оқулықтардан электронды оқулықтардың басты артықшылығы олардың салмағы аз және ықшам өлшемдері болып табылады. Олардың пікірінше, балаларды күн сайын қағаздан жасалған кітаптардың толық жиынтығымен ауыр рюкзактарды алып жүру қажеттілігінен құтқару мүмкіндігі - электрондық оқулықтардың талассыз артықшылығы.

Әртүрлі пәндер бойынша оқулықтардың жеткіліксіздігі жағдайында студенттер өз бетімен дайындаған оқу құралдарының маңызы одан сайын арта түседі. Студент үшін оқулық құру процесі, ең алдымен, осы оқулықта қамтылған оқу материалының тақырыбын түсінумен және түсінумен байланысты. Осылайша, жобалау үдерісіне қатысу арқылы студент электронды оқулық жасалынатын пәндік материалды толығырақ зерттей алады.

Университеттің оқу процесінде электронды оқу құралдарын қолдану материалды тереңірек зерттеуге, қызықты немесе қиын тақырыптармен толығырақ танысуға мүмкіндік береді. Электрондық нұсқаулықтағы бай және түрлі-түсті иллюстрациялық материал теориялық ақпаратты барлық алуан түрлілігі мен күрделілігімен визуалды түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Электрондық оқыту құралдарын қолданған кезде оқушылардың репродуктивті белсенділігі ғана емес, сонымен қатар оқу материалын жақсы түсінуге және игеруге ықпал ететін абстрактілі логикалық әрекет пайда болады.

Студенттің электронды ресурстарды дәрістер, практикалық сабақтар кезінде, сонымен қатар оқу процесінде қолдану зерттеліп отырған пәннің тұтас бейнесін қалыптастыратын өзіндік жұмыс барысында пайдалану мүмкіндігі өте маңызды.

Әрине, жаңа электронды өнімдер қолданыстағы сынып-сабақ жүйесінің тар арнасына сыймайды, сонымен қатар басқа да проблемалар бар. Өкінішке орай, білім берудің жаңа түрлерін әзірлеумен және қолданумен айналысатын мамандардың саны онша көп емес, дегенмен көптеген адамдар проблемалық тәсіл, жобалар әдісі, шығармашылық оқыту және т.б. Бағдарламалау топтары жасаған білім беру жүйелері көбінесе оқытудың жаңа формаларына сәйкес келмейтіндігін мойындауымыз керек, өйткені бағдарламашылар олармен тек есту арқылы таныс. Нәтижесінде қарама-қайшылық туындайды: ең жаңа өнімдерді (технология тұрғысынан) өз тәжірибелерінен білім берудің ескі түрлерін ғана білетін және жасалған электронды өнімді осы ескірген түрге бейімдеуге тырысатын бағдарламашылар жасайды.

ЭО деп аталатын жасаушылардың көпшілігі дайын өнімді ұсынады және бір уақытта бұл өнімді пайдаланудың тиімді әдісін ұсына алмайды, өйткені олар психологиялық-педагогикалық білім негіздеріне ие емес. Мұндай өнім өте жағымды болуы мүмкін, бағдарламалаудың барлық жаңалықтарын қамтиды, мысалы: изоморфизм, айналдыру 3D модельдері немесе жыпылықтайтын флэш суреттер, бірақ мектепте немесе университетте қолдануға мүлдем жарамсыз.

ЭО-тың кейбір жаңа мүмкіндіктерін түсіну үшін қарапайым оқулықтарды қолдану тиімсіз болған кезде мысалдар келтіруге тырысайық.

I ЭО шындыққа жақын мүмкіндіктер беруі керек. Онда, мысалы, сіз кәдімгі оқулықтағы, бейнефильмнің фрагменттеріндегіден гөрі көбірек иллюстрацияларды қолдана аласыз немесе виртуалды шындық панорамаларын пайдалана аласыз, оның көмегімен компьютер экранында қоршаған орта туралы толық бейнені, соның ішінде дыбыс көздерін ескере аласыз, кейбір пәндерді егжей-тегжейлі сипаттайды, тіпті олардың сипаттамаларын оқиды немесе сол ақпаратты тыңдайды. Ақпаратты ұсынудың бұл әдісі сипаттама ақпараты бар академиялық пәндерде кеңінен қолданылуы мүмкін: география, тарих, белгілі бір деңгейде - әдебиет, әртүрлі эксперименттік қондырғылардың (физика және химия) таныстырылымы және т.б.

II Әр түрлі типтегі тапсырмаларды мысал арқылы ұсыну мүмкіндігі. Математика мен физиканы жетік біліп, барлығымыз V1 және V2 жылдамдықпен қозғалатын екі дене

түйісетін А нүктесін есептей аламыз. Өмірде біз бұл мәселелерді формула мен қағазсыз үнемі шешеміз. Шынында да, жаяу жүргінші көліктер қарқынды жүріп келе жатқан көшенің қарсы бетіне өтіп үлгере ме? Автомобилист кедергіні болдырмай, келе жатқан көлікпен соқтығысып үлгере алмай ма? Бірде-бір қарапайым оқулық, негізінен, мұндай проблеманы көтере алмайды, сонымен қатар оны шешуге үйрете алмайды. Белгілі бір шектеулермен (ақыр соңында, бұл тек нақты өмірдің үлгісі болады), ЭО мұндай мәселелерді шешуді үйрете алады. Айтпақшы, бұл мысалда да ауызша (мәтіндік) сипаттаудың орнына визуалды-бейнелі ақпаратты ұсыну туралы сөз болып отыр.

Ш. ЭО шет тілдерін оқытуда үлкен мүмкіндіктер ұсынады. Дұрыс айтылымды, еріннің мимикасын, зерттелген дыбыстардың дыбысын зерттей білу. Электрондық оқулық қарапайым оқулықтардың барлық мүмкіндіктерін сақтай отырып, олармен салыстырғанда гипермедиа мен виртуалды шындық элементтерін қамтитын, айқындықтың жоғары деңгейін, иллюстративтілік пен интерактивтіліктің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін, жаңа, үлкен көлемді құрылымдық презентацияның жаңа формаларын қамтамасыз ететін қасиеттерге ие болуы керек деген қорытындыға келуге болады. ақпарат пен білімнің көлемі, қажетті ақпаратты тиімді іздеу мүмкіндігі.

Осылайша, біз шынымен де маңызды қадамға баруымыз керек: әр түрлі заттарға арналған ЭО-тың жаппай дамуын жүзеге асыру. Сонымен бірге, көптеген пәндер бойынша ЭО-ты сәтті құрудың өзі білім беру сапасын күрт жақсартуға қабілетті емес екенін еске салғым келеді. Көп нәрсе тиісті инфрақұрылымның болуына, одан да көп мұғалімдерді даярлау мен қайта даярлау сапасына, олардың дамыған құралдарды сәтті қолдана білуіне байланысты.

#### Әдебиеттер тізімі

*Назарбаев Н.Ә.* Жаңа онжылдық — жаңа экономикалық өрлеу — Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері: Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы / Егемен Қазақстан. — 2012. — 30 қаңт. — № 33–35.

*Соловов А.В.* Проектирование компьютерных систем учебного назначения: Учеб. пособие. — Самара: СГАУ, — 138 с.

*Сербин В.В.* Технология создания электронных учебно-методических комплексов средствами мультимедиа. — Алматы: Мектеп, 2015. — 260 с.

**Маусымбаев С.С., Брасилова Г.Б.**

ОРТА МЕКТЕПТЕ «КВАНТТЫҚ ФИЗИКАНЫ» ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ  
ӘДІСТЕМЕСІ

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ  
*brasilova@mail.ru*

Қазіргі заманғы физиканың негізгі теорияларының бірі - кванттық физика. Кванттық физиканың идеялары жаңа технологиялардың, сонымен қатар, техникалық құралдардың негізгі құраушысы көзі десек қателеспейміз. Мысал ретінде, байланыс құралдары, лазерлер және компьютерлерді алуға болады. Бұл әрине, ойлаудың, ізденістің арқасында адам баласының жеткен жетістігі. Осы орайда кванттық физиканы оқыта отырып, мектеп қабағасындағы оқушылардың ойлау қабілетін дамыту - мектептегі білім берудегі басты міндеттерінің бірі болып табылады. Ойлаудың даму проблемасының ерекше мәнділігі білім беру жүйесіндегі мақсаттары мен міндеттерінің өзгеруімен байланысты. Білімдер, дағдылар мен іскерліктерді меңгеру осы дамудың құралдары болып табылады. Мектеп жағдайындағы белсенді, мәдениетті және шығармашылыққа бейім жеке тұлғаны қалыптастыру талаптары жөніндегі қоғамның көзқарасы педагогикалық қауымдастықтың білім мазмұнына, оқытудың жүйесіне, құралдарына, оқыту әдіс - тәсілдеріне деген көзқарасты өзгертті. Білімнің шығармашылық тәжірибені, әлемге деген эмоционалды - құндылықтық қатынас тәжірибесін беру мектеп оқушысының

дамуы үшін оның өзінің оқу - тәрбиелік процесінің объектісінің мұғаліммен белсенді өзара әрекеттесетін жеке субъектіге айналғандығы қажет болды. Оқушының жеке тұлға ретінде дамуы, ең алдымен, оның ойлау қабілетінің дамуын болжайды. Сондықтан да, мектепте физиканы оқытуда кванттық физика бөлімінің алатын орны ерекше. Және оқушылардың бойына физиканы ғылым ретінде әрі өз өмірлерінде қолдана алатындай етіп тәрбиелеу керек. Әрине білім көзі мектептен басталады. Кванттық физиканы оқытуда оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру олардың физикалық ойлауын дамытудың құрамдас бөлігінің бірі болып табылады. Жалпы алғанда, шығармашылық процестің құрылымы өзіне тән кезеңдер мен сатылардан, фазалар мен периодтардан тұрады. Білім алушылардың физикалық ұғымдарды түсініп, талап ұғуы олардың диалектикалық және логикалық ойлауын дамытуға зор ықпал етеді. Мектептегі кванттық физиканы оқыту барысында қалыптасатын ұғымдар, білім алушылардың физикалық ойлауын дамыта отырып, оқыту әдіс - тәсілдеріне баса назар аударып отырып негізге алынды.

Зерттеуші ғалымдар оқудағы білім алушылардың кванттық физиканы оқытуда оқушылардың физикалық ұғымдарын қалыптастырудың әртүрлі жолдарын бөліп көрсеткен. Олар төмендегіше сипатталады:

- «Болашақ жаратылыстану пәндері мұғалімін кәсіби даярлау: теория және практика» атты монографиясында оқыту үдерісіне қатысушылардың жаратылыстану пәндері мұғалімін кәсіби даярлау жүйесінің теориялық және әдіснамалық негіздерін, сонымен қатар әдістемесін мұғалім мен оқушының бірлескен әрекеті арқылы (С.С. Маусымбаевт.б);

- танымдық іс-әрекеттің дербестігін қалыптастыратын негізінде «Кванттық физика. Негізгі заңдар» оқулығында электромагниттік сәулеленудің кванттық қасиеттері, бөлшектердің толқындық қасиеттері, кванттық теория негіздері, атомдардың квантталуы, элементар бөлшектер және т.б. кванттық физикадан білім сапасын арттырудың жолдарын ұйымдастыру мен оқу міндеттерін іріктеп шешу арқылы (И.Е.Иродов т.б.);

- «Кванттық механика, яғни теориялық физика курсы» оқулығында кванттық механика негіздері, кванттық механиканың математикалық аппараты, релятивті кванттық механиканы дамыту жолдарын өзіндік іс-әрекеттің тәсілдерін қалыптастыру арқылы (Т.Б.Күреңкеев, Б.Т.Күреңкей т.б.);

- «Кванттық электроникаға кіріспе» оқу құралында оқытудағы әдістемелік білімдер элементтерін енгізу арқылы кванттық күшейткіштердің жұмыс істеу ұстанымы, кванттық өндіргіштер, кванттық электроника аспаптары және олардың қолданылатын орындары дамыту жолдарын (Қ.Ермағанбетов);

- «Кванттық механика» оқу құралында кванттық механиканың математикалық құралы, бірдей бөлшектерден тұратын кванттық жүйелер іс-әрекеттің бағдарланушылық негізін құрайтын жалпылама білімдерді енгізу арқылы кванттық физикадан білім сапасын арттыру жолдарын (Қ.Жаңабергенов);

- «Математикалық физика әдістері» оқулығында оқу іс-әрекетін өздігінше бақылауды дамыту арқылы математикалық физика теңдеуерінің элементтері арқылы кванттық физикадан білім сапасын арттыру мәселелерін қалыптастыру (Т.Бижігітов).

Оқыту үдерісінде білім алушылардың кванттық физиканы оқытуда физикалық ұғымдарын қалыптастырудың үшін білімдер мен бірнеше әрекет тәсілдерін қолдануды қажеттендіруді қалыптастыратын шарттарды, өзін-өзі және өзбетімен атқару шарттарын, мәселелерді шешудің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру дағдыларын дамытудың шарттарын қамтамасыз етуі тиіс.

Физикалық теорияда, оның ішінде кванттық теорияның даму барысында, белгілі бағыттар және оның салдары ретінде принциптер екі рет кездеседі. Мысалы, Бордың атомдар теориясының принциптері алғашқыда болжамдар түрде ұсынылған бірінші саты ретінде қарастырылса, одан кейін атомдар құрылысының дамыған теориясында оның салдары ретінде қарастырылады.

Бүгінгі күнде орта мектептің физика мұғалімі физикалық ғылымның негізін құрайтын білімді ғана меңгеріп қана қоймай, қазіргі заманғы физиканың құрылымын білу керек, оның шығу тарихы мен негізгі бағыттарының міндеттерін білу керек. Қазіргі кезде алыс шетелдік, ресейлік және қазақстандық ғылыми - көпшілік әдебиеттер көп шығып жатыр, оны мектеп оқушылары оқиды. Физиканың алдыңғы шегінде не болып жатқанын олардың түсінуі қиын, сондықтан оқушылар (әсіресе ауылдық мектептерде) өзінің мұғалімінен көмек сұрайды [ 6 ]. Жалпы физика мен теориялық физикада физикалық ақпарат көп шоғырланған және оларда тарихи сипаттағы мағлұматтар жиі кездеседі; негізгі теорияларды баяндауда, олардың даму барысында қандай қиыншылықтар кездескенін оқушыларға айта отырып, кей жағдайда тарихи сипаттағы эксперименттерді қарастыру да керек. Осы айтқандарға байланысты болашақ мұғалімнің тарихи білімін толықтыруға және жүйелеуге көп көңіл аудару керек. Айта кететін бір жәйт, физика тарихының міндетті курсы, тарихтың жеке мәселелеріне арналған арнайы курсты ешқашан да ауыстыра алмайды. Керісінше, физика тарихының міндетті курсы болғанның өзінде осындай арнайы курстардың жүйесі жасалу керек.

Физика тарихын баяндауда негізгі сақталу заңдарының ашылу және қалыптасу процесі жөнінде үйренушіге түсініктеме берген орынды болады. Біз осы мәселеге теориялық физиканың бір бөлімі электрдинамикаға қатысты, ондағы сақталу заңдарын электрдинамиканы оқыту барысында қалай беру жөніндегі қысқаша тарихи очеркте көрсету керек.

Әдістемелік тұрғыдан физика мұғалімінің күнделікті сабақ беру барысында физикалық ғылымның негізін құрайтын білімді, қазіргі заманғы физика жөнінде мағлұматтарды шоғырландырған оқу материалын пайдаланғаны жөн. Осындай оқу материалын жасауды біз кванттық физиканың негіздерін орта мектептің физикаға арналған бағдарламасы § 10 бойынша жүйелі түрде түсіндіруге арналған оқу құралында 9 [ 1 ] іске асыруға тырыстық. Бұл оқу құралында негізгі кванттық идеяларды, олардың даму кезеңдерін және физикалық негіздерін тереңдетілген түрде түсіндіру баяндалады, сонымен қатар кванттық физиканың шығу және даму тарихына көп көңіл аударылған. Мысалы, «Атом» тақырыбы бойынша мына мәселелерге көңіл аудардық:

- Бор теориясына дейінгі атом моделдері қарастырылды;
- атомның ең алғашқы кванттық моделі және Бордың екі постулаты қарастырылды;
- сутегі және сутегі тәрізді атомның сызықтық спектрлері Бор теориясы бойынша түсіндірілді;
- өздігінен және мәжбүр сәуле шығару Эйнштейннің қарапайым кванттық теориясының негізінде баяндалды;
- кванттық генератордың жұмыс істеу принципі қарастырылды.

Осындай мәселелерді қарастыруды физика мұғалімі кванттық физика бөлімінің басқа да тақырыптары бойынша пайдаланылады.

Мектеп физика курсының «Атомдық физика» және «Атом ядросының физикасы» тарауларын оқытудың ерекшеліктері бар. Олар:

1. Тақырыптардың қиындық дәрежесінің әр түрлілігі.
2. Бұл тараулардың химия, математика, биологиямен байланысының аса жоғары деңгейде болуы.
3. Кейбір күрделі физикалық құбылыстарды түсіндірудегі аналогия әдісінің сәтті қолданылуы.
4. Тақырыптардың ғылыми мазмұнын игеруде логикалық ойлай білудің қажеттігі және ой экспериментін қолдану.
5. Жаңа құбылыстарды түсіндіруде проблемалы жағдаят тудырудың қажеттігі.

Физика курсының басқа тарауларына қарағанда тақырыптардың қиындық дәрежесінің әр түрлілігі оқушыларды қалаған тақырыпты ғана оқып үйренуге әкеледі. Мысалы, бірінші оқылатын “Атомның құрылысы”, “Резорфорд тәжірибелері. Атомның



планетарлық моделі. Бордың постулаттары” тақырыптары әрине, “Бор бойынша сутек атомының моделі” тақырыбынан жеңілдеу. Сондықтан мұғалім бұл екі сабақты тең дәрежеде өткізу үшін педагогтік шеберлікпен, шығармашылық жұмыс жасауы керек. Сабақты тиімді ұйымдастырып, оқытудың неғұрлым ұтымды әдістерін қолдансақ, бағдарламалық материалдың ғылыми негізін түсінбейтін оқушы жоқ екендігіне көз жеткізуге болады. “Бор бойынша сутек атомының моделі” тақырыбын өткенде сабақтың мақсаты – сутек шығаратын және жұтатын электромагниттік толқындардың жиілігін табу, оқушыларды электронның әр стационар күйдегі энергиясымен, мүмкін болатын орбиталар радиусының мәндерімен таныстыру. Негізгі тақырыпты бастамас бұрын сутек атомы моделі мен Жер – Ай, немесе Жердің жасанды серігі (ЖЖС) - Жер жүйесі арасындағы аналогияны түсіндіру артық болмайды. Бұдан оқушылар сутек атомының, яғни ядроны (протон) электронның айнала қозғалысының физикалық сандық сипаттамалары үшін Ньютон механикасы заңдылықтарын естеріне сақтап қалады.

“Атомдық және ядролық физика” тарауларындағы көптеген тақырыптар химиямен тығыз байланысты. Радиоактивті изотоптардың қолданылуы мен радиоактивті сәуле шығарудың биологиялық әсерін пәнаралық байланыста оқыту сабақтың тиімділігін арттырады. Ядролық энергияның қолданылуында оқушыларға “Невада - Семей” қозғалысының қалай пайда болғаны жөнінде және оның іс-әрекетінің нәтижелері қалай болғандығын айта кеткен жөн. Тақырыптарды түсіндіру барысында Менделеевтің периодтық жүйесін қолданып, оқушылардың химия пәнінен алған білімдерін пайдалануда сабақтың мазмұнын ашуға көмектеседі. “Радиоактивтік ыдырау заңы. Жартылай ыдырау периоды” тақырыбын өту барысында, радиоактивтік ыдырау заңын қорытып шығару үшін бірінші ретті сызықтық дифференциалдық теңдеуді қолдану өте қажетті.

Оқушыларға атомның және атом ядросының жалпы физикалық сипаттамаларын үйретуде ұқсастық әдісін қолданған жөн. Өйткені атом және оның ядросының құрылысы жөнінде айтқан кезде нақты эксперименттер жасауды, атом және ядроның өмір сүруін тікелей сезім мүшелері арқылы танып білу мүмкін емес. Ал, ұқсастық қарастырылатын күрделі физикалық құбылыстарды, заңдылықтарды немесе сезім мүшелерінің танып білуге келмейтін объектілерді (микроскопиялық дүниені) оқушылардың көз алдына елестету үшін, олардың дұрыс ғылыми - материалдық түсініктер алуы үшін, тегі басқа, көрнекі, оңай меңгерілетін, бірақ ұқсастықтары бар құбылыстармен салыстыру қажет.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қойшыбаев Н. Кванттар сыры. Фотоэлектрлік құбылыс және жарық кванттары. Физика, 2007-№6-Б.2-4.
2. Маусымбаев С.С. "Болашақ жаратылыстану пәндері мұғалімін кәсіби даярлау: теория және практика" Монография., Алматы."Халықаралық жазылым агенттігі", 2007.
3. Маусымбаев С.С. Кванттық физиканың кейбір сұрақтарын талдау (оқу құралы). – Семей, 1993.

*Султанова Н.К., Гайыпбаева Куляш*

ӨЗДІК ЖҰМЫС АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ БАҒЫТТЫЛЫҒЫН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Қазақстан, Семей қаласы,  
[sandorik84bk@mail.ru](mailto:sandorik84bk@mail.ru)

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлау ісін қайта қарау, оның мазмұны мен құрылымын өзгертуді ғана талап етпей, сонымен қоса оның бүкіл бағдар бағытын түбегейлі жетілдіруді керек етіп отыр. Себебі, қай саладан болса да өз мамандығының шебері, өздігінен ізденуге мүмкіндігі бар, кәсіби бағыттылығы жоғары маман даярлау мәселесі қазіргі заманның басты талабына айналды.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында «...білім беру жүйесі міндеттерінің бірі ретінде белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру» атап көрсетілген. Осы тұрғыдан келгенде, кәсіптік білім берудің негізгі мақсаты - жаңа қоғамға лайықты сапалы да, саналы тұлға, өз мамандығын сүйетін, оның кез келген сұрағына жауап бере алатын маман даярлау.

Студенттерге кәсіби бағыттылықты қалыптастыру жолдарының бірі – білім беру үрдісінде олардың Өздік жұмыстарын күшейту. Сол себептен де кәсіби бағыттылықты қалыптастыруда Өздік жұмыстарды ұйымдастыруды негізгі мәселелерінің бірі ретінде қарауға тура келді. Студенттердің Өздік жұмысын ұйымдастыру арқылы олардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыруға жағдай туады.

Өздік жұмыс мәселесі бойынша біршама алыс және таяу шетел ғалымдары өз зерттеу жұмыстарының нысанасы еткен. Мәселен, Ю.К.Бабанский, И.Я.Лернер, П.И.Пидкасистый, Л.В.Усова т.б. Өздік жұмыс түрлері мен мазмұнын жан-жақты зерттеген.

Жоғары оқу орындарында студенттердің өздік жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктерін Г.Ахметова, Н.Асанов, А.К.Садыкова, К.Л.Гончарова қарастырды.

Сонымен қоса, жоғары мектеп дидактикасының тұрғысынан студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастырудың мәнін ашуға А.Е.Абылқасымова, Н.А.Адельбаева, С.И.Архангельский, М.В.Буланова-Топоркова, М.Г.Гарунов, И.И.Кобыляцкий, Р.А.Низамов еңбектері арналды.

Өздік жұмысты оқу үдерісінде жүйелі түрде қолдану қажеттігі және жүйелік әдістің тиімділігі мен аспектілері У.Абдукаримова, В.К.Буряк, Т.Т.Галиев, Е.Я.Голант, К.Дүйсенбаев, Б.П.Есипов, Р.М.Микельсон, Е.С.Саблик, М.Н.Скаткин еңбектерінде негізделді.

Студенттерің өздік жұмысының ғылыми-теориялық, әдістемелік жақтарын жан-жақты талдап, оның студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастырудағы педагогикалық мүмкіндіктері зор.

Жоғары оқу орындарында мамандарды кәсіби даярлаудың теориялық, ғылыми, дидактикалық, әдістемелік негіздері және олардың кәсіби даярлығын қалыптастыру мәселелері Ш.А.Абдраман, А.Р.Анасова, Ы.А.Нәби, Ш.Т.Таубаева, Р.И.Бурганова, Б.Т.Кенжебеков, Қ.М.Кертаева, М.Кұрманов, М.А.Лигай, М.С.Мәлібекова, А.А.Саипов, Г.Ж.Меңлібекова, О.Ү.Мұсабеков, О.С.Сыздықов, К.М.Беркимбаев, Р.С.Омарова, Г.К.Нұртаева, А.Н.Тесленко және т.б. ғалымдар еңбектерінде зерттелген.

Жоғары оқу орындарындағы өздік жұмысты ұйымдастыруда туындайтын қарама-қайшылықтар және оны ұйымдастыру тиімділігінің төмендігі жайында О.А.Абдуллина, Н.Г.Бакрадзе, С.И.Архангельский еңбектерінде айтылады.

Өздік жұмыс үнемі оқытушының жол сілтеуімен, басшылық жасауымен ғана орындалып қана қоймай, соңғы кездегі тиімді жаңа технологиялар тұрғысынан алғанда бүгінгі студенттің, ертеңгі маманның жеке тұлғалық және кәсіптік бағыттылығын қалыптастыратындай деңгейге көтерілуі оның түрлерін, ұйымдастырылу жолдарын, қолданылатын әдістерді, олардың беретін нәтижесін педагогикалық тұрғыда теориялық және практикалық тұстарын жан-жақты зерттеуді және зерттеу нәтижелерін тәжірибеде қолдануды керек етеді.

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында білім берудің кредиттік жүйеге көшуімен байланысты студенттердің шығармашылық әрекетін, білімді өздігінен ізденіс арқылы табудың жолын, жалпы педагогикалық принциптерді басшылыққа алу біліктіліктерін көтеру мәселесі қойылып отырғандықтан, білім беруді ұйымдастырушы-оқытушы мен білім алушы-студенттер арасындағы қарым-қатынас дәрежесі мүлдем басқаша жаңа деңгейге көтерілді. Осының негізінде оқыту әдістері мен оқу әрекеттері түрленіп, өздік жұмыстың құрылымы да, мазмұны да, оны ұйымдастырудың педагогикалық-психологиялық мақсаты да кешенді түрде өзгеріске ұшырады.

Қазақстан Республикасының әлемдік білім беру жүйесіне ену процесі 2003 жылдан бастап еліміздің оқу орындарында кредиттік оқыту технологиясын ендіруден басталды. Бұл әлемдік және отандық білім беру тәжірибесінің ықпалдасуы ғана емес, олардың өзара толығу үдерісі де болып табылады. Осы үдерістің алдындағы Қазақстанның «Еуропа аймағындағы жоғары білімге қатысты біліктіліктерді тану туралы» Лиссабон Конвенциясына және «Жоғары білімнің еуропалық аймағы туралы» Болон декларациясына қосылуы, ҚР «Еуропа аймағындағы жоғары білімге қатысты біліктілікті тану туралы» Конвенцияны ратификациялау туралы Заңы кредиттік оқыту технологиясының ендірілуіне жол ашты. Кредиттік оқыту жүйесін ендіру және оқыту жүйесін жетілдіру әлемдік жоғары білім беру тәжірибесін, оның ішінде еуропалық аймақтағы жоғары білімге қатысты біліктіліктерді тану туралы Лиссабон Конвенциясы және Болон декларациясы сияқты материалдарды зерттеуді қажет етеді.

Кредиттік оқыту жүйесінің Қазақстанға ендірудегі алғашқы тәжірибелер оқу процесінде студенттің Өздік жұмысын белсендірудің қажет екендігін көрсетті. Аудиториялық сағаттардың қысқарып, енді білімді игертуде негізгі салмақтың Өздік жұмысқа түсуі студенттерде өз бетімен білім алу, өзін-өзі дамыту қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында жоғары білім беру орындарында білім алушылардың және профессор-оқытушылар құрамының икемділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру сапасын арттыру, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім берудің барлық деңгейлері мен сатыларының сабақтастығын қамтамасыз ету үшін мамандарды үш деңгейде даярлау: «бакалавр – магистр – доктор» біртұтас кредиттік оқытудың жүйесі бойынша жүргізіледі.

Дәстүрлі «сызықты оқыту жүйесінен» білім беру үдерісін білім алушының өздігінен жоспарлауына мүмкіндік беретін, «сызықты емес» жүйелердің бірі болып табылатын кредиттік оқыту жүйесіне өту еліміздің жоғары мектеп жүйесінде *бүгінгі күннің өзекті мәселесі* болып отыр.

Кредиттік технология бойынша оқу процесін ұйымдастырудың негіздері Б.Әдікеримов, Н.Асанов, Г.К.Ахметова, К.Уразаева, А.Атыханов, С.Ә.Әбдіманапов, М.И.Жамбек, Г.Ж.Меңлібекова, Ж.Д.Дадабаев, Д.Дейвис, О.М.Карпенко, К.Қабдыкеримов, А.А.Құсаинов, К.М.Беркимбаев және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылды. Кредиттік жүйені ендіруде шетел тәжірибесін ескеру қажеттігіне Х.Рахимбектің, оқу орындарында кредиттік жүйені ендіруге байланысты атқарылған шаралар мен мәселелерге Н.И.Гайнуллинаның, К.Ж.Омарованың еңбектерін атауға болады.

Белгілі ғалымдар А.Чучалин мен О.Боев кредиттік жүйенің мәнін білім беру бағдарламаларының мазмұнын сандық бағалау жүйесі ретінде, ал рейтингтік жүйені оны игерудің сапасын сандық бағалау жүйесі ретінде түсіндіреді.

Студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру мәселесін зерделегенде кәсіби қарым-қатынас ұғымына тоқталмай кетуге болмайды.

Кәсіби–педагогикалық қарым–қатынасты қалыптастыру мәселесіне талдау жасағанда кері қатынас барысында рефлексивтік жағдай төмендеп және диагностика нақты болмай қалуы мүмкін, бірақ бұл көбінесе ескеріле бермейді. Сол себепті педагогикалық қарым–қатынастың технологиясын толық шешу үшін коммуникативтік міндеттердің орындалу сатысы төмендегідей болуы мүмкін: қарым–қатынас жағдайына бейімделу; сырттағы адамдарды өзіне қарату; нысанның жан дүниесін жаулап алу; сӨздік қарым- қатынасты іске асыру; эмоционалды және мазмұнды байланысты іске асыру;

Кәсіби бағыттылық ең алдымен теориялық материалдарды меңгеруге негізделуге тиіс. Себебі, теориялық материалдар негізінде ғана практикалық іс-әрекетке оның нәтижесін қолдану жүзеге аспақ. Педагогикалық пәндерге байланысты теориялық материалдар ең алдымен педагогикалық мамандықтың басты шарттарын, оған қойылатын талаптарды үйретсе, одан әрі сол пәннің даму тарихы және оның оқытушыға беретін сапаларын талдайды. Кез келген педагогикалық жағдаятты шешудің жолымен, әдіс–тәсілімен таныстырады. Сондықтан да студент осы арқылы нені шешетінін, оның неге керектігін, не үшін қажет екенін, оны орындаудың әдіс–тәсілін меңгеріп, педагогикалық мәнін түсінеді.

Тұлға бағыттылығы оның психикалық өмір бейнесінің мазмұнымен байланысты неғұрлым жалпы категория болып табылады. Бұл тұлғаның жүйе құраушы қасиеті. Тұлға бағыттылығы қоғамдық индивид ретінде оның позициясын анықтайды.

Бағыттылық- бұл адамның шындыққа таңдамалы қатынасты өзінше бастан кешіруін, оның әрекетіне әсер етуін сипаттайды.

Бағыттылық тұлға құрылымында жетекші компонент бола отырып оның барлық құрылымдық мазмұнына әсер етеді: қабілеттер, психикалық процестер, эмоция, сезім. Кәсіби бағыттылықтың арқасында кәсіби оқу үрдісіндетұрақты мотив пен студенттерге сәйкес қабілеттер қалыптасады. Студент тұлғасында кәсіби бағыттылықтың қалыптасуы қажеттіліктер, мотив, құмарлық,жүріс-тұрыс нормасын іштей қайта құрумен, қазіргімаманға қойылатын талаптарды саналы игерумен жүреді. Студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру мынандай тұлғалық сипаттардан тұрады: табандылық, тұрақтылық, адалдық, болашақ мамандығына берілу қайта құрылады.

Кәсіби бағыттылықты қалыптастыруда өздік жұмыстардың маңызы орасан зор.

*Студенттің өздік жұмысы* – болашақ мамандарды даярлаудың және білім сапасын арттырудың ең басты резервтерінің бірі. Осыған орай жоғары оқу орындарында әр білім алушыдан ой еңбегінің ұтымды әдістерін білуі, яғни аз уақыт кетіріп қажетті ақпаратты іздеп және меңгеруді, фактілер, теорияны, тұжырымдамаларды жүйелеп және жіктей білуді, өз көзқарасын нақты айтып және дәлелдей білуді, түрлі күрделі сұрақтарды шығармашылықпен шеше білуді үйренуі талап етіледі.

Студенттің өздік жұмысы – бұл студенттің дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызығушылығының қалыптасуына және нақты бір ғылым саласында білім жинақтауына бағытталған студенттің оқу әрекетінің ерекше түрі.

Студенттің өздік жұмысы – жоғары оқу орнының оқыту үдерісінде студенттердің өздік әрекетін ұйымдастыру мен басқарудың ерекше бір құралы. Олай болса кредиттік оқыту жүйесінің жоғары мектепте ендірілуі және СӨЖ-дің үлесінің артуы оны белсендіруге баса көңіл аудартады. Жаңа оқыту технологиясының ендірілуіне сәйкес ЖОО-дағы оқу-тәрбие үдерісін жаңаша ұйымдастыру, оқыту технологиясын және оның әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуін өзгерту қажеттілігі туындады.

Студенттің өздік жұмысы логикалық ойлауды дамытуды, шығармашылық белсенділікті, оқу материалы негізінде зерттеушілік ықпалды қамтамасыз ететін практикалық тапсырмаларды жүзеге асырумен байланысты.

Студенттің өзіндік жұмысы аудиторлық жұмыспен бірге, оқыту процесінің негізгі бөлігі болып табылатын СӨЖ-нің жүйелі түрде орындалуы мұғалімнің жоспарлау және бақылау қызметі нәтежесінде қалыптасады.

Оқытушының басқаруымен студенттің өзіндік жұмысы - оқытушының тікелей қатысумен өтетін бірақ, оқытушының тапсырған жұмыстары және әдістемелік басқаруымен орындалатын студенттің жоспарланған жұмысы.

Студенттің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудағы қызметі: өз әрекетін өзі ұйымдастырушы; өз бетімен ізденіп, шығармашылық әрекет жасаушы; өз тағдырын өзі басқарушы. Педагогикалық пәндерден білім беру барысында ұйымдастырылатын өзіндік жұмыстың түрінің көптігіне қарамастан, олардың бәріне ортақ мақсат– студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру, құзырлыққа жетуге талпыныс тудыру тұрғысында даярлау, кәсіптік іс-шаралар ұйымдастыруға, оның жүргізу жолдарын білуге, орындаудың әдіс-тәсілдерін меңгеруге жаттықтыру мәселелерін қарастырамыз. Өзіндік жұмысты орындауда студент психологиялық тұрғыдан қызмет атқарады. Ол әрбір жағдаятты түсіну, қабылдау, сырттан әсер ететін ақпараттарды іріктеу, өңдеу, керегіне қарай жүйелеп пайдалану. Мұндай жағдайда оған қабылдау, еске түсіру, назар аудару, ойлану сияқты психологиялық үрдістер қатысады. Мұндай жағдайда студентке оның жігері мен шешімділігі көмектеседі. Өзін өзі реттеп, өзін-өзі басқарып, ой елегінен өткізу әрекеті басым болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Исмаилова Р.Б. Студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыруда өзіндік жұмыстардың мазмұны //Қазақ ұлттық университетінің Хабаршысы , № 3/28. 2009. -Б.149-153.
2. Исмаилова Р.Б. Сабақ процесінде өзіндік жұмысты ұйымдастырудың қазіргі жағдайы мен мүмкіндіктері //Халықаралық ғылыми – практикалық конференция .-Алматы , 2009. Б. 170-172.

3. Исмаилова Р.Б. Жоғары оқу орындарында өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың әдіс тәсілдері. //Алматы ұлттық университетінің Хабаршысы , № 2/2010. Б.149-153.
4. Исмаилова Р.Б. Студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыруда өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың принциптері //Халықаралық ғылыми–практикалық конференция .- Алматы , 2009. Б. 130-133.

***М.Т. Каирова***

**ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДА ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІН  
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ЖОЛДАРЫ**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті. Семей қ.*

*[Shinar\\_semei@mail.ru](mailto:Shinar_semei@mail.ru)*

Қазіргі уақытта дамып келе жатқан белсенді және интербелсенді оқыту әдістерінің педагог мамандар саласындағы дамуы, қолданылуы қарастырылған.

Қазіргі таңда заман талабына сай, қоғамға тез бейімделе алатын мамандар қажет. Ол үшін мамандарды дайындауда білім беру жүйесін осы заманға сай өзгерту жетістікке жетудің кілті болып табылады. Сол себептен педагогикалық инновацияларды білім беру жүйесінде қолдану белгілі бір маңызға ие болып отыр.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев 2006 жылы мамыр айының 26 жұлдызында Л.Н Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде оқыған “ Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына ” лекциясында: “ Жеке тұлғаны функционалдық әзірлеу тұжырымдамасынан жеке тұлғаны дамыту тұжырымдамасына көшу жүріп жатыр. Жаңа тұжырымдама білім берудің даралық сипатын көздейді, өзін-өзі дамытуға қабілеттілігін ескерге мүмкіндік береді ” деп айтқан, яғни білім жүйеміз бәсекеге қабілетті болуы үшін, біздегі оқыту бағдарламаларын қалай қолданатынымыз өте маңызды.

Оқыту үрдісінде стандартты ең көп таралған қарапайым әдістеме үлгісі- дәріс. Оқытудың бұл тәсілі кеңінен қолданылғанымен, белсенді және интербелсенді оқыту әдістері біртіндеп өзекті болып келеді. Бұл әдістердің өзіне тән ерекшелігі бар.

Белсенді оқыту әдісі – бұл әдіс оқытушы мен білім алушының тығыз қарым-қатынасының көрінісі. Оқытушы тек түсіндіріп қана өтпей, білім алушылардан жауап алады, тақырыпқа деген өзіндік ойын, пікірін алмасып отырады. Білім алушы тек тыңдап отырып қана қоймай, белсенді қатысушы әрекетін атқарады. Бұл мұғалім мен білім алушының тең дәрежеде, тең құқықта әрекет ете алатындығын көрсетеді. Пассивті оқыту әдістерінде мұғалім ғана рөл ойнап, қарым-қатынастың авторитарлық стилі көрсетілсе, ал белсенді оқыту әдістерінде демократиялық стиль басымдық танытады.

Бұл әдістің мәні –педагог пен студенттердің өзара іс-қимылының сипаты өзгереді. Оқытушы әлі де басты, жалғыз ақпарат көзі және сарапшы болып қала береді, бірақ студенттер пассивті тыңдаушылар болып табылмайды. Олар сұрақтар қойып, қажетті ережелерді түсіндіре алады, өз шешімдерін ұсына алады. Бұл жағдайда оқу-тәрбие процесін оқытушы толық алдын ала дайындамайды, себебі сабақтың қатаң құрылымы жоқ, талқылау үшін қосымша тақырыптар болуы мүмкін. Тақырыптар мен проблемаларды қалыптастыру бірлескен талқылау барысында де орын алады. Сонымен қатар, белсенді әдістердегі педагогтың рөлі маңызды болып табылады, онсыз сабақты одан әрі өткізу мүмкін емес.

Оқу үрдісіндегі іске асыру түрлері: қатар, нұсқалар және топтар арасындағы жарыс, пікірталастардың кез келген түрлері, әр түрлі әңгімелер, баламалы шешімдерді талқылау және т. б.

Белсенді және интербелсенді әдістерді ұйымдастыруында, қолданылуында өзіндік ерекшелік бар. Белсенді әдіс алғашында пайда болды, оған әдістің қарапайым түрлері кірді. Ол белгілі оқу құралымен, яғни оқулықпен іске, жүзеге асырылады. Бұл жерде оқу

құралдары тар және кең мағынада қолданылуы мүмкін. Оқу құралдары, бұл оқулықтар, көрнекі құралдар, көрсетпе жабдық және тағы басқа техникалық саймандар болуы мүмкін, ал кең мағынада оқу материалын игеру барысындағы кез келген көмектесетін кез-келген көмекші жағдаятты айта аламыз.

Белсенді әдістер: проблемалық дәріс, проблемалық семинарлар, дискуссия, іскерлік ойындар, рөлдік ойындар, дөңгелек үстел, эвристикалық әңгіме, конференциялар және тағы басқа түрлері бар.

Белсенді оқыту әдістері өз жіктемесінде жартылай кәсіби іс-әрекетті жоспарлайтын, іскерлік, білім, білік, дағдыларын қалыптастыруға бағытталады. Белсенді әдістің ерекшеліктері: білімді меңгерудегі саналы ойлау іс-әрекеті, дәлелділік дәреженің көрсетілуі, таным процесінің нәтижесі 7 сезім мен ақыл-ойды береді, таным процесі нәтижесінде жетекшілік етуде іскерлікті дамыту, шығармашылықтың жоғары деңгейде дамуына әрекет ету. Белсенді және интербелсенді әдістердің өзара ұқсастығы мен теңдігіне қарамастан олардың айырмашылығы бар. Интербелсенді әдістерді оқытудың заманауи оқыту әдісі деп қарастырсақ болады.

Интербелсенді әдісті қолданған кезде оқытушының рөлі күрт өзгереді, ол реттейді және оқу – тәрбие процесімен айналысады, жалпы бағытты анықтайды (алдын ала қажетті тапсырмаларды дайындайды және топтарда талқылау үшін сұрақтар мен тақырыптарды құрастырады), белгіленген жұмыс жоспарын орындау уақыты мен тәртібін бақылайды, кеңес береді, күрделі терминдерді түсіндіреді және күрделі қиындықтар болған жағдайда көмектеседі. Бұл ретте білім алушыларда қосымша ақпарат көздері: кітаптар, сөздіктер, анықтамалықтар, заң жинақтары, компьютерлік іздестіру бағдарламалары пайда болады. Олар сондай – ақ әлеуметтік тәжірибеге- жеке және өз серіктестеріне жүгінеді, бұл ретте бір-бірімен қарым-қатынасқа түсу, қойылған міндеттерді бірлесіп шешу, жанжалдарды еңсеру, жанасудың ортақ нүктелерін табу, қажет болған жағдайда ымыраға келу қажет. Бұл ретте топтың жұмысына оның барлық мүшелерінің қатысуы, бастаманы басу немесе бір немесе бірнеше көшбасшыларға жауапкершілік жүктеу болмауы маңызды. Сондай-ақ интербелсенді әдістер үшін топтардың тапсырмалары арасында өзара байланыс болуы, ал олардың жұмыстарының нәтижелері бірбірін толықтыруы маңызды.

XX ғасыр екінші жарты жылдығында интербелсенді оқыту терминінің негізі бастау алған. 1950-1960 жылдары интербелсенді әдіс гуманистік психология концепциясында өз нұсқасы көрсетілген. Бірақ ғалымдардың айтуынша 1930 жылы француз ғалымы Рег Реванс «белсенді оқыту» терминін енгізді делінген.

Интербелсенді әдістер топтық және жеке болып бөлінеді. Топ арасында дискуссия, ойын, тренинг- әдіс бойынша бөлінеді. Ал, енді интербелсенді оқыту әдістерінің жалпы түрлерін айтар болсам, олар: «ақылдың алты қалпағы», «сұрақтар шеңбері», «жұдырық-алақан», «Блум таксономиясы», «айналмалы бекеттер», «стикердегі диалог», «еркін әңгіме», «алтын балыққа арналған аквариум», «Джигсо», «елшілер», «балалар философиясы», «шеңберге жиналу уақыты», «Екі жұлдыз, бір тілек», «БИНГО», «Басқа адамдардың пікірлері», «Құпия», «Пазл», «Ыстық орындық» және тағы басқа түрлері бар.

Бұл әдістер үйренушілердің білім алу процесіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі әдіс-тәсілдері ретінде таныс. Сол себепті білім алу және білім беру процесінің тиімділігі мен жетістігі, нәтижесін білім алушының есте сақтауымен өлшемей, олардың әрекеттерімен бағалайды, тек әрекет арқылы үйрену ықтималдығына сүйенеді.

Белсенді және интербелсенді оқыту білім алушылардың тәжірибе алмасудағы бір-біріне деген белсенді қарым-қатынасына негізделген. Бұл жердегі білім алушылардың тәжірибесі – өзіндік идеялар мен пікірлер, қызығушылықтар, сындары. Ал, әр студенттің тәжірибесі әрқалай болады, таным процесінде студенттер өз тәжірибесімен бөліседі, осындай қарымқатынаста жаңаша білім қалыптасып, студенттер саналы түрде бір-біріне сабақты игеруге ықпал жасайды.

Оқытудың белсенді әдістерінің белгілері:

- оқушы белсенді болуға мәжбүр болады;

- ұзақ уақыт белсенділік оқушыда болады;
- қойылған міндеттерді шешуде және іздеуде дербестіктің болуы;
- оқуға деген уәжділік.

Оқытудың белсенді әдістері ең үлкен екі топқа бөлінеді: жеке және топтық. Олар: пікірталас, ойын, тренингтік, рейтингтік. Оқыту процесінде педагог бір белсенді әдісті таңдай алады, сондай-ақ бірнеше комбинацияны қолдануына да болады. Бірақ таңдалған әдістер мен қойылған міндеттердің жүйелілігі мен арақатынасына байланысты болуы керек.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, тәжірибеде тұтастай алғанда немесе белгілі бір класқа неғұрлым орынды элементтерді ала отырып, интербелсенді нысандарды пайдалану қажет. Интербелсенді әдістер оқу ортасын құруға мүмкіндік береді, онда теория мен тәжірибе бір мезгілде меңгеріледі, бұл оқушыларға мінез- құлықты қалыптастыруға, дүниетанымды, логикалық ойлауды, байланысты сөйлеуді дамытуға, сыни ойлауды қалыптастыруға, жеке мүмкіндіктерді анықтауға және іске асыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте оқу- тәрбие процесі оқушылар жаңа және алған білім арасында байланыс іздейді, баламалы шешімдер қабылдайды, өз идеялары мен ойларын әр түрлі құралдардың көмегімен қалыптастырады, ынтымақтастыққа үйренеді.

Интербелсенді әдістер еш жағдайда да дәрістік сабақтарды алмастырмайды, бірақ дәрістік материалды жақсы меңгеруге ықпал етеді. Бұл пікірлерді, қарым-қатынасты, мінез- құлық дағдыларын қалыптастыру үшін маңызды. Интербелсенді формаларды қолдану кезінде оқытушының рөлі күрт өзгереді, басты назарда болуды тоқтатады, ол тек процесті реттейді және оны жалпы ұйыммен айналысады, алдын ала қажетті тапсырмалар дайындайды және топтарда талқылау үшін сұрақтар мен тақырыптарды қалыптастырады, консультациялар береді, белгіленген жоспардың орындалу уақыты мен тәртібін бақылайды.

Осылайша, педагогикалық белсенді және интербелсенді әдістерді игеру кәсіптік білім беру орындарының педагогикалық құрамдарының маңызды тапсырмасы болып табылады. Оқу барысындағы, нәтижелі, сапалы эвристикалық шығармашылық мақсаттарды нықтау, орнықтыру мамандарды дайындаудың барлық жүйесінде сапалы дүниелерді талап етеді.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

*Назарбаев Н.* Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына. – Егемен Қазақстан, 2006, 27 мамыр;

*Мынбаева А.К., Садуақасова З.М.* Инновационные методы обучения, или Как интересно преподавать: учебное пособие. – 4-е изд., доп. – Алматы, 2010;

*Әлімов А.* Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану: оқу құралы. – Алматы, 2013;

***Н.М. Өтежан***

#### **ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДЕОНТОЛОГИЯ МІНДЕТТЕРІ, ҚЫЗМЕТІ, ЖӘНЕ ҰСТАНЫМДАРЫ**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті,*

*Қазақстан, Семей қаласы, [sanzhikgo7868@mail.ru](mailto:sanzhikgo7868@mail.ru)*

Педагогикалық деонтологияда ең бір қиын, ең бір жауапты мәселе – тұлғааралық эмоционалды қарым-қатынас (коммуникация) мәселесі. Оқушының ерекшелігін ескерген қарым-қатынас оған еркін таңдау мен даму жолдарын ұсынады.

Педагогикалық деонтология мен қарапайым педагогикалық әдістерді жетік меңгеру оқушыларға дамытушы әсер ететін психоэмоционалды және психоэстетикалық амалдарды зерттеп, қолдануға жол ашады.



Қазіргі кезеңде бала жанына сауатты, «зиян келтірмей» әсер етуге білім беру жүйесінде салғырттық байқалады. Мұғалім мен оқушылардың арасындағы нақты рухани, соның ішінде эмоционалды байланыс дұрыс қарым-қатынастан басталады. Қарым-қатынасты біліктілікпен жасау – этикалық әрі танымдық шығармашылық жұмыс. Баланың жан дүниесін түсіне отырып, ұстаз оның жан-жақты даму жолын білуге ынталанып, соған сәйкес әрекет жасауға бағытталады. Оқушының мінезін, әуестігін, алға қойған мақсатын, көңіл-күйін білу ұстазға баланы жеке тұлға ретінде терең танып, оның жанына жайлы педагогикалық әсер етуге көмектеседі.

Педагогикалық ғылымның дамуы, педагогикалық тәжірибенің толық жетілуі педагогикалық деонтологияға маңызды түзетулер мен өзгертулер енгізеді, себебі ол – формалды түрде шартты емес, қоғамдық қажеттіліктің көрінісі. Педагогикалық деонтологияның негізгі міндеттерінің бірі болып педагогтың түрлі ық ұстанымдар мен ережелерді саналы түрде түсінуі, кәсіби парызының іске асырылуын саналы түрде ұғынуы болып табылады.

Педагогикалық деонтология мүмкіндіктерінің ұстаздың адамгершілігі мен оның кәсіби парызы туралы ғылыми теориясы ретіндегі маңызы өте зор:

- педагогикалық қызметтің ұстанымдары жекешеленбей, әлеуметтік факторлардан алшақтанбайды;

- педагогикалық деонтологияның талаптары басқа адам тағдырына педагогтың қатыстылығына ұстаздың кәсіби санасын білім беру саласында ғана емес, адамның тіршілік ету әрекетінің барлық салаларында әділеттілікті орнату мен кәсіби қызметтегі дұрыс қарым-қатынас орнатуға бағыттайды.

Педагогикалық деонтологияның міндеттері тек педагогтың кәсіби парыздылығын ашу, кәсіби қызметтің қорытындылары үшін жауапкершілігі, оқушылармен, олардың ата-аналарымен, әріптестерімен қарым-қатынас үдерісі кезінде ұстаздарға қойылатын талаптар мен қағидалар жүйесін анықтаумен ғана шектелмей, өз қызметінде бұл шарттарды іске асыру барысында талаптарын анықтауда.

Педагогикалық деонтология шынайы гуманистік ғылым ретінде педагогикалық қызметкерлерге тән тұлғалық қасиеттердің, уәждердің, қылықтар мен түрлі әрекеттердің мән-мағынасын түсіндіреді, осы мамандыққа тиесілі адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына өз ықпалын тигізеді, кәсіби қызметін ұзақ атқару кезінде олардың өзгеруін алдын алады.

Сонымен бірге педагогикалық деонтология міндеттеріне педагогтың кәсіби мінез-құлқының алғышарттарын қарастыру, кәсіби қызмет үдерісі кезінде пайда болған жағымсыз факторларды, дау-жанжалдарды жою амалдары, педагогтардың білімнің формалды қосымшаларын жоюды, моральдық және кәсіби-маңызды қатынастарды жете түсінудің белсенділігін ояту мен ынталандыру бағыттарын айқындауды, тұлғаның деонтологиялық қасиеттерін тәрбиелеу, ұстаздың алдын ала қалыптасқан кәсіби қызмет ұстанымдарының мәнін айқындауды, педагогикалық мамандықтың беделін жоғарылатуды зерттеу жатады.

Педагогикалық деонтологияның негізгі міндеттері:

- педагогтың кәсіби мінез-құлқы ұстанымдары мен ережелерін зерттеу;
- педагогтың мінез-құлқы мен іс-әрекетін қалыптастыру, реттеу, бағалау;
- педагогтың кәсіби мінез-құлқын анықтайтын сыртқы, ішкі факторлар жүйелерін зерттеу;

- педагогтың маңызды қасиет-қабілеттерін, кәсіби қарым-қатынас аясында педагогикалық үдеріске қатысушылардың бірін-бірі қабылдауын, бағалауын зерттеу;

- педагогтың жеке тұлғалық ерекшеліктерінің қызметінің кәсіби талаптарына сәйкестігін зерттеу;

- педагогикалық қызметте болатын қате іс-әрекеттердің зиянды салдары мен қолайсыз факторларын жою.

*Педагогикалық деонтологияның қызметі.* Басқа ғылымдар сияқты педагогикалық деонтология белгілі бір қызметтер атқарады:

- ұстаз тұлғасын кәсіби талаптарға сай болуға ынталандыраар күш;
- педагогтың кәсіби қызметінде нақты адамгершілік әрекетін тудыратын қабілет;
- ұстаздың қызмет аясында тәжірибелік іс-әрекетін реттеуші амалы;
- педагогикалық деонтология оқушының денсаулығына, жан саулығына зиян келтірмей, табиғатына үйлесімді дамуына жәрдемдесудің жолы.

*Педагогикалық деонтологияның ұстанымдары.*

Педагогикалық деонтологияның ұстанымдары – бұл педагогтың кәсіби әрекетінде басшылыққа алатын, парыздылық ұғымына негізделген жетекші идея, іс-әрекетті реттеуші талаптар.

Деонтологияның педагогикалық іс-әрекет жүйесіндегі ұстанымдарын айқындау үшін Токиода болған IV Бүкіләлемдік конгресте қабылданған ғаламдық биоэтиканың постулаттарын келтіре кетейік:

1. Жеке тұлғаның өзін-өзі билеуін (personal autonomy) мойындау, яғни әрбір адам өзіне, өзінің жан дүниесіне, эмоционалдық жағдайына қатысты мәселелерін өзі шешуге құқылы;

2. Қоғамдық игілікке рұқсат білдіретін әділеттілік (justice);

3. Адамға зиян келтірмей әсер ету этикалық тұрғыдан дұрыс екенін білдіретін Гиппократтың «Зиян келтірме!» ұстанымы;

Заманауи биоэтикада Гиппократтың «Зиян келтірме!» ұстанымының мағынасы кеңейіп, «зиян келтірмек түгіл, игілік жаса» делінеді. Педагогикалық деонтология ұстанымдарын ғаламдық биоэтика ұстанымдарын басшылыққа алып құрастыруды жөн көрдік. Біздің пайымдауымызша, мұғалімге қойылатын барлық деонтологиялық талаптар төмендегідей 4 негізгі ұстанымға саяды:

1. Оқушының (тәрбиеленушінің) денсаулығына, жан саулығына зиян келтірмей әсер ету;

2. Барлық жүріс-тұрысымен, ой-өріс, іс-әрекетімен осы ұстанымның кең тарауына және оқушы санасына өзіндік бақылау дағдыларын қалыптастыруына жол ашу, қарайласу, соған себепкер болу;

3. Оқушының үйлесімді дамуына жәрдемдесу;

4. Осы ұстанымдарды бұзудан пайда болатын зиянды салдарды жоюға бүкіл жан дүниесі, сана-сезімімен ынталану.

Яғни педагогикалық деонтология ғылымы бойынша, ұстаздық әсердің ең негізгі мақсаттары: оқушының денсаулығын, жан саулығын сақтауды, нығайтуды көздей отырып, оқушы тұлғасының табиғатына сай дамуына жағдай жасау.

Педагогикалық деонтологияның ұстанымдарын мектеп мұғалімдері не болашақ мұғалімдер қорқытусыз, паралаусыз кәсіби парыздану ықпалымен игеріп іске қосып жатса, бұл надандықтан кетіп, өркениеттікке жақындағанымыздың дәлелі бола алады.

*Педагогикалық деонтологияның негізгі ұғымдары*

Педагогикалық деонтологияға қатысты ұғымдар жүйесіне педагогикалық деонтология, деонтологиялық ұстанымдар, деонтологиялық даярлық, деонтологиялық дайындық, деонтологиялық тәлім-тәрбие, деонтологиялық талаптар, деонтикалық модальдық, деонтологиялық қарым-қатынас, деонтологиялық келіс, деонтологиялық позиция, деонтологиялық кредо, деонтологиялық әлеует жатады.

Жеке тұлғаның басқа адамдармен арақатынасына және осыған байланысты адамгершілік реакциясына беретін бағасы эмоционалды өткірлігімен сипатталады. Жеке тұлғаның моральдық санасының деңгейі тұрғысынан белгілі жағдайдағы адамның көңіл-күйінің толқуы – адамгершіліктік қатынастың ең маңыздысы. Өзінің кез келген қылығына адамның адамгершілік тұрғыдан беретін бағасына ой елегінен өткізген көңіл толқулары жатады; өткенге ой жүгіртіп, болған іске объективті түрде мән беріп, көңіл толқуларын

тудырған моральдық коллизиялардың маңызын анықтайды. Адамның нақты адамгершілік қабілетінің реакциясынан, өзіндік моральдың интуициясынан басқа адамға көмекке ұмтылып, оның жанына зиян келтірмей әсер етуге жетелейтін жоғары деңгейдегі адамгершілік мәдениеті қалыптасады. Педагогтың кәсіби қызметінде нақты адамгершілік реакциясын тудыратын қабілет – педагогикалық парыздылыққа негізделген мінез-құлқы, оны зерттейтін ғылым - педагогикалық деонтология.

Осыдан, *педагогикалық деонтология* – ұстаздың кәсіптік парызына негізделген мінез-құлқы туралы ғылым.

*Педагогикалық деонтологияның ұстанымы* – ұстаздық кәсіпте басшылыққа алатын парыздылық ұғымына негізделген жетекші идея, іс-әрекетті реттеуші қағида.

*Педагогикалық деонтологияның талаптары* – кәсіптік парыздылық ұғымына негізделген ұстаз қызметіне қойылатын талаптар.

*Деонтикалық модальдық* – деонтологиялық талаптарды білдіретін міндеттендірулердің (бұйрық, нормалар, ұстанымдар, қоғамдық мұрат т.б.) түрлерін және олардың арақатысын, іс-әрекеттің белгілі бір нормалар жүйесі тұрғысынан сипаттамалары.

*Деонтологиялық өзара қарым-қатынас* – педагогикалық деонтология ұстанымдарына негізделген ұстаз бен оқушы арасындағы өзара эмоционалдық байланыс, мінез-құлықтық қатынас.

*Қарым-қатынас психогигиенасы* қоғамның, топтың, жеке адамның жүйке жүйесінің, жан дүниесінің саулығына зиян келтірмейтін қарым-қатынасты насихаттаудың, сол саладағы әлеуметтік бақылаудың бір амалы болады. Қарым-қатынас психогигиенасының басты ұстанымы: «Зиян келтірме!»

*Деонтологиялық даярлық* - ұстаздың кәсіптік қызметін деонтологиялық талаптарға сәйкес атқаруға санасының, білімділігі мен біліктілігінің дайын болу күйі

*Деонтологиялық тәлім-тәрбие* – болашақ ұстаздың парыздылық сана-сезімін, мінез-құлқын жетілдіру амалдары.

*Деонтологиялық дайындық* – ұстаздың деонтологиялық ұстанымдарға сәйкес қызмет етуге қажетті білім, біліктілік қорын қамыту үдерісі.

*Ұстаздың деонтологиялық тұғыры* – парыздылық сезіміне негізделген дүниетанымды құраушы наным.

*Ұстаздың деонтологиялық сана-сезімі* – өз кәсіби парыздылығына байланысты педагогтың субъективті, еркін және қалтқысыз уәжділігінің негізіндегі ақиқаттың бейнеленуі.

*Деонтологиялық кредо* – парыздылық сезіміне негізделген қандай да бір іске, мәселеге көзқарас, қатынас.

*Ұстаздың деонтологиялық әлеуеті* – деонтология ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, әрекет жасауға мүмкіндік беретін, құқылық, кәсіптік, моральдық міндеттері мен тәртіп ережелерін сақтауға, жасырын түрде бар болып, белгілі бір жағдайларда байқалатын ұстаздардың бойындағы қабілет-қасиеттер жиынтығы.

Ұстаздық парыздылықта ұсақтық жоқ, ол кез келген қателікке қатаң да кешірімсіз қарайды, бала жүрегін, жан дүниесін жаралайтын шөгірді байқамай өтпейді.

Сондықтан ар мен тәртіптілік, кеңпейілдік пен ізгілік, тектілік пен ықылас, өнегелілік пен әдептілік тәрізді баланың өмірі мен денсаулығына, жан саулығына тікелей әсер етуші қасиеттер ұстаздардың бойында әрдайым болуы қажет.

Мораль тұлғаның қоғамдағы бағыт-бағдарлануының ең икемді тәсілдерін қарастырады. Оның көмегімен адам өмірдің беймәлім тұстарында әрекет ете алады. Тіпті рационалды білім мен жинақталған тәжірибе тұрғысынан алып қарағанның өзінде, өмірлік жағдайлардың қалай дамып өзгертінін алдын ала болжаудың мүмкіндігі болмаған жағдайда, мораль адамға нақтылы нысандарды ұсынады. Оларды таңдау кезінде адамгершілік сезім мен моральдық интуицияның алатын рөлі ерекше зор. Ал педагог қызметінің бір ерекшелігі беймәлім жағдайлардың көбінде. Көп күрделі жағдайларды

шешуде педагогқа кәсіби тәжірибесінен басқа адамсүйгіштік ізгілікті сезімдері де үлкен көмек көрсетеді. Бірақ педагог тұлғасының санасы рационалды сана феноменінің қатысуынсыз өркендемейді. Жеке тұлғаның адамгершілігі қоғам жасақтаған адамгершілік нормалары мен талаптарын білмей қалыптаспайды, моральдық рефлексия мен өзіндік рефлексияны шеттетпейді.

Осыдан ұстаздық кәсіп мағынасына оның қоғамдық функцияларының мақсаты мен мәселелерін адамтану проблемаларын түсінудегі рөлін анықтайтын жоғары дамыған парыздылық санасы, деонтологиялық әлеуеті енеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ұстаз қызметіндегі педагогикалық деонтология. Монография.- Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002.-224б.
2. Жарықбаев Қ., Табылдыев Ә.Әдеп және жантану.-Алматы.
3. Кертаева К.М. Ұстаз қызметіндегі педагогикалық деонтология. – Павлодар, 2003.

### *М. Тлеужанқызы*

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ТӘЖІРИБЕДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ БАҒЫТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті,  
Қазақстан, Семей қаласы, [sanzhikgo7868@mail.ru](mailto:sanzhikgo7868@mail.ru)*

Университет студенттерінің іс-тәжірибесі жоғары білімді мамандар дайындауда білім берудің ажырамас бөлігі болып есептелініп, мектептерде оқу бағдарламасы мен үрдісіне сай мамандықтарына байланысты іс-тәжірибені өтеді.

Студенттердің іс-тәжірибесі жоғары оқу орындарында теориялық оқу барысында алған білімін нығайтуға және алдыңғы қатарлы тәжірибелерді меңгеруге бағытталады.

Адамзат қоғамының тарихи даму тәжірибесіне көз жүгіртсек, «рухани-адамгершілік» тәрбиесінің мәні үнемі жаңа адам тәрбиелеу міндеттерін көздегені белгілі. Жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу әр кезеңде де маңызды мәселе саналып, педагогиканың тарихы мен теориясында әр қырынан зерттелінген. Қай заманда болмасын адамзат баласы рухани-адамгершілік қасиеттерді жоғары бағалаған. Бүгінгі таңда да бұл мәселе біздің қоғамымызда алдыңғы қатарда. Мемлекет басшысы жаһандану үрдісінде жастар саясатына ерекше көңіл бөліп, ХХІ ғасыр жаңару кезеңі, жастар қоғамды, экономиканы дамытушы, қозғаушы күш деп айтқан болатын. Тарихпен дәлелденгенгенгей, жастар – кез-келген мемлекеттің болашағы болғандықтан, жастардың тұлғалық құндылығын, рухани-адамгершілік қасиеттерін, құзыреттілігін дамытуға баса назар аудару қажет.

Рухани-адамгершілік тәрбие адамға туа біткен қасиет емес. Ол адамның ішкі дүниесінде қалыптасатын ішкі еркінің сезімі. Осы негіздерге сүйене отырып, рухани-адамгершілік тәрбие – тұлғаның бойында мінез-құлықтың белгілі бір сипаттарын қалыптастыру және олардың өздерінің де бір-біріне, отбасына, басқа адамдарға, мемлекетке, Отанға деген қатынасын анықтайтын мінез нормалары мен ережелерін дарыту деуге болады.

Жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің міндеттері: Отанға және оның мұраттарына, еңбек іс-әрекеттеріне және адамдарға қатысты жоғары адамгершілік сезімдерді тәрбиелеу, өзінің өмірдегі орнын, атқаратын міндетін, қазіргі және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігін, дүниенің күрделі құрылымын түсіну және өзін-өзі үздіксіз, бірқалыпты жетілдіру. Сонымен қатар бәсекеге қабілетті, елін сүйетін ұлтжанды азамат, ақпараттық мәдениеті жоғары дамыған шығармашыл құзыретті, эстетикалық сезімі кең, жаны нәзік, сұлу, салауатты, өзін-өзі, басқаны да өрге сүйрейтін қайратты, рухы таза, ертеңгі ата-ана, тәрбиеші, өз елінің, басқа да елдердің салт-дәстүрін, өнерін құрметтейтін толерантты тұлға дайындау.

Қазіргі ұрпақ тәрбиесіндегі басты мәселе орта арнаулы оқу орындарындағы студенттердің рухани дамыту, соның ішінде менің тоқталатыным кәсіптік білім беруде студенттердің имандылық тәрбиесін қалыптастыру.

Кәсіптік білім беру оқу орындарында студенттердің өзінің өмірдегі орнын, атқаратын міндетін, қазіргі және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігін, дүниенің күрделі құрылымын түсіну және өзін-өзі үздіксіз, бірқалыпты жетілдіруге тәрбиелеу маңызды шара.

Рухани-адамгершілік қасиеттерді дамыту үшін балалардың бойына кішкентай кезінен бастап ең маңызды адамдық сапаларды, жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру қажет.

Абай-ұлттың атасы, рухани әкесі: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп және хак жолы осы деп әділетті»-деген асыл қасиетті қастерлеумен бұл дүниеден өтті. Осы қасиеті оны халқына қамқор, ұлтына жанашыр болуымен қатар, күллі адамзатқа мейірбан гуманистік өреге көтеріп, әлемдік сана деңгейіне жетеледі.

Рухани бай адам ең алдымен ең әділ, мейірімді және қанағатшыл болады.

Тұлғаның бай руханилық санасы-өмірдің мәнін сезінуге, өзінің өмірдегі орнын табуға, өз тағдырын халықтың тағдырымен ортақ деп түсінуге, жақын адамдардың алдындағы жауапкершілігін сезінуге, өзінің жеке басына тән азаматтық және адамгершілік парызын орындауға сара жол ашады.

Жас ұрпаққа рухани тәрбие, білім беру адам дамуының рухани үйлесімділігін, өмірдің құндылықтарын түсінуге, өзін қоршаған ортамен

үйлесімдікте ұстай білуге, жердегі тіршілікті сақтау үшін өзінің қажеттігін түсінуді қамтамасыз етуге көмектесеміз.

Рухани тәрбие адамның ізгілік ұстанымдарын тұлға бойына сіңіреді.

Жеке тұлғаның ақыл-ойы мен іс-әрекеттерін жүрек арқылы ізгілік мұраттарға бағыттап, өмір даналығын түсінуге рухани көзқарас қалыптастырамыз.

Жас ұрпақ бойына жалпыадамзаттық құндылықтарды \руханилық, адамгершілік, қайырымдылық және т.б\ сіңіру-тәрбиенің басты мақсаттарының бірі.

Жоғары ізгілік мұраттардың ең құндысы-руханилық. Өзін-өзі жетілдіретін тұлға үнемі ізгілік ұстанымдарын өз бойында шыңдап жетілдіруге ұмтылады.

Жеке тұлғаның іс-әрекеті мен тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын, өмірлік ұстанымының беріктігін анықтайтын, адамзатқа, қоғамға, идеологияға, саясатқа, имандылыққа, білімге, ғылымға, өнерге қатысты өзі терең түсініпқабылдаған және өзінің іс-әрекетін, тұрмыс-тіршілігін солардың негізінде құрған идеялардың жиынтығына сенім де тұлғаның дүниетанымын кеңейте түседі. Адамның көзқарасы оның ішкі сеніміне айналған жағдайда ғана оның дүниетанымы, қоршаған ортаға деген қатынасы қалыптасты деуге болады.

Тұлғаның меңгерген білімі оның өмірдегі атқаратын барлық істеріне, қоғамда, отбасында өзін ұстауға ұмтылдыратын түрткі дәрежесіне дейін көтеріледі. Ерік-жігері, сенімі қалыптасқан жағдайда сол армандарына жету жолында әрекеттер жасайды. Осы әрекеттердің барысында өзінің мақсат еткен идеалына байланысты адамда құндылықтар дүниесі қалыптасады.

Құндылықтар дүниесі-жеке тұлғаның дүниетанымына негізделген іс- әрекет пен тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын, өмірлік ұстанымының беріктігін анықтайтын, адамзатқа, қоғамға, идеологияға, саясатқа, имандылыққа, білімге, ғылымға, өнерге қатысты, өзі терең түсініп қабылдаған, ішкі және сыртқы әсерлерге байланысты адам бойында қалыптасқан, биік мақсат көздеген ізгі қасиеттердің өмір сүру барысындағы көрінісі деп тұжырымдауға болады.

Қазақ қоғамының өмір сүру салтында рухани құндылықтарды жоғары бағалау, өскелең ұрпақты соған баулу дәстүрге айналған.

Белгілі философ Н.Бердяев: «Рух-сүйіспеншілікте, қайырымдылықта, жанашырлықта, әділеттілікте, шығармашылықта, еркіндікте, борышта т.б көрініс табады » деген.

Еліміздің егемендігін алып, әлеуметтік өмірдегі салауаттандыру мақсатындағы жұмыстың бір қыры ұлтымыздың ғасырлар бойы кәдесіне жарап келген тәлім-тәрбие мазмұнын, қазіргі жастарды оқыту мен тәрбиелеуде пайдалана білу қажеттігін анықтайды.

Тәрбиелеу мен оқыту процесінде ұлттық тәрбиенің алатын орны ерекше.

Ұлттық тәрбие-тұлғаның тілін құрметтеуге, дінін қастерлеуге, ділін қалыптастыруға, әдет-ғұрып, салт-дәстүрге бейімдеуге, ұлттық, құндылық қасиеттерін үйренуге, бүгінгі күн талабындағы жетістіктерді нақты жағдайда пайдалануға үйрететін теориялық сипаттағы ғылым.

Ұлттық тәрбиені оқыту барысында ұлттық қадір-қасиеттерді қалыптастыруда діни білім негізін оқыту негізгі факторларының бірі ретінде қызмет етеді.

Дін дегеніміз-тәнге дәрі, жанға шипа. Ол ең алдымен имандылыққа бастау алса, оның негізі тәртіптілікпен жалғасып жатады

Ұлттық тәрбиені салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты дәріптеп оқыту арқылы білім алушының бойына күнделікті өмір тұрғысындағы тәрбие нақыштарының сан белесінен хабардар етеміз. Сол дәстүр нақыштарымен, әдет-ғұрыптардың бүгінгі таңдағы рөлін айқындай отырып, жастардың халық үрдістеріне деген сүйіспеншілігін оятуды мақсат етуді негіздейміз. Жалпы, салт-дәстүр, әдет- ғұрып адам психологиясымен етене байланысып, замана жаңаруына сай өзгеріп отыратын құбылыс.

Ұлттық салт-дәстүрлер адамның дүниетану көзқарасын қалыптастырады.

Тұлғаның ұлттық ерекшеліктерін айқындайтын қасиетінің- діл .

Діл дегеніміз-тұлғаның ұлттық ерекшелігі, мінез-құлық сипаты, мәдениеті, қоршаған ортасын айқын тануы, ортаға сай келбеті, мінез-құлық ерекшелігі.

Ұлттық ділді дәріптеп оқыту барысында өз ұрпағымызға және кез -келген өзге біздің елде мекендейтін ұлттардың сүйіспеншілігін қалыптастырарымыз анық.

Бала әрқашанда ата-анадан жүрек жылуын, мейірімділікті қажет етеді, ол ата-ананы өмірдің тірегі санайды, бала үшін ата-ана игілік жасаушы, үлгі-өнеге көрсетуші және ақыл-кеңес айтушы болып табылады.

Ата-ана өз баласын өнегелі сөзбен, жеке басының үлгісімен тәрбиелейді.

Қазақ отбасында тәрбие басы, біріншіден, әдептілікке үйретуді көздеген, әке-шеше баласына «әдепті бол»дегенді басты міндет етіп қойған.Екіншіден, олар баланы қайырымды, иман жүзді, мейірімді болуға тәрбиелеген.

Үшіншіден, тіл алғыш, елгезек болуға баулыған. Төртіншіден, адал, шыншыл болуға үйреткен. Бесіншіден, өнегелі ұстаз бен көпті көрген қарияның сөзін тыңдап, ақпа құлақ болмай, құйма құлақ бол, дегенді, бойларына біртіндеп сіңіре берген. Алтыншыдан, үлкенді, ата-ананы силап құрметтеуге үйретуді ең басты міндет етіп қойған.

Жетіншіден, кісі айыбын бетіне баспай, біреуге орынсыз тіл тигізбейтін әдепті азамат бол, әсіресе каріп кісілердің табиғи кемдігін мұрны пұшық, көзі қисық т б бетіне баспа деп үйреткен.Сегізіншіден, ел қорғаған батыр бол, халық алдында қызмет ет, бар өнерінді соған жұмса дегенді ерінбей, жалықпай айтып қоймай, жеке өнегелер арқылы көрсетіп отырған. Сөзімді қорытындылай келе, айтарым, ұлттық тәрбие - тәрбиенің қайнар көзі, оны өз сабақтарымда негізге аламын, мақсатым: тәуелсіз еліміздің жас ұрпағын жаңа қоғамға лайықты етіп тәрбиелеу, оның дүниетанымын, көзқарасын, ақыл-ойын қалыптастыру, бар күш-жігерін туған жері мен елі үшін жұмсауға үйрету, туған тілін, мәдениетін, салт-дәстүрі мен дінін қадірлеуге баулуды басты міндетім деп санаймын.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ш. Құдайбердіұлы «Үш анық» Алматы1991ж
2. М. Арын «Бес анық» Алматы Арыс 1996ж
3. Сейтбеков С. «Имандылық негіздері»Алматы, Қаскелен-Б 2008 -3766
4. М.М Бахтин. «Жеке тұлға туралы»
5. Білім журналы 2010ж №2,3,5

*Т.А.Тыгымбаев*

ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

*«Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті, Семей қаласы»*

*[Didar\\_4590@mail.ru](mailto:Didar_4590@mail.ru)*

Өткен ғасырдың соңындағы посткеңестік кеңістіктегі саяси жүйенің өзгеруі қоғамдық санаға терминологиялық мән-мағынасы әрқилы сипат беретін жаңа ұғымдар легін әкелді. Сондай ұғымның бірі – толеранттылық ұғымы болды. Толеранттылық ұғымының мән-мағынасы бүгінгі күні мазмұны жағынан әлемді өзгертуші идеялар арнасында тарихи негіздерін сақтай отырып толысуда.

Қазақ дүниетанымында толеранттылыққа байланысты ұлттық ұғымдар мен түсініктер жүйесі көне дәуірлерден бар. Олар заманның ағысына қарай мағыналық мазмұндары ішінара өзгерістерге түскенімен, негіздері сақталды. Тіпті ұғымдық-терминдік атаулары да сол ретпен өзгеріске түсіп отырған. Оған байланысты айтар пікір біреу-ақ: терминдік ұғымға қатысты ұстаным ұлттық-мемлекеттілік өреміздің биік санатынан көрінуі тиіс. Бүгінгі күні толеранттылыққа қағидаттарын ұлттық таным-түсінікте тез қабылдауымыз сол тарихи қайнар көздерден деп білеміз. Біздің қоғамда толеранттылық ескіден сақталып жеткен мұраларымыз - имандылық пен ізгілікке негізделген сипатта санамызға қайыра сіңісуде.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев толеранттылы қазақстандық парасатты үлгісі - Қазақстан халқы ассамблеясы қызметінің және қоғамдағы құндылықтардың күретамыры болуына үнемі ерекше маңыз беруде. Оның сан қырлы астарында әлемдегі бағыт-бағдар, пікір-идеялар мен құндылықтарға деген көзқарастың өзгермелі сипаты жатыр. Сондықтан Елбасы осы факторларға орай халықтық даналықты ескере отырып, ел басқарудың өрелі өрістерін қоғамның даму тенденцияларымен ұштастыра жаңа қазақстандық қоғамды қалыптастыра өркендетуде. Толеранттылықтың мазмұнды мән-мағынасын еліміздегі татулық пен келісімі жарасқан халқымыздың бірлігі арқылы әлемге әлдеқашан айқындап бердік. Осы санатта Мемлекет басшысының бес институттық реформасын жүзеге асыруға бағытталған «100 нақты қадам» -Ұлттық жоспарының «Біртектілік пен бірлік» бөліміндегі алты қадам қазақстандық толеранттылы қоғамды қалыптастыруда сөзсіз шешуші қадамдар болатыны ақиқат. Толеранттылы қоғам – мемлекет тірегі қағидасы біздің өміріміздің бас арқауы болмақ.

Толеранттылық – көп конфессиялы және көп ұлтты мемлекеттің үйлесімі дамуының маңызды шарттарының бірі. Барлық мекен етуші этностардың этникалық және мәдени теңдігін сақтау стратегиясы көпұлтты қоғамдағы неғұрлым табысты стратегия болып табылады. Бүгінгі таңда өркениеттің дамуына мәдениеттер мен діндердің диалогы ғана жағдай туғызатынын уақыт дәлелдеп отыр. Ал ұлтаралық қатынастар тұрғысынан алғанда мемлекеттің саяси тұрақтылығы ұлттаралық қатынастардың басты принципіне айналуға тиіс этникалық толеранттылыққа негізделеді.

Қазіргі уақытта этникалық толеранттылыққа тәрбиелеу және оны жастардың өзін - өзі анықтау және жеке тұлғаның қалыптасу үдерісінде бағдар ретінде таңдауы мәселесін алға тартып отыр. Бүкіл қоғам назарын өзіне аудартуда. Этникалық толеранттылық түптеп келгенде ұлт өкілдерінің өзара өмірлік этникалық компонентерін қабылдай алу қабілеті. Бұл арада бір-біріне сіңісіп кету мәселесі жоққа тән. Өзінің ұлттық келбетін сақтай отырып, басқа ұлттың ізгіліктерін түсіну-қабылдау болмақ. Яғни этникалық толеранттылық – ұлтаралық өзара сыйластық, ынтымақтастық деген ұғымды білдіреді. Этникалық толеранттылық тәрбие беру құралы арқылы Қазақстан жастары бойында шынайы патриоттық сезімін қалыптастыруға ықпал етеді.

Толеранттылық жеке және қоғамдық сананың бағыты ретінде әлеуметтік қатынастар үйлесімділігінің шартына айналуға. Қоғамның дүниетанымдық бағдарлары үлкен рөл атқаратын білім беру саласында толеранттылық әлеуметтік – білім берушілік

императив болып табылады. Алайда тәрбиесіз жастардың бойында этникалық толеранттылықты қалыптастыру мүмкін емес.

Еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар әр-түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын толерантты әрі креативті жеке тұлға тәрбиелеу ісіне ерекше мән берілуде. Еліміздің ұлттық білім беру жүйесінде «Қазақстандық патриотизм» ұғымы қолданылып келеді. «Қазақстандық патриотизм» арқылы Отан, туған жер, ел, атамекен, мемлекет, туған өлке, халқы туралы түсініктер оқу-тәрбие үрдісінде, сабақтан тыс іс-шараларда Отан сүйгіштік сезімді дамыту, ұлттық салт-дәстүрді сақтау, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, ана тілін қадірлеу сияқты сезімдерді оқушылар бойында қалыптастыру жүзеге асырылуда.

Жастарды толеранттылыққа тәрбиелеуде білім-ғылым және мәдениет ошақтарының әр алуан ашық алаңдарың пайдалану өте маңызды. Ашық алаңдар арқылы оқушылар мен студенттер және жастарға арналған үздік технологиялық жетістіктерді пайдалана отырып педагогикалық контекстегі семинар-тренингтер және т.б. сипаттағы педагогикалық акциялар өткізу өте тиімді деп санаймыз. Оған белгілі мамандардың қатысуы және кері байланыстың орнауы аудиторияның қызығушылық деңгейін арттыра түсетіні сөзсіз. Қазіргі кездегі әлемде орын алған әлеуметтік, дінаралық, ұлтаралық, т.б. қақтығыстар өршіп тұрған жағдайда ғалымдар тарапынан оны қалыптастырудың жолдарын іздеуге ерекше көңіл бөлінуі заңды. Жалпы тұлғада толеранттылықтың қалыптасуы үшін ол рухани дамудың белгілі бір сатыларынан өтуі тиіс, ал ол педагогикалық проблема болып табылады. Сондықтан «Педагогика» ғылымында оның заманауи саласы ретінде «Толеранттылық педагогикасы» даму үстінде, онда толеранттылықтың мәнін зерттеу және оны әлеуметтік норма, әлеуметтік құндылық ретінде практикаға ендіруге негізгі көңіл бөлінеді.

Жаңа ғасырдағы толеранттылық – бұл адамзат қоғамындағы қозғаушы күш, қоғамдағы үйлесімді қарым-қатынастың бірегей шарты болмақ. Міне, осы қағидат тұрғысында қоғамды толеранттылыққа тәрбиелеудің барлық мүмкін құралдары педагогикалық заңдылықтарға негізделіп іске қосылуы тиіс. Тек тың идеялар батыл іске асырылса ғана жемісті нәтижеге жеткізетіні белгілі дүние. Сондықтан да Елбасы кітапханасы ұжымы да осындай қоғам үшін игілікті іс-шараға белсене ұйымдастырып өткізуді қолға алды.

Алғашқы іс-шара 2015 жылдың 15 мамырында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасында «Толеранттылық тағылымы» online семинар-тренингі санатында өткізілді.

Елбасы кітапханасының жаңа жобасы Қазақстан халқы ассамблеясының 20 жылдығына арналады. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының Кітапханасы осы маңызды іс-шараны Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Қазақстан халқы ассамблеясының қолдауымен Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетімен бірлесе өткізді.

Семинар-тренингте оқушы-студент жастар арасында толеранттылықты, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру бойынша жүргізілетін тәрбие жұмыстарын ғылыми-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету және оны жетілдіру жөніндегі мәселелер талқыланды. Көпұлтты Қазақстандағы толеранттылықты, мәдениетаралық диалогты қалыптастыру мәселелері, білім алушы жастар арасындағы тәрбие жұмыстарына инновациялық серпін беру семинар-тренингтің өзекті мәселесі болатынын көрсетті. Семинар-тренинг жұмысының барысы, оның тәжірибе алмасатын ашық алаң әлеуеті бар екенін байқатты.

Республикамыздың жетекші мамандары, білім беру мекемелерінің мұғалімдері арасында креативті диалог орнату, қазіргі әлем шындығы контекстіндегі жаңа идеяларды іске асыру мүмкіндіктерін анықтау басты жетістігі болып табылатын семинар-тренингтің ықпалды рөліне көз жеткіздік. Білім алушы жастардың толеранттылығын қалыптастыруға

бағытталған заманауи технологияларды енгізудің маңыздылығын, білім беру мекемелерінің барлық түрлеріне арналған оқу, әдістемелік басылымдарды әзірлеудің қажеттілігі айтылды.

Қоғамдағы толеранттық сананы, этносаралық және конфессияаралық келісімді қалыптастыруға қатысты мәселелердің кең ауқымдылығы ескерілді.

Қазақстандық қоғамды ойдағыдай дамытуға, этносаралық және конфессияаралық келісімді, ұлттық сана-сезім мен руханияттың өркендеуін нығайтуға бағытталған «Қазақстан-2050» Стратегиясында, Елбасының Жолдауларында, басқа да стратегиялық құжаттарда тұжырымдалған негіз қалаушы қағидаттардың толерантты мемлекетті қалыптастырушы маңызын қоғамға жете танымал ету мәселесі қарастырылды.

Күн тәртібіне қойылған мәселеге орай сындарлы пікірлер айтылып, тың ұсыныстар тұжырымдалды. Нәтижесінде семинар-тренингке қатысушылар «Толеранттылық тағылымы» маңызды және қажет жаңа жұмыс түрі деп танылып, мынандай ұсыныстарға тоқтам жасауға негіз қалады.

Біріншіден, ғылыми-әдістемелік және ұйымдастырушылық жұмыстың тұрақты жұмыс істейтін үйлестіруші орталығы болу міндеті Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасына жүктелді. Екіншіден, республиканың жоғарғы оқу орындары мен мектептерінде жүргізіліп отырған жастар арасында толеранттылықты қалыптастыру бойынша алдыңғы қатарлы тәжірибелері, тәрбие жұмыстарының нәтижелері қорытындыланып, бүкіл елге насихатталады. Үшіншіден, толеранттылық сана-сезімді қалыптастырудың өзекті, теориялық-методологиялық, ғылыми-тәжірибелік негіздерін талқылау үшін «Толеранттылық тағылымдары» тұрақты түрде өткізілетін болады.

Ұйымдастырушылық жағынан жоғары дәрежеде өткен семинар-тренинг алдына қойған мақсатына толық жетті деп санаймыз. Семинар-тренингке жоғары оқу орындары мен колледждердің оқытушылары, студенттері, мектеп басшылығы, мұғалімдері мен оқушылары қатысты. Барлығы online семинар-тренингке республикамыздың 391 білім мекемесі қатысты. Ол мекемелермен кері байланыс жүйесі арқылы хабарласып, пікір алмасу және ұсыныстар қабылдау мен жасау жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, алдағы уақытта тұрақты өтетін online семинар-тренинг аудиториясы шеңберін кеңейту мәселесі де қарастырылды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- Гальперин П.Я. Введение в психологию. - М: Изд-во МГУД, 1999. -130 с.
1. Маклаков А.Г. Общая психология. -СПБ., 2004.
  2. Психология личности в трудах отечественных психологов. - СПб.: Изд-во "Питер", 2000. - 480 с.
  3. Рубинштейн С.Л. Проблемы общей психологии. -М., 1973.

*А.К. Мурзабекова, А.Н. Нурекенова*

#### **ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПОСТРОЕНИЯ ТЕСТОВЫХ ЗАДАНИЙ ПО ДИСЦИПЛИНЕ «ФИЗИЧЕСКАЯ И КОЛЛОИДНАЯ ХИМИЯ**

НАО «Университет имени Шакарима г. Семей»

*[aikowka\\_94@mail.ru](mailto:aikowka_94@mail.ru)*

Статья посвящена вопросу разработки тестовых заданий для дисциплины «Физическая и коллоидная химия», используемых как в традиционной системе обучения, так и в системе дистанционного обучения (ДО). Публикация представляет собой краткий обзор по созданию педагогических тестов для данной дисциплины. Анализируются

основные проблемы, связанные с проектированием тестовых заданий, необходимых для эффективного и качественного контроля и оценки уровня знаний учащихся.

При всей всеупотребительности понятия «тест» под ним понимаются нередко разные диагностические методики или существенно различающиеся задания. Терминология дидактического тестирования, достаточное количество автономных терминов, характеризующих разные подходы, типологизация, виды деятельности.

Обратимся к современным словарным определениям тестов:

Тест — это объективное и стандартизированное измерение, легко поддающееся количественной оценке, статистической обработке и сравнительному анализу.

Тест — стандартизированные задания, по результатам выполнения которых судят о психофизиологических и личностных характеристиках, а также знаниях, умениях и навыках испытуемого.

Тест — это система заданий, позволяющих измерить уровень развития определенного психологического качества (свойства) личности.

Тест — это специфический инструмент, состоящий из совокупности заданий или вопросов и проводимый в стандартных условиях, позволяющий выявить типы поведения, уровень владения какими-либо видами деятельности и т.п.

Тест — стандартизированное, часто ограниченное во времени испытание, предназначенное для установления количественных и качественных индивидуально-психологических особенностей [6, с.139].

Тест - это испытание, которое ставит своей целью градуирование, определение рангового места личности в группе или коллективе, установление её уровня. Тест направлен на личность, он должен служить средством диагноза и прогноза [7, с.27].

Тест - это испытательный эксперимент, носящий характер определенного задания, которое стимулирует определенную форму активности и выполнение которого, поддаваясь количественной и качественной оценке, служит симптомом совершенствования определенных функций [8, с. 3].

Анализируя приведенные определения можно прийти к выводу, что тесты должны соответствовать следующим требованиям:

- Стандартизация;
- Валидность;
- Объективность;
- Репрезентативность;
- Надежность.

Непростой задачей является то, что необходимо придерживаться всем требованиям при составлении тестов.

Формирование банка тестовых заданий по данной дисциплине требует от нас разработку тестов по различным блокам: для тематического контроля, для контроля знаний после раздела, модуля (промежуточный контроль), для проведения экзаменов после изучения всего курса.

Современная дидактика признаёт, что «проблема создания и внедрения в широкую практику образовательных стандартов по всем учебным предметам самым тесным образом связана с другой, не менее важной - достоверности и надёжности измерения уровня (степени) обученности человека в соответствии с каким-либо из этих стандартов».

В настоящее время наблюдается отсутствие методики построения тестов по «Физической и коллоидной химии» и отсутствие учебных и методических пособий для преподавателей вузов по построению тестов по данной дисциплине.



Выявляется необходимость создания некоторой единой («эталонной») системы тестов для проверки знаний и навыков по данной дисциплине при формировании знаний студентов.

В основе решения данной проблемы лежат следующие основные задачи:

1. Анализ педагогического опыта использования тестовых заданий для контроля знаний и разработка методики построения тестов для дисциплины «Физическая и коллоидная химия», изучаемой в педагогическом вузе.

2. Тематический отбор учебного материала предметной области «Физическая и коллоидная химия», изучаемого в педагогическом вузе для формирования тестовых заданий (выделение дидактических единиц учебного материала, определение целей обучения и полноты контроля знаний).

3. Разработка тестовых заданий для учебного курса «Физическая и коллоидная химия» педагогического института (наполнение тестов содержанием учебного материала).

4. Апробация разработанной системы тестовых заданий в реальном учебном процессе педагогического института (проведение педагогического эксперимента).

Спроектированная, построенная и экспериментально проверенная система тестов по дисциплине «Физическая и коллоидная химия» педагогических вузов может быть использована на занятиях со студентами при проверке и контроле полученных знаний.

Разумеется, тестирование не заменяет и не отменяет традиционных форм педагогического контроля, основанных на непосредственном общении учителя с учеником и преподавателя со студентом. Такой контроль выполняет важные обучающие функции, он вооружает педагогов информацией об уровне знаний их подопечных, о пробелах в их подготовке и даже об эмоционально-психологическом состоянии класса или студенческой группы. Другое дело, что традиционные формы педагогического контроля носят во многом субъективный характер и не позволяют получить сопоставимые данные, столь необходимые для управления процессом образования в масштабах учебного заведения, района, области, края, страны. А задачи такого плана давно уже встали перед обществом и государством.

На этапе контроля знаний и умений студентов перед преподавателями возникают ряд затруднений. Во-первых, это неготовность некоторых педагогов к использованию уже имеющихся методов контроля знаний и умений. Во-вторых, до сих пор не создан авторитетный научно-методический центр диагностического обеспечения, который мог бы руководить разработкой проблем педагогической диагностики, а также внедрением новых методик, процедур, организацией информационных банков данных и методик. Также можно отметить стремительно быстрый рост научно-технической информации, усложнение программ и учебных планов и конечно же компьютеризация обучения. К сожалению, сегодня компьютерные тесты создаются по примитивной технологии.

Но в любом случае тесты всегда будет являться обязательными составными частями контроля знаний и умений учащихся. Не зря тесты были признаны эффективным средством измерения (наряду с другими), которое можно использовать на всех этапах контроля знаний.

Кроме того, тестирование помогает существенно повысить заинтересованность студентов в результатах обучения, осуществить на практике принцип единства требований к уровню знаний, получить более объективную информацию о владении студентом определенными знаниями и умениями, соотнести эти данные с задачами обучения для своевременной коррекции процесса усвоения новых знаний.

Итак, оценив все преимущества и недостатки, необходимо учитывать, что конструирование и использование тестовых заданий при контроле знаний является процессом творческим, а именно индивидуальным, так как каждый преподаватель основывается на личный опыт, чтобы решить задачи тестирования наилучшим образом.

### Библиографический список

- Аванесов В.С* Композиция тестовых заданий. М.: Центр тестирования, 2002
- Бляхеров И.С., Савинова Л.И. Михалева Т.Г.* Основные принципы построения системы понятий и терминов педагогического тестирования//Стандарты и мониторинг в образовании. 2003. № 3
- Майоров А.Н.* Теория и практика создания тестов для системы образования. М.: Интеллект-центр, 2001. -296 с.
- Мельникова М.Б.* Теория и практика конструирования педагогических тестов. М.: Логос, 2002
- Михайлычев Е.Л.* Дидактическая тестология. М.: Народное образование, 2001. — 432 с.
- Бурлачук Л.Ф., Морозов С.М.* Словарь-справочник по психологической диагностике, отв. ред. С.Б. Крымский. – Киев: Наук. думка, 1989. С. 114-116.
- Рубинштейн С.Л.* Основы общей психологии. Изд.: Питер, 2002 г., 720 стр.
- Геллерштейн С.Г.* Прогностическая ценность тестов в связи с упражнениями // Тесты. (Теория и практика). – М, 1928. – С. 28-37

***Г.Т.Дакина.***

### ТҰЛҒАНЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ АЙМАҒЫН ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІНІҢ ЖҮЙЕСІ

*Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университеті, Семей қаласы*  
[tymail\\_64@inbox.ru](mailto:tymail_64@inbox.ru)

Қазіргі психология - педагогика ғылымының қарастыратын сұрақтарының көптігіне қарамастан, жоғары оқу орны студенттерінің эмоционалдық аймағын зерттеу жолдарымен тәсілдері әлі де жете зерттелмеген мәселелердің қатарында қалып отыр. Оны шешу жоғары оқу орнында студенттердің эмоционалдық сферасын зерттеуді есепке алуды талап етеді. Өйткені эмоционалды даму студент тұлғасын толыққанды қалыптастыруға үлкен үлес қосады.

Эмоционалды аймақ өте күрделі мәселе болғандықтан, ол арнайы кешенді зерттеуді талап етеді. Осыған байланысты объективті түрде туындап отырған мәселелерді бөліп көрсетуге болады:

- эмоционалды аймақты зерттеудің жоғары дәрежеде қалыптасқан қажеттіліктерімен олардың эмоционалды тұрақтылық үрдісін қалыптастыруды қамтамасыз ететін зерттеу базасы жеткіліксіздігі арасында;
- жоғары оқу орындарында студенттердің эмоционалды сферасын зерттеу нәтижелерін бағалаудағы өлшемдер деңгейінің қалыптаспауы;
- студенттердің эмоционалды сферасын зерттеулердің тиімділігін арттырудағы педагогикалық - психологиялық шарттардың жасалмауы.

Қазіргі заманда әлеуметтік экономикалық талаптарға бейімделудің қиындығы және адамзаттың өмірдің күрделі мәселелерін шешуге дайын еместігі түрлі күйде туатын психикалық күш жұмсауды күшейтеді. Тұлғаның эмоционалды аймағының ерекшеліктері көп жағдайда адамның өмірлік дамуына ықпал етеді.

С.Л.Рубинштейн өз теориясында эмоцияны қажеттіліктердің болуының субъективті формасы деп көрсетеді. Бұл дегеніміз - мотивация субъектіге эмоционалды құбылыс түрінде ашылады да оларға қарай іс-әрекетті бағыттайды [2].

А.Н.Леонтьев эмоцияны іс-әрекет жүйесінде қарастырды. Ол: Эмоциялар - өзіне іс-әрекетті бағындырмайды, қозғалыстың «механизмі» және «нәтижесі» болып табылады деп көрсетті. Эмоциялар ішкі сигналдар функциясын орындайды. Эмоция ерекшелігі, олар мотивтер арасындағы қатынасты бейнелейді.

Эмоционалды аймақ организмнің өмірлік қызметінің белсенді формасын қамтамасыз ететін негізгі реттеу жүйесінің бірі. Эмоцияның жоғары түрі адамның іс - әрекетінің өнімді болуына мүмкіндік туғызады. Жағымсыз эмоция адамның іс - әрекетіне азды - көпті зиян келтіреді. Олар қорқыныш, қайғы, абыржу, налу, үмітсіздену, үрейлену т.б. [1]. Қазіргі кезде психологияда эмоция жайындағы ілім және оның теориялық дамуы жалпы психологияның өзге тақырыптарымен салыстырып қарағанда өзіндік сипаты бар күрделі мәселелер қатарына жатады.

Эмоционалды аймақтың мәселесізерттеушілердің қызығушылықтарын туғызғаны айқын. Өйткені, нақ осы біздің эмоцияларымыз сол немесе өзге істерді орындауға және шешім қабылдауға итермелейді. Психология ғылымының жас ғылым екендігіне қарамастан, психологиялық білімдер негізі антикалық философтар мен дәрігерлер еңбектерінен бастау алады. Ежелгі грек философы Платон, эмоциялар жоғары интеллектуалды және төменгі қанағаттануларға бөлінетіндігін көрсетті.

В.А.Петровский жеке адамның «эмоционалды дамуының» екі аспектісін бөліп көрсетеді:

1. эмоционалды күрделілікке адамның тартылуы;
2. өзге адамдармен эмоционалды бірлікті орнатуы.

Эмоционалды құбылыстардың маңызды тобын тұлғаның эмоционалды сапалары, оның эмоционалды сферасының жалпы тенденциялары, эмоционалдылығы құрайды. [3].

Соныменен, эмоционалды аймақ дегеніміз – адамдардың заттарға, құбылыстарға, басқа адамдарға деген қатынасының субъективті қобалжуы дегенді білдіреді.

Эмоционалды аймақ қобалжу және сезімнен тұрады:.. Кез келген қобалжу бұл индивидтің қандай да бір қажеттілікке қанағаттану үрдісін бағалау. Адамның эмоционалды қобалжуы эмоция және эмоционалды күйге бөлінеді. Әр адам үшін жұмыстағы тиімділікті қамтамасыз ететін эмоционалды қозу дәрежесі болады. Эмоционалды қозудың тиімді деңгейі көптеген факторлардан, әсіресе орындалатын әрекеттің шартына, ерекшелігіне байланысты. Аса әлсіз эмоционалды қозу әрекетті қажетті мотивациямен қамтамасыз етпейді, ал күштісі оны бұзып, тәжірибеде басқаруды мүмкін емес етеді.

Б.Г.Ананьев өмірлік әрекет және еңбек ойланатын ғана емес, сезімтал адамдарға да арналған деп көрсетеді. Қоғамның назарын ерекше аударып отырған кез-келген жеке тұлғаға жас ерекшеліктеріне байланысты қажеттіліктердің қанағаттанбауы, әлеуметтік өмір талаптарына сәйкес болмауы, қоғамдағы құндылық нормалық жүйенің бұзылуы, индивидке әлеуметтік қалып әсерінен төмен деңгейі, өздерін төмен немесе жоғары бағалауына ықпал етеді. Әрбір жеке тұлғаға өзгелермен әрекеттестікке түсе білуге, өзін тануға, анықтауға, өзгелер алдында өзін бекітуге жағдай құру бүгінгі таңдағы отбасы қарым-қатынасының барысында жүзеге асырылатын үрдіс болып табылады [5].

Студент тұлғасы қалыптасуында іс-әрекет нәтижелілігінің төмендеуі өз кезегінде оның эмоционалды күйзелісі мен мазсыздануын күшейтеді, осылайша тұйық шеңбер пайда болады. Мазсызданудың жоғарғы деңгейі невротикалық сипаттағы түрліше функционалды бұзылуларға әкеп соғуы мүмкін. Біз мазсызданудың қолайсыздық қаупін алдын-ала сезумен байланысты, эмоционалды дискомфортты бастан кешу екенін анықтадық. Мазсыздық – қорқынышты эмоционалды түрде сезіну.

Қазіргі уақытта жеке адамды зерттеуде оқиғалы биографиялық көзқарас кең тараған. Бұл көзқарас жеке адам өмірінің ерекшелігін, оның нақты биографиялық ерекшеліктерін

ерекше көрсетуге бағытталған. Оқиғаларды бастан кешіру тәсілі жеке адамның психологиялық тағдырын анықтайтын болады. Бұл бағытта жұмыс жасағандар Б.Г. Ананьев, оның әріптестері және оқушылары болды. Олар жеке адамды өмірлік жолдың субъектісі ретінде қарау тәсілін жасады. Оқиға ұзақ уақытқа маңызды шешім қабылдайтын бұрылысты кезең.

Іс-әрекет нәтижелерінің талдауы арқылы өткізілетін психодиагностикалық әдістерінің бірі – контент - талдау болып есептеледі. Бұл жерде алдын - ала белгіленген сызба бойынша сыналушының жазбаша жұмыстары, шығармалары, хаттары, мағыналы талдауға түседі. Контент - талдаудың міндеті - адамның жазбаша шығармашылығы ақылы психологиялық мінездемесін анықтау және оған баға беру. Жазбаша жұмыстардың сұрыптау әрекеттері материалдағы кейбір элементтердің жиі кездесетіндігінде, кейін олардың жиілігі есептеліп, психологиялық қорытынды жасалады. Қазіргі кезеңде контент - талдау аудио-бейне талдауда кеңінен қолданылады. Эксперименттің психодиагностика әдістер ретіндегі ерекшелігі сыналушының кез - келген қасиетін бағалау үшін арнай психодиагностикалық эксперименттің өткізілуі болып табылады. Мұндай эксперимент әрекетіне сыналушының бойындағы зерттеуге алынған қасиеті айқын байқалуы үшін жасанды жағдай енгізіледі. Психодиагностикалық экспериментті ұйымдастырып өткізудің нәтижесінде зерттеуші сыналушы туралы арнайы эксперименттік жағдайдағы бақылау арқылы, қалаған мәліметтерін ала алады. Қолданылатын тесттік тапсырмалардың типіне байланысты әдістемелер келесі топтарға бөлінеді: сауалнамалы (мұнда сыналушыға арналған сұрақтар кіреді), бекітуші (сыналушы келісетін немесе келіспейтін ойлар қолданылады), өнімді (сыналушының белгілі бір шығармашылық жұмысы қолданылады: ауызша, бейнелі, т.б.); әрекеттік (сыналушы орындауға арналған кейбір әрекет жасайтын тапсырмалар алады); физиологиялық (психодиагностика ағзаның еріксіз физикалық реакцияларын талдау негізінде өткізіледі).

Ситуативті мазасыздану деңгейін төмендету үшін, ғалымдар музыкалық қозғалыс әдісін ұсынды. Бұл әдістеме бойынша, классикалық және халықтық музыкаларда қозғалысты понтомимикалық түрде қайта жаңғырту керек. Бұл эксперимент өзекті психологиялық калыптың өзгеруін көрсетті: яғни, жалпы эмоционалды тонның артуы және ситуативті мазасыздану деңгейінің төмендеуі байқаған. Психологиялық күйді зерттеуші Н.Д.Левитов эмоциялық күйді барлық психикалық әрекеттер өтетін және қоршаған заттар мен құбылыстаға байланысты фон ретінде көрсетеді. Бұлар жеке адамның күйі мен даралық ерекшелігіне байланысты деп көрсетеді [6].

Эмоцияның сапасын физиологиялық көрсеткіш бойынша диагностикалауға бола ма деген сұрақ ғалымдар арасында әлі зерттелуде. Бірқатар ғалымдар эмоционалдық қобалжу сапасы көп жағдайда физиологиялық көрсеткіштердің реактивтілігі және интенсивтілігімен анықтала бермейді.

П.В.Симонов «біздің жағымды, жағымсыз эмоциялардың физиологиялық механизімі туралы шынайы білімдеріміз көп жағдайда шектеулі болып қалады» дейді. Адамның қобалжуы және түйсінуі жөніндегі қарама қайшылықтар сезімдік шаршау үлгісінде беріледі. Кейбіреулер жұмысқа қабілеттілік және шаршау көрсеткіштерінің арасындағы айырмашылықтарға зейін аударады [7]. Ал басқа зерттеулерде өзіндік көңіл - күйді бағалау әдістемесі бойынша адамның нейродинамикалық және темперамент ерекшелігіне байланыстылығын көрсетті. Адамның эмоционалды аймағын зерттеудің психологиялық әдістері негізінен сауалнамаларға негізделеді және адамның эмоционалдық ерекшеліктерін анықтайды (ондағы эмоцияларды және эмоционалдық тұрақтылыққа байланысты).

Эмоцияны бет әлпет экспрессиясы бойынша тануды анықтау үшін әдістеме құрастыруға алғашқы қадам жасаған Э.Боринг, Э.Тиченер болды. Олар 1859 жылы неміс анатомы Т.Пидерит құрастырған схемалық суреттерді қолданды. В.А.Лабунская эмоционалдық күй экспрессиясының вербальді фиксация белгілерінің әдісін жасады. Бұл әдіс әлеуметтік перцепция аймағында психологтар кеңінен қолданатын сөздік портрет

әдісінің нұсқасын бейнелейді. Зерттеуге қатысушыдан тапсырма орындауда басқа адамның әр түрлі ерекшеліктерін сипаттау талап етіледі. Сыналушының алдына алты эмоционалдық күйдің экспрессивті белгілерін сипаттау мақсаты қойылады: ыза, қорқыныш, жек көру, таңдану, қуаныш. Ол басқа адамның эмоционалдық күйін бағдарға алатын экспрессивті белгілерді атауы тиіс.

В.А.Лабунская көрсеткендей экспрессивті мінез - құлықты талдау белгілерді саналы табуға әрқашан мақсатты түрде жүзеге асырыла бермейді. Сондықтан экспрессивті мінез - құлықты тану ерекшеліктерін нақтылау үшін эталондарды зерттеуге көзқарас моторлық, кинестетикалық, эмитация және экспрессияның графикалық бейнесінің көмегімен жүзеге асады. Дегенмен, экспрессивті мінез - құлықтың моторлық эмитациясы эталондар экстернизациясы әдісі ретінде шынай болғанмен, оған талдау жасау қиын. Сондықтан бұл жағдайда зерттеуші психикалық күйдің кинестетикалық эталондарын талдау мақсатында қозғалыс тілін аударуға мәжбүр болады. Осы әдістің негізіне ерікті графикалық ассоциацияланған - пиктограмма әдісі жатады. Пиктограмма өзінің сыртқы сипаттамасы бойынша экспрессивті күй бейнесіне жақын (пиктограмма-бұл экспрессия бейнесі), және пиктограмма кенеттен іске қосылады және қалыптасады. Экспериментте сыналушыға сөздер тізбегі көрсетіледі маңызын және мағынасын олар графикалық түрде бейнелеуі тиіс: ыза, қорқыныш, жек көру, таңдану, қуаныш. Графикалық фиксация әдісінің өзіндік артықшылықтары бар, адам сөзбен жеткізуге қиындық туғызатын нәрселерді бейнелей алады. Сонымен қатар пиктограмманың кемшілігі тапсырманы табысты орындалуы адамның көркемдік қабілетіне көп жағдайда байланысты.

А.Е.Ольшанникова зертханасында эмоционалдылықты зерттеудің төрт әдістемесі (сауалнамалар) құрастырылды: үшеуі - жетекші эмоцияның модальдылығын анықтау үшін және біреуі-эмоцияның (экспрессивтілікті) көріну құралын анықтау үшін. Бұл әдістемелердің диагностикалық күшіне сенімсіздік танытқан кейбір зерттеушілер қосымша эмоцияны хронологиялық тіркеу әдісін (эмоционалды күнделік) қолданды, сыналушыға бір ай бойы хронологиялық тәртіпте белгілі бір көрсеткіштер тәртібімен күнделікті өмірде көрінетін өзінің эмоциясын тіркеуді ұсынды. Сыналушы арнаулы бланкіге өзінің эмоционалды қобалжуын, белгісін, интенсивтілігін, іс- әрекет түрін жазып отырды.

Психологияда эмоционалдық күйді анықтауда қолданылатын психодиагностикалық әдістерді пайдаланудың өзіндік ерекшеліктерімен белгілі бір талаптар жүйесі бар. Аталған әдістер зерттеу әрекетінің қатаң жұмыс тәртібімен (ережеге қатаң ұстану, ынталандыру материалын ұсынудың анықталған тәсілдері, сыналушының әрекетіне зерттеушінің килікпеуі); Үлгімен (нәтижелерді юағалаудың өлшемдері мен басқа белгілер), сенімділік және валидтілік пен сипатталады. Стандартталған әдістер адамды басқалармен санды және сапалы түрді салыстыруға болатын диагностикалық ақпаратты өте қысқа мерзімде жинауға мүмкіндік береді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. *Аболин Л.М.* Психологические механизмы эмоциональной устойчивости человека. Казань: Изд. Казан, ун-та, 1987.
2. *Рубинштейн С.Л.* Основы общей психологии. :ПИТЕР,1999.- 54 с.
3. *Петровский А.В.* Личность. Деятельность. Коллектив. – М.: Политиздат, 1982. – 225 с.
4. *Джакупов С.М* Управление познавательной деятельностью студентов в процессе обучения. Алматы, 2002 .- С. 187
5. *Ананьев Б.Г.* Избранные психологические труды (Под рук. А.А.Бодалева и др.) В 2-х тг. - М, 1980, т 1.
6. *Левитов Н.Д.* Фрустрация как один из видов психических состояний //Вопросы психологии. - 1992. -№ 6. - С.168-173.
7. *Симонов П.В.* Адаптивные функции эмоций // Физиология человека. - 1996. - № 2. - С.5
8. *Ольшанникова А.Е.* К психической диагностике эмоциональности. // Проблемы общей, возрастной и педагогической психологии. М.: Педагогика, 1978.- С. 93-105.

*Далбина С.С., Қуанышбаева М.Ф., Сапарова Г.С.*  
ТҰҒЫ СУ ҚОЙМАЛАРЫНЫҢ ОМЫРТҚАСЫЗДАРЫН МЕКТЕПТЕ  
БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУ  
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ  
*sambo\_1984@mail.ru*


Биология сабағында оқытылатын объектілер мен үрдістердің әртүрлілігі жалпы білімділік ақпараттық және оқушының ойлау дағдыларының дамуы үшін орасан зор мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді. «Биология» пәні бойынша оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттары оқушылардан өздерінің дағдыларды үйренуі туралы ой-пікірлерін білдіріп, оны талдай және бағамдай білуді талап етеді. Әдістердің тиімділігі мұғалімнің оларды әдістемелік тәсілдермен байыта білуіне байланысты. Әңгімелеу, сұхбаттасу барысында табиғи объектілерді, суреттемелерді, сызбаларды, жүйелеуші және жинақтаушы кестелерді пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, негізгі материалды игеруге жағдай жасайды. Мектепте биология пәнін оқытуда теориялық білімді материалмен байланыстыру биолог мұғалімдерге біршама қиындықтар тудырады. Шаян тәрізділерді биология сабақтарында қалай жан жақты қолдануға болатыны ойландырады [1,2].

6 сынып биология курсына «§43 Табиғаттағы қозғалыс» тақырыбында жануарларды сыртқы және ішкі қаңқалы деп екіге ажыратады [3]. Шаян сауыты тері жасушалары бөліп шығаратын хитинді заттардан түзілетінін, ол минералды тұзды сіңіру арқылы біртіндеп қатайтынын, жергілікті аймақтық компонент ретінде өзен шаянын оқушыларға көрсетуе болады (сурет 1) .



Сурет 1. Шаянтәрізділерді оқыту барысы

7 сынып биология курсына балықтар, қосмекенділер, жорғалаушылар, қосмекенділер, құстар, сүтқоректілер кластарымен шаяндарды салыстырмалы түрде жүйке жүйесі, ас қорыту, қан айналу жүйесі, зәр шығару жүйесі, тыныс алу жүйесі қарастырылған. Осы тақырыптар 8 сыныпта да спиральды қағида бойынша жаңа мәліметтермен терендетіліп толықтырылған. Осы тақырыптарды өту барысында «Фишбоун» әдісін қолданған тиімді. Бұл әдісте оқушы мәтінді оқып шығып, балық басына мәселені жазады, үстіңгі қаңқасына себептер, астыңғы қаңқасына дәлелдер, фактілер, құрсағына қорытынды жазылады [4]. Бұл 2 суретте берілген:



Сурет 2. «Фишбоун» әдісі

7 сынып биология курсына «§38 Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың қозғалыс мүшелері» тақырыбында өзен шаянының қозғалыс мүшесі сипатталған [4]. Жергілікті аймақтық компонент ретінде осы сабақта өзен шаянының бес жұп аяқтарын көрсетіп, оның алдыңғы бір жұбы қысқышқа айналғандығын көрсетуге болады (сурет 3).



Сурет 3. Өзен шаянының аяқтарын оқушыларға оқыту барысы

8 сынып биология курсына «§9 Жануарлардың басым типтері мен олардың кластары» тақырыбында, буынаяқтылар типі шаянтәрізділер класына сипаттама беріледі [5]. Жергілікті аймақтық компонент ретінде өзен шаянын және таңқы шаянын көрнекі құрал ретінде қолдануға болады (сурет 4).



Сурет 4. Шаянтәрізділер өкілдерімен таныстыру

Шаянтәрізділерді ҰБТ тапсырмаларында жиі кездестіреміз, шаянтәрізділер туралы мәліметтерді жақсы есте сақтау үшін оқушыларға «Биологиялық диктант» әдісін қолдану тиімді. Мысалы: 1) Хитин- жасуныққа ұқсас ағзалық зат. 2) Жүрегі және қан тамырлары қанды дене қуысына айдайды. 3) Зәр шығару жүйесі дененің бас бөлігінде орналасқан. 4) Циклоптар кейбір құрттардың аралық иесі болып табылады. 5) Екі жұп мұртшасы бар жәндік- шаян. 6) Өзен шаянтәрізділердің тыныс алу мүшесі – желбезек [6].

Тиімді әдіс-тәсілдер - сапалы сабақ кепілі, сондай әдістердің бірі «ДЖИГСО». Үш бөлікке бөлінген тақырып үш топқа таратылады. Әр топ өз ішінде талқылайды, содан соң

топтан бір сарапшы таңдалып ол келесі топқа өз мәтін бөлігін түсіндіреді. Сарапшылар сағат тілімен бір топтан екіншісіне айналып өз тобына жеткенде әдіс аяқталады, нәтижесінде тақырып туралы әр топ толық мәлімет алады [7].

«Галереялық шарлау» әдісі арқылы оқушы шығармашылығын мұғалім арқылы емес, өз іс-әрекеті арқылы жеткізеді. Сабақ түсіндіріліп болған соң I топ «Өзен шаянының қозғалыс мүшесі мен қоректенуі», II топ «Өзен шаянының жүйке жүйесі мен қан айналу жүйесі», III топ «Өзен шаянының зәр шығаруы мен көбеюі» тақырыптарына постер құрастырады, содан соң тақтаға іліп қорғайды. Әр топ қарсылас топтардың постерлеріне өз пікірлерін стикерлерге жазып жапсырады. Соңында әр топ қарсылас топтар жазған пікірлерді талқылайды.

Биология сабағында «Артығын алып таста» әдісі арқылы буынаяқтылар типінің өкілдерін қаншалықты оқушылар ажырата алатынын аңғаруымызға болады. Шаянтәрізділер, өрмекшітәрізділер, бунақденелілер кластары өкілдерінің суреттер жинағы тақтаға ілінеді. Оқушылар артық суреттерді тақтадан алып тастау қажет. Мысалы, оқушыларға шаянтәрізділер өкілдерінің суреттерін таңдау тапсырылады, оқушы өрмекшітәрізділер мен бунақденелілер кластары өкілдерінің суреттерін тақтадан алып тастайды [8].

Шаянтәрізділерді оқытудағы осы әдіс-тәсілдер оқушының сыни ойлауын дамытуда жақсы нәтиже беріп, жаратылыстану сауаттылығын қалыптастырады. Өзгелерге білгенінді немесе білу керектіні үйрету үшін, алдымен, соны қалай үйретуді білу шарт. Мұғалім шығармашылығы – ұшы-қиыры жоқ ізденіс, өнер, қиял, тапқырлық, үйрену және даму. Үйретуші сөз арқылы емес, әрекет арқылы үйретуді басты назарда ұстағаны жөн. Сол кезде ғана берген білім сапалы, алған білім өмірлік болары анық. Осы әдіс-тәсілдерді мұғалімдер, әсіресе, жас мамандар, сабақтарында шығармашылықпен пайдаланауы керек.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

- Жанұзақ Н.* Биология: Оқу- әдістемелік құрал. // Алматы, 2017.
- Мамонтов С.Г., Захаров В.Б., Сонин Н.И., Қисымова Ә.Қ.* «Биология. Жалпы заңдылықтар». Оқулық // Алматы, 2006.
- Мұхамбетжанова С.Т., Тен А.С., Қыдырбек Ө.* Жаратылыстану 6 сынып //Атамұра, 2018ж.
- Очкур Е.Ф., Жандосовна К.Ж.* Биология 7 сынып // Мектеп, 2017ж.
- Соловьева А., Ибраимова Б.* 8 сынып Биология // Атамұра, 2018ж.
- Ұлттық тестілеу орталығы Биология пәні бойынша оқу әдістемелік құрал. // Астана, 2010.
- Әлімов А.Х.* «Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер» // Астана «НЗМ»ДББҰ, 2014.
- Валиева М. Б.* Алматы, «Ілім беру технологиялары және оларды оқу тәрбие үрдісіне енгізу жолдары». // Алматы, 2002.

#### *Д.Ж. Мухаметжанов*

#### ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті,  
Қазақстан, Семей қаласы, [sanzhikgo7868@mail.ru](mailto:sanzhikgo7868@mail.ru)*

Қазақ халқы о бастан бала тәрбиесін бәрінен жоғары қойған. Өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, сапалы білім бере білген. «Адам ұрпағымен мәңгі жасайды» деген халқымыз бар ықыласын балаға бөліп, болашағын бағамдаған.

Бала тәрбиесі жайлы қазақ ойшылдары әр түрлі ой-пікір айтқан. Жүсіп Баласағұнның өзі «Құтадғу білік» атты еңбегінде тәрбие жайлы: «...Баланың мінез-күлқы



жақсы тәрбиеден туындайды. Егер бала ебедейсіз, шамшыл, өбектеліп өскен болса, бұған бәрінен бұрын оның ата-анасы кінәлі. Отбасы үшін бала – зор қуаныш. Баласыз бақыт жоқ. Бірақ, баланың тууы ата-анаға зор міндет, жауапкершілік те жүктейді. Отбасы тәрбиесі бала мінез-құлқы мен психологиялық бейнесін қалыптастыру негіздерінің негізі. Сондықтан оны балғын шағынан оқытып, жақсылап тәрбиелеу керек. Үй шаруасы мен баланы дұрыс күтіп-бағу үшін тазалық сақтайтын әйелді таңда. Баланы тәрбиелеу әкенің де парызы. Егер бала тәртіпсіз болса, оған әкесі де кінәлі. Ақылды, білімді етіп тәрбиелеу үшін әке-шешесі баласын үнемі назарда ұстауы тиіс. Балаларды қолөнерге баулу, ғылым-білімге қызықтыру – ата-ананың қасиетті парызы. Балаңыз өмірде өксімес үшін оған білім мен кәсіп бер. Үлгілі тәртіптің негізі – білім, әдет-дағдыға машықтану. Сондықтан баланы кішкентайынан тіл алғызу, үлкендерді сыйлауға, ағайын-туысты, ата-ананы қастерлеуге үйрету керек», – дейді.

Тәрбиені қашанда құнды байлыққа балаған халқымыз бала тәрбиесіне ешқашан жүрдім-бардым қарамаған. Ал оған ұлттық сипат беру – ұлт болашағын ойлаудан туған даналық. Сондықтан да «Ұлт боламын десең, бесігінді түзе», – деп айтты ұлы Мұхтар Әуезов.

Тәрбие адамдардың пайда болуымен бірге туындаған. мінез-құлық кемшіліктері – бұл тәрбиені дұрыс бермеу нәтижесі деп есептелген. Халық баланың жас ерекшеліктерін және психологиясы туралы білімді ғасырлар бойы зерттеп жинаған. Баланың болашақта қалыптасуы біріншіден үлкендермен қарым-қатынасына байланысты болады. Зерттеуші ғалым-педагогтар және психологтар жылдар бойы бақылаған баланың ойын іс-әрекетіне байланысты бірнеше қорытынды жасады. Ата-ананың тәрбиелеу әсеріндегі маңызды ерекшелігі, баланың дидактикалық ойындар ойнауы, рухани және ақыл-ой тәрбиесіндегі маңызы көп және сол үрдісте баланың еңбек құралдары, мамандықтары туралы түрлі заттардың ерекшеліктері туралы біліп, білімде, жұмбақта және жаңылтпашта жарысады. Халық педагогикасы өзіне баланың өмірінің түрлі жақтарын қосып алды, соған қоса олардың денсаулығы, мінез-құлқы, мінез ерекшеліктері және т.б. Көптеген халықтар қыздың тәрбиесіне көп көңіл бөлген және оны жоғары бағалаған. Өйткені, қыз балаға ертеңгі ұрпақтың анасы, тәрбиешісі деп қараған. Халық педагогикасы тәрбиенің көптеген әдістерін қолданған. Ғасырлық тәжірибеде балаға тәрбиенің әсер ету әдістері мынадай: түсіндіру, оқыту, мадақтау, қолдау, көндіру, жеке үлгі, жаттығуды көрсету, ымдау, тұспалдау, жазалау т.б. Включить звук

Қара сөздер – жанұя педагогикасында кең тараған тәсіл. Халық педагогикасында қара сөз кодекстері кездеседі үлкеннің-кішіге, ұстаздың-оқушысына, халық кеменгерінің-жастарға, әкенің-балаға арналған. Халық педагогика тәрбиесінде түрлі афоризмдер бар, оны педагогикалық категорияға қосады: бағыттаушы, алдын ала айту, сынау т.б. Халық педагогикасында кең тараған тағы бір әдіс – үйрету. «Затты сумен жуады, баланы үйрету арқылы тәрбиелейді». Балаға үйрету арқылы үлкендер оларға тапсырма береді, оның орындалуын тексереді, мысалдар, мінез-құлық және әрекет үлгісін көрсетеді. Сендіру – бұл тәрбие әдісін өзіне түсіндіру және дәлелдеу, яғни нақты үлгілерді көрсету жатады. Бала белгілі түсініктерден, әрекеттен күдіктенбеуі тиіс. Алдымен рухани тәжірибе жинап, кейін оны басқаруға қолданады.

Мадақтау және қолдау – бұл тәрбие әдісі жанұя тәрбиесінің тәжірибесінде кең қолданылады. Бала әрқашанда өзінің мінез-құлқына, ойына, жұмысына баға бергенді қажетсінеді. Жанұядағы ең бірінші мадақтау-ауызша мақтау және ата-ананың қолдауы. Мадақтау және қолдау балаға стимул болатын үлкен әсер береді. Халықта баланы жақсы әрекет жасауға тырысуы үшін мақтайды. Бұл жағдай балаға емес, ата-аналарына ризашылық білдіріп, мақтау берген.

Тұспалдап айту – тікелей немесе жанама, тәрбие әдісі ретінде әсер ету үшін бүкіл шығыс елдерінде қолданылады. «Қызым саған айтам, келінім сен де тында», – дегенге саяды.

Жеке өнеге (әсіресе, ата-аналардың) – бұл халық педагогикасында ең радикалды, ең

әрекетті әдіс болып табылады. Ата-ананың рухани бейнесі, олардың еңбегі, қоғамдық әрекеті, жанұядағы өзара қарым-қатынасы, заттарға қарым-қатынасы, өнерге – бұның барлығы балаға үлгі болып табылады және олардың тұлғалық дамуына, қалыптасуына үлкен әсерін тигізеді. Халық кемеңгері бала тәрбиесінде жағымды үлгіні айтады.

Ата-ананың бата беруі – халық педагогикасында ақындық форманы алатын тәрбиенің бір түрі. Жастарға ата-ананың бата беруі, олардың болашақ өмірлік позициясына үлкен әсер етеді.

Ойнау, еңбек ету және оқу барысында ақыл-ой, адамгершілік, физикалық және көркем тәрбие, даму процесі қатар жүреді. Бала осы кезде белгілі дәрежеде білім алады, іскерлікке үйренеді, өзін қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауға, қоғамдық өмірдің әдет дағдыларын игеруге бейімделеді.

Ойын, еңбек, оқу арқылы біз балаларға белгілі бір тұрғыда ықпал жасай аламыз. Ойын, еңбек, оқытуды өзара ұштастырған жағдайда ғана баланың жеке басын дамытуда толық нәтижеге жете аламыз. Көптеген жазушылар бала ойынының психологиялық мәнін көркем бейнелер арқылы ашқан. Бала ойын арқылы өзінің қуанышын, ренішін, арманын бейнелесе, ертеңгі күні, яғни болашақта сол арманын жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Бүлдіршіндердің білімді, білікті, саналы болуында ойынның алатын орны ерекше. Жалпы ойынның қандай түрі болса да атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырады.

Ұлттық ойындардың негізгі мақсаты – бала бойына өнердің нұрын себу. Ұлттық ойындардың заман талабына сай өзгертіліп, жаңартылып отырғандары жөн. Балалар – біздің болашағымыз, өміріміздің жалғасы. Олардың ойын арқылы алған тәлім-тәрбиесі болашақта балаға дұрыс жол көрсетеді.

Бүгінгі таңда ХХІ ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындап, педагогика ғылымында ұлттық сананы қалыптастыру көкейкесті мәселелердің бірі болып отырғаны анық. Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу қажет.

Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» халыққа жолдауында былай деп жазылған: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн».

Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, қиын балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы.

Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағы.

«Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлттың тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» – деп, кезінде ғалым М. Жұмабаев айтып өткеніндей, ұлт тәрбиесін білім алушыға дұрыс деңгейде бере білсек, бүгінде белең алып жатқан жастар арасындағы келеңсіз оқиғалардан арылуға жол салған болар едік.

Ұлттық тәрбиелік білім жас ұрпақты әсемдікті игеруге, сұлулықты сезініп, қастерлей білуге, оны өз бойына дарыта білуге, яғни, эстетикалық тәрбие бере білуге, ең бастысы рухани даму сипатына жетелейді. Ұлттық тәрбиелік білім беру арқылы, жас өскелең ұрпақты халықтың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпымен таныстырып, адамның ішкі сезімін, жан дүниесін түсіне білуге бағыттауға ұмтыламыз. Халқымыздың сан ғасырлардан келе жатқан ұлттық мұрасын оқу-тәрбие ісімен сабақтастыра отырып тәрбиелеу, ұмыт қалған салт-дәстүр, ұлттық ерекшелігімізді насихаттап, олардың бойына ұлттық психологияны қалыптастыру – әрбір ұстаздың міндеті.

Отбасындағы бала тәрбиесі бүгінгі таңда ғылым мен технологияның даму әсерінен өзгеріске ұшырап бара жатқаны белгілі. Бала ата-ана тәрбиесінен гөрі теледидар мен интернет тәрбиесін алып жатыр десек те болады. Сонда біз болашақ ұрпағымызды

тәрбиелерде нендей бағыт ұстауымыз қажет деген ой көкейге ұялайды. Осы жолда бұрынғы дана Абайды тәрбиелеген әже тәрбиесі, Шоқанға әсер еткен Айғаным тәрбиелері бүгіндегі ата-ана мен ата-әжелеріміздің ескеруінде болмауы. Яғни, біз балаға ертегі айта отырып, жаттау жаттатқызып, білім мен тәрбиені егіз ұғымда қатар жолға қояр болсақ, отбасындағы ұрпақ тәрбиесі дұрыс жолға негізделері анық. Осы тұрғыда Бауыржан Момышұлы: «Біріншіден, бесік жырын айтатын келіндердің азайып бара жатқанынан қорқамын, екіншіден немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбейіп бара жатқанына қорқамын, үшіншіден, дәстүрді сыйламайтын балалардың өсіп келе жатқанынан қорқамын», – деп айтқан.

Ұлы Абай ағамыз қазақ отбасындағы кездесетін баланы жасынан алдап түбінде өтірікшілікке, сұм адамшылыққа баулып үйрету сынды тәрбиеге қайшы келетін тұстарды сынға алады. Ондай кемшіліктерді ол өз қара сөздерінде былай жеткізеді: «Әуелі балаңды өзің алдайсың, «ананы берем, мынаны берем» деп бастап, балаңды алдағаныңа бір мәз боласың. Соңыра балаң алдаушы болса, кімнен көресің? «Боқта» деп біреуді боқтатып, «кәпір қияңқы, осыған тимендерші» деп, масаттандырып тентектікке үйретіп қойып, сабаққа бергенде молданың ең арзанын іздеп, «хат таныса болды» деп, «қу, сұм бол» деп тірі жанға сендірмей, жат мінез қыласың. Осы ма берген тәлімің? Осы баладан қайыр күтесің бе?», – дейді.

Әрине, баланың сана-сезімі, ақыл-ойы осы нәресте кезінен қалыптасатынын естен шығаратын тұстарымыз көптеп кездеседі. Ал, біздің ата-бабамыздың ұлттық тәрбиесі осындай бала тәрбиесін жете ойлап, жан-жақты қарастырып, тәрбие бастауларын нақтылап, негіздей білген.

Белгілі әдебиет зерттеушісі әрі жазушы Шеген Ахметов: «Ежелгі Қазақстандағы тәрбие ісі негізінен, басты-басты сегіз түрлі мәселені қамтыған.

Біріншіден, тәрбие басы әдептілікке үйретуді көздеп, әдепті бол дегенді басты міндет етіп қойған.

Екіншіден, мейірімді болуға тәрбиелейді.

Үшіншіден, тілалғыш, елгезек бол деп үйретеді. Бұл еңбекке баулудың алғашқы көрінісі болатын.

Төртіншіден, адалдық пен шындыққа баулуды көздеген.

Бесіншіден, білгір бол, ұстаз бен ғалымдардың, көпті көрген данышпан қариялардың сөзін тыңда, ақпақұлақ болма, құйма құлақ бол дегенді бойларыңа сіңіре берді.

Алтыншыдан, үлкенді, ата-ананы сыйлауға үйретуді басты міндет етіп қойған.

Жетіншіден, кісі айыбын бетіне баспа дейді халық тәрбиесі. Бұл кемшілікті айтпа деген сөз емес, қаріп-қасерлердің табиғи кемдігін (мұрны пұшық, көзі қисық, аяғы ақсақ деген сияқты) көрсетпе деген сөз.

Сегізіншіден, ел қорғаны батыр бол, халық алдында қызмет ет, бар өнеріңді соған жұмса дегенді үйретеді», – деп ұлттық тәрбиелеудің маңызы мен ерекшеліктерін саралап, талдап береді.

Қазақ отбасында ұлттық тәрбиенің негізі – халықтық педагогика болғандықтан, баланы ұлттық салт-дәстүрлер аясында тәрбиелегенін кәрі тарих та дәлелдеп береді. Яғни, құрсақ тойы, шілдехана, сүйінші, қырқынан шығару, бесік тойы, тұсау кесер, сүндетке отырғызу тағы басқа салт-жоралғылар қатаң ұсталып, басшылыққа алынып отырған. Бұлардың ұлттық ерекшеліктері мен тәрбие негіздері бар. Халқымыздың тәлім-тәрбие беретін әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлері мәдени құндылықтарымыздың ажырамас бір бөлігі болып табылады.

Қазақстанда ұлттық мерекеміз Наурыздың өзінен жастардың алар өнегесі мол. Құяр сағасы ұрпағының тәрбиесін ұлттық тәліммен ұштастыра білу. Қазақ халқының ұлттық мейрамдарында айтылатын өлең-жырларға дейін адамға жақсылық, қайырым жасау, табиғатқа, жан-жануарларға сөз құдіретімен оң ықпал ету көзделгендігін көреміз.

Батырлар жырлары мен лиро-эпостық жырларда, ертегінің түрлерінде де көзделетін мақсат келер ұрпақты батыр, қырағы, алғыр азамат етіп тәрбиелеу. Жастарға балбөбек кезінде ұлттық тәрбиені сіңіру тиімдірек. Бала шыбық тәрізді, қайдан жарық шықса, соған қарай бұрылып өседі. Оған қоса, балаға әсер ететін тартымды әуен екенін ескеріп, ұлттық аспаптармен орындалатын әндерді, күйлерді ақырын ғана қосып қойып, санасына әсер ететіндей, құлағын үйрете берген дұрыс. Әр түрлі ою-өрнектермен әшкейленген суретті кітапшаларды халықтық музыка әуенімен біртіндеп ашып, көзін жаттықтыра беру керек.

Халық жырауларының термелерін, ертегілерді тыңдату – бала бойына патриоттық сезімін ұялататын бірден-бір тәсіл болмақ. Жас балаларға және ата-аналарға арнап республика көлемінде көп таралыммен халықтың ата-мұрасынан қалған құнды ертегілер, мақал-мәтелдер жалпы ауыз әдебиеті үлгілерін бала сана-сезіміне лайықтап, қалыптасқан шығармаларды сұрыптап шағын кітапшалар етіп шығару қажет.

Бала тәрбиесіне жіті көңіл бөліп, әр жас ерекшелігіне қарай білім берумен сабақтастырған орынды деп ойлаймын. Ол дегеніміз бала дүниеге келгенде бесікке бөлеп, бесік жырымен сусындатудан басталғаны абзал. Өйткені, ананың әлдіне жететін әдемі ән әлемде жоқ.

Балаға жасына сай жұмбақ шешкізіп, батырлық жырларды жаттатқызып, жан-дүниесіне жақын мамандыққа қарай икемдеуге септігін тигізер болсақ, болашағынан үлкен үміт күттірер, өз елінің болашағын ойлар азамат тәрбиелеген болар едік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тілеужан М. Рухани өнегелі тәрбие // Бала тәрбиесі. — Алматы, 2006. — № 2. — 24-б.
2. Ахметова М.Т. Адамгершілік-рухани тәрбиенің маңыздылығы // Өзіндік таным. — Алматы, — № 2. — 18-б.

**Макишева М.Е., Аманбекова Д.Қ., Сайлауова Ә.Қ.**  
ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ  
БОЙЫНША ҰЙЫМДАСТЫРУ

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ  
[fl-701@mail.ru](mailto:fl-701@mail.ru)

Жаңартылған білім беру жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ – ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді [1].

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялық бағалау жүйесіне өтеді. Критериялды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау түрлері баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады [2].

7-9 - сыныптардағы физика курсының оқытудың мақсаты – оқушылардың ғылыми көзқарасының негізін қалыптастыру. Әлемнің жаратылыстанымдық-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауды, бақылау қабілеттерін дамыту және табиғат құбылыстарын талдау және таңдау арқылы өмірге қажетті практикалық есептердің шешімдерін таба білуге дағдыландыру.

Қазіргі кезеңде өздігінен білімді игеруі үшін оқушының белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Мұндай тәсіл пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады. Жаңартылған білім беру бағдарламаларының мазмұндық ерекшеліктері:

- пән мазмұнын жобалаудың күрделілік ұстанымы, яғни білім мен біліктерді арттыруда оқу материалын тігінен, сондай-ақ көлденеңінен біртіндеп кеңейту (білімді тақырыптар бойынша және сыныптар бойынша күрделендіру);

- таным заңдылығы мен пәндік операциялардың неғұрлым маңызды түрлері бойынша ойлау дағдысының деңгейлік жіктелімдеріне негізделген Блум таксономиясы бойынша оқыту мақсаттарының иерархиясы;

- білім беру деңгейлері және тұтас оқыту курсы бойынша педагогикалық мақсаттардың пәнішілік байланыстарды барынша ескеруге мүмкіндік беру;

- бір білім саласы пәндері арасында, сондай-ақ пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру барысында «ортақ тақырыптардың» болуы;

- бөлімдер мен ұсынылған тақырыптар мазмұнының уақыт талабына сәйкес болуы, әлеуметтік дағдылардың қалыптасуына назар аудару;

- оқу процесін ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлар түрінде технологияландыру болып табылады. Оқушылардың Әлемдегі жаратылыстанымдық - ғылыми бейнесін тұтастай қабылдау, ғылыми көзқарастарын қалыптастыру, бақылау қабілеттерін дамыту және табиғат құбылыстарын талдау және таңдау арқылы өмірге қажетті практикалық есептердің шешімдерін таба білуге дағдыландыру «Физика» пәнінің мақсаты болып табылады. Жаңартылған білім мазмұны бойынша физиканы оқытудың негізгі міндеттері:

- оқушылардың Әлемнің қазіргі физикалық бейнесінің негізінде жатқан заңдылықтар мен принциптер туралы білімді алуына, табиғатты танудың ғылыми әдістерін меңгеруіне ықпал ету;

- оқушылардың зияткерлік, ақпараттық, коммуникативтік және рефлексиялық мәдениетін дамытуға; физикалық экспериментті орындау және зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын дамыту;

- оқу және зерттеу қызметіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;

- алынған дағдыларды табиғат ресурстарын пайдалануда және қоршаған ортаны қорғауда, адамды және қоғамды қауіпсіз өмір сүрумен қамтамасыз етуге қолдану.

Оқушылардың ғылыми ойлау және танымдық қабілеттерін дамыту – физика пәні мұғалімінің маңызды мақсаттарының бірі. Оқу үдерісі оқушының ойлау дағдыларының

дамуына ықпал етуі үшін талдау, салыстыру, сәйкестендіру, дербес, ортақ және ерекше белгілерін анықтай білу, абстракцияландыру, жалпылау, қорытынды жасау сияқты ойлау амалдарын қолдануды үйрету керек. Оқу үдерісінде оқушылардың теориялық және практикалық ойлау дағдыларын қатар қалыптастырудың маңызы зор. Ғылыми ойлаудың сипаттары – зерттеу мақсатын анық белгілеу, ғылыми болжамдар жасау, зерттеу әдістемесін белгілеу, зерттеудің негізгі кезеңдерін анықтау, зерттеу жұмыстарын жасау, алынған нәтижелерді талдау және қорытындыларды тұжырымдау болып табылады. Бақылау, тәжірибе жасау, алған білімдерін жүйелеу және жалпылау, физикалық теория негізінде құбылыстарды түсіндіру, шығармашылық таныту, теориялық ойлау сияқты қабілеттерін қалыптастыру оқушылардың ғылыми ойлау дағдыларының дамуына ықпалын тигізеді. Оқушылардың физика пәніне қызығушылығын арттыру мұғалім үшін өте маңызды. Ол үшін сабақты көрнекілік құралдармен қамтамасыз ету, физикалық эксперименттер жасау, сабақтың ғылымилығын жоғарылату, проблемалық жағдаяттар туындату, оқушылардың өз бетінше жұмыстарын ұйымдастыру, шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды пайдалану және ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу, т.б. белсенді оқу әдістерін қолдануға болады. Мұғалімдердің пайдаланатын оқыту әдісі оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз ету үшін маңызды. Мұғалімдер пайдаланатын әдіс оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді. Педагогикалық әдістерді жетілдірмей тұрып, оқу бағдарламасын өзгерту білім беру стандарттарына қатысты реформалау шараларының мүмкіндіктерін және нәтижелілігін төмендетеді.

Білім беру процесін ұйымдастырудың барлық инновациялық тәсілдер оқытуды білім, идеялар және іс-әрекет тәсілдерімен белсенді түрде алмасуды көздейтін оқушының шынайы шығармашылық процесіндегі қарым-қатынас моделіне айналдырады.

Мұғалімдер оқуды бағалаумен (жиынтық бағалау) қатар, оқу үшін бағалауды (қалыптастырушы бағалауды) пайдаланғанда, бағалау оқудағы аса пайдалы құралға айналады. Оқу үшін бағалау – оқушылар белгілі бір уақыттың ішінде өз білімдерінің деңгейін өздері бағалайтын, кейін мұғалімдермен бірге өзін-өзі жетілдіру жолындағы келесі қадамдарын айқындайтын үдеріс. Ашық сауалдар, бір-біріне өзінің оқу мақсаттары туралы айтып беру сияқты әдістер оқушылардың өз біліміне белсенді қатысу қабілетіне қатты әсер етеді. Егер бұл тиімді іске асырылса, оқушыларда рефлексия жасауға жеткілікті уақыт қалады. Оқушылар жұппен де, жеке де өз білім деңгейлерін бағалауға және оған қалай жеткенін түсінуге мүмкіндік алады. Олар өзін және бір-бірін бағалайды, бұл тақырыпты тереңірек түсінуге ықпал етеді. Оқушылар өзінің оқу үлгерімінің деңгейін біледі және алға қойған мақсаттарына қарай жылжиды.

Білім алуда тәуелсіздікті қамтамасыз ету оқуды даралаудың шешуші критерийі болып табылады. Кейбір оқу модельдерінде мұғалім оқу үдерісінде өте басым позицияда болады. Мұғалім оқу мақсаттары мен оларды іске асырудың нақты тәсілдерін таңдайды; тапсырманы орындау барысында оқушыны бағыттап отырады; тапсырманың орындалу мерзімі мен жұмыстың ұзақтығын басқарады, күтілетін нәтижелерді анықтап, оқушылардың оқу үдерісін бағыттап, кері байланыс ұсынады. Осындай типті жүйеде оқушы мұғалімге тәуелді болады. Керісінше болған жағдайда, оқушы жұмыстың жеке құндылығын айқындап, оқудың мақсаты мен мазмұнын белгілейді, жұмыстың мерзімі мен орындалу ұзақтығын, сондай-ақ нәтижесі қандай бола керектігін анықтайды. Мұндай жүйеде оқушы үшінші тұлғалардың басқаруынан тәуелсіз болады. Екі тәсілдің де артықшылықтары бар және оларды белгілі бір жағдайларға қолдануға болады. Бірақ оқушылар есейіп, білімнің күрделенуіне және кәсіби қызметке тартылуына байланысты тәуелсіздікке қажеттіліктері артады.

Жаңартылған бағдарлама бойынша әр мұғалім мынадай нәтижелерге қол жеткізеді: жаңартылған оқу бағдарламасының құрылымына; жаңартылған оқу бағдарламасының мазмұны мен жүйесіне; оқу бағдарламасының және оны іске асырумен байланысты құжаттамалардың мақсаты мен ресімделуіне; білім беру бағдарламасын іске асыруға көмектесетін тиісті педагогикалық тәсілдерді біледі және түсінеді. Жаңартылған

бағдарлама бойынша әр мұғалім мазмұн мен жүйелілікті, білім беру бағдарламасын іске асыруға көмектесетін тиісті педагогикалық тәсілдерді қолдана алатын нәтижелерге қол жеткізеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. 2012ж.
- 2 «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы Тренерге арналған нұсқаулық. 2016ж.
- 3 Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Физика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы. Астана: «НЗМ» ДББҰ, ПШО. 2017.

*А.И. Матукова, Д.Г. Матукова-Ярига*

ФОРМИРОВАНИЕ ГОТОВНОСТИ СТУДЕНТОВ-МЕДИКОВ К  
САМООБРАЗОВАНИЮ В УСЛОВИЯХ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ ВУЗА  
*НМУ «Университет имени А.А. Богомольца г.Киев» Украина*  
[deborah88@ukr.net](mailto:deborah88@ukr.net)

Сегодня, учебные заведения должны готовить студентов к гораздо более быстрым экономическим и социальным переменам, чем когда-либо прежде, к профессиям, которые только начинают появляться на рынке или еще даже не созданы. Будущих профессионалов необходимо нацеливать на использование комплексных технологий, которые на сегодня существуют отдельно, к решению социальных проблем, которые пока невозможно предсказать. Перед системой образования стоит основная задача, формирования мотивированных, заинтересованных студентов, которые путем самообразования и настойчивости в дообучении достигнут более высоких результатов чем их преподаватели. Особенно важной проблемой самообразования стоит при проведении дистанционного образования, студенты получая информацию должны иметь навыки верно и вовремя ее внедрить в практику, правильно анализировать и интерпретировать. Проблема преподавателей заключается в том, что проще всего научить именно тем навыкам, которые также проще всего проверить и автоматизировать. Конечно, всегда будут важны практические знания, но успешность образования сегодня, заключается уже не в овладении определенным объемом знаний, а в расширении этих знаний и получении мобильности, применении их в новых ситуациях. Поэтому отличительное качество нашего времени: не вовремя полученная система знаний, а умение их внедрить, креативно и критически их сформировать, умения общаться и сотрудничать с многими людьми, использовать свои способности, благодаря которым возможно будет реализоваться в той или иной сфере деятельности.

Для этого современному молодому специалисту необходимо иметь знания с нескольких областей, уметь синтезировать и развивать творческие навыки, а также быть восприимчивым к новым видам информации, формировать новый - личный образ современного специалиста.

Поэтому, преподаватель современной высшей школы при проведении занятий должен уделять внимание традиционным, фундаментальным компетентностям, знаниям, актуальному набору классических и современных знаний наряду, а также личными качествами и мотивации к развитию самообразования у студентов.

Динамичный темп развития технологий и цивилизации ставит перед мировым образованием ранее не известные проблемы. Скорость накопления знаний и развитие науки таково, что ни одно обучение нельзя считать завершенным или окончательным [2, с.95-96].

Исследователи определяют самообразование личности «...как специфическую деятельность, что свободно осуществляется, обеспечивает информацией, знаниями другие

виды деятельности [1, с.7]; это информационно-обеспечительная деятельность, осуществляемая путем приобретения (усвоения), накопление, упорядочение, систематизации и обновления знаний [1, с.11]. Под «самообразованием» понимаем вид деятельности личности, характеризующееся выбором и направленности на удовлетворение потребностей в социализации, самореализации, повышении культурного, образовательного, профессионального и научных уровней. Это целенаправленный процесс самостоятельного овладения определенной системой знаний и умений, взглядов и убеждений, прогрессивным опытом в определенной сфере деятельности.

Учитывая разнообразие определений самообразования, имеющиеся в научной литературе, можно выделить некоторые ее признаки (самостоятельный поиск, приобретение знаний, повышенный интерес, продолжение развития). Самообразование может иметь место только на основе глубоких перспективных внутренних мотивов, отдельные случаи поиска ответов на интересующие человека проблемные ситуации. Какие-либо побуждения нельзя еще считать самообразованием, самообразование протекает на основе самостоятельности личности в соответствии с ее индивидуальными особенностями, ее цель - расширение знаний в одной или нескольких областях и личностное самосовершенствование, основанное на самоконтроле, овладение знаниями по своей инициативе, так же самообразование осуществляется без детального руководства со стороны, это индивидуальная самостоятельная познавательная деятельность по овладению необходимыми знаниями. Важным в обучении будущих специалистов это определение критериев на которые может преподаватель ориентироваться при выборе системы управления самообразованием. Критериями качества управления и самоуправления самообразованием являются: мотивированная активность, проявляющейся в заинтересованности студентов при формировании системы знаний, умений и навыков, в развитии профессионально значимых качеств, повышением инициативности и активности в обучении, выражающейся в интенсивной умственной деятельности, выступающей как предпосылка, условие и результат сознательного усвоения знаний.

Важным при формировании системы знаний у будущих специалистов, развитие умений обмениваться информацией и мнением о полученной информации, сопоставлять свою точку зрения с другими, поддерживать разговор, готовность к самостоятельному изучению нового материала, умение самостоятельно сформулировать цели и задачи своей деятельности и переход на позиции личного принятия ответственных решений. Важным аспектом при этом есть умение проектировать собственную учебную деятельность по индивидуальной программе, оптимальному использованию свободного времени для саморазвития, особенно это важно для студентов-медиков, будущих специалистов сферы медицины.

Сегодня вопросы организации самообразовательной деятельности будущих специалистов и факторов, влияющих на ее динамику, требует всестороннего комплексного изучения, а также создание качественно новой педагогической технологии, которая бы отвечала новым социальным, образовательным, культурно-просветительским тенденциям, повышению уровня профессионализма и компетентности, социальной ответственности, формированию общечеловеческих ценностных ориентаций будущих специалистов.

Современный преподаватель, в каком бы ВУЗе он не работал, должен выступать сознательным субъектом образовательного процесса, активным деятелем научно-технического и социального прогресса, научить студентов средствам самостоятельного мышления и решения задач, которые ставит жизнь и общество. Для более эффективного процесса обучения студентов-медиков, формирования у них представления системы самообразования, нами было выделено компоненты. Для построения модели нами использовались следующие принципы: целостности, практико-ориентированный и деятельностный подходы, креативности, открытости, интегративности, динамичности,



оптимальности содержания учебных программ. В эксперименте участвовали студенты-медики 5-6-курсов лечебных факультетов (130 студентов). Группам были предложены спецкурсы и индивидуальные программы по развитию некоторых компетентностей. Модель управления самообразованием студентов представлена структурно взаимосвязанными компонентами: учебно-целевой, содержательный и результативный. Учебно-целевой компонент представлен взаимодействующими сторонами: с одной стороны выступает субъектами учебной и обучающей деятельности процесс взаимодействия педагогических задач и планов, личностных интересов студентов, с другой стороны, лежит социальный заказ. Содержательный компонент составляют этапы проектирования содержания самообразования со стороны преподавателя и этапы овладения студентами учебным материалом. Совместно они позволяют проектировать процесс самообразования путем выбора форм управления и способов самообразования. На их основе происходит выбор технологий, выделены условия успешности реализации модели управления самообразованием студентов: оптимизация обучающей среды с учетом самообразовательной направленности студентов, мотивация студентов к овладению научным знанием, достаточный уровень самообразовательной компетентности. Результативный компонент включает усвоенный учебный материал и самообразовательную компетентность, представленную своими составляющими и сформированную на различных уровнях. В процессе обучения студентам было предложено несколько спецкурсов и программ развития самообразования. Самообразование студентов – личностно-регулируемая деятельность в образовательном процессе вуза (и за его пределами), составляющая основу развития профессиональной компетентности специалиста, предполагающая профессиональное самосознание (осознание норм, правил модели своей профессии), оценивание своих возможностей как будущего профессионала (понимание и осознание особенностей самого себя, эмоционального отношения), развитие умений и навыков самостоятельной познавательной деятельности (самоанализ, самооценка, самоконтроль, самореализация) необходимые для успешной социальной и профессиональной адаптации будущего специалиста-медика. Проведенный теоретический анализ проблемы развития качества самообразования у студентов, позволил нам обосновать условия, специфические для непрерывного самообразования, обеспечивающие последовательное, систематическое обновление знаний и умений обучаемых, были определены свойства непрерывности самообразовательной деятельности: информированность, целеустремленность, разносторонность, последовательность, систематичность, рациональность, устойчивость, эффективность, вариативность, профессиональная направленность.

Было определено комплекс педагогических условий, направленных на развитие самообразования студентов вуза в условиях реализации компетентностного подхода: создание эвристических ситуаций, инициирующих познавательную самостоятельность студентов; организацию технологической поддержки продуктивного обучения, предполагающего включение проблемных, продуктивных методов и методов самоконтроля, при освоении способами самостоятельной познавательной деятельности. Необходимым педагогическим условием было обеспечение возможностей самостоятельного построения и реализации индивидуальных образовательных стратегий, первоначально с заранее заданной структурой маршрута; обеспечение организационно-педагогических требований перехода студента на индивидуальные образовательные программы, включающим: оценку педагогами готовности студента к переходу на индивидуальную программу, желание студента перейти на индивидуальную программу и осознание им ответственности принимаемого решения, согласование с отделами, регулирующими организацию учебного процесса в вузе, обеспечение возможностей реализации индивидуальных образовательных программ различными способами обучения (занятия в вузе, групповые занятия, самостоятельное изучение, практика). *В профессиональном самообразовании значение имеют самооценка и самоубеждение.*

Самооценка формируется в процессе учебы в вузе и выполняет на этом этапе важную функцию в становлении специалиста. В профессиональном аспекте она включает выделение собственных знаний и умений и соотнесение их с требованиями, предъявляемыми к нему как специалисту, лишь адекватная самооценка будет способствовать включению студентов в профессиональное самообразование. Самоубеждение как средство профессионального самообразования принимается студентом на основе критической самооценки себя как личности. При этом студент должен убедить себя в необходимости постоянной дополнительной работы над собой, выходящей за рамки обязательной учебной деятельности. Самоубеждение будет эффективным в случае, если студент *самостоятельно прибегает к этому средству*. Большое значение имеет также волевая сфера студента и сформированный «идеал» на который равняется студент.

#### Библиографический список

1. Бурлука О.В. Самоосвіта особистості як соціокультурне явище: автореф. дис. ... канд. філос. наук: 17.00.01. Харків, 2005.- 16 с.
2. Коростіль Л.А. Самоосвіта як умова профільного навчання та адаптації до життя. Педагогічні науки: збірник наукових праць. Суми: Вид-во СумДПУ. 2009. № 1. С. 95–105.

*М.Н. Ибрай, Л.С. Ибраева*

#### ФОРМИРОВАНИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ НАВЫКОВ У СТУДЕНТОВ ПРИ ИЗУЧЕНИИ НЕОРГАНИЧЕСКОЙ ХИМИИ.

*НАО «Университет имени Шакаримаг.Семей»*

*[marzhan.nurbekovna@mail.ru](mailto:marzhan.nurbekovna@mail.ru)*

**Аннотация:** Данная статья посвящена внедрению нового исследовательского подхода в обучении неорганической химии, который способствует развитию мотивации в процессе обучения у студентов, развивает универсальные учебные действия, помогает студенту развивать творческое и неординарное мышление, дает возможность самостоятельно усвоить определенные знания, умения и компетентности, включая организацию «умения учиться».

Ключевые слова: проектная и исследовательская деятельность студентов, неорганические вещества, гидролиз веществ, химические свойства воды.

Требования времени и развитие высшего образования как в стране, так и в мире меняются ускоренными темпами и то, что было актуально в системе послесреднего образования некоторое время назад, на данный момент может являться неактуальным и устаревшим. Поэтому можно сказать, что современная система высшего образования преследует основную цель – формировать непосредственно познавательный интерес обучающихся к учебной деятельности, создавать условия для их саморазвития и непрерывного образования. Практика показывает, что после школы студенты первого курса в малой степени владеют навыками самостоятельной работы. Они ждут четких инструкций, некоего алгоритма их деятельности. В связи с этим возникает очевидная необходимость увеличить долю самостоятельной работы в образовательном процессе за счет использования новых источников информации на занятиях и внеучебной деятельности [1].

Одной из подобных форм является научно-исследовательская и учебно-исследовательская деятельность на занятиях. Систематизированная и грамотно организованная исследовательская работа студентов способствует как развитию уникальности и индивидуальности мышления, так и мотивирует его на создание чего-то значимого, необходимого для общества.

За последние годы система образования Республики Казахстан подверглась значительным изменениям, были введены новшества и улучшения, позволяющие всесторонне развивать молодое поколение, которое из рядовых «исполнителей» переходит к статусу «исследователей», развивая и раскрывая свой творческий и научный потенциал. Следовательно, каждый ученик в школе и далее каждый студент в вузе должен быть обучен этой деятельности. Программа школьного курса химии в какой то степени ориентирована на данный вид деятельности. Исследовательская работа в школе многоэтапная, содержит много компонентов, составляющих частей. В основе исследовательской деятельности лежит проблемное обучение, которое является методом развития самостоятельного творческого мышления. Именно поэтому, в вузе данный вид деятельности для студентов уже не является новым и непонятным [2]. Однако практические навыки в этом направлении у них развиты еще недостаточно.

Формированию исследовательских умений у студентов способствует учебный эксперимент. Учебный эксперимент – это путь осуществления связи теории с практикой, путь превращения знаний в убеждения. Учебный эксперимент рассматривается как первоначальный источник знаний, средство доказательства правильности или ошибочности предположения, средство формирования и совершенствования практический умений и навыков, средство формирования интереса к предмету, развития наблюдательности и логического мышления[3]. Эксперимент в университете приобретает углубленный характер, позволяющий всецело и подробно изучить какой-либо процесс.

Разработанные лабораторные занятия для студентов 1 курса по неорганической химии позволяют развивать их исследовательские навыки. В качестве примера предлагаются три лабораторных занятия по темам Основные классы неорганических соединений, Соединение галогенов, Гидролиз, Химические свойства воды.

***Лабораторное занятие по теме: Классы неорганических веществ.***

Инструктивная карточка к лабораторному занятию по теме.

Из школьного курса учащиеся умеют распознавать кислоты, щелочи и основания с помощью индикаторов, данная карточка ориентирована на развитие познавательного интереса, а также для того, чтобы побудить студентов использовать ранее полученные знания в новых условиях.

1. В трех пробирках находятся три разных вещества – кислота, щелочь и третье вещество.
2. Среди выданных химических реактивов выбери одно с помощью которого можно определить выданные вещества.
3. Прделай необходимые действия по распознаванию веществ. Объясни результаты.
4. Ответь, какое же вещество содержится в каждой пробирке и обоснуй свой ответ.

***Лабораторное занятие по теме «Соединение галогенов».***

Реактивы, приборы и материалы: три пробирки (№1, 2, 3) с кристаллическими хлоридом калия, бромидом калия, иодидом калия, вода, растворы соляной кислоты, гидроксида натрия, нитрата серебра, сульфата натрия, спиртовка, стеклянная палочка.

Задание: в химической лаборатории правила хранения реактивов были нарушены: были утеряны этикетки со склянок с кристаллическими веществами. Лаборант их пронумеровал 1,2,3. Известно только, что это галогениды одного из щелочных металлов. Помогите определить, что находится в склянках № 1, 2, 3. Опишите ход эксперимента. В индивидуальных лабораторных работах можно предлагать студентам лишнее оборудование или лишние реактивы. В некоторых работах наоборот чего-то недостает. Также работы учат ребят планировать свои исследования, подбирать необходимое оборудование из предложенного или запрашивать недостающее, наблюдать, анализировать, синтезировать, классифицировать[3].

Урок «Гидролиз неорганических веществ».

Проведение лабораторной работы по теме: «Изменение цвета лакмуса в растворах электролитов».

Оборудование: вода в пробирках, растворы гидроксида натрия, серной кислоты, хлорида натрия, карбоната кальция, хлорида алюминия, лакмус (бумага).

Предлагается определить среду раствора в пробирках с водой и растворами гидроксида натрия и серной кислоты.

В ходе логических рассуждений при обсуждении полученных результатов учащиеся приходят к выводу: лакмус поменял свой цвет в растворах кислоты и щелочи из-за присутствия в них катионов водорода и анионов гидроксогруппы, так как данная кислота и щелочь являются сильными электролитами. В воде этих ионов нет, так как вода слабый электролит.

Учащиеся знают, что соли, растворы которых даны, сильные электролиты. Студентам предлагается написать уравнения реакции диссоциации данных веществ и спрогнозировать среду этих растворов. Ребята предполагают на основании написанных уравнений: среда нейтральная. Предлагается определить среду растворов этих солей лакмусом. Оказывается, раствор хлорида натрия – среда нейтральная, раствор карбоната натрия – щелочная, раствор хлорида алюминия – среда кислотная.

В результате возникла проблема: противоречие между имеющимися теоретическими знаниями и экспериментальными исследованиями. Формированию исследовательской деятельности способствует и проведение нетрадиционных уроков: урок – исследование, урок – презентация, урок – проект и т.д.

#### **Урок – исследование «Химические свойства воды».**

На этапе актуализации знаний, подготовки к восприятию нового материала студентов нужно подвести к формулировке темы исследования. На этапе изучения нового материала учащиеся самостоятельно формулируют проблему, выдвигают гипотезу, определяют цель исследования, объект, предмет исследования, наметили план и предположили, какое оборудование им потребуется[4].

**Цель:** исследовать химические свойства воды, выяснить, в реакции с какими веществами и какого типа вступает вода, при каких условиях идут эти реакции.

#### **Оборудование**

1. Натрий, цинк, медь, вода, оксид кальция, оксид меди(II), спиртовка, пробиркодержатель, спички.

2. Компьютер, мультимедиапроектор.

#### **Ход работы**

1. Прилейте в пробирки с образцами натрия, цинка и меди по 1 мл воды. Что наблюдаете? Пробирки, в которых при н.у. не происходят изменения, нагрейте. Что наблюдаете?

Для определения вещества, образовавшегося в пробирке с натрием, опустите фенолфталеиновую бумажку. Что наблюдаете?

Напишите уравнения наблюдаемых реакций. Укажите признак и условия проведенных реакций. Определите тип наблюдаемых реакций.

Примечание: при написании уравнения реакции натрия с водой рассматривайте молекулу воды как единство двух ионов  $H^+$  и  $OH^-$ .

2. Прилейте в пробирки с оксидом кальция и оксидом меди(II) по 1 мл воды. Что наблюдаете?

Для определения вещества, образовавшегося в пробирке с оксидом кальция, опустите фенолфталеиновую бумажку.

Напишите уравнение наблюдаемой реакции. Укажите признак, условия и тип реакции.

3. Посмотрите видеофрагмент «Взаимодействие с оксидами неметаллов». Напишите уравнение реакции, о которой идет речь.

Укажите признак, условия и тип реакции. Каким веществом воспользовались для определения образовавшегося вещества?

4. Посмотрите видеотрегмент «Разложение воды». Напишите уравнение реакции, о которой идет речь.

Укажите признак, условия и тип реакции.

5. Посмотрите видеотрегмент «Гидролиз фосфида кальция».

Спишите схему реакции, о которой идет речь, с классной доски. Расставьте коэффициенты. Укажите тип реакции.

Сделайте вывод по проведенному исследованию – см. цель работы.

Исследовательская деятельность учащихся предполагает умение работать с разными источниками информации: печатными источниками, интернетресурсами. Для того, чтоб научить этому действию предлагаю теоретическое исследование по высказываниям известных людей о химии и химических веществах.

Используя печатные источники и интернет-ресурсы докажите или опровергните слова Д.И.Менделеева:

- «Едва ли найдется другое, искусственно добываемое вещество, столь часто применяемое в технике, как серная кислота».

Таким образом, исследовательская деятельность является действенным фактором образовательного процесса, способствующим развитию педагога и ребенка, формирующим высокий уровень общественной культуры и образования. Формирование основ исследовательской деятельности учащихся проходит через все школьные организационные формы и осуществляется самыми разными видами деятельности.

Таким образом, исследовательская деятельность является действенным фактором образовательного процесса, способствующим развитию педагога и ребенка, формирующим высокий уровень общественной культуры и образования. Формирование основ исследовательской деятельности учащихся проходит через все школьные организационные формы и осуществляется самыми разными видами деятельности.

#### **Библиографический список**

*Белогрудова В.П.* Об исследовательской деятельности учащихся в условиях проектного метода / В. П. Белогрудова // Иностраные языки в школе. - 2005. - № 8. - С. 6-11.

*Брыкова О.В.* Проектная деятельность в учебном процессе / О. В. Брыкова, Т. В. Громова. - М. : Чистые пруды, 2006. - 32 с. - (Б-чка "Первого сентября"). - ISBN 5-9667-0230

*Аликина, И.Б.* Общая и неорганическая химия. лабораторный практикум.: Учебное пособие для вузов / И.Б. Аликина, С.С. Бапкина, Л.Н. Белова и др. - Люберцы: Юрайт, 2016. - 477 с.

*Гаршин, А. П* Общая и неорганическая химия в схемах, рисунках, таблицах, химических реакциях: Учебное пособие / АП Гаршин. - СПб.: Питер, 2018. - 128 с.

**Д.Р.Онтагарова, А.Қанатқызы**

«ХИМИЯ» МАМАНДЫҒЫНДА «ХИМИЯЛЫҚ ЭКОЛОГИЯ» ПӘНІНДЕ  
«АТМОСФЕРАНЫҢ ЛАСТАНУЫ» ТАҚЫРЫБЫН СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ  
ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

*«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ*

[Kanatovna98@list.ru](mailto:Kanatovna98@list.ru)

**Түйіндеме:** Білім алушылардың сыни ойлауын қалыптастырудың маңыздылығы, әдістері мен жолдары және «химиялық экология» пәнінде, «атмосфераның ластануы» тақырыбын оқыту барысында сыни тұрғыдан ойлау технологиясын тиімді қолдану әдістері қарастырылады.

**Кілт сөздер:** сыни ойлау, сыни тұрғыдан ойлау технологиясы, атмосфера, атмосфераның ластануы, озон тесігі.

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу - тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым - қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс - әрекетінің ғылыми - педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

XXI ғасыр — озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы [1].

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл - ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Инновациялық білім беру әдістемелерінің ішінде сын тұрғысынан ойлау технологиясы тиімді құралдың бірі. Сыни тұрғыдан ойлау, өзіндік жеке ойлау болып табылады. Ол- өз алдына сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтау, әр мәселеге байланысты өз пікірін айту, оны дәлелдей алу дегенді білдіреді [2].

Білім алушылардың танымдық белсенділігі мен ізденімпаздығын қалыптастыру мәселесінде белгілі ғалым Сократтың оқыту үрдісіне көңіл бөлген дұрыс. Оқу сапасын арттыру үшін күнделікті сабақта жаңа технологияларды тиімді пайдаланып отыру керек.

Осы негізде «Химиялық экология» пәнін оқытуда «сыни тұрғыдан ойлау» бағдарламасы стратегияларын қолдану тиімді деп санаймын. Бұл – американдық ғалымдардың идеялары негізінде құрылған оқыту технологиясы. Сыни ойлау дегеніміз – оқушының қоршаған ортаға, ақпарат әлеміне, өзінің іс – әрекетіне сын тұрғысынан қарауын жетілдіру деген сөз.

Сын тұрғысынан ойлау – өз алдына сұрақтарға жауап іздеп, жан - жақты пікірлесу, талдау жасап отыру, яғни білім алушы санасын сол тақырыпқа байланысты ояту, ой шақыру, ойын жеткізу оны дәлелдей алу. Сонымен қатар қасындағы білім алушының пікірін тыңдау, сол пікірлерді салыстыру [3].

«Сыни тұрғыдан ойлау» технологиясының стратегияларын сабақта тиімді пайдалану, білім алушылар одан өздерін бақылап, талдау жасап үйренеді. Білімді өз еңбектері арқылы ой елегінен өткізе отырып, алады.

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдану арқылы осы «Атмосфераның ластануы» тақырыпты қалай тиімді өткізуге болатынын талдап өтейік.

Ең алдымен сыни тұрғыдан ойлау технологиясына қысқаша тоқталып кетейік. Сын тұрғысынан ойлау әдісі, оқытуда дамыған технологияға жатады. Бұл иллюстративті - түсіндірмелі, ішінара іздену. проблемалық, пікір - сайыс, ойын, шығармашылық, өзін - өзі дамыта оқыту әдістерінің жиынтығы. Сын тұрғысын оқу - тәрбие үрдісінде басқару мен ұйымдастырудың тиімділігі білім алушылардың өз алдына белсенді дамуына негізделеді. Бұл технологияның мақсаты – барлық жастағы балаларды кез келген мазмұнға сын тұрғысынан қарауға үйрету, кез келген қиыншылықтарды жеңуге, өз мәселелерін шешуге,

әр түрлі жағдайларды сын тұрғысынан қарауға, екі ұйғарым пікірдің біреуін таңдауға, сапалы шешім жасауға үйрету.

Л.С.Выготский өзінің «Педагогикалық психология» еңбегінде «Сыни тұрғыдан ойлау технологиясының негізгі мақсаттарының бірі – баланы өз бетінше ойлауға, басқалардың айтқан пікіріне анализ жасауға, шешім қабылдауға үйрету болып табылады» - деп айтқан [4].

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы арқылы «Атмосфераның ластануы» тақырыбын оқыту барысында жоғарғы деңгейдегі сұрақтар құрастыруға болады және осы сұрақтар арқылы білім алушылардың осы тақырыпқа деген қызығушылығын оятуға болады, сонымен қоса, білім алушылардың ізденуіне, проблемалық сұрақтармен жұмыс жасауына, тапқырлыққа, өз ойын жеткізуге үйретеді. Төмендегі сұрақтарды қолдануға болады.

- Атмосфераның ластануы дегенді қалай түсінесіздер?
- Атмосфералық ауаның ластануының зардаптары қандай?
- Атмосфераның ластануының қандай түрлері бар?
- Табиғи жолмен атмосфераның ластануына мысал келтіріңіз.
- Атмосфералық ауаның ластануының адам денсаулығына қандай зардаптар алып келеді?
- Атмосфераның ластануының алдын алу үшін қандай ұсыныстар айтар едіңіз? және осы сияқты сұрақтар қоюымызға болады.

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы арқылы оқыту 3 кезеңге бөлінеді. Бірінші кезең «Қызығушылықты ояту» бұл кезең барысында білім алушылар жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады. Бұл кезеңнің басты мақсаты-білім алушылардың белсенділігін арттыру болып табылады. Бұл кезеңде «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Миға шабуыл» және т.б. стратегияларды қолдануға болады.

Бұл кезеңде «Миға шабуыл» әдісін қолдану арқылы білім алушылардың сабаққа белсене қатысуына түрткі жасаймыз сонымен қатар білім алушылардың сабаққа деген қызығушылығын оятамыз. Осы тақырып бойынша қандай сұрақтар қойсақ болады? Мен төмендегі сұрақтарды ұсынар едім.

- Экологиялық проблемалар қалай туындайды?
- Республикамыздың басты проблемалары қандай?
- Адамның табиғатқа тигізетін әсері қандай? және т.б. осы сияқты сұрақтарды қоюымызға болады.

Келесі кезең «Мағынаны ашу» бұл кезеңде білім алушылар жаңа ақпараттармен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, мәтінмен жұмыс жасайды, тапсырмалар орындайды.

Білім алушылардың сабаққа деген қызығушылығын оятқан соң ары қарай жұмыс жасау оңай болу үшін соң білім алушыларды топқа бөліп аламыз. Топқа бөлудіңде бірнеше әдісі бар: түстер арқылы, смайликтер арқылы, конфент әдісі арқылы, және т.б. әдістер бар.

Білім алушыларды топқа бөліп оларға тақырыптар бөліп береміз. Білім алушылардың тақырып бойынша жұмыс істеу кезінде «INSERT» стратегиясын қолданамыз. Бұл стратегия бойынша білім алушыға оқу және тақырыппен танысу барысында «V»-білемін, «--» - мен үшін түсініксіз, «+» - мен үшін жаңа ақпарат, «?» - мені таңқалдырды белгілерін қою арқылы оқу керек. Тақырыптың соңына тез жету, оқыған тақырыпты есте сақтау, мәнін түсіну – өте күрделі жұмыстардың бірі. Сол үшінде, білім алушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарағандықтан берілген тақырыпты түсіне алмау, өмірмен байланыстыра алмау жиі кездесіп жатады. Бұл стратегияны қолдану аталған кемшіліктерді болдырмаудың бір жолы болып отыр.

1-ші топ: Қышқыл жаңбыр және оның атмосфераға тигізетін зияны туралы талдайды.

Қышқыл жаңбырлар-ауаның қышқылды тотықтармен ластануына байланысты рН мөлшері төмендейтіні байқалатын метеорологиялық жауын-шашынның барлық түрі(жаңбыр,қар,бұршақ,тұман,жаңбырлы қар).

Ауа құрамындағы көмір қышқыл газының болуына байланысты әлсіз қышқыл ерітінді(рН 6-ға жақын). Қышқыл жаңбырлар су мен күкірт тотығы және азоттың әртүрлі тотықтары арасындағы реакциялар нәтижесінде пайда болады. Бұл заттар атмосфераға автокөліктерден,металлургиялық кәсіпорындардан,жылу және атомдық электростанциялардан бөлінеді. Күкірт қосылыстары рудалар мнн көмірлерде жану,күйдіру кезінде күкірт тотығы,күкіртсутек түрінде түзіледі. Азоттың әртүрлі қослыстары көмірде,әсіресе,шымтезек құрамында бар. Пайдалы қазбалардыжағу кезінде азот тотығы түзіледі.Атмосфераның сумен ресацияға түсу арқылы (көбіне күн сәулесінің әсерімен) олар-күкірт,күкіртті азот,азотты қышқыл ерітінділеріне айналады. Сосын қармен немесе жаңбырмен бірге жерге түседі [4.214 б].

Күкір диоксиді мен азот оксиді жуылуы күкірт және азот қышқылдарының түзілуіне әсер етеді. Бұл үлкен территориялардағы табиғи ортаның жалпы қышқылдануына,айтарлықтай экологиялық өзгерістерге алып келеді. Түзілген қышқылдар және олардың қосылыстары жсуған жауын-шашынның құрамында,қардың,жер бетіндегі су айдындарында және топырақтың құрамында кездесіп,экожүйелерге жағымсыз әсер етуде.Қышқыл жаңбырлар топырақ қышқылдығын тудырады. Нәтижесінде минералдық тыңайтқыштардың пайдасы азаяды [4.215 б].

2-ші топ:Озон қабаты және озон қабатының жұқаруы

Озон қабатының жұқаруы — экологиялық мәселе, соның ішінде Антарктида мен Арктиканың үстінде озон тесіктерінің пайда болуы, тұрмыста және өндірісте фреонды мөлшерінен тыс қолданумен байланысты болып отыр.

Озон қабатының бұзылуы,яғни "озон тесігінің" пайда болуы биосферада елеулі өзгерістер тудыруы мүмкін. Сондықтан бұл жағдай -күрделі экологиялық проблеманың бірі. Озон қабатының бұзылуы процесіне ғарыштық аппараттар,дыбыстан да жылдам ұшатын ұшақтар және ондағы толық жанып бітпеген отын өнімлері және ядролық жарылыстарды бөлінетін заттар әсер етеді.

Озон қабатының бұзылуы адам денсаулығы мен қоршаған ортаға өте зиян екені ресми түрде айтылуда. Озон қабатын сақтау үшін халықаралық келісімдер қажет. 1987 жылы Монреаль хаттамасында фреондарды өндіру және пайдалануды бақылау жайында 70 мемлекет арасында келісім жасалды. Ол құжат бойынша озон қабатына қауіпті фреондарды өндіру 2010 жылға дейін тоқтатылуы керек болатын [5.206 б].

Сонымен қоса, жаңа тақырыпты меңгеру кезінде «ДЖИГСО» әдісі арқылы алдымен жұпта, сосын ұжымда талқылап жаңа сабақты меңгереді. Бұл әдіс кезінде жаңа тақырыпты талқылап, сыни ойлауын қалыптастыруға, бір-бірімен қарым – қатынас жасауға, ойлау қабілетін дамыту, ойын еркін жеткізуге үйретеді.

Ең соңғы кезең «Ой толғаныс» болып табылады. Бұл кезең білім алушылардың ой толғанысын ұйымдастыру,өзіне,басқаға сын көзбен қарап,баға беруге,өз ойларын,өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айтуға үйретеді. Бұл кезеңде «Бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «5 минуттық эссе », «Т кестесі» және т.б. стратегиялар қолданылады.

Сабақтың бітуіне 5 минут қалғанда білім алушыларға ой толғау мақсатында “Атмосфераның ластануының адам денсаулығына әсері” тақырыбында эссе жазуға беріледі. Сабақтың соңында «Пирамида» әдсін қолдану арқылы рефлексия жүргізіліп мұғалім сабақты аяқтайды.

Кейбір күрделі әрі қызық тақырыптарды оқыту барысында жаңа технологияларды тиімді қолдана білу керек. Сабақта жаңа технология элементтерін дұрыс пайдалану білім алушылардың танымдық қабілетінің артуына,белсенділігінің дамуына,оларды шығармашылыққа жетелері айдан анық екені сөзсіз.Сыни тұрғысынан ойлау технологиясын пайдаланудың сабақ сапасына әсері өте мол. Сыни ойлау білім



алушылардың ойлау дағдыларын дамытып, оларды оқу мен өмірде туындайтын проблемаларды/мәселелерді өздігімен шешуге бағыттайды. Осы арқылы сыни ойлау білім алушыларды ақпаратпен жұмыс жасауға, жан-жақта тұрғыдан кез келген жәйтті талдауға, бағалауға, тандау жасап, шешім қабылдауға баулиды. Білім алушылар бұл секілді жұмыстарды жасау нәтижесінде өздеріне және өзгелерге толассыз сұрақтар қойып, оларға жауап іздеп, өз жауаптарын ұтымды дәлелдермен айғақтайды, дербес шешімдер қабылдайды.

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын сабақта қолдану кезінде білім алушылар әртүрлі тапсырмаларды жасау нәтижесінде өздеріне және өзгелерге толассыз сұрақтар қойып, оларға жауап іздеп, өз жауаптарын ұтымды дәлелдермен айғақтайды, дербес шешімдер қабылдайды [6].

Бұл бағдарламаның мені қызықтырғаны сол білім алушылардың өзі ізденіп, дәлелдеуі. Ол бұрын тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойлаушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы.

#### Библиографиялық тізім

*Ишанғалиева А.М.* «Құзыреттілік — білім мен мүмкіндіктің бірігуі» // «Шетел тілін оқыту әдістемесі» журналы, - № 2. 2010, - 34 б

*Ташенова А.Б.* «Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» // Образование, - №2. 2006, - 15-18 б

*Л.С.Выготский* «Педагогикалық психология» - М:Образование, 2010, - 145б

*Молдахметов З.М., Фазалиев А.М., Фазылов С.Д.* «Экология негіздері»//Оқулық,Қарағанды: «ҚРУ» баспасы, 2002, - 213 б

*Қуатбаев А.Т.* Жалпы экология// Оқулық, Алматы ЖШС РПБК «Дәуір»,2012. - 206,214-218 б

*Хаджиева Ф.А.* «Важные аспекты критического мышления у учащихся начальных классов»// «Молодой ученый» №19. 2018, - 206 с


#### ***Л.К.Қажыгелдиева, Н.Ш. Карипбаева***

### **ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ФЛОРАЛЫҚ АУДАНДАРЫ ЖӘНЕ СОЛ АУДАНДАРДАҒЫ ҚОРҒАУҒА АЛЫНҒАН ӨСІМДІК ТҮРЛЕРІН МЕКТЕПТЕ БИОЛОГИЯ ПӘНІНДЕ ПАЙДАЛАНУ.**

*«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ  
[lauka\\_nurik2014@mail.ru](mailto:lauka_nurik2014@mail.ru)*

Флора - белгілі бір территорияда кездесетін өсімдік түрлерінің жиынтығы. Ғаламшарда көлеміне байланысты өсімдіктер әлемдік, құрлықтық, мемлекеттік, облыстық, аудандық ірі флоралық топтарды құрайды. Қазақстан флорасы 126 тұқымдасқа, 1024 туыстасқа жататын 6000-ға жуық өсімдік түрлерінен тұрады. Флораны құрайтын түрлердің таралу аймағы, әдетте ауқымды жерлерді қамтиды, ондағы особьтар біркелкі таралмаған. Олар көп жағдайда топтасып, популяция құрып тіршілік етеді. Мұндай жағдайда бір түрге жататын особьтар арасында тығыз байланыстар болып, түр тұтастығы сақталып, олардың тіршілік жағдайы қамтамасыз етіледі.

Түрлердің жер бетінде таралу ерекшеліктерін, заңдылықтарын зерттейтін ғылымның бірі – геоботаника. Геоботаникалық зерттеудің маңызды міндеттерінің бірі өсімдік типтерін, ондағы флора құрамын анықтап, тиімді пайдаланумен қорғаудың негізін жасау болып табылады. Осыған байланысты 1934 жылы Қазақстан ғалымдары Б.К. Шишкиннің, И.А. Линчевскийдің, Н.И. Рубцовтың және П.П. Поляковтың бастауымен Қазақстандағы флоралық аудандар картасының алғашқы үлгісі жасалды. Кейін М.Г. Поповтың басқаруымен флоралық карта толықтай құрылып, Қазақстан территориясы 29 флоралық ауданға бөлінді (карта 1).



Карта 1. Шығыс Қазақстан облысының флоралық аудандары.

Қазақстанның флоралық аудандарының ішінде Шығыс Қазақстан облысының территориясында 7 флоралық аудан орналасқан, олар Ертіс (3 флоралық аудан), Семей аймағының Тізбекті Қарағайлы орманы (4 флоралық аудан), Қазақтың шығыс шоқылы ауданы (11 флоралық аудан), Зайсан (12 флоралық аудан), Балқаш-Алакөл (18 флоралық аудан), Алтай (22 флоралық аудан), Тарбағатай (23 флоралық аудан).

Шығыс Қазақстан облысының флоралық аудандары әртүрлі өсімдік типтерінен тұрады, солардың ішінде топырақ ылғалдылығы аз және тұрақсыз континентальды климат жағдайларында қалыптасқан дала өсімдік типі. Шығыс Қазақстанның далалы провинциясы бетегелі-қаулы болып келеді, оның оңтүстік бөлігін бұталы дала алып жатыр. Бұл аймақтың флорасы 1700-ден астам өсімдік түрлерінен тұрады, солардың ішінде қорғауға алынған мынадай түрлер кездеседі: ақ селеу (*Stipa penneta*), ховен майқарағаны (*Calophaca howenii*), жатаған қызғалдақ (*Tulipa patens*), ледебур бадамы (*Amygdalus ledebouriana*), алтай қасқыржидегі (*Dafne altaica*), Людвиг құртқашашы (*Iris Ludwigii*), дауыр цимбариясы (*Cymbaria daurica*) т.б.

Шығыс Қазақстан облысында шалғынды өсімдіктер типі барлық флоралық аудандарға тән. Шалғынды өсімдіктер көпжылдық мезофитті шөптесін түрлердің басым болуымен сипатталатын өсімдік типі. Шалғындар орманды жерлердегі ашық алаңдарда, таулы аймақтардың аңғарлары мен ойпаттарында, тау етектері мен сайлы өзектерде кездеседі.

Шығыс Қазақстанның шалғынды өсімдік типтерінде қорғауға алынған мынадай түрлер таралған: Верещагин саздақшөбі (*Limnas veresczaginii*), марал түбірі (*Rhaponticum carthamoides*), жапырақсыз епипогон (*Epipogium aphyllum*), батпақ жылантамыры (*Epipactis palustris*), су шылымы (*Trapa natans*), саз қазанақ (*Ledum palustre*), ұсақ жемісті мүкжидек (*Oxycoccus microcarpus*), дөңгелек жапырақты шықшөп (*Drosera rotundifolia*), Попов мертензиясы (*Mertensia popovii*) т.б.

Шығыс Қазақстанның шөлді өсімдік типтері Балқаш-Алакөл және Зайсан флоралық аудандарында таралған, мұнда псаммоксерофильді өсімдік топтары кездеседі.

Шөлді өсімдік типтері кездесетін Балқаш-Алакөл және Зайсан флоралық аудандары құмды, сұр және қошкыл топырақты болып келеді. Өсімдік бірлестіктеріндегі доминант ақ жусан, құм жусан. Балқаш флорасы 1000-ға жақын өсімдік түрлерінен құралған, оның 17-і эндем, солардың ішінде мынадай түрлер ақ түкті таспа (*Astragalus candidissimus*), зайсан

лақсасы (*Echinops saissanicus*), жалғызгүлді қызғалдақ (*Tulipa unifolra*), Резниченко рияны (*Rubia reznitzenkoana*) Қазақстанның Қызыл кітабына енген.

Қазақстан территориясында ормандар эдификаторлы өсімдік түрлеріне байланысты 2 топқа бөлінген: қылқан жапырақты және жалпақ жапырақты. Шығыс Қазақстан облысында өзен жағалаулары теректі, қайыңды, шілікті аралас ормандармен қатар Ертіс бойында Тізбекті Қарағайлы орман орналасқан. Аралас жалпақ жапырақты ормандарда ақ терек (*Populus alba*), көк терек (*Populus tremula*), қара терек (*Populus nigra*), раушан (*Rosa L.*), тал (*Salix L.*), мойыл (*Radus Mill.*), долана (*Crataegus L.*) доминантты түрлерді құрайды. Орманды жерлерде сүректі өсімдіктермен қатар шөптесін өсімдіктердің көптеген түрлері таралған. Шығыс Қазақстанның жалпақ жапырақты, қылқан жапырақты ормандарында қорғауға алынған мынадай өсімдік түрлерін ерекше атауға болады: көктем жанаргүлі (*Adonis vernalis*), ашық құндызшөп (*Pulsatilla patens*), кәдімгі таушымылдық (*Paeonia anomala*), түпті жуа (*Allium caespitosum*), Павлов итмұрыны (*Rosa pavlovii*), ірі гүлді шолпанкебіс (*Cypripedium macranthos*), секпіл шолпанкебіс (*Cypripedium gauttatum*), нағыз шолпанкебіс (*Cypripedium calceolus*) т.б.

Қазақстанның таулы аймағы 3 геоботаникалық облысқа бөлінген, солардың ішінде Шығыс Қазақстанның территориясында Алтай және Тарбағатай-Сауыр флоралық аудандары орналасқан. Алтай таулары орманды және далалы белдеу шекарасын құрайды, оған Оңтүстік Алтай таулары енеді. Алтай таулары өсімдік түрлеріне өте бай, флора құрамы 1745 түрден тұрады, оның 12-і эндемдер. Солардың ішінде мынадай түрлер тәтті жапырақты таспа (*Astragalus glycyphyllos*), Ледебур қоянбұршағы (*Orobanchaceae ledebourii*), келлер кестежусаны (*Pyrethrum kelleri*), дала таушымылдығы (*Peonia hybrida*), сібір қандығы (*Erythronium sibiricum*), ала күлтелі қызғалдақ (*Tulipa heteropetala*), ұсақ торлы жуа (*Allium microdictyon*), алтай суықшөбі (*Sibiraea altaiensis*), сабақсыз лейоспора (*Leiospora excapa*), телпек сүйсін (*Orchis militaris*), фукс бармақтамыры (*Dactylorhiza fuchsii*), алтай торсылдағы (*Leontice altaica*), инелі кекіре (*Oxytropis hystrix*), кәдімгі қарғақөз (*Paris quadrifolia*), еуропа орманоты (*Sanicula europaea*), қылтанақ дәлен (*Osmorhiza aristata*), алтай рауғашы (*Rheum altaicum*), қызғылт семізот (*Rhodiola rosea*) т.б. Қазақстанның Қызыл кітабына енген.

Тарбағатай-Сауыр флоралық ауданы Шығыс Қазақстанның далалы және шөлді белдеулердің шекарасында орналасқан. Флорасы 1640 түрден құралған, оның 20-сы эндемдер. Тарбағатай тауларындағы таулы шалғындарда қорғауға алынған өсімдіктердің мынадай түрлері таралған: тарбағатай кемпіршөбі (*Acantholimon tarbagataicum*), Резниченко кермегі (*Limonium reznitzenkoanum*), тарбағатай қандыгүлі (*Pedicularis tarbagataica*), тарбағатай мертөззиясы (*Mertensia tarbagataica*), желбезекше ледебуриелла (*Ledebouriella seseloides*), тарбағатай стеллеропсисы (*Stelleropsis tarbagataica*), жебежапырақты строгановия (*Stroganovia sagittata*), қар дәуаяқ (*Macropodium nivale*), сиверс алмасы (*Malus sieversii*), ақшыл секпілгүл (*Fritillaria pallidiflora*), тамырлы жуа (*Allium polyrrhizum*), сауыр тегеурінгүлі (*Delphinium sauricum*) т.б.

Мектепте биология пәнінде білім беруде өсімдіктердің экологиялық, биологиялық өсу ерекшеліктеріне ерекше көңіл бөлінуі қажет. Тұқымдастар көптүрлі болып келеді, олардың жер бетінде, оның ішінде Қазақстанда, оның белгілі бір флоралық аймақтарында таралу ерекшеліктері бірдей емес. Сондықтан тұқымдастарды оқытуда оның туыстас және түр өкілдерінің таралуын ескере отырып, олардың ішінде кең, орташа, аз таралған түрлер сипатталуы қажет. Тұқымдастардың алуантүрлілігін сипаттауда таралуы шектелген түрлерді қорғау проблемаларының бар екендігі көрсетіледі, олар Қазақстанның өсімдіктер әлемінде ерекше топты құрайды. Бұл өсімдіктер «Сирек кездесетін қорғауға алынған өсімдіктер» деп аталады. Бұл өсімдіктердің белгілі бір аймақтарында сирек кездесуі, оның жойылып кету қаупінің болуы мыналарға негізделген:

1. Эндемді
2. Реликтілі
3. Эфемер-эфемероидты өсімдіктер

4. Практикалық маңызы және антропогендік әсерлерге ұшыраған түрлер. Бұл өсімдіктерді қорғау жұмыстары Қазақстан бойынша белгілі бір жүйеге қойылған, соның бірі 1981 жылы «Қазақстанның Қызыл кітабы» шығарылды. Биология пәнінен 7 сыныпта «Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи аумақтары. Жергілікті жердің ерекше қорғалатын аймақтары.», «Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы. Жергілікті өңірдің ҚР Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктері» тақырыптары өтіледі. Осыған байланысты Қызыл кітапқа енген қорғауға алынған өсімдік түрлерін аймақтық компонент ретінде пайдалану қажет. Бұл әдіс оқушылардың күнделікті көріп жүрген жергілікті жерде өсетін, танымалды өсімдік түрін тұқымдас өкілі ретінде есте сақтауына үлкен ықпал етеді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. *Арыстанғалиев А.С., Рамазанова Е.Р.* Растение Казахстана. – Алма – Ата, 1977.
2. *Блох Н.В., Тайтукенов С., Зинченко Е.С.* Редкие и исчезающие виды растений Казахской части Алтай – Славянского экорегиона. 2008, Усть – Каменогорск
3. *Карипбаева Н.Ш., Полевик В.В., Силыбаева Б.М.* Ботаниканың оқу практикумы. Семей. 2012.
4. *Котухов Ю.А., Ксембаев А.Р.* Редкие и исчезающие растения флоры Восточного Казахстана, рекомендованные для заповедной охраны. 1979. Алма-Ата: 78-79.
5. *Шмаков А.И.* Флора Алтая. 2005. Барнаул: 1-340.

**М.Қ. Рашова**

#### ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ БИОЛОГИЯ САБАҒЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» *КеАҚ*

[rashova.m24@mail.ru](mailto:rashova.m24@mail.ru)

Биология ағзалардың нақтылы бір түрін, сапалық және сандық өзгерістерін зерттейтін ғылым. Биологияны үйренгенде ағзалар мен құбылыстар туралы білімді жалпылап қорыту арқылы оқушыларда табиғаттың биологиялық бейнесі қалыптасады. Биологиядан алынған нақтылы білімді басқа жаратылыстану ғылымдарынан берілген біліммен ұштастыру нәтижесінде табиғаттың жалпы ғылыми бейнесі пайда болады. Дәлірек айтқанда, табиғаттың биологиялық бейнесі дегеніміз – биологиялық жалпы білімнің қоғамдық пәндерден алған біліммен бірігуі, біртұтас ой-пікірге, сенімге айналуы [15].

Мұғалімнің оқу материалын оқушылардың саналы түрде меңгеруін, оны өмірде қолдана білу дағдыларына үйрету жолдарының тиімді әдістерін үйретеді. Қысқаша айтқанда методика-оқу пәнінің мазмұнын және оқыту формалары мен тәрбиелеу жолдарын қарастырады. Методиканың аталған бөлімдері бірін-бірі толықтырады және тығыз байланыста, бірлікте болады. Оқыту жұмыстарының құралдарымен жабдықтарында анықтайтын осы методика. Қорыта айтқанда, методика дегеніміз биологияны қалай оқыту керек, нені үйретіп қалай тәрбиелеу керек, биологияны не үшін оқу керек? - деген сұрақтарға жауап береді.

Биология - оқу пәні ретінде - оқыту әдістерінің өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады, онда нақты объектілер (өсімдік, жануар, адам) және тірі табиғаттың күрделі құбылыстары мен дамуын оқытады. Бұл ерекшеліктер оқыту жұмыстарын ұйымдастырудың ерекше формаларын қолдануды талап етеді (топсеруендер, оқушылардың өз бетінше, сабақтан тыс және үй жұмыстарын, сыныптан тыс орындалатын жұмыстар т.б.). Сонымен бірге оқыту әдістері - практикалық жұмыстар, лабораториялық жұмыстар, эксперименттер, тәжірибелер, арнайы көрнекіліктер қолдану арқылы жүргізіледі.

Биология пәнінің мазмұны және оның өзіндік ерекшеліктері, оқытудың әдістерін, тәсілдерін анықтаумен шектелмейді оның тәрбиелік мүмкіндіктерін де анықтайды.

Биология ғылымының бөлімі саналатын өсімдіктану пәнінің көптеген тақырыптары дұрыс дүние танымның қалыптасуына жағдай жасайды. Мысалы, табиғат ұғымдарының мазмұнына кіруге тиісті эстетикалық белгілерді бөліп көрсету қажет.

Тірі ағзалардың нақты фактілерін, табиғат құбылыстарының бір-бірімен байланысын, тірі табиғаттың даму эволюциясының заңдылықтарын оқып-білу оқушылардың ғылыми, диалектикалық-материалистік көзқарастарын қалыптастырады.

Биологиялық білім қоршаған табиғи ортаның маңызын, табиғатты қорғау қажеттілігімен қалпына келтіру шараларын, қоғамдық және жеке еңбектің гигиенасының маңызын түсінуге, оқушыларды өмірге бейімдеп, политехникалық білім алуға мүмкіншілік туғызады.

Қазіргі таңда ХХІ-ғасырға аяқ басқан кезімізде адамзат баласының айналасын қоршаған орта мен оның күрделі экологиялық мәселелерін шешу – Қазақстан Республикасының мемлекеттік көлемдегі саяси-экономикалық маңызы зор проблемаларының бірі.

Қазақстан Республикасының 2015-2020 жылдарға арналған білім беруді дамыту тұжырымдамасында «Орта білім берудің басты мақсаты – жылдам өзгеріп отырған дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдыларының негізінде еркін бағдарлай білуге, өзі іске асыруға, дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» делінген. Демек, жалпы білім беретін мектептердегі жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзат мәдени мұрасының сабақтастығын сақтай отырып оқыту, тәрбиелеу, әрбір шәкіртті жеке тұлға ретінде жан-жақты дамыту ұстаздардың алдына қойылған мақсаттары.

Ендеше бүгінгі таңдағы мектеп мұғалімдерінің басты міндеттері – оқушылардың санасына Отанға, атамекенге, туған өлке табиғатына деген сүйіспеншілік сезімдерін оятып, ол арқылы туған өлке табиғатының байлығын сақтауды, оны аялап, қорғауды барынша насихаттап, үздіксіз жұмыс жүргізулері қажет. Осыған байланысты жастарға жаппай үздіксіз экологиялық білім мен тәрбие беру мәселесі мемлекеттік деңгейге қойылып отыр.

Туған өлке табиғатын қорғау және тиімді пайдалану, оны ластану мен бүлінуден қорғау үшін адамзатты жауапкершілікке тәрбиелеу, табиғатпен қарым-қатынас жасаудың азаматтық негіздерін қалыптастыру Отанға деген сүйіспеншілікке байланысты. Патриоттық сезімді тәрбиелеу өз Отаныңды терең танудан басталады. Бұл жайлы М.И.Калинин: «Отанына патриоттық сезімін тәрбиелеу дерексіз ұғымдарға емес, нақты заттарға негізделуі керек. Осыған орай біздің жеріміз, орман, тауларымыз, өзендер мен көлдеріміз, өндіріс орталықтары, біздің мектептеріміз – осылардың барлығы тәрбиелеудің құнды материалы болып табылады» - деп тұжырымдайды. Елінің нағыз азаматы болу үшін ең алдымен өз өлкесін, оның табиғатын, байлығын, тарихы мен мәдениетін, өнерін біліп, зерттеу қажет. Тек халықтың еңбек әрекетін, ауыл немесе қаланың экономикалық өмірін ғана емес, сонымен қоса өлкенің орманды, далалы, таулы, шөлді жерлерінде не болып жатқанын білу керек. Ал туған өлкенің табиғатында оқушылардың психологиялық, логикалық ойлау қабілетінің дамуына нақты ұғымдар мен түсініктердің қалыптасуына ықпалын тигізетін сарқылмайтын материалдары көп. [12. 92-б]

Экологиялық білім берудің жолдарын жан-жақты зерттеген ғалым, академик, табиғаттың жанашыры Нұрғали Сарыбекұлы Сарыбеков (1934-1998ж.) бүкіл ғұмырын табиғатты қорғау ісіне арнап, артында өшпес еңбектер қалдырды. Ол өзінің ғылыми ізденістері жолында табиғатты қорғаудың негізгі заңдарын мен табиғатты қорғауға тәрбиелеу формуласын жасап шығарды.

Табиғатты қорғаудың негізгі заңдары:

- 1) Табиғаттың тазалығын сақтау заңы;
- 2) Табиғаттың мол қазыналығын сақтау заңы;
- 3) Табиғаттың көркемдігін немесе сұлулығын сақтау заңы.

Академик Нұрғали Сарыбековтың пікірінше, аталған осы заңдарды адам баласы орындамайтын болса, онда табиғат олардың қажетін толық өтей алмайды. Бұл үш қасиеттен айырылған табиғат адам баласына өмірдің орнына - өлім, денсаулықтың орнына – жазылмас ауру, байлықтың орнына – жоқшылық, рахат көңіл-күйдің орнына – азап, сор әкеледі. Демек, адамды табиғаттың жауы емес, досы етіп тәрбиелеп, табиғатты аялау, қорғау жұмыстарына жұмылдыру қажет.

Табиғатты қорғауға тәрбиелеу формуласы:

$$\text{Э} + \text{ТҚ} = \text{ТМП}$$

Бұл жерде:

Э-экология. Бұл терминді алғашқы рет 1866 жылы немістің ғалымы Эрнест Геккель енгізген. Экология дегеніміз - бұл тірі ағзалардың бір-бірімен және қоршаған ортамен қарым-қатынасын зерттейтін ғылым. Экология табиғатты қорғаудың ғылыми негізі.

ТҚ-табиғатты қорғау. Бұл қазіргі кезде жан-жақты өсіп келе жатқан көп аспектілі, комплексті ғылым. Ол табиғатты қажетімізге мейілінше пайдалану барысында, оны мәңгілікке таза, көркем, мол қазыналы қалпында сақтап қалудың жолдарын зерттейтін ғылым.

ТМП-табиғатты мәңгілікке пайдалану. Табиғатты мәңгілікке сақтап қалу үшін әр азамат экология мен табиғатты қорғау ғылымдарынан білім алған болуы керек. Егер осы талаптар орындалмаса, табиғат та, оның туындысы адам да жоқ болады.

Бұл формуладан біз табиғатты мәңгілікке пайдалану үшін экология мен табиғатты қорғау ғылымдарын түсініп, олардың талаптарын қатаң сақтау керектігін түсінеміз.

Бұл теңдеудің мәні адам баласы өмірде де, табиғатта да не істесе, сол оның ұрпағына қайтып келеді. Егер адамзат жақсылық жасаса жақсылықпен қайтады, ал жамандық жасаса жамандықпен қайтады. Осыдан келіп жақсылық тарату педагогика ғылымының және әрбір педагогтың негізгі принципі деп тұжырымдайды академик Нұрғали Сарыбеков. [12. 125-б].

Қазіргі кезде экологиялық проблемалардың зардаптың көлемі ұлғаюына байланысты жас ұрпақтың экологиялық көзқарасын қалыптастыру қажет. Ол үшін экологиялық білімді игеруі мектептегі оқу-тәрбие жұмысында екі түрлі бағытта жүргізіледі.

Біріншіден, сабақты оқытудың барысында экологиялық мәселелердің бір-бірімен байланыстылығын ғылыми негізде қабылдаса, екіншіден, сыныптан тыс уақытта жүргізілетін тәрбие жұмыстары нәтижесінде олар табиғатпен қайта түлеген ортаға тиімді ету жөніндегі нақты білім мен тәжірибені меңгереді. Сондықтан экологиялық білім беруге әртүрлі әдістерді пайдаланамыз. Оларға табиғатқа экскурсия, экологиялық үйірме, туристік жорықтар және сыныптан тыс жұмыстар жатады. Аталған жұмыстар оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие берудегі қоршаған ортаның жай-күйі үшін азаматтық борышын қалыптастыруды қамтамасыз ететін ғылыми білім, шеберлік, көзқарас пен сенім жүйесін орнықтыру болып табылады.

Адамзаттық мәселе болып табылатын экологиялық мәселелер жаһанданушылық, аймақтық, ұлттық, мемлекеттік, локалды және жеке деңгейлерде қарастырылады. Өлкетану жұмыстарының түрі, әдістері мен құралдары пайдалану эмпирикалық жүйеде жасалады. Тұлғаның жерді ортақ мекен, Қазақстанды ортақ Отан есебінде жақсы көру сезімі секілді қасиеттерін айқындайды.

Бұл ерекшеліктер экологиялық мәдениет кірістірілген тұлғалық білім ретінде мынадай міндетті компоненттерді қамтиды деген тұжырымға келуге негіз болды:

- танымдық компоненті жаратылыс пәндері бойынша теориялық білімдері берік, әрі терең қабылдаудағы, қосымша білімдер арқылы өлкетану білімінің жүйелі түрде қалыптасуындағы, халықтың рационалды және иррационалды білімдері бойынша түсініктерін меңгерудегі тұлғаның мүмкіндіктерін жүзеге асырады;
- эмоционалды компоненті экологиялық білімдерге қызығушылығы және қажетсінуімен, өлкетану жұмыстарының маңыздылығын мойындауымен, туған

жерінің табиғатына, сұлулығына тамсанып сезінуі және оны аялай алуымен анықталады;

- мінез-құлықтық компоненті қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану саласындағы құнды әлеуметтік, халықтық тәжірибені пайдалану бойынша нақты әрекеттермен сипатталады, сонымен қатар өлкетану ізденіс жұмыстарына дағдылануымен, олардың белсенділігін ынталандырылуымен, қауіпсіз қоршаған ортаны қорғау және қайта жасауымен, табиғаттың байлықтарын тиімді пайдалануымен қамтамасыз етеді.

Көрсетілген үш компонентті алғанымыздың себебі тұлға бойында белгілі бір мәдениетке баулуының нәтижесі ретінде қарастырылатын сәйкестіліктің қалыптасқанын білдіреді. Олай болса, кез келген сәйкестілік (мәдени, әлеуметтік, гендерлік, кәсіби, этностық, этностық-мәдени т.б.) өз құрамына аталған үш компонентті енгізеді.

Өлкетану жұмыстарында қазақ халық педагогикасының құралдары арқылы оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру процесін мүмкіндігінше толық қарастыру үшін оның негізгі нәтижесін анықтау қажет. Сондықтан өлкетану жұмыстарында қазақ халық педагогикасының құралдары арқылы оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың моделін жасамастан бұрын, оның нәтижесі болып табылатын экологиялық мәдениеті қалыптасқан тұлғаның бейнесін болжамдадық.

Осыған орай, оқушылардың жас және дербес ерекшеліктеріне сүйеніп, интеллектуалдық, сезімдік, эстетикалық, адамгершілік және еңбек дамуын қозғайтын сапалық өзгерістер, сонымен бірге сыртқы ортамен өзара әрекетінің көріну деңгейі басшылыққа алынып оқушылардың экологиялық мәдениетінің қалыптасуының өлшемдері мен көрсеткіштері айқындалды.

Қазіргі әлемде экологиялық проблемалар өзінің қоғамдық мәні жағынан алдыңғы қатардағы мәселелердің біріне айналды, мұндай жағдай адамзаттан бұрынғыдан да саналы, ақылды болуды талап етеді. Экологиялық біліктілікті жүзеге асырудың бірі экологиялық білімді, жете меңгеру болып табылады. Экологиялық жағдайдың әсері нәтижесінде жүргізілетін қазіргі адамзаттың рухани санасын қайта қарау оларда алдыңғы кезекте жауапкершілік, даналық, ақылға салып көрушілік, аяушылық, табиғи ортаның әрбір байлығын бағалау және түсіну қабілеттерін дамытуға негізделген. [16. 78-б]

XX ғасырдың соңғы жылдарында экономикалық жетіспеушілік және әлеуметтік саяси екі ұштылық әсерінен экологиялық проблемалар екінші жоспарға ығыстырылды. Біздің қоғамымыздың рухани құлдырау көрсеткіштерінің бірі, біртіндеп экологиялық қауіптілікке үйренуіміз, қоршаған орта жағдайына салыстырмалы жауапкерсіздігіміз бен немқұрайлығымыз болып табылады. Осындай жағдайдан арылуда экологиялық білімді насихаттау мен экологиялық ағарту жұмыстарының мәні зор.

Бүгінгі таңда жапшай экологиялық білім мен тәрбие беру мемлекеттік деңгейде қойылып отыр. Экономикалық және экологиялық білім мен тәрбие беруді негіздейтін құжаттар мен заңдар қабылданып жатыр. Экологиялық жағдайлардың бәріне талдау жасау, оның зардабынан сақтану, шаралар қолдану, қоғамдық пікір туғызу үшін, көпшіліктің білімі мен тәрбиесін, мәдениетін көтеру керек. Ол үшін Елбасының қолдау көрсетіп отырған экономикалық, экологиялық саясатын іске асыру, көпшілікке үздіксіз экологиялық білім беруді жүйелі түрде жүргізу қажеттігі туады. Осы орайда, экологиялық білім беру дегеніміз – адамзат қауымы мен табиғаттың қоғамның үйлестігі негізінде жүзеге асатын білім беру жүйесі мен оқыту үрдісінің ең тиімді жолдарын өміршең ету. Оның ішінде қоршаған орта мен оның табиғи ресурстарын тиімді пайдалану барысында табиғатты қорғай алатын, аялай білетін, адамгершілігі мол, ізгілікті, экологиялық білімі мен мәдениеті жоғары жаңа ұрпақты тәрбиелеу ерекше орын алады. Елімізде ерекше экологиялық апатты жағдайлар өріс алуынан туындап отырған проблемаларды шешу, табиғатты тиімді пайдалану үшін, адам әрекетінен пайда болған экологиялық, дағдарыстың өзгерістерін мейлінше тежеу, оны қорғау тәсілдерін үйретудің мәселелерін экологиялық білім беру арқылы ғана іске асыруға болады.

Экологиялық білім берудің мақсаты – жеке адамның бойына табиғатқа деген ізгілік пен әдет-ғұрыптарды қалыптастыра отырып, адам–қоғам–табиғат арасындағы толық үйлесімділікті қалыптастыру және дамыту деп түсінеміз.

Экологиялық білім беру әрқашанда жеке адамның тәрбиесін және экологиялық мәдениетін қалыптастырудан бастап, көпшілікке үздіксіз білім беру деңгейіне көтеріледі. Ол үшін адамзаттың санасына, ой-өрісіне, дүниеге деген көзқарасына қоршаған табиғи ортаның өзі мен қоғам үшін қажеттілігін сезіндіру қажет.

Жергілікті материалдар мен толықтырылған және өз мәнінде жеткілікті, анық түрде берілетін экологиялық мәліметтер табиғатқа кезек күттірмес көмектің қажеттігі сенімін тудырады. Көп жылдар бойы табиғаттан алғанымызды біртіндеп болса да қайтару керектігін түсіндіреді.

Өндірістік, әлеуметтік және рухани тәжірибенің ұрпақтан-ұрпаққа берілуі – адамзат қоғамы дамуының алға шарттарының және қызметтерінің бірі. Сондықтан да, тәрбие беру адамзат қоғамы дамуынан бөлінбейді және оның пайда болу кезеңінен бастап онымен тығыз байланыста.

Ұлы педагогтар ерте кезден-ақ табиғат – жеке адамның ақыл-ойы мен сезімін тәрбиелеудің сарқылмас қайнар көзі екендігін көре білді. Өздерінің педагогикалық теориясында табиғатқа жауапкершілікпен қараудың жеке тұлғаның адамгершілік қатынасын қалыптастырудағы маңызына ерекше мән беріп, ол арқылы қоғамға және оның материалдық байлығына, еңбекке деген қатынасының көрінетіндігін дәлелдеді. [17. 96-б]

Өскелең ұрпақтың экологиялық білімін қалыптастыруда олардың сезімі мен сенімін дамытып, оларды парасатылыққа тәрбиелеуде экологиялық- психологиялық тұрғыдан келудің маңызы зор. Психологиялық тұрғыдан экологиялық білім мен тәрбие беру дегеніміз:

- қазіргі кездегі қоғам мен табиғат арасындағы тәуелділіктің бүгіннен терең түсініп, келешегін болжай білетін экологиялық сауатты жеке тұлғаны тәрбиелеу.

- қалыптасқан білім деңгейіне сәйкес табиғи орта туралы жауапкершілік сезім, туған табиғатқа жалпы халықтық қазына деп қарайтын көзқарас пен табиғатты сақтау талаптарын ескере отырып, оқушылардың табиғаттағы жеке мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру.

Экологиялық білім беруде барлық жаратылыстану және қоғамдық ғылымдар білімдері байланыстырыла меңгерілуі тиіс. Мұндай білім тіршілік ету стратегиясына ғана емес, сонымен бірге арнайы ортада адам тіршіліктің сапасының жақсаруына да үлес қосу керек. Яғни, білім қоршаған орта сақталуына, оның табиғи және құнды тірі организм ретінде тіршілік жағдайын жасауына мүмкіндік тудыруы қажет.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Цветков Л.А. Общая методика обучения биологии. М., Просвещение, 1982.Б.520
3. Д.М.Кирюшкин, В.С.Полосин. Биологияны оқыту методикасы, 1984. Алматы,
4. Харламов И.Ф.Активизация учения школьников, М.,1960.-452стр.
5. Зайцев О.С. Методика обучения биологии М., «Владос»,1999\_\_\_
6. Оқу-тәрбие процесіндегі экологиялық сабақтастықтың ғылыми-теориялық негіздері. Монография. ТКО «Зерде» баспасы. –Алматы, 2005.-181 б.
7. Айналаны қоршаған орта. Экология. Әдістемелік нұсқау. –Алматы: Алматыкітап, 2003. –55 б.
8. Окружающий мир. Экология. Методическое пособие. –Алматы: Алматыкітап, 2003. –55 с.
9. Айналаны қоршаған орта. Экология. Хрестоматия. –Алматы: Алматыкітап, 2003. – 35 б.



10. Мектептегі білім берудің сапасы: қазіргі жағдайы, даму үрдісі және болашағы. //Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. –Алматы, 2000. –160-162 б.
11. Экологиялық тәрбие жұмысының сипаты //Білім Образование.- 2001. -№2. -31-33 б.
12. Экологиялық тәрбие негізінде баланың рухани жан дүниесін дамыту //Білім берудегі менеджмент. -2001. -№3. –117-119 б.
13. Қазақстандағы биология және экология ғылымдарының дамуына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. –Алматы, 2002. –89-192 б.
14. Әлемдік білім беру кеңістігі жағдайындағы ғылым мен практика интеграциясы. //Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің 75-жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. –Алматы, 2003. – 237-239 б.
15. Жас ұрпаққа экологиялық тәрбие берудің бағыттары //Ұлт тағылымы. -2003. -№2. – 19-21 б.
16. Үздіксіз экологиялық тәрбие //Қазақстан мектебі.- 2003. -№8, –32-34 б.
17. Экологиялық тәрбие технологиясы //Еуразия. Хабаршысы. Астана, 2005. -№2. – 115-117 б.
18. Экологиялық тәрбиені сабақтастықта жүргізу тұжырымдамасы. –Алматы: ТКО «Зерде» баспасы, 2005. –25 б.
19. Үздіксіз білім беру процесіндегі экологиялық тәрбие сабақтастығы //Ізденіс. - Алматы, 2007. -№ 4(2). -225-229б.

#### *А. Маратқызы*

### ЭТНОСТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІ ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІРГЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДАУ

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті,  
Қазақстан, Семей қаласы, [sanzhikgo7868@mail.ru](mailto:sanzhikgo7868@mail.ru)

Қазіргі таңда жастарды өмірге бейімдеуге жаңа сипатта қарау басты міндеттердің бірі болып табылады. Себебі, қоғамда болып жатқан түбегейлі бетбұрыстар, ғылым мен техниканың жетістігі тұлға психикасына әсері күшті болып отырғаны белгілі. Осындай, өмір ағысына қарай тез бейімделіп кететін жастардың психологиялық тепе-теңдігін сақтау үшін отбасылық қарым-қатынастың, қоғамдық күштің, оның ішінде этностық құндылықтардың рөлі ерекше.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ғасырлар тоғысында» атты ғылыми-теориялық еңбегінде жастардың, яғни жаңа қоғамды құрушылардың болмыс-бітіміне, рухани дүниесіне ерекше ден қойып, оларды тәрбиелеу мәселесіне баса назар аудара отырып, бұл мәселеге ғылыми дәйекті жауап табуды мақсат етіп көрсеткен [1].

Қазіргі кезде жастардың бойында рухани-адамгершілік мәдениетін дамытудағы отбасының ешбір талас тудырмайтын рөлі жөніндегі зерттеулер ғылыми түрде дәлелденген. Осы орайда, әлеуметтік кешенді құбылыс ретінде отбасының аса күрделі процесстерін талдау, оның қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайдағы рөлін айқындау және жастарды отбасылық өмірге психологиялық дайындау маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Әсіресе, нарық жағдайындағы жастардың отбасылық өмірге деген дұрыс көзқарастардың туындауын зерттеу өзектілігін туындатып отыр. Бұл айтылған мәселелерге орай түйіткілді мәселелер бүгінгі күні қоғамның өзекті мәселелерінің қатарынан орын алып отырғанын ешкім де жоққа шығара алмайды. Қоғамға тән жалпыланған дүниетанымдармен қатар, бүгінгі таңда жоғалып келген немесе бұрын күштеу мен қандай да бір саяси идеялар нәтижесінде айрылған аса маңызды

қасиеттердің орнын толықтыруда және адамзаттың рухани мәдениетінің негізін қалауда отбасының орны ерекше бола отырып, тек сонда ғана жүзеге асырылатыны даусыз.

Психологиялық тұрғыда ұлттық құндылықтар арқылы студент-жастардың отбасылық өмірге деген жағымды көзқарасын қалыптастыра, сонымен қатар, демографиялық, этнопсихологиялық, әлеуметтік, мәдени және өзге де факторларды мұқият ескере отырып, отбасы тәрбиесін дамытудың жаңа бағытын анықтау заман талабы болып отыр. Осы орайда, басты мәселелердің бірі - жастардың бойында ұлттық құндылықтар негізінде отбасылық өмірге жауапкершілікпен қадам жасауды негіздеу болып отыр.

Жоғарыда айтылған өзекті мәселені шешу жолдарын іздестіру этностық құндылықтарды рухани негіздеп, оның болашақ ұрпақ тәрбиесіндегі рөлін зерттеуде, сондай-ақ нарық жағдайындағы отбасылық құндылықтарды анықтаумен жүзеге асыруда жатыр.

Бүгінгі күні дүние жүзіндегі кез-келген халық сияқты, біздің елімізде де мәдени мұралардың құрамдас бөлігі болып табылатын отбасы мәселесінде терең педагогикалық-психологиялық идеялар мен тәрбиелік тәжірибелердің жиынтығы қордаланған.

Отбасы тәрбиесі мен отбасылық қарым-қатынас мәселесі дүние жүзіндегі кез-келген ұлттың тұтас даму тарихы мен оның салт-дәстүріндегі, әдет-ғұрпындағы, фольклорындағы, ән-музыкасы мен қол өнеріндегі сондай-ақ көркем шығармалары мен тарихи этнопсихологиялық материалдарында аса бай негіздерін құрайды.

Осы орайда, бұл бай тәжірибені игеру мен ғылыми жүйеге келтіру; келешек отбасы тәрбиесінде оны пайдаланудың ғылыми теориялық негіздерін жасау; отбасы тәрбиесіндегі этнопсихология негіздерін педагогтардың теориялық және практикалық қызметіне айналдыру; этностық құндылықтардың алғышарттарын жастарды отбасылық өмірге дайындау процесінде пайдалану аса маңызды.

Отбасы әлеуметтік институттардың бірі ретінде тұлғаны ең басты әлеуметтендіру ортасы болып табылады [2].

Тұлға осы айтылған әлеуметтік ортада өмірдің мәнін, оның мақсаты мен міндеттерін, сонымен қатар, құндылықтарын игере отырып, нені білу қажет, өзін қалай ұстау керектігі туралы алғашқы мағлұматтар алады да, сол ортада басқалармен қарым-қатынас орнату дағдыларын меңгереді.

Тұлға отбасында әртүрлі сипаттағы өмірлік төтенше жағдайлар мен ахуалдарда өзін-өзі ұстаудың нормалары мен мінез-құлқын реттеудің өлшемдерін меңгереді.

Отбасы психологиясын зерттеуші ғалымдар, атап өтер болсақ, А.Г. Харчев [3], А.Н. Антонов [4], З.И. Файнбург [5], Д. Горборинко [6] өзінің еңбектерінде оның маңызды функцияларының қатарына ата-ананың үгіт-насихаты мен түсіндірулері, олардың үлгі-өнегесі, үйдегі хал-ахуалы деген тұжырымдар жасайды.

Сонымен қатар, аталмыш ғалымдар отбасының психологиялық тынысы арқылы балалардың әдеттері мен мінез-құлқы, жақсы-жаманды бағалай алу критерийлері қалыптаса отырып, жасаған қандай қылықтары үшін сөгіс алып, не жағдайда жазаланатындығын, сондай-ақ, рухани қазына әділдік пен адалдық ұғымдарын меңгереді деген тұжырымдар жасады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы әрі парызы екендігі көрсетіліп, сонымен қатар, отбасының міндеттері нақты көрсетілген [7].

Бүгінгі күні отбасы тәрбиесіне байланысты «Қазақстан-2030» бағдарламасында болашақ ұрпақты алыс болашақта қандай сапада көруіміз керектігі нақты айтылған [8].

Сонымен бірге, өзінің ұрпағын тәрбиелеп, қатарға қосу міндеті отбасы туралы Заңда, жоғары және орта білім тұжырымдамасында әрбір отбасына жүктелген.

Қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі ретінде отбасының құрылымы өзгеріп, оның мүшелерінің саны азайып, әсіресе онда бала саны да кеми түскені анық. Әсіресе, қоғамда болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, мәдени және саяси жаңғырулар мен әртүрлі қоғамдық сипаттағы және әлемдік деңгейдегі ақпарат алмасулар отбасы мүшелерінің арасындағы тұлғааралық қарым-қатынас сипатына да өз әсерін тигізіп отырғаны белгілі.

Бүгінгі нарық жағдайында ата-аналардың көпшілігінің жұмыс бастылығы бала уақытының көбін енжар тәрбиешілермен өткізуге алып келіп отыр. Бүгінде қалалық отбасына тән бала тәрбиесі келесі ерекшеліктермен шартталып отыр: отбасында балалардың көбісі күннен санап көбейіп отырған ажырасулардың нәтижесінде әкесіз немесе анасыз өсуде; теледидар, жеке бөлме, т.с.с. өркениеттің жетістіктері, әсіресе талаптардың материалдық құндылықтармен өлшемденуі балалар мен олардың ата-аналарының арасындағы қарым-қатынас процесін қиындата, күрделендіре, тіпті шиеленістіре отырғаны белгілі.

Бүгінгі күні отбасы жайлы мәселелер көптеген ғылым салаларының зерттеу нысаны ретінде қарастырылып келеді. Бұл ғылыми зерттеулерде отбасы ұғымының мазмұны ашылып, оның құрылымы, функциясы, ондағы мүшелердің өзара қарым-қатынасы және оған қатысты мәселелерді шешуде көптеген тұжырымдамалар ұсынылды.

Бұл ғылыми тұжырымдамалар қазіргі кезде ғылым саласында өз орнын тауып, практикаға енгізілуде [9;10;11;12].

Жоғарыда атап көрсеткендей, тұлға дамуында отбасы мәселесіндегі қарым-қатынас ерекше рөл атқарады. Осы отбасылық қарым-қатынастың нәтижесінде тұлғааралық байланыс орнығып, өзара мәміле қалыптаса отырып, тұлғалық үйлесімді дамуда жетекші факторлардың бірі болады.

Кеңес психол-ғалымдары А.В. Мудрик [13], А.В. Запорожец [14], Қазақстандық ғалымдар Қ. Б. Жарықбаев [15], Ж.Ы.Намазбаева [16], С.М. Жақыпов [17], М. Мұқановтардың [18] еңбектерінде көрсетілгендей отбасындағы тұлғааралық қарым-қатынас арқылы өзара пікір алмасу, ішкі сезім әлемінде бірлесіп ләззат алу, қуанышта, қайғыда ортақтасу арқылы адамдар арасында сенімді кең ауқымды эмоциялар арқылы екі немесе бірнеше психологиялық жүйе немесе бірнеше рухани әлем және ой-пікір, мінез-құлық, сана-сезім, қылық-әрекеттер арасында келісім, өзара түсіністік, не болмаса шиеленіс, пікірталас, қарама-қайшылық тұрғысындағы мәмілеге келу процесі жүзеге асады.

Кеңес және шетелдік психология ғылымында отбасы ұғымына анықтама беру, оның атқаратын функцияларын нақтылау және отбасындағы қарым-қатынас мәселерін талдау көптеген зерттеулерде орын алған. Десек те, отбасы функциясының ортақ топтамасы немесе жіктемесі толық түрде жүйелі жасалмағандығы көптеген зерттеулерде көрсетіліп жүр.

Кеңес ғалымдары Г.М. Свердлов [19] пен В.А. Рясенцевтің [20] (1958) еңбектерінде отбасының маңызды функцияларында ұрпақ жалғастыру, тәрбиелеу, шаруашылық және өзара көмек көрсету түрлері көрсетілген. Тұлға дамуында ата-ананың отбасылық ықпалы туралы В. Сатир [21] және Э.А. Тийт [22]өзінің еңбектерінде қарастырды.

Сонымен қатар, аталмыш ғалымдардың еңбектерінде некедегі сәйкестікке қатысты мәселелер де талданған.

Ғалым А.О. Карабанова отбасын әлеуметтік ортадағы адамзат тәжірибесінің негізгі бірлігі ретінде сипаттады [23]. Ал, зерттеуші А.Н. Антоновтың [24] пікірінше, отбасы негізінен ата-ана мен бала қарым-қатынасын орнататын болса, онда неке ер азамат пен әйел адамның арасындағы қарым-қатынасты растап отыратын бірін-бірі мойындау мен қабылдау болып табылады. Аталмыш ғалым отбасылық кеңістік аймағы болып саналатын материалды құндылықтардың бірі үй және пәтер мәселесіне ерекше көңіл аударады.

Сондай-ақ, әр отбасының меншігі мен экономикалық негізі болып саналатын ата-аналар мен балалардың жалпы отбасылық іс-әрекетін болжайды.

Отбасылық қатынастар бойынша зерттеулер жүргізіп, осы ұғымға анықтама ұсынушылардың бірі А.Г. Харчевтің пікірінше «отбасы - бұл жұбайлар арасындағы, ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынастардың жүйесі, оның мүшелері бір-бірімен некелік және туыстық қарым-қатынаспен байланысады, ортақ тұрмыс пен өзара адамгершілікпен, жауапкершілікпен, қоғамның қажеттіліктеріне шартталынған әлеуметтік тәуелділікпен сипатталады» [25, 356.].

Оның көзқарасы бойынша отбасы тұлғаның тәндік өмірі мен әлеуметтік ағза өмірінің арасында байланыстырушы және үйлестіруші буын болып табылады. Дегенмен, бұл ғалым отбасы ұғымына жалпылама түрде анықтама берді.

Қазіргі кезде жаһандану мен нарық жағдайында отбасы мәселелерінің арасында ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынаста түсінбеушілік пен келіспеушілік жиі орын алып отырғаны белгілі. Осының салдарынан біріне-бірі түсіністікпен және кешіріммен қарау процесі кешеуілдеп, оларға психологиялық қызмет көрсету жағынан мәселе туындап отырғанына куә болып отырмыз.

Осы орайда, қазіргі таңда отбасында орын алған қиындықтарды шешуге көмек көрсету жолдарын жан-жақты зерттеу қажеттігі туындап отыр.

Әсіресе осы келеңсіздіктердің алдын алу үшін жастардың отбасылық өмірге дайындығы мәселесін зерттеу уақыт талабынан туындағаны сөзсіз.

Бүгінгі жастарды отбасылық өмірге этностық құндылықтар арқылы тәрбиелеу мәселесі жоғарыдағы айтылған проблеманың шешу жолдарын іздестіруге мүмкіндік береді.

Қазақ халқының қанына сіңген дәстүрлі отбасылық-тұрмыстық мәдениетін зерттеуге арналған еңбектерді талдау барысында ұлттық мәдениеттің ерекшеліктері сақталғанын байқауға болады.

Дегенмен бұл жағдай уақыт талабына сәйкес біршама өзгерістерге ұшырағанын, нақтырақ айтқанда, еуроазиялық мәдениеттің ықпалы күшейе түскенін, қазақ халқының отбасы тарихы, отбасылық функция және тәрбиенің идеялары мен дәстүрлері, олардың толық көлемде даму динамикасының барынша зерттеліп болмағанын көрсетеді.

Қазірге дейін этностық құндылықтарды отбасылық тәрбиеде дәріптеудің психологиялық негіздері, нарық жағдайындағы жастардың отбасылық өмірде дайындығын ашып көрсетуге бағытталған зерттеу еңбектері жоқтың қасы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында.-Алматы: Өнер, 1996.- Б. 272.
2. Торыбаева М.З Жасөспірім оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастырудағы мектеп, отбасын және қоғамдық қауымның бірлескен жұмысы Автореф.канд.дис. - Алматы, 2004.- С. 24.
3. Социальная психология детства: развитие отношений ребенка в детской субкультуре.- М., 2000.-С. 137.
4. Ковалев С.В. Психология современной семьи. - М., 1988. –С.208.
5. Варга А.Я. Системная семейной психотерапия// Журнал практической

**Г.Б. Жумагалиева, Г.К. Ақылбаева**  
**4К МОДЕЛІ БОЙЫНША МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕ ТӘРБИЕШІЛЕРІНІҢ КӘСІБИ**  
**ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

*№8 «Балбөбек» ясли-бақшасы КМҚК*  
*Қазақстан, Семей қ., balbobek8\_2015@mail.ru*

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауының «Өмір сапасы» бөлімінде білімдендіру ортасына: мобильділік, креативтілік, коммуникативтілік, нақтылық, динамизм тәрізді ақпараттық қоғамның жаңа талаптарына жауап беретін оқытудың инновациялық технологияларын енгізуге көңіл бөлген еді. Сондықтан, Елбасы: «Білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аудару» екенін атап көрсеткен болатын [1].

Мектепке дейінгі білім беруді жаңғыртудың қазіргі кезеңінде мектепке дейінгі жастағы білім беру сапасын қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінеді, бұл мектеп жасына дейінгі балалардың қажеттіліктері мен мүдделерін ескере отырып, ақыл-ой іс-әрекетінің логикалық тәсілдерін дамытудың тәсілдері мен құралдарын іздеу қажеттілігін тудырады.

Әлем жылдан жылға тез өзгеріп отырады, ресурстар таусылмайтын болып көрінгенімен тезірек таусылып қалады, мүмкін емес мүмкін болады, кенеттен ізін ғана қалдырып жоғалып кететін сияқты. Біздің әлем динамикалық, осыған орай үнемі білімді өзгертуді қажет етеді.

Мектепке дейінгі білім беруді жаңғыртудың қазіргі кезеңінде мектепке дейінгі жастағы білім беру сапасын қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінеді, бұл мектеп жасына дейінгі балалардың қажеттіліктері мен мүдделерін ескере отырып, ақыл-ой іс-әрекетінің логикалық тәсілдерін дамытудың тәсілдері мен құралдарын іздеу қажеттілігін тудырады [2].

Жасыратыны жоқ, бүгінде балабақшалардағы біздің елімізде білім беру саласының мамандары Давосстың алғашқы ондығын төрт негізгі дағды жүйесіне қысқартты, сосын оған «4К жүйесі» деген атау берді.

- Сыни ойлау;
- Шығармашылық;
- Қарым-қатынас;
- Ынтымақтастық (үйлестіру)

Әр «К»-ға жекелеп түсінік беріп өтейік.

Сыни ойлау - ақпараттар ағынын бағдарлай алу мүмкіндігі, себеп-салдарлық байланыстарды көре алуы, қажетсіз ақпараттарды електен өткізіп қорытындылауы. Сәтсіздікке жолыққан жағдайда шешім шығарып, өзінің жетістіктері мен сәтсіздіктерінің себептерін түсінуі.

Шығармашылық - өзгермелі жағдайларда өзін сенімді ұстап, дәстүрлі емес шешімдерді қабылдай алуға, жағдаятты әр тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Шығармашылығы дамыған адам жасап шығарушы болып табылады. Ол басқа адамдардың бастамаларын дамытып, жетілдіре алады. Қиындықтарды жеңу ол үшін қызықты басқатырғышқа айналады.

Қарым-қатынас - қазіргі кезде әрбір адам қоңырау шалынатын немесе хабарламалар тәулік бойы жеткізілетін қашықтықта орналасқан. Келіссөздер жүргізу және байланыс орнату, әңгімелесушіні тыңдау және өз көзқарасын жеткізу қабілеті өмірлік дағдыға айналады.

Ынтымақтастық - кәсіби салаға қарасты құзыреттілікпен тығыз байланысты. Жалпы мақсатты және оған жету жолындағы рольдерді айқындай отырып, оның нәтижесін бағалай алу қабілеті [3].

4К моделі бойынша мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби қабілеттерін арттырудың маңыздылығы орасан зор. Қазіргі заман талабына сай балабақшадағы білім беру үрдісінде тәрбиеші-педагогтардың креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті және командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту арқылы 4К моделі бойынша жұмыс істеуге үйрету, кәсіби қабілеттерін жетілдіру жүзеге асырылуда.

Аталған тақырып бойынша тәрбиеші-педагогтар жыл сайынға біліктілікті арттыру курсы шеңберінде командалық және жеке жаттығулар, топтық жұмыс және психологиялық сергіту сәттері, стандарттан тыс шешім қабылдау, жағдайды жан-жақты қарай отырып, стереотиппен ойламай, үйреншікті шеңберден шыға отырып шешім қабылау жолдарын игеріп отырады.

Жалпы мақсаттары, балалармен жұмыс жасау барысында алған білімді тәжірибе жүзінде жүзеге асырып, өздігінен дұрыс шешім қабылдай білетін, ақпараттармен жұмыс істей білетін шығармашыл, құбылыстарды жан-жақты талдап саралай білетін сыншыл тұлға болып қалыптасу [4].

ҚР-да мектепке дейінгі білім беруге қойылатын талаптарды назарға ала отырып, біз педагогтердің құзыреттілігінің «4К моделі» жобасын дамыту қажеттілігіне келсек, педагогтердің құзыреттілігін арттыру бағдарламасының негізінде талаптардың динамикалық қалыптасуына және олардың өзін-өзі ұйымдастыратын жұмыс топтары ішінде тұрақты өзара іс-қимылды іске асыруын қамтамасыз етуге бағытталған тренингтік сабақтар, курстар, жобалық оқытулар жүргізіліп отыр.

Онымен бірге шығармашылық ойлауды дамыта отырып, балалармен жұмыс жасауда ізгілік, шыдамдылық сияқты қасиеттерді қатар көреміз. Біз әр баланың жеке дара екенін, оның мүмкіндіктерінің, әрқайсысының өзіндік ерекше сипаты және ерекше ойлауы бар екенін түсінеміз. Бірақ оларды бір нәрсе біріктіреді, әр баланың жасына қарамастан, шығармашылыққа бейімділігі болады, бұл оған шығармашылық қабілетін ашуға көмектеседі. Мұғалім мен ата-ананың (ересек адамның) көмегі эмоционалды және ұтымды бастаманы дамытуда үлкен рөл атқарады.

Балалардың шығармашылық ойлауын дамыту үшін қандай әдістер қолданылады? Кративтілік - бұл шығармашылық және кез-келген шығармашылық баланы болашақта толық қолдана алатын жаңа әлеуетті құруға ынталандыратын арнайы әрекеттерді қажет етеді.

Жас балалар үшін шығармашылық ондағы жеке тұлғаны дамытады, есте сақтауды, байқауды, түйсікті белсендіреді, жауапкершілікті, көркемдік сезімді тәрбиелейді. Үлкен балалар әуестеніп ән айтып, би билейді, мүсіндейді және сурет салады, музыка мен ертегілер жазады, халық қолөнерімен айналысады.

Даму ортасы - мектеп жасына дейінгі баланың өзін-өзі анықтауы үшін маңызды міндеттердің бірі. Ол үшін әр қоянның алдында мен балаларға өздерінің ішкі әлеуетін дамыту үшін стандартты емес ойындар ұсынады. Балаларға қиялда еркіндік беру керек, оларды әрдайым жігерлендіру керек, сіз оларды ұра алмайсыз. Біз әрқашан балаларға айтуға болмайтын 10 сөйлем» ережелерін ұстанамыз. Біздің тәрбиеленушілерімізде өзін-өзі тануды, ойлауды дамыту үшін біз өзіміз шығармашыл болуға, жаңа әдістерді ашуға және қолдануға тырысамыз. Біз балаларға өздерінің маңыздылығына сенімді болуға көмектесетін сындарлы жеке көзқарастарды дамытамыз.

Балабақша тәрбиешілерінің кәсіби қабілеттерін арттыруда, жұмыста жетістікке жету үшін білімді көру немесе мақсаттың бір бөлігін жақсы көру жеткіліксіз, бүкіл жүйені қамтитын ойлауға көшу керек, бұл жүйелер жеке элементтерден қалыптасады және нақты өзгерістердің қалай әсер ететінін емес, өзін-өзі басқарудың негізгі үрдістерінің жиынтығын көруге мүмкіндік береді.

Тәрбиешілернің кәсіби өзін-өзі дамытуының ең жоғары деңгейі оның авторлық жұмыс жүйесін құру және білімді тарату ғана емес, сонымен қатар оның жетістіктерін білім беру үрдісіне қатысушылар арқылы көрсету болып табылады.

«4К моделі» - бұл педагог-тәрбиеші үшін өзінің кәсіби-тұлғалық дамуы мен педагогикалық шеберлігін жетілдірудің түрлі сатыларына көтерілу мүмкіндігі. Қорыта келгенде осы 4К моделінің стратегияларын сабақтарында қолдану барысында алған нәтиже:

- тәрбиеленушілердің оқуға қызығуы;
- іскерлік дағдысының дамуы;
- ойлау белсенділігі, тапқырлығы;
- өзіне деген сенімінің қалыптаса бастауы;
- балалар басқалармен қарым-қатынас жасай біледі;
- басқаларды тыңдап кез келген жауапқа сыйластық, түсіністікпен қарайды;

- өз ойын топ алдында ашық айтып қорғай біледі;
- өз бетінше ізденуге үйретеді;
- сабаққа деген белсенділігі жоғары бола бастайды [5].

Осындай жұмыстардың нәтижесінде бүгінгі күн талабына сай сауатты, білімді балалар тәрбиелеуге болады. Ол үшін көп ізденіп, көп оқып, ізденіс үстінде болу керек.

Біздің қоғам әлемде қандай жаңалық, жаңа жоба, жаңа технология пайда болса да, оларды қабылдауға, меңгеруге қабілетті, қаржылық ресурстары мол. Сондықтан да, білім саласындағы негізгі стратегиялар жаңа технологияларды игерумен қатар, тәрбиеленушілердің ойлау қабілетін арттыратын, сапалы білімге қол жеткізуді қамтамасыз ететін дәстүрлі оқыту әдістемелерін дамытуға негізделіп құрылуын қалаймыз.

### Әдебиеттер тізімі

*Елбасы Назарбаев Н.* «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2018.

*Загашев И.О.* Критическое мышление: технология развития. - СПб.: Изд-во», 2012.

*Аганов И.А.* Учимся продуктивно мыслить. - М.: Про-Пресс, 2014.

*Гин С.* Как развивать креативность у детей. - М.: Электронная библиотека, 2017

*Загашев И.О., Заур-Бек С.И., Муштавинская И.В.* Учим детей мыслить критически. - СПб.: Альянс «Дельта», 2013. - 405 с.

*Д.Т. Искакова, М.Р. Ниязбекова*

### МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ-ХОРЕОГРАФИЯЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

*№8 «Балбөбек» ясли-бақшасы КМҚК*

*Қазақстан, Семей қ., balbobek8\_2015@mail.ru*

Қоғамның шығармашылық, өз бетінше ойлайтын, жаңа, оригиналды өнімді жасай алатын адамдарға деген қажеттілігі әрқашан болған, бірақ ол ғылым мен өндірісте қарқынды өзгерістер болған кезде соңғы уақытта үлкен күшке ие болды. Ғылыми-техникалық прогресс дәуіріндегі өмір әр түрлі және күрделене түседі, ол адамнан шаблонды, таныс әрекеттерді емес, ұтқырлықты, ойлаудың икемділігін, тез бағдарлануды және жаңа жағдайларға бейімделуді, үлкен және кіші мәселелерді шешуге шығармашылық көзқарасты талап етеді. Қазіргі заманғы әлеуметтік жағдай стандартты емес шешімдер қабылдауға, әртүрлі қарама-қайшылықты жағдайлардан шығуға, өз бетінше ойлауға және әрекет етуге, өзінің жеке стилін көрсете алатын адамға қоғамның қажеттілігін өзектендіреді. Болашақта адамзат қоғамының қаншалықты алға жылжуы жас ұрпақтың шығармашылық әлеуетімен анықталады.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің алғашқы буыны болып табылатын мектепке дейінгі кезеңде балалардың музыкалық-хореографиялық шығармашылық қабілеттерін жан-жақты дамыту және тәрбиелеу мәселесіне ерекше назар аударылады, өйткені осы кезеңде балалардың музыкалық-хореографиялық шығармашылық қабілеттерін дамытуға үлкен мүмкіндіктері бар. Ғалымдардың пікірінше, табиғи табиғаттағы музыкалықтың алғашқы шарттары 50-60%-ға байқалды. Баланың музыкалық ерекшеліктері шығармашылық, ізденгіш сипатқа ие, бірақ оның дұрыс бағытта даму шарттары әртүрлі, сондықтан баланың ақыл-ой қабілеттерін дамыту, оның нақты бағыттарын анықтау, ең алдымен, оның жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып тәрбиеге байланысты. Балалардың толыққанды музыкалық тәрбиесі қарапайым музыкалық қойылымдарды қалыптастырудан басталуы керек [1].

Балалардың музыкалық-ойын және би шығармашылығы мектепке дейінгі педагогикада маңызды орын алады. Негізгі міндеті - балалардың музыкалық бейнелерді қабылдауын және оларды музыкаға сәйкес қозғалыста білдіру қабілетін қалыптастыру. Музыкалық образ шығарманың эмоционалды мазмұнын білдіру үшін қажет әр түрлі экспрессивті құралдардың көмегімен жасалады. Музыкалық образ шығарманың эмоционалды мазмұнын білдіру үшін қажет әр түрлі экспрессивті құралдардың көмегімен жасалады. Музыкалық ойын және би іс-әрекеті екі топқа бөлінеді: музыканы қабылдау және оның экспрессивті қасиеттерін қозғалыста ойнату.

Әрекеттің бірінші тобы музыканы тұтас қабылдаумен байланысты. Бала жеке, ең жарқын құралдарды бөле бастайды.

Әрекеттердің екінші тобы музыкалық ойындар, дөңгелек билер, би үрдісінде моториканы

дамытуға бағытталған. Бұл жағдайда әртүрлі қозғалыстар қолданылады: дене жаттығулары (жүру, жүгіру, секіру), сюжеттік драматургия (ойын бейнелерін сахналау, сюжеттік желіні дамыту), би (халық биі және қазіргі заманғы элементтер) [2].

Балалардың қимылдарын орындау кезінде мәнерлілікке қол жеткізе отырып, олардың белгілі бір музыкалық шығарманың ерекшеліктерін қаншалықты біріктіретінін және дәл жеткізетінін бақылау қажет.

Мектепке дейінгі тәрбие бағдарламасы бізді музыкалық-ырғақтық қимылдардың барлық түрлерінде және балабақшаның барлық жас топтарында, орташадан бастап шығармашылықты дамытуға бағыттайды. Сондықтан іс жүзінде бірде-бір сабақ шығармашылық тапсырмаларсыз болмауы керек, өйткені ол ән айту, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақты қозғалыстарсыз болмайды. Балалардың қабілеттерін дамыта отырып, біз олардың жалпы музыкалық, адамгершілік қасиеттерін, бастамасын, тәуелсіздігін дамытуға ықпал етеміз.

Әріптестердің өз тәжірибесі мен тәжірибесі балалардың шығармашылық бастамасын көрсету үшін төмендегілер қажет деп сендіреді:

музыкалық әсердің үлкен көлемде. Балалар оларды балабақшада, сондай-ақ үйде өткізілетін мерекелер мен демалыстардан басқа, теледидар бағдарламаларын, компьютерлік бағдарламаларды, театрландырылған қойылымдарды көреді;

музыканы белсенді қабылдауды дамыту. Музыканы тыңдауға ғана емес, сонымен қатар музыканы тыңдауға, музыкалық сөйлеуді түсінуге үйрету маңызды;

музыканың сипатына қарай айқын қимылдарды тұрақты түрде үйрену.

Ортаңғы топта музыкалық әсерлер мен қимылдарды жинақтау үрдісі жалғасады. Кіші топтағы сияқты, бірнеше сабақтарда алдын-ала музыканы, әр жеке шығарманы қабылдау бойынша бұрыштық жұмыс бар, өйткені музыкадағы поэтикалық жұмыстың бұл әдісі барлық жас топтарына да тән. Мен балаларға мүмкіндігінше көп ауа әдістері мен әдістерін қолдануға тырысамын:

музыкалық шығармаларды мәнерлеп орындау,

қимылдарды дұрыс, нақты, эмоционалды көрсету және иллюстрациялық материалды қолдану,

бейнелі әңгіме, поэтикалық сөз, жұмбақтар, питомниктер, сюжеттік-рөлдік ойынға, биді импровизациялауға балаларды тарту кезінде қолданылатын түсіндірмелердің барлық түрлері,

жаттығу әдісі немесе практикалық [3].

Баланың музыкалық даму үрдісі музыкалық іс-әрекетті ұйымдастыру үрдісінде жүзеге асырылады. 1-2 жаста бала ересек адамның әнін тыңдап, дауыстың интонациясына жауап береді, дірілдейді. 2 жасында бала қарама-қарсы сипаттағы әндерге қуанады немесе тыныштық танытады. 3-4 жасында ол ересектердің көмегімен кішкентай әндерді орындай алады. Билеуге, ойнауға, өз бетінше әрекет етуге тырысады.

5 жыл - бұл бала көбірек білгісі келетін кезең. Бала көшбасшының талаптарын, ән айтудың, пьесаның көңілді, қуанышты, тыныш сипатын білетін, пьесаның қарама-қарсы екі бөлігін, музыкалық аспаптардың тембрін, қол алысуды, жеңіл би қимылдарын орындай алады.

6 жас-балаларды мектепке дайындау кезеңі. Балаларда музыкалық шығарманы сипаттайтын эстетикалық көзқарас қалыптасады. Ән, би, ойын орындаудағы шығармашылық дамып, музыкаға деген ынта-жігер байқала бастайды.

Музыкалық тәрбиенің басты мақсаты-баланың өмірге деген көзқарасын, Отанға, елге, жерге, өнерге, өз халқының дәстүрлеріне деген сүйіспеншілігін бағалай білетін дана азаматты музыкалық өнер арқылы тәрбиелеу.

Баланың ішкі белсенділігін дамыту үшін қажетті мүмкіндіктер жасау:

Әр балада оның жеке қасиеттері мен қабілеттерін ашу, олардың өмірге қажетті салаларда шоғырлануына мүмкіндік беру;

Әр баланың жеке ерекшеліктерін ашуға және оның дамуына ықпал ететін жаңа жолдарды іздеу;

Әр баланың жеке басына құрмет пен сүйіспеншілікті қамтамасыз ететін қатынастар орнату;

Жеке тұлғаға әсер етудің белсенді әдістеріне бағдарлану;

Баланың мүмкіндіктерін ескермей дамуды жеделдету мүмкін емес, сондай-ақ даму процесінде кідірмеу керек. Сондықтан ата-аналардың ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың музыкалық даму көрсеткішін білуі маңызды

Музыкалық сабақтар оқу және шығармашылық тапсырмаларды орындауға арналған. Балалар орындау дағыдаларын игере бастайды және өздерінің құпиясыз әуендерін шығара бастайды, ал түрлі билерді орындағанда түрлі би қимылдарын, музыкалық ойын кейіпкерлерінің өздерінше беруге талпынады. Баланың жеке басын жан-жақты дамыту эстетикалық тәрбиенің адамгершілік, ақыл-ой, дене тәрбиесімен өзара тығыз байланысу арқасында қамтамасыз етеді [4].

Музыкалық оқу қызметінде таным мен ақыл-ой іс-әрекеттері де жетіледі. Балалардың музыкалық іс-әрекетке деген ынтасын бір қалыпты ұстау үшін құралдардың құрамын жаңартып отыру қажет. Бұл балалардың белсенділігін арттыра отырып, музыкалық іс-әрекетін түрлендіруге мүмкіндік береді.



Нәтижесінде олардың өзіндік іс-әрекеттерінің деңгейі өсіп, музыкалық қабілеттері дамиды, музыка туралы білімі кеңейеді.

Балабақшадағы музыкалық іс-әрекет балаларға белгілі бір білімді түсіндіреді, қажетті іскерлікті, дағдыны меңгереді, музыкалық әсерлерін жинақтайды. Бұл музыкалық оқу іс-әрекеттер мерекелердің және көңіл көтерудің дұрыс ұйымдастырылуының, сондай-ақ, тәрбиешілер балалардың өзіндік музыкалық іс-әрекетін басқаруының арқасында жүзеге асырылады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды ән айтуға үйреткенде алдымен әр баланың дауыс диапазонын анықтап алу керек және балалардың көпшілігі өзінің дауысын еркін меңгеруі үшін оны жүйелі түрде жетілдіре түсуге ұмтылу керек. Балалардың ересектердің тым дауыстап ән айтуына еліктемей, әнді қиналмай айтып, еркін сөйлеуін үнемі қадағалап, ата-аналарға балалар жанында айқайлап ән айтып, қатты дауыспен сөйлеудің зияндылығын түсіндіріп, балалардың суық және дымқыл ауа райы жағдайында көшеде өлең айтуына рұқсат етпеулерін ескерткен жөн.

Осы тұрғыдан алғанда, музыкалық тәлім-тәрбиеге байланысты педагогикалық және қоғамдық іс-әрекеттің түрлі жақтарын қарастыруы оның зерттеу мақсаты болып табылады.

### Әдебиеттер тізімі

*Березина В.Г., Викентьев И.Л., Модестов С.Ю.* Детство творческой личности. — СПб.: издательство Буковского, 2004. — 60 с.

*Богута В.М.* Методика формирования хореографических творческих способностей детей младшего школьного возраста // Международный журнал экспериментального образования. — 2013. — № 11-2. — С. 15-18; URL: <http://expeducation.ru/ru/article/view?id=4307> (дата обращения: 09.11.2020).

*Ветлугина Н.А.* Музыкальное воспитание в детском саду. - М.: «Просвещение», 1991.

*Метлов Н.А.* Музыка детям. - М.: «Просвещение», 1995.

**С.М. Садуақасова, А.А. Касымова**

### ЭТНОПЕДАГОГИКАНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТӘРБИЕСІНЕ ӘСЕРІ

*№8 «Балбөбек» ясли-бақшасы КМҚК*

*Қазақстан, Семей қ., balbobek8\_2015@mail.ru*

Этнопедагогика ересектердің жас ұрпақты тәрбиелеудегі іс-әрекетінің түрі ретінде өзіндік және ерекше әдістерге ие. Әрбір халық тарихи қалыптасқан тәрбиелік дәстүрлер мен ерекшеліктерді сақтап қана қоймай, тарихи ұлттық тұлға мен өзіндік ерекшелігін жоғалтпау үшін оларды болашаққа ауыстыруға тырысады.

Халық педагогикасының жан-жақты зерттеген ғалымның бірі Г.Н. Волков. Ол ең алғаш рет «Этнопедагогика» терминін қолданды. Ал қазақ тілінде этнопедагогиканың мән-мағынасын ашқан ғалым Қ. Жарықбаев. Этнопедагогика жас ұрпақты тәрбиелеуде халық тәрбиесін негізге алады [1].

Халық педагогикасы - бұл ұлттық қазына. Ұлттық тәрбие беру мәселесі әл-Фарабидің, Ж.Баласағұнидің, М.Қашқаридің еңбектерінде көрініс табады. Ұлтымыздың ұлы тұлғалары түркі халықтарының тәрбиелік ерекшеліктеріне үлкен мән бере отырып, ұлттық тәрбие берудің әдіснамалық негізін жасады. Халқымыздың кемеңгер ағартушылары Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың, Ш.Құдайбердиевтің, М.Жұмабаевтың, А.Байтұрсыновтың, Ж.Аймауытовтың, М.Дулатовтың, т.б. педагогикалық мұрасында тұлғаның қалыптасуы мен дамуындағы ұлттық тәрбиенің маңыздылығы мен мазмұны ашып көрсетілді [2].

Тәрбиенің қайнар көзі ретінде халықтық педагогиканың аумағы кеңейе түседі. Олар: ертегілер, жырлар, жаңылтпаштар, жұмбақтар, санамақтар, мазақтамалар, мақал-мәтелдік сөздер, ұлттық салттар мен дәстүрлері, халықтық ойындар мен ойыншықтар.

Тиімді құралдар - бұл ойындар, халықтық сөздер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ертегілер, жаңылтпаштар, және т.б. осы немесе басқа құралды таңдау, ең алдымен, оның негізгі функцияларымен анықталады. Халықтық педагогикада осы құралдардың негізгі функцияларының айқын саралануы келесілерде байқалады: мақал – мәтелдер негізінен этикалық тәрбие үшін, жұмбақтар – ақыл-ой дамуы үшін, ойындар-дене тәрбиесі үшін және т.б. негізгі

оқыту функциясымен қатар құралдардың әрқайсысы басқа функцияларға ие. Мысалы, мақал-мәтелдерде логика мен поэзия көп, жұмбақтарда-сұлулық, ойындарда-зияткерлік және эмоционалды жаттығулар және т.б. [3].

Салт-дәстүр дегеніміз – халықтардың кәсібіне, сенім-нанымына, тіршілігіне байланысты қалыптасқан ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын қоғамдық құбылыс [4]. Халықтың игі мәдени дәстүрлері: ізеттілік, қайырымдылық, мейірімділік, қонақжайлылық, имандылық, иманжүзділік – барлық мәдени үлгі өнегелі іс-әрекеттердің көрінісі - әдеп деп аталады. Қазақ халқының осы игі дәстүрлерін айқындап, дәлелдей келе, халықты рухани тазалығы жағынан алып, қазақ халқын әдепті, яғни қайырымды, мейірімді халық деп атауға әбден болады. Этнопедагогикадағы салт-дәстүрлердің ұлттық санаға сіңіп, біржола заңдандырылуы – салт-сана деп аталынады. Ұлттық санаға сіңіп, қалыптасқан салт-дәстүрлер сол ұлттың ой санасының дәрежесін көрсетеді. Ұлттық сананың қозғаушы күші – ұлттық намыс, ұлттық абырой. Ол жеке тұлғалардың перзенттік борышты өтеу дәрежесіне сай өмірден өз көріністерін байқатады. Халықтық педагогиканың құрамдас бөліктері: әдет-ғұрып, таным, наным, ұғым, салт- сана және дәстүрлер.

Қазіргі кездегі эстетикалық тәрбиенің міндеттерін шешу үшін халықтың осы уақытқа дейінгі тәжірибесін меңгеру қажет. Мәдени құндылықтарды жасауда әр халықтың өзіндік ерекшелігі бар. Халық әрдайым әсемдікті іздеді, қолдан жасады және оны өмірде, тұрмыста, еңбекте бекітуге тырысады. Оны халқымыз үй жиһаздарын жасауынан және оны әсемдікті сезінудегі тәрбие құралы ретінде пайдалануынан көруге болады.

Халықтық эстетикалық тәрбие жүйесінде лирикалық, үйелмендік, тұрмыстық, әдет-ғұрыптық, еңбектік және т.б. әндер мен өлеңдер ерекше орын алады. Бұлар да эстетикалық тәрбие құралдары ретінде қызмет етті. Халқымыздың әндері, жанры және тақырыбы жағынан өте бай. Көптеген әндер би қимылдарымен байытылды.

Қазақ халқының музыкалық аспаптарының түрлілігі таңқаларлықтай (домбыра, шертер, аса таяқ, шаңқобыз, ұран, жетіген, үскірік, қамыс сырнай, дабыл т.т.). Олар бос уақытта пайдаланылып жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беру ісіне қызмет етті.

Халқымыздың тұрмысына енген қолданбалы қолөнер бұйымдар, олардың әшекейленіп жасалуы эстетикалық тәрбиеде өз алдына бір сала. Эстетикалық тәрбиеде халық ауыз әдебиетінің маңызы өте зор болды. Оның мазмұны халқымыздың бүкіл өмір тәжірибесін қамти отырып, жас ұрпақ санасын әсемдік сезімін, талғамын, қажеттілігін билейді. Эстетикалық тәрбиенің күрделі мәселелерін айқындауда біз халықтың жинақтаған педагогикалық білімімен тәрбие тәжірибесіне сүйенуіміз қажет.

Тәрбие жүргізу ісінде үйрету, пайымдату, сендіру, әсерлендіру тәсілдері қолданылады. Ұлттық тәрбие үлгілерін көрсетіп, үйрету үшін сахналық тәсілдерді қолданудың мәні зор. Сөзді жаттау, оны сахнада мәніне жеткізіп, мәнерлеп айта білу, өмір құбылыстарын әсерлендіре көрсету, кейіпкер бейнесін айнытпай көрсету әрбір тәрбиеленушінің санасына сан қырымен әсер ететін құбылыс.

Бала түсінігінің эстетикалық жақтан қалыптасуы халықтық педагогика және тағы сол сияқты көптеген факторлардың ықпал ету нәтижесінде болады. Сондықтан тәрбиешілер баланың эстетикалық талғамын іс-жүзінде, теория жүзінде де арттыра отырып, көрген білгендерімен сұлулықты қабылдауға көмектесуі керек. Балалардың эстетикалық сезімін дамыту оларға мынау жақсы, әдемі, ал мынау жаман, көріксіз деп ауызша айтуда ғана жүзеге аспайды, сонымен бірге бала күнделікті тұрмыста да, бала бақшада да эстетикалық талғампаздықтың үлгі өнегесін күн сайын көріп отыруы керек. Ата-бабамыз сыртқы көрнекі сұлулық пен ішкі рухани сұлулықты мойындай отырып, олардың орнын анықтауға келгенде, ішкі рухани сұлулыққа көбірек көңіл бөліп, мазмұн сұлулығына көбірек жан тартады.

Балаларға әдепті әсемдіктен бөліп түсіндіруге болмайды. Егер оларды бөліп айтуға болатынын мойындасақ, онда әдепсіз сұлулықтың да болатынын мойындауға тура келер еді де, сұлудық өлшемдері тек сыртқы белгілер, симметрия, пропорция, түр-түстер сәйкестігі, т.б. ғана болып шығады. Орыстың атақты әдебиет сыншысы әрі эстет В.Г. Белинский сұлулықты барлық уақытта моральмен бірге қабылдап келген қоғамдық тәжірибеге сүйене отырып: «Сұлулық шындықпен моральмен бір туысқан. Егер шығарманы көркемдік құндылыққа ие десек, онда ол сөз жоқ, әдеп-инабаттылық жағынан да құнды болады», - дейді. Халқымыз дене сұлулығына, әсіресе қыз баланың көрікті болуына ерекше көңіл бөлген. Аналар «Аттың көркі – жал, қыздың

көркі шаш» деп ұққан. Қыз баланың шашын жақсы өсіру үшін айранмен, ірімшіктің сары суымен немесе қынамен жудырған. Шаштарын қос бұрым немесе бестемше етіп өру бойжеткен қыздардың көркі болған. Қыз бен жігіт айтысындағы: «Атымды әкем сүйіп Несіп қойған, шашымды бестемшелеп есіп қойған» деген сөз тіркестері осы пікірді дәлелдейді. Халық жанрларында аруларды «Шашының ұзындығы ізін басты» немесе «Қыпша бел, қиылған қас, қолаң шашты» деп сипаттаған. Халық даналығы арулардың киім киісіне де ерекше мән берген. «Адам көркі – шүберек, ағаш көркі жапырақ», «Қыз өссе – елдің көркі» деп қыз баланы қынама қамзол, дүрия бешпент, кәмшат бөрік, қос етек көйлек, биік өкше етік тіктіріп кигізген. Сырға, білезік, шолпы, шашбау, жүзік сияқты әшекей заттарды тақтырған. «Қыздың көзі қызылда» деген мақал да қыз баланың әшекей заттарға үйірлігін білдіреді. Ұзатылған қыздың ауылында айтылатын «Жар-жар», «Жұбату», «Сыңсу» өлеңдерінде, келін түсіру тойларында орындалатын «Беташарда» қыздың, жас келіннің басты – басты киімдері, сән-салтанаты, сұлулық бейнесі мақтала жырланған. Бала түсінігінің эстетикалық жақтан қалыптасуы халықтық педагогика және тағы сол сияқты көптеген факторлардың ықпал ету нәтижесінде болады.

Осылайша, этнопедагогикалық тәсіл тәрбиешілерді ғасырлар бойғы тәрбие практикасымен тексерілген педагогикалық құралдар мен әдістермен жабдықтайды. Сондықтан оның маңыздылығы мен қажеттілігі мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде отбасы мен балабақша арасындағы тиімді өзара әрекеттесуді жүзеге асыру болып табылады.

Эстетикалық көзқарасты тәрбиелеудің негізгі құралы - өнер. Ол шындықты көркем, сезімді қабылданылатын бейнелер арқылы бере отырып және осылар арқылы адам сезімімен санасына әсер етіп, оның көзқарасын қалыптастыруға жәрдем етеді. Педагогикада эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу тәрбиенің басқа салаларымен тығыз байланысы қаралады. Балалардың ақыл-ой тәрбиесін, зерттелген құбылыстар әсемдігін ашпай жүзеге асыру мүмкін емес. Еңбекке тәрбиелеу – адамдардағы әсемдікті еңбек мазмұны мен процесін танымай саналы тәртіп пен мінез-құлықты тәрбиелеу мүмкін емес. Сондай-ақ әсемдікке көзқарасты тәрбиелеуді өмірден, белсенді іс-әрекеттен және мұраттарға жету жолындағы күрестен оқшау қарауға болмайды.

Балабақша баланы әсемдікті өмірден, адамдар қылықтарынан, еңбек іс-әрекетінен, еңбек нәтижесінен көруді және ләззат алуды үйретіп қана қоймайды, күнделікті өмірде осы әсемдікті жасау ынтасы мен іскерлігін тәрбиелейді. Сонымен эстетикалық тәрбие табиғаттағы, өнердегі, еңбектегі, өмірдегі ең жақсыны қабылдау, одан ләззат алу. Эстетикалық тәрбие адамда дүниедегі әдемілік атаулыны бағалай білуге үйретеді, өнер шығармаларын тануға, қастерлеуге баулиды. Эстетикалық тәрбиенің өзіне тән міндеттері бар. Олардың бірі – эстетикалық сезімді және эстетикалық қабылдауды тәрбиелеу. Өмірдегі, өнердегі әдемілікті сезу және көру адамдарда әртүрлі болады. Біреулер әдемілікке үңіле қарап, оның сырын білуге тырысады, ал кейбіреулер оған онша мән бермейді, қалай болса солай қарап жанынан өте шығады. Әдемілікті сезу үшін, оған түсіну үшін ең алдымен бейнелеу өнері, музыка және ән саласынан әрбір адамда білім болуы керек. Білім адамды әдеміліктің объективтілік критерийлерімен қаруландырады. Білімді адам сұлулықты бағалай біледі, түсінеді. Айналадағы дүние сезімталдық, эстетикалық қабылдау қырағылығы, ықыластылық, қамқорлық баланың эстетикалық дамуының негізі болады [4].

Отбасының тәрбие факторы ретінде этнопедагогикада маңызды орын алады. Отбасындағы балаларды тәрбиелеу дәстүрлерін талдау олардың көпшілігін қазіргі жағдайда сәтті қолдануға болатындығын көрсетеді. Бұл үрдістегі маңызды рөл мектепке дейінгі мекеме мұғаліміне тиесілі. Ол жұмыстың әртүрлі формалары мен әдістерін қолдана отырып, ата-аналар арасында педагогикалық білімді насихаттау бойынша жүйелі жұмыс жүргізе алады және жүргізуі керек.

Сонымен халықтық педагогиканы оқу-тәрбие үрдісінде тиімді қолдана отырып, баланың эстетикалық талғамын арттыруға болады деген қорытындыға келдік. Бүгінгі таңда бала бақшада оқу әрекетін ұйымдастыруда баланың жеке тұлғалық қасиетін қалыптастыруда эстетикалық мәдениетке тәрбиеші ерекше назар аудару керек.

#### Әдебиеттер тізімі

- Қоянбаев Ж.К. Педагогика. – Алматы, 2001.  
 Әбілова З.Ә. Этнопедагогика. – Алматы, 1997.  
 Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы, 2000.

*Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы, 1995*

*Петренко М.А., Безбородова А.Д., Грызлова А.М. Этнопедагогика как средство воспитания духовно-нравственной личности // Международный журнал экспериментального образования. – 2016. – № 7. – С. 24-28; URL: <http://expeducation.ru/ru/article/view?id=10276> (дата обращения: 09.11.2020).*

*А.С. Масалимова, И.С. Нугиметова*

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*№8 «Балбөбек» ясли-бақшасы КМҚК*

*Қазақстан, Семей қ., [balbobek8\\_2015@mail.ru](mailto:balbobek8_2015@mail.ru)*

Қарым-қатынас мектеп жасына дейінгі жастағы балаларда барлық жетістіктерге әсер етеді: танымдық саланың дамуы және балалардың дүниетанымының негіздерін қалыптастыру; ерікті мінез-құлықтың пайда болуы, ережелерге сәйкес әрекет ету қабілеті; жеке өзін-өзі тануды қалыптастыру.

Мектеп жасына дейінгі балалар арасында қарым-қатынастың күрделі және кейде драмалық көрінісі ашылады. Олар достар, жанжалдау, келісу, ренжіту, қызғаныш, бір-біріне көмектесу, ал кейде кішкентай «кіршіксіз қылықтар» жасайды. Барлық осы қатынастар өте өткір және әртүрлі эмоцияларға толы. Балалар қарым-қатынастар саласындағы эмоционалдық шиеленіс және қақтығыс ересек адамдармен қарым-қатынас саласында айтарлықтай жоғары болып табылады.

Баланың кез келген ойынында өзара қарым-қатынас орнайды. Ойынды ересек ұйымдастыратын және онымен бірге ойнайтын жағдайда, бұл - ересектермен өзара қарым-қатынас, балалар бір-бірімен ойнағанды қалайтындықтан, көбіне бұл – құрбыларымен өзара қарым-қатынас. Қарым-қатынастың құрамдас бөліктері – коммуникацияны, өзара әрекетті, өзара түсінушілікті атай отырып, біз өзара қарым-қатынасты жай ғана өзара әрекетті ұйымдастыру ретінде ғана емес, қарым-қатынастың осындай барлық құрамдас бөліктерін біріктіруші ретінде қарастырамыз. Осылайша, қарым-қатынастың екі түрін айыруға болады: ересектермен қарым-қатынас және құрбысымен қарым-қатынас. Осы салалар өзара бір-бірімен тең бе? Жоқ әрине. Бала дүниеге келісімен ересектермен қарым-қатынаста болады, бірақ оның мазмұны мен бағыты барған сайын өзгерістерге ұшырап отырады. Құрбысымен қарым-қатынас кейіннен үш жасқа қарай пайда болып, мектепке дейінгі шақта өз кемеліне жетеді [1].

Балалық шақ кезеңінде ересектермен қарым-қатынас ересектердің әсерінің мазмұнымен қатар формасы бойынша ажыратылатын түрлі іс-әрекет барысында пайда болады. Іс-әрекеттің негізгі үш түрін бөліп көрсетуге болады. Біріншіден, ересек қоршаған ортаға деген қатынасын баланың өзіне алған рөлі арқылы жанама түрде қатысатын ойын.

Ойында баланың мінез-құлқы, ойын барысында (басқа адамдардың міндеттерін атқаратын) өзінің достарына деген қатынасы анағұрлым бедерлі түрде ересектің бағыттаушы бейнесі арқылы жанамаланады. Ойында бала түрлі рөлдерді орындау арқылы бір жағынан әдеп нормаларын меңгереді, екінші жағынан тұлғалық мінез-құлық механизмдері, яғни өзінің мінез-құлқын шынайы елес түрінде берілетін үлгіге бағындыру механизмі қалыптасады. Ойынға бір табан жақын, формасы жағынан түрліше болатын баланың өнімді іс-әрекеті – сурет салу, мүсіндеу, құрастыру болып табылады [2].

Ересек пен баланың осындай жаңа қатынастарының орнауы мектепке дейінгі бала тұлғасын қалыптастыру үрдісі болып табылады. Бала тұлғасының дамуында қарым-қатынас басты рөл атқарады. Себебі, өзінің ең қарапайым тікелей эмоционалдық түрінде ол қоршаған ортадағы адамдармен байланыс орнатуға алып келеді және тұлға мәнін құрайтын қоғамдық өзара қатынастар үйлесімділігінің немесе жиынтығының бірінші компоненті болып табылады. Қатынастардың көрсетілген түрлері бір-бірінен оқшау емес, керісінше бала өзін басқалар арқылы танытын «үйлесімділікті» құрайды.

Балалар құрбыларымен қарым-қатынасты балаға өзінің тұлғалық сапаларын дамытуға мүмкіндік беретін ойын барысында айқын байқауға болады. Бірлескен ойын іс-әрекетінде бала өзінің әрекеттерін басқа балалардың әрекеттеріне сәйкестендіруге үйренеді. Балалар

тобындағы басқа мүшелерімен нақты қатынастары ұжымдық сапаларды қалыптастырып қана қоймай, баланың өзіндік санасын да дамытады.

Құрбыларына, жаңадан қалыптасып келе жатқан ұжымның пікіріне ден қою оның бойында әлеуметтік сезімдерді: дербестікті, топқа еру қабылетін, жан ашу қабілеттерін қалыптастырады. Егер ойын сюжеті балаға ересектердің қызметімен және өзара қарым-қатынастарымен танысуға мүмкіндік беретін болса, онда нақты өзара қарым-қатынастар оны түрлі жағдайларда өзін ұстауға үйретеді.

Мектепке дейінгі барлық жас кезеңінде ойынның мазмұны мен түрі елеулі өзгерістерге ұшырап отырады. Кіші жастағы балалар ойынның негізгі мазмұны - ересектердің өмірдегі шынайы заттармен жасалатын әрекеттерін (еден сыпыру, нан кесу және т.б.) ойын заттарымен орындау. Бұл жаста балалар әдетте жалғыз ойнайтынын атап өткен маңызды. Тіптен ойынды ересектер ұйымдастырып, ойын заттары ортақ болған күннің өзінде де балалар бірге емес, қатар ойнайды. Ал ересек балаларда рөлдерді орындау қажеттілігінен бірлесіп ойнауға қызығушылық туындайды.

Балалардың шынайы қарым-қатынастарын дамыту тұрғысынан маңыз алатын рөлдік қарым-қатынас пайда болады. Ойында балалар өз әрекеттерін жеңіл үйлестіреді. Рөлдік бағыну мен әрекеттерін үйлестіру сатысы құрбыларының біріне деген ұзақ қызығушылығының пайда болуына сәйкес келеді. Ойын белсенді қарым-қатынасқа себеп бола бастайды [3].

Қарым-қатынастың арнайы дағдыларыңыз басқа баламен бірлесіп әрекет жасау оңайға түспейді. Осыған орай бала қарым-қатынасты орнату мен құрбыларының өзіне деген ықыласын жоғалтып алмас үшін өзара түсіністік жолдарын іздестіреді. Қарым-қатынастардағы кейбір «жеңілтектік», ойында серіктесін жиі ауыстыру баланың адамдар арасындағы түрлі өзара қарым-қатынастарды меңгеруге тырысуын білдіреді. Достық қарым-қатынастарды әлсін-әлсін жаңарта отырып, бала мінез-құлықтың көптеген формаларымен танысады, осылайша құрбылары арасында еркін әрекет етуіне мүмкіншілік туады.

Балалар іс-әрекетін күрделендіру көбіне досының пікірін, оның мүдесін ескеру қажеттілігінің пайда болуына алып келеді. Балаларға өзара қарым-қатынас ережелерін меңгеру оңайға түспейді, және көбіне олар алғашқы кезде осы нақты жағайдың ерекшеліктерін түсінбестен оларды үстүрт қабылдайды. Өзара қарым-қатынас ережелерін меңгеру тек осы ережелерді өзгерту, бұзу және қалпына келтіру тәжірибесінде жинақтайтын балалардың тәжірибесі нәтижесінде жүзеге асады. Ересектермен жағымды өзара қатынасты орнатқан жағдайда, бала оларға сеніммен қарап, қоршаған ортадағылармен жеңіл қатынас орнататын болады.

### Әдебиеттер тізімі

*Горянина В.А.* Психология общения. - М.: Издательский центр «Академия», 2002. - 416 с.

*Лисина М.И.* Формирование личности ребенка в общении. – Питер: СПб., 2009. - 209 с.

*Смирнова Е.О.* Особенности общения с дошкольниками. - М.: Издательский центр «Академия», 2000. - 160 с.

***Ж.К. Жексенаева, А.Д. Дарибекова***

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҰСАҚ ҚОЛ МОТОРИКАСЫН ДАМУДЫҢ  
МАҢЫЗЫ**

*№8 «Балбөбек» ясли-бақшасы КМҚК  
Қазақстан, Семей қ., balbobek8\_2015@mail.ru*

Балабақашадағы оқыту-тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен ойын жаттығуларын жүргізу - тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді.

Балалармен ойын жаттығуларын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр- түсін және пішінін ажырата білуге,

өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым- қатынас жасай білуге үйрету.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік ойын жаттығуларын дамыту ісінде тәрбиешінің:

- балалардың сөздік қорларын дамыту;
- жаңа іс-қимылды меңгерту;
- үйренген сөздерін, іс-қимылдарын тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет саналады.

Осы аталған міндеттерді тәрбиеші үнемі ойын жаттығулар жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын молайтуда ойын, тапсырма жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын- баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.

Мектеп жасына дейінгі балаларда қолдың қызметі мен тілдің дамуы қатар жүреді. Міндетті түрде, бұл балалармен жұмыста қолданылуы қажет. Ұсақ саусақ моторикасын шыңдау – тілді шыңдау. Ал тілді шыңдау ол ақыл-ойды да шыңдау деген сөз.

Ұсақ саусақ моторикасының балалардың жас кезеңдеріне байланысты дамуына келсек: Туғаннан екі жасқа дейін. Жармасу - бала заттарды ұстауға үйренеді, мақсатты түрде қимылдайды. Екіден төрт жасқа дейін. Дағдылар дами түседі, саусақтар белсенді қимылдайды. Қимылдарын басқара алады, жазықтықта бағдарлауы артады. Төрттен сегіз жасқа дейін. Меңгерген ұсақ саусақ моторикасының дағдыларын қолдануды үйренеді, қол, қолдың білезік бөлігі, саусақ қимылдары бағдарлы [1].

Өйткені, мектеп жасына дейінгі балалардың ұсақ саусақ моторикасын дамыту – бастаулардың бастауы.

Ұсақ саусақ моторикасын дамытуды баланың нәрестелік шағында-ақ бастаған жөн. Нәрестенің қолына саусақ жаттығуы – саусаққа арналған массаж жасаған тиімді. Сол арқылы ми қыртысымен байланысты биологиялық нүктелерге әсер етеміз.

Ұсақ саусақ моторикасын дамытудың маңызды бөлігі – саусақ жаттығулары. Саусақ жаттығулары эмоционалды, балабақшада және үйде, кез-келген бос уақытта өткізуге болады. Олар қызықты, баланың тілінің, шығармашылық қабілетінің дамуына әсер етеді. Балалар саусақ жаттығуларын үлкендердің артынан қайталағанда, саусақ моторикасын дамытады. Сол арқылы қол шапшандығы дамиды, өз қимылдарын басқаруы, белгілі іс-әрекетке зейіні тұрақтанады.

Саусақ жаттығулары дегеніміз – қандайда бір ұйқасты оқиға, не ертегіні саусақтар арқылы ойнап шығару. Көптеген саусақ жаттығулары екі қолдың да қозғалысын талап етеді, ол өз кезегінде баланың «оң», «сол», «жоғары», «төмен» сияқты ұғымдарды түсінуіне көмегін тигізеді.

Бұл жаттығулардың баланың шығармашылығын дамытуда да маңызды. Егер бала қандайда бір «саусақ жаттығуын» меңгерсе, ол міндетті түрде басқа да тақпақтар мен әңгімелерге саусақ жаттығуларын ойлап табуға тырысады. Бір жастан екі жасқа дейін балалар «саусақ жаттығуларын» бір қолмен орындағанда, жақсы қабылдайды.

Үш жастағы балалар екі қолмен ойналатын саусақ жаттығуларын меңгереді, мысалға, бір қол үй болса, екінші қол үйде жүгіріп жүрген мысық болады.

Төрт жастағы балалар бұл жаттығуларды, бірнеше оқиға желісің ауысуымен ойнай алады. Ал мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға әр түрлі заттарды, шарлар, кубиктер не үйлер сияқты құралдарды беріп, түрлендіріп саусақ жаттығуларын өткізуге болады.

Бала есін біліп, былдырлап сөйлей бастаған кездің өзінде-ақ баламен ойнай бастаймыз. Өйткені, ойын – мектеп жасына дейінгі баланың жетекші іс-әрекеті. В.А.

Сухомлинский: «Ойынсыз баланың толыққанды ақыл-ой дамуы мүмкін емес. Ойын үлкен ошақты жағуға арналған ұшқын» десе, яғни ойынның басты мақсаты: баланы дамыту, кемшіліктерін түзету. Ойындар ұсақ саусақ моторикасын дамытудың маңызды бөлігі [2].

Ойындық құралдарды дұрыс таңдау өте маңызды. Мұнда, «қарапайымнан күрделіге» дидактиканың басты принциптерінің бірі ретінде қолданған тиімді. Ойындар мен жаттығуларды таңдау, олардың қайталануы, сандық және сапалық құрамы балалардың жеке және жас ерекшеліктеріне қарай өзгереді.

Қол және қолдың білезік, саусақтардың үйлесімді, жан-жақты дамуына, қолды әр түрлі қысу, созу, босаңсыту қимылдарын жасау қажет. Сондықтан келесідей тәсілдерді қолданған жөн:

– Ойындар мен жаттығулардың жүйелілігі. Бірден нәтижені күтудің қажеті жоқ. Өйткені, дағдылардың автоматтануы көптеген қайталанулармен келеді. Соған байланысты, бір дағдыны меңгеру, бірнеше бөліктермен жүзеге асады;

– Қарапайымнан күрделіге ауысу принципі. Бірінші оң қолға, кейін сол қолға; табысты болса – оң және сол қолға бірден орындатуға болады. Қандай да болсын жаттығулардан «аттап кетуге» болмайды. Ол, балаға физиологиялық тұрғыдан орындай алмайтын тапсырма болып, жағымсыз әсер туғызуы мүмкін;

– Барлық ойындар мен жаттығулар баланы қалауымен орындалуы қажет, жағымды әсер етуі тиіс. Қандай жас болмасын, адамға нәтиже маңызды. Сондықтан баланың әр бір болмашы жетістіктерін бағаланған дұрыс;

– Егер бала ойынды жалғастыруды сұраса, көңілін басқа тапсырмалар мен ойындарға аударған жөн. Барлығында өзінің шегі болу керек. Баланы ойын барысында шаршату тіптен орынсыз, ол жағымсыз әсер қалдыруы мүмкін.

Ұсақ саусақ моторикасын дамытатын ойындар мен жаттығулар өте көп. Олар шартты түрде топтарға бөлінеді. Қол, қолдың білезік және саусақтарының қозғалысының дамуына оң әсер ететін заттық ойындар, яғни ойыншықтармен, кез-келген заттармен өткізіледі. «Мозайкалар», «конструкторлар» – аталған материалдар саусақтардың белсенді қозғалысына әсер етеді. Мозайкада ұсақ бөліктерден толық сурет құрап шығару мақсаты тұрады. Ойын барысында бала бөлшектермен қозғалыс жасайды, байқағыштық, төзімділік, табандылық пайда болады.

Моншақтармен ойын: екі қолдың да бағдарлауын арттырады. Балаға тізуге арналған бау және әр түрлі теңдіктегі, әр түрлі диаметрлі моншақтар беріледі. «Көз-қол» бағдарлауын жетілдіреді. Бұл ойында тек қол ісмерлігі ғана емес, сенсорлық (түс, көлем, пішін) қабілетті дамиды.

Баулармен ойындар – сенсомоторлық бағдарлауды, ұсақ моториканы, жазықтықта бағдарлауды, «жоғары», «төмен», «оң», «сол» ұғымдарын игеруіне жәрдемдеседі, тілді дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырып, қолды босаңсытады.

Сонымен қатар, қысқыштармен ойналатын ойындар өте нәтижелі. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді. Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болады [3].

Қазіргі дамыған технологиялар арқасында, ермексаздың жетілдірілген түрі хендгам шықты. Ермексازдан айырмашылығы, қолға, үстелге жағылмайды, пішінді сақтамайды. Ұсақ саусақ моторикасының дамытады, агрессияны басады, шығармашылық қабілетін, тілін дамытады, қолдың бұлшықеттерін бекітеді. Өте пайдалы құрал.

Қорыта айтқанда, мектеп жасына дейінгі балалардың ұсақ саусақ моторикасын дамыту педагог-тәрбиеші үшін ең маңызды міндет десек онда, баланың физикалық және психикалық денсаулығын сақтауға көмектесу қажет етеді.

### Әдебиеттер тізімі

*Кольцова М.М.* Двигательная активность и развитие мозга ребёнка. - М., 2003.

*Пименова Е.П.* «Пальчиковые игры» / Е.П. Пименова. - Ростов н/Д: Феникс, 2007.

*Филиппова С.О.* Подготовка дошкольников к обучению письму. Влияние специальных физических упражнений на эффективность формирования графических навыков [Текст]: учебное пособие/ С.О. Филиппова. – СПб.: Питер, 2000. - 287 с.

*М.С. Жұмағазина, Н.К. Токтарғазина*  
МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ  
БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУ  
*№8 «Балбөбек» ясли-бақшасы КМҚК*  
*Қазақстан, Семей қ., balbobek8\_2015@mail.ru*

Баланың танымдық белсенділігін дамыту оның жекелік және тұлғалық тұрғыдан тиімді дамуына ықпал ететін күшті ынталандыру және реттеуші мүмкіндіктер ретінде қарастырылады. М.С. Каган белсенділікті «тірі заттардың ішкі детерминистік қозғалысының» формасы ретінде қарастырады [1]. В.С. Тюхтин «белсенділікпен өмір сүру организмдердің қоршаған ортамен өзара әрекеттесу процесінде өзін-өзі сақтау, бейімдеу, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі қалпына келтіру және дамыту мүмкіндіктері сияқты қабілеттермен байланысты» екенін атап көрсетеді [2].

Белсенділік өлшемі философиялық және идеологиялық көзқараста (З.И.Тюмацева, Э.Х.Богданов, Н.П.Шербак) «адамның әлеуетін (белсенділігін, денсаулығын, даралығын) қалыптастыру мен жүзеге асырудың динамикалық жағдайы» ретінде түсіндіріледі [3].

Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін зерттеу жалпы теориялық маңызға ие, өйткені бұл проблема бағдарлық қызметтің жоғарғы түрінің негізгі көзін анықтаумен және «бізге қоршаған ортаға жоғары, шексіз бағдар беретін ғылымды қалыптастыратын» адамның танымдық белсенділігінің бейнесімен байланысты.

Танымдық белсенділік – қандай да бір жаңалықты білу құштарлығы – баланың өмірге табысты бейімделуін қамтамасыз ететін маңызды шарттар. Ерте жастағы балалық кезінде, әсіресе, үш жаста бұл барынша анық байқалады. Сондай-ақ баланың әлемді тануды шешудегі ересектер алдындағы міндеттер де тоқталмайды. Бір жастағы баланың танымдық белсенділігіндегі басты объектісі анасы болады. Ерте жаста негізгі іс-әрекет құралдық-амалдық қызмет болғанда, өзара қарым-қатынас үдерісінде, ересектермен біріккен іс-әрекетте танымдық белсенділік заттық әлемді үйренуге бағытталады. Жоғарыда айтылып өткендей, ерте жаста тіл, қиял, зейін, есте сақтау, қабылдауды психикалық үдерістерінің дамуы оның танымдық белсенділігінің қатар дамуына алып келеді. Ал бұл болса, заттық іс-әрекеттің арқасында қарқынды дамиды. Бір жас пен үш жасқа дейінгі кезең – тілді дамытудың ең маңызды кезеңі. Аса жағымды жағдайда осы жаста қабылдау да дамиды. Барлық психикалық функциялардың (естің, зейіннің, қиялдың, т.б.) дамуы қабылдаудың үстемдігіне байланыстылықты көздейді. Сол себепті баланың толық және өз уақытында дамуын көздейтін ересектер бәрінен бұрын қабылдауды дамытуды қамтамасыз ету керек, ол үшін балада бірінші кезекте қабылдаудың сан алуан түрі дамитын орта ұйымдастыру қажет [4].

Қабылдаудың ерекшелігі сонда – балада қандай да бір объектінің сапасы тіркеледі және ол қимылға ауысады: бала өзіне ұнаған затты міндетті түрде ұстап көрумен, аузына салумен аяқталады. Басында бала заттарды бірінің үстіне бірін қойып, оларды бір-бірімен өлшеп салыстырады, одан кейін оларды «көзбен» салыстырады. 2,5-3 жасында бала заттарды түріне, түсіне, көлеміне қарай таңдай алады. Тек үш жасқа келгенде бала ересектерше қабылдай бастайды [5].

Танымдық даму ерте жастағы балаларды жалпы дамытудың маңызды өлшемі болып есептеледі. Танымдық даму арқылы психикалық үдерістердің прогрессивті сапасы мен сандық өзгерістерін дәстүрлі түрде түсінеді. Ерте жастан тану танымдық белсенділік өз бетінше қалыптасатын сезімталдылықты білдірмейді, ол шарттары мен құралдарын анықтауға байланысты балалардың танымдық белсенділігін қалыптастыруға ықпал ететін, осы процестің тиімді өтуіне бағытталған арнайы ұйымдастырылған жұмысты талап етеді. Бұл жерде сөз баланың білімі туралы емес, оның танымдық дамуы туралы екенін айта кету керек [6].

Педагогикалық тұрғыдан алғанда, белсенділік – бұл іс-әрекеттің күшеюімен, сыртқы көзқарастардың пайда болуымен мен сенімді көрсететін адамның сапасы [7].

Г.К. Селевко, А.Г. Селевко пікірлері бойынша, «Адамның субъективті белсенділігі оның іс-әрекеттегі дербестігінің маңыздылығымен және өз таңдауын сезінетін әлеуметтік мәні бар тұлға екендігімен анықталады» [8].

Осылайша, белсенділік адам іс-әрекетінің трансформациялық, когнитивтік, құндылық-



бағдарлық, коммуникативтік және т.б. түрлерінде көрініс табады. Д.С. Годовикованың пікірінше, баланың іс-әрекеті оның өмірлік күштеріне деген қажеттіліктің көрінісі болып табылады, сондықтан оны алғышарты және оның дамуының нәтижесі деп санауға болады. Адамның жасаған кез-келген іс-әрекеті оның физикалық және рухани күшінің белсенді күйіне әкеледі [9].

Ж.Т. Даулетбекова: «Белсенділік адамға тән қасиет ретінде рухани қажеттілікті өтеп, субъектіде ерекше қанағат сезімін тудырады. Белсенділіктің бағытын анықтайтын мотив болғандықтан, оның мазмұндық жағы баланың қажетіне барып тіреледі», - деп түйіндейді [10]

«Танымдық белсенділік» санатының мәнін анықтау үшін, ең алдымен, танымның не екенін анықтау керек. Философиялық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерде танымның көптеген түсініктері, түсіндірмесі және құрылымы кездеседі, бұл жұмыста олардың бәрін келтіру мүмкін емес. Біз өз жұмысымызда педагогикалық энциклопедиялық сөздікте берілген анықтамаға басымдық береміз: нәтижесі – әлемдегі жаңа білім болып табылатын таным – бұл субъектінің ойлауында шындықты бейнелеу және жаңғырту үдерісі» [11].

Танымдық белсенділік баланың зияткерлік дамуын қамтамасыз етеді. Ол танымдық міндеттерді шешуге ғана емес, практикада жинақталған білімді қолдану қажеттілігімен де сипатталады. Д.Б.Богоявленская өзінің «Зияткерлік белсенділік шығармашылық ретінде» жұмысында «зияткерлік қызметтің» тұжырымдамасын шығармашылық жүйе қалыптастырушы факторы ретінде ұсынады [12]. Интеллектуалды белсенділік интеграциялық білімді, тұлғаның толық сипатын, жүйенің зияткерлік және мотивациялық компоненттерінің процедуралық өзара әрекеттесуін бейнелейді.

Жалпы, дербестік құрылымы бойынша бала белсенділігінің екі түрі қарастырылады.

1. Баланың өзіндік белсенділігі – бұл ерекше сонымен бірге бала психикасының барлық саласында: танымдық, эмоционалдық, ерік-жігерлік, тұлғалық әртүрлі сипатта көрінетін белсенділіктің әмбебап түрі. Баланың өзіндік белсенділігі оның ішкі жағдайын толықтай анықтайды. Бала бұл жағдайға өз қызметінің иесі, мақсат қоюшы, оған жету жолын және тәсілін іздеуші толыққанды тұлға ретінде қатысады. Басқаша айтқанда, бұл жерде бала өзінің ерік-жігерін, қызығушылығын, қажеттілігін жүзеге асырушы дербес тұлға ретінде қатысады. Белсенділіктің бұл түрі бала шығармашылығының негізінде жатыр. Өзіндік белсенділік ересектермен өзара байланысқа негізделген. Алайда бала ересектер іс-әрекетінің мазмұнын терең меңгергені соншалық, өзара байланыста оның өткен тәжірибесі баланың игілігіне айналды.

2. Ересектердің бала белсенділігін ынталандыруы педагог немесе атааналардың балалардың іс-әрекетін ұйымдастыруға, не істеу қажеттілігін көрсетуге және айтуға негізделеді. Бала ересектер алдын-ала анықтап қойған нәтижелерді алады. Іс-әрекет (немесе түсінік) бұрын берілген параметрлерге сәйкес қалыптасады. Осы процестің бәрі ешқандай сынақсыз, қатесіз, ешқандай кедергісіз өтеді. Белсенділіктің осы екі түрі бір-бірімен өзара тығыз байланыста болады: балалардың өзіндік белсенділігі ересектер белсенділігімен байланыста болады, сондай-ақ ересектердің көмегімен білім мен дағды игеру кейіннен баланың өз жетістігіне айналады және ол өзінің жеке жетістігіндей қызмет етеді. Сонымен бірге осы процестердің айырмашылығы баланың белгілі даму кезеңінде принципті сипаты болуы және оның қарама-қайшылық тудыруы мүмкін. Бала үш жасар кезінде өзінің белсенділігі мен оның іс-әрекетін реттейтін және бағыттайтын ересектер тарапынан болатын белсенділіктің арасындағы айырмашылықты түсінеді және сезеді. Өзіндік белсенділік кезінде бала ересектердің кез-келген араласуына қарсы болады. Осы уақытта баланың өзіндік белсенділігі мен дербестігін дамыту ерекше маңызға ие болады [13].

Ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін зерттеу жалпы теориялық маңызға ие, өйткені бұл проблема бағдарлық қызметтің жоғарғы түрінің негізгі көзін анықтаумен және «бізге қоршаған ортаға жоғары, шексіз бағдар беретін ғылымды қалыптастыратын» адамның танымдық белсенділігінің бейнесімен байланысты (Павлова Л.П.) [14].

Әр отбасы ата тегінен келе жатқан кәсібін, өнерін, атқарған еңбегін құрметтеп, оны кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге еткен, бірлесіп атқарған пайдалықоғамдық еңбек барысында адамгершілік қағидаларды қатаң сақтап, дамытып отырған, ұрпағына ақыл-кеңес беріп, ата кәсібін құрметтеп, қалыптасқан дәстүрді жетілдірген. Туыстық, отбасылық қатынастарды бала кезінен қалыптастырған [15].

Танымдық белсенділік – қандай да бір жаңалықты білу құштарлығы – баланың өмірге

табысты бейімделуін қамтамасыз ететін маңызды шарттар. Ерте жастағы балалық кезінде, әсіресе, үш жаста бұл барынша анық байқалады. Сондай-ақ баланың әлемді тануды шешудегі ересектер алдындағы міндеттер де тоқталмайды. Бір жастағы баланың танымдық белсенділігіндегі басты объектісі анасы болады. Ерте жаста негізгі іс-әрекет құралдық-амалдық қызмет болғанда, өзара қарым-қатынас үдерісінде, ересектермен біріккен іс-әрекетте танымдық белсенділік заттық әлемді үйренуге бағытталады. Жоғарыда айтылып өткендей, ерте жаста тіл, қиял, зейін, есте сақтау, қабылдауды психикалық үдерістерінің дамуы оның танымдық белсенділігінің қатар дамуына алып келеді. Ал бұл болса, заттық іс-әрекеттің арқасында қарқынды дамиды. Бір жас пен үш жасқа дейінгі кезең – тілді дамытудың ең маңызды кезеңі. Аса жағымды жағдайда осы жаста қабылдау да дамиды. Барлық психикалық функциялардың (естің, зейіннің, қиялдың, т.б.) дамуы қабылдаудың үстемдігіне байланыстылықты көздейді. Сол себепті баланың толық және өз уақытында дамуын көздейтін ересектер бәрінен бұрын қабылдауды дамытуды қамтамасыз ету керек, ол үшін балада бірінші кезекте қабылдаудың сан алуан түрі дамитын орта ұйымдастыру қажет [4].

Қабылдаудың ерекшелігі сонда – балада қандай да бір объектінің сапасы тіркеледі және ол қимылға ауысады: бала өзіне ұнаған затты міндетті түрде ұстап көрумен, аузына салумен аяқталады. Басында бала заттарды бірінің үстіне бірін қойып, оларды бір-бірімен өлшеп салыстырады, одан кейін оларды «көзбен» салыстырады. 2,5-3 жасында бала заттарды түріне, түсіне, көлеміне қарай таңдай алады. Тек үш жасқа келгенде бала ересектерше қабылдай бастайды [5].

Танымдық даму ерте жастағы балаларды жалпы дамытудың маңызды өлшемі болып есептеледі. Танымдық даму арқылы психикалық үдерістердің прогрессивті сапасы мен сандық өзгерістерін дәстүрлі түрде түсінеді. Ерте жастан тану танымдық белсенділік өз бетінше қалыптасатын сезімталдылықты білдірмейді, ол шарттары мен құралдарын анықтауға байланысты балалардың танымдық белсенділігін қалыптастыруға ықпал ететін, осы процестің тиімді өтуіне бағытталған арнайы ұйымдастырылған жұмысты талап етеді.

Мектепке дейінгі жастағы баланың танымдық белсенділігі мен психикалық үдерістерінің дамуы ара қатынасын зерттеу бізге ерте жастағы баланың танымдық белсенділігін дамытудың механизмін жасауға мүмкіндік берді (қажетсіну – құштар болу – байқау – білу – үйрену - жасау).

### Әдебиеттер тізімі

- Каган М.С. Введение в историю мировой культуры. - СПб., 2000. – Книга 1; - СПб., 2001. – Книга 2.
- Тюхтин В.С. Кибернетика и вопросы синтеза научного знания // В кн.: Синтез современного научного знания. - М., 1973.
- Философский энциклопедический словарь. - М.: Сов. энцикл., 1983. - 340 с.
- Жарықбаев Қ., Саңғылбаев О. Психология. Энциклопедиялық сөздік. - Алматы, 2011. - 255 б.
- Шерьяданова Х.Т. Психологические основы профессиональной подготовки педагогов и психологов дошкольного образования: автореф. ... док. психол. наук: 19.00.07. – М., 1999.
- Әубәкірова Ж.Қ. Мектеп жасына дейінгі балалармен қарым-қатынас тренингін ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері: психол. ғыл. канд. ... дис.:19.00.07. – Алматы, 2001.
- Педагогикалық сөздік / автор-құрастырушы: В.А.Мижериков., П.И.Пидкасистыйдың жалпы редакциясымен. – М.:Сфера, 2004.- 439 б.
- Селевко Г.К., Селевко А.Г. Энциклопедия образовательных технологий // В 2-х томах. - М.: Народное образование, 2005. - 556 с.
- Годовикова Д.С. Соотношение активности детей в общении со взрослыми и в исследовании новых предметов Общение и его влияние на развитие психики младшего школьника. - М.: Просвещение, 1974. - С. 23-46.
- Даулетбекова Ж.Т. Научно-методические основы обучения культуре речи на уроках казахского языка в общеобразовательной средней школе: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2008.
- Большая Российская энциклопедия, 2011. - Т. 19.

*Богоявленская Д.Б.* Психология творческих способностей. - Самара: Учебная литература, 2009. – 416 с.

*Сариева А.К.* Об активизации познавательной деятельности/ учащихся // Сборник научных трудов. Социально-гуманитарные дисциплины: состояние, проблемы, перспективы. - Алматы, 1997.

*Павлова Л.П.* Ориентировочно-исследовательская деятельность и условия ее развития у детей 2-го и 3-го жизни: автореф. ... канд. психол. наук. - М., 1976. - 23 с.

*Ибраева М.К.* Қазақ халық отбасы бала тәрбиесінің кейбір мәселелері // Абай атындағы ҚазҰПУ. ХАБАРШЫ. «Психология» сериясы. - Алматы, 2015. – №2 (43). - Б. 118-124.

**Ш.Б. Шортмбаева, Қ.А. Кенжетбаева**

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ «ТРИЗ» ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША**

**ТАНЫМДЫҚ ҮРДІСТЕРІН АРТТЫРУ**

**№8 «Балбөбек» ясли-бақшасы КМҚК**

Қазақстан, Семей қ., [balbobek8\\_2015@mail.ru](mailto:balbobek8_2015@mail.ru)

Қазіргі білім беруде негізгі міндет - әртүрлі қызмет салаларында стандартты емес мәселелерді тұрақты шешуге дайындалған; проблемаларды өз бетінше қоюға және шығармашылықпен шешуге қабілетті шығармашылық тұлғаны тәрбиелеу. Қазіргі баланың белгілі бір білім мен дағдыларды игеріп қана қоймай, белсенді ойлана білуі, кез-келген жағдайдан шығудың жолын таба білуі, қорытынды жасай білуі, дәлелдеуі, түсіндіруі, белгілі бір сөйлеу белсенділігі болуы маңызды.

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ТРИЗ: бұл негізгі бағдарламаны өзгертпеуге, бірақ оның тиімділігін арттыруға арналған ұжымдық ойындар, сабақтар жүйесі - бұл «нақты есептеуді, логиканы, түйсікті біріктіретін жаңасын құрудың басқарылатын үрдісі», - деп санайды теорияның негізін қалаушы Г.С. Альтшуллер. Бұл технология балаларды ерте жастан проблемаларды стандартты емес шешуге үйретеді, қиялдың дамуына, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасауға, командада жұмыс істеуге ықпал етеді. Мұғалім дайын білім бермеуі керек, балаға шындықты ашуы керек, оны табуға үйрету керек. Осы технологияның басты идеясы техникалық жүйелер белгілі бір заңдармен туындап, дамиды: бұл заңдарды тануға болады және өнертапқыштық тапсырмаларды шешу үшін қолдануға болады [1].

Қазіргі таңда Г.С. Альтшуллердің ТРИЗ технологиясы мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін, тапқырлығын, шығармашылық елестетуін, диалектикалық ойлауын дамыту үшін бала бақшаларда табысты қолданылады. ТРИЗ технологиясы балалардың ой-өрісін дамытумен қатар, жүріп жатқан үдерісті түсіндіре отырып, жүйелі ойлауына үйретеді. Тәрбиешілердің қолына балалардың қоршаған ортаның қайшылықтары мен біртұтастығын ұғынуға қабілетті шығармашылық қасиеттерін нақты практикалық тәрбиелеу құралын беру. Үдерісте ТРИЗ бейімделген әдістерін қолдануда артықшылықтары бары сөзсіз:

- балалардың танымдық іс-әрекетін белсендіреді;
- шығармашылықтың туындауына ынта береді;
- балалардың бейнелей сөйлеуін дамыту үшін жағдай жасайды (бағалау лексикасының сөз қорын ауыспалы мағынадағы сөздер, синоним мен антонимді байыту);
- барлық тілдік құралдарды меңгерудің тиімділігін арттырады;
- лексика-грамматикалық құрылысын құрудағы саналылығын қалыптастырады;
- ойлау қабілетінің талдау-синтетикалық операцияларының икемділігін дамытады.

Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасауда ТРИЗ элементтерін қолдана отырып, келесідей дидактикалық қағидаттарды ескеру қажет:

- таңдау еркіндігі қағидаты – балаға кез келген оқыту немесе басқару әрекетіне таңдау құқығы;
- ашықтылық қағидаты – балаға ашық (шешімінің бірнеше жолы бар) тапсырмалармен жұмыс істеу мүмкіндігін беру керек. Шығармашылық тапсырмалар жағдайында шешімнің әртүрлі нұсқаларын жасауы керек;

- іс-әрекет қағидаты – кез келген шығармашылық тапсырмаға практикалық іс-әрекетке қосу қажет;

- кері байланыс қағидаты – тәрбиеші балалардың ойлау операцияларын меңгеру үдерісін тұрақты бақылай алады, өйткені жаңа шығармашылық тапсырмада алдыңғы шығармашылық тапсырманың элементтері болады;

- мінсіздік қағидаты – шығармашылық тапсырмалар арнайы жабдықты қажет етпейді және кез келген сабақтың бөлігі болуы мүмкін, бұл өз кезегінде балалардың білімі мен қызығушылықтарын, мүмкіндіктерін барынша қолдануға мүмкіндік береді.

Г.С. Альтшуллер шығармашылықтың ғылыми технологиясын дайындауына бұл технологиясының басты идеясы техникалық жүйелер белгілі бір заңдармен туындап, дамиды: бұл заңдарды тануға болады және өнертапқыштық тапсырмаларды шешу үшін қолдануға болады. ТРИЗ жаңа техникалық мақсаттарды нақты ғылымға айналдырады, себебі өнертапқыштық тапсырмалардың шешімі ізденістердің орнына текке логикалық операциялардың жүйесіне құрылады. Экскаватор болған жағдайда, күрекпен жұмыс істеу, автокөлік болғанда, жүкті арқалау орынсыз және ысырабы көп. Ойды қажетті бағытқа бұруға және ескішілдік, қызығушылық тудыртпайтын жұмыстың көп бөлігін орындауға қабілетті жүйелі құралды қолданудың орнына шығармашылық «нұрлануды» күту орынсыз.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін «ТРИЗ» технологиялары – бұл тәрбиешілер үшін толық әдістемелік ұсыныстары бар ұжымдық ойындар мен сабақтар жүйесі. ТРИЗ негізгі бағдарламасын ауыстыруға емес, оның тиімділігін барынша арттыруға арналған. Тәрбиеші жұмыс істейтін кез келген бағдарлама негізінде практикада тексерілген ТРИЗ әдістері мен тәсілдерін қолдануға болады. ТРИЗ ұстанушыларының ұстанымы: әрбір бала тумысынан дарынды және кемеңгер, алайда оны барынша төмен шығын жағдайында барынша жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін қазіргі заманға бағдарлануына үйрету керек. Барлық сабақтар мен ойындар баланың тақырыпты, материалдар мен іс-әрекет түрін дербес таңдауды білдіреді. Олар балаларды заттар, құбылыстардың қайшы ерекшеліктерін анықтауға және осы қайшылықтарды шешуге үйретеді. Қайшылықтарды шешу – шығармашылық ойлауға деген кілт [2].

Балалармен жұмыс жасаудың негізгі құралы педагогикалық ізденіс болып табылады. Педагог балаларға дайын білім бермеуі керек, олардың алдында ақиқатты ашпауы тиіс, ол ақиқатты өзі табуы қажет. Егер балалар сұрақ қоятын болса, сол уақытта дереу жауап бермеуі керек. Керісінше, ол өзі не ойлайтындығын сұрауы қажет. Оны талқылауға шақыру керек. Жетелеуші сұрақтармен баланың жауапты өзі тапты деуге алып келуі керек. Егер бала сұрақ қоймаған жағдайда, педагог қайшылықтарды атап көрсетуі тиіс. Баланы жауапты табу жағдайына, яғни құбылыс немесе заттың тануы және қайта түрленуінің тарихи жолын қайталауы керек жағдайға қояды. Мәселен, тәрбиеші балаларға ағаштың қасиеттері туралы білім бере отырып, «Егер жерде ағаш болмаса не болар еді?» деген сұрақтан бастауы мүмкін. Балалар өздерінің ой-пікірлерінің нұсқаларын айта бастайды. Одан кейін: «Ағаш несімен пайдалы?» деп сұрақ қояды. Жауаптардың түрлі нұсқалары айтылады, кейбір жауаптар қайталанғанымен, ағаштың жаңа қасиеттері мен ерекшеліктері ашылады. Сұрақтар тізбегі жалғасады: «Егер ағаш сондай пайдалы, одан көптеген заттар жасауға болса, онда адам неліктен металды өндіруді, пластмасса жасауды үйренді? Ағаштың қандай қасиеттері адамға ұнамады? Ағаштың несі қолайсыз? Неліктен адамдар орман өсіреді және саябақтар жасайды? Барлық ағаштардың қасиеттері бірдей ме, әлде ерекшелене ме? Ағаштар несімен ерекшеленеді? Ағаштан жасалынатын қандай заттарды атауға болады?» және т.б. Одан кейін ағаштың қасиеттері анықталынатын тәжірибелер жүргізіледі: суда бата ма немесе батпай ма; жана ма, жанбай ма; суды өткізе ме, жоқ па; бояла ма, боялмай ма және т.б. Сонымен, сабақ ақиқатты және мәнін іздеу ретінде өтеді. Баланы ағашты зат ретінде көп түрлі қолдану мәселесіне алып келеді және ыдыс-аяқ, жиһаз жасау кезінде ағаштың алмастырушылары бар екендігін түсіндіреді.

«ТРИЗ» технологиясында қайшылықтардың көптеген тәсілдері жинақталған. Алайда деректер банкі, көп жағдайда, жас тәрбиеші қолданады. Тәжірибелі мол педагогтар табиғат және затты әлемнің қоршаған объектілерінде өздері қайшылықтарды табады және оларды балалармен жұмыс жасауда қолданады. Бірақ негізгі міндет: балаларды өз шешімдерін іздеуге және табуға үйрету – бұл шығармашылық ойлауда, қиялдауда, жаңаны ойлап табуда байқалатын өнертапқыштық кезең [3].

Айта кететін жайт, «ТРИЗ» технологиясы баланы ғана емес, тәрбиешіні де шығармашылық педагогикаға оқытады. ТРИЗ қолдаушылары алдында тұрған басты мәселе – дайын формуланы балалармен сабақ өткізуде схемалық түрде қолдану ниетінен сақтандыру. Балалар тумысынан үлкендердің ақпараттарын талдай отырып, өздерінің қандай да бір жүйесін құруға, өзінің пәктігі мен аңғалдығын көрсете, жүріп жатқан үдерістердің заңдылықтарын ұғынуға талпынады. ТРИЗ оқиғалар мен құбылыстардың заңдылықтарын түсіну үдерісімен мүмкіндігіне қарай танысуды ұсынады. «ТРИЗ» технологиясы балалармен тарихи тақырыпта әңгімелесуді ұсынады: қарындашты ойлап табу тарихы; үстелді ойлап табу тарихы; дөңгелек, шам, радио, робот және т.б. тарихы. Объектіні даму тұрғысынан қарау үнемі жетілдірудің, ойлап табудың себептерін түсінуге мүмкіндік береді. Балалар ойлап табу – бұл қайшылықтарды шешу дегенді түсіне бастайды.

Мектеп жасына дейінгі балалармен серуендеуде балалардың ой-өрісін белсендендіретін әртүрлі тәсілдерді қолдануға кеңес беріледі: табиғат заңдарының өзгеруі, табиғаттың оянуы, түрленуі, объектінің әсер ету деңгейінің артуы, төмендеуі және т.б. Мәселен, тәрбиеші балаларға: «Ал, балалар, желді тұрғызайық: оның анасы кім? Оның достары кім? Не үшін жел күнмен дауласады?». Эмпатия тәсілін де қолдануға болады. Балалар өздерін бақылаушы орнына қояды: «Егер сен бұтаға айналсаң, не істер едің? Нені армандайсың? Кімнен қорқасың? Кіммен достасар едің? Сенің жапырақтарың не туралы сыбырлайды?» немесе «Өзіңді қызыл қоңыздың орнына қойып көр. Не үшін сен өмір сүресің? Сенің достарың кім? Нені жегенді жақсы көресің?». «ТРИЗ» бағдарламасы тәрбиешілер мен балаларға адам өзінің жасына тәуелсіз меңгеретін шығармашылықтың әдістері мен құралдарын береді. Осы бірыңғай құралды қолдана отырып, балалар мен ересектер бір-бірімен тіл табысуы, түсінісуі жеңіл болады. ТРИЗ – бір рет құрылып, өзгермейтін шығармашылық педагогикалық жұмыстар жүйесі емес, бұл үнемі дамиды технология. ТРИЗ қолдаушылары әрдайым ізденісте болады, балалар мен тәрбиешілердің шығармашылық ойлауын белсендірудің жаңа әдістерін ойлап табады, дайындайды. Стандарттан тыс ойлауға, шаблонды емес шешімдерді қабылдауға не барынша кедергі жасайды деген сұраққа А. Страунинг барлық ересектерде болатын және ересектер оны балаларға кішкентай жасынан бастап «табысты» дағдыландыратын психологиялық инерция деп жауап беретін. Психологиялық инерция өмірлік жағдайды шешу ересектерге (балаларға қиын) жеңіл болатын қандай да бір жаңаны шығару кезінде кедергі болып табылады.

Әртүрлі психологиялық кедергілер бар:

- тар мамандануынан туындаған бөтен аймаққа ену қорқынышы;
- ақымақ болып көріну қорқынышы, осы жерден сын қорқынышы; бедел алдындағы қорқыныш;
- бір нәрсенің мүмкін емес, қол жетімсіз ретіндегі мінсіз қорқынышы;
- объектіні әдеттен тыс функциясынан қабылдай алмау қабілеті, әйтпесе, «шығармашылық соқырлық», формалды логикаға догмалық қарым-қатынасы орын алады. Осы кедергілерді еңсеру үшін келесідей элементтен тұратын шығармашылық белсенділікті ынталандырудың негізгі қағидаттарына сүйенуі қажет:
  - өз ашылымдарынан қорықса, қайтуға болатын бала үшін қауіпсіз психологиялық базаны құру;
  - баланың шығармашылыққа деген қабілеттілігіне қолдау көрсету, оның сәтсіздіктерінде көмек беру, шығармашылық талпыныстарға теріс баға беруіне жол бермеу;
  - «қисынсыз» идеялар мен сұрақтарына шыдамдылық, балалардың барлық сұрақтарына, тіпті, егер олар шектен шыққан болса да, жауап беру қажеттілігі [4].

Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасауда ТРИЗ элементтерін қолдана отырып, келесідей дидактикалық қағидаттарды ескеру қажет:

- таңдау еркіндігі қағидаты – балаға кез келген оқыту немесе басқару әрекетіне таңдау құқығы;
- ашықтылық қағидаты – балаға ашық (шешімінің бірнеше жолы бар) тапсырмалармен жұмыс істеу мүмкіндігін беру керек. Шығармашылық тапсырмалар жағдайында шешімнің әртүрлі нұсқаларын жасауы керек;
- іс-әрекет қағидаты – кез келген шығармашылық тапсырмаға практикалық іс-әрекет ке қосу қажет;

- кері байланыс қағидаты – тәрбиеші балалардың ойлау операцияларын меңгеру үдерісін тұрақты бақылай алады, өйткені жаңа шығармашылық тапсырмада алдыңғы шығармашылық тапсырманың элементтері болады;
- мінсіздік қағидаты – шығармашылық тапсырмалар арнайы жабдықты қажет етпейді және кез келген сабақтың бөлігі болуы мүмкін, бұл өз кезегінде балалардың білімі мен қызығушылықтарын, мүмкіндіктерін барынша қолдануға мүмкіндік береді.

### Әдебиеттер тізімі

*Сидорчук, Т. А., Байрамова Э.Э.* Технологии развития связной речи дошкольников. - Ульяновск, ООО «Вектор - С», 2015. - 88 с.

*Сидорчук, Т.А.* Методы формирования навыков мышления, воображения и речи дошкольников. – АО «Первая Образцовая типография», филиал «УЛЬЯНОВСКИЙ ДОМ ПЕЧАТИ», 2015. - 248 с.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жұмыстарына заманауи білім беру бағдарламалары мен технологияларын енгізу: әдістемелік нұсқаулық. – Астана, 2013. – 32 б.

*Дуброва В.П.* Организация методической работы в дошкольном учреждении. – М., 1995.

***М.Б. Уақбаев, М.А. Раимбеков***

### СУРЕТ САЛУДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ЭЛЕМЕНТТЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ

№8 «Балбөбек» ясли-бақшасы КМҚК

Қазақстан, Семей қ., [balbobek8\\_2015@mail.ru](mailto:balbobek8_2015@mail.ru)

Қазіргі таңда сурет салудың дәстүрлі емес техникаларын балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін балабақшада да, үй жағдайында да жиі қолданады. Дәстүрлі әдістерге негізделмеген сурет салу, ерекше әрі бірегей болып көрінеді. Сурет салудың ерекше, бірқилы тәсілдері балаларды сурет салуға қызықтырады, әр баланың шығармашылық әлеуетін дамытады.

Шығармашылық тұлғаның қалыптасуы – заманауи кезеңде педагогикалық теория мен тәжірибеде маңызды мәселенің біреуі болып табылады. Осы саланы мектепке дейінгі жастан бастап дамыту нәтижелі болады. В.А. Сухомольскийдің ойынша: «баланың қабілеттілігімен мүмкіндігі саусақтарының басында, басқа сөзбен бала шығармашылық жұмыспен көп айланысса, оның зейіні жинақы, ойлау қабілеті жақсы», деген пікір ұстанған. Баланың суреті психологтар мен педагогтардың көңілін әрқашан өзіне аудартады.

Мектепке дейінгі мекемеде балалармен ұйымдастырылған іс-әрекеттердің ішінде сурет салу әдістемесі кең өріс алған. Сурет салу ол баланың жүйке жүйесін тынықтырып, арман қиялын жетілдіріп, өз ойын сурет арқылы көрсетіп бере алатын қызықты да күрделі үрдіс болып табылады. Сурет салуды балаларға әртүрлі әдістер арқылы қызықты етіп ұйымдастыруға болады. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін сурет салудың дәстүрден тыс тәсілдерін қолдануға болады. Балаларды үйрету барысында оларға ұсынылған түрлі заттар қызығушылықтарын арттырады. Бұл әдіс қиялды, елестетуді, ойлауды, зейінді және түспен пішінді сезінуді жетілдіруге көмектеседі. Балалармен осындай жұмыстардың нәтижесі балалардың саусақ қимылын дамытуға және кеңістікті бағдарлай алуға, ой өрісінің дамуына ықпал етеді. Мен өз іс тәжірибемде дәстүрден тыс сурет салу түрлерін көптеп қолдануды қолға алып жүрмін [1].

А.В. Никитина, Г.Н. Давыдова секілді зерттеушілер, сурет салудың дәстүрлі емес тәсілдері балалардың байланыстыра сөйлеуін және олардың қиялын, фантазиясын дамытып, жаңа композиция құруға ынтасын ашады. Сондай-ақ, балаларға жақсы, жылы эмоция сыйлап, таныс заттарды көркем материалдар ретінде қолдана алуға мүмкіндік беретінін дәлелдеді.

**Дәстүрлі емес әдістермен сурет салу дегеніміз не? дәстүрлі емес бейнелеу өнері-** шығармашылық жұмыста суретті қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін көркем суреттің құрамы мен түсін құруда және жаңа мәнерлі әдістерді қоса алғандағы суреттердің тиімді құрамы болып табылады. Сурет салу әдістерін меңгерту мақсатында дәстүрлі емес әдістерді пайдалану балаларға қызығушылықтарын, еркіндіктерін, өздеріне деген сенімділіктерін тудырады.

Сондықтан, бала ерікті түрде қызығушылық танытып сурет салу үшін дәстүрлі емес әдісті пайдаланған жөн. Себебі дәстүрлі емес әдістің құралдары қызықты, әрі сурет салу жолы оңай.

Дәстүрлі емес тәсілді пайдалану кезінде анықтау, зерттеу қабілеті қалыптасады. Бұл әдіс балалардың бейнелеу өнеріне деген мотивациялық қозғаушы күші болып табылады. Сонымен қатар балалардың суретті соңына дейін «сала аламын ба?» деген қорқыныштары кетеді. Дәстүрлі емес әдіс кезінде көру және саусақ моторикасы жақсы дамиды. Балалар сурет салғанды өте ұнатады. Дәстүрлі емес сурет салу кезінде бала түрлі құралдармен, тәсілдермен танысады, эстетикалық сезімі дамиды. Түстердің алуандығын ұғынады. Дәстүрлі емес тәсілді пайдалану кезінде шығармашылығы дамиды. Жеке және ұжыммен жұмыс жасауды, жұмысты соңына дейін жеткізуді үйренеді. Баланың қиялын, елестетуін, ойлауын, зейінін жетілдіреді және көру, саусақ моторикасы дамиды [2].

Сурет салу кезінде балалардың ойлауы, қиялы, ұсақ қол моторикасы, көру және қозғалыс анализаторлары, тілі, сондай-ақ түсті, пішінді, ритмді ажырата алу қабілеттері дамиды. Суретте бала өзінің өмірлік тәжірибесін көрсетеді, өзінің эмоциясы мен сезімдерін жеткізеді.

Сурет салу кезінде балаға қуаныш сыйлауы үшін және оларға қандайда түсінбеушілік (қиындық) тудырмау үшін, оларды сурет салудың дәстүрлі емес әдістерімен таныстыру қажет.

Сурет салудың дәстүрлі емес техникасын қолданудың артықшылығы: суретті тұрмыстағы кез келген заттар арқылы қызықты етіп салуға болады (қақпақтар, мақта, паралондар, т.б.). Дәстүрлі емес техниканы пайдаланып, сурет салғызу балалардың танымдылығын арттырады: балалар сурет салудың жаңа түрімен танысады, сурет салудың өз тәсілдерін ойлап табады. Сурет салудың дәстүрлі емес техникасын қолдану балалардың сезімдік қабылдауына әсер етеді: бала таң қалады, шаттанады, қуанады. Бұл әдіспен сурет салу балаларды өте қызықтырады. Балалар сурет сала отырып, уақыттың қалай тез өтіп кеткенін байқамайды. Дәстүрлі емес техникаларды қолдану арқылы сурет салу балалардың өзіндік шығармашылық қабілеттерінің ашылуына әсер етеді, сурет салудың әртүрлі қырын үйренеді. Сол себепті, «Сурет салудың дәстүрлі емес технологиясын қолдану» тақырыбы қазіргі таңда балалардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін арттыруда өте өзекті болып отыр [3].

Сондықтан мектеп жасына дейінгі балаларға сурет салу өте маңызды. Әр бала белгілі бір өмір кезеңінде орасан зор, көп фигуралы, композиция сюжеттерінің күрделі өрісімен сурет салады. Балалық шақты физиологиялық және психикалық функциялардың қалыптасу кезеңі ретінде қарастыруға болады. Сонда сурет салу - ағзаны жетілдіру бағдарламасын орындаудың бір жолы. Қарындашпен және бояулармен сурет салу мектепке дейінгі баладан техниканы меңгеруді, қалыптасқан дағдыларды, жұмыс тәсілдерін білуді талап етеді. Алайда, күш-жігерге қарамастан, сурет тартымсыз болып шығады. Сондықтан сурет салудың дәстүрлі емес әдістерін қолдану өте маңызды болып табылады.

Сурет салудың дәстүрден тыс әдістері балаларды қызықтыратын, еліктіретін іс-әрекет. Ұйымдастырылған оқу қызметінде сурет салудың дәстүрлі емес әдістерін қолдану:

- балалардың қорқынышын сейілтуге мүмкіндік туғызады;
- өзіне деген сенімін арттырады;
- ойлау кеңістігін дамытады;
- өз ойын еркін білдіруге үйретеді;
- шығармашылық ізденіске түрткі болады;
- әр түрлі материалдармен жұмыс жасауға үйретеді;
- композициялық сезімін, ырғақты, түс, түстерді қабылдауын дамытады;
- саусақтың ұсақ моторикасын дамытады;
- жұмыс барысында эстетикалық сезім алады [4].

Сурет салу іс-әрекетінде балаларда эмоциялық көңіл-күй пайда болады. Сурет салу – көркемдік шығармашылық іс-әрекет. Өмірдегі алған әсерлерін бейнелеумен қатар, бейнеленген суретке деген қарым-қатынасын білдіреді. Суретті салған уақытта балалар салынған суреттің неге ұқсайтынын, оның нәтижесін айтып, өз көзқарасын білдіре алады. Салынған суретке деген көзқарастары эстетикалық баға берумен қатар танымдық қабілеттерін дамытады. Сурет салу оқу іс-әрекетінде балаларда бастаған істі аяқтау, ой тұрақтылығы, мақсатқа жету және қиындықты жеңе білу қабілеттері ашылады.

Педагог бала жұмысының нәтижесіне қарай отырып баланың ішкі сезімін, жан дүниесін көре алады. Сурет салу іс-әрекеттерінде балалардың қызығушылық сезімдерін дамыту мақсатында түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Педагогтың мақсат-міндетіне сай балалар өнер жанырларын, стильдерін (сюжет, портрет, натюрморт, графика, скульптура) түсініп қабылдай білуі шарт. Сурет салу іс-әрекетінде суретшілер еңбектерімен таныстыру, ертегілер бойынша салынған суретшілер еңбектерімен таныстыру, ертегілер бойынша салынған суретшілер иллюстрацияларын көрсету, түрлі саяхат сабақтар өткізу (мұражайлар, жергілікті суретшілер үйіне) т.б. өткізген шарт. Осындай оқу әрекетінде балаларды өнерге деген қызығушылықтары дамиды.

Сурет салу әдістерін меңгерту мақсатында дәстүрлі емес әдістерді пайдалану балаларға қызығушылықтарын дамытады. Дәстүрлі емес әдіс-тәсіл түрлері: мөр басу, кляксография, монотипия, ылғал бетте сурет салу, май шаммен, түрту, нүктемен, саусақпен т.б. дәстүрлі емес әдіс-тәсілдерді пайдалану ойлау қабілеттерін, қиялын шығармашылық қабілеттерін дамытады. Әрбір оқу іс-әрекеттерінде түрлі әдісті қолдану балалардың сурет салуға қызығушылықтарын дамытып, өз беттерімен жұмыс жасауларына мүмкіндік береді. Бейнелеу іс-әрекеті балаларды мектептегі бейнелеу өнері сабақтарына дайындау үшін арнайы дайындықтан өткізуге мүмкіндік береді. Ол үшін төмендегідей практикалық материалдар болу керек.

- Суреттер, мүсіндер, халықтың қолданбалы өнерінің бұйымдар жинағы.
- Классикалық саздар жинағы.
- Бейнелеу құралдарының жинағы.
- Байланыстыра сөйлеуге басты назар аудару қажет (живопись, скульптура шығармалары бойынша шығармашылық әңгімелер).
- Балалардың Қазақстан өнері, оның қайнар көздерімен негізін салушылар туралы білімдерін кеңейтіп, байыту керек.
- Әртүрлі халықтардың мәдениетін түсіне, ажырата білуге үйрету.

Осы мақсатта халықтық ойыншықтар арқылы образдар құра білуге үйрету керек [5].

Сурет салудың дәстүрлі емес техникасы балаға бейнелеу қызметіндегі сәтсіздіктердің алдында қорқыныш сезімін жеңуге мүмкіндік береді. Мұндай сурет салу техникасы балаларға өздерін еркін сезінуге көмектеседі, әдетте дәстүрлі әдістер мен материалдармен бейнелеуге қиын болған заттарды бала басқа тұрғыдан көріп, қағаз бетіне түсіруге тырысады.

Дәстүрлі емес техникаларды қолдануымен өткізілген сабақтарда балаларда бағдарлы – зерттеу қызметі, қиял, есте сақтау, эстетикалық талғамы, танымдық қабілеті, дербестігі дамиды, бала эксперимент жасауды үйренеді. Қол саусақтарының бояумен тікелей байланысқан кезде балалар оның қасиеттерін: қалыңдығын, қаттылығын, тұтқырлығын түсінеді. Дәстүрлі емес сурет салудың көптеген түрлері көру – моторикалық үйлестірудің даму деңгейін арттыруға ықпал етеді.

### Әдебиеттер тізімі

- Швайко Г.С.* Балабақшадағы бейнелеу өнері сабақтары. - М.: Валдос, 2000
- Жәмеков М., Жұмабеков С., Исацов О.* Балабақшадағы бейнелеу іс-әрекетінің теориясы мен методикасы. – Алматы: «Мектеп», 1998 . – Б. 23-36.
- Комарова, Т.С.* Развитие художественных способностей дошкольников. Монография / Т.С. Комарова. – М.: МОЗАИКА - СИНТЕЗ, 2014. – 144 с.
- Казакова Р.Г.* Рисование с детьми дошкольного возраста: нетрадиционные техники, планирование, конспекты занятий. – М., 2007
- Лебедева Е.Н.* Использование нетрадиционных техник [Электронный ресурс]: [http://www.pedlib.ru/Books/6/0297/6\\_0297-32.shtml](http://www.pedlib.ru/Books/6/0297/6_0297-32.shtml)



*Д.Д. Несінхан, М.С. Кобеева*

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАР ҚИЯЛЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

№8 «Балбөбек» ясли-бақшасы КМҚК

Қазақстан, Семей қ., [balbobek8\\_2015@mail.ru](mailto:balbobek8_2015@mail.ru)

Мектеп жасына дейінгі баланың психикалық өмірінде қиял аса маңызды рөл атқарады. Қиялдың мектепке дейінгі жаста анық әрі қарқында көрінетіні соншалықты, көптеген психологтар оны жыл өте өзінің күшін жоғалтатын, бастапқыда берілген балалық қабілет ретінде қарастырды. Сонымен қатар, қиялдың даму мәселесі психологтардың өзіне әлсіремейтін қызығушылығын тартса да, психологиядағы тартысты және ең аз талданып жасалған мәселелердің бірі.

Қиялды жалпы сипатта бейнелерді қайта құрамдастырушылық қабілет ретінде анықтауға болады. Қиялдың мәні бөліктерден бұрын бүтінді «ұстап алатындығынан», яғни жекелеген бөліктердің негізінде тұтастай бейнені құрудан көрінеді.

Қиялдың айрықша ерекшелігі «шындықтан өзгеше ұшып кету», Л.С. Рубинштейн айтқандай іс-әрекет жоспарын емес, жаңа бейнені жасау болып табылады. Баланың жаңаны, қиял әлемін құру мүмкіндігін түрлі психологтар түрліше түсіндірді.

Мысалы, психоанализді жасаушы З. Фрейд қиялды бала санасының алғашқы, бірінші формасы ретінде қарастырды. З. Фрейдтің көзқарасы бойынша ерте балалық шақта үстемдік ететін қанағаттану принципі оның фантазияларында және армандарында өзінің бейнесін табады. Баланың санасы белгілі бір жасқа дейін шындықтан еркін және өзінің қалауы мен әуестігін қанағаттандыруға бағытталған.

Бұл тұғырды Ж. Пиаже жалғастырып, дамытады. Жоғарыда аталғандай, баланың дамуының бастапқы нүктесі шындыққа бағытталмаған ойлау, яғни сағымды ойлау немесе қиял болып табылады. Балалық эгоцентризм қиялдан шынайы ойлауға ауысатын саты. Бала неғұрлым жас болса, соғұрлым оның ойы өзінің қалауын қияли қанағаттандыруға бағытталған. Тек неғұрлым кештеу жаста бала шындықты ескеріп, оған бейімделе бастайды.

Сонымен, бұл тұғырға сәйкес, қиял шынайы ойлаудың мына белгілері бойынша ажыратылады: 1) ол сана астылық (бала өзінің мақсаты мен түрткілерін ұқпайды); 2) қоршаған шындықтағы шынайы іс-әрекетке емес, өзінің сүйсіну сезіміне бөленуге бағытталған; 3) сөзбен білдірілмейді және өзге адамдарға хабарланбайды [1].

О.М. Дьяченконың зерттеулеріне сәйкес сағымдық құрылымның, арманның шындыққа бағытталған ойлауға қарағанда неғұрлым алғашқы форма болып табылатындығын елестету және дәлелдеу өте қиын. Байқаулар баланың өте ерте жастан бастап рахат алуы оны қиялдаумен алуында емес, өзінің қажеттіліктерін шынайы қанағаттандырумен байланысты екендігін көрсетті. Бірде бір баланың қиялдағы астан қанағаттанушылықты сезінбейтіні мәлім. Ерте балалық шақтағы шынайы қанағаттанушылыққа жол шындықтан кетуде емес, сол шындықтың өзінде жатыр.

Сондай-ақ, балалар фантазиясының сөйлеумен байланысының жоқтығы да дәлелденбей отыр. Шын мәнінде, Л.С. Выготский атап көрсеткендей, қиялдың дамуындағы күшті қадам сөйлеуді меңгерумен байланысты іске асады. Байқаулар сөйлеудің дамуындағы бөгелістер әрқашан бала қиялының дамуына әкелетінін көрсетті. Афазиядан (сөйлеудің бұзылуы) зардап шегетіндердің фантазиясы мен қиялының бірден төмен түсіп кететіні байқалатыны белгілі. Сөйлеу баланы тікелей әсерлерден босатып, зат туралы түсінігінің қалыптасуы мен шегенделуіне мүмкіндік жасайды; нақ сөйлеу балаға өзі көрмеген қандай да бір затты елестетуге мүмкіндік береді. Бала өзінің шынайы қабылдауымен сәйкес келмейтіндерді сөзбен білдіре алады; нақ осы оған сөзбен жасалатын және білдірілетін әсерлер саласында төтенше еркін жүгінуге мүмкіндік тудырады.

Балалар қиялының байлығы туралы мәселе аса күрделі болып табылады. Балалар қиялы ересек адамдардың қиялынан әлдеқайда бай деген пікірлер бар. Шындығында, балалар ең әртүрлі себептер бойынша қиялдайды: олар әңгімелер құрастырады, фантастикалық сюжеттер ойлап табады, тастар мен ағаштарға адамдардың қобалжулары мен қарым-қатынастарын таңады, заттармен сөйлеседі және т.б. Алайда, балалар фантазиясына енетін барлық элементтер,

әйткенмен де олардың тәжірибесінен алынып пайдаланылады. Таныс бейнелерді жаңадан біріктіру мен қайта құрастыру, қасиеттер мен оқиғаларды бір кейіпкерден екіншісіне ауыстыру шындыққа мүлдем ұқсамайтын фантастикалық суретті жасайды. Мысалы, бір ұл бала өзінің қалтасына сиып кететін, барлығы жанды және барлығы «шынымен» болатын өте кішкентай жер шары туралы ынта-шынтысымен әңгімелейді; екінші бала жұлдызға секіріп түсуге болатындай, құмнан аспанға, тіпті жұлдыздарға дейін жететін биік үй тұрғызуға кірісті. Бірақ бұл барлық фантастикалық құралымдар балалардың шынайы тәжірибесінің, өздерінің білетіндерінің негізінде құрылған. Олар аз білетіндіктен, ересектерге қарағанда өмірлік тәжірибесінің әлдеқайда жұтаңдығынан, оларда қиялдау үшін материалдар да аз. Бала өзіне ересекке қарағанда аз қиялдайды. Оның фантазиясы өмір туралы жұтаң түсініктермен және анайы өмірлік тәжірибелермен шектеулі. Демек, бала қиялы ересектердің қиялынан ешқандай да бай емес, көп жағдайда тіпті солғын.

Сонымен қатар, қиял ересектердің өміріне қарағанда бала өмірінде әлдеқайда маңызды рөл атқарады. Ол әлдеқайда жиі көрініп, шындықтан неғұрлым едәуір жеңіл «алшақтауға» жол береді. Және ең бастысы – балалар өздері ойдан шығарғандарына сенеді. Оларда қияли және шынайы әлем, ересектердегідей анық шекарамен бөлінбеген. Балалар үшін қияли оқиғалардан туындаған қобалжулар ересектердегіге қарағанда әбден шынайы, әрі едәуір күшті. 3-5 жастағы балалар сұр лақ пен бауырсақтың тағдырына жылап, қатыгез сиқыршыны үркіте алады, көрініс уақытында оны ұруға, күрделі жағдаяттан шығудың жолын ойластыруға тырысады. Қияли кеңістікте өтіп жатқанның бәрі балада ең күшті эмоцияларды тудырып, қиялдан туған кейіпкер ол үшін шынайы қауіп немесе құтқарушыға айнала алады. Ересектердің тәрбиелеу ниетінде баланың өмірі мен санасына түрлі ойдан шығарылған кейіпкерлерді: тіл алмайтын балаларды алып кететін Жалмауыз Кемпірді, айдаһар жыланды немесе түрлі тамаша сыйлықтар алып келетін және түрлі сыйқырлар жасайтын мейірімді Бикешті ендіретіні белгілі. Бұл кейіпкерлер бала үшін тірі және әбден шынайыға айналады. Балалар ойдан шығарылған Жалмауыз Кемпірден қорқып, мейірімді Бикешті күтеді. «Жалмауыз Кемпір ұшып келе жатыр!» деген көшедегі ересек балалардың қатыгез әзілдері мектеп жасына дейінгі балаларды жылатып, үрейлене қашуын тудырады. Тіпті үйдегі қауіпсіз жағдайда да қияли оқиғалардан қорқыныш пайда болуы мүмкін. Бұл жаста жиі кездесетін балалардың көптеген қорқынышы олардың қиялдарының осындай жандылығымен түсіндіріледі. Ойдан шығарылған кейіпкерлер бала үшін жеке мәнге ие болып, оның санасында толық шынай түрде өмір сүре бастайды [2].

Бала қиялының қайнар көзін басқа да психикалық процестер сияқты, оның ересектермен өзара қарым-қатынасынан іздеу керек. Н.Н. Палагина халық педагогикасының құралдарын талдай отырып, олардың көпшілігі баланың қияли контексте енуін кең пайдаланатынын айқындады (4). Дыбыстармен, сөздермен және қимылдармен орындалатын халық тақпақтарында қияли бейнелер жасалады. Халық педагогикасынан алынып пайдаланатын кішкентай балалармен ойналатын көптеген ойындар мен ермектер сәбиді қияли контексте ендіріп, оның шынайы қабылдамайтындарын елестетуге мүмкіндік береді.

Қиялдың 2-3 жастан бастап-ақ көрінетіні туралы айтуға болады, бірақ, өзінің шын мәніндегі өрлеуіне мектеп жасына дейінгі кезеңде жетеді. Қиял сюжетті-рөлдік ойындарда барынша айқын және қарқынды көрінеді. Балаға қиялдан туған рөлдің бейнесі ерекше ықпал етеді: қандай да бір сабақты рөлдік әрекет жоспарына ауыстырса болғаны, бала оны бірден қызыға орындайды, бірақ рөлдер тек ересектердің тұғырын басу ниетімен орындалады. Бала жанды немесе жансыз заттың рөлін өзіне ала отырып, өзінің әрекеті арқылы оның құрылымы мен бейнесін, әрекетін елестетеді. Мұнда рөл бейненің тірегі ретінде көрінеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың қиялы әсіресе режиссерлік ойында өте айқын көрінеді. Тіпті 3 жасар балалар ойыншықтарды қуана рөлдерге боліп, олармен түрлі сюжеттер құрып ойнайды.

Жас өскен сайын ойын сюжеттерінде сөйлеуге көп орын беріліп, әрекет аз уақыт ала бастайды. Қиял әрекеттен алысырақ алшақтай береді де, сөйлеу жоспарына ауысады. Алайда ішкі сөйлеу әлі қалыптасып болмағандықтан, балаға ойынға араласпайтын, бірақ бейненің тірегі ретінде қажет болатын серіктес керек.

Ойында қалыптаса отырып, қиял мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетінің басқа да түрлеріне әсер етеді. Ол сурет салуда, ертегілер мен тақпақтар құрастыруда неғұрлым айқын

көрінеді. Мұнда, балалар ойындағы сияқты, алдымен тікелей қабылданаған немесе олардың ықпалымен қағаз бетінде пайда болған үзік сызықтар түріндегі заттарға сүйенеді. Содан соң ғана өздерінің шығармаларын жоспарлайды. 3-4 жастағы балалар сурет салу барысында өзінің ойындағыны бірнеше рет өзгертуі мүмкін және бұларды белсенді түрде өздері сөйлей айтып отырады. Бейнелердің өзі нақты бір нәрсені аса күнгірт еске салатындықтан, баланың суреттің сапасына тым талап қоймауынан, олардың фантазиялары бейнелерге қарағанда әлдеқайда бай болып келеді.

Сөздік шығармашылық қандай да бір техникалық тәсілдермен шектелмеген неғұрлым бай мүмкіндіктерді ашады. Атап өтілгендей, балалар әдеби шығармаларға толықтай шынымен қатысып, осы қиялдан туған әлемде өмір сүреді. 3-тен 5-ке дейінгі жаста балалар қиялының дамуындағы басты бағыт фантазия әлемінің шындықтан жекеленуі болып табылады. Бала өзінің фантастикалық құрылымдарын жағдайларға сәйкес өзгерте отырып, нақты бір шынайы заңдылықтарға бағындырады. Сонымен қатар, оған өзінің әрекеттері мен қалауынан бөлек бір нәрсеге сияқты қатынас жасайды. Арнайы, ырықты қиялдың мүмкіндігі осымен тығыз байланысты, ал мектепке дейінгі кіші жастағы балалардың фантазиясы, әдетте ырықсыз болып келеді. Сезімдерінің әсерімен, шығарманың не туралы болатынын осы сәтте әлі білмей тұрып, балалар өздерінің ертегілері мен өлеңдерін құрастырады. Мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалар өздерінің шығармаларының негізгі идеясын алдын ала жоспарлап, оларды мақсатты-бағытты іске асыра алады.

О.М.Дьяченко жүргізген зерттеулер қиялдың ерекше құралдарды меңгеруді басқаруға қосылу жолымен дамуы керектігін көрсетті. Сонымен қатар, мектепке дейінгі жастағы бала қиялының қызмет ету процесінде екі негізгі кезеңді бөлуге мүмкіндік берді:

- 1) шығармашылық өнімнің кейбір идеяларын тудыру;
- 2) бұл идеяны іске асырудағы кейбір ой-жоспарды құру.

Бұл екі кезең де мектеп жасына дейінгі балалықтың соңында көрінетіндіктен, мектепке дейінгі жастың бүкіл барысында қиялдың тұтастай қалыптасуына көмектесетін құралдардың өзіндік ерекшелігінің неде екендігін қарастыру ерекше маңызды.

О.М. Дьяченконың пікірінше, бұл процесті талдаудың қиындығы қиялдың екі түріне байланысты оның дамуында екі негізгі бағыттардың болатындығында. Оның толық сипаттамасы келесі бөлімде беріледі [3].

Алты жаста қиял ерекше айқын, көрнекі, жүйрік, құбылмалы әрі эмоциялық бояуға қанық бейнелерге толы болады. Баланың қиялы ырықты сипатқа ие бола бастайды: ол ой желісін құрып, оны жоспарлай және іске асыра алатын болады. Бала бейнелерді жасаудың құралдары мен тәсілдерін меңгеріп, оның қиялы ішкі жоспарға көшеді, ол үшін көрнекі тіректің қажеттілігі болмайды. Бұл шығармашылық ойындарда ерекше байқалады. Бала қиялы мақсатты-бағытты сипат алып, оның ниетінің тұрақтылығы артады. Сонымен қатар, ол қайта жасау (репродуктивті) сипатына ие. Алты жастағы бала бейнелерді жасауда бұрын алған түсініктерін қосуды да, оларды талдау және біріктіру жолымен өзгертуді де пайдаланады. Бұл оларда шығармашылық қиялдың дамуының көрінісі.

### Әдебиеттер тізімі

*Боровик О.В.* Развитие воображения. Методические рекомендации. – М.: ООО «ЦГЛ «Рон»», 2000.

*Немов Р.С.* Психология: Учебник для студентов высших педагогических учебных заведений: В 3кн. – 4е. издание – М.: Гуманитарный издательский центр Владос, 2001.

*Субботина Л.Ю.* Развитие воображения детей. Популярное пособие для родителей и педагогов / Художник Куров В. Н. – Ярославль: «Академия развития», 1997.

*Т.С. Бейсыбекова, Г.К. Зарипова*

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СЕНСОРЛЫҚ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІГІ

№8 «Балбөбек» ясли-бақшасы КМҚК

Қазақстан, Семей қ., [balbobek8\\_2015@mail.ru](mailto:balbobek8_2015@mail.ru)

Мектеп жасына дейінгі балалардың сенсорлық эталонды игеруі балалар бақшасының бағдарламасына сәйкес геометриялық фигуралармен, түстермен танысудан басталады. Мұндай танысу негізінен тиімді іс-әрекеттердің көптеген түрлерін меңгеру процесінде өтеді. Егер тіпті баланы қасиеттердің жеке түрлерін көпшілік қабылдаған үлгілерге сәйкес ажырата алуды үйретпегеннің өзінде бала сурет салу, құрастыру мозаика мен жапсырманы салғандағы материал қолдануында қажетті үлгілер болады.

Көпшілік қабылдаған эталондарды меңгеруге қажетті жағдайлар алғашқы рет әрекеттің тиімді түрінде жасалады. Бұл баланы материалды бірнеше рет тексеруге мәжбүр етеді, түр-түсін, кубик формаларын есте сақтауына тура келеді. Түрлі заттардың бейнелерін жасағанда балалар әр жолы да сол бір түсті кубиктерді, мозаика элементтерін пайдаланады, олардың қасиеттері көптеген заттардың қасиеттерімен қанастылығы айқындалады да біртіндеп үлгілердің, эталондардың мәніне ие бола бастайды.

Арнайы ұйымдастырылған сенсорлық тәрбиесіз-ақ әдетте балалар тек кейбір, мысалы дөңгелек пен квадрат формалары, қызыл, сары және жасыл түсті эталондарын игереді. Мектеп жасына дейінгі балалар үшбұрыш, сопақша сияқты форманы, қызғылт-сары, күлгін түс туралы түсініктерді едәуір кеш меңгереді.

Кейбір эталондар ғана игерілгенде бала заттардың осы эталонымен сәйкес келетін қасиеттерін өте анық және дәл қабылдайды, ал эталонды әлі игеріліп болмаған өзге жеке түрлер қасиеттерін тиянақсыз және көбіне қате қабылдайды. Белгісіздеу қасиеттер меңгерілген жуықтағанда, соларға теңелгендей болады. Дәл сондай-ақ сары және қызыл түстер жөнінде түсінігі жоқ балалар қызғылт сары заттарды сары және қызыл түстер түрінде қабылдауға бейім тұрады. Меңгерілген эталондар олардың жай тек атауларына ғана емес, ең алдымен қасиеттерді қабылдаудың өзіне ықпал ететіні балаларға үлгіге сай дәл сол түсті заттарды үнсіз таңдау ұсынылғанда тәжірибелерде байқалады. Мектепке дейінгі үш жастағылар көптеген жағдайларда сары түсті үлгі бойынша тек сары заттарды, ал қызғылт сары түсті үлгі бойынша қызғылт сары түсті де, сары түсті де таңдайды, көк түсті үлгі бойынша тек қана көк түсті көгілдір түсті де, көк түсті де таңдайды. Бұл әсіресе, алдымен балаларға үлгіні көрсетіп, кейін оны жасырып қойып таңдауды ойша жүргізген жағдайда айқын көрінеді. Бұл фактілерді балалардың сары мен қызғылт сары көк пен көгілдір түс арасын ажырата білмейді деп түсіндіруге болмайды. Таныс түс үлгісі бойынша таңдау дұрыс жүргізіледі, ал аз таныс үлгі бойынша қателіктері болады. Мұның себебі – балалар мысалы сары үлгіні алғанда оны өзіндегі эталонмен арқатынасын ажыратады да, сары түс деп таниды. Мұнан кейін олар сары заттарды таңдап ала бастайды, қалғандарын түсін жете тексеріп жатпай-ақ ондай емес деп жай шетке ығыстырады. Қызғылт сары түс баланы қиын жағдайға қалдырады. Қызғылт сары түс жөнінде оның түсінігі болмағандықтан бала оның орнына өзінде қалыптасқан эталондарға бәрінен жуығырақ келетін сары түсті пайдаланады. Сондықтан бала үлгіге сәйкес қызғылт сары түсті де және үлгіге сәйкеспейтін бірақ таныс эталонға сәйкесетін заттарды да таңдайды.

Әрекеттің тиімді түрлерін күрделендіру нәтижесінде бала біртіндеп форма мен түстің жаңа эталондарын игереді және шамамен төрт-бес жасқа жеткенде, олардың біршама толық жиынын меңгеріп алады.

Заттардың шамасы жөніндегі түсініктерді бала үлкен қиындықпен меңгереді. Форма мен түстің эталондарына қарағанда, шаманың көпшілік қабылдаған эталондары шартты сипатта келеді. Бұған адамдардың саналы қолданатын өлшемдері (сантиметр, метр) жатады. Өлшемдер жүйесі және оларды пайдаланудың жолдары, әдетте, мектепке дейінге балалық шақта меңгерілмейді. Мектеп жасына дейінгі баланың шаманы қабылдауы басқа негізде дамиды. Олар заттардың шама жағынан қатынастары жайлы түсініктерді меңгереді. Бұл қатынастар зат басқа заттар қасына қандай орын (үлкен, кіші, ең үлкен тағы басқалар) алатындығын көрсететін сөздермен белгіленеді. Әдетте мектепке дейінгі жастың бас кезінде балаларда бір мезгілде

қабылданатын қос зат арасындағы шама қатынасы туралы ғана түсінік болады (үлкен-кіші). Оқшауланған заттың шамасын бала анықтай алмайды, өйткені оның өзге заттар арасындағы орнын ойда келтіруі қажет. Мектепке дейінгі кіші және естияр жастағы балаларда үш зат арасындағы шама қатынасы туралы түсініктер (үлкен, кіші, ең кіші) қалыптаса бастайды [1].

Балалар кейбір өздеріне таныс заттардың үлкенділігі мен кішілігін олардың өзге заттармен салыстыруға байланыссыз ақ анықтай бастайды.

Бес жасар бала түс пен форманың жеке эталондарын меңгеру арқылы олардың арасындағы байланыстар мен қатынастарды, заттардың қасиеттерінің өзгеруіне әсер ететін белгілері туралы түсініктерді игеруге көшеді. Үлкендердің жәрдемімен арнаулы ұйымдастырылған әрекетте бір ғана форманың өзі бұрыштарының шамасы, осьтері мен қабырғаларының арақатынасы жағынан түрлене алатынын, түзу сызықтарды қисық сызықтардан бөле отырып формаларды топтастыруға болатындығын балалар меңгеріп алады. Мұнда форманың сенсорлық эталондарының жүйесі геометриялық фигуралардың математикада берілетін ғылыми бөлінуінен басқаша болады. Ал, егер де геометрияда дөңгелек – сопақшаның жеке бір түрі, квадрат төртбұрыштың жеке бір түрі ретінде көрінетін болса, сенсорлық эталондар ретінде бұл фигуралардың бәрі тең праволы, өйткені олардың бәрі де тең дәрежеде белгілі бір заттар тобының формасы туралы түсінік береді.

Түстер туралы түсініктерді жетілдіру спектрдің түстік (тон ренктерін) меңгеруге жеткізеді. Бала әр түс мөлдірлігі жағынан өзгертетіндігін, түстер көзге ұнамдылығы және ұнамсыздығы жөнінен топталатынын біліп алады, жұмсақ, көзді тартарлық түстердің баттиған, қарама – қарсы түстерге ұштасуымен танысады.

Баланың затты түрлі шамадағы өзге заттармен салыстыруынан шама жөніндегі түсінік байиды. Балаларда шаманың жалпы эталондарының басқа олардың ұзындығы, ені, биіктігі сияқты жеке өлшемдері жөнінде түсініктер қалыптасады.

Барлық осы түсініктерді балалар нақты іс-әрекет процесінде төңірекке күнделікті бағдар тұтудың нәтижесінде меңгереді және әрдайым сөз арқылы бейнелене, ұғыныла бермейді. Сенсорлық эталондарды меңгеру заттардың түсі мен формасына ғана қатысты емес, заттар мен құбылыстардың өзге қасиеттеріне де қатысты болады. Мысалы, мектепке дейінгі жастағы балалар тіл арқылы қарым-қатынаста ана тілінің дыбыс жүйесіне сәйкес келетін үлгілерді, музыкалық іс-әрекет процесінде дыбыстың биіктігі мен ырғақтылығы қатынастарының үлгілерін т.б. үйретеді [2].

Балаларды сенсорлық эталондардың көптеген түрлерімен және оларды жүйелеумен тетелес таныстыру – мектеп жасына дейінгі балаларды сенсорлық тәрбиелеудің басты міндеттерінің бірі. Мұндай таныстырудың негізінде әрбір қасиеттің негізгі жеке түрлерін тексері мен есіне сақтау балалардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру жатыр. Осы жеке түрлер эталондар мәніне ие болуы тиіс. Қасиеттердің жеке эталондары жөніндегі түсініктердің қалыптасуы балаларды сурет салуға, жабыстыру ісіне, құрастыруға, музыка сабақтарына үйрету, яғни, бала қабылдануға барған сайын күрделілірек міндеттерді қоятын және сенсорлық эталондарды меңгеруге бейімдейтін жағдайлар туғызатын іс-әрекет түрімен тығыз байланысты.

Балаларды сенсорлық эталондармен таныстыру – заттардың қасиеттерінің негізгі жеке түрлерін білдіретін сөздерді баланың есінде сақтауын ұйымдастыру болып табылады. Атау сөз сенсорлық эталонды белгілейді, оны баланың есінде бекітеді және ұғынарлықтай әрі дәл қолдануға болатындай мүмкіндік береді. Бірақ бұл эталон атайуары – баланың тиісті тексеру және қолдануда өзіндік іс-әрекет негізінде қабылданғанда ғана болады. Балаларға геометриялық формалардың, түстердің, шамалар қатынасының жеке түрлерін тек қана көрсетіп, олардың аттарын есте сақтауға жеткен жағдайларда, тіпті дұрыс қолданылатын сөздің өзі мектеп жасына дейінгі баланың ұғымдары мен қабылдауларын жетілдіруге себепші бола алмайды.

Мектепке дейінгі жас ішінде балаларды сенсорлық эталондармен таныстыру біртіндеп тереңдей түседі. Біріншіден, балаларды барған сайын эталон қасиеттерінің ең нәзігірек жеке түрлерімен таныстырады. Спектр түстерімен танысудан олардың ренктерімен танысуға, негізгі геометриялық фигуралармен танысудан олардың осьтерінің, жақтарының, бұрыш шамаларының ара қатынасына байланысты түрленулерге және тағы да басқа заттардың жалпы шамаларының өзара қатынасымен танысуға көшу осылайша басталады. Екіншіден, балаларды үлгілердің арасындағы байланыстар және қатынастармен атап айтқанда спектрдегі түстердің орналасу

ретімен, ашықтығы бойынша реңктер өзгерісінің жүйелілігімен, түс тондарын ұнамдыларға және ұнамсыздарға топтаумен, түстердің көруге жайлысының және баттиған қарама-қарсыларының ұштасуымен; фигураларды дөңгелектерге және түзу сызықтарға бөлумен, бір фигураларды екінші фигураларға түрлендіру мүмкіндігімен, олардың пропорциялық өзгерістері жүйелілігімен, заттардың жалпы шамалары мен жеке ұзындық бағыттарының кемуі немесе өсуі бойынша біріктіру тағы басқаларымен таныстырады.

Қабылдау іс-әрекеттерінің дамуы. Сенсорлық эталондарды меңгеру заттардың қасиеттеріне баланың бағдарлануы дамуының тек бір ғана жағы. Біріншіден тығыз байланысты екінші жағы – қабылдау іс-әрекетін жетілдіру.

Бала мектепке дейінгі шақта сәбилік шақта қалыптасқан қабылдау іс-әрекетін меңгере отырып өседі. Бірақ бұл іс-әрекеттер әлі тым жетілмеген күйде болады. Бұл әрекеттер бала іс-әрекетінің жаңа түрлерін бағыттап және реттеп алдымен заттардың, шама жағынан қатынастарының, формаларының, түстерінің жеке ерекшеліктерін көз алдына елестету қажет болатын табысты тапсырмаларды орындауға, заттарды күрделі қасиеттерін жекелей қабылдауға, олардың айқын да дәл бейнелерін жасауға мүмкіндіктер бере алмайды. Заттық іс-әрекеттердегі заттардың қасиеттерін есепке алу үшін жеткілікті болатын қабылдаудың сол бір дәлдігі мен даралары табысты іс-әрекеттер үшін мүлде жеткіліксіз болып шығады.

Мектепке дейінгі кішкентайларға жалпы нұсқасы мен ішкі бөлшектері бар күрделі емес фигураға қарап сурет салу ұсынылды. Ол жалпы нұсқасын немесе бөлшектерін жақсылы – жаманды етіп сала алады, бірақ та ол екеуін де, бейнелеуге онша тырыспайды. Үлгі бойынша текшелерді құрастыру процесінде белгілі форма мен өлшемдегі текше жетпей қалады. Егер таяу орында ретсіз үйіліп жатқан текшелерді көре қалса, бала керекті текшені біршама оңай тауып алады, әйтсе де қажетті текше басқа құрастыруда тұрса (балаға оны бұзуға рұқсат етілсе де), бала ол текшені көрмейді, сөйтіп бөлшекті бүтіннен ажырата алмайтын болып шығады. Бұл екі мысалдан заттық іс-әрекетпен байланысты балада қалыптасқан қабылдау әрекеттері тым жалпы үлгілерді жасай білуге келтіргенімен затты жүйелеуге және толықтай тексеруге, оның бөлшектері мен белгілерін бөле білу мүмкіндіктерінің бола бермейтінін көрсетеді [3].

Мектепке дейінгі бала ішінде қабылдау әрекеттерінің өзгеруі туралы әр түрлі жастағы балалар тобының өздері үшін жаңа заттармен танысуын байқап отырып қорытынды шығаруға болады. Мектепке дейінгі үш жастағы балалардың қолдарына жаңа затты беріп, оның қандай екенін және не қызмет атқара алатындығын анықтауды сұрағанда, олар бірден затпен әрекет жасай бастайды. Олардың затты қарау және ұстап көруге әрекеттенулері байқалмайды: заттың қандай екендігі жөніндегі сұрақтарға балалар жауап бермейді. Төрт жастағы балалар затты қарай бастайды, бірақ мұны тиянақсыз, жүйесіз істейді, көбіне қол әрекетін жасауға көшеді. Заттарды ауызша сипаттағанда бір-бірімен өзара байланыстырмай олар тек жекелеген бөліктер мен белгілерді атайды.

Бес, алты жасар балаларда заттарды неғұрлым жоспарлы да тұрақты тексеру мен сипаттау пайда болады. Қолдарына алған затты олар олай – бұлай аударып төңкеріп қарайды, оның бірсыпыра ерекшеліктеріне назар аударып сипап көреді.

Активная роль государства на первоначальном этапе реализации государственной программы развития туризма Казахстана обеспечит необходимую поддержку субъектам отрасли для дальнейшего развития и повышения конкурентоспособности [10]. Это позволит достичь эффективного развития отечественной туристской отрасли и увеличения 8 %-ной доли в структуре ВВП к 2025 году. После внедрения программы ожидается:

- 1) активное развитие туристских ресурсов;
- 2) обеспечение транспортной доступности туристских дестинаций и объектов;
- 3) повышение качества и доступности туристских продуктов и услуг;
- 4) создание благоприятного туристского климата в стране;
- 5) повышение инвестиционной привлекательности туристской отрасли;
- 6) повышение эффективности маркетинга и продвижения национального туристского бренда;
- 7) совершенствование системы управления туристской отрасли.

#### Библиографический список

1. *Ospanov G.M.* Analysis of the image of Kazakhstan on the world tourism market // *Fundam. Issled.* 2013. Vol. 482, № 574. P. 495–498.
2. WEF. *Travel & Tourism Competitiveness Index 2019 edition.* 2019.
3. *Aliyeva S. et al.* The Socioeconomic Impact of Tourism in East Kazakhstan Region : Assessment Approach // *Sustainability.* 2019. Vol. 11, № 17. P. 4805.
4. Coffey H. The world's fastest growing tourist destinations, from Uzbekistan to Iran [Electronic resource] // *Independent.* 2020. URL: <https://www.independent.co.uk/travel/news-and-advice/tourist-countries-popular-uzbekistan-iran-myanmar-egypt-visitor-numbers-a9314311.html>
5. *Smith O.* The world's fastest-growing tourist destinations revealed [Electronic resource] // *Traveller.* 2020. URL: <https://www.traveller.com.au/the-worlds-fastest-growing-tourist-destinations-revealed-h1lizi>
6. *Sparks H.* Have you traveled to the world's fastest-growing tourist destinations?

[Electronic resource] // New York Post. 2020.

7. *Abubakirova A. et al. Place of Tourism in the Economy of Kazakhstan Republic // Procedia Econ. Financ. Elsevier B.V., 2016. Vol. 39, № November 2015. P. 3–6.*

8. World Tourism and Travel Council. 2019 Annual research: key highlights. Kazakhstan [Electronic resource]. 2019. URL: <https://www.wttc.org/economic-impact/country-analysis/country-data/>.

9. Tourism. Basic indicators for 2003-2018 [Electronic resource] // The official statistical information. Committee on statistics of the Ministry of National Economy, Kazakhstan. 2018. URL: <http://stat.gov.kz>

10. Постановление Правительства Республики Казахстан от 31 мая 2019 года № 360 «Об утверждении Государственной программы развития туристской отрасли Республики Казахстан на 2019-2025 годы.» Республика Казахстан, 2019.

***Ш.М. Кеңес, А.С. Нурумхан***

**ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ КЕШЕНДІ ЗЕРТТЕУ АСПЕКТІЛЕРІ**

*Л.Н.Гумилева атындағы Еуразия ұлттық университеті қ. Нур-Султан  
Sholpan.10.12.1998@mail.ru*

Демографиялық жағдайды кешенді зерттеу - демографиялық саясат стратегиясын айқындайтын тұжырымдамалық, бағдарламалық құжаттарды дайындаудың қажетті шарты. Бағалау көмегімен бірінші кезекте шешуді қажет ететін демографиялық проблемалар анықталады және сол арқылы осы саясаттың басым бағыттары жасалады. Бұл демографиялық параметрлердің өзгеруін бұрын болған деңгейімен салыстыруға мүмкіндік береді. Оның негізінде демографиялық саясаттың тиімділігін бағалауға, демографиялық жағдайдың өзгеруіне байланысты оны жүзеге асыруға қажетті түзетулер енгізуге болады.

Осы уақытқа дейін елімізде жүргізілген зерттеулер негізінде аймақтық демографиялық жағдайды кешенді зерттеудің төрт іргелі аспектісін бөліп көрсетуге болады: динамикалық аспект, сандық аспект, сапалық аспект, территориялық аспект. Олардың әрқайсысын мұқият талдау және өзара тереңдетіп қарау аймақтық демографиялық жағдайды зерделеуді құрайды.

Бұл аспектілердің терең ажырамастығы аймақтық деңгейде атап өткен жөн. Динамикалық аспект – демографиялық жағдайдың уақыттық шегінде анықтау болып табылады. Бұл сұрақта бірінші көзқарас жоқ.

Демографиядағы уақытты өлшеудің негізгі бірлігі ұрпақ ұзындығы (25-30 жыл) болып табылады, себебі дәл осы уақыт аралығында демографиялық үдерістердің қарқындылығы өзгереді. Бірақ, қарқындылықпен қатар, демографиялық көрсеткіштердің ауытқуына әртүрлі құрылымдық факторлар әсер етеді. Бұл факт зерттеулерде ең аз аралықты пайдалануды талап етеді, бірақ аз уақыт ішінде демографиялық жағдайдың мәні іс жүзінде өзгеруі мүмкін емес (төтенше жағдайлар болмаған кезде). Сонымен қатар демографиялық статистиканың негізгі бөлігі жылдық мәнде жарияланады. Негізінен демографиялық жағдай өткен жыл және алдыңғы бірнеше жылдармен салыстырылады. Демографиялық жағдайды халықтың жалпы даму үрдісінің нақты көрінісі ретінде зерттегенде, соңғы 2-3 жылдағы көрсеткіштерді қарастыру, зерттеуші халықтың қоныстану динамикасының негізгі тенденцияларының анықтауда қателіктер жіберілуі мүмкін [3]. Осы фактіден нақты демографиялық жағдайдың жай-күйі мен динамикасын көрсететін объективті және қатесіз сипаттамасы мен бағасын біршама ұзақ уақыт аралығын зерттей отырып қана алуға болады.

Сонымен, қазіргі уақытта статикалық зерттеулердегі басым көзқарасты тар деп санауға болады, өйткені бір сәттік зерттеу тек территория халқының уақытша жай-күйінің



бар болуын ғана сипаттайды, сондықтан кешенді сипатқа үміткер бола алмайды. Ал демографиялық жағдай – анықтамасы бойынша, кешенді сипаттама, ал оның кейбір элементтері ұзақ мерзімді сипаттамаларды қажет етеді.

Сандық аспект – жекелеген ғалымдар мен ғылыми ұжымдар өз жұмыстарында демографиялық жағдай туралы анық және толық түсінік құру үшін қажетті демографиялық көрсеткіштер тізбесінің әр түрлі нұсқаларын ұсынды. Осылайша, олардың бірі абсолюттік мәндегі ең қарапайым нұсқасының бірі-туғандар, қайтыс болғандар, келгендер, кеткендер, табиғи, көші-қон және халықтың өсуі [1]. Басқа ғалымдар интегралды көрсеткіштерді іздеуде керісінше, «Денсаулық сақтау мекемелерін жаңа және күрделі жөндеуден өткізу» сияқты өте сирек және ерекше коэффициенттер мен индикаторларды қолдануды ұсынды. Кейбір зерттеушілер демографиялық жағдайдың синтетикалық көрсеткіші ретінде «халықтың өмір сүру сапасы» ұғымына басты назар аударады.

Алайда, барлық аталған нұсқалар, аймақтық демографиялық жағдайды жан-жақты талдау талаптарын қанағаттандырмайды. Жалпы ең дұрыс тәсіл ол – демографиялық ғылым жинақтаған мүмкін демографиялық коэффициенттерді, ықтималдықтарды, индикаторларды және индекстерді барынша толық аударудан, ашудан және қолданудан тұратын статистикалық тәсіл болып табылады. Өкінішке орай, бұл тәсілдің кемшілігі оның үлкен еңбек сыйымдылығы болып табылады. Оны қолдану үшін бастапқы статистикалық ақпараттың едәуір көлемі талап етіледі, сондай-ақ көптеген математикалық-статистикалық есептерді шешу қажет. Нәтижесінде ол көлемді демографиялық зерттеулер аясында ғана мүмкін болады.

Жоғарыда айтылған қиындықтарға қарамастан, кейбір авторларға «қолайлы ортаны» табу мүмкін болады. Бұған демографиялық жағдайды құрайтын элементтердің негізгі топтарын бөлу және осы топтардың шеңберінде неғұрлым маңызды және тән көрсеткіштерді іздеу арқылы қол жеткізе алады [2].

А.Я. Кваша аймақтың демографиялық жағдайын бағалау үшін демографиялық көрсеткіштердің барлық көлемін ғана емес, олардың ішіндегі ең маңыздысы ретінде екі бөлімін бөліп көрсетті: халықтың ұдайы өндіріс үрдістері және халық құрылымдары.

«Практическая демография» еңбегінің авторлары демографиялық жағдайдың сипаттамасы құрамына элементтердің үш тобын қарастыруды ұсынады [3]:

- халық санын статистикалық бағалау, халықтың қалыптасқан жас-жыныстық құрылымы және оның өсімін бағалау;
- халықтың саны мен құрылымын қалыптастыратын, демографиялық үдерістердің серпінін талдау;
- үрдістерді болжау және олардың демографиялық салдарларын бағалауды қамтиды.

Сонымен, демографиялық жағдайдың сандық аспектісі демографиялық дамудың барлық тараптары туралы түсінік беретін статистикалық көрсеткіштер, коэффициенттер, индекстер жүйесінің көмегімен ашылады.

Сапалық аспект – белгілі бір мағынада сапалы сипаттамасы деп демографиялық дамудың кез келген бағалауды (сандық емес) санауға болады. Мұндай пікір объективті констатация сипатында болуы мүмкін, ал кейде автордың жеке көзқарасы болуы мүмкін. Кез келген жағдайда кейбір аумақтың демографиялық жағдайдың маңызды белгілерінің, қасиеттерінің, ерекшеліктерінің жиынтығын ашуға ұмтылу болуы тиіс. Осы мәселе бойынша арнайы әдебиеттерде талдау аймақтық демографиялық жағдайды зерттеудің дәлдік аспектісіне кіретін төрт блогын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

1. Демографиялық үдерістер мен аймақ халқының құрылымын және олардың өзара әрекеттестігінде дамытудың жалпы ерекше белгілерін зерттеу және ашу

2. Жергілікті жағдайлар кешені мен факторлардың аумақтың өңірлік демографиялық дамуына әсерін анықтау және сипаттау

3. Аймақтық демография саясатын жүзеге асырудың негізгі қағидаттары мен басым бағыттарын тұжырымдау және негіздеу
4. Орта мерзімді перспективаға өңірдің негізгі демографиялық параметрлерін көпнұсқалық сценарийлік болжау.

Зерттеу міндеттерінің бірінші блогы мазмұнды дескриптивті-конструктивтік болып табылады. Осы кезеңде зерттеуші аймақтың демографиялық жүйесінің жекелеген элементтерінің даму ерекшелігі қызықтырады, сондай-ақ олардың осы жүйедегі өзара әрекеттесу ерекшеліктері. Жағдайды сапалы бағалауды объективтендіру мақсатында осындай зерттеу талданатын аумақтың негізгі демографиялық параметрлерін белгілі бір стандарттармен салыстырмалы талдау арқылы жүргізілуі тиіс.

Жалпы мұндай тәсіл демографиялық жағдайдың жалпы және жеке ерекшеліктерін анықтауға және сипаттауға мүмкіндік береді. Оның нақты аумақтағы бірегейлігін бағалау, осал тұстарын анықтау аймақтық демографиялық саясаттың басым мақсаты болуы мүмкін.

Екінші блоктың мақсаты жергілікті факторлар кешенінің әсерін анықтау, сипаттау және халықтың регионалдық өндіріс жүйесінің жұмыс істеуі мен динамикасына жағдай жасау болып табылады. Бұл факторлар мен жағдайларды зерттеу демографиялық үдерістер мен құбылыстардың факторларын әртүрлі деңгейлерде түсіндірілуі мүмкін. Жалпы, міндеттердің екінші блогында қойылған мәселе күрделі және көп қырлы. Ғалымдар үшін демографиялық жағдай себептері мен факторларын анықтау – ең қиын міндеттердің бірі. Ол қандай да бір аумақтың демографиялық бейнесіне бірнеше әртүрлі факторлардың әсер етуімен түсіндіріледі. Барлық факторлардың ішінде қазіргі уақытта жетекші орын әлеуметтік-экономикалық факторға беріледі.

Үшінші блоктың міндеттері – зерттелетін аумақтың негізгі демографиялық параметрлерін болжау болып табылады. Аумақ халқын ұдайы өндірудің болашақ динамикасының ықтимал нұсқаларын талдау аналитикалық және іздеу болжамы түрінде де мүмкін болады. Аймақтық демографиялық параметрлер үшін қысқа мерзімді және орта мерзімді (3-5 жылдан 15-20 жылға дейін) болжамдар тән [2].

Міндеттердің қорытынды, төртінші блогы өңірлік демографиялық саясаттың негізгі қағидаттары мен басым бағыттарын тұжырымдау және негіздеу болып табылады.

Территориялық аспект – территориялық аспектке жүгіну өңірлік демографиялық жағдайды жан-жақты зерттеудің міндетті элементі болып табылады. Зерттеудің осы аспектісі шеңберіндегі негізгі ұғым – «кеңістіктік географиялық дифференциация» (территориялық дифференциация) ұғымы. Ол географиялық ғылымның барлық жүйесінде, оның табиғи және қоғамдық тармақтарында да қолданылатын ұғымдардың бірі.

Демографиялық зерттеуде демографиялық үдерістердің аумақтық дифференциациясына үлкен мән беріледі. Территорияның демографиялық жағдайын аумақтық саралаудың кешенді бағалау нәтижелері қалалар мен аудандардың типологиялық топтарын бөлу және ұқсас жағдайлы – демотиптерге біріктіру болуы тиіс [2].

Демографиялық талдаудың қорытынды кезеңі зерттелетін аймақтың демографиялық біркелкілігін ескере отырып, аймақтық демографиялық саясаттың негізгі қағидаттары мен бағыттарын негіздеу болып табылады. Аймақтық демографиялық саясаттың мазмұнын және оны жүзеге асыру тәсілдерін аумақтық жоспарда нақты саралау қажет, соның нәтижесінде демографиялық саясат қалыптасады. Осылайша, аймақтың әлеуметтік-экономикалық саясатын әзірлеу кезінде демографиялық жағдайды және оны қалыптасырушы әлеуметтік-экономикалық факторларды, олардың өзара әсерін жан-жақты зерттеу қажет.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. *Шавишвили Д.Ф.* О системе основных показателей социально-экономической безопасности // Народонаселение. – Москва, 2007. – 123 с.

2. Еремин А.А., Быков Н.И. Демографическая ситуация в Алтайском крае на современном этапе (1990-2010 гг.). Монография. – Барнаул: Азбука, 2011. – 272 с.
3. Практическая демография. Под ред. Рыбаковского Л.Л. – Москва: ЦСП, 2005. – 280 с.

**И.С. Жұртыбаева**

**ЖАҒАҢДАҢУ ЖАҒДАЙЫНДА ТУРИЗМДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**  
КЕАҚ «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті»  
*indira.zhurtybaeva@mail.ru*

Бұл мақалада бәсекеге қабілеттілікті арттырудың және экономиканы әртараптандырудың индустриялық негізін құру үшін шикізат емес басым салалардың бірі ретінде туризмді қаржыландырудың негізгі көздері қарастырылады. Туризмді дамыту және қолдау бойынша нақты ұсыныстар берілді.

Туризм мемлекеттік бюджетке кіріс түсімінің үлкен көзі болып табылады. Әлемдік қызметтер саудасында туризмнің үлесі 30 пайыздан асады. Әлемдік нарықта салыстыру жасай отырып, туристік өнім мұнаймен қатар сәтті болады. Бүгінгі таңда Қазақстанда туризмді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы жұмыс істейді, өйткені туристік кластер бәсекеге қабілеттілікті арттырудың және экономиканы әртараптандырудың индустриялық негізін құру үшін шикізаттық емес жеті басым саланың бірі болып табылады. Бағдарламаны іске асыруға жұмсалатын болжамды шығыстар 59 миллиард 318 миллион теңгеден асады. Тек осы жылдың өзінде республикалық бюджеттен 2 миллиард 329 миллион теңге бөлінеді.

Туризм индустриясына инвестициялардың жыл сайынғы өсімі шамамен 35 пайызды құрайды.

Дамыған елдерде туризм бизнестің ең тиімді түрлерінің біріне айналды және бүгінде әлемдік капиталдың 7 пайызын пайдаланады. Қазақстанда тек 2019 жылдың өзінде туризмнен түсетін табыс 43 миллиардтан астам теңгені, 2018 жылы 30 миллиард 553 миллион теңгені құрады. Сарапшылардың қарама-қайшылықты бағалауы бойынша оның ЖІӨ-дегі үлесі шамамен 2-3 пайызды құрайды. Салыстыру үшін: дамыған елдерде бұл көрсеткіш 30 пайызға жетеді. ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, сондай-ақ ҚР Статистика агенттігінің деректеріне сүйене отырып, келу туризмі көлемінің 2018 жылғы 5,3 миллион туристен 2019 жылы 5,5 миллионға дейін ұлғаюының тұрақты үрдісін көруге болады.

Кіру туризмін талдай отырып, туристердің шамамен 59% - ы біздің елімізде іскерлік және таза кәсіби мақсаттарда болатындығын көруге болады. Демалу үшін - 30 пайыз, таныстар мен туыстардың шақыруы бойынша – 10 пайыз, коммерциялық мақсатта-1 пайыз. Туризм индустриясын дамыту-бұл бірінші кезекте шетелдік туристерді тарту. Бірақ шетелде біздің еліміз туралы жақсы білмейтіндіктен, олар Қазақстанға өте аз келеді. Шетелдік туристер үшін биік таулы мұз айдыны ретінде тек Медеу ғана көрнекті орын болып табылады және соңғы уақытта Қазақстанның абыройы мұнай болып саналады. Қазақстан шетелдік туристер үшін белгісіз және зерттелмеген болып қала береді.

Қазақстан Республикасының 500-ден астам туристік фирмаларының тек 15% - ы ғана келу туризмін ұйымдастырады, ал басқа компаниялар шығу туризмін, атап айтқанда коммерциялық шоптуризмді ұйымдастырумен айналысады. Шетелге қазақтарды жібере отырып, мұндай ұйымдар олардың көпшілігі үшін "челночный бизнес" өмір сүрудің басты құралы деп санайды. Республика туризмінің мұндай біржақты дамуы елден ақша қаражатының кетуіне әкеледі, бұл оның бюджетіне теріс әсер етеді. Алыс шет мемлекеттерден Қазақстан тұрғындары арасында Түркия, Қытай, Тайланд, Біріккен Араб Әмірліктері үлкен танымалдыққа ие.

Қазақстан шетелдік фирмалар үшін үлкен инвестициялық тартымдылыққа ие. Еліміздің әлеуеті бірқатар перспективалы бағыттарды дамытуға мүмкіндік береді. Бұл ретте Қазақстанның оң туристік имиджін қалыптастыруға және туристік индустрияға инвестициялар

тартуға ҚР Президенті жанындағы "Шетелдік инвесторлар Кеңесі" қауымдастығы (ШИК) үлкен көмек көрсетеді.

Мемлекет туризмге тікелей инвестициялармен, жеке инвестициялар үшін қаржылық ынталандыруды қамтамасыз етумен, сондай-ақ жарнамалық және ақпараттық қызметке шығындармен қаржылық қолдау көрсетеді. Қазақстан Республикасында туризмді қаржылық қамтамасыз ету туризм саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік актілерде белгіленген аударымдар; Қазақстан Республикасының туристік қызмет субъектілерінің пайдасынан аударымдар; банктердің және басқа да кредиторлардың кредиттері есебінен де жүзеге асырылады.

Қаржыландыру мемлекеттік, қоғамдық, кооперативтік кәсіпорындар мен ұйымдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының туристік қызметінің өзге де субъектілерінің өз қаражаты есебінен жүзеге асырылуы мүмкін.

Туризмге қаржылық көмекті кәсіпорындар, ұйымдар және жеке тұлғалар қайырымдылық, қайырымдылық және басқа да өтеусіз актілер тәртібімен көрсете алады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен шетелдік инвесторлар туризмді қаржыландыру көзі бола алады.

Туризм саласындағы қызметпен айналысатын ұйымдар мен кәсіпорындарға Қазақстан Республикасының банктері туристік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және техникалық қайта жарақтандыруға жеңілдікті шарттармен және әдетте ұзақ мерзімді негізде кредиттер береді.

Туризм саласындағы мамандар экономикалық тұрғыдан алғанда туризмнің тартымдылығы инвестицияланған қаражаттың тезірек өтелуінен және еркін айырбасталатын валютада кіріс алудан тұрады деп атап өтті. Туристік бизнес – экономиканың басқа салаларын дамытуды ынталандыру: құрылыс, сауда, ауыл шаруашылығы, халық тұтынатын тауарлар өндірісі, байланыс және т.б. туристік индустрияда көрсетілетін қызметтер көлемінің өсу серпіні басқа салаларға қарағанда жұмыс орындары санының тез өсуіне әкеледі. Туристік қызметтерге сұраныстың өсуі мен туристік бизнесте жаңа жұмыс орындарының пайда болуы арасындағы уақыт аралығы минималды.

Отандық туризмнің басты проблемаларының бірі өңірлерде қаржыландырудың жеткіліксіздігі болып табылады. Мысалы, туризмді дамытудың 2014-2016 жылдарға арналған өңірлік және республикалық бағдарламаларын іске асыруға Солтүстік Қазақстан облысында жыл сайын орта есеппен 500 мың теңгеден, ал 2017 жылға – 629 мың теңгеден, ШҚО облысына – жыл сайын 600 мың теңгеден және Қостанай облысына – 1,5 миллион теңге шегінде бөлінді.

Шет елдердің мысалын қолдана отырып, Кения, Қытай және Американың ұлттық саябақтарына барған туристердің жыл сайын миллион долларға дейін кететінін көруге болады. Қазақстанда бұл көрсеткіш айтарлықтай аз – 10-15 миллион теңге.

Қорықтарға, ұлттық саябақтарға тауарлар мен ақылы қызметтерді сату арқылы өз бетінше ақша табуға рұқсат етіледі. Ұлттық парктер алатын қаржы қаражатты оларды дамытуға, сондай-ақ қорғау және қалпына келтіру іс-шараларын жүргізуге пайдаланылады.

Дегенмен, ұлттық парктерде қаражат табу кезінде белгілі бір қиындықтар бар. Яғни ерекше қорғалатын аумақтар туралы заңнамада қайшылықтар бар. Бір бапта саябақта экономикалық қызметпен айналысуға мүмкіндік береді, ал екіншісі тыйым салады.

Мемлекеттік статистика органдарында қаржыландырудың болмауына байланысты туризм дербес сала ретінде бөлінбеді. Алайда, Дүниежүзілік Туристік Ұйымның ұсынымдарына сәйкес көрсеткіштерді есепке алуды жетілдіру бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізілуде. Осы мақсатта жыл сайын статистикалық есептілік нысандары қайта қаралады және зерттеудің жаңа бланкілері енгізіледі.

Туризм қызмет пен өнімдердің кең спектрін тұтыну процесінде шығарылатын салааралық Қызмет түрінің мысалы болуы үшін көмекші шоттарды енгізу қажет.

Туристік индустрияны дамытудың маңызды мәселесі қаржыландыру мәселесі болып табылады. Осыған байланысты биліктің орталық және өңірлік деңгейлерінің іс-қимылын нақты

үйлестіру, жеке бастамаларды дамытуға көмектесу, саланың ақпараттық кеңістігін құру, қазақстандық туристік өнімді сыртқы және ішкі нарықтарға жылжытудың табысты жүйесін құру, инвестициялау және салық салу мәселелерінде қажетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдау, шетелдік туристердің Қазақстанға келу рәсімдерін жеңілдету ұсынылады.

Қазақстанда туризмді дамытудың басты аспектісі әлеуметтік туризмді, оның ішінде қазақстандықтардың демалу құқықтарын іске асырудың негізі және әлеуметтік қызметтер нарығын дамытудың басты факторларының бірі болып табылатын балалар туризмін дамыту болып табылады.

Туризм мемлекет бюджетінің кірістерін толықтырудың маңызды көздерінің бірі болғандықтан, Қазақстанға туристер ағынын ұлғайту талап етіледі.

Ол үшін туристік ұйымдар саласын келу туризмін дамытуға қайта бағдарлау қажет, бұл негізінен көліктің, орналастыру құралдарының, кадрлық қамтамасыз етудің жай-күйіне, сондай-ақ мемлекеттің осы бағытқа қатысуына байланысты.

Салықтық реттеу-мемлекеттің туристік саланы дамытуға қатысу бағыттарының бірі.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі туристік қызметтердің қосылған құнына салық салу бойынша кейбір түсіндірмелерді енгізді:

\* қазақстандық туроператорлардың шет мемлекеттің азаматтары болып табылатын немесе Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде, оның ішінде турагенттер арқылы тұрақты тұратын туристерге өз турөнімін өткізу бойынша көрсететін қызметтері Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде өткізілген қызметтер ретінде қарастырылады, осыған байланысты турөнімнің құнына Қазақстан Республикасында ҚҚС салынбайды;

\* қазақстандық турөнімді сату бойынша турагенттердің қызметтері, сондай-ақ, шет мемлекеттің азаматтары болып табылатын немесе Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде, оның ішінде шетелдік турагенттер арқылы тұрақты тұратын туристерге Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде өткізілген қызметтер ретінде қарастырылады, осыған байланысты турагенттің комиссиялық сыйақысына ҚҚС салынбайды.

Мұндай салық салу механизмі қосарланған салық салуды жояды, бұл туристік агенттер мен туроператорларды ҚҚС-тан босату арқылы кіріс туризмін дамытуды ынталандырады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Главчева С.И., Леонтьева Ю.А. Экономика туризма Западной Сибири: проблемы развития //ЭКО. – 1999. – №8. – С. 117–125. 13
2. Финансы Республики Казахстан. Статистический ежегодник 1990–2007 гг. Под. ред.
3. Ю.Шокаманова. – Алматы: Агентство РК по статистике, 2008. – 166 с.
4. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана «Казахстан на пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации» // Казахстанская правда. – 19 февраля 2009 г.
5. Дуйсен Г.М. Формирование и развитие индустрии туризма на основе использования природнорекреационного потенциала Казахстана. Автореферат дисс. канд. – Алматы, 2007. – 26 с.

*А.Е. Аялбекова*

ИНТЕРНЕТ-ПРОДВИЖЕНИЕ ТУРИСТСКОГО ПРОДУКТА

«Университет Туран-Астана г.Нур-Султан»

*alya1960@list.ru*

В качестве носителей информации по продвижению туристических продуктов предприятия туристической отрасли традиционно используют периодические издания, радио, телевидение. Однако с каждым годом все большее значение получает Интернет, как носитель туристической информации.

Под термином «Интернет» в настоящее время понимают:

- глобальную компьютерную сеть, многоуровневую коммуникационную модель осуществления интерактивных сетевых процедур с использованием диалоговых информационных мультимедийных средств;
- компьютерную информационную среду коммуникативного взаимодействия физических и юридических лиц;
- современную разновидность средств массовой информации;
- рыночную среду, электронную сферу совершения обмена, купли-продажи и рекламы товаров и услуг в среде World Wide Web с использованием мультимедийных ресурсов;
- средство общения людей [1].

В настоящее время все больший интерес туристических предприятий вызывает глобальная сеть как средство рекламы и продвижения туристического продукта. Продвижение в Интернете мало чем отличается от иных способов продвижения — те же принципы составления форм и видов рекламных и информационных сообщений и их продвижения на основе принципов сегментации потребителей. Существенно видоизменяются только средства и способы реализации.

Главные задачи продвижения в Интернете аналогичны задачам обычной рекламы — распространение, продвижение бренда, продажа товара или услуги.

Продвижение в Интернете — открытое оповещение о товарах, услугах или идеях, которое проводится с использованием возможностей глобальной сети: отдельных сайтов, каталогов, поисковых систем, периодических изданий, статей, объявлений, гиперссылок, баннеров, рекламных страниц, интерактивных роликов, игр, рассылки посредством email и т.д., для достижения разнообразных целей.

Глобальная сеть Интернет предлагает следующие пути продвижения туристического продукта:

- продвижение продукта через создание собственного web-сайта;
- электронная реклама;
- баннерная реклама;
- реклама в социальных сетях;
- промо-акции в сети Интернете;
- прямая e-mail рассылка;
- PR-технологии;
- участие в международных выставках и ярмарках в сети Интернет.

Туристские интернет-ресурсы по принадлежности к системам электронной коммерции подразделяются на следующие уровни:

Домашняя страничка в Интернете. Значительное количество турфирм имеет подобный ресурс, на котором публикуются телефоны, адреса офисов, общая информация о фирме, основных услугах и др.

Таким образом, продвижение туристического продукта в Интернете является одним из наиболее перспективных способов продвижения услуг туристических предприятий, как на внутреннем, так и на международном туристическом рынке с использованием новейших оригинальных технологий, что позволяет эффективно достигать поставленных целей по распространению информации, продвижению бренда и увеличению объемов продаж товаров и услуг. Данные опроса потребителей в городах Казахстана, проведенного авторами в рамках научного исследования в 2019 году свидетельствуют о растущем значении Интернета в качестве источника информации о турпродукте. На рисунке 1 представлены данные о популярности источников информации, также о степени доверия к ним со стороны потребителей.




Рисунок 1 - Источники информации, влияющие на принятие решения о покупке турпродукта (доля респондентов, использующих источник) [2]

Как видно из рисунка, сегодня прослеживается тенденция снижения эффективности прямой рекламы туристских услуг в средствах массовых коммуникаций. Это выводит глобальную сеть Интернет на лидирующие позиции среди средств продвижения туристского продукта.

Электронный каталог позволяет через специализированные поисковые формы, получать всю необходимую информацию о требуемых услугах.

Электронный склад позволяет осуществить потребителю поиск по базам данных фирмы, а также бронировать заказанный продукт на некоторое время. В течение времени бронирования продавец и покупатель должны off-line договориться о способах оплаты и доставки.

Электронный магазин позволяет оплатить «отложенный товар» непосредственно через систему и далее только дожидаться доставки или заехать за билетами, путевками, ваучерами в офис продавца.

Электронный магазин полного цикла позволяет найти и оплатить услугу, а также получить все необходимые документы, не отходя от компьютера.

Интегрированный электронный магазин полного цикла позволяет в одном заказе приобрести целую совокупность взаимосвязанных сервисов: перелет, проезд по железной дороге, размещение, трансферт, экскурсии, лечебные процедуры, посещение ресторанов, театров и т.д. [3].

Интернет открывает для пользователя следующие возможности:

доступ к гигантскому информационному пространству, содержащему практически все направления деятельности человека;

быстрый и удобный доступ к различным справочным материалам: каталогам, справочникам, энциклопедиям и др.;

использование возможности дистанционного обучения, а также различных образовательных программ;

возможность доступа к удобной и дешевой системе коммуникации (электронная почта, цифровая телефонная связь, видеотелефон и т.д.);

новые возможности в формировании, продвижении и реализации товаров и услуг;

новая эффективная стратегия маркетинга и рекламы;

возможность электронной презентации;

- участие в электронных ярмарках, выставках, биржах, аукционах и др.;
  - система поиска оптимальных вариантов выбора и бронирования услуг;
  - развлекательная функция (музыка, кино, видео, фото, мультипликация);
  - трансферт капитала и возможность безналичных дистанционных взаиморасчетов;
  - система виртуального офиса;
  - работа в оперативном режиме 24 часа в сутки, 365 дней в году и др.
- Большинство из вышеперечисленных возможностей Интернета в настоящее время используется в туристической сфере. Однако особый интерес у туристических организаций вызывают следующие формы использования глобальной сети:
- коммуникации и эффективная связь;
  - реклама и продвижение туристического продукта;
  - маркетинговые исследования;
  - электронная презентация фирмы и ее туристического продукта;
  - использование возможностей электронных международных и межрегиональных туристических выставок, ярмарок;
  - использование системы бронирования и резервирования;
  - самостоятельное формирование тура и приобретение туристической путевки;
  - использование электронных каталогов туристического продукта по странам и направлениям;
  - получение страноведческой информации, оперативного прогноза погоды в различных странах мира, расписания движения различных видов транспорта;
  - получение оперативной информации по тарифам и ценам для отелей, ресторанов, различных перевозчиков и другим туристическим услугам;
  - использование сети Интернета для взаиморасчета;
  - создание виртуального туристического офиса и др.
- Наиболее популярным инструментом интернет-продвижения туристского продукта является web-сайт.
- Структура сайта – это расположение информации на сайте. Правильно созданный сайт должен работать эффективно. Существует система показателей, по которым компания имеет возможность определить, достигаются ли поставленные перед ним цели.
- Во-первых, посещаемость сайта, т.к. каждый посетитель — это потенциальный клиент.
- Во-вторых, чтобы сайт быстрее окупился и начал приносить прибыль, его стоимость должна соотноситься с ожидаемым экономическим эффектом от создания web-страницы.
- В-третьих, на сайте должна постоянно добавляться и обновляться информация, только такой сайт может пользоваться популярностью, и иметь высокий рейтинг в поисковых системах.
- Критерии, благодаря которым сайт становится привлекательным для потенциальных клиентов.
- «Home-Run» Так в США называют бейсбольную команду, одерживающую одну победу за другой. Американский исследователь Якоб Нильсен собрал воедино 7 факторов, по которым пользователи на одни сайты возвращаются, а на другие – нет:
- High-quality content ⇔ Высокое качество содержания; Often update ⇔ Частые обновления;
  - Minimal download time ⇔ Минимальное время загрузки; Ease of use ⇔ Простота использования;
  - Relevant to user's needs ⇔ Соответствие потребностям пользователя; Unique to the online medium ⇔ Уникальность в Интернете [4];
  - Net-centric corporate culture ⇔ Ориентированная на Интернет корпоративная культура.



Для гармонизации и улучшения работы сайта компании необходимо не только исследовать мнения и пожелания своих клиентов, но и корректно использовать маркетинговые технологии при создании и обновлении информации.

Контент-маркетинг – это стратегия привлечения и удержания клиентов с помощью регулярного размещения полезных и увлекательных текстов на собственных и сторонних информационных площадках.

Интернет-магазин – это программное обеспечение, созданное для совершения покупок и продаж с web-сайта. Главное преимущество интернет-магазина – это возможность расширения географии продаж и привлечение большего количества клиентов со всех регионов Казахстана и даже из зарубежья.

Одним из основных элементов работы по созданию любого сайта является проектирование пользовательских интерфейсов.

Постоянное внимание к клиентам принципиально влияет на развитие интернет-магазина. Очень трудно получить прибыль от первого заказа клиента, но гораздо легче получить прибыль за все время, пока клиент остается вашим клиентом. У интернет-магазинов, которые имеют внятную стратегию для работы с разными RF-сегментами, доля повторных покупок может достигать до 80-90% от общего объема. Высокие показатели Life time profit и низкий отток клиентов существенно повышают привлекательность интернет-магазина в глазах самых серьезных инвесторов.

Контекстная реклама – это размещение текстовой рекламы туристской фирмы на странице выдачи результатов поиска Yandex, Google, Rambler. Рекламные объявления турагентств и туроператоров будут показаны сверху и справа от результатов поиска. Контекстная реклама в поисковых системах отлично подходит для продвижения туров, продвижения отелей, продвижения турагентства и рекламы туроператора и в тоже время она дает максимально быстрый эффект. Контекст остается самым быстрорастущим сегментом маркетинговых коммуникаций в Казахстане. Так, согласно исследования сервиса eLama.ru, объем рынка контекстной рекламы в 2019 году составил 60,9 млрд рублей, что на 34% больше, чем в 2018 году.

Вебинар (webinar) – разновидность web-конференции, онлайн-встреч или презентаций через интернет. Основным отличием вебинара от web-конференции является использование его для проведения обучения [5].

Одной из тенденций современного рынка туристских услуг является устойчивый рост онлайн – продаж. Лидером в данной области являются средства размещения, на втором месте стоят транспортные компании, сегодня легко можно купить билеты на самолет или поезд в интернете, и даже пройти онлайн – регистрацию. Сейчас доля онлайн – продаж авиабилетов достигает 90%, а железнодорожных билетов – 18%. По прогнозам экспертов, в будущем главным двигателем этой сферы должны стать агентства, и те компании, которые не будут развивать свою электронную торговлю, не будут стремиться быть более клиентоориентированными, поддерживая программы лояльности, со временем будут терять свою клиентуру.

Специфика реализации турпродукта такова, что требует предоставления актуальных сведений о доступности транспортных средств, возможности размещения туристов, обеспечения быстрого резервирования и бронирования мест, взаимодействия с множеством ассоциаций и систем.

Развитие онлайн-торговли позволяет компаниям не только сократить производственные расходы, но и лучше учитывать запросы клиентов, более гибко подстраиваясь по тенденции сезона. К тому же в интернете проще проводить специальные рекламные кампании, собирать информацию о предпочтениях и потребностях клиентов.

По результатам исследований, проведенных IPK International's World Travel Monitor с 2018 по 2020 год, доля интернет – бронирования на рынке туристских услуг Казахстана увеличилась с 9 до 42%.

По данным компании Skyscanner, темпы роста онлайн-продаж в туризме составляют около 100% в год. Эксперты предполагают, что к 2020 году интернет-аудитория в Казахстане превысит 90млн. человек. Сейчас продаж и в интернете растут не за счет доли агентств, а в результате роста онлайн-продаж ведущими компаниями через своих партнеров, не связанных с туристическим рынком.

Необходимо отметить, что около 60% продаж туров идет через B-to-B – от туроператора через онлайн – тревел – агентов к туристу. В то же время в Казахстане ведущие операторы уже начинают работать через интернет напрямую с клиентами по модели B-to-C.

Эксперты выделяют следующие проблемы онлайн-рынка туристских услуг в Казахстане: во-первых, низкий уровень осведомленности туристов о существующих методах оплаты и соответственно низкий уровень доверия к транзакциям через интернет. Только 15% оплат онлайн — сервисов пришлось на банковские карты.

Даже, несмотря на множество предлагаемых услуг электронных денег, покупатели сознательно не хотят платить большие суммы онлайн. Во-вторых, незнание, что такое электронный билет или электронный ваучер, и как следствие, низкий уровень доверия к их приобретению. Тем не менее, с опытом потребители всё больше осознают важность онлайн-индустрии, и доверие к ней быстро растет. Все это неизбежно

ведет к уменьшению доли продаж традиционных агентств, и увеличению количества туристских онлайн сервисов.

Также одной из тенденций развития рынка современных технологий является «мобилизация». Сегодня нет человека, у которого нет смартфона с выходом в интернет.

Ряд мобильных приложений, например, Amadeus Travel Seeker, позволяет отслеживать выгодные тарифы авиакомпаний и отелей. Современный путешественник может заказать и оплатить услуги, а также делиться между собой полезной информацией по организации командировки [6].

Ожидается, что с 2017 по 2019 год количество мобильных бронирований в США вырастет втрое, достигнув \$25,8 млрд. Согласно статистике, трое из десяти американцев в 2018 году забронировали или оплатили билет либо гостиницу с телефона, а больше половины использовали смартфон для поиска соответствующей информации. По прогнозу PhoCusWright, к 2019 году пятая часть всех онлайн-заказов будет осуществляться со смартфонов и планшетов.

Эксперты Amadeus обращают внимание на то, что мобильный контент позволяет поставщикам услуг гораздо быстрее «достучаться» до клиента и предложить ему адаптированный для него продукт.

Флориан Тиннус — директор по работе с корпоративными клиентами и реселлерами Amadeus, утверждает, что увеличение объемов информации с обеспечением доступа к ним через социальные медиасервисы позволит поставщикам предложить индивидуальный сервис в 2019 году, и компании, которые окажутся в авангарде этого движения, смогут диктовать другим свои правила игры [7].

Ведущими компаниями на казахстанском рынке названы Anywayanyday и Ozon.travel, как глобальные операторы, VIP Service и Agent.ru aviasales. Kz в сегменте авиабилетов, hotelbook.kz в сегменте бронирования отелей. На долю Booking.com приходится 60% всех онлайн бронирований в Казахстане.

#### Библиографический список:

1. Кремнев Д. Продвижение в социальных сетях, Изд.: Питер, 2015. – с.90
2. Румянцев Д. Интернет-маркетинг от А до Я. –М: АСТ, 2014. – 350с.
3. Халилов Д. Маркетинг в социальных сетях, Изд.: Манн, Иванов и Фербер, 2015.

– с.100

4. Радыгина Е. Новые возможности взаимодействия с потребителями услуг в условиях цифровой трансформации. \ \ Вестник Академии знаний №36 (1), 2020. – с.201-206

5. Сайт «Инструменты и методы продвижения в маркетинге». – Режим доступа: <http://smm.ingate.ru/smm-wiki/marketing-prodvizhenie/>

6. Руденко М., Грибанов Ю. Тенденции цифровизации и сервисизации экономики. \ \ Теория и практика сервиса: экономика, социальная сфера, технологии, 2019. – с. 5-8

7. Highlights From the New State of Service Report \ \ Salesforce – 19.03.2019 <https://www.salesforce.com/blog/2019/03/customer-service-trends.html> (дата обращения - 22.01.2020)

**С. Құмарбекұлы, А.М. Кадырханов, Б.Ш. Абдимананов**  
**ҚАЗАҚСТАНДА ЭКОТУРИЗМДІ ДАМУ ТУРАЛЫ ҚИЫНДЫҚТАРЫ МЕН ОНЫ**  
**АЛДЫН-АЛУ ШАРАЛАРЫ**

*«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ*  
*[sanat\\_kv@mail.ru](mailto:sanat_kv@mail.ru)*

Қазақстанда экотуризмді дамытудың үлкен мүмкіндігінің болуына қарамастан, оны дамытудың көптеген қиындықтары бар.

Республикамызда экотуризмді дамытудың ең басты проблемасы қазіргі уақытқа дейін экотуризмді дамытуда мемлекеттік бағдарламаның жоқтығы және осыған байланысты мемлекет тарапынан туризмнің бұл түріне қолдау көрсетілмеуі. Бірақ-та, Қазақстанда экотуризм мүлде дамымаған деуге болмайды. Өйткені экотуризмді дамыту мақсатында көптеген ЕҚТТ өз территорияларында экомаршруттар ұйымдастыруда және бұл саланы дамыту сұрақтары мен айналасатын арнайы мекемелер, мемлекеттік емес ұйымдар бар. Сондықтан Қазақстанда экотуризм танымал болып келеді деуге болады.

Экотуризм мен туристік нарығын дамытудың аса маңызды және кешенді проблемасына материалды-техникалық базаның жағдайы және оның масштабының потенциалды сұранысты қанағаттандырудағы толық сәйкес еместігі жатады.

Сондай-ақ маңызды проблемелар қатарына туризм сферасында жұмыстың практикалық тәжірибесінің жоқтығы жатады. Бұдан туындайтын проблема – туризмнің бұл түрі бойынша арнайы мамандардың жоқтығы. Қазіргі уақытта туризм саласы бойынша мамандарды аль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Абай атындағы ҚазҰПУ, «Тұран» университеті, Қазақ мемлекеттік халықаралық қатынастар және халықаралық тілдер университеті және тағы басқа университеттер дайындайды.

Басқа туризм түрлерінің дамуы сияқты экотуризмнің дамуы да қаржы мен материалды-техникалық жағдайлармен тығыз байланысты. Себебі қонақ үй, туристік базалар, тамақтану пунктерін салу, жарнама материалдарын дайындау көп қаражат көздерін керек етеді.

Қазақстанда экотуризмнің нашар дамуына келесідей себептерді жатқызуға болады:

-экологиялық туризмнің нормативті-құқылық базасының дамымауы;

-экотуризмді туризм объектілерінің жағдайы мен саны бойынша статистикалық есептің жүргізілмеуі;

-салық саясатының жетілмеуі, нәтижесінде шетел туристерін қабылдайтын және шетелге туристер шығаруды атқаратын туристік фирмалардың қандай болмасын қызмет түріне 20 пайыз қосымша құн салығы салынып отыр;

-көптеген ЕҚТТ-да экотуризм маршрутын дамытуға қажетті қаражаттың жоқтығы;

-келушілерге қызмет көрсету мен таныстыруда арнайы дайындалған мамандардың болмауы;

-негізінен магистралдар мен ірі жолдардан айтарлықтай алшақ жерлерде орналасқан экотуризм объектілеріне жетуді төменгі транспорттың қолайсыздығы;

-экотуризмді ұйымдастыруда халықаралық тәжірбиенің және қалыптасқан халықаралық қатнастардың болмауы.

Экотуризмнің жақсы дамуы үшін табиғи және тарихи-мәдени ресурстар толығы мен сақталуы керек. Ол үшін Қазақстан Республикасы келесідей шаралар қолдануы керек:

-экологиялық туризм объектілерінің жағдайы мен қазіргі және болашақтағы қорғау бағдарламаларын бағалайтын қайталанып отыратын (5 жылда бір) кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізу;

-туристік маршруттар және туристердің ағымын қалыптастыруда маршрут экожүйесіне жіберілетін ауыртпаушылықтарды есепке алуы керек;

- әр экотуристік объектілерде болу регламентін ұйымдастыру;

-ЕҚТТ-да экотуризмді ұйымдастыруда табиғатты – қорғау режимін қатаң орындау;

-табиғатты қорғауды толық қамтамасыз ететін туристік фирмалар мен ұйымдарға ғана лицензия беруді ұйымдастыру;

-экотуризм ресурстары жағдайының мониторингін жүргізу және тағы басқа шараларды іске асыру керек.

ДТҰ экотуризмді туризмнің тұрақты дамуының негізгі элементі деп қарастырып отыр. Экотуризмнің дамуы туристік іс-әрекеттернің нәтижесінде экожүйеге тигізілетін кері әсерді төмендетудің ең негізгі және жалғыз жолы болып табылады.

Экотуризмнің жалпы қолайлы дамуы, яғни экотуризмнің жоспарлануы және тұрақты дамуы үшін ДТҰ келесідей негізгі принциптер мен ұсыныстар ұсынады:

-экотуризм табиғи территориялардың сақталуына, жақсаруына және тұрақты дамуына жағдай жасау керек;

- экотуризм әр елге, аймаққа және территорияға арнайы саясаттың, стратегияның және бағдарламалардың жүргізілуін талап етеді;

- экотуризм үшін барлық қызығушы жақтардың, оның ішінде мемлекеттік құрылым, мемлекеттік емес ұйымдар және жергілікті бірлестіктер арасындағы практикалы және эффективті құрылым координациясы қажет;

-экологиялық туризмді дамытқан зонада инфрақұрылымды табиғи ландшафтқа айтарлықтай күшті өзгерістер енгізбей, яғни қоршаған ортаны ластамайтын энергия көздерін қолдану арқылы ұйымдастыру керек;

-экотуризмнен түскен табысты негізінен қорғалатын территориялардың қажеттілігіне жұмсау;

-білім беру мен мамандық дайындау экотуризмнің тұрақты дамыту мен реттеудегі негізгі шарт болып табылады;

-экотуризм бойынша жарнамалық материалда баратын территория туралы айтарлықтай ақпарат болуы керек. Бұнда орналастыру және тамақтандыру ақпараты және берілген туристік орталықта өзін қалай ұстау ақпараты кіреді.

Сонымен, экотуризмнің дамуы табиғатты қорғау жұмыстарының эффективтілігін арттыруда, экологиялық жағдайдың жақсаруында және елдің тұрақты дамуында үлкен, әрі маңызды рөл атқарады.

Осы айтылған факторлардан басқа, экотуризмді дамытуда экологиялық білім беру мен тәрбие өте маңызды орын алады.

Экологиялық мәдениет дегеніміз-адамның ойында, сөздерінде жұмысында және іс-әрекеттерінде көрінетін материализацияланған ақыл-ойы. Осыған байланысты негізгі мақсат болып барлық категория мен жастағы адамдарға экологиялық білім беру табылады. Бұған қоса, экологиялық білім-беру туристердің табиғаттағы демалуын толық қанағаттандырудың ажырамас бөлігі болып табылады.

Экотуризм халықты экологиялық білім беру мен тәрбиелеуде көп көмегін тигізеді. Экологиялық білім беру мен тәрбиелеу процессінің ерекшелігі бұнда білім беру мен тәрбиелеу ақпараты адамдардың өзіндік талпынысымен қабылдауына, табиғи ортадағы өзін-өзі ұстау нормаларына байланысты.

Ерекше қорғалатын табиғи территориялар демалушы адамның экологиялық білім беруі мен тәрбиелеуін ұйымдастыруға арналған ең қолайлы жер. Бұл үшін ЕҚТТ әкімшілігі «танымдық табиғи соқпақ жолдар», «білім беретін табиғи соқпақ жолдар» немесе «экологиялық соқпақ жолдар» деген атқа ие болған арнайы маршруттарды дайындау керек. Келушілердің сұранысына қарай бұндай соқпақ жолдар әртүрлі мақсатты көздеуі мүмкін және ұзындығы да келушілердің қалауы бойынша ұзартылуы мүмкін. Жеке білім беретін соқпақ жолдарда негізгі мақсаты туристер ағымын реттейтін аса қызықты учаскілерде туристік ауыртпалықты жеңілдетуге арналған жүйеге біріктірілуі мүмкін. Туристер үшін жасалатын соқпақ жолдар арнайы талаптарға сай келуі керек.

Білім беретін соқпақ жолдар немесе экологиялық соқпақ жолдар негізгі үш талапты көздейді:

1. Келушілерге арналған соқпақ жолдар тартымдылығы үш компоненттен тұрады: табиғат эстетикасы, оның өзгешелігі мен алуан түрлілігі. Маршрут жасау кезінде тамаша пейзаждардың білім беретін соқпақ жолдарда өте маңызды элемент екенін ескеру қажет. Әр соқпақ жол басқасынан тек табиғи құндылығымен (үңгір, шатқал, ерекше тау беткейлерімен және тағы басқа) ғана емес, сондай-ақ жабдықталумен де (көпірлердің алуан түрлілігі, тұрақтар, белгілер және тағы басқа) ерекшеленуі керек.

2. Келушілерге қолайлы болуы. Білім беретін соқпақ жолдар елді-мекендерден алыс болмауы керек және бұл елді-мекенге дейінгі жол жақсы болуы керек. Яғни, адам физикалық шаршамауы керек, өйткені адамның физикалық шаршауы оның табиғатты тамашалауына, табиғи тәрбиеленуіне кедергі жасауы мүмкін.

3. Ақпараттылық-бұл адамдардың география, биология, экология салаларындағы танымдылық сұранысын қанағаттандырады. Бұл үшін ландшафты сипаттайтын, табиғи құндылықтарды елді-мекен тарихымен және аңыздармен байланыстыратын буклеттердің, плакаттардың болуы қажет.

Ең алғаш білім беретін соқпақ жолдар ХХ ғасырдың басында АҚШ-та пайда болған. Кейіннен олар Канада, Франция, Ұлыбритания, Швеция, Швейцария, Кения, Индия елдерінің ұлттық парктерінде пайда болды. Ал біздің елде білім беретін соқпақ жолдар құру-жана, бірақ тез дамып келе жатқан және көптеген ұйымдар мен бірлестіктерді қызықтырып отырған іс-әрекет болып табылады.

Адам мен табиғаттың ара-қатынасы экологиялық туризм арқылы шешілетіні сөзсіз. Экологиялық туризм осы ара-қатынастардағы жағымды жақтар мен қоса, адамның табиғатқа келтіретін жағымсыз жақтарды да көрсетуі керек. Осылайша, экологиялық маршрут кезінде экотуристер объектілер мен процестермен, табиғи орта құбылыстарымен танысады, ал гид-нұсқаушылар маршрут зонасында байқалатын көптеген антропогендік факторларға туристердің көңілін аударады. Бұнда негізінен туристер адамның табиғатқа келтіретін әсерінің нәтижесін бағалауға тырысады. Адамның табиғат пен араласуы табиғатқа деген сүйіспеншілікті оятады, адамның табиғатты қорғауға тәрбиелейді және адамның білімділік деңгейімен мәдениет деңгейін көтереді. Экологиялық туризм адамға қоршаған ортаны қорғау проблемелері қабылдауда белсенді позицияларды ұстануға көмектеседі.

Жалпы айтқанда, экологиялық білім беру мен тәрбиелеу Қазақстанда экотуризмді дамытуда және экотуристік объектілердің, құндылықтардың сақталуында, сондай-ақ адамды табиғатты сүюге тәрбиелеуде өте маңызды орын алады.

### Әдебиеттер тізімі

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік дәрежедегі табиғи қорықтар мен табиғи ескерткіштер туралы» заңы. 27.06.2001.

*Мазбаев О.Б.* Туризм және өлкетану негіздері: оқу құралы, –Алматы: Қаз ҰПУ, 2006

*Сергеева Т. К.* Экологический туризм. М.: Финансы и статистика, 2011

*Биржаков М.Б.* Введение в туризм. М.: 2012. – 236 с.

*У.К. Жанғалиев*

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ ДАМУЫНДА НЕГІЗГІ  
МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ ШЕШІЛУ ЖОЛДАРЫ

Қазақ инновациялық, гуманитарлық – заң университеті.

[kurmetkalievich@mail.ru](mailto:kurmetkalievich@mail.ru)

Зерттеушілердің көпшілігі «экотуризм» түсінігіне көп уақыттар бойы нақты анықтама бермеді. Оның себебі – маркетингтердің туристерді тарту мақсатында белсенді демалысты (outdoor) табиғатқа және оны қорғауға бағытталған сөз ретінде қолданылуы. Бірақ шынында да ондай туроператорлар қоршаған ортаны қорғауда айтарлықтай мән берілмеді. Сондықтан да экотуризм түсінігі көп уақыттар бойы туризм теоретиктеріне сыншыл қатынаста болды. Мысалы, Б.Виллер Кубада экотурмен болғанда, туристер мейрамханада түскі асты ішіп болғанша, автобус жүргізушісі автобус ішінде ауа тазартқыштың жұмыс істеуі үшін жарты сағат бойы двигательді өшірмегенін байқады. Бұл әрине, туристерге ыңғайлы болғанымен, жергілікті халықтың денсаулығына зиянды екені ескерілмеген.

Еуропадағы БТҰ-ның жетекшісі П.Шэклфордтың айтуы бойынша «экотуризм» туризм индустриясында он жылдан астам уақыт қолданылып келеді. Сонымен қатар бұл терминді 1978 жылы Миллер туризмнің тұрақты даму тәсілі ретінде қарастырған.

Кейбір жағдайда бұл табиғаттың түртілмеген өркениеттеріне жасалған саяхат деп түсіндіріледі: экотуризм – «пейзажбен қанағаттандырып, ләззат алуға, жабайы өсімдіктер мен жануарларды тамашалайтын ластанбаған аймақтарға саяхат». Басқа жағдайда – бұл табиғаттағы экологиялық тепе-теңдікті қамтамасыз ететін күш, яғни экотуризм – «табиғи және мәдени қоршаған ортаны танып білу және сол ортадағы жағдайларды жақсарту үшін қызмет ететін табиғи туризм».

Экотуризмге көзқарастарда кездесетін географиялық анықтама да ерекше көрініс табады. Дамыған елдердің сарапшылары, яғни экотуристерді жеткізушілер тұтынушылардың талғамы мен рекреациялық қажеттіліктерімен келісе отырып, тұтынушылар көзқарасын мақұлдайды. Туроператорларды және қабылдайтын туристік жақ зерттеушілерін ойландыратын жайт елдегі әлеуметтік-экономикалық дамудағы туризмнен түсетін табыс пен туризм рөлі.

Экотуризм жөнінде анықтамалардың ішінде біздің көзқарасымызбен үйлесетіні – Г.С.Гужиннің, М.Ю.Беликовтың, Е.В.Клименконың берген анықтамалары, ол: Экотуризмнің негізінде қоршаған ортаға қамқорлық көрсету жатыр. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және қорғаудың әртүрлі жобаларын жүзеге асыру мақсатындағы мәдени қызығушылықты көрсететін табиғат зонасына қатысушылардың шектелген санымен саяхатты ұйымдастыратын түсінігімен анықталады [1].

Берілген анықтама халықаралық экотуризм ұйымының (TIES) берген анықтамасымен көп ұқсастықтары бар: Экотуризм – «жергілікті халықтың жағдайына қолдау көрсетумен және қоршаған ортаны қорғай отырып, табиғи зоналарға, аймақтарға жүргізілетін жауапкершілігі мол саяхат».

Бұл саяхаттың түрін терең түсіну үшін TIES берген экотуристің он парызын мысалға келтірейік:

- Жердің әлсіздігі мен осалдығын ескеру;
- Тек із ғана қалдыру, тек фото ғана алып кету;
- Тұрған әлеміңді танып-білу;
- Жергілікті халықты сыйлау;
- Қоршаған ортаға зиянын тигізетін бұйымдарды сатып алмау;
- Өрқашанда тек жүрілген соқпақ жолмен ғана жүру;
- Қоршаған ортаны қорғаудағы бағдарламаларға қолдау көрсету;
- Қоршаған ортаны қорғау тәсілін мейлінше қолдану;
- Табиғатты қорғауда әрекет ететін ұйымдарға қолдау көрсету;
- Экотуризм қағидасына қолдау көрсететін фирмалармен бірге саяхат

жасау.

Экотурист парызына сәйкес «British Airways» әуе компаниясы жолаушыларға төмендегідей ескертпелер (British Airways Worldwide) құраған:

1. Піл сүйегінен немесе оған ұқсас сирек кездесетін жануарлардан жасалған бұйымдарды ешқашанда сатып алмаңыз;
2. Жергілікті өндірістің өнімдері мен қызметтерін тұтынуға белсене атсалысыңыз. Осы орайда Сіз жергілікті экономиканың дамуына өз үлесіңізді қосасыз;
3. Жануарларға қиянат жасамаңыздар және өсімдіктерді жараламаңыздар.
4. Әсіресе маржан рифтерімен абай болыңыз. Естеріңізде болсын, маржандар – олар жақындағаннан адам денесін жаралап тастайтын тірі ағзалар;
5. Көптеген елдер қоршаған ортаны қорғау мәселесімен жұмыс істеуде, егер сіз ұлттық парктерді, мұражайларды, ескерткіштерді араласаңыз сіз оларға өз үлесіңізді қосыңыз;
6. Егер сізде қоршаған ортаны қорғау жөнінде мәселе туындаса өз ойыңызды, оған деген қатынасыңызды айтыңыз;
7. Тірі табиғатты мекендейтін тіршілік иелеріне қиянат жасамауға тырысу, тіршілік ететін ортасын немесе табиғи өмір салтын бұзбаңыз;
8. Қорықтарда немесе ұлттық саябақтарда өсімдіктерге зиян тигізбес үшін тек көшелермен ғана жүріңіз. Шылым тартқанда байқаңыздар – сөнбеген шылым өрттің себебі болуы мүмкін.

Наташа К.Верд экотуризмге берілген анықтамаларды белсенді және белсенді емес деп екіге ажыратқан. Біріншісіне ол Майяның берген анықтамасын жатқызады: «экотуризм жергілікті халық пен болашақ туристер үшін аймақтың табиғи ресурстары мен жергілікті мәдени құндылықтарды сақтаудың маңыздылығын ескере отырып, мәдени, табиғи туристік ресурстардың қолданылуын ынталандырады, реттейді және көмектеседі». Белсенді анықтамаға мысал болатын көзқарас халықаралық тіршілікке бейімделу қоғамының көзқарасы. Онда: «экотуризм жергілікті халықтың туристік территорияларды игерудегі қызығушылықтарын, жергілікті флора мен фаунаны қорғауды, жергілікті халықтың қоршаған ортаны қорғаудағы экономикалық ынтасын қамтамасыз етуді ынталандырады».

Экотуризмнің белгілерінің толық спектрі төмендегідей ажыратылады:

1. Саяхатшы саяхат кезінде қоршаған ортаны танитын кез-келген саяхат;
2. Ең негізгі құндылық табиғат болып табылатын саяхат;
3. Экотуризмнен түсетін табыс қоршаған ортаны қорғауда қаржылық қолдауға жұмсалады;
4. Экотуристер жабайы табиғат ресурстарын қорғау және қалпына келтіру әрекеттеріне тікелей қатысады;
5. Экотур – бұл барлық әрекеттер «экономикалық жұмсақ» болатын саяхат.

Әлемде экотуризмнің әйгілі тек қана қоршаған орта жағдайының нашарлауынан ғана емес, сонымен қатар адамның өмір сүру ортасының күрт өзгеруімен, яғни жүйке психологиялық ауырлықтың өсуіне де байланысты.

Экологиялық туризмнің жалпы туризмнен айырмашылығы неде?

Біріншіден, экотуризм – территориясы жақсы сақталған табиғи ортаға сапар шегу. Бұндай территорияларға қорықтар, табиғи ұлттық саябақтар, қорықшалар және басқа қорғалатын территориялар жатады.

Екіншіден, экотуризм – ең экологиялық табиғатты пайдаланушы болып саналады. Экотуристердің табиғатты эксплуатациялау технологиясы визуальды түрде өтеді, яғни көрікті жерлерді қарау, пейзажды тамашалау, өсімдік және жануарлар әлемін бақылау және тыңдау түрінде (кұстардың ән айтуы, су сылдыры, жапырақтың сыбдыры), иіс сезімі (ормандар мен шалғындардың жұпар иісі) және сезіну арқылы (өзен суының мөлдірлігі). Дәл осы мақсатпен экологиялық туризм әлемдегі ерекше қорғалатын табиғи

территориялар шегінде табиғи ресурстарды қолданудың бірден-бір жолы болып табылады.

Үшіншіден, экотуризм туристердің ЕҚТТ-да жүріс-тұрысын қадағалайды, соның ішінде қатаң тәртіп белгілеу арқылы (турист гид-жолаушыға еріп жүргенде арнайы жолды пайдалануы керек, өсімдіктерді жұлмау, тиіспеу, т.б.). Бұл ережелерді сақтау экологиялық туризм дамуының ұстанымды шарты болып табылады [2].

Төртіншіден, экотуризм жергілікті тұрғынның ауқатын жақсартуға мүмкіндік береді, ұлттық-дәстүр мен әдет-ғұрыптың жаңғыруына әсер ететін дәстүрлі ұлттық өнер түрлерін дамыту жолымен. Бұның барлығы халыққа белгілі пайда келтіреді және әлеуметтік экономикалық дамуына әсер етеді.

Өзіндік ерекшелігі бар экотуризмнің бұқаралық туризмнен айырмашылығындай, экотуристердің де жаппай туристерден айырмашылығы бар. Бұқаралық туристер ұйымдасқан және жеке түрде белгілі жерлердің шегінде үнемі саяхаттайды, көп жағдайда өз елінде. Оларға қарағанда, экотуристер адамдар аз өзгерткен табиғи территорияларда сапар шегеді, және олар саяхаттың шектелген жағдайлары мен ыңғайсыз шарттарына шыдамды болады.

Авторлар қатары экотуристерді олардың қызығушылық деңгейіне қарай бөледі. Мысалы, Lindberg экотуристердің төрт тобын бөліп көрсетеді.

- Бірінші топқа білім беру кеңселерінің мүшелері алғашқы табиғатты зерттеумен айналысатын ғылыми зерттеушілер;
- Екінше топқа жергілікті жердің тарихын білу мақсатымен қорғалатын табиғи территорияларға баратын адамдар;
- Үшінші топқа табиғаттың қашық бұрыштарына – ерекше саяхат үшін баратын адамдар;
- Төртінші топқа табиғатқа шығу өте үлкен саяхаттың ажырамайтын бөлігі деп есептейтін адамдар жатады.

Экологиялық туризмді тұрақты туризм деп қарастыруға болады, яғни бұл – жергілікті жердің шынайы түрде сақталуының тек табиғи, мәдени-тарихи көрікті жерлерімен танысу үшін ғана емес, өскелең және келешек жас ұрпақ үшін шынайы ортаның алғашқы қалпында әрі қарай сақтау мақсатында сапар шегу. Экологиялық туризмнің басқа туризм түрлерінен негізгі айырмашылығы осыдан тұрады. Экологиялық туризм үнемі бұқаралық туризмнің баламасы ретінде қарастырылады [3].

Экологиялық туризм көпшілік туризмнің альтернативасы ретінде қарастырылады және қазіргі уақытта ол туристік қызметтің ең перспективалы және динамикалық түрде дамып келе жатқан формасы болып табылады.

2013ж. Ақмола облысы бойынша жеке кәсіпкердің көрсеткіштеріне келетін болсақ, жеке кәсіпкердің саны 20 жетіп, 6202 туристерге жетті. Соның ішінде, туристік фирмалар 2849 адамға, орналастыру объектісі бойынша 3353 адамға қызмет көрсетілген. Сондай-ақ қызмет көрсету көлемі 2537 мың теңгені, соның ішінде резиденттерге 541мың теңге, резидент еместерге 77 мың теңге, ішкі бағыт бойынша туристерге 1919 мың теңге көлемінде қызметтер көрсетілді. Жүйелі түрде жарнамалық-ақпараттық өнім шығарылып отырады: жаднама - 70000 дана, жол көрсеткіш – 1000 дана, музей бойынша буклеттер – 500 дана, күнтізбе – 1500 дана, карта-сызба – 1000 дана.

Астана («Қысқы демалыс» 2006-2007ж) Республикалық туристік көрмелік-жәрмеңке), Көкшетау (I аймақтық туристік жәрмеңке), Алматы (IV Халықаралық туристік жәрмеңке) қалаларында өткен туристік көрмелік-жәрмеңкелерге жиі қатысып тұрады.

Конституцияға Қазақстан Республикасының заңдарына, Декларация шарттарына, БҰҰ қоршаған ортаны қорғау және оны дамыту конференциясында (Рио-де-Жанейро, 1992) Қазақстан Президенті Н. Ә. Назарбаевтың халыққа деген «Қазақстан – 2030» жолдауында қоршаған ортаны қорғау және дамуды тұрақтандырудың Көпуақытылық Экологиялық Бағдарламасы (КЭБ) «Экология және табиғи ресурстар – 2030» атты ұлттық деңгейдегі жоспар жүзеге асырылды.



Ақмола облысы бойынша экологиялық туризм бағытын құрастыру

Келешекте елімізде халықаралық стандарттарға сай 3 ірі туристік орталық салынады. Солардың бірі – Ақмола облысындағы Щучье-Бурабай туристік аймағында орналасатын Бурабай-сити жобасы болмақ. Биылғы жылдың күз айында Щучье көлінің жағасынан әлемдік деңгейдегі «Бурабай-сити» туристік кешені салынбақ. Жобаны жүзеге асыруға он екі жыл мерзім белгіленген. Оның аясында гольф-клубтар мен ат спорты алаңдары ашылады. Қыста демалатындар үшін мұз айдындары мен шаңғы бағдарлары және тау шаңғысы жоларналары жасалады.

Туризм саласын дамыту бағдарламасының аясында өңірдің экологиялық мәселелерін шешуге 40 млрд теңге бөлінді. Жылыту жүйесін электрлі нұсқаға ауыстыру жоспарланып отыр. Жаңа су құбыры салынып, суаттарды тазарту жобасы да қолға алынды. Жақын арада экологиялық электромобильдер мен мини-пойыздар іске қосылады. Тәулік бойына ұлттық паркті әуеден бақылаушылар қызғыштай қориды. Әзірге демалушылар Бурабайдағы қызмет көрсету сапасы кемшін түсіп жатқанын алға тартады.

«Бозторғайы қоңыраулатқан, боз жусаны омырау қаққан! Беу, Сарыарқа!». Ақмола облысы да Арқа даласында жатыр. Жартасты таулар, қарағайлы орман, аққу ұшып, қаз қонған әсем көлдер, «Бурабай» курорттық аудандарындағы көлдер, Жөкей, Қатаркөл, Майбалық, Үлкен және Кіші Шыбыш өзендерінің арқасында ТМД мемлекеттерінің ең белгілі курорттарымен бәсекелесе алады. Облыс аумағында «Бурабай», «Көкшетау» Мемлекеттік ұлттық табиғи парктері, сондай-ақ бүкіл Еуро-Азиядағы бірегей халықаралық мәндегі Қорғалжын қорығы бар.

Щучье-Бурабай курорттық аймағы - бұл елордамыз Астана қаласына жақын орналасқан курорттық орын. Болашақта бір елдің ғана емес, күллі Еуразия құрлығының ірі курорттық орталығы болады деп күтілуде. Мұнда іскер, әлеуметтік-мәдени, ғылыми-білім беру, сондай-ақ ойын-сауық мәніндегі нысандар салу жоспарлануда. Оның сол межеге жетуі, дамуы үшін шетелдік инвесторлардың қаражаты қажет. Сондықтан, аймақта инфрақұрылымның дамуына көп көңіл бөлініп жатыр. «Бурабай» арнайы экономикалық аймағы құрылды. Жаңа жолдарды салу, әуе хабарламаларын ашу, тұрақты сумен және энергиямен қамсыздандыру бойынша іс-шаралар әзірленді. Туристердің еркін демалуына, өздерін жайлы сезінуіне арналған ғимараттар мен мекемелер үлкен жағдай жасайды [4].

Щучье-Бурабай курорттық аймағы.

Қазақстанның солтүстігінде, Астана және Көкшетау қалаларының арасында Бурабай орналасқан. «Арқада жер жетпейді Бурабайға» деген сөз бар. Географиялық тұрғыда бұл аймақ Көкшетау қыраты деп аталады, ал жергілікті жолбасшылар оны «Қазақстан Інжуі» деп атайды.

Щучье-Бурабай курорттық аймағының табиғат кешендері тек Қазақстан Республикасының туристерін ғана емес, сонымен қатар таяу және шетелдік туристерді де қызықтырады.

Бурабай тауы (690 м.) - керемет кең көлемді жер. Оңтүстікке қарай Щучье шоқылары, олардың ішіндегі ең үлкені Жеке батыр (826 м.) деп аталады. Бурабай өңірінің таулы аймағы жұмбаққа толы. Парктің аумағындағы өсімдік әлемінің түрі орманды, далалы, шабындық, шалшықты және сортаңды болып бөлінеді. Бір Бурабайдың өзінде 800-ге жуық өсімдік түрі бар. Омыртқалы жануарлардың 305 түрі бар.

Бурабайда 86 стационарлық демалыс мекемесі шоғырланған. Парк аумағында дала, көл, орман, орман-дала ландшафтары және төмен таулы ландшафтар бар.

Щучье-Бурабай курорттық аймағының аумағында 14 көл бар, оның көпшілігі кіші көлдер. Жасыл орман айналасында Щучье, Бурабай, Үлкен және Кіші Шыбыш, Қотыркөл көлдері бар. Светлое, Карасье, Горное, Лебединое көлдері де Көкшетауға жақын орналасқан [5].

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Карпова. Г.А. Экономика современного туризма. Герда, 2008. – с. 29.
2. Мырзабеков. Ж.М. Особо охраняемые природные территории Казахстана: экология, биоразнообразие и перспективы развития их сети. – Алматы, 2007. – 207с.
3. Шайкенова Р.Р., Мамутова К.Р. Современное состояние экологического туризма в Казахстане // Сборник статей Всероссийской научно-практической конференции «Экологический и этнографический туризм: становление, проблемы и перспективы развития». – Хабаровск, 2009.
4. Исалдаева С.Ж. О перспективах развития экологического туризма в Казахстане: материалы международной унаучной конференции студентов и молодых ученых «Мир науки», 17-19 апреля 2013/ сб.науч.тр. – Алматы: Қазақуниверситеті, 2013. – С. 335-336.
- 13 Ахметова У. Быть или не быть экологическому туризму.
5. Ердаuletov C.P. География туризма. – 2-е изд., доп. и перераб. – Алматы: Қазақуниверситеті, 2010. – 386 с.

*А.Б.Демеуов, А. А. Жакупов*

#### МЕЖДУНАРОДНОЕ ТУРИСТСКОЕ СООБЩЕСТВО И ПЕРСПЕКТИВЫ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ ТУРИЗМА

*«Казахский национальный педагогический университет им. Абая г.Алматы»*

*«Казахский университет технологии и бизнеса г.Нур-Султан»*

*artan\_demeuov@mail.ru*

Одной из важных задач ВТО является ее деятельность в области технического сотрудничества. Организация оказала помощь многим странам в деле подготовки исследований по планированию, маркетингу, экономике и другим аспектам туризма, консультируя их по всем направлениям развития этого сектора и обучая местные туристские кадры. Казахстан как действительный член Всемирной туристской организации в полной мере может воспользоваться данной технической и организационной помощью[1].

Статистика и прогнозы Всемирной туристской организации (далее - ЮНВТО) служат доказательством роли туристской индустрии как лидирующего сектора экономики в мире и возможности для увеличения рабочих мест. Количество посетителей по международному туризму во всем мире возрастает с 637 млн. человек в 1998 году до 1,561 млн. человек в 2020 году, при этом прогнозные поступления от туризма возрастут с 407 млрд. долл. США в 1995 году до 2, 000 млрд. долл. США в 2020 году. Соответственно спрос на человеческие ресурсы, который отвечает требованиям туристского рынка, становится значительным. К сожалению, до недавнего времени туристская индустрия рассматривала трудовой фактор в большей степени как затраты, чем дифференцированные вложения в общую ценность туристского опыта. Этот взгляд основан на производственной модели, ориентированной на достижении экономии от масштабного производства устоявшихся турпакетов.

Фактически, в массовой производственной модели туризма необходимость импровизировать быстрый ответ прогрессирующему росту в туристском спросе привела к потребности в человеческих ресурсах, которые были обеспечены за счет работников других сфер, не имеющих специального обучения в туризме.

Следовательно, развитие человеческих ресурсов в туризме, чаще ограничивается обучением на практике во время профессиональной деятельности. Увеличивающийся спрос, глобализация рынка и гибкость, сложившаяся от новых технологий и информационных систем, радикально изменили парадигму бизнеса в туризме, которая превалировала в течение четырёх десятилетий. В настоящее время, будущий успех

туристских компаний и направлений нуждается в высоком уровне конкурентоспособности, понимаемой как способность генерировать и обеспечивать высокие прибыли, чтобы гарантировать доход и занятость, сохранить окружающую среду, культурное наследие и благосостояние тех, кто связан с развитием туризма. В данном контексте, планируемая деятельность и содержание туристской образовательной системы является предметом пристального внимания окружающих, поскольку человеческий фактор - это один из ключевых элементов в достижении конкурентоспособности туристских компаний и направлений. Даже имея практически все необходимые туристские ресурсы в стране, это будет недостаточным, если нет необходимого персонала - количественного и качественного. Следовательно, образование и обучение человеческих ресурсов является основным в достижении конкурентоспособности в туристских предприятиях.

В результате, достижение конкурентоспособности также требует применения профессионального менеджмента в туристском образовании и обучении, изменяя порядки в образовательных институтах и отвечая реальным нуждам рынка. Для борьбы с этими препятствиями, туристское образование и обучение должны предложить качество, отвечающее нуждам туристской индустрии, а также эффективность, изучающее и оценивающее затраты и выгоды от широкого спектра и процесса образования. Таким образом, первый шаг в установлении конкурентоспособной туристской образовательной системы - это определить нужды и ожидания от вовлеченных в данную систему, например, работники туризма, студенты и преподаватели, гарантирующие, что предоставленное образование и адаптированные процессы действенны. В итоге, образование для конкурентоспособности и конкурентоспособность в образовании являются основными [2].

Существуют новые обстоятельства в туристской индустрии, которые поднимают проблемы обоснованности использования интуиции или общих знаний от других деятельностей экономики для поддержки профессиональной карьеры в туризме. Новые условия туристского рынка генерирует большой спрос от туристского бизнеса и институтов для профессионалов с образованием в рамках требований данного сектора. Тем не менее, большее количество нынешних образовательных систем остаются неизменными, поскольку они продолжают отвечать принципам, унаследованным с прошлого, а также имеют лимитированную возможность для связи с основными стратегическими проблемами. Столкнувшись с такой ситуацией, ЮНВТО разработало посредством Themis Foundation сертификационную систему TedQual для обеспечения своего вклада в качество и эффективность туристского образования. Отсутствие системы в туристском образовании и практике происходит во многих случаях, когда система образования не удовлетворяет существующие запросы ее пользователей, а самыми наглядными из них являются:

а) туризм, недостаточно престижная профессия для ведущих студентов с огромным интеллектуальным потенциалом, исключая туризм как профессию, в связи с чем, происходит очевидная нехватка квалифицированных кадров в данном секторе;

б) при обучении и практике кадров не обращают внимания на ключевые потребности туристского сектора. Это отражается негативно на степени удовлетворения кадров в туристской сфере также, как и на их личной мотивации. Оба этих фактора ведут к небезопасности труда и текучести кадров;

с) плохая профессиональная подготовка является следствием неспособности удовлетворить возрастающие потребности туристов, что напрямую влияет на возможность привлечения туристов в туристские зоны и ведет к понижению уровня конкурентоспособности;

д) существуют постоянные затраты и усилия, без последующей прибыли;

ж) наконец, предостаточный авторитет институтов, предлагающих программы по образованию в сфере туризма, что ведет к потере клиентов и доверия.

Система Сертификации TedQual предлагает особые возможности как внешние, так и внутренние, помимо традиционных систем качества, основанных на простом соответствии с представленными стандартами. Система Сертификации TedQual даёт возможность всем образовательным институтам и корпорациям (государственным, общественным или частным) представить (на добровольной основе) к рассмотрению свои Программы туристского образования (ТЕР) для проведения соответствующей сертификации, чтобы:

1) создать качественную гарантированную модель туристского образования и систему обучения посредством добровольной стандартизации;

2) плавно перейти к большей педагогической продуктивности и эффективности в туризме.

С точки зрения внешней перспективы Система Сертификации TedQual, даёт возможность институтам получить признание качества их программ на рынке туристского образования, а также в рамках внутренней перспективы - преимущество в постоянной проверке качества знаний с использованием всемирно признанных моделей. Данные преимущества создают следующие выгоды:

а) соответствие знаний, полученных во время образовательного процесса, с ожиданиями требованиями, что ведет к повышению положительной репутации и благонадежности;

б) постоянное улучшение, с помощью проведения регулярных проверок, позволяющих корректировать и упрощать процесс, восполнять существующие пробелы, обновлять преподавательскую методологию и ее содержание, уменьшать расходы некачественного образования путем сокращения ошибок, с последующим подъемом в эффективности институтского образования;

в) улучшение личных отношений между разными подразделениями института, путем укрепления идеи единства в достижении качества образования, что способствует личной мотивации и продуктивности;

г) получение единого и постоянного уровня качества образования в ходе тренингов в рамках института, что в свою очередь гарантирует большую надежность потребителю с последующими улучшениями позиций института и его сертифицированных программ;

д) уверенность в надежности полученной степени в институте, влияющей положительно на трудоустройство в туристском рынке, что повышает авторитет среди потенциальных студентов;

е) присоединение к движению за прогрессивную стандартизацию разных видов аккредитаций и ученых степеней, что ставит конец неуверенности в выборе студентов и работников в сфере туризма, а также способствует академической и профессиональной мобильности;

ж) предлагаемая возможность постоянного сотрудничества с ЮНВТО через стандартные образовательные службы, созданные этой организацией (прохождение курсов и экзаменов);

з) включение образовательного института, ответственного за сертифицированные туристские образовательные программы в число всех программ, проводимых ЮНВТО, в качестве совместного центра Фонда ЮНВТО - THEMIS, с присущим правом использовать логотип сертификата во всей документации, относящейся к туристским образовательным программам, в соответствии с решением института, а также возможность присоединения к ЮНВТО в качестве члена, образовательного совета Фонда ЮНВТО - THEMIS.

Контроль за воздействиями культурного и социального характера, связанными с развитием туризма. Международный туризм в целом оказывает мощное положительное культурно-социальное воздействие на принимающие сообщества. Туризм, представляющий собой проявление и инструмент культурных моделей и потребительских привычек, которые становятся характерными для все большего числа людей, способствует укреплению социальной структуры и содействует интеграции тех слоев населения,

которые могут чувствовать себя исключенными из этого процесса. Туризм, являющийся фактором контактов и диалога между посетителями и местным населением, способствует взаимному познанию и признанию как отдельных лиц, так и социальных групп на национальном и на международном уровнях [3].

Повышение роли туризма в обеспечении международного взаимопонимания и формировании культуры мира. Очевидным является тот факт, что туризм может развиваться только в атмосфере стабильности и мира. Покушение на туристов, похищение посетителей или вооруженный конфликт накануне сезона - все это, наносит сильные удары по туризму в странах, где происходят такие события. Мир - непреходящее условие развития туризма, и, соответственно, туризм сам по себе является проводником мира. Это проявляется в двух формах. Прежде всего, благодаря тому, что ничем нельзя подменить прямой, непосредственный контакт между посетителями и местными жителями. Как можно чувствовать неприязнь к тому, с кем вы лично познакомились, кто вас принимал, или кого вы принимали? При этом и туристские центры, и туристские компании из одного региона объединены общностью интересов и судеб, что проявляется в единых проектах развития – зачем враждовать, когда мир выгоден всем, а конфликт – никому?

В предстоящие годы обязанностью ЮНВТО по-прежнему будет содействие формированию культуры мира на основе туризма. В том же духе и в свете поддержанного ООН проекта Альянс цивилизаций была проведена (в октябре 2007 года в Кордове, Испания), первая большая конференция на тему: «Туризм, религии и диалог культур». Конференция дала возможность, рассмотреть сложные отношения между тремя

вопросами, связанными с экономической, социальной, культурной и этической точек зрения, являясь продолжением работы, начатой Глобальным этическим кодексом туризма. Стремление к партнерству имеет простое обоснование. Туризм можно сравнить с цепью, звенья которой называются: легкость передвижения, окружающая среда, социальные и налоговые системы, безопасность, образование, транспорт, качество обслуживания и т.д. Достаточно одного слабого звена, чтобы вся цепь вышла из строя: имидж направления оказывается подорванным, туристский продукт не оправдывает ожиданий потребителя. Поставщики же услуг как государственные, так и частные, многочисленны и разнообразны. Именно поэтому такая многопрофильная отрасль, как туризм, объединяющая в себе целый ряд разнообразных видов деятельности, должна совместно управляться ее многочисленными участниками на основе координации и согласия. Отсюда вытекает необходимость взаимодействия между учреждениями и взаимовыгодного партнерства, которые являются залогом успеха в сложном мире обостренной борьбы между турнаправлениями. Эта двойная необходимость и потребность активнее вовлекать парламентариев в политику туризма, нашли свое отражение в Декларации, принятой по результатам работы пятого Форума для парламентариев и представителей местной власти, состоявшегося в Хаммамете, Тунис, в июне 2007 года, вслед за последней сессией Исполнительного совета.

Многое решается еще на местном уровне, начиная с качества приема посетителей. По этой причине, ЮНВТО должно поощрять стремление к повышению качества турнаправлений, к возможности измерить достижения и к улучшению конкурентоспособности за счет повышения качества. Эти десять вышеуказанных проблем наиболее актуальны для всей мировой туристской индустрии [1].

Согласно исследованию ЮНВТО «Туризм - панорама 2020» увеличение мировых туристских прибытий в период между 2000 и 2020 гг. прогнозируется более чем вдвое. Международная практика показывает, что повышение конкурентоспособности туристского продукта любой страны на мировом рынке может быть достигнуто при условии выделения государственных бюджетных средств, достаточных для некоммерческого продвижения туристского продукта на внутреннем и мировом рынках. При этом следует отметить, что для сферы туризма характерен кумулятивный эффект, когда максимальные показатели от вложенных средств в продвижение туристского

продукта и туристскую инфраструктуру проявляются через несколько лет постоянных вложений.

Частный бизнес не может проводить некоммерческую имиджевую рекламную кампанию своей страны, так как продвигает и продает только свой собственный продукт. Поэтому задача создания образа страны, благоприятной для посещения, является исключительно государственной задачей, что подтверждается мировой практикой. Несмотря на лидирующие мировые позиции в развитии туризма, ежегодный государственный бюджет, выделяемый Великобританией и Испанией, только на продвижение своего национального туристского продукта с целью увеличения въездного туристского потока, составляет соответственно 50,9 и 96,2 млн. евро. Большинство европейских стран, имеющих туристские ресурсы и стремящихся развивать туризм, также вкладывают ощутимые средства в продвижение своих стран на мировом рынке, которые в среднем составляют около 31,7 млн. евро ежегодно. Широкая рекламная кампания туристских возможностей страны способствует росту количества иностранных и отечественных туристов, а следовательно, и росту поступлений в реальную экономику. При этом следует учитывать значительный мультипликативный эффект туризма, развитие сопутствующих ему сфер экономической деятельности и рост занятости населения (косвенно 3-4 иностранных туриста обеспечивают 1 рабочее место в экономике страны). Однако необходимо отметить, что одним из главных законов рекламы является значительный объем, регулярность и продолжительность воздействия [1]. Рекламная кампания начинает приносить экономический эффект только с определенного минимального порога. Опыт стран, продолжительное время вкладывающих значительные средства в государственную рекламу своего туристского продукта, показывает, что необходимо вкладывать средства не только на увеличение туристского потока, но и на поддержание стабильности существующего. Только грамотно построенная государственная стратегия, сосредоточенная на ключевых направляющих рынках и носящая постоянный характер, позволяет сделать въездной и внутренний туризм доходной составляющей экономики. С целью увеличения международных туристских прибытий мировая туристская общественность в лице ЮНВТО сформулировала следующие основные задачи, стоящие перед странами на ближайшее десятилетие:

повышение общей ответственности и роли координации со стороны правительств стран, делающих ставку на развитие туризма;

обеспечение мер безопасности и своевременного обеспечения туристов необходимой информацией;

повышение роли государственной политики в сфере туризма;

усиление роли государственно-частных партнерств;

необходимость государственных вложений в развитие туризма, прежде всего в продвижение туристского продукта и развитие туристской инфраструктуры.

### Библиографический список:

1. *Никитинский Е.С.* Теория и практика устойчивого развития туризма: Учебное пособие. – Астана: Туризм, 2018 – 180 с.
2. Послание Президента Республики Казахстан – Лидера Нации Н. А. Назарбаева народу Казахстана: Стратегия «Казахстан-2050». – Астана, 2012.
3. UNWTO Tourism Highlights, - 2014 // <http://publications.unwto.org/>

*М.К.Каримов, Б.Ж.Атантаева, М.С.Ибраимова, М.С.Демес*  
ОРЫС ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҚОҒАМЫ СЕМЕЙ БӨЛІМШЕСІНІҢ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН  
ӨҢІРІН ЗЕРТТЕУДЕГІ ОРНЫ

*КЕАҚ «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті»  
aisana.esim@mail.ru*

Қазақ елінің тарихын зерттеуде Орыс географиялық қоғамының қызметі мен қосқан үлесі орасан зор. Құрылған уақыттан бастап қыруар еңбек атқарған қоғам мүшелері халқымыздың өткен тарихы, этнографиясы туралы бай, ғылым үшін құндылығы шексіз көптеген материалдар қалдырған. Осы тұрғыдан алып қарағанда Қазақстан тарихын тың мәліметтермен, құнды мұрағат құжаттары арқылы зерттеп, оның өзіндік ерекшелігін айқындау, осы арқылы нақты шындыққа негізделген біртұтас ел тарихын жасауда бұл қоғамның атқарған жұмысының алар оны бөлек. Әсіресе қоғам мүшелерінің әр уақытта жинаған, жүйелеген, жазған еңбектері мен деректері Шығыс өңірінің тарихынан терең сыр шертеді.

Сонымен қатар Орынбор, Оңтүстік Қазақстан және еліміздің басқа да өңірлерінің этнографиялық, археологиялық, топографиялық, тарихи тұрғыдан зерттеуде барысында Орыс географиялық қоғамының мүшелері мен экспедициялары, қазақ зиялыларының ғылыми еңбектері, очерктері, монографиялары, мақалаларын ғылыми тұрғыдан саралау төл тарихымыздың толық түсуіне септігін тигізеді. Орыс географиялық қоғамның бөлімшелерінің құрылуында отаршылдық мақсатта отар елдің табиғатын, пайдалы қазбаларын, халқын зерттеу көзделгені рас. Бірақ қоғамның ғылым үшін қызметі басымырақ еді. Орыс географиялық қоғамы құрылған кезінен бастап ғылыми зерттеу жұмысын әр түрлі салада және көптеген аймақтарда бастаған болатын [7].

Сондай бірқатар аймақтар қатарында қазақ даласы да енген болатын. Сол кездерде Ресей үшін әлі мүлде зерттелмеген, тың, жаңалығы орасан зор болатын қазақ жері, оны мекендеген халық қызығушылықтарын туғызды. Отарлық үкіметтің басты мақсаты: бұл халықтың тыныс-тіршілігін, мінезін, әдет-ғұрпын, дінін, салт-дәстүрін, жері қойнауындай байлығын тереңінен зерттеп білу болды.

Орыс географиялық қоғамы 1845 жылы 6 тамызда Санкт-Петербург қаласында құрылды. Қоғамды құру туралы мәселені үкімет алдына қойған сол тұстағы белгілі теңіз саяхатшылары, әскерилер, академиялық ғылым қайраткерлері, сонымен бірге жекелеген географтар мен ғалымдар болды [1].

Императорлық орыс географиялық қоғамына ең алғаш мүше болған қазақ ғалымы Ш.Ш. Уәлиханов еді. Ол 1857 жылы 21 ақпанда орыс ғалымы П.П. Семеновтың ұсынысымен Қоғамның толық мүшесі болып қабылданды. Кейіннен Орыс географиялық қоғамы мүшелігіне қазақтан шыққан зерттеуші ғалымдар М.-С. Бабажанов, Ы. Алтынсарин, т.б. сайланды. Шоқаннан кейін қазақтар арасынан екінші рет бұл қоғамға 1861 жылы 20 ақпанда мүше болып қабылданған М.-С. Бабажанов этнографиялық зерттеулері үшін қазақтан тұңғыш рет ресми түрде осы қоғамның күміс медалімен марапатталды. Ал, қазақтың тұңғыш географ-ғалымы Ш.Ш. Уәлиханов еңбектерінің алғашқы жинағын жинақтап, бастырып шығарған осы Орыс географиялық қоғамы еді. Императорлық Орыс Географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесі ресми түрде 1902 жылдың 13 сәуірінде қоғамдық мәжіліс үйінде көпшіліктің қатысуымен салтанатты түрде ашылып, онда Комитет секретары Н.Я.Коншин сөз сөйлеп, комитет мүшесі Ф.К.Зобнин «О рабстве в киргизской степи» деген баяндамасын оқыды [6].

Негізінде, оны ашу мәселесі 1898 жылы қозғалған болатын. Статистикалық комитеттің хатшысы болған Н.Я.Коншин «Семей облыстық ведомствосы» газетіне осы облыстың аса бай табиғи байлығын, археологиялық, архивтік, этнографиялық тарихын зерттеуде географиялық қоғам бөлімін ашу өте қажеттігін айтып, мақала жариялайды. Бұл мақалаға Семей облыстық әскери губернаторы А.Ф.Карпов көңіл бөліп, бөлімше ашу жөнінде Орыс Географиялық қоғамының вице-президенті П.Семеновқа хат жолдап, көмек сұрайды [2].

1902 жылдың 21 ақпанында әскери губернатор А.Ф.Карпов Орыс Географиялық қоғамы Батыс Сібір бөлімінің төрағасына Семейде бөлімше ашу туралы тағы да өтініш түсіреді. Бөлімшенің ең алғашқы төрағалық қызметін Н.Ф.Ницкевич, ал іс жұмысын Н.Я.Коншин басқарады. Бұл бөлімнің ашылуына жергілікті оқымысты ғалымдармен қатар Семейге жер аударылып келген Е.П.Михаэлис, С.С.Гросс, А.Л.Блэк, А.А.Леонтьев белсене атсалысып, зерттеулер жүргізіп, тамаша құнды материалдар жинап, ғылыми еңбектер, мақалалар жазады [1].

Географиялық қоғамның Семей бөлімшесіне мүше болған В.Ф.Семенов, Ф.Н.Педашенко, В.Бенкевич, Ф.К.Злобин өлкенің географиялық жағдайы, осы жерлерге орыс шаруаларының қоныстанып, егіншілікпен айналысуы, әр түрлі пайдалы қазбалары, ежелгі тарихи ескерткіштері, мал шаруашылығы жөнінде зерттеулер жүргізіп, ғылыми еңбектер жазады. Бөлімшеге қазақ зиялылары да мүше болады. Мәселен, Р.Мәрсеков, Н.Құлжанова, Ж.Ақбаев, Ш.Құдайбердіұлы, Ә.Бөкейханов т.б. бөлімше жұмысына белсене араласады. Әлихан Бөкейханов Абайдың көзі тірісінде оның ақындық шеберлігін жоғары бағалап, Ресей Географиялық қоғамы шығарған кітапқа енгізеді. Абай қайтыс болғаннан кейін де Семей географиялық бөлімі шығарған «Записки Семипалатинского Подотдела Западно-Сибирского Императорского русского географического общества» кітабының III шығарылымында басылады [3]. Бөлімше мүшелерінің саны жылдан-жылға артып, 1913 жылы 140 мүшесі болған.

XX ғасырдың басында құрылған бұл қоғамның Семей өңірін зерттеуде сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Ұлы Абай Орыс Географиялық қоғамының Семей бөлімшесіне 1886 жылы 4 мамырда мүше болып тіркелді. Абайдың шәкірті Шәкәрім Құдайбердіұлы да осы қоғамның толық мүшелігіне өтті. Бөлімше жанынан қоғам жұмысын көпшілікке насихаттайтын «Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела императорского русского географического общества» деген ғылыми еңбектер шығып, 1925 жылға дейін оның 15 томы жарық көрді.

Осы жинақтың 1907 жылғы 3-басылымында Ә.Бөкейхановтың «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» атты сегіз беттік қазанамасы жарияланып, орыс еліне алғаш рет таныстырды.

Қазақ зиялыларынан Әлихан Бөкейханов Омбыдағы Батыс Сібір Географиялық бөліміне мүше бола отырып, Семей бөлімшесі жұмысына белсене араласқан, Томск технология институтының түлегі, Алаш жетекшілернің бірі, қазақтан шыққан тұңғыш профессор-математик Әлімхан Ермеков, Санкт-Петербург университетінің алтын медальмен бітірген, ұлтымыздың тұңғыш заң магистрі Жақын Ақпаев, ұлтымыздың жарқын болашағы үшін күрескен арыстарымыздың бірі Райымжан Мәрсеков, көпес Хамитов Мұхаммет және Абылайханов Арынғазы Семей Географиялық бөлімшесіне мүше болған [5].



Семей бөлімшесі жұмыс істеген мерзімде 700 мүшесі болып, далалы өлке тарихынан, мәдениетінен, этнографиясы, археологиясы мен қазба байлықтарынан тарихи баға жетпес құнды ғылыми мұра қалдырды. Облыс орталықтарында құрылған бөлімшелерде далалық өлкенің географиясы, тарихы, мәдениеті сондай-ақ қазақ елінің этнографиясы мен қазба байлықтары, әкімшілік-саяси басқару жүйесі туралы баға жетпес құнды ғылыми еңбектер жинақталды.<sup>[4]</sup> Қазақ өлкесінде аталған ғылым салаларының дамуында орыс зерттеушілерімен қатар қазақ зиялыларының да үлесі зор болды және олардың еңбектерінің маңызы күні бүгінге дейін өз мәнін жоғалтқан жоқ.

Қорыта айтқанда, Орыс географиялық қоғамы мен оның мүшелерінің қазақ тарихын зерттеудегі сан-салалы қызметтерін жан-жақты саралап, артына қалдырған тарихи, ғылыми мол мұраларын бүгінгі күн биігінен пайымдап, бағалау алдағы міндеттердің бірі болмақ.

#### Әдебиеттер тізімі

1. *Белгібаев М.* Орыс географиялық бөлімінің ХХ ғасырда атқарған жұмысы // № 4 – 2004, 3-10 бет.
2. Батыс Сібір Орыс Географиялық Қоғамының Семей бөлімшесінің еңбектерінің толық мәтіндік электрондық нұсқасын мына беттен [http://semeylib.kz/?page\\_id=195](http://semeylib.kz/?page_id=195) таба аласыздар.
3. *Әдепқызы С.* Семей бөлімшесінің қызметі // Қазақ тарихы, 2000; №1.-24-26б.
4. *Әділбекқызы Ж.* Семей Орыс Географиялық Қоғамы және қазақ зиялылары // Абай.-2004.- №1.
5. Императорлық Батыс Сібір Орыс Географиялық Қоғамының Семей бөлімшесі.- Семей, 2002.- 8 б.
6. *Семенов В.Ф.* Очерк пятидесятилетней деятельности Западно-Сибирского отдела Государственного Русского Географического общества (1877-1927). – Омск, 1927.– 140 с.
7. [www.semeylib.kz/index.php/kz/.../khikh-khkh-asyr-ala-tarikh](http://www.semeylib.kz/index.php/kz/.../khikh-khkh-asyr-ala-tarikh).

**Нұргелды Д. Н.**

**2 курс магистранты**

**Ғылыми жетекшісі: phD Тулегенов Е.А.**

**"ӨЛКЕТАНУ" КУРСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ПАТРИОТИЗМГЕ ТӘРБИЕЛЕУ -  
ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ РЕТІНДЕ**

Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті, Алматы, Қазақстан

[dana-nurgeldi@mail.ru](mailto:dana-nurgeldi@mail.ru)

Елбасымыз 2017 жылы 12 сәуірде жариялаған «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық сипаттағы мақаласында «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынды. Мемлекет басшысының мақаласында отансүйгіштік сезімнің кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталатыны айтылған. Тәуелсіз еліміздің оқушы және студент жастарын отансүйгіштікке тәрбиелеудің көптеген тиімді жолдары бар. Соның негізгілерінің бірі — тарихи өлкетану жұмыстарын пайдалану арқылы тәрбиелеу. «Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел

есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс», — деп көрсетті Елбасымыз.

Қазақ елінің кез келген аймағынан ежелгі, ортағасырларға және жаңа заманға қатысты тарихи жәдігерлерді немесе деректерді көптеп кездестіруге болады. Мәселе соларды танып біліп, табылған мәліметтерді жүйелеп, зерделеп, оларды жастар тәрбиесінде тиімді пайдалана білуді үйренуде.

Өлкетану – белгілі бір өңірдің табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын, мәдениетін зерттеумен шұғылданатын ғылым мен мәдениет саласы; шағын аумақтың табиғатын, халқын, шаруашылығын, тарихын және мәдениетін, елді мекендерін олардың таяу төңірегімен қоса зерттеу. Өлкетанудың өзіндік атқаратын 3 функциясы бар: бірінші функциясы - педогогикалық, білім беру орталықтарында оқыту және тәрбиелеудің эффектісін жоғарылату үшін қолданылатын дидактикалық әдіс ретінде; екінші функциясы - оқытулық, ол өлкетануды элементарлы мектеп географиясын оқытудағы базалық курс ретінде қарастырады; үшінші функциясы - ғылыми, ол өлкетануды барлық әдістерімен бірге географиялық зерттеудің жүйелік құрамы ретінде қарастырады.

Мектептегі өлкетану жұмысының өзіндік міндеттері бар. Бұл міндеттер оқушылардың өмірге, қоршаған ортаға деген көзқарасын қалыптастыруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Тәрбиелік міндеттері:

- өзінің туған өлкесіне, туған елі Қазақстанға деген патриоттық сезімін, сүйіспеншілігін тәрбиелеу;

- төзімділікті, өлкенің көпұлттылық және көпмәдениеттілік жағдайында төзімді мінез-құлық қалыптастыру;

- отбасылық қарым-қатынасты нығайту, пәннің мазмұнымен тек оқушыны ғана емес, оның ата-анасын да қызықтыру, отбасылық мұрағаттар, аталар мен әжелердің басқа да туыстардың әңгімелері арқылы өлкенің тарихы жайлы білімді тереңдету;

- отбасы мүшелерімен бірге өлке туралы әдебиеттер оқу, фильмдер, бейнефильмдер тамашалау;

- өлкенің табиғатын, тарихи және мәдени ескерткіштерін сақтау мен қалпына келтіру жұмыстарына оқушылармен қатар ата-аналарды да қатыстыру;

- жергілікті халықтың алдында тұрған проблемаларды шешуге атааналармен бірге оқушыларды да қатыстыру;

- экологиялық мәдениет қалыптастыру;

- патриоттық және эстетикалық, сонымен қатар табиғат алдында жауапкершілік сезімін тәрбиелеу;

- ұжымда бірігіп жұмыс істеу, бір-біріне көмектесу, қолпаштау сезімдерін тәрбиелеу;

- балалардың бойында жақсы көру, барлық тіршілік атаулыға аяушылықпен қарау сезімдерін тәрбиелеу.

Өлкетану жұмыстарының оқушыларды тәрбиелеудегі ерекшеліктері:

- тарихи мәліметтермен тығыз байланыста болғандықтан, тарих ғылымдары және тарих оқу пәнінің негізгі ұстанымдары, әдістері, құралдарымен сипатталады;

- оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда өлкетану жұмыстары жетекші фактор болып табылады;

- өлкетану жұмыстары экологиялық мәдениетті қалыптастыруда жаратылыстану пәндерімен, әсіресе географиямен, биологиямен және экологиямен тығыз байланыстылығымен сипатталады;

- өлкетану жұмыстарының ерекшелігі топонимика (гректің «топос» – орын, жер, «онома» – атау деген екі сөзінен тұрады, яғни жер-су атаулары деген сөз), ономастика

(гректің *onomastike* – ат беру өнері, тіл білімінің жалқы есімдерді зерттейтін саласы) сияқты ғылымдардың, білімдердің өзгешеліктерімен анықталады.

Мектептегі өлкетану пәні білім беру мен тәрбиелеуді өмірмен байланыстыратын маңызды құрал болып табылады. Өз өлкесінің бұрынғы және қазіргі өмірін білу, өлкенің жаңаруына тікелей ат салысуымыз үшін қажет, өйткені туған өлке – шегі жоқ әлемнің бір бөлігі. Өлкетану отансүйгіштік сезімді – Отанға деген терең махаббатты тудырады. Мектептегі өлкетану, жалпы өлкетанудың бір бағыты болғандықтан, оқушының адамгершілік, интеллектуалдық, эстетикалық, еңбексүйгіштік, тұлғалық дамуының маңызды факторы болып табылады. Туған өлкенің өткенімен, қазіргі кезімен және жорамалды болашағымен, табиғи, экономикалық, тарихи, мәдени және басқа да ерекшеліктерімен танысу оқушының дүниетанымын қалыптастыруға жағдай жасайды. Бұл оқушының өзінің бір нақты ұлт өкілінің қатарына жататындығын түсінуіне және ол үшін мақтаныш сезімінің туындануына көмектеседі. Өлкетану жұмысының тағы бір ерекшелігі – топонимика саласының өзгешеліктерімен анықталады. Топонимдер тарихи, географиялық және лингвистикалық мәннен хабар беріп тұрады деген сөз. Мұның өзі белгілі бір өңірдің топониміне қарап сол өңірде мекен еткен ұрпақтың тарихы туралы, тіршілік көзі жайында, ой-өрісі хақында, тіптен сезім сұлулығына дейін тамаша хабардар болып, белгілі бір қорытынды жасауға мүмкіндік береді және кейбір топонимикалық атаулар туралы қате түсініктерді Өлкетану курсы арқылы дұрыс қалыптастыруға үйретеді.

«Өлкетану» – жалпы орта білім берудің құрамдас бөлігі. Мектептегі білім беру, тәрбиелеу жұмыстарымен үйлестіріле оқытылады. Яғни, сабақ барысында оқушылар өздері тұратын аймақтың қалыптасуы, табиғи-географиялық ерекшеліктерін және туған өлкенің жалпы тарихы мен әдебиетінен, өнер саласынан мол мағлұматтар алады. Соған байланысты оқулықта қазақстан тарихы, қазақ әдебиеті, география және музыка пәндері бойынша материалдар жинақталып берілген. «Өлкетанудың» өзге оқулықтардан ерекшелігі – мұнда белгілі бір өлке жайлы, оның тарихы, әдебиеті, географиясы, табиғаты және мәдениеті жайлы жан-жақты айтылады. Ең бастысы, бұл оқулық жастарға өмір сүріп жатқан өлкенің рухани әрі материалдық байлығы мен тарихын қалыптастырған адамдардың өнегелі өмірі мен үлгілі істері туралы мол мәліметтер береді. Ол сонысымен де өте қызықты әрі жастарды ұлтжандылық, отансүйгіштік рухта тәрбиелеу бағытында аса маңызды оқулық болатыны сөзсіз.

Еліміздің облыстары, Астана, Алматы қалаларындағы білім беру басқармаларының ұйғарымымен бекітілген тарихшы, өлкетанушы ғалымдар, әдістемеші-педагог мамандардың жұмыс тобы академик К.Байпақовтың жетекшілігімен жарты жылға жуық мерзімде «Өлкетану» оқулығын әзірледі. Жаңа оқулыққа авторлар тарапынан туып-өскен өлкенің тарихы мен әдебиеті, өнері және табиғи-географиялық ерекшеліктері туралы мағлұматтар енгізілді. «Өлкетану» оқулығы Білім және ғылым министрлігі бекіткен бағдарламаға сәйкес құрастырылған. Оқулық ғылыми, пәндік, оқу-әдістемелік, әлеуметтік, «Рухани жаңғыру» мақаласының негізінде арнайы сараптамалардан өтті. Оқулықтың құрылымы мен мазмұнына келсек, әрине әр өңірдің өзіндік тарихы бар. Бірнеше пәннің мәліметтері біріге отырып, 5-6-7 сыныптың оқушысына жеңіл әрі түсінікті тілде жазылған. Ғалымдардың дәл осы сыныптарға арнап жазуының да мәні бар. Сондай-ақ дәл осы жаста (11-13 жас) жасөспірімдер өз халқының ұлттық құндылықтарды қабылдап, тарихи сана қалыптасуының алғашқы сатысын бастайды. Жалпы оқулықтың құрылымы 20 параграфтан тұрады. Оның бесеуі 5-сыныпта, жетеуі 6-сыныпта, сегіз параграфы жетінші сыныпта өткізіледі. Сонымен бірге «Өлкенің тарихи тұлғалары» деген тақырыпшаларда батырлар, билер, басқа да ұлы тұлғалардың өмірбаяндары жазылып, суреттері басылған болса, ал «Туған өлке симфониясы», «Топонимдер», «Туристік маршруттар» секілді тақырыптарда өңір ерекшеліктері жайлы қызықты, мәнді мәліметтер бар. Алматы жайлы жазылған «Өлкетану. Алматы» кітабында қайғылы жағдайда көз жұмған мәнерлеп сырғанаушы Денис Тен жайлы ақпарат жазылған. Оны мектеп бағдарламасында 5,6 және 7 сынып оқушылары оқиды. Оқу құралында қаланың 1000

жылдық тарихы мен таяуда болған оқиғалар қамтылған. Оқу бағдарламасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ұсынысымен «Туған жер» мемлекеттік бағдарламасының негізінде жазылған. Оқушылардың ұжымдық жұмыстарына арналған қысқа мәтіндер түрлі түсті иллюстрациялармен, стандартты емес тапсырмаларымен берілген.

Орифханова М.М. Растительность Ферганской долины. - Ташкент: //Изд-во «ФАН», - 1967. -С.3-120

*Бабушкин Л.Н., Когай Н.А.* Физико-географическое районирование Узбекской ССР. //Тр. ТашГУ, вып.231. Геогр. науки, кн.27. -1964. -263с.

*Габрильян А.М.* Палеогеография мезо-кайнозоя Ферганской депрессии. //Тр. ИГ АН УзССР. Вып.1. -Ташкент: 1948. -С.76-103.

*Ильин И.А.* Водный ресурсы Ферганской долины. -Л.: Гидрометеиздат. -1959. -С.29-87.

*Кашигаров Д.Н.* Животные Туркестана. -Ташкент: УзГИЗ. -1931. -С.56-80.

*Коровин Е.П.,* Растительность Средней Азии. М., - Ташкент. 1934. –С.7-443.

*Молчанов Л.А.* Климат Узбекистана. Тр. Мат. 1-ой конф. по изучен. производителей сил Узбекистана. -Ташкент Т.Ш. -1934. -С.84-143.

*Панков М.А.* Почвы Ферганской долины. // В кн. «Ферганская долина». Изд-во. АН УзССР. -Ташкент: -1954. -С.194-249.

Стратиграфия Узбекской ССР. //Кн.1. Изд-во «Наука». -Ташкент: -1965. -С.5-345.  
//Кн.2. Изд-во «Наука». -Ташкент: -1966. -С.5-331.

**А.А.Хамидов, Х.Б.Халилов**

## ИССЛЕДОВАНИЯ ПО ИЗУЧЕНИЮ ЛАНДШАФТОВ ФЕРГАНСКОЙ ДОЛИНЫ

*Ферганский государственный университет, Ферганский областной институт переподготовки и повышения квалификации учителей*

*Город Фергана, Республика Узбекистан*

**1. Ландшафтные исследования:** В.М.Четиркин в книге «Средняя Азия». Комплексное географическое описание и проблемы районирования» (1960) дает углубленный анализ научных представлений о ландшафтах Центральной Азии, включая Узбекистан, до 1960-х годов. Исследователи В.В. Докучаев (1898-1900), Л.С.Берг (1938), Р.И. Аболин (1929), В.М.Четиркин (1947), внесшие вклад в формирование и развитие взглядов на ландшафты, А.А. Григорьев (1937, 1946), А.Г. Исаченко (1953, 1961, 1965), Н.А. Гвоздецкий (1973), К.И. Геренчук (1984), С.В. Калесник (1947, с. 1952, 1970), Н. А. Солнцев (1948, 1949), Ф. И. Мильков (1956-1990) и др., развивающие научные представления о ландшафтах, позднее о ландшафтах Ферганской долины Л. Н. Бабушкин (1954), Он был развит в научных трудах Н.А.Когая (1964), А. А. Абдулкасимова (1983), Ю. Султанова (1974) и многих других исследователей и нашел свою новую научную основу.

Дальнейшее научное обоснование ландшафтов Ферганской долины привело к разработке ландшафтных карт. Например, на основании исследований и научных советов А.А. Рафикова, В. Попова, Ш.С.Закирова в 1999 году издан карта «Атлас Узбекистана» в нём даны ландшафты территории Узбекистана масштабе 1: 6 000000 (стр.19).

**2. Комплексное природно-географическое районирование.** Л.С. Берг (1913), Р.И. Аболин (1929), В.М. Четиркин (1943) Авторы работы «Естественно-историческое районирование СССР» (1947). , Е.М. Мурзаев (1953, 1958), П.С. Макеев (1956), Л.Н. Бабушкин (1954), Л.Н. Бабушкин, Н.А. Когай (1964), с равнинной частью Ферганской долины А. А. Абдулкасимов (1964), южной горной частью Ферганской долины Ю. Султанов (1965) и другие занимались и рекомендовали свою систему таксономических единиц (их исследованиям широко освещена в диссертации Хамидова А.А.).

По результатам отраслевой районирования Узбекистана и отдельные его части были комплексно территориально районированы. (Л.Н. Бабушкин, Н.А. Когай, А.А. Абдулкасимов, Б.Султонов). Эти системы районирования сыграли практическую роль в решении вопросов размещения и развития экономики, особенно сельского хозяйства.

В системе сложного природно-географического районирования Средней Азии, Узбекистана, включающего Ферганскую долину, Р.И. Аболин, В.М. Четиркин, Е.М.

Мурзаев, П.С. Макеев, Л.Н. Бабушкин и Н.А. Когай, А.А.Абдулкасимов и Ю. Султанов, занимавшиеся например, в природно-географическом районировании есть основы, определяющие систему районирования. В частности, биогеографическое районирование Р.И. Аболина, экологический режим В.М. Четиркина, агроклиматическое районирование Л.Н. Бабушкина, А.З. Генусов и др. Почвенно-климатические условия, Л.Н. Бабушкин, Н.А. Когай. , А. А. Абдулкасимов и Ю. Султанов на основе ландшафтно-типологических, ландшафтно-генетических особенностей региона. Все это сыграло важную роль выявлении внутренних территориальных различий, всестороннем развитии экономики. последующим районированием, изучали небольшие ландшафтные единицы в хозяйственном освоении долины.

### ***3. Геоэкологические проблемы и концепции их решения.***

Изменения природной среды и ухудшение экологической обстановки в Ферганской долине связаны с ее географическим положением, специфическими природными условиями и факторами, региональными и местными природными законами, устойчивостью и изменчивостью природных комплексов, характером хозяйственной деятельности населения, развитием производства.

Тот факт, что Ферганская долина окружена высокими горными хребтами и вытекает из нее только река Сырдарья, определяет многие ее уникальные индивидуальные, местные особенности. Включая:

- течение множества ручьев со склонов гор приводит к накоплению многих природных и техногенных веществ в их коническом распределении;

- часть отходов, накопленных в конических отложениях, переносится на аллювиально-пролювиальную равнину - Центральную Фергану с потоком подземных вод, остальная часть стекает в Сырдарью, поэтому вода Сырдарьи абсолютно непригодна для потребления после из города Учкургана;

- для Ферганской долины характерны горные ветры, северные ветры на севере, южные ветры на юге и восточные ветры на западе.

- обилие полезных ископаемых в регионе играет ключевую роль в развитии промышленного производства, но антропогенные отходы из-за специфики воронки приводят к накоплению основной их части на месте;

- загрязнение атмосферного воздуха характеризуется не только природными факторами, но и очень высокой долей антропогенных воздействий, в которых значительна роль промышленного производства и транспорта;

- из-за особенностей метеорологических условий загрязнение воздуха увеличивается с запада на восток и с севера на юг;

- все коллекторно-дренажные воды в долине сбрасываются в Сырдарью;

- промышленные предприятия являются основным источником загрязнения подземных вод;

- химическое загрязнение преобладает в загрязнении подземных вод. Основная причина этого связана с несколькими факторами, такими как горнодобывающая, химическая, нефтеперерабатывающая промышленность, внесение минеральных удобрений и пестицидов в почву;

- Новкат- Кадамджой-Хайдаркон район цветных металлов и радиоактивных веществ на южных склонах остается активным фактором загрязнения горных подземных вод;

- в условиях густонаселенного и орошаемого земледелия, маловодной долины наиболее актуальной и приоритетной задачей является рациональное использование воды, предотвращение загрязнения;

- наиболее актуальной проблемой является эффективное использование имеющихся орошаемых земель в условиях ежегодного роста численности населения, непрерывное повышение плодородия почв, внедрение орошаемых земель в научный менеджмент и т. д .

- в связи с тем, что орошение не проводилось на основе инженерного проекта с участием опытных специалистов, освоение земель проводилось колхозами или небольшими строительными компаниями без обеспечения возможности освоения адиров для орошения и без хорошего понимания землепользования;

- в результате застройки адиров без учета их специфики образовались большие площади эрозии почв, яровой эрозии, удушья, карстовых явлений, засоления, оползней и т.д., в результате чего возникли нарушенные ландшафты;

- Ферганская долина - типичный регион, где процессы дефляции и эрозии происходят в больших масштабах;

- флора и фауна долины разнообразны, что особенно хорошо проявляется в районировании ее высотных ландшафтов. поскольку на адирах, адирах и невысоких горах почти нет деревьев и кустарников, они, как правило, голые, и фауна меняется в зависимости от хозяйственной деятельности человека, как и растения.

- процесс тщательного изучения ухудшения экологических условий на местах, оценка ситуации, ее будущих изменений и прогнозирование ее воздействия на здоровье населения. На самом деле эти концепции, которые начали возникать в разные годы, по сути близки друг другу и логически дополняют друг друга.

В 70-х - начале 80-х годов прошлого века вопросы охраны природы, природопользования и ухудшения экологической ситуации в Ферганской долине только начинали подниматься на повестку дня. Доступная вода, географические аспекты рационального использования водных ресурсов. Опубликованы первые научные заключения местных ученых об изменении ландшафтов под влиянием антропогенных факторов в орошаемой зоне и его экологических последствиях.

Ю.Султанов (1989) провел всесторонний и глубокий анализ региональной и местной экологической ситуации в Ферганской долине и проблем охраны природы и природопользования в конце 80-х годов. В результате этого анализа местные ученые пришли к оригинальным идеям и взглядам на охрану природы и использование ресурсов. Включая;

- идея о необходимости снижения до нормы газовых выбросов конических месторождений и промышленных предприятий в целом (Ю. Султанов, 1989);

- взгляды на создание микрозаповедников в каждом сообществе, чтобы показать все живые и неживые компоненты «дикой» окружающей среды в качестве «свидетелей» для будущих поколений, учитывая сокращение площади природных ландшафтов в долине из-за интенсивного освоения земель (Абдуганиев, 1995);

- посадка бальзама, тополя, белой акации, гнилого дерева, сланца, ясеня обыкновенного, каштана, клена, серебристого джидда на городских улицах области характеризуется высоким поглощением газообразных отходов, во-первых, от автотранспорта, а во-вторых, промышленных предприятий. Учитывая, что эту идею можно рассматривать как наиболее оптимальный вариант очистки воздуха от мусора в сложном орографическом климате, густонаселенных условиях долины (Абдуганиев, 1995);

- использование природных ресурсов в Ферганской долине по-прежнему широко. Важность их рационального использования в густонаселенных районах, где наблюдается дефицит земли, воды и пастбищ, влияние промышленного, транспортного, строительного производства на природную среду также требует оптимизации. В условиях долины на это важно обратить особое внимание. В будущем важно уделять приоритетное внимание обоим видам давления и определять соответствующие практические задачи.

- в 1995 г. И. Абдуганиев и другие впервые отметили, что в связи с преобладанием высотно-ландшафтной зональности в Ферганской долине обмен вещества и энергии имеет двоякий характер: нисходящий гравитационный поток вещества на склонах и движение ветров на равнинах.

- высотно-ландшафтное районирование в долине очень ярко выражено в классическом стиле, каждый регион имеет естественно-исторический характер, хорошо просматривается разнообразие природы, ресурсов, экономики, местонахождения населения. При этом природопользование, охрана природы также отличается своей оригинальностью и территориальностью. Наиболее важно то, что высотно-ландшафтные регионы более или менее неразрывно связаны друг с другом во всех областях, в которых процесс обмена веществом и энергией имеет приоритет. Подъем грунтовых вод в предгорьях и на равнинах и за адиром приводит к засолению почвы и заболачиванию. Тот факт, что этот гидроморфный процесс происходит на месте автоморфных условий, отрицательно сказывается на процессе почвообразования и развития. Эту эколого-ландшафтную идею необходимо глубоко изучить и разрешить положительно (Козоков, Боймирзаев, 2000);

- Одна из важных возможностей для развития орошаемого земледелия - это освоение адилов в условиях дефицита земли. В этой связи А. Максудов и др. (1998), Ю. Султанов (1999), С. Джалолов и др. (2001), К. Научные идеи и взгляды Боймирзаева и др. (2002) вполне обоснованы.

#### ***4. Геоэкологические основы охраны природы и рационального использования природных ресурсов.***

В высокогорьях Ферганской долины, таких как пустыни, адиром, горы, пастбища, образуются различные природные и природно-антропогенные геосистемы. Это древний орошаемый оазис, быстрорастущий и густонаселенный индустриально-аграрный регион с развитой промышленностью, сельским хозяйством, транспортом и другими отраслями. Таким образом, природа долины меняется в результате антропогенного воздействия, и из года в год возникают неблагоприятные геоэкологические проблемы.

Основная задача природно-географических и геоэкологических исследований в долине - оценка современного состояния геосистем с целью разработки методов и мер по оптимизации рационального использования природных ресурсов, соотношения естественной эволюции геосистем и тенденций антропогенного воздействия. В то же время важно определить роль и геоэкологическое значение природных компонентов в формировании геосистем и в управлении негативными экологическими последствиями деятельности человека.

При решении геоэкологических проблем долины также необходимо изучить особенности территориального распределения современного экологического состояния. Потому что тип и степень антропогенного воздействия на каждую геосистему и степень устойчивости геосистемы по отношению к этому воздействию будут разными. Это означает, что экологическая ситуация и способы ее оптимизации в каждой геосистеме разные.

В результате природно-географических, геоэкологических исследований и проведенных в различных ландшафтах пустынь, адилов, горных пастбищ Ферганской долины, разработана система направлений и мероприятий по улучшению экологического состояния, рациональному использованию природных ресурсов разработали Ю. Султанов, И. Абдуганиев, К. Боймирзаев, А. Казаков, А. Назаров, С. Ергашев и другие.

Что касается использования природно-географических и геоэкологических концепций и взглядов для улучшения экологической ситуации в Ферганской долине, следует отметить, что электромагнитное загрязнение увеличивается в городах, поселках городского типа и больших населенных пунктах в долине электрические приборы наносящие вред здоровью человека, и даже риск различных заболеваний в результате такого загрязнения возрастает.

#### **Использованная литература:**

Абдулкасимов А.А. Проблемы изучения межгорно-котловинных ландшафтов Средней Азии. - Ташкент: Изд-во «ФАН», 1983. -С.4-93.

- Бабушкин Л.Н., Когай Н.А. Физико-географические районирование Узбекской ССР. //Тр. ТашГУ, вып.231. Геогр. науки, кн.27. -1964. -263с.
- Исаченко А.Г. Основы ландшафтоведения и физико-географическое районирование. -М.: -1991.-С.3-55.
- Мурзаев Э.М. Средняя Азия. Физико-географический очерк. //1-изд-1947, 2 изд. - 1957, 3-изд. -1961. -М.: Географгиз.
- Охрана окружающей среды в Узбекистане. //Стат. Сборн: - Ташкент: 2002. с. 71-76. 87, 90-91.
- Султанов Ю. Природные условия и физико-географическое районирование южного горного обрамления Ферганы //Авторефер. Дисс. канд. геогр. наук. Киев, 1965-21с.

***А.М. Касымханов***

**КАТОНҚАРАҒАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТАБИҒИ ҰЛТТЫҚ ПАРКІНДЕГІ МАРАЛДЫ,  
ҚАРАКӨЛ ЖӘНЕ ҚАУМЫШ КӨЛДЕРІНІҢ ФИЗИКАЛЫҚ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ  
ГИДРОХИМИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ**

*«Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС-нің Алтай бөлімшесі,  
Өскемен қ., Қазақстан Республикасы*

*E-mail: aibek\_vko01@mail.ru*

Катонқарағай мемлекеттік табиғи ұлттық паркі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 17 шілдесіндегі №970 Қаулысына сәйкес құрылған, Парктің ауданы 643477 га құрайды және Қазақстан Республикасындағы ең ірі ұлттық паркі болып табылады. Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі (КМҰТП) Шығыс Қазақстан облысында Катонқарағай ауданында орналасқан. Ұлттық парктің аумағы Оңтүстік Алтайда орын алып, көптеген жоталары бар, теңіз деңгейінен 3000 метрге дейін жоғары көтеріледі [1].

Паркте барлығы 400-ге жуық көл бар. Олардың басым бөлігі – шағын көлдер, олардың аумағы бір шақырымға дейінгі мөлшерді қамтиды. Ең ірі көл – Бұқтырма көлі Бұқтырма өзенінің бастауына жақын жерде, орман алабының жоғарғы шегінде орналасқан (теңіз деңгейімен салыстырғанда 2056 м биіктіте), оның ұзындығы 5,3 км, ені 1,1 км, ең терең жері - 22 м дейін жетеді. Оған жақын жерде Үлкен Рахман көлі орналасқан. Оның ауқымы екі есе кіші, алайда тереңдігі 30 м дейін жетеді. Тағы да ірі үш көл бар - Қаракөл (3x0,7 км), Қаумыш (4x0,6 км) және Маралды (3,5x1 км) – олар Листвяга жотасында орналасқан. Бұл көлдердің сулары балыққа бай (1 сурет). Әсіресе аққайран мен хариус балықтары аталмыш көлдердің ихтиофаунасында кездеседі.



Қаракөл көлі



Қаумыш көлі



Маралды көлі

1 сурет – Катонқарағай мемлекеттік табиғи ұлттық паркіндегі Қаракөл, Қаумыш және Маралды көлдері

Қаракөл (Язевое) көлі теңіз деңгейімен салыстырғанда 1685 м биіктікте орналасқан, ол Қатын мұздығының бір тармағының бойында қалыптасқан. Оның ұзындығы 3 км құрайды, ені 700 м, тереңдігі 10 м дейін жетеді. Судың түсі сарғыш-жасыл, жағалаулары құммен көмкерілген, малта тастар мен қой тастар көп кездеседі. Көлге екі атауы жоқ шағын бұлақтар мен Язевая өзені құяды.

Қаумыш көлі ежелде мұздықтың бастауы болған шағын шұңқырда орналасқан. Көл теңіз деңгейімен салыстырғанда 1915 м биіктікте жатыр. Оның ұзындығы 4 км, ені 600 м, тереңдігі 9 м дейін жетеді, суының түсі қара қоңыр болып келеді. Жаз мезгілінде судың беткі қабатындағы температурасы +20,5 °С, су түбіндегі температурасы 14 °С шамасында ауытқиды. Көлдің оңтүстік-батыс жағалаулары құмды-қойтасты, кейбір жерінде малта тастар да кездеседі. Көлге бірнеше ұсақ өзендер мен ұзындығы 12 км созылатын Қарасу өзені келіп құяды. Көлден Черновая өзені ағып шығады.

Маралды көлі теңіз деңгейімен салыстырғанда 1718 м биіктікте орналасқан. Ол тектоникалық сипатта пайда болған шайынды ойпатта (жазықта) орналасқан, кейінірек, қалдықтар мен мұз үйінділерімен толыққан. Көлдің аумағы 2,1 шаршы км құрайды, тереңдігі шамамен 6 м дейін, жағалаулары топырақты және құмды саз балшықтармен, тұнып қалған құмдармен, ал бастауларында – малта тастар кездеседі. Көл жағалауының мұндай сипатта болуы оның ежелгі көл екендігін көрсетеді. Көлге ұзындығы 15 км созылып жатқан Маралды өзені мен ұзындығы 10 км созылатын Хайрюзовка өзені құяды. Көлден салыстырмалы түрде ірі, ағысы қатты Белая өзені ағып шығады.

Қаракөл, Қаумыш және Маралды көлдерінің қысқаша морфометриялық мәліметтері 1 кестеде келтірілген.

1 кесте – Катонқарағай МҰТП көлдерінің сипаттамасы

Көл атауы	Ауданы, га	Ұзындығы, Км	Ені, км	Максималды тереңдігі, м	Географиялық координаттары
Қаракөл	159	3,0	0,7	10,0	N 49°33'43" E 86°18'39"
Қаумыш	147	4,0	0,6	9,0	N 49°25'50" E 86°07'06"



Маралды	192	3,5	1,0	6,0	N 49°26'11" E 85°59'15"
---------	-----	-----	-----	-----	----------------------------

2019 жылы Катонқарағай МҰТП су айдындарында гидрохимиялық зерттеу жұмыстары жаз мезгілінде жүргізілді. Су сынамалары Қаракөл, Маралды және Қаумыш көлдерінен алынды. Су сынамалары физикалық-химиялық параметрлері, газдық режимі, иондық және биогенді құрамы бойынша зерттелді.

Зерттеулер кезеңінде су температурасы 18,0-20,5 °С шамасында болды. Табиғи сулардың түсі негізінен қарашірік пен үш валентті темір қосылыстарының болуына байланысты [2]. Су түстілігі бойынша су сынамалары өте аз түсті суларға жатады. Зерттелген көлдердегі түстілік мөлшері бойынша елеулі айырмашылықтары байқалмады. Тотығу дәрежелері аз шамада өзгерді: 2,3-2,4 мг/дм<sup>3</sup> (өте аз тотығу). 2019 жылы органикалық заттардың мөлшері 2018 жылдың нәтижелерімен салыстырғанда орташа есеппен 2 есеге төмендеді (2 кесте).

Зерттелген көлдерде рН мәні 7,4-тен 7,9-ға дейін ауытқыды. Су аз сілтілі орта болып сипатталды. Көлдерде сутектік көрсеткіштің ұлғаюы және сілті орта жаққа ығысуы байқалды. Жалпы, Қаракөл, Қаумыш және Маралды көлдеріндегі рН мөлшері балық шаруашылықтық су айдындарына арналған шектік рұқсат етілген мөлшерден (ШРМ<sub>бш</sub>) аспады. Су сынамаларында карбонатты тепе-теңдік бойынша рН ортасына сәйкес гидрокарбонат-иондарының саны карбонат-иондарының мөлшерінен басым болды.

Катонқарағай МҰТП су айдындарының оттегі режимі бойынша гидробионттар үшін қолайлы деп санауға болады. Судың беткі қабатынан алынған сынамаларда еріген оттегі мөлшері 8,4-8,7 мг/дм<sup>3</sup> шамасында болса, тереңдік қабатынан алынған сынамаларда – 7,5-7,8 мг/дм<sup>3</sup> мөлшерінде өзгерді. Судағы еріген оттегінің ең аз мөлшері Қаумыш көлінің тереңдіктегі сынамаларында тіркелсе, ең жоғарғы мөлшері – Қаракөл көлінің беткі қабатында байқалды.

2 кесте – Катонқарағай МҰТП су айдындарының негізгі гидрохимиялық көрсеткіштерінің орташа мәндерінің динамикасы

Зерттеу жылы	Н	Еріген оттегі		Биогенді қосылыстар, мг/дм <sup>3</sup>				Органикалық заттар, мгО/дм <sup>3</sup>	Минералдануы, мг/дм <sup>3</sup>
		мг/дм <sup>3</sup>	қанығуы %	NH <sub>4</sub>	NO <sub>2</sub>	NO <sub>3</sub>	PO <sub>4</sub>		
Қаракөл көлі									
2019	7,8	8,7	93,8	0,10	< 0,007	< 0,1	0,02	2,4	24
2018	6,8	8,3	90,5	0,48	0,004	<0,10	<0,005	5,5	36
2017	7,4	8,8	91,3	0,47	0,030	2,98	0,13	1,1	48
Қаумыш көлі									
2019	7,5	8,6	93,85	0,14	< 0,007	< 0,1	0,01	2,3	21
2018	6,5	8,1	89,9	0,27	0,005	<0,10	<0,005	4,2	31
2017	7,6	8,6	90,6	0,57	0,030	3,53	0,17	1,8	40
Маралды көлі									
2019	7,5	8,4	92,95	0,13	< 0,007	< 0,1	0,01	2,4	20
2018	6,6	8,0	88,7	0,79	0,004	<0,10	0,024	3,8	31
2017	7,3	8,9	92,7	0,54	0,03	2,61	0,15	1,1	21

Зерттелген көлдерде судың минералдануы 20-24 мг/дм<sup>3</sup> шегінде ауытқыды. 2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда Қаракөл және Маралды көлдеріндегі минералдану шамасының төмендеуі байқалады. Катонқарағай МҰТП су айдындарының суы минералдану көлемі бойынша ультратұщы, аз минералданған болып жіктеледі.

Көлдегі судың қаттылығының көрсеткіштері бойынша «өте жұмсақ» болып жіктеліп, зерттелген иондарының мөлшері ШРМ<sub>бш</sub> аспады [3]. О. А. Алёкиннің жіктеуі бойынша су сынамалары гидрокарбонатты натрийлі тобының бірінші түріне жатады, себебі  $\text{HCO}_3^- > \text{Ca}^{2+} + \text{Mg}^{2+}$  қатынасы байқалды.

Биогендік қосылыстардың құрамында аммонийлік азот, нитрит, нитрат және фосфат иондарынан құралады. Аммонийлік азот су айдындарында негізінен тазартылмаған ағынды сулармен, атмосфералық жауын-шашынмен, сондай-ақ су түбінде ыдырайтын органикалық заттардан түзіледі [4]. 2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда зерттелген су айдындарында биогенді заттардың мөлшері төмендеген. Судағы аммонийлік азоттың құрамына үш құбылыс бірдей әсер етеді: біріншіден, бұл су айдынындағы су көлемінің өзгеруі, екіншіден, су флорасы мен фаунасының дамуы; үшіншіден, аммоний азотының оттегі мен нитрификатор бактерияларының әсерінен тотығуы нәтижесінде ол нитраттар мен нитриттерге тотығады [5]. Аммонийлі азот Қаракөл көлінде 0,10 мг/дм<sup>3</sup>, Қауыш көлінде 0,14 мг/дм<sup>3</sup>, Қаракөл көлінде 0,13 мг/дм<sup>3</sup> шамасында болды. 2019 жылғы гидрохимиялық зерттеу нәтижелері бойынша нитраттар мен нитриттердің шамасы анықтау шегінен төмен болды. Фосфат-иондарының мөлшері 0,01-0,02 мг/дм<sup>3</sup> құрады. Биогенді қосылыстар бойынша балық шаруашылықтық су айдындарына арналған рұқсат етілген нормативтардан асып кетуі тіркелген жоқ.

Қорытындылай келе, Қатонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі көлдерінде 2019 жылы жүргізілген гидрохимиялық зерттеу нәтижелері бойынша рН аз сілтілі ортасын көрсетіп, судағы еріген оттегінің құрамы 2018 жылмен салыстырғанда жоғарылап, суы тұщы болып сипатталды. Биогенді қосылыстардың мөлшері балық шаруашылықтық маңызы бар су айдындарына арналған шектеулі рұқсат етілген мөлшерден аспады. Жалпы, зерттелген су айдындарының гидрохимиялық жағдайы бойынша гидробионттардың тіршілік етуіне қолайлы болды деп тұжырымдауға болады.

#### **Библиографиялық тізімі:**

<http://br.katonkaragai.kz/kz/biz-turaly.html>

*О. А. Алёкин*, Основы гидрохимии // Ленинград: Гидрометеоздат, 1953. – 295 с.

Перечень рыбохозяйственных нормативов: предельно допустимых концентраций (ПДК) и ориентировочно безопасных уровней воздействия (ОБУВ) вредных веществ для воды водных объектов, имеющих рыбохозяйственное значение. – М.: Изд-во ВНИРО, 1999. – 304 с.

*С.Г. Харина, Т.П. Колесникова*, Динамика содержания биогенных элементов в воде водохранилищ агроландшафта в Амурской области. – Вестник КрасГАУ, 2009 №11 – 25 с.

*И.А.Келлер, А.Б.Китаев*, Динамика биогенных веществ в Воткинском водохранилище.- Географический вестник / Гидрология, 2011. – 39 с.

**С.А. Гармашова, Г.Ж. Калелова, Н.Б. Ордабек**

**ҚАЗХРОМ ЖШС КӘСПОРЫНЫНЫҢ АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАСЫНЫҢ  
ЛАСТАНУ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ**

*«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КеАҚ  
[garmashova0705@mail.ru](mailto:garmashova0705@mail.ru)*

Қоршаған ортаны қорғау мәселелері қазіргі кезде ең негізгі алға қойылған мақсаттардың бірі. Өндірістік кәсіпорындардың, энергетикалық жүйелердің және көліктердің атмосфераға, гидросфераға және жер қойнауына тасталымдары, ғылым мен техниканың қазіргі замандағы даму кезеңінде кейбір аймақтарда, әсіресе ірі өндірістік орталықтарда ластану деңгейлері санитарлық нормалардан бірнеше есе асып кетеді.

Соңғы жылдары әлемнің көптеген елдерінде жүргізілген экологиялық зертеулер көрсеткендей антропогендік факторлардың қоршаған ортаға әсер етулерінің барған сайын өсуі оларды дағдарыс шегіне алып келді. Экологиялық дағдарысты құрайтындардың ішінен ауыз суының жетіспеушілігі, шикізат ресурстарының сарқылуы, климаттық апаттар, әсіресе ауыстыруға келмейтін табиғи ресурстар-су, топырақ, ауаның өндірістік және көлік қалдықтарымен ластануы өте қауіпті сипат ала бастады.

«ҚазХром» ААҚ Ақтөбе ферроқорытпа зауыты Ақтөбе қаласының ірі өндірістік урбанизацияланған территорияның шегінде орналасқан, ол Ақтөбенің өндірістік – экономикалық аймағының бір бөлігі болып табылады.

Зауыттың нысандары 2 өндірістік алаңда орналасқан.

Кәсіпорынның негізгі іс-әрекеті - ферроқорытпа өндірісі: жоғарғы көміртекті (6 маркалы), орташа көміртекті (3 маркалы), төменгі көміртекті (4 маркалы) ферробалқытады және металл концентратын (3 маркалы) өндіреді.

Көп салалы өндірістік кәсіпорынның іс-әрекеті қала атмосферасының ауасына кері әсер етеді. Ақтөбе қаласының атмосферасына зиянды компоненттедің тасталымдарының үлкен мөлшері белгілі бір ортаға әсер етеді. Аймақтық техногендік әсер етулердің нәтижесінде қоршаған орта өзгеріске ұшырайды.

Атмосфераның зиянды заттармен ластануын төмендету қоршаған ортаны қорғаудағы маңызды мәселеле болып табылады. Соңғы жылдары жобалық және ғылыми ұйымдармен орындалу үшін ауа ортасының тазалығына қойылатын көптеген нормативтік құжаттар жасалған, ауа ортасын қорғау бойынша бір қатар стандарттар, нормалар және ережелер бекітілген. Нақты кәсіпорынның ШРТ нормативтерінің жобасы тасталымдар көздерін, зертханалық зерттеулерді, есептеулер көлемін алдын-ала санақтан өткізуді талап ететін ғылыми-зерттеу жұмыстарын көрсетеді.

Берілген жұмыстың мақсаты Ақтөбе ферроқорытпа зауытының негізгі көздерінен бөлінетін зиянды тасталымдардың Ақтөбе қаласында қоршаған ортаға әсер ету жағдайларын талдау болып табылады.

Зерттеулер нәтижелерінде ферро қорытпа зауытында ауаға бөлінетін зиянды заттардың көлемі біршама азайды.

Ғылыми–техникалық тұрғыдан талдау

Қара және түсті металлургияда қолданылатын шаң тазалау жөніндегі ғылыми–техникалық тұрғыдан талдауы, соңғы үш онжылдықта қайтымды газды тазалау қағидасы өзгермегенін көрсетеді. Тазалаудың тек кезеңділік саны мен газтазалаушы аппараттардың комбинациясы тазалау жүйесінде өзгереді.

Ферроқорытпа пешінің негізгі шаң сұрағы орташа алғанда өнімнің шамасында 15–20кг/т.

Ферроқорытпа өндірісіндегі газды құрғақ және сулы әдіспен тазалайды. Сулы әдіс кезінде скруббер Вентури (батарея) тобы мен  $P=15\text{кПа}$  қолданады. Бастапқы газдың шаңдануы  $2550\text{--}300\text{ мг/м}^3$  соңынан шаңдану шамамен  $40\text{мг/м}^3$  (87–98,5%) /21/ тұрады.

Жабық электропеш газын жиі екі кезеңмен тазалайды: бірінші кезең – толы скруббер, екінші – жоғары қысымды Вентури скруббер ( $\Delta P=20\text{кПа}$ ). Мысалы, қуаты 20 МВт электрпешінен шығатын газдарды тазалайтын құрғақ горизонталь электрсүзгі жұмысын зерттеу кезінде қорытылатын ферро-сықпакохромнан шығатын шаң концентрациясы  $900\text{--}1800\text{ мг/м}^3$  құрады. Осы шарттарда құрғақ электрсүзгіші жұмыс істеген жоқ. 1–ші сатылы тазалауда толық сулы скрубберді орнату туралы шешім қабылданды.

Скруббердегі тазаланатын газ  $300\text{--}340^0\text{C}$ –ден  $85\text{--}90^0\text{C}$ –ге дейін суыйды. Газды дайындау нәтижесінде ұсталатын шаңның меншікті электрлік кедергісі қауіпті мәннен төмен түсті, ал электрсүзгіден кейін газдардағы шаңконцентрациясы  $186\text{мг/м}^3$  аспады.

Жабық ферробалқытар пештерінің газдарын құрғақ тазалау газдарды алдын-ала суытып маталы сүзгілермен жүргізіледі.

Жабық пештегі газды тазалауда дүниежүзілік тәжірибеде кезбелі сүзгіш және сулы тазалағыш жүйені қолданады /23,24/.

Ашық пештегі кетуші газдағы шаң әдетте 200–2400 мг/м<sup>3</sup> мөлшерде болады /21/. Мысалы, 16,5 мВ\*А қуаттағы электропеш кезінде шығатын газ мөлшері 180–200мың.м<sup>3</sup> жетеді, 200–300<sup>0</sup>С температурада, ол газдағы шаң концентрациясы–100–300 мг/м<sup>3</sup>.

Жабық электропештегі кетуші газ шаңдану 150-300 м/м<sup>3</sup> құрайды. Шаңды технолошиялық газдармен шығару 3-30 құрайды. Тасталынатын буға айналынған шаңның құрамы мысалы мынандай:

Фракция мөлшері, мкм < 10 10-40 >40

Құрамы (%) 40-90 10-30 қалғаны

Қуатты көп емес ашық пештерге циклоннан (D=250 мм) және екі

кезендік тазалағыш қондырғыдан тұратын газтазалағыштар қолданылады (30%): I кезең – шаңлы комералар, II – Вентуры құбырлары немесе электросүзгіштер. Екікезендік тазалау жүйесін қолдану шаңның концентрациясын 20-70 мг/м<sup>3</sup> /22/ төмендетуге мүмкіндік береді. Шлактарды өндеудегі қондырғыларға мыналарды қолдану көрсетіледі: герметикалық агрегаттардыауаны тазалау және сору; ұнтақтау сұрыптау, бөлімінің аспирациясы мен гидрошандандырмауы; пайда болған орнына жақынырақ шлактарды өндеу, суығанна кейін шлактарды сумен күйю.

Орташа өндіргіші ашық пешті тазалауда 1,0-1,2 МВт. Пеште пайда болатын газдардың шығыны V=KN, сәйкес оның қуатына N(кВА) байланысты, K коэффициент мәні әрбір балқылама үшін тұрақты «Гипросталь» институтының мәліметі бойынша ол 45% ферросилиция үшін 0,158; 65%-тік 0,149; 75%-тік 0,146 және т.б. құрайды.

#### Әдебиеттер тізімі

- Маслов Н.В., «Градостроительная экология», – М.: «Высшая школа», 2006г. – 284с.  
Денисов В.В., Гутенев В.В., Луганская И.А., «Экология», – М.: Вузовская книга, 2006г. – 469с.  
Прохоров Б.Б. «Экология человека», –М., Издательский центр «Академия», 2006–336 с.  
Тетиор А.Н. «Городская экология», – М.: Издательский центр «Академия», 2006г. – 336с.  
Круженко Н.Н., «Экологический мониторинг», – М.: Маршрут, 2005г. – 132с.

**Г.Ж. Калелова, С.А. Гармашова, Қ. Тоқай**

ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ СЫРДАРИЯ ӨЗЕНІ АЛАБЫНЫҢ СУ  
РЕСУРСТАРЫН ҚОРҒАУ

«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ  
[gkalelova@bk.ru](mailto:gkalelova@bk.ru)

Өзен бассейнінің шаруашылық және табиғи даму жүйесінің стратегиялық қолданылуына байланысты су ресурстары Қазақстандағы лимиттеуші ресурс болып табылады.

Негізгі қаржы салу суландыру жүйесін ұйымдастыруға, су шаруашылық және су қорғау шараларына, өзен бассейнінде су ресурстарын рационалды қолдануға және экологиялық жағдайды жақсартудағы мүмкіндікке, экономика саласында сумен қамтуды жақсартуға, сонымен қатар инженерлік орнатулар мен қондырғыларға бағытталады.

Ұйымдастыру пайдасы және су шаруашылық жинақ негізгі қорының қайта өңделуі, өзен бассейні жер-су ресурсы жүйесінің қолданылуындағы алғашқы өзгеріс қатты маңызды.

Бұл мәселенің негізгі шарттарының табысты шешілуі қарастырамыз. Осы міндеттерді табысты шешудің негізгі шарты кешенді болып табылады, суды бөлу мен пайдалануды оңтайландыру негізінде өзендер бассейндері мен өңірлердегі табиғи-шаруашылық кешендерінің үдемелі дамуын қамтамасыз ету мақсатында аталған проблемалардың өзара ықпалы мен шарттылығын ескеру керек.

Көрсетілген осы мәселе Сырдария өзенінде көп кездеседі. Су ресурстарына рұқсат етілген залал, рационалды қолдану сұрақтарымен және іргелес тәуелсіз мемлекеттер арасындағы суды бөлу стратегиясымен байланысты.

Басқа жағынан қарағанда көп сулы жылдар максималды гидротехникалық құрылғылар арқылы су шығынын өткізу мәселесін туғызады. Сырдария өзен аңғары сағасының максималды шығыны табиғи процестер негізіне, ал кейбір жағдайларда мемлекеттер арасындағы келіссөз әрекеттер негізінде орын алады.

Сондықтан, Сырдария өзенінің су қорғау шаралары, трансшекаралық өзен аңғарларының су бөлу тұжырымдамасы, сонымен қатар максималды су шығынының өтуі, Қазақстан Республикасы үшін табиғи немесе жасанды процесс ретінде қалыптасуы айрықша белсенді мәселе болып табылады.

Сырдария өзен аңғарының ауа-райының негізгі бөлігі құрғақтылығымен және тез континенталдығымен ерекшеленеді. Мұндай климатқа сәйкесінше, ыстық жаз, салқын қыс бөлігі, жылдық және тәуліктік ауа температурасының амплитуда тербелісі сай келеді. Ауаның көп бөлігінің құрғақтығы, аз бұлттылық, судың тапшылығы жылдық бөлудің және мәнсіз қарлы жабындының тепе-теңдіксіз орын алуына әкелді. Қарастырылып отырған аумаққа ауа-райының шартты мінездемесі бақылауға орташа көп жылдық мәндерін қарастыратын метеорологиялық станция берілген. Олар: Шардара (271 мБС), Туркестан (206 мБС), Қызылорда (128 мБС), Қазалы (66 мБС) және Арал теңізі (62 мБС). Қарастырылып отырған аймақтың орташа жылдық температурасы +7,2 °С (м/ст. Арал теңізі)-тан +13,4 °С (м/ст. Шардара) дейін. Салқын уақыт қараша айынан бастап наурыз айына дейінгі аралықты қамтиды. Ең салқын уақыт қаңтар айы, орташа темпреатурасы – 2,1°С (м/ст. Шардара) бастап – 13,1°С (м/ст. Арал теңізі) дейін. Абсолютты минимум– 40 °С (м/ст. Қазалы) дейін жетеді.

Арал маңында рационалды емес шаруашылық әсерінен Арал теңізі аңғарында ұлттық деңгейде экологиялық жағдай орын алды.

Арал теңізінің қиын жағдайы 1960 жылдары ауылшаруашылық өндіріс пен су қолдану әсерінен белгілі бола бастады. 1961 жылдардан бастап теңіз деңгейі төмендей бастады. Жалпы төмендеу деңгейі көп жылдық (1961 жылға дейін) нәтижемен салыстырғанда 1985 жылдардың басында 12,5 м жетті (2005 ж – 17м). Төмендеудің орташа көп жылдық интенсивтілік шарты 0,5 м болса, аз су болған жылдары 0,6-0,8 м/жыл болды. Ішкі жылдық су деңгейі де өзгеріске ұшырады. Теңіз деңгейі төмендеуі әсерінен оның ауданы 1990ж бас жағында 38 мың км<sup>2</sup> (1961 ж. дейін, аудан- 65 мың.км<sup>2</sup>), ал судың көлемі - 376 км<sup>3</sup> дейін жетті.

Кеуіп кішірею және басқа факторлар әсерінен судың тұздылығы 10 г/л 1965 жылы 100 дейін (Үлкен теңізде) 28 г/л (Кіші теңізде) 2002 ж. өседі. Органикалық және биогенді заттар әсерінен судың сапасы қатты төмендейді. Арал теңізінің ластануы мен тұздануы 1970-жылдары тұрғылықты теңіз мекендеушілердің жойылуына әкелді. Теңіз тұздылығы 14 г/л болғанда - биомасса және фитопланктон саны 3-5 есеге кішірейді.

Осының әсерінен көп балықтың көбеюі күрт төмендеді, түгелге дерлік қозғалыс әрекеті тоқтатылды.

Солтүстік Арал маңындағы айрықша мәселе санына мыналар кіреді:

- Арал маңы аумағының құрғақтауы;
- Арал теңізі мен сағасына түсетін Сырдария ағысының кіші көлемі;
- су түбі деңгейінің төмендеуі, сағаның құрғауы, теңіз тұздылығының жоғарылауы, ауданның климаттық жағдайының нашарлауы, сағаның су тасқыны мен су басуының тоқталуы;

- Арал теңізінің түпкі жағадан 100 км ден аса азаюы, балық шаруашылық өзені аумағының кішіреюіне, балық аулауға әсерін тигізді.

Тұздылығы мен құрғақтылығына байланысты бағалы шұрайлы жерлерде дамымауға ықпал болады. Ауа қабатына шаңды аэрозольдың түсуі оның беткі әсерінен 0,756-дан 0,68 дейін (сәуір) және 0,74-ден 0,69 дейін (шілде) төмендеді және күндік сәуле мен кететін радиацияның орналасуын шашыратты. Арал теңізінің қосымшасы 54% (орташа жылдық) және 93% (қысқы) төмендеді және ауа қабатының жылу алмасу процесіне өзгеріс енгізді.

Мәндердің салыстырымдары жер суландыру су ресурстары қолдану саласында мұндай су қолдану көлеміне сәйкес келмейді. Мұндай сәйкессіздік төменгі коэффициент бойынша жер суландыру жүйесіне, шаруашылық емес салада, бір жағынан өзенге қажет су санына байланысты.

#### Әдебиеттер тізімі

*Заурбек А.К.* Управление водными ресурсами в бассейне реки Сырдарья в пределах территории Казахстана. Проект. – Тараз: ДГП НИИВХ, 2005. – 43 с.

Отчетные материалы Арало-Сырдарьинского БВИ за 2009 год.

*Чагай Е.Е., Сейтбембетов К.С.* Экологическое состояние водных ресурсов и влияние состояние воды на окружающую среду.

//Современные проблемы Арало-Сырдарьинского бассейна. Информационный бюллетень, №5. 2006. -С. 56-60.

#### *Нурпейсова А.М., Сапаров К.Т.*

#### ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӨСІМДІК ЖАМЫЛҒЫСЫ МЕН ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІНІҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АТАУЛАРДА БЕЙНЕЛЕНУІ

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр - сұлтан қ.,

e-mail: [akerke\\_140285@mail.ru](mailto:akerke_140285@mail.ru)

Қостанай облысының табиғи жағдайларының әртүрлілігі, ландшафт ерекшеліктері өсімдік жамылғысы мен жануарлар дүниесі ареалының кеңдігін айқындайды. Әрбір ландшафттық зонада (табиғи) өзіне тән өсімдік жамылғысы өседі, жануарлар дүниесі мекендейді. Сондықтан орманды дала, дала, шөлейт зоналарында тіршілік ететін өсімдік жамылғысы және жануарлар дүниесі жиі кездесетіндіктен, жер - су атауларында көрініс тапқан. Аумақ жеріндегі географиялық атауларда жергілікті табиғат жағдайларын сипаттайтын деректер көптеп кездеседі.

Қостанай облысының флорасы 454 туыс пен 107 тұқымдастың 1223 түрінен тұрады. Бұл түрлер өсімдіктер әлемінің 5 патшалығына жатады: плаундар, қырықбуындар, папоротниктер, жалаңаштұқымдылар және жабықтұқымдылар. Облыс аумағында плаундардың екі түрі бар: шоқпарбас және жылдық плаундар. Бұл өсімдіктер Қостанай облысының Қызыл кітабына ұсынылған. Қырықбуындардың 6 түрі, папоротниктердің 11 туыс пен 9 тұқымдастың 13 түрі кездеседі. Жалаңаштұқымдардың 5 түрі: қарағай, Сукачев бал қарағайы, қосмасақшалы қылша, кәдімгі және қазақ аршасы. Ең үлкен топты құрайтын жабықтұқымды өсімдіктердің 1006 түрі бар. Олар 2 класқа бөлінеді: даражарнақты (дәнді, қияқ тұқымдастар, орхидея, елекшөптер және т.б.), қосжарнақты (сарғалдақ тұқымдастар, қалампырлар, раушандар, бұршақ тұқымдастар, айлаулықтар, сабынкөктер, [ерінгүлділер](#) және т.б.). Қостанай облысының аумағында 85 сирек кездесетін және жоғалып кету қаупі бар өсімдіктер кездеседі. Олардың ішінде 17 түрі II статусқа (қорғауға өте мұқтаж), 64 түрі сирек категориясына (III статус) жатады және 4 түрі популяция жағдайын бақылауға мұқтаж (IV статус).

Қостанай облысының жануарлар дүниесі мыңдаған омыртқасыздардың түрлерін, балықтың 24 түрін, қосмекенділердің 3 түрін, бауырымен жорғалаушылардың 6 түрін, облыс шегінде ұя салатын құстардың 150 - ден астам түрін, ұя салмайтын, бірақ облыс шегінде тұрақты немесе мезгілмен болатын құстардың 29 түрін, облыс аумағы арқылы қыстайтын жерлерден көбею орындарына және кері қарай ұшып өтетін құстардың 40 - қа жуық түрін, сүтқоректілердің 60 - тан астам түрін құрайды. Омыртқалы жануарлардың 318 түрі мекендейді [1].

Өсімдік жамылғысына байланысты топонимдер өсімдік түрлерінің бұрынғы, қазіргі атаулары туралы ақпарат бере отырып, ландшафттардың келбетін қалпына келтіруге көмектеседі. Өсімдік жамылғысының зоналық таралу ерекшеліктері оны пайдаланудың маусымдық жүйесін қалыптастырады. Топонимикалық зерттеулердің ландшафт өзгерістеріне қатысы да көбіне фитонимдердің таралу ареалымен байланысты мәселелерде көрініс табады. Бұл белсенді компонент ретіндегі өсімдік жамылғысының палеоклиматтық, палеогеографиялық зерттеулерде арнайы бағдар беруші нысан бола алатындығын көрсетеді.


Қостанай облысының фитонимдер жиынтығын құрайтын өсімдік атауларын бірнеше топшаға бөлуге болады:

1. Ағаштардың атауларымен байланысты фитонимдер: Ағаштыкөл (қоныс, Амангелді ауд.), Бетағаш (жыра, Арқалық қ.ә.), Сыпсынағаш (қоныс, Наурызым ауд.), Аманқарағай (қоныс, Әуликөл ауд.), Аршалы (жыра, Арқалық қ.ә.), Еменкөл (батпақ, Қарабалық ауд.), Теректі (өзен, Қарасу ауд.), Талдықарасу (өзен, Аман. ауд.), Қайыңдышоқы (тау, Аман. ауд.).

2. Бұта тектес өсімдіктердің атауларымен байланысты фитонимдер: Бұтақсай (жыра, Аман. ауд.), Терісбұтақ (жыра, Қарасу ауд.), Қаратоғай (ауыл, Жангелді ауд.), Жыңғыл (төбе, Аман. ауд.), Тобылғы (өзен, Жанг. ауд.), Шеңгел (батпақ, Қараб. ауд.).

3. Шөптесін өсімдіктердің атауларымен байланысты фитонимдер: Шөптікөл (көл, Жітіқара ауд.), Бидайықкөл (көл, Арқалық қ.ә.), Сарыбидайық (қоныс, Жанг. ауд.), Өлеңдікөл (көл, Наур. ауд.), Кеңшалғын (төбе, Әулие. ауд.), Қияқтысай (өзен, Арқалық қ.ә.), Ұзынқамыс (сор, Жанг. ауд.), Ұзынқоға (төбе, Аман. ауд.), Миялы (өзен, Аман. ауд.), Тобылғы (өзен, Жанг. ауд.), Егінкөл (көл, Әулие. ауд.), Шилі (өзен, Әулие. ауд.), Саманкөл (батпақ, Таран ауд.) және т.б.

Статистикалық әдісті пайдалану нәтижесінде есептеулер жүргізіліп, Қостанай облысы фитонимдерінің терминдік құрамы анықталды (сурет 1).



Сур.1 . Қостанай облысы фитонимдерінің терминдік құрамы

Фитонимдер құрамында бидайық, қамыс, тал, қоға, ағаш, қайың, ши, егін, қарағай, терек, шөп терминдері ең көп кездеседі. Облыс аумағындағы анықталған 489 фитонимнің

63 *бидайық* термині негізінде жасалғаны анықталды. *Бидайық* терминін Ғ. Қоңқашбаев «пішіні табақ тәрізді тұйықталған өсімдіктер өсетін жер» ретінде сипаттайды [2]. Қостанай облысының микротопонимиясындағы бидайық терминінің негізінде қалыптасқан *Жарбидайық*, *Жетіорақбидайық*, *Қарабидайық*, *Өтегенбидайық*, *Сарыбидайық*, *Төлегенбидайық*, *Үшбидайық*, *Шұқырбидайық* сияқты жер аттары «Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогының» 14 томында тіркелген. Бұл топонимдердің таралу ареалы бидайықты – әр түрлі шөпті өсімдік бірлестіктерінің шоғырланған жерлеріне сәйкес келеді. Топонимияда бұл терминнің қатысуымен жасалған географиялық атаулардың болуының өзі мал шаруашылығына қолайлы жерлер жөніндегі ақпарды жеткізу мақсатында туындаған. Облыстағы фитонимдердің 58 атауы *қамыс* термині негізінде жасалған. *Қамыс* фитонимін семантикалық жағынан гидронимдік терминнің эквиваленті негізінде қарастыруға болады. Қамыс – көл, су маңында ғана өсетін өсімдік түрі. *Өлең* өсімдігімен байланысты атаулар тобы да ылғал жеткілікті аудандарға тән. Өсімдік атауының өзі көне түркілік «өл» сөзімен байланысты деп топшылауға болады. М. Қашқаридың сөздігінде өл «ылғал, дымқыл, жас» деген мағынада қолданылатынын, бірақ оғыз тайпалары мұны білмейтіні туралы деректер келтірген [3].

Профессор К.М. Мусаевтың пікірінше «*ағаш*» сөзінің шығу тегі өте көне, өсімдік атауынан бұрын пайда болып, барлық түркі тілдес халықтарда кездесетінін, ареалы тек семантикалық тұрғысынан ғана ажыратылады деп түсіндіреді. Ағаш лексемасының су сөзіне семантикалық жағынан эквивалент болуын Е. Жанпейсов көптеген зерттеулерді талдау негізінде былай түсіндіреді: «Судың қозғалысын белгілеуде ағ~ақ қолданылады. Бұл *ағаш* сөзінің негізін құрап, тарихи тұрғыдан алсақ, бұл сөз *су* дегенді білдіреді» [4]. Осы көзқарастың негізінде «*өсімдік*» мағынасындағы ағаш термині «*сулы*», «*су*» дегенді білдіретін терминнен кейінірек пайда болған деген түсінік бар. Шөлейт далаларда ағаштар негізінен су көздерінің маңында ғана шоғырланған. Каймулдинова К.Д.: «*Ағаш* деген терминмен негізінен жапырақты ағаштар өскен орман алқаптары аталады. Бұл сөз қазақтарда орман мағынасында да қолданылады» деп тұжырымдайды [5]. Қостанай облысы аумағы бойынша ең жиі кездесетін ағаш атаулары қайың, қарағай, терек болып табылады. Ағаш атаулары әдетте орман, қоныс атауларында, оронимдер мен гидронимдерде жиі кездеседі.

*Қарағай* негізінен қылқанды ағаштарды жалпылама атау үшін және нақты қарағай ағашына қатысты қолданылатын термин болып табылады. *Қарағай* атауы ойпатты - жазықты жер бедерінде қалыптасқан солтүстік далаға тән топонимдер тобын құрайды. Қарағаймен байланысты географиялық атаулар тобы көп жағдайда ландшафт өзгерістеріне айқын индикатор бола алады. Дала белдеміндегі құмдардың ауқымында тараған қарағай шоқтары Қостанай облысындағы *Арақарағай*, *Аманқарағай*, *Наурызым қарағай* ормандарын құрайды.

А. Левшиннің мәліметтеріне сәйкес, қарағай мен қайыңнан тұратын Аманқарағай орманының ұзындығы 60 верст ( $\approx 64$  км), ені 40 верстке ( $\approx 42$  км) жеткен, орман өте қалың өскен [6]. Осы орман жөнінде П.П. Семенов «қалың, бұрын тіптен мүлгіген орман болған» деп жазады [7]. Атаудың этимологиясын орман көлемінің азаюымен байланыстыруға болатын сияқты. Аманқарағай кезінде үлкен көлемді алып жатқан, қалың орманның сақталып «аман қалған» бөлігі болғандықтан осылай аталған деуге негіз бар [5].

Сан ғасырлық тарихы бар қазақ халқының ең негізгі кәсібі мал шаруашылығы болғаны баршаға белгілі. Мал шаруашылығымен шұғылдану арқылы халықтың материалдық байлығы қалыптасып, дүниетанымының рухани мәдениетінің басты қағидалары мен ұстанымдары өркендей түсті. Осы негізгі кәсіптің әсері, ықпалымен қазақ тілінің лексикасында мындаған сөздер туындап өрбіді, тілдік айналымға енгізілді. Сол сөздердің едәуір көпшілігізоонимдер, зоотопонимдер болып келеді. Мал шаруашылығымен, үй жануарлары атымен байланысты жалқы есімдерімен қатар қазақ ономастикалық кеңістігінде жабайы аңдардың, құстардың, шыбын-шіркейлер, жәндіктер



атаулары да кездеседі. Белгілі кеңес зоологы А.Н. Формозов Қазақстан картасында андарға байланысты атаулар бар екенін айта келе, андардың халық өмірінде атқарған маңызының мән - мағынасын атап өтеді [8].

Қостанай облысының жануарлар дүниесін сипаттайтын атаулар:

1. Үй жануарлары атауларымен байланысты зоонимдер: Қарабайтал (тұзды көл, Қамысты ауд.), Биесойған (батпақ, Қарасу ауд.), Бозбие (өзен, Жітіқара ауд.), Сиырөлген (батпақ, Қостанай ауд.), Бұзаужүрген (көл, Жанг. ауд.), Қарабұқа (көл, Аман. ауд.), Өгізөлген (көл, Әулие. ауд.), Ешкітау (тау, Арқалық қ.ә.), Қаратеке (өзен, Қарасу ауд.), Қойқопа (көл, Жанг. ауд.), Қошқарсойған (қоныс, Қараб. ауд.), Түйемойнақ (өзен, Аман. ауд.), Бозатан (қоныс, Аман. ауд.), Шошқакөл (көл, Наур. ауд.), Көккұнан (батпақ, Қамыс. ауд.), Тайлақжүзгенкөл (сор, Аман. ауд.).

2. Дала жануарлары атауларымен байланысты зоонимдер: Қоянды (көл, Ұзынкөл ауд.), Құндызды (жыра, Қарасу ауд.), Қарабұғы (көл, Қост. ауд.), Қасқырқамаған (орман, Сарыкөл ауд.), Доңыз (батпақ, Аман. ауд.), Бөрілі (ауыл, Қараб. ауд.), Киіккөл (көл, Наур. ауд.), Сарышұнақ (көл, Меңдіқара ауд.).

3. Құс атауларымен байланысты зоонимдер: Аққушық (өзен, Наур. ауд.), Жапалақ (ауыл, Меңді. ауд.), Бестауық (батпақ, Меңді. ауд.), Қарғалытау (тау, Жанг. ауд.), Үйрек (көл, Аман. ауд.), Үкікөл (көл, Ұзын. ауд.) Шағалакөл (көл, Таран ауд.), Бірқазан (батпақ, Алтынсарин ауд.), Тырнакөл (батпақ, Денисов ауд.).

4. Балықтар атауларымен байланысты зоонимдер: Балықты (көл, Қост. ауд.), Шортанды (өзен, Жанг. ауд.), Табан (көл, Жанг. ауд.), Алабұға (өзен, Ұзын. ауд.).

5. Жәндіктер атауларымен байланысты зоонимдер: Кенелі (өзен, Аман. ауд.), Құрттыкөл (батпақ, Ұзын. ауд.), Қарамаса (көл, Таран ауд.), Соналы (батпақ, Федоров ауд.), Шыбынкөл (көл, Қараб. ауд.), Жыланды (өзен, Жіті. ауд.), Ұлукөл (көл, Ұзын. ауд.), Шіркейкөл (көл, Жанг. ауд.).

Кейбір зоотопонимдер тарихи деректерге негізделе, жергілікті жердің физикалық – географиялық ерекшеліктерін бейнелейді. Жергілікті жердің жануарлар дүниесінің таралуын айқындайтын зоотопонимдерден басқа метафоралық атаулар кездеседі. Мысалы, *Құсмұрын* көлінің атауының бірінші сыңарында *құс* сөзі әдеби тілде кеңінен қолданыс тапса, екінші құрамында *мұрын* сөзі де адамның, малдың «иіс сезетін мүшесі» ретінде қолданылады да, «құстың мұрыны» демей «құс тұмсығы» деп те айтылады. Жалпы, «мұрын», «тұмсық» сөздері географиялық атауларды жасауда жиі қолданылады. Бұл жерде құс тұмсығы деп атаудың орнына, Құсмұрын түрінде метонимиялық жолмен айтылып тұр. Көлдің бұлайша аталуы алыстан қарағанда оның көрінісі құс тұмсығы сияқты иіліңкі келуімен байланысты болса керек [9]. **Профессор А. Әбсадықов** «Ұлы жыланшық гидронимі» мақаласында: «Ұлы Жыланшық гидронимінде халықтың өзен - су атауының арнасының көлеміне және оның ұзын - қысқалығы қатысты таным - түсініктері орын алған. Бұл жерде атаудың «ұлы» бөлігі ұзындыққа қатысты болса, кішірейітпелі мағына беретін «шық» қосымшасымен жасалатын «жылан» деген екінші бөлігі өзен арнасының жіңішкелігіне және ирелеңдеп ағатына байланысты қалыптасқан. Басқаша айтқанда, қазақ танымында «Ұлы Жыланшық» «арнасы жіңішке үлкен, ұзын өзен», ал «Кіші Жыланшық» «арнасы жіңішке қысқа өзен» деген мағына береді» деп жазған [10].

Қазақстанның солтүстік бөлігінде орманды дала, дала және шөлейт зоналарын қамтып жатқан Қостанай облысының топонимикалық жүйесі күрделі құрылымымен және кеңістіктік таралуымен ерекшеленеді. Зерттеліп отырған аймақтың кең - байтақ жерінің ландшафтысы біркелкі болып келмейтіндігі және өсімдік жамылғысы мен жануарлар дүниесінің әр түрлі болып келуін Қостанай облысынан жинақталған топонимдерінде шоғырланып бейнеленуінен анықтауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Костанайская область. Энциклопедия. – Алматы.: «Арыс», 2006 – 736 с.

2. Конкашбаев Г.К. Словарь казахских географических названий. – Алма - Ата, Изд -во АН КазССР, 1963.-185 с.
3. Қашқари М. Түрік сөздігі / Ауд. А. Егеубай. – Алматы.: Хант, 1997. - Т. 1. – 509 б.
4. Жанпейсов Е.Н. Этнокультурная лексика казахского языка (на материалах произведений М. Ауезова). – А-Ата: Наука Каз. ССР, 1989. – 288 с.
5. Каймулдинова К.Д. Қазақ топонимдерінің этноэкологиялық негіздері. - Алматы.: «Ғылым» баспасы, 2001. - 92 б.
6. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких Орд и степей. ч. I: Известия географических. - Спб., 1832. - 264 с.
7. Семенов П.П. Географическо – статистический словарь Российской империи. Т. I. – Спб., 1863. – 716 с.
8. Формозов А.Н. Животный мир Казахстана. – М.: Наука., 1987. – 149 с.
9. Телқожа Ж. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. - Алматы.: Дайк – Пресс, 2007. – 524 б.
10. Әбсадықов А. «Ұлы жыланшық гидронимі». <http://tobyl-torgai.kz/2017/11/21/3276>

**С.Қ. Қабдылманан, А.А. Қытапбаева, А.М. Касымханов, Д.Е.Ержанов**  
**ӨСКЕМЕН СУ ҚОЙМАСЫНЫҢ ИХТИОФАУНАСЫНА ГИДРОЛОГИЯЛЫҚ**  
**ДЕҢГЕЙДІҢ ӘСЕРІ**

*«Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС-нің Алтай бөлімшесі,  
Өскемен қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: tauke\_777@mail.ru*

Өскемен су қоймасы энергетика саласын, су көлігін және сумен жабдықтауды дамыту мақсатында 1952 жылы құрылған. Суқойманың бөгеті Ертіс ағысын өрлеп Аблакетка кентінен 4 км қашықтықта орналасқан. Су қойма Шығыс Қазақстан облысына қарасты Ұлан, Алтай аудандарында орналасқан. Су айдыны таураралық құз тәрізді аңғарда орналасып, ұзындығы 71 км, ауданы 37 км<sup>2</sup>, көлемі 0,65 км<sup>3</sup>, ені 400-750 м, максималды ені 1200 метрге дейін жетеді. Ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілген су айдыны терең су қоймалардың біріне жатады, оның орташа тереңдігі 17 м құрайды. Өскемен су қоймасының жағалауы жартасты-құзды, литораль аймағы нашар дамыған. Су түбі жұмыр тасты, құмды лай шөгінділерден құралған, сонымен қатар, қойтастары бар кең аймақтары да кездеседі. Су деңгейінің реттелуі апталық-тәуліктік.

Өскемен су қоймасының гидрологиялық деңгейі екі су электр станциясы (Бұқтырма және Өскемен су электр станциясы) арқылы реттеліп отыратындықтан, су деңгейі тұрақсыз болып өзгеріп, бір тәуліктің өзінде су деңгейі 1-1,5 метрге дейін ауытқуы мүмкін. Көктем кезінде бөгеттен су жіберуі кейбір кездерде 2000 м<sup>3</sup>/с құрайды. Осындай су жіберудің қарқынымен судың толық алмасуына 4-5 тәліктей уақыт қажет, ал Өскемен су электр станциясының қалыпты жұмысы жағдайындағы судың толықтай алмасу уақыты 10-12 тәулікті құрайды. 2019 жылы Өскемен су қоймасында ихтиологиялық және гидрологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары Серебрянск, Таловка және Никольский бекеттерінде жүргізілді (1 сурет).



1 сурет – Өскемен суқоймасы

Өскемен су қоймасының ихтиофаунасының түрлік құрамы Бұқтырма мен Шүлбі су қоймаларының ихтиофаунасының түрлік құрамынан аз болып келеді. Мұнда тыран, сазан, көксерке, көкшұбар, пайдабалық жерсіндірілген. Сазан Жайсан көліне 1934-1953 жылдары Балқаш көлінен жерсіндіріліп, түгелдей Ертіс бассейнінде кеңінен таралып, Өскемен су қоймасы пайда болған соң алғашқы жылдары су айдынында жиі кездескен. 1958 жылы Өскемен су қоймасында Смолянки ауылының тұсында Арал теңізінен көксерке балығы жіберілді. Көкшұбар мен пайдабалық Өскемен су қоймасынан жоғары орналасқан Бұқтырма су қоймасынан енді.

1960 жылы Өскемен су қоймасында балықтардың 26 түрі кездескен, олар: сібір бекіресі, сібір сүйрігі, таймен, ақ балық, сібір хариусы, шортан, сібір тортасы, сібір тарғағы, аққайран, өзен көкталмасы, зайсан көкталмасы, оңғақ, сібір теңге балығы, тыран, кәдімгі мөңке, бозша мөңке, сазан, сібір талма балығы, сібір шырма балығы, нәлім, көксерке, алабұға, таутан, сібір тастасалағышы, еуропалық тастасалағыш және сібір миногасы [1].

Қазіргі таңда Өскемен су айдынының ихтиофаунасы балықтардың 21 түрімен сипатталады. Олардың 16 түрі аборигендер және 5 түрі жерсіндірілген (кесте 1).

1 кесте – Өскемен су қоймасы ихтиофаунасының түрлік құрамы

Түрдің аты			Түрдің дәрежесі	
латынша	қазақша	орысша	(кәсіпшілік, кәсіпшілік емес, сирек кездесетін, жоғалып бара жатқан)	жергілікті, жерсіндірілген
<i>Lethenteronk essleri (Anikin)</i>	сібір миногасы	минога сибирская	кәсіпшілік емес	жергілікті
<i>Thymallis arcticus, Pallas</i>	сібір хариусы	сибирский хариус	кәсіпшілік емес	жергілікті
<i>Coregonus albula infr. ladogensis</i>	көкшұбар	рипус ладожский	Кәсіпшілік	жерсіндірілген
<i>Coregonus peled</i>	пайдабалық	Пелядь	Кәсіпшілік	жерсіндірілген
<i>Esox lucius</i>	шортан	щука	Кәсіпшілік	жергілікті

<i>Tinca tinca</i> , <i>Linne</i>	оңғақ	линь	Кәсіпшілік	жергілікті
<i>Abramis brama</i> ( <i>Linnaeus</i> )	тыран	лещ	Кәсіпшілік	жерсіндірілген
<i>Carassius carassius</i> <i>carassius</i> ( <i>Linnaeus</i> )	мөңке	карась золотой	Кәсіпшілік	жергілікті
<i>Carassius auratus gibelio</i> ( <i>Bloch</i> )	табан (бозша мөңке)	карась серебряный	Кәсіпшілік	жергілікті
<i>Cottus sibiricus</i>	сібір тастасалғыш ы	сибирский подкаменщи к	кәсіпшілік емес	жергілікті
<i>Cyprinus carpio</i>	сазан	сазан (каarp)	Кәсіпшілік	жерсіндірілген
<i>Gobio cynocephalus</i> ( <i>Dybowski</i> )	сібір теңге балығы	пескарь сибирский	кәсіпшілік емес	жергілікті
<i>Leuciscus idus</i> ( <i>Linnaeus</i> )	Аққайран	язь	Кәсіпшілік	жергілікті
<i>Leuciscus leuciscus</i> <i>baicalensis</i> <i>Dybowski</i>	сібір тарақ- балығы	елец сибирский	кәсіпшілік емес	жергілікті
<i>Rutilus rutilus</i> ( <i>Linnaeus</i> )	сібір тортасы	плотва сибирская	Кәсіпшілік	жергілікті
<i>Cobitis melanoleuca</i> ( <i>Nichols</i> )	сібір шырма балығы	щиповка сибирская	кәсіпшілік емес	жергілікті
<i>Barbatula toni</i> ( <i>Dybowski</i> )	сібір талма балығы	голец сибирский	кәсіпшілік емес	жергілікті
<i>Lota lota</i> ( <i>Linnaeus</i> )	нәлім	налим	Кәсіпшілік	жергілікті
<i>Acerina cernua</i>	Таутан	ерш	кәсіпшілік емес	жергілікті
<i>Sander lucioperca</i>	Көксерке	судак	Кәсіпшілік	жерсіндірілген
<i>Perca fluviatilis</i>	Алабұға	окунь	Кәсіпшілік	жергілікті

Қазіргі уақытта Өскемен суқоймасында кәсіпшілік маңызы бар саны бойынша салыстырмалы түрде көп мөлшерде көкшұбар, алабұға, сібір тортасы, тыран және пайдабалық ғана кездеседі. Қалған балық түрлері саны бойынша кәсіпшілік деңгейде болмайды. Ғылыми-зерттеу ау құралдарында сазан, хариус, шортан, оңғақ, сібір теңге балығы, сібір талмабалығы мен сібір тастасалағышы сирек кездеседі. 2019 жылы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында ихтиологиялық материалдарды жинау жалпы қолданыстағы әдістер бойынша жүргізіліп, ауланған балықтарға биологиялық талдау жасалды [2-7].

Тыран (*Abramis brama*) Өскемен су қоймасының негізгі кәсіпшілік маңызы бар балық түрлерінің бірі. 2019 жылғы ғылыми-зерттеу ауларында тыранның ең ұзақ жасы 6 жаста, ұзындығы 25 см, салмағы 284 г құрады. Орташа ұзындығы 17,3 см, орташа салмағы 106 г көрсетті.


Торта (*Rutilus rutilus lacustris*) су айдынының негізгі кәсіпшілік түрлерінің бірі. 2019 жылғы ғылыми-зерттеу ауларында ұзындығы 19,5 см, салмағы 131 г, 6 жас мөлшеріне дейінгі балықтар құрады (194 кесте). Балықтарға биологиялық талдау жүргізу жұмыстарының нәтижесінде тортаның орташа салмағы 65 г, орташа ұзындығы 15,4 см көрсетті.

Алабұға *Perca fluviatilis* су қойманың кәсіпшілік маңызы бар жергілікті балық түрі. Су айдынында салыстырмалы түрде көп және жиі кездеседі. 2019 жылы ғылыми-зерттеу ауларына ұзындығы 9-дан 18 см-ге дейін (орташа 13 см) және салмағы 15-110 г-ға дейін (орташа 48,5 г), жасы 1-ден 7 жасқа дейін балықтар түсті.

Көкшұбар *Coregonus albula inf. ladogensis* су айдынындағы кәсіпшілік маңызы бар жерсіндірілген түр. 2019 жылғы зерттеу ауларына көкшұбардың 42 данасы түсті, олардың ұзындығы 10-нан 20 см-ге дейін және салмағы 12-82 г-ға дейін 2-ден 4 жасқа дейінгі аралықта кездесті.

2019 жылғы ғылыми-зерттеу ауларында таутан, көксерке, сібір тастасалағышы кездесті. Көксерке *Sander lucioperca* бағалы жерсіндірілген түр, оның саны Өскемен су қоймасында көп емес. 2019 жылғы зерттеу аулауларында ұзындығы 26 см және салмағы 250 г болатын 1 дана болды. Фультон бойынша қоңымдылық дәрежесін орташа есеппен 1,4 құрады. Сібір хариусы *Thymallus arcticus* – зерттелген су айдынында саны көп емес жергілікті балық түрі. Хариус 2019 жылғы ғылыми-зерттеу ауларында тіркелмеді. Таутан *Acerina cernua* – кәсіпшілік емес жергілікті балық түрі. Ғылыми-зерттеу ауларында саны көп емес. 2019 жылғы зерттеу ауларында ұзындығы 12 см және салмағы 65 г тек 1 дана кездесті. Фультон бойынша қоңымдылық дәрежесі 3,8 құрады. Сібір тастасалағышы *Cottus sibiricus* – кәсіпшілік маңызы жоқ жергілікті балық түрі. Ғылыми-зерттеу ауларында саны аз. 2019 ж. зерттеу ауларында тек 1 дана тіркеліп, денесінің ұзындығы 11,5 см және салмағы 29 г болды. Пайдабалық *Coregonus peled* – акклиматизант, 2019 жылғы ғылыми-зерттеу ауларында кезікпеді.

Өскемен су қоймасының гидрологиялық деңгейі толығымен жасанды түрде реттеліп, Бұқтырма мен Өскемен СЭС-ның жұмыс тәртібімен анықталады, соның салдарынан тұрақсыз болып, тіпті бір тәулік ішінде 1-1,5 м шамасында ауытқуы мүмкін. Негізінен сағат 00-ден 06-ге дейін су қойма деңгейінің 0,2-1,0 м-ге төмендеуі байқалады, өйткені екі СЭС жұмыс тәртібі әр түрлі болады, ал сағат 06-дан 24-ке дейін су жиналу үрдісі байқалады. Су қоймасының орташа жылдық гидрологиялық көрсеткіштері жылдар бойынша аз өзгереді, мысалы, 2006 жылы судың орташа жылдық деңгейі 327,44 Балтық жүйесі метрі (БЖм), 2016 жылы - 327,32 БЖм, 2017 жылы - 327,39 БЖм, 2018 жылы - 327,37 БЖм құрады, ал 2019 жылы гидрологиялық деңгейдің орташа мәні 327,27 БЖм көрсетті (2 сурет).



2 сурет – Өскемен су қоймасы су деңгейінің орташа айлық көрсеткіштері бойынша 2006 және 2016-2019 жылдардағы өзгергіштігі

2016 жылы Өскемен су қоймасының гидрологиялық деңгейінің максималды көтерілуі 24 сәуірге сәйкес келді, бұл кезде өзеннің гидрологиялық деңгейі үш күн ішінде 0,35 БЖм көтерілді және мәні 327,77 БЖм құрады. Ең төменгі көрсеткіші 27 мамыр күні тіркеліп 327,18 БЖм көрсетті, содан кейін су айдынының толысуы басталды. Су тасқыны толқынының биіктігі 2016 жылы 0,59 БЖм құрады. 2017 жылы Өскемен су қоймасы деңгейінің максималды көтерілуі 13 мамырға сәйкес келді, бұл кезде су айдынының гидрологиялық деңгейі бір күнде 0,52 БЖм артып, 327,82 БЖм құрады. 327,17 БЖм минималды белгісі 3 маусымда тіркелді, содан кейін су айдынының толуы басталды. 2017 жылы су тасқыны толқынының биіктігі 0,65 БЖм құрады. 2018 жылы су қойма деңгейінің көтерілуі сәуір айының бірінші онкүндігінде басталып, айдың соңына қарай орташа тәуліктік су жіберуі 3,3 есеге артты, ал су деңгейі 327,58 БЖм жетті. Көктемгі кезеңде су деңгейінің ең жоғарғы мәні 28 сәуірде тіркелді (327,79 БЖм). 2018 жылдың мамыр айының екінші онкүндігінде орташа тәуліктік су жіберуі бәсеңдеді. 2019 жылы су қоймасы деңгейінің көтерілуі сәуір айының бірінші онкүндігінде басталып, айдың соңына қарай орташа тәуліктік су жіберуі 3 есеге артты, ал су деңгейі 327,58 БЖм жетті. Көктемгі кезең үшін су деңгейінің максималды мәні сәуірдің үшінші онкүндігінде тіркеліп 327,58 БЖм құрады. Ең жоғарғы көрсеткіштер сәуір айының үшінші онкүндігінде тіркелді, үшінші онкүндігінде су деңгейі 327,58 мБС болғанда бөгеттен су жіберуінің орташа тәуліктік көлемі 1070 м<sup>3</sup>/с құрады. Маусым айының бірінші онкүндігінің соңында Өскемен су қоймасында тұрақты гидрологиялық деңгей орнады.

Қорытындылай келе, Өскемен су қоймасында жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде гидрологиялық деңгейінің ихтиофаунаға әсері бойынша келесідей тұжырымдама жасауға болады: Өскемен су қоймасы гидрологиялық деңгейінің ихтиофаунаға кері әсер етуінің айқын мысалы болып табылады. Ол дегеніміз, Өскемен су қоймасының гидрологиялық деңгейінің тұрақсыз болып, тәулік ішінде 1-1,5 м аралығында ауытқуы ихтиофаунаға, әсіресе көктем мезгілінде уылдырық шашу үрдісіне кері әсерін тигізеді.

#### Библиографиялық тізімі:

Малиновская А.С., Тэн В.А. Гидрофауна водохранилищ Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1983. – 208 с.

- Правдин И.Ф. Руководство по изучению рыб. – М.: Пищевая промышленность, 1966. – 376 с.
- Чугунова Н.И. Методика изучения возраста и роста рыб. – М.: Советская наука, 1952.
- Никольский Г.В. Теория динамики стада рыб. – М.: Пищевая промышленность, 1974. – 448 с.
- Никольский Г.В. Экология рыб. – М.: Высшая школа, 1974. – 376 с.
- Майорова А.А. К методике определения возрастного состава улова //Труды Азово-Черноморской научной рыбохозяйственной станции, 1934. – С. 15-63.
- Морозов А.В. К методике установления возрастного состава уловов // Бюллетень ГОИ, 1934. – С. 16-54.

**М.Қ. Омаров, А.Қ. Елемесов, М.Е. Сержан**  
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ АУМАҒЫН ГЕОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ  
АУДАНДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ  
КЕАҚ «Павлодар педагогикалық университеті»  
*[murabekomarov@mail.ru](mailto:murabekomarov@mail.ru)*

Қазақстанның оңтүстік-шығысында орналасқан Павлодар облысы жайлы, табиғат қорғаушылар арасында көп айтылатыны белгілі. Оған себеп аймақтың соңғы уақытта атмосфераны ластаушы заттар көлемі бойынша алдыңғы орындарда тұруы мен өңірдегі жалпы экологиялық ахуалдың жағдайы.

Аумақты экологиялық талдау немесе бағалау табиғи аумақтық бөлімшелер бойынша жүргізілуге тиіс, өйткені мұндай тәсіл экологиялық проблемаларды адамзат мекендейтін ортаның нақты, объективті түрде жұмыс істейтін аумақтық бөлімшелеріне байланыстыруды және жүргізілетін зерттеулер нәтижелерінің салыстырмалылығын қамтамасыз етеді [1].

Әр ландшафт әртүрлі экологиялық потенциалға және тұрақтылыққа ие, сонымен қатар антропогендік әсерге әр түрлі әсер етеді. Ландшафттардың өзгеру салдарын оңтайландыру үшін әрбір белгілі бір түрге сәйкес тиісті шаралар қажет

Қоғаммен табиғат арасындағы кеңістіктік байланыстарды зерттеуде ландшафттық-экологиялық аудандастыру керектігі белгілі. Бұл олардың кеңістіктік орналасуын анықтап, оның өзгеріске ұшырауын алдын алып, тұрақтануына себепкер болады [2].

Табиғи аудандастыру ландшафттардың әлеуетті мүмкіндіктерін анықтап, шаруашылық құрылымдарының табиғат жағдайларына сәйкестігін, қолайлылығын анықтауға мүмкіндік береді.

Павлодар облысын табиғи аудандастыру мәселелерін Н.А. Гвоздецкий, В.А. Федорович, В.М. Чупахин, В.Н. Николаев, А.В. Чигаркин, Г.В. Гельдыева, Л.К. Веселова, К.М. Джаналеева және т.б. еңбектерінен көруге болады.

Жалпы авторлар аумақтың физикалық-географиялық бөлінуін қарастырғанда әдістемелік жағынан әртүрлі тәсілдерді қолданғанымен негізінен аудандастырудың жалпы қабылданған жүйелеріне сүйенеді.

Аумақты ландшафттық-экологиялық аудандастыру үшін ландшафттардың кеңістіктік саралануының заманауи сипатын көрсету және ландшафттарға шаруашылықтың әсерін талдау қажет. Ол үшін басында ландшафттардың қазіргі жай-күйін, олардың кереғарлығын, сыйымдылығы мен ландшафттардың сыртқы әсерлерге тұрақтылығын есепке алып, антропогендік әсердің зардаптарын бағалау қажет.

Ең алдымен, біз физика-географиялық аудандастырудың жалпыға бірдей танылған принциптеріне негізделген зерттелетін аумақтағы табиғи аймақтардың әртүрлілігін қарастырайық (кесте 1).

Кесте 1. Павлодар облысының аумағын аудандастырудың әдістемелік тәсілдері

Аумақты бөлу (аудандастыру) белгілері	Бөлу (аудандастыру) сипаттамасы	Авторлары мен дереккөздері
Облыс аумағындағы табиғи жағдайлар әртекті және геоморфологиялық жағдайлар мен табиғаттың басқа компоненттері бойынша бір-бірінен ерекшеленеді; ауылшаруашылық шараларын саралауды жеңілдету үшін	Облыс аумағы негізінен 3 зонашықпен ұсынылған дала зонасында орналасқан: орташа қуаң дала (бір табиғи облыспен), қуаң дала (бір табиғи облыспен) және құрғақ дала (күңгірт құба топырақтағы 3 табиғи облыспен және құба топырақтағы 3 облыспен). Шеткі оңтүстік-шығыс бөлігі шөлейт аймақта (шөлді дала зонашығы) орналасқан және бір табиғи облысты қамтиды. Барлық табиғи облыстар 21 ауданға бөлінеді; олардың кейбіреулерінде бөлшек аудандар болады.	А.В. Калинина, З.В. Карамышева, Н.П. Панов, Б.А. Федорович және Е.А, Финько 1959 ж. [3]
Жалпы табиғи жағдайлардың жер бедерінің ерекшеліктері, топырақ түзуші жыныстар, жер үсті және еспе сулары, өсімдік және топырақ жамылғыларының ұқсастығы принципі	Облыс аумағы 3 табиғи зонадан тұрады: дала (құрғақ дала зонашығы, орташа қуаң дала зонашығымен), шөлді-дала және таулы орманды-дала. Сонымен бірге бөлшек аудандары бар 22 табиғи ауданнан тұрады	[4]
Күрделілік және белгілі бір ландшафттардың үйлесуі мен үстемдігін принципін негізделіп жасалады, сонымен қатар геоморфологиялық факторлар да басты рөл атқарады.	Облыс аумағы Батыс-Сібір орманды дала, Қазақстандық дала, Қазақстандық құрғақ дала және Орталық-Қазақстан шөлейт, жартылай құрғақ және құрғақ провинцияларынан, 6 округ пен 23 ауданнан тұрады.	Гельдыева Г.В., Егорова Н.Д., Николаева С.М. [5,6,7,8,9,10]
Агробиоэкологиялық негізіне сүйене отырып, жеке аумақтардың табиғи биоклиматтық әлеуетін ашады. Мұнда аудандастыру табиғи жағдайларды ескере отырып, әкімшілік шекаралар негізінде жасалған	Жалпыодақтық аудандастыруға сәйкес Павлодар облысының аумағы 1 провинцияда, 2-аймақта және 3 табиғи-ауыл шаруашылығы ауданында орналасқан	[14]
Табиғи аудандардың географиялық немесе жергілікті атаулары	Павлодар облысының аумағы Қазақстанның далалы және Орталық Қазақстанның құрғақ далалы аймағының 2 табиғи-ауыл	[12]



бар геоморфологиялық түзілімдерге табиғи-ауылшаруашылық провинциялардың аймақтарын салу арқылы табиғи-ауылшаруашылық аудандастыру негізінде	шаруашылығы провинцияларында және шеткі оңтүстігінде шөл-дала (шөлейт) аймағына қарай шағын ғана аумақ орналасқан. Олар өз кезегінде қуаң дала, орташа құрғақ дала, құрғақ дала, шөлді дала және таулы орманды дала аймағына бөлінеді. Бұдан әрі облыс аумағы 24 агроландшафттық ауданға бөлінген.	
---	--	--

Табиғи аудандардың атаулары белгілі географиялық пункттің немесе жергілікті жердің (елді мекеннің, қоныстың, таулардың және т.б.) атауы бойынша беріледі. Табиғи аймақтың атауындағы анықтаушы сөздер оның ең маңыздысы табиғи жағдайларын – жер бедерін, белгілі бір зонаға тиесілі болуын, өсімдік жамылғысымен ылғалдану ерекшеліктерін, топырақ түзуші жыныстарымен топырақ жамылғысының ерекшеліктеріне байланысты дәйектілігімен сипатталады

Осы аймақтарды зерттеуші В. Н. Николаевтың (1999) айтуынша, аудандастырудың бірқатар модельдерінде осы уақытқа дейін сақталған айырмашылықтар бар және оларға берілген таксономиялық маңыздылыққа байланысты. Мұндай сәйкессіздіктер аудандастырудың мақсатты бағытымен түсіндіріледі. Ол ұсынған физикалық-географиялық аудандастыру жүйесінің бірліктері провинциялар болып табылады. Әр провинция ерекше ландшафт құрылымымен ерекшеленеді: оны құрайтын түрлер мен ландшафттардың құрамы, олардың аумақтық, соның ішінде катенарлы үйлесімдер.

В. Н. Николаев Павлодар өңірінің ландшафтарын жүйелеу үшін құрылымдық-генетикалық жіктеуді пайдаланды. Морфоструктуралық айырмашылықтарға және ландшафтық құрылыстың өзгешелігіне сәйкес Павлодар облысы аумағында Батыс Сібір жазығының дала жазықтарында Есіл-Ертіс, Құлынды-Обь маңы және Құлынды-Ертіс физикалық-географиялық провинциялары түріндегі оңтүстік шеті кіреді. Облыстың оңтүстік бөлігі Орталық Қазақстан физикалық-географиялық еліне тиесілі Екібастұз-Қарағанды және Қарқаралы провинцияларынан тұрады [12].

Табиғи ортаға антропогендік факторлардың әсер ету дәрежесін бағалау үшін К. М. Джаналееваның геожүйелік-бассейндік тәсілі де қолданылады. Бұл тәсіл геожүйелердегі тепе-теңдік бұзылыстарын анықтауға және олардың әлеуетін анықтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ табиғатты ұтымды пайдалану мақсатында табиғи геожүйелерді пайдаланудың экологиялық негізі ретінде қызмет етеді [13].

А.В. Чигаркиннің геоэкологиялық аудандастыру схемасында Павлодар облысының геоэкологиялық жағдайын көрсете отырып, ол аудандастыру материалымен әдістемесінің толық жетілмегендігін атап ол жасаған схемада зерттеудің ұсақ масштабтылығын көрсетіп геоэкологиялық аудандар (ландшафттар) дәрежесіндегі табиғи бірліктерді көрсетпейді. Сондықтан геоэкологиялық аудандастыру белгілі бір аумақтың немесе геожүйенің нүктелік, жергілікті нормативтен тыс ластануы негізінде жасалған «геоэкологиялық анклав» қосымша бірлігін (шамамен 70) енгізу арқылы жасалған. [2].

Ұсынылған геоэкологиялық аудандастыру схемасы облыс аумағын, олардың ландшафтық құрылымын және оларға төзімділіктің шекті антропогендік жүктемелерін тиянақты қарастыру тұрғысынан зерттеуді жалғастыруды талап етеді.

Аталған жұмыстарды қорытындылай келе, облыс аумағын физикалық-географиялық аудандастыруда әртүрлі тәсілдер бар екенін көреміз. Кейбір жетілдірілген нұсқалар аумақтың физикалық-географиялық негізін кішігірім контексте көрсетеді және аумақтың экологиялық жағдайының мәнін толық көрсетпейді.

Табиғатты ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және жүргізу мақсатында Г.В. Гельдыева, Н.Д. Егорова және С. М. Николаева әзірлеген табиғи аудандастыру схемасы неғұрлым қолайлы болып табылады. Олар аймақты 1 белдеу, 2

белдемше, 4 зона, 4 провинция, 6 округ және 23 ауданға бөліп, оларға тиісті түсінік береді (сурет 1).



Табиғи және ауылшаруашылық аудандастыру облыстың әкімшілік шекараларындағы табиғи кешендер мен ауылшаруашылық өндірісі арасындағы байланысты ашуға мүмкіндік береді, ол ауылшаруашылық өндірісін жоспарлаудың, әртүрлі ауылшаруашылық шараларын жүзеге асырудың, жерді пайдалануды болжаудың табиғи және ғылыми негізі бола алады, бұл өз кезегінде табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз етеді.

Осы аудандастырудың негізінде біз экологиялық-географиялық талдау жүргізіп және антропогендік әсерге ұшырау деңгейі жоғары аудандарды анықтауға тырыстық [15].

Табиғатты ұтымды пайдалануды одан әрі ұйымдастыру үшін облыстың табиғи аудандарының геоэкологиялық жағдайын зерттеу антропогендік факторларды жүйелеуді және қоршаған ортаға әсер ету сипатын бағалаудың әдіснамалық аспектілерін қарастыруды талап етеді.

Бұл зерттеулерден аудандастыру мәселелері әлі де күрделі екендігі байқалады, табиғатпен қоғамда болып жатқан өзгерістер осы бағыттағы жаңа кешенді зерттеулерді қажет ететіні белгілі болып отыр.

### Библиографиялық тізім

*Исаченко А.Г.* Введение в экологическую географию: Учеб. Пособие. – СПб.: Изд-во С.-Петербур. ун-та, 2003. – 192 с.

*Чигаркин А.В.* Геоэкология Казахстана // Алма-Ата: Санат, 1995-160 с

Природное районирование Северного Казахстана. Калинина А.В., Затенацкая Н.П., Карамышева З.В. и др. - М.-Л., 1960. - С. 380-441

*Джанпейсов Р., Соколов А.А., Фаизов К.Ш.* Почвы Павлодарской области / Сб. Почвы Казахской ССР: в 16 выпусках. - А.: АН КазССР, 1960. - Выпуск 3. - 265с.

*Чупахин, В. М.* Природные условия землеустройства/ В. М. Чупахин, Г. В. Гельдыева - Алма-Ата: Наука, 1982. - 210 с.

*Гельдыева Г.В., Н.Д. Егорова Н.Д., С.М. Николаева.* Природно-сельскохозяйственное районирование Павлодарской области на ландшафтной основе для целей рационального использования природных ресурсов // Природные комплексы и сельское хозяйство. Вопросы географии. - М.: Мысль, 1984, №124, С 97-99.

*Чупахин В.М.* Дробное комплексное районирование земельного фонда на ландшафтной основе// Вопросы географии. 1984. №124 с 120-130.

*Чупахин, В.М.* Основы ландшафтоведения/ В.М. Чупахин. - М.: Агропромиздат, 1987. -168 с.

*Чупахин В.М.* Ландшафты и землеустройство/ В.М. Чупахин, М.В. Андришкин. - М.: Агропромиздат, 1989. - 255 с.

*Гельдыева Г.В., Веселова Л.К.* Ландшафты Казахстана. - Алма-Ата: Гылым, 1992. - С. 71-79

Природно-сельскохозяйственное районирование и использование земельного фонда СССР / под ред. А.Н. Каштанова. – М.: Колос, 1983. – 336 с., ил.

*Николаев В.А.* Ландшафты азиатских степей. – М.: Изд-во МГУ, 1999. – 288 с.

*Джаналеева К.М.* Физическая география Республики Казахстан Алматы. Казак университеті. 1998. 266 с.

*Ирмулатов Б.Р., Иорганский А.И., Мустафаев Б.А.* Адаптивная интенсификация земледелия в сельскохозяйственных ландшафтах Павлодарской области Республики Казахстан. – Павлодар: ЭКО, 2016. - 120 с

*Латыпова З.Б., Омаров М.К.* «Методологические аспекты геоэкологической оценки территории (на примере Павлодарской области)» Педагогический журнал. 2017. Т. 7. № 1В. С. 421-429

***И. И. Зайкина***

**ПРИСПОСОБЛЕННОСТЬ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ ОТРЯДА ЖЕСТКОКРЫЛЫХ К  
ДЕЙСТВИЮ ФАКТОРОВ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ**

*КГКП «Областной детский биологический центр»*

*[biodetcenter@mail.ru](mailto:biodetcenter@mail.ru)*

Данная работа «Приспособленность представителей отряда жесткокрылых к действию факторов окружающей среды» направлена на пополнение биологических знаний о видовом составе представителей отряда жесткокрылых, их распределение по природным биотопам окрестностей города Семей, определение приспособленности к действию факторов окружающей среды.

Актуальностью данной работы является изучение представителей жесткокрылых - одной из важнейших групп насекомых, играющих ключевую роль в круговороте вещества и энергии в экосистемах, а также приводится сравнительный анализ на разных исследуемых территориях.

Работа рассчитана на возраст детей от 10-16 лет. Перед учащимися ставятся следующие задачи:

1. Обследовать ключевые территории окрестностей г. Семей;
2. Изучить основные виды представителей отряда жесткокрылых;
3. Создать фотоколлекцию представителей отряда жесткокрылых;
4. Определить преобладающие и редко встречающиеся виды жесткокрылых;
5. Изучить приспособительные особенности представителей отряда жесткокрылых в зависимости от окружающей среды

Местом исследования определяют: остров Полковничий, местность близ села Кенжебай, сосновый бор, район Старой крепости, район Казахского мелкосопочника.

Исследования проходят по следующим методикам:

Определение видового состава представителей отряда жесткокрылых, выявления доминантов и супердоминантов по шкале Ринконенна, определение приспособленности представителей отряда жесткокрылых, а также методика изучения жуков – ксилобионтов.

**Определение видового состава представителей отряда жесткокрылых**

Обследование ведется маршрутным методом. При нахождении жесткокрылых с помощью фотоаппарата (камера сотового телефона без вспышки) делаются снимки насекомых, а также сравниваются с коллекциями давних лет (при наличии). С помощью атласов-определителей определили видовой состав представителей отряда жесткокрылых.



Далее определяются доминанты и супердоминанты по шкале Ринконенна: Для выявления доминантов и супердоминантов используется шкала Ринконенна *таблица №1* [3, С. 472]:

%	Частота встречаемости
0%	Очень редкое
1%	Редкое
2%	Субдоминанты (обычные)
5%	Доминанты (массовые)
10%	Супердоминанты

Следующим этапом служит определение приспособленности представителей отряда жесткокрылых.

**Для определения приспособительной окраски и формы тела жесткокрылых использовали литературные данные**

**Апосематизм** — предостерегающая окраска и форма тела. Классическим примером является яркая окраска, преимущественно представленная как сочетание красного или жёлтого цветов с чёрным, у жуков, обладающих ядовитой гемолимфой: у божьих коровок (*Coccinellidae*), нарывников (*Meloidae*), краснокрылов (*Lycidae*) и многих других. Примером такого явления также может служить выпячивание, в случае опасности, красных пузырей по бокам тела у малашек (род *Malachius*)

**Синапосематизм** — ложная или мюллеровская мимикрия — согласованная, сходная окраска и форма тела у нескольких различных видов, обладающих развитыми прочими средствами защиты от хищников

**Псевдоапосематизм** — истинная, или бейтсова мимикрия. При данной форме мимикрии виды, не обладающие защитными механизмами, обладают такой же окраской и формой тела, как один или несколько защищённых видов. Ряд видов жуков-

усачей (*Cerambycidae*) часто подражает жалящим перепончатокрылым. Интересно, что кроме сходства в окраске и форме тела, иногда у них имеется и сходство в поведении: усачи двигаются быстро и порывисто, «ощупывая» субстрат вытянутыми вперёд усиками, подражая своим поведением осам

#### **Защищающие особенности строения тела**

Многие златки (*Buprestidae*), бронзовки (*Cetoniinae*) и другие обладают очень твёрдыми и прочными покровами тела, защищающими их в той или иной степени от хищников. Ряд жуков обладает устрашающими и порой весьма небезопасными челюстями: рогачи (*Lucanidae*), жужелицы (*Carabidae*), некоторые усачи (*Cerambycidae*). Некоторые группы характеризуются наличием острых и длинных шипов на переднеспинке и надкрыльях — усачи (*Cerambycidae*), листоеды (*Chrysomelidae: Hispinae*), грибовики (*Erotylidae*)

Таблица №3 «Определение приспособительных особенностей представителей отряда жесткокрылых» данные (см. Приложение)

#### **Результаты исследования**

Наши исследования проводились на острове Полковничий и на выездной экспедиции в местности близ села Кенжебай, сосновом бору, в районе Казахского мелкосопочника.

По методике определения видового состава представителей отряда жесткокрылых выполнили исследование, которое велось маршрутным методом. Было сфотографировано и определено следующее количество представителей отряда жесткокрылых:

Остров Полковничий – 18 видов

Местность близ села Кенжебай – 17 видов

Сосновый бор – 10 видов

Казахский мелкосопочник – 9 видов

По методике выявления доминантов и супердоминантов по шкале Ринконенна получились следующие результаты:

**Остров Полковничий** – доминанты: Бронзовка золотистая (*Cetonia aucta*), Бронзовка мохнатая, олёнка (*Cetoniinae*), Листоед обыкновенный (*Calligrapha amator*), супердоминантов нет

**Местность близ села Кенжебай** – доминанты: Бронзовка золотистая (*Cetonia aurata*), супердоминантов нет

**Сосновый бор** – супердоминант: Чернотелка степная (*Anatolica aucta*), доминант: Бронзовка мохнатая, оленка (*Cetoniinae*)

**Район казахского мелкосопочника** – супердоминантов и субдоминантов не выявлено.

При выявлении приспособительной особенности представителей отряда жесткокрылых использовали литературные данные, получили следующие результаты:

Апосематизм — предостерегающую окраску имеют нарывник Шеффера (*Cerocoma schaefferi*), божья коровка 13точечная (*Coccinellidae*), краснокрыл кроваво-красный (*Lygistopterus sanguineus*), скакун лесной (*Cicindela sylvatica*), как правило окраска данных видов преимущественно представлена сочетанием красного или жёлтого цветов с чёрным, у жуков, обладающих ядовитой гемолимфой.

**Устрашающие особенности** имеют медляки, листоеды, жужелицы, мертвояды, хрущи, долгоносик

**Защищающую окраску** имеют бронзовки, чернотелки, златки, плавунцы

Исходя из данной темы, можно сделать следующий вывод: у организмов в процессе эволюции выработалось множество разнообразных относительных приспособлений (адаптаций) к окружающей среде. Биотопы богатые травянистой, древесно-кустарниковой растительностью, включают в себя наибольшее видовое

разнообразие представителей отряда жесткокрылых, по сравнению с районами со скудной растительностью.

Таким образом, получились следующие результаты. В ходе нашего исследования, которые проводились на острове Полковничий, было сфотографировано и определено 18 видов представителей отряда жесткокрылых, исследования на выездной экспедиции в местности близ села Кенжебай, в котором было определено 17 видов жесткокрылых, в сосновом бору 10 видов, в районе Казахского мелкосопочника 9 видов. Наибольшее видовое разнообразие встретилось на острове Полковничий, так как остров включает в себя суходольный, пойменный луга, богатые травянистой, древесно-кустарниковой растительностью, было подмечено, антропогенное воздействие выражено мало. В сосновом бору было собрано и определено 10 видов жесткокрылых, связано это с тем, что в основном растительность была представлена ксерофитами, доминировало среди растений сосна кулундинская и некоторые виды полынь, медоносные и опыляемые насекомыми растения не было замечено. В районе казахского мелкосопочника было собрано и определено наименьшее количество представителей жесткокрылых – 9 видов, связано это с тем, что это степная зона, отсутствует древесно-кустарниковая растительность, доминируют виды полынь, медоносных, эфиромасличных растений не наблюдалось, которая служит основной средой обитания жесткокрылых.

Таким образом, можно сделать следующий вывод: у организмов в процессе эволюции выработалось множество разнообразных относительных приспособлений (адаптаций) к окружающей среде. Окраска тела представителей отряда является очень изменчивой и разнообразной. Многие виды жуков обладают разнообразными, часто весьма яркими рисунками на различных частях своего тела. Преимущественно ярко окрашены жуки с дневной активностью, приуроченные к открыто расположенным растительным субстратам (цветки, листья), бронзовки и златки, ряд усачей. Для многих видов, перемещающихся по поверхности почвы или обладающих ночной активностью и многих обитающих в воде жуков характерна относительно однотонная и преимущественно тёмная окраска, хотя порой она сочетается с выраженными металлическими оттенками (жужелицы и чернотелки). Жуки мелких и средних размеров, а также виды, ведущие более или менее скрытый образ жизни, преимущественно обладают одноцветной окраской. В некоторых группах жуков яркая окраска, либо броские рисунки на теле служат предупреждением для хищников о ядовитости (например, нарывники и божьи коровки). Наиболее распространёнными пигментами жуков являются меланины, дающие тёмно-коричневую, коричнево-красную или чёрную окраску. А также каротиноиды, обеспечивающие жёлтый, оранжевый, красный окрас; флавоноиды, ответственные за жёлтый, белый, красный и коричневый цвета. Некоторые пигменты (особенно чёрные и бурые) отличаются большой стойкостью, а красные и зелёные неметаллические цвета обычно являются менее стойкими и после гибели жуков часто изменяют свою окраску на жёлтую, рыжую, буро-жёлтую.

В работе приводятся данные, расширяющие эколого-биологические и энтомологические характеристики, присущие исследуемым объектам. Приводится большой объем собственных наблюдений, сравнительного анализа и обсуждение полученных материалов. Работа представляет научный интерес для сотрудников экологии, биологии, специалистов по охране природы, а также для читателей, увлеченных изучением животного мира.

Делаются научные обоснования проделанных исследований. В работе подтверждаются уже полученные сведения о приспособленности представителей отряда жесткокрылых к факторам окружающей среды, во-первых проработано огромное количество специальной литературы, во – вторых, она их дополняет, обосновываясь на собственные результаты наблюдений.

Исследовательская работа может быть рекомендована к участию в научно-практических конференциях школьников, результаты работы могут быть использованы на

занятиях дополнительного образования по эколого-биологическому направлению, на внеклассных мероприятиях в образовательных организациях.

### Библиографический список

- Л.В.Егорова.* Методические указания по организации научно-исследовательских работ учащихся. Чебоксары, 1999
- Н.Н.Плавильщиков* Определитель насекомых. Москва, 1950.
- Е.С.Шалапенко, Т.И.Запольская.* Руководство к летней практике по зоологии беспозвоночных, Минск, Высшая школа, 1988.
- И.Х.Шарова* Зоология беспозвоночных. М: Просвещение, 1999
- Бей-Биенко Г.Я.* Общая энтомология. - Москва, 1980. 416 с.
- Догель В.А., Ежиков И.И., Кузнецов Н.Я.* и др. Руководство по зоологии. Т. 3, ч.

**Мұқаева Н.Б., Қуанышбаева М.Ф., Мадыбекова А.С.**

### СЕМЕЙ АЙМАҒЫНЫҢ ЗИЯНКЕС ҚАТТЫҚАНАТТЫЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН КҮРЕС ЖОЛДАРЫ

*КЕАҚ «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті»*  
*nurgulmukay1@gmail.com*

Қатқылқанаттылар немесе қоңыздар – бунақденелілер ішіндегі ең көп таралған топ. Бұл таксономиялық топтың түрлік құрамының көп болуына, кең таралуына, кез келген тіршілік ету ортасына кездесуіне байланысты табиғаттағы зат айналымында алатын маңызы зор. Негізгі тұқымдастары: жапырақкеміргіштер, тақтамұрттылар, ызылдақ қоңыздар, бізтұмсық қоңыздар, қараденелілер, тақтамұрттылар, хаңқыздар және т.б. Қоңыздар өте алуан түрлі және барлық жерде кездеседі. Олардың арасында қоректенуі бойынша жыртқыштар, өсімдік қоректілер, сапрофагтар, некрофагтар және құрлықта, топырақта, суда тіршілік ететін түрлері бар. Көпшілігі ауыл және орман шаруашылықтарының зиянкестері, сонымен қатар қоңыздар шіріген заттарды (сапрофагтар), зиянды жәндіктерді (жыртқыштар) жеп көп пайда келтіреді, табиғаттағы зат алмасуда маңызды орын алады [1, 2].

Миллиондаған адам өмірін және сан мыңдаған тонна астық түсімін сақтап қалу үшін зиянкес бунақденелілерге қарсы ұйымдастырылатын күресті дұрыс жүргізе білу керек. Паразит және ауру таратқыш, сондай-ақ зиянкес бунақденелілермен күрестің нәтижесі болуы үшін олардың биологиясын жақсы білуді талап етіледі. Зиянкес бунақденелілерді химиялық заттарды пайдалану басқа әдістерден гөрі тиімдірек. Инсектицидтер қолдану тәсіліне қарай ішкі мүшелерге әсер ететін және сырттан әсер ететін улы заттарға бөлінеді. Ішек арқылы ішкі ағзаға әсер ететін химиялық заты бунақдене көп кездесетін жерге шашады, сонда сонда бунақденелер еліктіргіш затты жеп, уланып, қырылады. Сырттай әсер ететін улы затты газ немесе сұйық күйінде пайдаланады, бұл бунақденелілердің терісі арқылы әсер етеді. Соңғы кезде химиялық улы заттар аса сақтықпен қолданылуда [3, 4]. Қаттықанаттылардың зиянкес түрлерінің кейбіреуіне тоқталып, олармен күрес жолдарын қарастырамыз.

Зер қоңыздар *Buprestidae*

Дене мөлшері 2 мм-ден 100 мм-ге дейін жететін қоңыздар. Көбінесе жылтыр мыс түсті болып келеді. Көптеген түрлері шіріген өсімдік сабақтарының астында дамиды. Кейбіреулері орман зиянкестері.

Зер қолатүсті қоңызы *Dicerca aenea*. Дене ұзындығы 16-22 мм. Қанаттарында ақ және сұрғылт түсті дақтары болады. Бас бөлімі кеуде бөлімінен кіші, көздері анық көрінеді. Құрсақ бөлімі едәуір ұзындау болып келеді. Түсі қола түстес. Дөрнәсілдері ағашты өсімдіктердің діндерінде дамиды. Ересек формалары ағашты өсімдіктердің жапырақтарымен және гүлдерімен қоректенеді.

Қылқандық зер қоңыз *Acmaeodera sp.* Дене ұзындығы 10-12 мм. Қара түсті қоңыз. Әр үстіңгі қанатында төрт сары дақтары бар. Құрсақ бөлімі ұзындау болып келеді. Сүректі және шөптесін өсімдіктердің зиянкестері. Дернәсілдері өсімдік сүректерінде дамиды.

Шыртылдақ қоңыздар тұқымдасының өкілдері ауылшаруашылық дақылдардың өсіп келе жатқан тұқымымен, олардың тамырларымен қоректенеді. Топырақ құрғап кеткенде өсімдіктердің шырынды бөліктеріне кіріп, қоректенеді. Шыртылдақ қоңыздар ауылшаруашылық дақылдардың ішінде, әсіресе, астық дақылдарға, картопқа, қант қызылшасына, жүгеріге және басқаларына қауіпті.

Тақтамұртты қоңыздар Scarabaeidae. Дене мөлшері әр түрлі қоңыздар. Мұртшалары түйреуіш тәрізді, сирек конус тәрізді. Дернәсілдері топырақта, шіріген өсімдік қалдықтарының астында дамиды. Бұлар көп өсімдіктердің тамырларының ұлпаларын зақымдайды, ал түйнек тамыр жемістілер үшін өте қауіпті. Дернәсілдері өсіп келе жатқан тұқыммен қоректенеді. Негізінен өскіннің жер үстіндегі бөлігімен қоректенеді.

Күресу тәсілдері. Көп қоректі қаттықанаттылардың дернәсілдерінің өмір бойы топырақ арасында тіршілік етуі, өсіп-өніп дамуының көп жылғасозылуы және ауыспалы егістің барлық танаптарына таралуы оларға қарсы күрес шараларын жүргізуді қиындатады. Топырақты баптау шаралары ішінде жер жырту, парды өңдеу және отамалы дақылдарегісінің қатарарықтарын қопсыту жұмыстарының маңызы өте зор. Бұл жұмыстар зиянкестердің қуыршақтану кезінде жүргізілгені жөн.

Біztұмсық қоңыздар Curculionidae. Қоңыздардың бас түтігі қысқа, денесінің ұзындығы 3-5 мм, денесінің түсі топырақты-сұр болып келген. Дернәсілдің сыртқы құрылысына тоқталатын болсақ, олардың денесі иілген, аяқтары жоқ, ақшыл-қоңыр басы бар, дене тұрқы 5 мм-ге дейін жетеді. Қоңыздар жердің беткі қабатында және өсімдік қалдықтарының астында, көбінесе көпжылдық бұршақ өсімдіктері алақаптарында қыстайды. Көктем уақытында олар дәнді бұршақ дақылдарының өскіндеріне қонысаударуы мүмкін. Қоңыздар топыраққа және өсімдік мүшелеріне жұмыртқаларын салады. Дернәсіл дамығаннан кейін топырақтың астына кіріп, азотфиксациялайтын түйнекті кеміріп қоректенеді. Дернәсілдер түйнек ұлпасын зақымдап, азоттың мөлшерін төмендетеді және өсімдіктің өсуін тежейді. Түйнекті біztұмсық бұршақ, сиыр жоңышқа, люпин, жоңышқа, эспарцет, түйе жоңышқа, беде үшін қауіпті болып табылады. Жирен мұртшалы ұзынтұмсық *Magdalis ruficornis*. Дене ұзындығы 2-3,5 мм, қара түсті. Мұртшалары сары, ұштары қара түсті түйреуіш тәрізді. Алма, өрік, шие және т.б. ағашты және бұталы өсімдіктерді зақымдайды. Мамыр айының ортасын белсенді тіршілік етіп, жас өсімдіктердің сабағымен және жапырақтарымен де қоректенеді.

Күресу шаралары. Бұршақ дақылдарын зиянкестерден қорғау үшін тапаптарды көпжылдық бұршақ дақылдарын біржылдық бұршақ дақылдарынан кеңістікті оңашалау керек. Агротехникалық шаралар өсімдіктерді күту кезінде қолайлы мерзім ішінде жоғары деңгейде орындалуы тиіс. Егін себу алдында тұқымды нитрагинизациялау түйнектің пайда болуына жағдай жасайды.

#### Жапырақжегіш қоңыздар Chrysomelidae

Қатты қанаттылар отрядына жататын қоңыздардың бір тұқымдасы. Ұзынша келген денесінің тұрқы 10 мм-дей. Қоңыздардың барлығы дерлік ашық түсті болады. Бұлардың сопақша дернәсілдерінің үстін безді бүртіктер жапқан. Өсімдіктердің жапырағымен қоректеніп, жұмыртқаларын жапырақ бетіне салады. Ал, кейбір түрлері - топырақ арасында немесе өсімдік арасында тіршілік етеді. Жапырақжегіштер - орман, бақ, көкөніс шаруашылықтарының зиянкестері. Кейбір түрлері арамшөптерді жоюда биологиялық күрес шараларын жүргізу үшін қолданылады.

Шығыс жапырақжегіші *Agelastica alniorientalis* қара жасыл түсті, мұртшалары жіпше тәрізді, қанаттары жылтыр қою жасыл түсті. Дене ұзындығы 7,5-10 мм. Жерге түскен жапырақтардың астында қыстайды. Көктемде шығып ағашты өсімдіктердің жапырақтарымен қоректенеді. Аналықтары жапырақтардың астына 25-30 жұмыртқадан салады.



Терек жапырақжегіші *Chrysomela populi*. Ересек формаларының дене ұзындығы 9-13 мм. Днесі жасыл немесе қою көк түсті. Қанаттары сарғыш-қоңыр немесе қызыл түсті болып келеді. Қылқанды және жалпақжапырақты өсімдіктерде мекендейді. Сүректі өсімдіктердің жас жапырақтарымен қоректенеді.

Колорад қоңызы *Leptinotarsa decmlineata*. Картопты, қызанақты, бұрыш пен темекіні зақымдайды, сондай ақ олар жабайы өсетін алқа тұқымдастарымен де қоректенеді. Қоңыз сопақша пішінді, ұзындығы 9-12 мм, алдыңғы арқасы мен қанатының үстісарғыш түсті. Басында үшбұрышты кара дақ, алдыңғы арқасындаон бір кара дақ болады, ортасында дақ V рим цифріне ұқсайды, ал әр бір қанат қабығында бес бестен ұзынша кара жолақтар орналасқан. Көктемде 20 см тереңдікте топырақта 14-15 °С дейін қызғанда, қоңыздар оның бетіне шығады. Олар картоп пен басқа өсімдіктердің жер үсті бөліктерімен қоректенеді. Қорек іздеген қыстап шыққан қоңыздар ұшаалады, олар 1-1,5 км қашықтыққа дейін жете алады. Аналық қоңыздар жұмыртқаларын картоптың жоғары жапырақтарының астында, әрбір ұяға 30-40 жұмыртқадан салады. Өсімталдығы 900-ден 2000 жұмыртқаға дейін ауытқып тұрады. Ұрықтық даму қошаған орта жағдайына қарай 7-14 күнге созылады. Колорад қоңызының құрттары 20-30 күн бойы жапырақтармен қоректенеді. Даму кезеңі аяқталғанда, олар топыраққа, 8-10 см тереңдікке кетіп, сонда қуыршақтанады. 1-2 аптадан кейін жаңа ұрпақ қоңыздары пайда болады, олар картоп жапырақтарымен қоректенеді. Бірінші екінші жастағы құрттар жапырақтары қисық формадағы саңылаулар тесіп шығарады. Ересек жастағы құрттар мен қоңыздар жаппай жапырақтар мен сабақтарын жейді де нәтижесінде өсімдіктің өсуі баяулап, картоптың түсімі төмендейді.

Күресу шаралары. Картоптың аз зақымданған сұрыптарын пайдалану. Тыңайтқыштар енгізу, топырақты уақытылы қопсыту, картопты түптеу және арамшөптерді отау. Әртүрлі мерзімдерді қатарлап арасынасөзді өсімдіктерегіп, пайдалы энтомофагтарға қолайлы жағдайлар туғызу. Кішірек алқаптарда қоңыздарды, құрттарды және колорад қоңызының жұмыртқаларын қолмен жинап, жоюға болады. ҚОРЫТЫНДЫ. Семей аймағын зерттеу нәтижесінде қаттықанаттылардың зиянкес түрлерінің 4 тұқымдасына (Buprestidae, Chrysomelidae, Curculionidae, Scarabaeidae) жататын 8 түрі анықталды. Астық, бау-бақша түсімін сақтап қалу үшін зиянкес бунақденелілерге қарсы ұйымдастырылатын күресті дұрыс жүргізе білу керек. Зиянкес бунақденелілермен күрестің нәтижесі болуы үшін олардың биологиясын жақсы білуді талап етіледі. Өсімдік мүшелерімен қоректеніп, оларға зиян келтіретіндер - зер қоңыздар, жапырақжегіштер, тақтамұрттылар және бізтұмсық қоңыздар тұқымдасының зерттелген кейбір түрлері. Анықталған зиянкестерге қарсы әртүрлі күресу шараларын (қарапайым, биологиялық, химиялық) қарастырдық.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

- Агарков В.Д., Сапелкин В.К. Система мероприятий по защите посевов риса от вредителей, болезней и сорняков. М.: Агропромиздат, 1985.
- Ашикбаев Н.Ж., Рябинина Г.Н., Бочарников А.П. Болезни и вредители зерновых культур на юге, юго-востоке Казахстана. Алматы. Фермерская информационная служба, 1999.
- Беляев И.М. Вредители зерновых культур. М.: Колос, 1974.

**Токатаева Н.С., Қуанышбаева М.Ғ., Полевик В.В.**  
**СЕМЕЙ ӨҢІРІНІҢ ГҮЛДІ ӨСІМДІКТЕРІН ТОЗАҢДАНДЫРАТЫН**  
**ЖАРҒАҚҚАНАТТЫЛАР**

*Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті*  
*коммерциялық акционерлік қоғамы*  
*[tokataeva81@mail.ru](mailto:tokataeva81@mail.ru)*

Омыртқасыздар арасында өте маңызды топ түрлері – тозаңдандырушылардың тобы. Шамамен өсімдіктің 87% энтомофильдер екені белгілі, яғни бунақденелілермен тозаңдандырылады және олардың көмегінсіз тұқым түзбейді. Мұндай жәндіктер тобына жабайы бал аралары, түкті аралар, көптеген шыбындар, қоңыздар, көбелектер жатады. Ауыл шаруашылық өсімдіктерінің өнімі, әсіресе көкөніс пен бақ өнімдері, табиғи тозаңдандырушылар «жұмысына», олардың популяциясының жағдайына тығыз байланысты. Бір қызығы, жабайы баларалары кейбір дақылдарды үй балараларына қарағанда жақсы тозаңдандырады. Әсіресе түкті аралар үлкен пайда тигізеді, олар маңызды мал азығы дақылдары, беде мен жоңышқаны тозаңдандырады. Бұл жәндіктердің ұзын тұмсықтары болады, сол арқылы әр түрлі құрылысты гүлдерге енеді.

Қазақстан аймағында өсімдіктерді тозаңдандыратын бунақденелілердің әртүрлі отрядтары бойынша көптеген мәліметтер, еңбектер бар [1-3]. Ғылыми әдебиеттерге шолу нәтижелері барысында Семей өңірінің гүлді өсімдіктерін тозаңдандыратын бунақденелілердің түрлік құрамы бойынша мәліметтердің аздығы байқалды. Осы себепті, біз ғылыми жұмысымызға жоғарыда келтірілген мәселелерді негіз етіп алып отырмыз.

Зерттеу жұмысымыздың мақсаты – Семей аймағында гүлді өсімдіктерді тозаңдандыратын жарғаққанатты бунақденелілердің түрлік құрамын анықтап, түрлердің экологиялық ерекшеліктеріне сипаттама жасау.

Зерттеу жұмыстарына материалдар Семей өңірінің әртүрлі биотоптарында 2019 және 2020 жылдың жылы мезгілдерінде жинастырылды. Жарғаққанаттылар түрлерін анықтау үшін бунақденелілер бойынша әртүрлі анықтағыштар мен ғылыми еңбектер пайдаланылды [4-6]. Сол сияқты, жарғаққанатты бунақденелілер көмегімен тозаңданатын өсімдіктердің де түрлері арнайы анықтағыштармен анықталынды [7-8].

*Зерттеу нәтижелері.* Жарғаққанаттылар – бунақденелілердің саны жағынан ең үлкен топтарының бірі болып табылады. Олардың 150 мыңнан астам түрі бар. Бұл ең күрделі құрылысты жәндіктер, олардың арасында элеуметтік, олардың мінез-құлқы өте күрделілері де бар.

Жарғаққанаттылардың тіршілік әрекеттері және өмір сүру ортасына бейімделуде өте алуан түрлі. Себебі, олар қоректену барысында өсімдіктердің тозаңдануына да қатысады. Зерттеу жұмысының барысында гүлді өсімдіктерді тозаңдандыратын жарғаққанаттылардың түрлік құрамы анықталды. Төменде олардың тізімі мен қысқаша сипаттамасы 1-ші кестеде берілді.

**1. Apidae тұқымдасы. *Bombus* туысы.** *Bombus terrestris* - Әртүрлі өсімдіктерді тозаңдандырады. Бақылау барысында көктем айында шілік ағашында көп кездесті. Сонымен қоса, келесі өсімдіктерде кездесті: тышқан сиыржоңышқа, шабындық жоңышқа, жалпақжапырақты көкбас, бархытгүл, түймедақ, бақбақ, итмұрын, көкгүлкекіре, ақ және қызылбас беде, кәдімгі түймешетін. *B. muscorum* – көкгүлкекіре, бақбақ, циния, бархытгүл, қызылбас және ақ беде өсімдіктерінде тіркелді. *B. fragrans* - шөптесін және жартылай бұталы күрделігүлділер тұқымдасында тіркелді. *B. agrorum* - дала жоңышқасы, кәдімгі сарықалуен, ащы жусан, тақыржеміс, шоңойна, жалаң мия өсімдіктерінің гүлдерінде кездеседі. *B. silvarum* – гүлді өсімдіктердің 25 түрінде кездестіруге болады. Көкөніс және жеміс-жидекті өсімдіктерді тозаңдандырады. Сонымен қоса жоңышқа өсімдігінде де кездесті. *B. hortorum* – бақша өсімдіктеріне жататын көкөністерді ( қызанақ, қияр, бұрыш, баклажан т.б) және жеміс-жидектерден шие, құлпынай, қарақат, қарлыған өсімдіктерінде тіркелді. *B. lapidaries* –көк гүлкекіре, кәдімгі түймешетен, кәдімгі

мыңжапырақ, шатырлы саршатыр, қазтамақ өсімдіктерінде тіркелді. *B. hypnorum* – бақбақ, кәдімгі таңқурай, кәдімгі қарақат, тікенекті мальва өсімдігінде кездесті.

***Eucera* туысы.** *Eucera longicornis* – бұршақ және ерінгүлділер тұқымдасында тіркелді.

***Apis* туысы.** *Apis mellifera* – келесі өсімдіктерде тіркелді: сүттіген, алама ағашы, үлкен сүйелшөп, итмұрын, цинния, кәдімгі шетен, кәдімгі мыңжапырақ, ақ түйежоңышқа, екпе құлмақ, атқұлақ қымыздық, кәдімгі сиякөк, кәдімгі шырғанақ, кәдімгі көкбасгүл, күнбағыс.

***Nomada* туысы.** *Nomada sp.* – ақ қараған, тышқан сиыржоңышқа, сібір қоңыраугүл, кәдімгі көкбасгүл, кәдімгі таңқурай, кәдімгі мыңжапырақда тіркелді.

**2. Scoliidae тұқымдасы. *Scolia* туысы.** *Scolia hirta* – көк гүлкекіре, кәдімгі мыңжапырақ, қызғылт беде, ақ түйежоңышқада кездесті. *S. quadripunctata* – көк гүлкекіре, кәдімгі түймешетен, жалпақжапырақты көкбас, сүттіген аталған өсімдіктерден тіркелді.

**3. Antophoridae тұқымдасы. *Xylocopa* туысы.** *Xylocopa valga* - балшырынды өсімдіктердің 60 жуық түрін аралап тозандандырады. Әсіресе, ақ қараған және қызғылт беде өсімдігінде көп тіркелді.

**4. Vespidae тұқымдасы. *Polistes* туысы.** *Polistes gallicus*, *P. nimpha* – тышқан сиыржоңышқа, түйнекті фломис, қара жеміс ырғай, қотыр раушан, сібір шетені, күйдіргі сарғалдақ, кәдімгі нивяник, ақ беде, түйінді валериана, атқұлақ қымыздық, егістік қарамық, еңкіш түйетікен, киіз шоңойна, қатаңқабық гүлкекіре кездесті.

***Vespa* туысы.** *Vespa vulgaris* – мына өсімдіктерден кездесті: атқұлақ қымыздық, қызғылт беде, сібір қоңыраугүл, кәдімгі таңқурай, күнбағыс, кәдімгі сиякөк, сары жоңышқа.

***Vespula* туысы.** *Vespula germanica* – сүректі өсімдіктерді оның ішінде көктерек және шегіршін, ал гүлді өсімдіктерден кәдімгі сарықалуен, егістік пастернакта тіркелді.

**5. Eumenidae тұқымдасы. *Eumenes* туысы.** *Eumenes potiformis*, *Eumenes sp.* – екпе құлмақ, дала жоңышқасы, кәдімгі сарықалуен, тақыржеміс шоңойна, жалаң мия өсімдіктерінің гүлдерінде байқалды.

**6. Andrenidae тұқымдасы. *Andrena* туысы.** *Andrena sp.* – қызғылт кекре, тышқан сиыржоңышқа, сібір шетені, жабайы алма, кәдімгі таңқурай, дәрілік түймедақ, шатырлы саршатыр өсімдіктерінде тіркелді.

**7. Crabronidae тұқымдасы. *Cerceris* туысы.** *Cerceris tuberculata* – келесідей өсімдіктердің гүлдерінде жиі кездесті: каспий андызы, шатырлы саршатыр, далалық шырмауық, кәдімгі сарықалуен, егістік пастернак, сібір қоңыраугүл, шомыр, сиыржоңышқа. *C. interrupta*, *Cerceris sp.* – алқызыл долана, қоңыраугүл, күйдіргіш қалақай, итмұрын, крената тобылғысы, астық тұқымдас өсімдіктерінің түрлерінде, егістік қарамық, атқұлақ қымыздық, Алтай астрасы, биік андыз, сарбас жоңышқа және шатырлы саршатыр өсімдіктерінің гүлдерінен жинастырылды.

***Lindenius* туысы.** *Lindenius albilabris* – ақ қараған, екпе қарамық, күреңот, ақ тауқалақай, қызғылт беде, кәдімгі сиякөк, жоңғар сасыры, сібір балдырған өсімдіктерінің гүлдерінен жинастырылды.

***Crabro* туысы.** *Crabro loewi* – ақ беде, жаужапырақ, сары жоңышқа, кәдімгі шырғанақ, күнбағыс, далалық шырмауық, кәдімгі көкбасгүлден тіркелді.

**8. Halictidae тұқымдасы. *Halictus* туысы.** *Halictus sp.* – Алтай доланасы, иісті сылдыршөп, Алтай астрасы, астық тұқымдас өсімдіктерінің түрлерінде, егістік қарамық, дәрілік түймедақ және түйінді валерианада тіркелді.

***Nomia* туысы.** *Nomia sp.* – кәдімгі мыңжапырақ, кәдімгі нивяник, күншіл сүттіген, егістік қарамық, жұқажапырақ көкбас, егістік пастернак, кәдімгі шәңкіш, шалғын қазтабан, Алтай астрасы, сібір шетені.

**9. Sphecidae тұқымдасы. *Prionyx* туысы.** *Prionyx nudatus* – ақ беде, күншіл сүттіген, Алтай астрасы, сібір шетені, кәдімгі нивяник, шалғын қазтабан, көк шытырша,

шатырлы саршатыр, дәрілік түймедақ, егістік қарамық, кәдімгі түймешетен өсімдіктерінің гүлдерінде өте көп мөлшерде байқалды. *Prionyx subfuscatus* – әдемі сылдыршөп, кәдімгі сурепка, түйнекті флоμισ, кәдімгі көкбасгүл, тышқан сиыржоңышқа, сүттіген, итмұрын, бархытгүл т.б. байқалды.

***Ammophila* туысы.** *Ammophila heydeni* – сүттіген, жалбыз, жұқажапырақ көкбас, ақ беде, дала жоңышқа өсімдігінде тіркелді.

**10. Chrysididae тұқымдасы. *Chrysis* туысы.** *Chrysis cyanea* – алқызыл долана, кәдімгі шәңкіш, қандауыр жолжелкен, шәйқурай тобылғы, қара жеміс ырғай, ақ беде, астық тұқымдастарының гүлдерінде, сібір шетені, шалғын қазтамақ, күйдіргі сарғалдақ, дәрілік түймедақ өсімдіктерінің гүлінде кездесті. *Ch. ignita* – күрделігүлділер және бұршақтұқымдастарында көп тіркелді.

***Euchoreus* туысы.** *Euchoreus purpuratus* – Алтай доланасы, сарбас жоңышқа, қызғылт кекре, кәдімгі мойыл, кәдімгі мыңжапырақ, дәрілік түймедақ, кәдімгі түймешетен, шатырлы саршатыр, көк гүлкекре, кәдімгі сарықалуенде кездесті.

***Ellampus* туысы.** *Ellampus sp* – егістік қарамық, жұқажапырқ, цикория, ақ түйежоңышқа, қызғылт беде, сары жоңышқа, кәдімгі көкбасгүл, кәдімгі шәңкіш, жабайы алма т.б. өсімдіктердің гүлдерінде тіркелді.

**11. Melittidae тұқымдасы. *Dasypoda* туысы.** *Dasypoda sp.* – ақ беде, цикорий, атқұлақ қымыздық, кәдімгі сиякөк, күнбағыс, кәдімгі нивяник, кәдімгі сарықалуен, көк гүлкекіре өсімдіктерінің гүлдерінде кездесті. *D. plumipes* – шатырлы саршатыр, ақ беде, цикорий, атқұлақ қымыздық, кәдімгі сиякөк, күнбағыс, кәдімгі нивяник, кәдімгі сарықалуен, көк гүлкекіре өсімдіктерінің гүлдерінде жинастырылды.

**12. Megachilidae тұқымдасы. *Megachile* туысы.** *Megachile sp.* – төмендегідей өсімдіктердің гүлдерінен жинастырылды: алқызыл долана, қоңыраутүл, күйдіргіш қалақай, итмұрын, крената тобылғысы, астық тұқымдас өсімдіктерінің түрлерінде, егістік қарамық, атқұлақ қымыздық, Алтай астрасы, биік андыз, сарбас жоңышқа және шатырлы саршатыр.

**13. Sapygidae тұқымдасы. *Sapygina* туысы.** *Sapygina decemguttata* – шығыс қазтабан, кәдімгі мойыл, кәдімгі түймешетен, қызғылт кекре, алтай астрасы, қой жуа, далалық шырмауық өсімдіктерінде тіркелді.

**14. Ichneumonidae тұқымдасы. *Ophion* туысы.** *Ophion luteus* – мына өсімдіктерде тіркелді: түйнекті флоμισ, далалық шалфей, татар үшкаты, сібір қызылбояу, түйінді валериана, кәдімгі түймешетен.

**15. Tiphiidae тұқымдасы. *Meria* туысы.** *Meria sp.* - күнбағыс, қара өрік, кәдімгі шәңкіш, кәдімгі көкбасгүл, қызғылт беде, айыр қазтабан, кәдімгі сиякөкке байқалды.

**16. Mutillidae тұқымдасы. *Dasylabris* туысы.** *Dasylabris maura* – қызғылт кекіре, түкті астрагал, кәдімгі нивяник, кәдімгі көкбасгүл, сібір қоңыраутүл, сары түйежоңышқа өсімдіктерінің гүлдерінде тіркелді.

Кесте 1

Өсімдіктерді тозаңдандыратын жарғаққанаттылар түрлері

Жарғаққанаттылардың тұқымдастары	1. уысы	Түрі	Жарғаққанаттылар тіркелген өсімдік түрлерінің саны
1. Apidae	s	<i>1. B. terrestris</i>	12
		<i>2. B. muscorum</i>	6
		<i>3. B. fragrans</i>	10
		<i>4. B. agrorum</i>	6
		<i>5. B. silvarum</i>	25

		6. <i>B. hortorum</i>	8
		7. <i>B. lapidaries</i>	5
		8. <i>B. hypnorum</i>	4
	2. <i>Eucera</i>	9. <i>E. longicornis</i>	7
	3. <i>Apis</i>	10. <i>A. mellifera</i>	15
	4. <i>Nomada</i>	11. <i>Nomada sp.</i>	6
2. Scoliidae.	5. <i>Scolia</i>	12. <i>S. hirta</i>	4
		13. <i>S. quadripunctata</i>	4
3. Anthophoridae	6. <i>Xylocopa</i>	14. <i>X. valga</i>	60
4. Vespidae	7. <i>Polistes</i>	15. <i>P. gallicus</i>	14
	8. <i>Vespa</i>	16. <i>P. nimpha</i>	14
	9. <i>Vespula</i>	17. <i>V. vulgaris</i>	7
		18. <i>V. germanica</i>	4
5. Eumenidae	10. <i>Eumenes</i>	19. <i>E. pomiformis</i>	5
		20. <i>Eumenes sp.</i>	5
6. Andrenidae	11. <i>Andrena</i>	21. <i>Andrena sp</i>	7
7. Crabronidae	12. <i>Cerceris</i>	22. <i>C. tuberculata</i>	8
		23. <i>C. interrupta</i>	13
		24. <i>Cerceris sp.</i>	13
	13. <i>Lindenius</i>	25. <i>Lindenius albilabris</i>	8
	14. <i>Crabro</i>	26. <i>Crabro loewi</i>	7
8. Halictidae	15. <i>Halictus</i>	27. <i>Halictus sp.</i>	7
	16. <i>Nomia</i> туысы.	28. <i>Nomia sp.</i>	10
9. Sphecidae	17. <i>Prionyx</i>	29. <i>P. nudatus</i>	11
		30. <i>P. subfuscatus</i>	8
	18. <i>Ammophila</i>	31. <i>A. heydeni</i>	5
10. Chrysididae	19. <i>Chrysis</i> туысы.	32. <i>Chrysis cyanea</i>	11
		33. <i>Chrysis ignita</i>	20
	20. <i>Euchoreus</i> туысы.	34. <i>E. purpuratus</i>	10
	21. <i>Ellampus</i> туысы.	35. <i>Ellampus sp</i>	10
11. Melittidae	22. <i>Dasy-poda</i> туысы	36. <i>Dasy-poda sp</i>	8
		37. <i>D. plumipes</i>	9
12. Megachilidae	23. <i>Megachile</i> туысы.	38. <i>Megachile sp.</i>	12
13. Sapygidae	24. <i>Sapygina</i> туысы.	39. <i>S. decemguttata</i>	7

14. Ichneumonidae	25. <i>Ophi</i> <i>on</i>	40. <i>O. luteus</i>	6
15. Tiphiiidae	26. <i>Meria</i>	41. <i>Meria sp.</i>	7
16. Mutillidae	27. <i>Dasyl</i> <i>abris туысы.</i>	42. <i>D. maura</i>	6
Барлығы: 16 тұқымдас	27 туыс	42 түр	80

**Қорытынды:** Семей аймағының гүлді өсімдіктерін тозаңдандыратын жарғаққанаттыларды зерттеу барысында олардың 16 тұқымдасқа жататын 41 түрі анықталды. *Aridae* тұқымдасынан – 11 түр, *Scoliidae* – 2, *Anthophoridae* – 1, *Vespidae* – 4, *Eumenidae* – 2, *Andrenidae* – 1, *Crabronidae* – 5, *Halictidae* – 2, *Sphecidae* – 3, *Chrysididae* – 4, *Melittidae* – 2, *Megachilidae* – 1, *Sapygidae* – 1, *Ichneumonidae* – 1, *Tiphiiidae* – 1, *Mutillidae* – 1 түр тіркелді.

Бунақденелілер арқылы тозаңданатын өсімдіктерге тән белгілер: гүлдері өте ірі, ашық реңді болып келеді, ұсақ гүлдер гүлшоғырға жинақталады. Сонымен қоса хош иісті және тәтті шірне бөледі. Зерттеу нәтижелері бойынша жарғаққанаттылар 20 тұқымдасқа жататын 80 -ге жуық өсімдіктердің түрін тозаңдандырды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- В.Л.Казенас.* «Роющие осы», Алматы «Нур – Принт», 2013 – 160 б.  
*В.Л. Казенас* «Осы Казахстана», Алматы «Нур – Принт», 2014 – 213 б.  
*П.А. Есенбекова* «Көлсай көлдері», Алматы «Нур - Принт», 2016 – 207 б.  
*В.Л. Казенас* «Насекомые Казахстана». Алматы, Нур – Принт, 2014 – 147 б..  
*Н.Н. Плавильщиков.* Определитель насекомых. – М.: Топиал, 1994 – 544 б.  
*Б.М. Мамаев, Л.Н. Медведев, Ф.Н. Правдин* Определитель насекомых европейской части СССР. Изд-во: Москва «Просвещение», 1976 – 318 б.  
*М.С. Байтенов* «Флора Казахстана». Алматы: «Ғылым», 1999 – 400 с.  
*В.П. Голоскоков* Иллюстрированный определитель растений Казахстана Том 1,2. Наука, Алма-Ата 1969 – 644 с.

**С.К. Курманбаев, А.М. Мукаева**

СЕМЕЙ Өңірінің Құрғақ Дала Аймағы Топырақтарының Ерекшеліктері  
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ  
[aizhoka\\_93@mail.ru](mailto:aizhoka_93@mail.ru)

Шығыс Қазақстан облысының батыс субрегионы, яғни бұрынғы Семей облысын «Семей өңірі» деп қарастырамыз. Қарастырылып отырған өңір Қазақстанның шығыс тұсында орналасқан. Ол 45°10'-51°20' солтүстік ендік аралығында және 76°30'-тан 83°15'-қа дейін шығыс бойлық аралығы, яғни, меридиан бойымен 700 шақырым, ендік бағытта 500 шақырымға созылып жатыр. Солтүстіктен оңтүстікке және шығыстан батысқа кеңінен созылып жатқандықтан, өңір аумағындағы жер бедерінің абсолюттік биіктігі біркелкі орналаспаған және әртүрлі геологиялық құрылысы мен жер бетінің даму тарихының ерекшелігіне қарай өңір табиғат жағдайы күрделі болып келеді. Аумақ үш ендік зонада жатыр: дала, шөлейт және шөл зонасы [1].

Семей өңірінің топырақ жамылғысы сан алуан болып келеді. Ол тау, тауарлық алқаптар, биік тауалды мен ұсақ шоқылардан, сондай-ақ ойпатты жазықтардың топырақтарынан құралады. Ендіктік географиялық зоналыққа сәйкес Семей өңірінің жазықты бөлігінде келесідей зоналық топырақтар түзіледі: қара-қоңыр, ашық-қоңыр, сұрғылт және сұрғылт сұр шөлді топырақтар.

Қара-қоңыр топырақтардың ішінде кең таралғаны бұл қара-қоңыр қалыпты (Балапан маңы мен Алтай тауалды жазығы, Белағаш даласында) сортаңдау (Корестелев даласы), «жеңіл» және терең қабыршақты (Ертістің оң жақ жағалауы).

Ашық-қоңыр түсті топырақ түрі Семей өңірінде өте кең таралған. Олар Ертіс маңы жазығының сол жақ жағалау бөлігінің, Қазақ ұсақ шоқысының солтүстік және орта бөлігінің, Тарбағатай, Шыңғыстау мен Калба тауларының тауарлық алқаптарының тауалды жазықтарының көптеген аудандарының топырақ жамылғысын құрайды. Ашық - қоңыр түсті топырақтың өсімдік жамылғысы еменді-селеулі, шөл - далалы тіпті өсімдік түрлерінен тапшы болып келеді.

Семей өңірінің ашық - қоңыр топырағы біртекті ашық - қоңыр түсімен, тереңдеген сайын көкшіл түске ауысатын қалыңдығы аз гумус горизонтымен, оның төменге қарай күрделенетін ірі түйіршіктілігімен; карбонат горизонтының жоғары орналасумен; гумустың төменгі бөлігі мен одан да төмен горизонттарда карбонаттардың ұсақ ақ дақтар тәрізді бөлінумен; карбонаттың астында орналасқан кристалдық гипстің жиналуымен ерекшеленетін гипстік горизонттың болуымен; жер үсті немесе грунттық сулармен қосымша ылғалдану белгілерінен мүлдем алшақ болуымен сипатталады[2].

Сұрғылт және сұрғылт-сұр шөлді топырақтар ұсақ шоқының оңтүстігіндегі үлкен кеңістікті. Балқаш-Алакөл ойпаты кеңістігін алып жатыр. Сұрғылт топырақтың ішінде қалыпты түрі басым, сортаңдау (шоқы аралар алқаптар), толық жетілмеген түрлері де кездеседі (ұсақ шоқының үстіңгі қабаты). Сұрғылт - сұр топырақтар, бір жағынан кейде арал тәріздес жекелей кездесе, екінші жағынан, облыстың оңтүстік-батыс, оңтүстік шығысында үлкен белдеуді алып жатыр. Ең кең таралғаны қалыпты сұрғылт-сұр түсті, сондай-ақ, кездесетіндер қатарында гипстық сұрғылт - сұр таулы (Барлықтың оңтүстік-батыс тауалды ауданы) [3].

Сонымен қатар, жоғарыда аталынып өткен зоналық топырақтардан басқа әртүрлі интразоналық (зонашілік) топырақтар көптеп кездеседі: шалғынды-қоңыр, шалғынды, шалғынды-батпақты, батпақты, тақырлар, сор, сортаң және т.б.

Шалғынды-қоңыр топырақтар қара-қоңыр (шалғынды қоңыр-қара) және ашық қоңыр (шалғынды қоңыр ашық) топырақтардан бөлінеді. Олар жер бедерінің аздаған ойыс жерлерінде орналасып, қосымша ылғал мөлшерін не жер үсті ағын суларынан, не болмаса тереңдігі 4-6 м баратын грунт суларымен, немесе екеуімен де бір мезгілде ылғалданып отырады. Сондықтан да, оны ылғалданудың жартылай гидроморфты қатардағы топырақтарға жатқызады.

Шалғынды топырақтар, шалғынды-қоңыр топырақ тәрізді ылғалданудың жартылай гидроморфты топырағына жатса да, қосымша ылғалды тереңдігі 4-6 м орналасқан грунт суларынан алады. Олар сұр-көк шөл топырақтарының арасында кең таралған. Олардың арасында шалғынды карбонатты, сортаңдау, сор топырақтар кездеседі.

Шалғынды-батпақты топырақтардың таралу шеңбері кең емес. Олар, мәселен, кейбір көлдердің (Алакөл, Зайсан) жағаларында кездеседі.

Тұзды топырақтар (сор, сортаң) барлық зоналарда кішігірім массивтерімен таралған. Олар тұзы мол топырақ тұзуші жыныстардан түзіледі немесе минералдандырылған грунт суларының ықпалынан пайда болған. Сор және сортаң топырақтар сондай-ақ, тұзды натрий суларымен жүйелі әрі интенсивті ылғалдану барысында түзіледі [2].

Зайсан ойпаты, Ертіс маңы жазығында шөлейтті далалы төбешікті құмдар кездеседі. Ал, Алакөл ойпатында Еміл мен Қатынсу өзендерінің төменгі ағыстарында шөлді, шөлейтті - далалы төбешікті құмдар дамуын тапты.

Бүгінгі күні ауыл шаруашылығы саласындағы басты мәселе-топырақтың табиғи құнарын сақтап, өнімнің шығымдылығы мен сапасын арттыру. Себебі қуаңшылықтың экологиялық зардаптары климаттың антропогендік пен өзгеруі болып отыр. Қазіргі таңда жел және су эрозиясы мен қатар топырақтардың деградациясы және шөлейттену мәселелері өзекті. Антропогенді факторлар адамның жан-жақты шаруашылық әрекетімен

байланысты болып, шөлейттенуге соқтыратын әсер етуші күш болып табылады. Негізгі факторлар: мал бағу, егіншілік, жерді игеру, құрылыс жұмыстары.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Панин М.С. Эколого-биогеохимическая оценка техногенных ландшафтов Восточного Казахстана.- Алматы: Эвро. 2000. – 338с.
2. Колходжаев М.К., Котин Н.И., Соколов А.А. Почвы КазССР. Вып 10. Семипалатинская область.- Алма-Ата,1966. вып 4.
3. Фаизов К.Ш., Уразалиев Р.А., Иорганский А.И. Почвы РК.- Алматы: ТОО «Алейрон» 2001.- 328с.

**Ж.М. Иманакышева, А.С. Мадыбекова, З.В. Абдишева**  
**СЕМЕЙ Өңірінің тұщы су қоймаларындағы омыртқасыздардың**  
**түрлік құрамы және практикалық маңызы**  
 «СЕМЕЙ қаласының ШӘКӘРІМ атындағы УНИВЕРСИТЕТ» КеАҚ  
[Zhadyra-1995@list.ru](mailto:Zhadyra-1995@list.ru)

Қазіргі кезде Дүние жүзі су қорларының ластануы бүкіл адамзат қауымын алаңдатып отыр. Осы уақыттағы өзекті экологиялық мәселелердің бірі - табиғи су биоценозы арқылы адамзат әрекетінен ластанған су қоймаларын зарарсыздандыру болып табылады. Заман талабына сай өндірістік және жартылай өндірістік бағыттағы шаруашылықтардың қауырт дамуы су көздерінің ластану деңгейінің артуына, экологиялық жағдайының нашарлауына ықпал етуде Міне, осы су қоймаларында кездесетін бунақденелілер туралы мәліметтер өте аз болғандықтан және олардың суды зарарсыздандыруға тигізетін әсері туралы жазу, біздің жұмысымызға негіз болып алынды. Омыртқасыздар жануарлар патшалығындағы саны жағынан да, түрі жағынан да ең көп таралған жануарлар. Қазіргі санақ бойынша шамамен жануарлардың бір миллионға жуық түрі бар. Оның 96%-і омыртқасыздар да, тек 4%-і ғана омыртқалы жануарлар.

Республикадағы жалпы су құрамы бойынша талдау жасағанда ең ластанған суларға өзендер жатады. Әсіресе өндіріс орындары көп шоғырланған жерлерде жауын-шашынның әсерінен олардағы ластаушы заттар өзендер мен жер асты суларының құрамына енеді. Шығыс Қазақстан облысындағы Ертіс өзені өте ластанған су көздеріне жатады.

Семей өңірінің су қоймаларында кездесетін су бунақденелілерінің түрлік құрамы,экологиялық ерекшеліктері анықталды.

Зерттеу жұмыстары барысында жәндіктерге сипаттама беру жалпы энтомологиялық зерттеу жүргізу әдістемесіне (Дунаев, 1997) негізделіп жасалды. Су жәндіктерінің құрамын және орналасу жиілігін анықтау үшін торлы дорбаны су бетіне жақын жерге, түбіндегі лай батпақты қопсыта отырып, ағысқа қарсы орналастырады. Себебі, су түбінен шығатын жәндіктер судың ағынымен қозғалып отырып торлы дорбаға өздері барып түседі. Ал, ағыны жоқ тұрақты су қоймаларында торлы дорбаларды судың ішіне кіргізіп орналастырады.

Зерттеу нәтижесінде әртүрлі су қоймаларында (Полковничий аралы, Ертіс суқоймасы, Шығыс кенті) кездесетін бунақденелілердің 4 отрядына (инеліктер, жартылайқатты қанаттылар, қосқанаттылар және қаттықанаттылар), 15 тұқымдасына, 19 туысына біріктірілетін 26 түрі анықталды және олардың кадастры құрылды, олардың тізімдері 1-ші кестеде берілген.

Кесте-1

Семей өңірінің тұщы су қоймаларының энтомофаунасы

Тип	Отряд	Тұқым дас	Туыс	Түр
Жұмыр	1.	1.	1.	1.Nordiinae J



	кұрттар Nemathelminthes	Dorylaimida	Nordiidae	Dorylaimina	AIRAJPURI
	Буылтық құрттар Annelida	2. Harplotaxidae	2. Naididae	2. Stylarius	2. Stylaria lacustris
			3. Tubificidae	3. Tubifex	3. Tubifex tubifex
		3. Жақты сүліктер Gnathobdellida	5. Жылқы сүлігі Herpobdella	5. Nephelis	5. Кіші жылқы сүлігі Nephelis
Буынаяқтылар Arthropoda	4. Бүйірмен жүзушілер Amphipoda	6. Gammaridae	6. Gammarus	6. Бүйірмен жүзуші Gammarus Pulex	
	5. Бұтақмұртты шаяндар Cladocera	7. Daphniiformes	7. Daphnia	7. Кәдімгі дафния Daphnia pulex	
	6. Онаяқты шаяндар	8. Astacidae	8. Astacus	8. Өзен шаяны Astacus pluvialis	
	7. Ескекаяқтылар	9. Cyclopidae	9. Cyclops	9. Cyclops coronatus	
	8. Жартылайқатты қанаттылар немесе қандалалар Hemiptera	10. Жүзгіш қоңыздар Naucoroidea	10. Пюкорис	10. Pycocoris	10. Кәдімгі жүзгіш қоңызы Pycocoris cimicoides
		11. Суаршын қандалалар Gerridae	11. Gerris	11. Gerris	11. Суөлшегіш қандала Gerris lacustris
		12. Notonectidae	12. Notonecta	12. Notonecta	12. Терік қандала Notonecta glauca glauca
		13. Nepidae Сушаяндар	13. Nepa	13. Nepa	13. Сүңгуір құршаяны Nepa cynerea
			14. Ranatra	14. Ranatra	14. Таяқшатәрізді ранатра Ranatra linearis
		14. Ескек қандалалар Corixidae	15. Sigara	15. Сызықты ескек қандала Sigara striata	
9. Инеліктер	15. Сұлу инеліктер	16. Calopteryx	16. Calopteryx splendens		
10. Қаттықанаттылар Coleoptera	16. Сүңгуір қоңыздар Dytisidae	17. Dytisidae	17. Жиекті жүзгіш қоңызы Dytiscus marginalis		
			Жиекті жүзгіш қоңызының дернәсілі		
			18. Терік		

					жиекті жүзгіш қоңызы <i>Dytiscus circumflexus</i>
		17. Су айналмалылар <i>Gyrinidae</i>	18. <i>Gyrinus</i>	19. Үлкен су айналма қоңызы <i>Gyrinus marinus</i>	Үлкен су айналма қоңызының дернәсілі
		18. Су сүйгіштер <i>Hydrophilidae</i>	19. <i>Hydrophilus</i>	20. Қара су сүйгіш қоңызы <i>Hydrophilus piceus</i>	
	11. Қосқа наттылар <i>Diptera</i>	19. Қансормайтын масалар <i>Chironomidae</i>	20. <i>Chironomus</i>	Кәдімгі қансормайтын маса <i>Chironomus plumosus</i>	дернәсілі
	12. Жылғалықтар <i>Trichoptera</i>	20. <i>Phryg anidae</i>	21. <i>Phryganea</i>	21. Кәдімгі жылғалық <i>Phryganea striata</i>	
	13. Өрмекшітәрізді лер	21. Цибеидтер	22. <i>Argyroneta</i>	22. Күміс өрмекші <i>Argyroneta aquatic</i>	
	14. Біркүндіктер	22. <i>Ephemeridae</i>	23. <i>Ephe mera</i>	23. Кәдімгі біркүндік <i>Ephemeridae vulgata</i>	
Былқыл дақденелілер <i>Mollusca</i>	16. Өкпе лілер <i>Pulmonata</i>	23. <i>Lymnaeidae</i>	24. Тоспа ұлулар <i>Lymnaea</i>	24. Кәдімгі тоспа ұлу <i>Lymnaea stagnalis</i>	Кәдімгі тоспа ұлу жұмыртқасы
				25. Тоспа ұлу <i>Lymnaea truncatula</i>	
				26. Сопақша тоспа ұлу <i>Lymnaea ovata</i>	
				27. Батпақ тоспаұлу <i>Lymnaea palustris</i>	
				28. Шар тәрізді ұлу <i>Musculium lacustre</i>	
		24. Шар тәрізділер <i>Sphaeriidae</i>	25. <i>Sphae riidus</i>	28. Шар тәрізді ұлу <i>Musculium lacustre</i>	
		25. Катушки <i>Planorbidae</i>	26. <i>Plano rbidae</i>	29. Мүйіз тәрізді катушка <i>Planorbarius corneus</i>	

Ғалымдардың анықтауынша планктонды ағзалар минералды және органикалық қалдық шлактардың біршама бөліктерін пайдаланумен қатар, суға бактериостатикалық

және антибиотиктік заттар бөліп, су қоймаларды белсенді түрде тазалауға қатысады. Сонымен қатар бұл организмдер қауымы су қоймалардың табиғи сүзгіші ретінде тіршілік етеді, судың өздігімен тазаруына маңызы зор. Негізінен, зоопланктондар фильтрациялы қорек типіне жатқандықтан, олар аз уақыт ішінде су қабатын қалқымалы және лайлы заттардан тазартып отырады.

Тұщы су қоймасында (кірпікшелі инфузориялар туысы) немесе қылтанды құрттардың кейбір түрлері, сонымен қатар бұтақмұртты шаяндар – дафниялар судың ластану дәрежесін анықтайтын индикатор ретінде пайдаланады (Сурет-1).



Сурет 1. Кәдімгі дафния *Daphnia pulex*

Суқоймасының қоректік тізбегінде су түбі жануарлары маңызды рөл атқарады. Зообентос көптеген балықтардың және суқоймасындағы гидробионттардың жоғарғы калориялы азығы болып табылады. Шіріген өсімдіктермен және жануарлармен қоректене отырып, бұл организмдер судың өздігінен тазару құбылысында маңызы зор, су түбі мен су қабаты арасындағы қоректік заттардың алмасуына себеп болады. Кіші су қоймалары түрдің сақталуында маңызды рөл атқарады

Қорытынды. Семей өңірінің тұщы су қоймаларынан омыртқасыздардың 4 тип, 16 отрядтан, 25 тұқымдастан тұратын, 26 туысқа біріктірілген 29 түрі және 3 түрдің дернәсілі анықталды. Мейілінше түр алуандылығымен көзге түскендер жартылай қаттықанаттылар, қоңыздар, өкпелілер отрядтары болды. Семей өңірінің тұщы су қоймаларында кездесетін омыртқасыз жануарлардың рөлі айтарлықтай. Олар биотикалық зат айналымында және су қоймаларының қалыпты функциясын сақтауда маңызы зор. Фотосинтез нәтижесінде түзілген фитопланктондағы органикалық заттарымен қоректене отырып, келесі трофикалық деңгейге, яғни балықтарға жеткізіп отырады. Зоопланктонмен балықтардың барлық түрлерінің шабақтары және ересек планктофагты балықтар да қоректенеді. Сонымен қатар бұл организмдер қауымы су қоймалардың табиғи сүзгіші ретінде тіршілік етеді, судың өздігімен тазаруына маңызы зор. Негізінен, зоопланктондар фильтрациялы қорек типіне жатқандықтан, олар аз уақыт ішінде су қабатын қалқымалы және лайлы заттардан тазартып отырады. Өлген планктон детрит түрінде судың түбіне тұнып су түбі жануарларының негізгі қорек бөлігі болып табылады. Зоопланктон балық шаруашылығында зерттелетін гидробионттардың негізгі қауымдастық қатарына жатады.

Суқоймасының қоректік тізбегінде су түбі жануарлары маңызды рөл атқарады. Зообентос көптеген балықтардың және суқоймасындағы гидробионттардың жоғарғы калориялы азығы болып табылады. Шіріген өсімдіктермен және жануарлармен қоректене отырып, бұл организмдер судың өздігінен тазару құбылысында маңызы зор, су түбі мен су қабаты арасындағы қоректік заттардың алмасуына себеп болады.

### Пайдаланылған әдебиеттер

*Минсарина Б.Қ., Б.Е. Есжанов Б.Е.* Жалпы гидробиология. Алматы: «Қазақ университеті» 2017. -580 б.

Оңтүстік Қазақстан облысындағы су көздерінің экологиялық жағдайын гидромакрофиттер арқылы бағалау: биология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / Л. К. Асамбаева. - Алматы, 2009. - 18 б.

*Казенас В.Л., Маликова Е.И., Борисов С.Н.* Насекомые Казахстана. Полужесткокрылые. Серия «Животные Казахстана в фотографиях». – Алматы: «Нур-Принт», 2014. – 176 с.

*Стуге Т.С.* История исследования зоопланктона и макрозообентоса озера Маркаколь // Труды Казахстанского заповедника. Алматы. - 2009. -Т.1. - ч.1. - С. 44-48.

*Чилдибаев Д.Б.* Экологические комплексы полужесткокрылых (Heteroptera) юго-востока Казахстана // Труды Института зоологии АН КазССР. – 1980. - Т. 39. - С. 55-60.

*Темрешев И.И.* Водные жуки подотряда (Noteridae6 Gyridae) Казахстана // материалы международн. Научн. Конф. «Проблемы охраны и устойчивого использования биоразнообразия животного мира Казахстана». Алматы, 1999. С.150.

*Иманова Д.Н.* Оңтүстік Қазақстан су қоймаларындағы зоопланктонды ағзалар және бұтақмұртты шаян тәрізділерді (Daphnidae) биотестте қолдану:биология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / Д. Н. Иманова. - Алматы, 2009. - 19 б.

***Б.Б.Жолдыбалина, А.М. Дюсенова***

**СЕМЕЙ ҚАРАҒАЙЛЫ ОРМАНЫНДА АУРУ ТУҒЫЗАТЫН  
САҢЫРАУҚҰЛАҚТАР**

КГУ «СОШ №26» г. Семей

[bayan73.73@mail.ru](mailto:bayan73.73@mail.ru)

Қазақстан Республикасы орманы аз мемлекеттер қатарына жатады. Оның аумағының 4,5 пайызын ғана орман – тоғай көмкерген, ал еліміздегі осы орманның 60 пайызға жуығын сексеуіл тоғайлары құрайды. Республикамыздың аумағында Ертіс өзенін жағалай (Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары) созылған қарағайлы орман жалдарын – көне заманның бірегей ескерткішін мақтаныш етуімізге әбден болады. Өйткені мұндай ормандар дүние жүзінде Қазақстан мен Канада жерінде ғана кездеседі.

Реликті қарағайлы орманның пайда болуы Неогеннің соңында Қазақ жерін жергілікті мұз басқан. Төрттік дәуірде ауа райы жылынып, соның салдарынан солтүстіктегі алып мұз жамылғысы ери бастаған, әрі оңтүстікке қарай өз ағындарымен желдің солтүстігінен құмдардың массасымен қарағай тұқымдарын ағызып әкелген. Ал Ертіс өзені бұл процеске тосқауыл болғандықтан, қарағай тұқымдары осы өзен бойында қалып қайған. Сол себепті де Ертіс өзенінің оң жағалауында құмды қарағайлы таспа пайда болған. Біздегі жалпы орман қоры 24,6 млн. гектарға жетеді. Оның ішінде 10,5 млн. Гектар жері таза орман алқабы.

Табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы 2003 жылдың 22 қаңтарында «Семей орманы» табиғи орман резерваты мемлекеттік мекемесі құрылды. №26 мектеп оқушылары «Семей орманы» табиғи орман резерватымен тығыз байланыстамыз. Жыл сайын «Парктер шеруі» акциясына қатысамыз.

Қарағайдан зиянды бактерияларды жоятын ерекше ұшқыш зат – фитонцид бөлінеді. Қарағай сүрегінен химиялық жолмен өңдеп, жібек жіп тәрізді жасанды талшық алынады.

Бабаларымыздан «Орманы бардың – қорғаны бар» деген қанатты сөз қалған. Міне, осы қорғанымызды сақтап, молықтыру. Келешек ұрпақтарға жеткізу – еліміздің жас жеткіншектерінің абыройлы борышы.

Қарағай ауруларын туғызатын саңырауқұлақтардың 3 класқа, 5 қатарға, 6 тұқымдасқа, 6 туысқа біріктірілген 9 түрі анықталды. Зерттеу нәтижелері бойынша анықталған 3 кластың ішінен түрлік құрамы бойынша базидиомицет және аскомицеттер класы доминанттылық көрсетті. Ал дейтеромицеттер класынан жалғыз түр *Fusarium pinicota* анықталды. Түрлік құрамы бойынша дейтеромицеттер класы төменгі көрсеткіш көрсетті. [1,14]

Қарағайларда екпе көшеттердің жапырылуы, кәдімгі шютте, қарлы шютте, тамырлы губка, шайырлы рак аурулары жиі кездесті. Аурудың басқа түрлері аз мөлшерде кездеседі және олардың таралуының үлкен ошақтары жоқ.

Зерттелген қарағайдағы ауру туғызатын саңырауқұлақтар түрлерімен күресу шаралары: химиялық әдіс және орман шаруашылық әдістер.

Жалмауыз сыпыртқысы ауруымен күресу шаралары: ауру бұтақтарды кесу, бордос сұйықтығымен көктемде өсімдіктерді себу; зақымдалған бұтақтарды жою.

Шютте ауруымен күресу шаралары: өлген өсімдіктерді және құлаған қылқанды жою немесе өртеу, ауру қылқанды кесіп бөліп алу, цинеба суспензиясын және басқа фунгицидтерді қарлы қабаттар түзілгенше себу.

Далалық зерттеу жұмыстары 2019-2020 жылдары жүргізілді

Семей орманындағы сүректі өсімдіктерде (қарағай) көбінесе ауруларды саңырауқұлақтардың түрлері тудырады. 2 топқа тәжірибе және бақылау тобына бөліп зерттеу жұмыстарын жүргіздік.

Қарағай ауруларын туғызатын саңырауқұлақтардың түрлік құрамы қарағай ауруларын туғызатын саңырауқұлақтардың 3 класқа, 5 қатарға, 6 тұқымдасқа, 6 туысқа біріктірілген 9 түрі анықталды. Зерттеу нәтижелері бойынша анықталған 3 кластың ішінен түрлік құрамы бойынша базидиомицет және аскомицеттер класы доминанттылық көрсетті.

Қарағайлы орманымызды көзіміздің қарашығындай сактайық! Ал дейтеромицеттер класынан жалғыз түр *Fusarium pinicota* анықталды. Түрлік құрамы бойынша дейтеромицеттер класы төменгі көрсеткіш көрсетті.

Саңырауқұлақтармен туғызатын қарағай ауруларының түрлері: екпе көшеттердің жапырылуы, кәдімгі шютте, қарлы шютте, тамырлы губка, шайырлы рак аурулары жиі кездесті. Аурудың басқа түрлері аз мөлшерде кездеседі және олардың таралуының үлкен ошақтары жоқ.

Зерттелген саңырауқұлақ ауруларымен күресу шаралары: жалмауыз сыпыртқысы ауруымен күресу шаралары: ауру бұтақтарды кесу, бордос сұйықтығымен көктемде өсімдіктерді себу; зақымдалған бұтақтарды жою.

Шютте ауруымен күресу шаралары: өлген өсімдіктерді және құлаған қылқанды жою немесе өртеу, ауру қылқанды кесіп бөліп алу, цинеба суспензиясын және басқа фунгицидтерді қарлы қабаттар түзілгенше себу.

Семей қарағайлы орманында қарағай ауруларын тудыратын саңырауқұлақтардың 3 класқа, 6 тұқымдасқа, 6 туысқа біріктірілген 9 түрі анықталды: *Lophodermium pinastri*, *Phacidium infestans* Karts, *Cenangium abietis*, *T. pinicota* Rostr., *Thelephora terrestris*, *Fomitopsis annosum*, *Melampsora pinitorqua*, *Cronartium flaccidum*, *Fusarium pinicota*.

Бұл саңырауқұлақтар Семей қарағайлы орманында қарағайдың тоғыз түрлі ауруларын тудырады: кәдімгі шютте, қарлы шютте, екпе көшеттердің тұншығуы, екпе көшеттердің жапырылуы, жалмауыз сыпыртқысы, қарағай айналмасы, ценангиоз, шайырлы рак, тамырлы губка.

Анықталған аурудың әрқайсысымен химиялық күресу шаралары анықталды.

Семей қарағайлы орманының шаруашылық маңызы анықталды: жылына іске жарайтын қарағайдың 18 % теміржол төсеуге, 33% тұрғын үй және басқа құрылыстар

салуға, телеграф, телефон линияларына бағана үшін, 11% мыс көмір және тау-кен руда кәсіпорындарында тіреу материалы ретінде, 7% жуығын қағаз – целлюлоз өнеркәсібінде, 8% артығы, әртүрлі жәшіктер мен ыдыстар жасауға, 7% жуығын жиһаз, сіріңке жасайтын ағаш және фанер шығаратын өнеркәсіп орындары керек етеді.

Қарағайлы орманды қорғау шараларын ұйымдастыру қажет. Орман азаюына әсер ететін факторлар: өрт оқиғалары, заңсыз ағаш кесу, мал жаю, табиғи аурулары мен зиянкестерден және паразит саңырауқұлақтардан сақтық шаралары қажет.

Орманды қорғау шаралары:

1. Орман тәртібін бұзушыларға қатысты заңды барынша күшейту керек;
2. Қалпына келтіру шараларын кең ауқымды жүргізу;
3. Өрт қауіпсіздігі шараларын жіті қадағалау;
4. Құқық қорғау қызметкерлерінің талабын күшейтуді талап ету;

«Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерватына мынадай қызметтер жүктеледі:

1. Қарағайды зақымдайтын саңырауқұлақтармен күресті жолға қою қажет.
2. Экологиялық жүйелердің табиғи эталонды кешендерін, тарихи және мәдени ескерткіштердің тұтастығын сақтау;
3. Табиғи және тарихи, мәдени кешендер мен объектілерді қалпына келтіру;
4. Табиғи кешендердің табиғи жағдайда дамуы мен сараптамасын жүргізуді жете зерттеу.

Нәтижесінде, орманшылардың айтуынша, орманның селдіреуінен болып жатқан өзгерістер де жетерлік. Семей аймағының микроклиматы ауытқыған. Бұлақ көздері азайды. Қатты жел еш кедергісіз топырақты көтеріп, ауаны шаңдайды.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- Ауыл шаруашылығының орысша – қазақша сөздігі. Астана, «Уәлиев»ЖК, 2009. 52 б.
- Қайым. Қ.Қ. Биология 7 сынып оқулық, Алматы, Атамұра 2007. 84б.
- Мушегян А.М. «Деревья и кустарники». Алматы 1962. 65б.
- Федоров А.А. Жизнь растений. Грибы.1976.142 б
- Федоров А.А. Жизнь растений, голосеменные растения.1978. 78б
- Қазақстан Республикасының Орман кодексі 2012.4 б
- Шварцман С.Р., Материалы к истории микофлоры Казахстана, А.-А., 1962. 62б.
- Калымбетов Б., Микологическая флора Заилийского Алатау А.-А., 1969. 147б.
- Коваль. И.А.Орман шаруашылығы сөздігі.Астана, 2012. – 3 б
- Орман шаруашылығы сөздігі. « Қаржы – қаражат» баспасы, 1994. 113б.
- Орысша – қазақша орман шаруашылығы сөздігі.Астана,«Руханият» орталығы,2002.8б
- Өсімдіктер әлемі. Астана, «Руханият» орталығы, 2001. 89 б
- Қалиұлы.Б. Өсімдік атаулары.Алматы, «Ана тілі», 1993. 38 б.
- Байзақов. С. Справочник лесничего Казахстана. Астана 2012.279 б.
- Ганиев М.М.Химические средства защиты растений. Колос», 2016.167 б.

**А.И.Кобегенова, М.Б.Мунлыкбаева**  
**СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ КӨЛІК ЖОЛДАРЫ БОЙЫНДАҒЫ ТОПЫРАҚ**  
**ҚҰРАМЫНДАҒЫ ҚОРҒАСЫН МЕН КАДМИЙДІҢ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ**  
*«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ*  
*[akobegeni@mail.ru](mailto:akobegeni@mail.ru)*

Өндірістік прогресс қоршаған ортаға көп мөлшерде зиянды заттардың түсуімен және қалыптасқан табиғи тепе-теңдіктің бұзылуымен қатар жүруде. Біздің қаламыздың қазіргі экологиялық жағдайы күрделі – барлық жерде өндірістік қалдықтармен, радиациямен ластану, ауру түрлері мен мутациялық өсуі, су мен тамақ өнімдерінде нитраттардың, пестицидтердің ауыр металдардың мөлшерінің өсуі етек алуда.

Қоршаған ортаның өндіріс орындарының бөлінген зиянды қалдықтармен ластану дәрежесі, олардың адам денсаулығына әсері және санитарлық-гигиеналық маңызы көп ғылыми еңбектерде келтірілген. Қазақстанның бүкіл облыстары мен өлкелері экологиялық апат аймағына айналып отыр. Осыны ескере отырып біздің алдымызға қойған мақсатымыз, ауыр металдардың ластану деңгейін анықтау. Сонымен қатар алынған мәліметтерге сүйене отырып топырақтың қорғасын мен кадмиймен ластануына баға беру болып табылады. Қазіргі кезде экологиялық проблемалар жан жақты комплексті зерттеуді талап етеді.


Ауыр металдардың ең көп жинақталған ортасы топырақ жамылғысы. Бұл мәселе ең алдымен ірі қалалар үшін маңызды. Қала территориясында орналасқан өндіріс орындарының жұмыс істеуі нәтижесінде және автокөлік газондары түтіндері арқылы атмосфера көп мөлшерде ауыр металдармен ластанады. Атмосферадан ауыр металдар топырақ қабатына түседі. Тіпті ауадағы аз концентрациялы ауыр металдар жинақтала келіп зиянды компоненттерге айналады. Ауыр металдар әсерінен тіпті топырақ сапасы төмендеуі мүмкін. Негізінен қалалық аймақ әр түрлі зиянды қалдықтармен ауыр металдардың жинақталу ортасы болып табылады. Бұл заттар токсикалық қасиет көрсетеді [1,2].

Зерттеу объектісі ретінде Семей қаласының Әуезов, Глинка, Шәкәрім, Абай, Қаржаубайұлы көшелері бойынан жоғарғы, ортаңғы және төменгі бөліктерінен, ал фон ретінде «Семёнова-Тян-Шанский» көшесі таңдалды. Аталған зерттеу нысандарынан 0-20 см тереңдікте топырақ сынама үлгілері алынды.




Сурет 1. Сынама алынған Семей қаласының көшелері

1- Қаржаубаулы к.басы, 2- Қаржаубайұлы к.ортасы, 3- Қаржаубаулы к. Соңы, 4- Шәкәрім к.басы, 5- Шәкәрім к. ортасы, 6 - Шәкәрім к.соңы, 7- Глинка к.басы, 8- Глинка к. ортасы, 9- Глинка к. соңы, 10 – Абай к.басы, 11- Абай к.ортасы, 12- Абай к. соңы, 13- Әуезов к.басы, 14- Әуезов к.ортасы, 15- Әуезов к. соңы, 16- Фон 1, 17-Фон 2, 18-Фон 3.







Сурет 2. Қала көшелері бойындағы топырақ құрамындағы қорғасын мөлшері

Ауыр металдар органикалық заттарда, органикалық қосылыстар түрінде, темір гидроксидтерінде жинақталған, саз минералдарының кристалдық торларының бір бөлігі болып табылатын топырақ бөлшектерінің бетінде сорылып, изоморфты алмастыру нәтижесінде өздерінің пайдалы қазбаларын береді. Топырақ ылғалында ерімтал күйінде, топырақ ауасында газ тәрізді күйде болады, топырақ биотасының құрылымдық бөлігі болып табылады. Ауыр металдардың ауысымдық формасы топырақта табылатын металдардың жалпы массасының мардымсыз мөлшерін құрайды, минералды және органикалық заттармен байланысқан.

Көшелердің жоғарғы, ортаңғы және төменгі бөліктеріндегі топырақ сынамалары бойынша қорғасынның мөлшері келесідей қатарды құрайды:


Жоғарғы бөлігі бойынша: Қаржаубайұлы к.(20 мг/кг)> Шәкәрім к.(34,1 мг/кг)> Глинки к.(35,5 мг/кг)> Әуезов к.(40 мг/кг)> Абай к.(75 мг/кг);

Ортаңғы бөлігі бойынша: Глинки к.(16,6 мг/кг)> Шәкәрім к.(28,6 мг/кг)> Қаржаубайұлы к.(28,6 мг/кг)> Әуезов к.(30,1 мг/кг)> Абай к.(46 мг/кг);

Төменгі бөлігі бойынша: Қаржаубайұлы к.(18,8 мг/кг)> Абай к.(25,4 мг/кг)> Шәкәрім к.(32,1 мг/кг)> Әуезов к.(50,1 мг/кг)> Глинки к. (68,6 мг/кг).

2-ші суретте берілген мәндерді талдай келе көшелердің жоғарғы, ортаңғы және төменгі жол жиектерінен алынған топырақ құрамындағы қорғасынның ең жоғарғы Глинки көшесінің төменде (68,6 мг/кг) және Абай көшесінің жоғарғы бөлігінде (75 мг/кг), ең төменгі мөлшері Глинки көшесінің ортасында (16,6 мг/кг) және Қаржаубайұлы көшесінің жоғарғы бөлігінде (20 мг/кг) анықталды. Фон ретінде алындаған топырақ сынаманың жоғарғы бөлігінде 19 мг/кг көрсетсе, ал ортаңғы бөлігінде 10,7 мг/кг көрсетті, яғни ШРК асып тұрған жоқ.

Абай көшесінің жоғарғы бөлігіндегі топырақ құрамында қорғасын фон ретінде алынған сынаманың орташа мәнімен салыстырғанда 5,35 есе жоғары. Оның көп болу себебі Абай көшесі қаламыздың орталық көшелерінің бірі болғандықтан басқа көшелермен салыстырғанда осы көшеде көлік түрлері көп жүруінен деп болжаймыз.





Сурет 3. Қала көшелері бойындағы топырақ құрамындағы кадмийдің мөлшері

Семей қаласының көлік жолдарының жоғарғы, ортаңғы және төменгі жол жиектерінен алынған топырақ құрамындағы кадмий бойынша ең жоғарғы Абай көшесінің төменгі (3,5 мг/кг) және Шәкәрім көшесінің жоғарғы бөлігінде (2,5 мг/кг), ең төменгі мәндерді Қаржаубайұлы көшесінің жоғарғы (0,6 мг/кг) және Глинки көшесінің төменгі бөлігінде (0,5 мг/кг) анықталды. Фон ретінде алынған топырақтың жоғарғы бөлігі құрамындағы кадмийдің мөлшері ШРК-дан аспай тұр, ең жоғарғы 0,5 мг/кг, ең төменгі 0,3 мг/кг мәндерін көрсетті.

Абай көшесінің жоғарғы бөлігі мәні 3,5 мг/кг, ШРК-мен салыстырғанда 3,5 есе, фон ретінде алынған топырақтың орташа мәнімен салыстырғанда 8,75 есе асса, Шәкәрім көшесінің жоғарғы бөлігі мәні 2,5 мг/кг, ШРК-дан 2,5 есе, фоннан 6 есе асып тұр.

Зерттеу нысандарынан алынған барлық топырақ үлгілерінде кадмийдің мөлшері жоғары екенін атап өту керек. Семей қаласының автокөлік түрлері көп өтетін Әуезов, Абай, Шәкәрім көшелері бойында кадмийдің мөлшері жоғары, себебі кадмий атмосфераға автокөлік газдарымен бірнеше түрде тарайды және автокөлік дөңгелегінің резинкелерінде пайдаланылатын майларда кездеседі.

Қала көшелерінің алынған топырақтың орташа мәндері бойынша ШРК және фонмен салыстырылды.



Сурет 4. Көшелер жиектеріндегі топырақ құрамындағы қорғасын мөлшері

Көлік жолдары бойынан алынған топырақтардың құрамындағы қорғасынның орташа шамасы есептелді. Қорғасын мөлшері Абай көшесі (48,6 мг/кг), Әуезов көшесі

(40,22 мг/кг), Глинки көшесі (40,23 мг/кг) екені анықталды. Алынған нәтижелерді ШРК-мен салыстырғанда қорғасын мөлшері Абай к. 1,5 есе, Әуезов және Глинки көшелері 1,3 есе асып тұр.

Көше жолдарының ортаңғы жол бойынан алынған топырақ сынамаларыдағы қорғасынның орташа мәні 39 мг/кг, ШРК-мен салыстырғанда 1,2 есе, фоннан 3,2 есе асса, кадмийдің орташа мәні 1,5 мг/кг, ШРК-дан 1,5 есе, фоннан 3,8 есе асып тұр.

Көшелердің жоғарғы, ортаңғы және төменгі бөліктерінен алынған топырақтың орташа мәндерін салыстыра келе қорғасын (Pb) бойынша көшелердің жоғарғы және ортаңғы бөліктеріндегі топырақ сынамалары ШРК-дан 1,05; 1,08 есе асып тұр. Ал кадмий (Cd) бойынша да көшелердің жоғарғы және ортаңғы бөліктерінде ШРК 1,5 және 1,4 есеге асып тұр. Нәтижелерден байқағанымыздай көшелердің жоғарғы және төменгі бөлігінде қорғасын мен кадмий мөлшері көп жиналады.

Глинки көшесінің төменгі бөлігінде «Семей Цемент» зауыты, жоғарғы бөлігінде жол қиылысы, Абай көшесінің жоғарғы бөлігінде бағдаршамдар, Әуезов көшесі жоғарғы бөлігінде жол қиылысы орналасуынан деп болжаймыз. Себебі, автокөліктерден шығатын ластанушы заттардың көп мөлшері бағдаршамда тоқтау, жол қиылыстары, көлік кептелістері секілді жиі тоқтайтын жерлерде шығарылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

*Балашова С.П.* Методические рекомендации по определению степени загрязнения городских почв и грунтов и проведению инвентаризации территорий, требующих рекультивации// С.П. Балашова, В.И. Большаков, Т.И. Борисочкина и др. М.: ИМГРЭ, 2004. 48 б.

*Башкин В.Н.* Управление экологическим риском/ В.Н.Башкин М.: Научный мир, 2005. 368б.

*Пляскина О.В.* Загрязнение городских почв тяжелыми металлами / О.В. Пляскина, Д.В.Ладонин// Почвоведение. 2009. №7. б.877-885.

*Сиделев, С. И.* Математические методы в биологии и экологии: введение в элементарную биометрию: учебное пособие / С. И. Сиделев; Ярослав. гос. ун-т им. П. Г. Демидова. – Ярославль : ЯрГУ, 2012. – 140 с

*Таласова К.Б., Туртубаева М.О.* Топырақтың ауыр металдармен ластануы // К.Б. Таласова, М.О. Туртубаева Студенческий: электрон. научн. журн. 2019. № 4(48).

#### ***Ж.А. Тюрембаева***

### **СОХРАНЕНИЕ ПОПУЛЯЦИИ САЙГАКА В КАЗАХСТАНЕ КАК ЭЛЕМЕНТ ВИДОВОГО БИОРАЗНООБРАЗИЯ И ПРОМЫСЛОВОГО ВИДА КОПЫТНЫХ**

*НАО «Toraighyrov university имени С.Торайгырова г. Павлодар»  
[tyurembaeva@mail.ru](mailto:tyurembaeva@mail.ru)*

В Казахстане под влиянием антропогенных и экологических факторов сайгак за последние десятилетия находится под реальной угрозой исчезновения. Первый раз к двадцатым годам XX века только сотни особей этих животных сохранились в самых отдаленных урочищах пустынь Бетпак-Дала, Устюрта и Волго-Уральского междуречья. В этой связи охота на сайгаков была полностью запрещена еще в 1919 г., он был взят под охрану как редкий исчезающий вид, а в 2002 году занесен в международную Красную Книгу, как вид, находящийся на грани вымирания. К сороковым годам в Центральном Казахстане встречались табунки сайгаков, насчитывающие не более нескольких сотен особей в каждом. Отмечено только одно стадо, в котором было определено более 1000 животных. Всего на этот отрезок времени в республике обитало около 2-3 тысяч сайгаков.

После принятых мер к 50-м годам сайгак вновь стал объектом промысловой охоты. На протяжении 40 лет (1958-1998 гг.) это копытное животное являлось одним из самых

